үш мыңнан көп адам тұратын 40-45 ауыл қарамағында болған. Би хандық биліктің қарамағында болғанымен, өзінше шешім қабылдап, келіспеген бұйрықтарға өз кесімін айтып, шешендік өнерін ортаға салып, қайтарып отырған. Алым -салық, жөнсіз айтылған билікке уәж айтып, қарсы шығып, өз ойын ортаға салады екен.

Досбол би жігіттің құнын бір ауыз шешендік сөзімен шешіп, елмен елді, ер мен ерді бітістіріп, бірлікте, ауызбіршілікте болуға насихаттаған сол үшін халық арасында абырой атаққа ие болған кісі. Сөздің қадірін кетірмей орнымен сөйлеп, кесімін айтып «бәрінен де сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, шалыс айтсаң-келеке қыладв» - деген сөзді басты назарында ұстаған.

. Осыны өзінің өмірінде де талай көрсеткен.

«Назбедеу мен қазанат,
Шабына түртсең теппейді.

Нәсілі жақсы азамат,
Шамдандырсаң сөкпейді.

Негізгі жаман арамза,
Сен дегенді кектейді.

Іс түскенде басыңа,
Тумаң қалар қасыңда,

Туысқанға ешкім жетпейді», – деп Торғай датқа мен Әжібайбиді бір ауыз сөзбенбітімге келтірген Досболдың ақындық шеберлігі мен шешендік өнерінің өзгеден озық екенін байқай аламыз.

Осындай бар ғұмырын елдің татулығына, бірлігіне сарп еткен елден ерек азаматтың өмір тарихы аз сөзге келтіріп айтуға келмейтін дүние.

Қазақ халқы ежелден би-шешенге құрмет білдіріп, сөзге тоқтай білген. Билердің сөзін ханнан кем көрмей әрдайым сыйластықта болған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген аталы сөзді халық құп көрген. Айтылған сөзден аттамай, бір ауыз сөзден бітімге келе алған.

Сайын далада еркін өмір кешкен қазақ халқының басынан небір қиын кездер өтті. Шапқыншылық, аштық тағысын тағылар. Халқымыздың асыл қазынасы мәдениеті мен тілін, жерін, құндылықтарын жойып жіберуге сәл ақ қалдырды. Осындай қиыншылықтарға мойымай барға қанағат, жоққа тәуба жасап жүрген қазақ халқы елге сыйлы, аты қалған әулие, би шешенлердің бейітін салдырып, жаңартқан. Бұл ата-бабаларға деген үлкен сыйластықтың белгісі. Өлі разы болмай, тірі байымайды демейді ме. Соның бірі 2017 жылы Досбол датқаның кесенесі қайта жаңғыртты.

Сыр өңірі би, шешендерінің кең-байтақ қазақ даласынан, дәл осы жерді таңдап, өздерінің мәңгі мекені етіп таңдауының өзінде үлкен астар, мән-мағына бар. «Өскен елім, туған жерім, қасиетті Сыр елім» деп жас ұрпаққа әділдіктің, турашылдықтың, ақыл, парасаттың, тапқырлықтың, кеменгерліктің туын желбіретіп, аманат етіп тапсырған би, шешендердің кез-

келген данагөй сөзі, үлгілі, өнегелі ісі кез-келген жас ұрпақтың жүрегіне өз еліне, ұлтына деген мақтаныш сезім ұялататын, патриоттыз сезімін оятатыны ақиқат. Бұл біздің еліміз, жеріміз, шежіресі мызды сақтап қалған белгілі тұлғалар, би-шешендеріміздің келешек ұрпаққа қалдырған өнегесі.

2. Сыр өңірі би-шешендерінің өсиеттері негізінде колледж оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу әдістемесі

2.1 Сыр өңірі би-шешендерінің өсиеттері негізінде колледж оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу мазмұны

Қазақтың халық педагогикасын егжей-тегжейлі қарастыратын «Этнопедагогика», Қазақстандағы педагогикалық тұжырымдар, ағымдар, педагогикалық мұралардың даму, қалыптасуын зерттейтін «Педагогика тарихы» курсы бағдарламаларына, Сыр өңіріндегі би-шешендердің зерттелу жай-күйіне теориялық талдау жасалғаннан соң колледж оқушыларының шешендік өнер, оның тәрбиелік ықпалы, Сыр өңірі би-шешендері, олардың өсиеттеріндегі отансүйгіштік мәселесі жайлы білім деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу жұмысының тәжірибелік экспериментін М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжінде жүргіздік.

Айқындаушы кезеңде **колледж оқушыларының** біздің зерттеуімізге негіз болып отырған шешендер шығармашылығы туралы білім деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін сауалнама даярладық. ҚТ-Ж-20 группасынан сауалнамаға 25 адам қатысты. Оның мазмұны төмендегі сұрақтарды қамтиды:

1. Шешендер шығармашылығы жайлы не білесіз?
2. Шешендік дау дегеніміз не?
3. Қазақтың би, шешендерінің шежіресін зерттеген кімдер?
4. Шешендік ойларды зерттеудің маңызы қандай?
5. Шешендер шығармашылығы ғылым тілінде не деп аталады?
6. Бұл ғылымның негізін салушы кімдер?
7. Шешендер шығармашылығы ең алғаш рет қай жерлерде өріс алған?.
8. Жаугершілік кездегі шешендік саланың елді бітістірудегі маңызы жайлы не білесіз?
9. Қазақтағы «сөзге тоқтау» деген ұғым нені көрсетеді сондай-ақ би, шешендердің өсиеттеріне қандай қатысы бар?
10. Би, шешендер шығармашылығының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге тиізер әсері бар ма?
11. Қазақтың танымал билерін атаңыз.
12. «Ұлтжандылық» деген ұғымды қалай түсінесіз?
13. «Ұлтшылдық» деген ұғымды қалай түсінесіз?
14. «Ұлтжандылық» пен «Ұлтшылдық» деген ұғымдар синоним ба?
15. «Патриотизм» мен «ұлтжандылық» деген ұғымдар синоним ба?

16. «Патриотизм» мен «ұлтжандылық» ұғымдары өткен заман сарқыншақтары ма?

17. Қазақстандағы қазіргі жастар патриот па?

18. Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?

19. Сыр өңірінің би, шешендерін білесіз ба?

20. «Би», «Шешен» ұғымдары синоним ба?

21. Сыр өңірінің би, шешендері туралы білу қазіргі жастарға қажет па?

22. Өз руыңыздан шыққан би, шешендер бар ма?

Зерттеу жұмысымыздың анықтаушы кезеңі колледж оқушыларының шешендер шығармашылығы жайлы жалпы білгенмен оның, сипатын нақты білмейтіндіктерін көрсетті.

Шешендер шығармашылығы арқылы бізге жеткен көптеген нақыл ойларды респонденттер халық жариялаған мақал-мәтелдер деп түсінген.

«Қазақтың танымал билерін атаңыз» деген сұраққа колледж оқушыларының көпшілігі Төле би, Қазбек би, Әйтеке билерді ғана атаған.

Сондай-ақ, респонденттердің «сөзге тоқтау» ұғымы жайлы білмейтіндіктері айқындалды.

Сауалнама нәтижесі бойынша:

«Ұлтжандылық» деген ұғымды қалай түсінесіз?» деген сұрақ бойынша 21 % студент еліне, Отанына деген сүйіспеншілік, тарихына, салт-дәстүріне құрметпен қарау деп жауап берген болса, 79% студент бұл термин жөнінде нақты жауап бере алмайтынын жазған.

«Ұлтшылдық» деген ұғымды қалай түсінесіз?» деген сұраққа студенттердің 32% -ы ұлтшылдық сөзі- өз ұлтын өзге ұлттардан жоғары қойып, өзге ұлттың құндылықтарын елемеу деп қараса, 68% студент ұлтжандылық сөзінің синонимі, яғни өзінің еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік деп ойлайды екен.

«Ұлтжандылық» пен «Ұлтшылдық» деген ұғымдар синоним ба?

Бұл сұраққа студенттердің 25% -ы екі ұғымның мәні екі бөлек, бірі өзге ұлтқа құрметпен қарай отырып, өз еліне деген сүйіспеншілігі болуды айтса, екіншісі өзінің ұлтын жақсы көру арқылы екінші бір ұлттың құндылықтарына сыйламаушылықпен қарап, елемеушілік деп қарайды, ал 75% студент екі терминнің бір мағына беретінін жазған.

«Патриотизм» мен «ұлтжандылық» деген ұғымдар синоним ба?

Бұл сұрақ жөнінде студенттердің барлығы дерлік екі ұғымның синоним екенін жазған.

«Патриотизм» мен «ұлтжандылық» ұғымдары өткен заман сарқыншақтары ма?

Студенттердің 51%-ы бұл ұғымдардың қазіргі кездеде құндылығын жоғалпағанын, қазіргі уақытта да өзекті тақырып екенін жазса, 49% студенттер қазіргі уақытта патриоттардың саны аз деп санайды. Себебі

шетел асып білім алып жатқан жерлестеріміз, алған білімін ел өркендеуіне салудың орнына, шетелде қалып қойып жатады деген ойда.

«Қазақстандағы қазіргі жастар патриот па?»

Еліміздегі жастардың 50%-ы патриот деп ойлайтын студенттер 31% ды құраса, 26% студенттер жастардың көршілігі патриот екенін, оған өздерінің көздері жеткенін жазған, ал 43%-ы жастардың елге деген сүйіспеншілігі көңіл қуантарлық жағдайда емес деп санайды.

1. Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?

Студенттердің 34% -ы өздеріне патриотпын деп баға берсе, 66% студент патриот емес екендерін жазған

Тарихымыздағы би, шешендердің есімдерін ұлықтап, есте сақтайтын жастар аз емес. Студенттердің 97% Әйтеке би, Төле би Қазыбек би, Майқы би және т.б билер туралы білетін болып шықса, 3% білім алушы хабары жоқ екенін айтқан.

Сыр өңірінің би, шешендерін білесіз ба?

99% білім алушы Сыр өңірінен шыққан би, шешендер туралы ақпараты жоқ екенін айтса, 1% студент Әйтеке биді және тағы басқа билердің өз өңірімізден шыққанынан хабардар екенін жазды.

«Би», «Шешен» ұғымдары синоним ба?

48% студент екі ұғымның айырмашылығын біліп, анықтамасын берсе, 52% студент айырмашылығы жоқ, екі ұғым синоним деп өз ойларын білдірген.

Сыр өңірінің би, шешендері туралы білу қазіргі жастарға қажет па?

Білім алушылардың 43 %- Иә, себебі болашағыңды нақты бағдарлау үшін, алдымен тарихыңа үңілу керек деп санаса, 57% студент маңызы аз деп санайды.

Өз руыңыздан шыққан би, шешендер бар ма?

100 % студент өз руынан шыққан би, шешендерден бейхабар болып шықты.

«Би, шешендер шығармашылығының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге тиізер әсері бар ма?» деген сұраққа респонденттердің барлығы оң жауап берген. Мысалы, «Мен «Жаужүрек Мыңбала» фильмін көргеннен соң өзімнің қазақ боп туғаным үшін мақтандым. Қисынын келтіріп, тауып айтар, парасат-пайымға толы шешендік ойлар ге таңқалмасқа болмайды. Қазақ ұлтына, еліме, жеріме деген сүйіспеншілік сезім тудырады. Осындай өнеріміздің бар екенін тіпті бүкіл әлем білу керек» деген ой айтқан студенттер де болды.


Анықтаушы кезеңнің нәтижелері студенттер біліміндегі олқылықтарды жөндеп, Сыр өңірі би, шешендері жайлы, олардың өсиеті негізінде патриоттық тәрбие беру мақсатында болашақ мұғалімдерге арнап, міндетті түрде арнайы жұмыс жүргізу қажеттігі туындады.

Сыр өңірі би-шешендерінің өсиеттері негізінде колледж оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін эксперименттік тұрғыда жүзеге асыруды жөн көрдік.

Анықтау кезеңінде жүргізген сараптама нәтижелерін негізге алып, педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптастыру кезеңі жүргізілді. Онда қазақтың би, шешендерінің отансүйгіштікке тәрбиелейтін өсиеттерін, **мұрасын** жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде пайдалануға арналған арнайы әдістемелік жұмыстар іске асырылды.

Тәжірибелік жұмыстарға эксперименттік топта 25 сондай-ақ бақылау тобында 30, барлығы 55 студент қамтылды.

Сыр өңірі би, шешендерінің Отансүйгіштікке тәрбиелейтін өсиеттерін колледждегі оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың үш бағытын белгіледік. Ол бағыттарды 2-ші кестеде белгіледік.



Кесте-2 Сыр өңірі би, шешендерінің отансүйгіштікке тәрбиелейтін өсиеттерін колледждегі оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың бағыттары

Осы мақсатта «Қазақ би-шешендерінің тағылымдарының заманауи тәрбие жүйесіндегі маңызы» атты арнайы кешен бағдарламасы жасалынды.

Арнайы курс негізінде педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптасу кезеңін жүзеге асырдық.

Кешеннің басты мақсаты - **колледж оқушыларының** Сыр өңірі би, шешендері жайлы білімдерін тереңдету, солардың негізінде студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеу

Кешеннің міндеттері :

- Студенттерді Сыр өңірі би, шешендері өсиеттері, тағылымдарымен таныстыру;
- болашақ мұғалімдерді шешендікке өнерге баулу, өз ойларын сауатты, мағыналы, мәнді етіп жеткізе білу дағдысын қалыптастыру.
- Сыр өңірі би, шешендері өсиеттері негізінде отансүйгіштік сезімдерін дамытуға ықпал жасау

Арнайы кешенвебинардан, тәрбиелік іс-шаралардан және әдістемелік нұсқаудан тұрады. Кешенді жүзеге асыру өткізу формалары мен әдістеріне **колледж оқушыларының** аталмыш кешенді шығармашылықпен меңгеруіне бағытталған реферат қорғау, пікірталас жүргізу, тестілеу ұйымдастыру, презентациялар өткізу түрлері таңдап алынды. Курс жоспары 3 кесте көрсетілген.

Кесте-3 «Сыр өңірі би-шешендерінің тағылымдарының жастарға патриоттық тәрбие берудегі маңызы» атты тәрбиелік іс-шаралар кешенінің жоспары

Р/с	тақырыптары	Өткізу формасы
1	Сыр өңірінен шыққан би-шешендер	Тәрбие сағаты
2	Заманауи патриотизм сипаты	Дебат форматында
3	Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?	Эссе
4	Сыр бойы би шешендерінің шығармалары арқылы патриотизмге баулу	Тәрбие сағаты
5	Қазақ халқының танымал би-шешендері	Конференция
6	Сыр өңірінің би, шешендері туралы білу қазіргі жастарға қажет па?	Дөңгелек үстел форматында
7	Өз руыңыздан шыққан би, шешендер бар ма?	Тәрбие сағаты
8	«Би», «Шешен» ұғымдарының маңыздылығы	Дебат форматында
9	Сыр өңірі би-шешендерінің шығармаларының тәрбиелік тағылымы	Дөңгелек үстел

Тәрбиелік іс-шаралар барысында студенттер Сыр өңірі би шешендері жайлы рефераттар дайындады, әр авторлық шығармалары тізбегі жасалды, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің қатысуымен пікірталас жүргізілді.Сыр өңірі би, шешендерінің өсиетті шығармашылығының маңызды бағыттары анықталды. Сонымен қатар педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар барысында Сыр өңірі би, шешендері жайлы толық мағлұмат берілді.

Осындай эксперименттік жұмыстар жүргізгеннен соң тәжірибелік жұмысжаңа бақылау кезеңі жүзеге асырылды. Ондағы қайбір шығармашылық тапсырмаларға тоқталып өтелік.

Тапсырма – 1. Мына бағаналарды толтырып, «Шешендер толғауларының басты тақырыбы» атты хабарлама әзірлеңдер.

Үлгі:

Шешендер	Тақырыбы	Толғаулардың аты	Маңызы, мәні

Тапсырма – 2. «Мені тебіrentкен шешен» тақырыбына мұғалім ұсынған жобаны негізге ала отырып модель жасау (барлық бағытты алу міндет емес).

Тапсырма – 3.

1. «Сыр өңірі би, шешендері, сондай-ақ отансүйгіштік» тақырыбына ғылыми сипаттағы мақала әзірлеу.

2. Сыр өңірі би, шешендері өсиеттерінің тәрбиелік мәні. Толғау-эссе жазу.

3. Шешендік өнердегі туған жер, туған ел мәселелері (реферат жазу).

Тапсырма – 4.

1. Әр нүктедегі анықтамаға мысалдар тауып, Сыр өңірі би, шешендер өсиеттерінің сипатын дәлелдеу.

Анықтама	Мысалдар	Дәлелдеме
-	-	
-	-	
-	-	

Тапсырма – 5. Сыр өңірі би, шешендері туралы мәлімет жинау, хронологиялық кесте жасау.

Үлгі:

Шешендер	Толғауларының аты	Тақырыбы	Тәрбиелік мәні

Тапсырма – 6. Сыр өңірі би, шешендері жайлы аңыздарды жинастырып, мазмұнды түрде айтып беру. Инсценировка жасауға да болады.

4. «Кім шешен?» Іскерлік айтыс өткізу. Шешендер шығармашылығы сайысы. Сыр өңірі би, шешендерінің даналық ойларын пайдалана отырып ауызша әңгіме-толғауға дайындалу. Соның негізінде ой толғау жазу.

Тапсырма – 7. «Шешендер сөзі – тарих шежіресі» тақырыбына баяндама әзірлеу.

Үлгі-нұсқау:

а) тарихтаналған білімді пайдалану,

ә) тарихи жағдайлардың шешендер сөзіндегі көрінісіне назар аудару, дәлелдеу;

б) баяндаманы жоспар-тезис үлгісінде де орындауға болады.

Тапсырма – 8. Отан-ана, туған жер жайлы ауыз әдебиеті үлгілерінен іздестіру, салыстырмалы талдау жасау.

Тапсырма – 8. Үлгі:

Жыраулар	Ертегілер	Мақал-мәтелдер	Шешендік ойлар	Батырлар жыры	Айтыстар

Тапсырма – 9. «Шешен кім?» тақырыбы негізіндегі реферат жазу (әдебиеттің тізімі, мазмұны жазылған).

Реферат жазу үлгісі:

- тақырыбы;
- мақсаты мен міндеті;
- болжам (гипотеза);
- жаңалық (рефераттағы өзіндік жаңалығы, ізденісі);
- қорытынды.

болады.

Тапсырма – 10. Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікірталас жүргізу. Пікірлесу сұрақтары мыналар.

1. Сыр өңірі би-шешендерінің өсиеттерінен не алдың?

2. Сыр өңірі би-шешендерінің өсиеттерінің тағылымдық мұрасы сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан.

Тапсырма – 11. Сыр өңірі би, шешендері өсиеті негізіндегі глоссарий жасау.


Сонымен зерттеу жұмысымыздың бақылаушы кезеңінде **колледж оқушыларының** білім деңгейін анықтауға арнаған тапсырмаларды орындау барысында, біз эксперименттік топтағы **колледж оқушыларының** қазақтың би, шешендері туралы білім деңгейінің тереңдегенін байқадық.

Эксперименттен соңғы білім деңгейі

№	Деңгейлер	БТ	ЭТ
1.	Жоғары	19%	32%
2.	Орта	39%	41%
3.	Төмен	42%	27%

Эксперимент нәтижесіне талдау жасасақ, эксперименттік топта төменгі деңгей 42 пайыздан 27 пайызға өзгерді, яғни төменгі көрсеткіш 15 пайызға кеміді.

Орта деңгей көрсеткен студенттер 37 пайыздан 41 пайызға өзгерді. Бұл жерде өсу динамикасы 4 пайызды құрайды.



2 сурет. Эксперименттік топта жүргізілген эксперимент нәтижелері

Жоғары деңгей көрсеткіші 19 пайыздан 32 пайызға артты. Бұл деңгей негізіндегі өсу динамикасы 13 пайызға артып отыр.

Бақылау тобындағы көрсеткіштер өзгеріссіз қалды. Төменде **колледж оқушыларының** білім деңгейінің өсу динамикасы кесте сондай-ақ диаграмма ретінде жазылған.

Жоғары оқу орындарында білім алушы жас ұрпақ, келешектегі білікті маман, тұлғалы ұстаздардың өзінің туған жерінің, өскен елінің қайраткерлерін, халқына риясыз еңбек еткен, туған халқының өсіп-өркендеуін көкसेген, шарықтауына, кемелденуіне үлес қосқан тарландарын, олардың өмірін, шығармаларын білгені, зерделегені тәрбие кілтін ұстаушы білім беру өкілдерінің алдында тұрған маңызы зор, ауқымды міндеттердің бірінің шешімі.

Колледж оқушыларының бойында елінің мақтанына айналған ғалым лары жайлы неғұрлым көп білсем деген құштарлық қалыптасты. Бұл әрине олардың отансүйгіштік сезімді дамыты деп айтуға толық негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу материалдары Қазақ би-шешендерінің тағылымдарының заманауи тәрбие жүйесіндегі маңызының жай-күйі мен тенденцияларын, перспективаларын анықтайтын бірқатар объективті мәліметтерді алып, төмендегідей қорытындылар мен нұсқаулар жасауға мүмкіндік берді:

1. Ғылыми-зерттеу жұмысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау арқылы қазақтың би-шешендерінің өсиеттері, олардың оқушы-

жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктері сараланып, ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, жоғары оқу орны студенттерін тәрбиелеудегі мүмкіндіктері анықталды.

2. Жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арнап «Қазақ би-шешендерінің тағылымдарының заманауи тәрбие жүйесіндегі маңызы» арнаулы курсы дайындалды. Аталмыш курс мұғалімдік мамандықтар негізіндегі оқитын барлық жоғары оқу орындары студенттеріне, оқытушы-профессорларға оқу-тәрбие процесінде пайдалануға ұсынылады.

3. Егер егер қазақтың би-шешендерінің өсиеттеріндегі жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу идеялары ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделіп, оқу-тәрбие үдерісіне пайдаланудың әдістемелік кешені жасалып, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіне енгізілсе, онда бұл үдеріс бүгінгі патриоттық тәрбие беру жұмыстарының тиімділігіне септігін тигізеді деген ғылыми болжам теориялық сондай-ақ практикалық тұрғыдан дәлелденді.

Жазылған зерттеу жұмысында қазақтың барлық билері мен шешендерінің шығармашылығын қамти алған жоқпыз. Бұл туындылар ұлтымыздың рухта тұлғаны қалыптастыруда, жас ұрпаққа толық тәрбие, оларды өз Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру үдерісінде қолданылу қажет. Жалпы қазақтың би-шешендерінің өсиеттерінің педагогикалық аспектісін зерттеген еңбектер жоқ жаңа қасы. Бұл мәселенің шешімі соңғы жинақтаушылардың құзырында.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы. Алматы.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976. – 15-б.
3. Төлепберген Б. Көмбеге зерек үнілсек // Қазақ әдебиеті. 1997. 19 маусым. №23. 15-б.
4. Мұқанов С. Қазақ қауымы (тарихи сондай-ақ этнографиялық шолу). Алматы: Ана тілі, 1995. – 304-б.
5. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. Алматы, 1983. –49-б.
6. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
7. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Алматы, 2003 ж.
8. ҚР “Білім туралы” Заңы // Егемен Қазақстан, 2007 ж.
9. Керімов.Л.К. Қиын балалармен жұмыс жасаудың айрықша ліктері // Бастауыш мектеп 2004 ж, №2. Алматы, 1989ж.
10. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының шежіресі. – Алматы: Білім, 1999. – 153 б.
11. Төлеубекова Р.К. Адамшылыққаңа шуағы сөнбесін // Сынып жетекшісі, 2002ж, №3.

12. Урунбасарова.Э.А. Адамгершілікке тәрбиелеу. - Алматы 2000ж.-222 б.
13. Сейталиев Қ.Педагогика шежіресі. – Алматы:Білім, 2008. – 399 б.
14. Жарықбаев.Қ. Тәлім –тәрбие. - Алматы 1995ж.-315 б.
15. Қарсыбаева.Р. Адамгершілік қасиетті бала бойына дарыту // Бастауыш мектеп 2001ж, №6.
16. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің шежіресі. – Алматы: ҚАЗМУ, 1987. – 488 б.
17. Қасиетті ов.Ұ. Әдеп. - Алматы 1998ж.-250 б.
18. Омарова.В. Адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мәселесі // Бастауыш мектеп 2004ж, №2.
19. Серікбаева.Ж. Адам болам десеңіз // Сынып жетекшісі 2003ж, №3.
20. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар.- Алматы: Ғылым, 1975. – 418 б.
21. Иманбекова Б.И. Адам –табиғат перзенті // Бастауыш мектеп. - 1999ж, №7 6-7 б.
22. Төрекұлұлы..Н.қазақтың би шешендері. - Алматы 1995ж.-378 б.
23. Табылдиев Ә.қазақтың халық педагогикасы сондай-ақ тәрбие.- Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 320 б.
24. Әлімбаев М. Халық- ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. – 232 б.
25. Омарова.Г. Адам табиғат перзенті // Қазақстан мектебі. - №2.
26. Бисенбаева.А. Әдептілік әдемілік. – Алматы, 1976ж. - 98б.
27. Дәуренбекова.Ж. Ана тілі. - Алматы. - 2001ж.-198 б
28. Сәрсенбаева.А. Адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп 2004ж, №2.
29. Төлекова.З. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу негізі // Ұлт тасаласы 2001ж №1.
30. Қоянбаев Ж. Педагогика. - Астана 1998 ж- 322 б.
31. Төлеубекова Р.Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика.- Алматы, 1994. – 288 б.
32. Жаңғырған салт-дәстүрлер. Құрастырған – М. Қазыбеков. Алматы, 1991.- 182 б.
33. Қожахметова К.Ж.Халықтық педагогиканы зерттеудің қайбір ғылыми сондай-ақ теориялық мәселелері. – Алматы, 1993. – 305 б.
34. Педагогическая психология. Хрестоматия. – С-Петербург:Питер. – 409 с.
35. Үркембаева Қасиетті қасиет. - Алматы, 1987 ж. 5-6 б.
36. Жүнісов А. Балалар дәстүрі:қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы 2004 ж
37. Ахметов.Ш. Адами құндылық // Қазақстан мектебі 2002ж, №1.
38. Арғынбаев Х.А. « Қазақ отбасы» Алматы 2007 ж 24-26 б.
39. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының шежіресі. – Алматы: Білім,

1999. – 153 б.

40. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.

41. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 195 б.

42. Измаилов А.Ә. Народная педагогика: Педагогическая воззрения народов Средней Азии и Казахстана. Москва, 1991.

43. Қалиев С., Базилов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері сондай-ақ демократ-ағартушылары. – Алматы: РБК, 1993ж.- 389 б.

44. Құнанбаев.А. Таңдамалы шығармалары. - Алматы 1978ж, 129б.

45. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық.- Алматы 2007 ж.- 278б

46. Салғараұлы Қ. Қазақ қазақ болғаннан соң. – Алматы: Жазушы, 1998. – 197 б.

47. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлтымыздың тәрбие беруге кәсіби дайындау.- Алматы: Нұрлы әлем, 2004.- 268 б.

48. Қалқабаева М. Балалар әдебиеті – тәрбие құралы.- Алматы 1976 ж.- 305.б

49. Қалқабаева М. Көркем әдебиеттің жасөспірімдерге ықпалы.- Алматы 1982 ж.-244 б.

50. Табылдиев Ә. Әдеп әліппесі, Алматы 1998ж-197 б.

51. Шоқанова Б. Ә. Шешендік ойлардың жанрлық айрықша ліктері. Фил. ғыл.канд. ғыл. дәреж. алу үшін жаз. дисс. авторефераты. - Алматы, 1994.

52. Античные риторика. -Москва, 1978.

53. Кузнецова Т.И., СтрельниковаИ.П. Ораторское искусство в Древнем Риме. - Москва, 1976.

54. Сейфулин С. Шығармалар жинағы. бтом. - Алматы, 1964.

55. АдамбаевБ.қазақтың шешендік өнері. - Алматы: Ғылым, 1984.

56. АдамбаевБ. Шешендікөнер.-Алматы: Жазушы, 1969.

57. Адамбаев Б. Шешендік ойлар. - Алматы, 1992.

58. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы, 1976.

59. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. - Москва, 1967.

60. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997.

61. Жармұхамедов М. Шешендік өнер. - Алматы: Мұраттас, 1998.

62. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының шежіресі. - Алматы: Ана тілі, 1992.

63. Байтұрсынов А. Әдебиеттанытқыш // Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991.

64. Досмұхамедов Х. Қазақ халық әдебиеті //Аламан. - Алматы, 1991.

Қызылорда облысы өндіріс орындарының қоршаған ортаға әсері, оның алдын алу шаралары

Абдрахман Данияр

география мамандығы ІҮ-курс,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

rahmanquly@gmail.com

Айдаров Оразхан Турсункожаевич

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Ғылыми жетекші, г.ғ.к., аға оқытушы.

aidarov_orazhan@mail.ru

Тақырыптың өзектілігі: Адамзат пен табиғи орта арасындағы қарым – қатынастың нәтижесі ертеден-ақ әр түрлі саладағы ғалымдардың назарын аударып келгенімен, осы уақытқа дейін толығымен шешімін таппаған мәселенің бірі болып отыр. Бұл мәселені дұрыс шешу бүкіл әлем халқының алдында тұрған міндет, өйткені бүгінгі таңда табиғи процестердің дамуында орын алып отырған жағымсыз құбылыстарды жою немесе мүлдем болдырмау шараларымен адамзаттың болашақтағы өмір сүруі тікелей байланысты екендігі мәлім. Қоғамның тарихи даму барысында табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланбаудың жағымсыз жақтары табиғи ортаға ғана емес, адамзат үшін де қолайсыз болып отырғаны анық. Мысалы, егін шаруашылығы үшін көп территорияны жырту, орман ағаштарын кесу, өртеу, эрозия, дефляция, атмосфералық ауаның ластануы құрлық пен дүниежүзілік мұхит суының ластануы, урбанизация деңгейінің артуы және қазба байлықтарды мол өндіру барлығы табиғи орта тепе-теңдігін бұзып, табиғи ландшафтардың сапасын табиғи әлеуметтік тұрғыдан нашарлататыны анық. Жұмыстың өзектілігі осында.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті: Бұл жұмыстың басты мақсаты Қызылорда облысының өндіріс орындарының даму жағдайына талдау жасап, олардың қоршаған ортаға әсерін талдау.

Алға қойған мақсатыма жету үшін мынадай жұмыстар жүргізілді:

* Қызылорда облысының өндіріс орындарының қоршаған ортаға әсерін жан-жақты талдау;

* Олардың таралу аумағын анықтап, қалпына келтіру шараларын ұсыну;

* Облыстағы соңғы жылдардағы өнеркәсіп салаларының жаңадан қолға алынып жатқан кешендеріне талдау жүргізу.

Қызылорда облысы бәсекеге қабілетті әлеуетті құрайтын бай ресурстарға ие. Бұған бірінші кезекте 2018 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша облыс тұрғындарының 47,4% пайызын құрайтын еңбек етуге қабілетті тұрғындарын жатқызамыз. Табиғи қазба байлықтары: мұнай, уран,

ас тұзы, әк, шынытас құмы, сондай-ақ, темір және полиметалл кендерінің молдығымен ерекшеленеді. Облыстың кен өндіру саласында 27 мекеме жұмыс жасайды, оның 8-і шетелдіктердің қатысуымен мұнай, уран өндірумен айналысуда. Қызылорда облысы ас тұзы, шынытас құмы, бақша, балық өнімдерінің ірі өндірушісі әрі жеткізушісі болып табылады, сондай-ақ, сапалы күріш өсіретін жалғыз өңір болып саналады.

Республикалық өндірістің жалпы көлемінде облыс үлесіне күріш өндіру-90%, ас тұзы-70%- дан келеді. Жалпы республикалық өнеркәсіптік өнімдер өндірісі көлеміндегі өңір үлесі орташа 6,7%-7,0% –ды құрады. Соңғы жылдары аумақтағы табиғат ресурстарын игеру қарқынының артуына байланысты оларды тиімді пайдалану және қорғауды ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігінен туындайды.

Қызылорда облысы аумағының табиғатына көп жылдық зерттеулерді сараптағанда, қазіргі экологиялық жағдайында, барлық табиғат зоналарында адам әрекетінің теріс ықпалын көптеп кездестіреміз. Солардың ішінде қоршаған орта келбетіне ең негізгі әсер еткендер: а) егін шаруашылығының зардабы; ә) өндіріс пен өнеркәсіп орындары; г) мұнай құбырлары және автокөлік жол тораптарын салу: Құмкөл-Қызылорда, Құмкөл-Қарақойын мұнай құбыр және Батыс Европа – Батыс Қытай тас жолы, қалалық жылу орталығы, тау-кен орындары, СКЗ-У, РУ-6, КМРТЦ, ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, Асфальт-битум зауыты, Жарық беріп отырған КРЭК, «Ыбырайхан және К» «Абзал және К» «Береке нан», «Бастау және К», «Айдан күс» т.б.

Қызылорда облысы экономикасының негізін өнеркәсіп құрайды. Ол салада облыс халқының еңбек етуге қабілетті тұрғындары жұмыс жасайды және облыста 52,5% шамасында жалпы өңірлік өнім құралады.

Жалпы республикалық өнеркәсіптік өнімдер өндірісі көлеміндегі өңір үлесі орташа 6,7%-7,0% –ды құрады. Соңғы жылдары аумақтағы табиғат ресурстарын игеру қарқынының артуына байланысты оларды тиімді пайдалану және қорғауды ғылыми тұрғыда негіздеу қажеттілігінен туындайды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Сыр өңірінде ел экономикасы мен халықтың әл-аухатын көтеру, қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды тиімді пайдалану шараларын жүргізу қажеттілігімен анықталады.

ҚР экономикалық реттеудің бірыңғай жалпыұлттық жүйесі шеңберінде оның кейбір аймақтарында нақ осы аймақтың тұтынушылық қажеттіліктері мен шаруашылық спецификасына тән өзгешеліктер болады.

Сондықтан, ҚР экономикалық реттеу жүйесін ұйымдастырушылық құраушы дамуы туралы сөз қозғай отырып, Қызылорда облысы экономикасы құрылымының салалық ерекшеліктеріне назар аударып, сонымен қатар облыс шаруашылықтары бөлімдерінің статусын ескерген жөн.

Қызылорда облысы өнеркәсібінің құрылымы: 2009, 2014 жылдардағы әлемдік дағдарыстың жағымсыз әсері бірінші кезекте облыс экономикасының шикізат секторында байқалды. Тұтастай алғанда өнеркәсіп

бойынша нәтижелі жемісті қалыптастыруға кен өндірісі саласы елеулі ықпал етіп отыр. Оның облыстық өндіріс көлеміндегі үлесі 2010 жылы 93,9%- ды құрады (2009 жылы - 93,3%), ал 2012 жылы кен өнеркәсібінің облыстық өндіріс көлеміндегі үлесі 94% - ды құрады. 2011 жылдың 10 айында шикі мұнай өндіру 9,1 млн. тонна немесе 2010 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 98,4% (кесте 1).

Облыстың экологиялық ахуалының нашарлығының ең көп көрсеткішін осы кен өнеркәсібі құрап отыр. Оның ішінде: тау-кен өндірісі, шикі мұнай өндіру. Тау-кен өндірісі (қиыршық тас өндіру) атмосфера ауасын жыл бойы шаңмен ластауда. Ал мұнай өндірісі қоршаған ортаның ауасын, топырағын, су көздерін ластауда.

Облыстың кен өндіру саласында 27 мекеме жұмыс жасайды, оның 8-і шетелдіктердің қатысуымен мұнай, уран өндірумен айналысуда. Республикалық өндірістің жалпы көлемінде облыс үлесіне күріш өндіру-90%, ас тұзы-70%- дан келеді.

Отын – энергетика кешені: 1) Мұнайгаз секторы - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы «Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ҚР Үкіметінің Іс шаралар жоспарын бекіту туралы» №302 Қаулысына сәйкес аймақтық индустрияландыру Картасы әзірленіп облыс әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі №38 шешімімен бекітілді.

2010 жылы индустрияландыру Картасы шеңберінде жалпы құны 26 млрд. теңге болатын 11 жоба іске асырылды, 400 жаңа жұмыс ашылды.

2) Электро энергетикасы - Өңірдің электрэнергетикасы мына секторларды қамтиды: электр қуаты өндірісі, электр қуатын беру, электрмен жабдықтау, электро энергетикасы саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын басқа да ұйымдар.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысында мынадай электрстанциялары жұмыс жасауда: қуаттылығы 50 МВт құрайтын КОГТЭС және қуаттылығы 63МВт «Қызылорда жылу энерго орталығы» акционерлік қоғамы.

Қызылорда облысы өнеркәсібінің құрылымы (%) Кесте 1.

№	Көрсеткіштер атауы	2007 ж.	2010 ж.	2014ж.	2017ж
1	өнеркәсіп - барлығы	100,0	100,0	100	100
2	кен өнеркәсібі	95,6	92,9	93,9	94,0
3	өңдеуші өнеркәсіп	3,2	4,6	4,3	4,4
4	электр қуаты, газ бен су өндірісі және оны тарату	1,2	2,5	1,6	1,6
5	басқа да			0,3	0,3

Құрылыс материалдары өнімдері: Құрылыс материалдары өндірісін дамыту бағдарламасы шеңберінде келесі жобалар іске асырылды: «Битум өндіру зауыты» («УАД» ЖШС) елдегі ірі битум өндірушілердің бірі болып табылады – тәулігіне 500 тонна битум шығару «Батыс Европа- Батыс Қытай» автомагистралы құрылысы бойынша жылдық қажеттілігін қамтамасыз ете алады.

Әрқайсысы 1-ден 1,3 млн. тоннаға дейін қиыршық тас шығаратын 3 өндіріс іске қосылды («Тасбұлақ» ЖШС, «Компания Шалкия-Неруд» ЖШС, «УАД» ЖШС);

Жылына 50 мың тонна асфальт бетон шығаратын зауыт іске қосылды («УАД» ЖШС); Қазіргі кезде облыста құрылыс материалдарын шығарумен б кәсіпорын темір бетон бұйымдарын және тауарлы бетон шығарумен мамандандырылған («Құрылыс» АҚ, «КСМиК» ЖШС, «МО-1» ЖШС, «Айдан Инвест» ЖШС, «Мелиоратор» ЖШС және т.б.).

Химия және машина жасау өнеркәсібін дамыту: Қоршаған ортаның табиғи тазалығы мен экологиялық жағдайына көп зиян тигізетін салалардың бірі, осы химия өнеркәсібі мен машина жасау. ҚР химиялық өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы аясында «СКЗ-У» ЖШС «Жылына 500,0 мың тонна қуаттылықпен күкірт қышқылын өндіретін зауыт құрылысын салу» жобасын іске асыруда. Жоба құны - 32,5 млрд. теңге. Оны пайдалануға беру 2011 жылға жоспарланған, ал 2012 жылдан бастап өндіріс бекітілген қуаттылықпен жұмыс жасап келеді. «СКЗ - У» жеке шаруашылық серіктестігінің қоршаған орта компоненттеріне тигізіп отырған кері әсері өте қауіпті. Бұл мекеменің жұмыс жасап жатқанына 2-3-ақ жылдың көлемі болсада қоршаған ортаға үлкен залал тигізіп отыр. Әсіресе, атмосфера ауасын улы газбен ластап жатуы. Ал оны жергілікті халық ауыл төңірегіндегі ауаның газды иісінен байқап, аразданып жатыр. Бірақ оған құлақ асар ешкім жоқ. Ол өз кезегінде адамның денсаулығына үлкен кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Ол бүгін немесе оншақты жылдың көлемінде біліне қоймас. Келешек ұрпақтың денсаулығынан байқалатыны сөзсіз. Сондықтан, бұл кәсіпорынның да мезгілді тексеруден өтіп тұрғаны абзал.

Облыстың машинажасау саласында жөндеу қызметін көрсететін «Құмкөл сервис» ЖШС, «Олжа» ЖШС, «Квант» ЖШС, сондай-ақ «Аралвагон» вагонқұрастыру зауыттарын атауға болады. 2011 жылы «Аралвагон» ЖШС сол вагондардың 54 данасын «Қазақстан темір жолы» АҚ – на жеткізді.

Өндірісті аймақтардың техногендік әсері: Техногенез адамның техникалық іс-әрекеті, инженерлік, химиялық ауылшаруашылықтық, тау-кен техникалық, процестер нәтижесінде қалыптасқан геохимиялық минералдық процестердің жиынтығы деп қарастырған. Кейіннен техногенез терминінің толық анықтамасы беріліп, оны адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераның, жер қыртысының қайта құрылу процесі деп атаған.

Қоршаған ортаға әсер етуші техногендік процестерді ғылыми тұрғыдан зерттеу геотехникалық жүйелер концепциясы пайда болғаннан кейін қарқынды дамыды.

Қазіргі уақытта, олар біртіндеп комплексті бағытта дамуда.

Техногенез қалдықтары әр түрлі болғандықтан, табиғи ортадағы ыдырауы олардың шығу тегіне және ортаның ландшафтық-геохимиялық ерекшелігіне байланысты. Өйткені бірде техногенез қалдықтары ортада ұзақ уақыт сақталады, сөйтіп сандық мөлшері өсіп, табиғи жүйенің тұрақтылығынан артып кетеді.

Мұндай жағдайларда олар биологиялық айналымға қатысып, тірі организмдерге зиянды әсер тигізеді.

Мысалы, облыс аумағындағы (Жаңақорған ауданы) «СКЗ – У» күкірт – қышқыл зауытының әсері қазір білінбегенімен, келешек ұрпақ үшін өте қауіпті. Себебі, күкірт қышқылы зауытының шикізаты ашық аспан астында ешбір экологиялық қауіпсіздік шараларын ескерілмей жатыр. Ол желмен ұшып, жауын – шашын суымен жер асты суына қосылмасына кім кепіл.

Күкірттің төгіндісі: Мысалы, облыс аумағындағы (Жаңақорған ауданы) «СКЗ – У» күкірт – қышқыл зауытының әсері қазір білінбегенімен, келешек ұрпақ үшін өте қауіпті. Себебі, күкірт қышқылы зауытының шикізаты ашық аспан астында ешбір экологиялық қауіпсіздік шараларын ескерілмей жатыр. Ол желмен ұшып, жауын – шашын суымен жер асты суына қосылмасына кім кепіл.

Қазіргі индустриалдық қоғамда минералдық ресурстарды пайдаланудың негізгі ерекшелігі — жоғары деңгейде пайдалы қазбалардың өндірілуі. Өткен ғасырдың 90-жылдарына қарай әлем халқының саны 2,5 есе өсті, ал пайдалы қазбалардың жыл сайын өндірілуі 12 еседен астам көбейді. 2010 жылы металл, химиялық, энергетикалық және басқа да шикізат өнімдерінің өңделуі 3 есеге артты. Соның ішінде тез дамыған - энергетикалық ресурстарға: мұнай өндіру (газ конденсатын қоса есептегенде) 20 есе, газ — 227 есе, көмір - 4,5 есе, темір рудасын – 8, сонымен қатар, түрлі – түсті металдар, асыл тастар мен химиялық шикізатты пайдалану артты.

Сонымен, табиғи ресурстарды пайдаланудың тез дамуы көптеген мәселерді тудырды, әсіресе, соның ішінде шикізатты өндіруде және оны өндеуде энергетикалық ресурс көздерін кеңінен ұқыпсыз, немқұрайлы пайдалануы. Соның салдарынан мұнай құбырларының ақауынан кеткен шикізат қоршаған ортаның топырағын, өсімдік және жануарлар дүниесіне үлкен кері әсерін туғызып отыр.

Қорғауға ұсынылатын нәтижелер мен тұжырымдар:

• *Қызылордадағы құрылысы басталатын шыны зауыты жанынан шыны қалдықтарын қабылдайтын пункт жобалау;*

- “Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу зауыты құрылысы” жобасын қолға алу;
- Полиэтилен пакетті пайдалануға тыйым салу.
- ТҚҚ полигонындағы қалдықтарды көміп микроорганизмдер арқылы шірітіп, бөлінген газды алу және қалған шіріндіні (торф, кампос) тыңайтқыш ретінде пайдалануға көшу.

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе төмендегідей жұмыстарды уақыт күттірмей жүзеге асыру:

- облыс аумағында үздіксіз экологиялық мониторинг, яғни табиғи ортаның өзгерістерін тұрақты бақылайтын және тексеретін жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- өзен, көл суларының ластануына жан-жақты баға беру, олардың арнасын қайта жөндеу, суын тазалау жөнінде Үкіметаралық Бағдарлама жасау;
- топырақтың бүлінуіне, радиациялық фонға, радиациялық ауытқу мөлшеріне сапалы және сандық баға беру;
- облыстағы табиғат қорғау объектілері жұмыстарын жандандыру;
- экологиялық және экономикалық факторларды есептей отырып, табиғат қорларын пайдалану концепциясын жасау;
- залалды заттардан пайда болған зиянның орнын толтырудың экономикалық механизмін анықтауды үкіметаралық деңгейде шешу;
- өндірістік қалдықтарды қайта өңдеп, одан өнім алу технологиясын өндіріске ендіру (құрылыс материалдарын, газ алуға болады).
- Жергілікті жердің жер қорын пайдалануын заңдастырса және табиғат қорғау шараларына есеп беріп отыруын талап етсе.
- Қалалық қоқыс тастайтын полигон маңына қалдықтарды қайта өңдеу зауытын орналастыру (оның схемасы төменде көрсетілген);
- қала кәсіпорындары мен өндіріс орындарына экологиялық мониторинг жүргізу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Баяшов А. Экология негіздері. - Түркістан: Яссауи университеті, 2000.- 3б.
2. Аяпұлы М. Ата мекен. - Алматы: Қайнар, 1998. - 223 б.
3. Бейсенова Ә.С. Арал теңізінің зерттелу тарихынан // Арал тағдыры. - Алматы: Қазақстан, 1989. - 23 б.
4. Қазақстандық Шығыс Арал өңірінде табиғи ортаның антропогендік бұзылуы және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары // Ғылыми-зерттеу экспедициясының есебі / ҚМУ. - Қызылорда, 2002. - 95 б.

Абдукаимова М
ФКС-20-1 оқу тобы студенті
Ш.Н.Қуатбеков
аға оқытушы
«Дене шынықтыру және бастапқы
әскери дайындық» кафедрасы

Дене тәрбиесінің ертедегі түрлеріне педагогикалық талдау

Мақалада Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихын және ұлттық ойындарын зерттеуші ғалым-профессор Мұратхан Тәнекеевтің педагогикалық мұраларындағы дене тәрбиесіндегі тың деректері қарастырылады.

Зерттеу пәні: Дене тәрбиесі мен спорттағы тарихи-педагогикалық мұралар.

Зерттеудің мақсаты: Дене тәрбиесі мен спорттағы ұйымдастырудың ізденістерін, тарихи-педагогикалық ой-пікірлерді жүйелеу және оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің педагогикалық тиімділігін көрсету.

Зерттеу нысаны: Дене тәрбиесі мен спорттағы тарихи-педагогикалық мұраларды оқу-тәрбие үдерісіне ендіру.

Зерттеудің міндеттері:

- Дене тәрбиесі мен спорттың әлеуметтік – педагогикалық бойынша қалыптасуына қоғамдық – саяси жағдаяттың ықпалы;

- Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы еңбектерді тарихи-педагогикалық талдау арқылы оқушы жастарды ұлтжандылыққа, Отансүйгіштік, ұлттық патриотизмге тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық негіздерін айқындау;

- Дене тәрбиесіндегі тарихи-педагогикалық мұраларға сипаттама;

- Дене тәрбиесі мен спорттағы қазақ ұлттық денешынықтыру және спорт өнері еңбектерін ашып көрсетіп, талдап, бүгінгі күн талабы тұрғысынан негіздеу.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру - бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылылуымен айқындалады.

Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, жеткіншек жастардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттілігі тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түсуде. Тарихи деректерді

сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңнен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық қимыл-қозғалыстар түрінде көрініс берді.

Бұл кездегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды. Халқымыздың тарихында толық зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі – Сақ дәуірі кезіндегі мәдениет, яғни Қазақстан жеріндегі адамзаттың тарихы тас дәуірінен басталатындығын, оның соңғы темір дәуірлері адамзаттың ұрпақ шашып өркендеуіндегі маңызды кезеңдер болды. Осы тұста мал шаруашылығы егіншілік кәсібі пайда болып, онан кейін көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіру мен суармалы егіншілік мәдениетінің дамуында орасан зор ілгерілеушіліктер орын алды. Біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырлардан және біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан жеткен жазба деректер мен материалдық ескерткіштерге көз жіберсек, Қазақстан жерін қоныстанған сақ тайпасының биік те дамыған мәдениеті болғанын көреміз. Қазақстан жерін мекендеген халықтар қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында, ерте заманнан күні бүгінге дейін жүріп өткен мезгіл ішінде адамзат қоғамының өсуіне әлемдік өркениеттің қанатының қатаюына, мәдениетінің дамуына үздік үлес қосты, оларды өз сана-салтының игі істерімен нәрлі нәтижелерімен байытты.

Осы жерден талай ғұлама ғалымдар, ақыл-ойдың асқан алыптары шықты. Олардың рухани мұраларын игеру, солардан күш-қуат алып қазақ халқының мәдениетін жаңа белестерге көтеру, жақсылығын жарқыратып көрсетіп, оның игі дәстүрлерін өз бойына дарыту бүгінгі ұрпақтың биік мұраты, абзал да асқақ мақсаты. Осы алып даланың төсінде үлкен мәдениет ошағы, өнер-білім ордасы болған самсаған қалалардың өмір сүргендігін Қазақстандағы дене шынықтыру спорт тарихын зерттеуші профессор Мұратхан Тәнекеевтің деректемелері арқылы білеміз. Дене шынықтыру тарихы туралы әдебиеттерді кеңінен пайдаланған ғалым келелі ойларға кеңінен тоқтайды.

Дене тәрбиесі мен дене шынықтыру саласында қатынас, өзара ықпал процестері мен Қазақстанның, Сібірдің, Алтайдың, Волга және Солтүстік Қара теңіздің жағалауларының бағбан далаларын ғана емес, Европаның оңтүстігін де қамтыды.

Тарихи деректер біздің дәуірімізге дейінгі VIII-VII ғасырлардың өзінде Орта Азия мен Қазақстанның мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларының Ассирия және Мидия сияқты ежелгі дүние өркениетімен, ал біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырдың ортасынан бастап Парсы елімен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді [1]. Бүкіл адамзат қоғамының дамуында дене тәрбиесіне көңіл бөліп отыру әлемнің барлық елдері мен барлық халқының өмірінде аса маңызды орын алды. Тәрбиенің басқа түрлерімен

қатар дене тәрбиесі халықтық, кейіннен әрбір елеулі жағдайда өзіндік арнайы түрліше формалық өзгешеліктерге сай дамып отыратын ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлшегіне айналды [2]. Қазақстанда да сонау ерте замандардан бастап, Тұран ойпатын мекен еткен ежелгі қазақтардың арғы ата-бабалары да дене тәрбиесі мен спортқа ден қойған. Балаларын даланың қыстыкүні суық, жаздықүні ыстық климатына төтеп беруге бесіктен бастап тәрбиелеген. Оны ертедегі грек тарихшысы Страбонның жазбаларынан да байқауға болады. Оның жазуы бойынша қазіргі Қазақстан жерін мекендеген сақтар өте күшті әрі жауынгер тайпа болған.

М.Тәнекеев өз тұжырымдарының айқын мысалы ретінде әлемде өзінің даму тарихында өзіндік дене тәрбиесі мен спортын қалыптастырмаған бірде-бір елдің жоқ екендігін алға тартады. Оның дәлелі ретінде әлемдік дене мәдениеті мен спорт қазынасы арқылы адамдардың өмірге икемделіп отырғанын, соған сай әр халықтың өзіндік дене жаттығулары мен ойындары болғандығын нақты алға тартады. Олар жаттығулары мен ойындарын келе-келе дамытып әрі жетілдіріп, басқа халықтардың да игілігіне жаратуына көмектескен. Ғалымның ойы орыс спорт зерттеушісі Н.И.Понамаревтің ойымен ұштасып жатады [3]. Әйтсе де, сақтар дәуірі кезіндегі дене тәрбиесі осы кезге дейін жете зерттелмегендігіне ғалым М.Тәнекеев үнемі алаңдаушылық білдіріп, спорт зерттеушілерінің алқалы жиындарында ол туралы мәселе көтеріп отырған.

Біздің заманымызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта ежелгі тұран айпаты - қазіргі шетсіз де шексіз Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі көшпелі тайпалар мал шаруашылығымен айналысатын. Ол тайпалардың ең ірілері сақ, массагет, сармат, каспий тайпалары болатын. Олар жауларынан қорғану үшін өзара тайпалық одақтар құрып, өз қоныстарында бекіністер сала бастады. Олар ежелден өжет және жауынгер тайпалар болды. Солардың ішінен ғалым М.Тәнекеев өз зерттеулерінде сақ тайпаларына кеңінен тоқталады. Сақтар батыр да жауынгер тайпа болды. Сақтардың жауынгерлік, батылдық қасиеттерін көрші тайпалар мен халықтардың барлығы жоғары бағалады[1]. Өз ойын нақтылай түсу үшін ежелгі тарихшы Дионскийдің оларды «жебе тартушылардың әлемдегі ең шебер атқыштары, мергендері» деп және ежелгі грек тарихшысы Страбонның сақтарды «азиялық скифтер» деп атағанын алға тартады [4].

Скифтер садақ оғын тек қана соғыста пайдаланып қоймаған, олар оны күнделікті аң аулауда және күнделікті нысанаға тигізу жаттығуларында да қолданған. Скифтердің кейбір жарыс түрлерін басқа халықтар да кеңінен пайдаланған. Атап айтқанда, скифтермен бір дәуірде өмір сүрген гректер де алысқа жебе тартқан ұланның бейнесі бір мәрмәр қабырғада сақталған. Садақ оғының 35-40 градустық бұрышпен жоғары көтеріліп тұруы, жебенің нысанасы емес, алысты бағыттауы, тиімді ұшу қашықтығын көздегенін байқатады. Грек ұлының тартып тұрған садағы, көлемі мен түрі жағынан -

нағыз скифтікі. Осы көрініс жөнінде орыс тарихшысы Е.Е.Тевяшев, мұндай алысты көздеген атыс скифтерден алынған, гректер мұндай жарыстарды өздерінде өткізген емес деген ой айтады [5]. М. Тәнекеев те оның ойын құптайды. Ғалымның ол ойын археологиялық қазбалар кезінде табылған мәдени ескерткіштер де дәлелдей түседі. Сақ тайпаларының алыс қашықтықта жебе тартуға дағдыланғандығын Хантаудан (Балқаш аймағының оңтүстік батыс жағынан) табылған қазбалардың бірі садақ тартып тұрған әйел мүсіні айғақтай түседі. Оң тізесі сәл бүгілген мерген әйелдің садақ оғының бұрышталып жоғары көтерілуі, жебенің алыс бағытқа бағытталғанын көрсетеді. Сақтарда ат ойындары мен ат жарыстары кең дамыған. Біздің заманымызға жеткен қызықты мәліметтер бойынша Вавилонда Кирдің патшалық құру салтанатына арналған үлкен сайыстағы ат жарысында сақтар жеңіске жетіп, бас бәйгені иеленген. Сақтар тек керемет шабандоз, атқыш мерген ғана емес, олар тамаша теңізші және өте жақсы жаяу әскер болды. Тарихшы А.Н. Бернштам, Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі тұрғындары еңселі бойлы, аяқ бұлшық еттері қатты дамыған адамдар еді деген тұжырым айтады. Осы және басқа да деректер сақтар мен оларға туыс тайпалардың жан-жақты дайындықтары мен айрықша көзге түскендіктерін өздерінің әскери күш-қабілеттерімен ерекшеленгендіктерінен хабардар етеді [6]. Сақтармен қатар Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймағын мекендеген сармат тайпалары да жауынгер халық болған. Олар да сақтар сияқты қарудың бірнеше түрін пайдалана білген. Олардан ежелгі массагет тайпалары да қалыспайтын. Сарматтар қолданған қылыш, найза, садақ пен жебені массагеттер де кеңінен қолданған.

Ғалым М.Тәнекеевтің пікірінше, сақ тайпалары басқа көршілес елдермен де тығыз қатынаста және мәдени - спорттық байланыста болған. Басқа халықтар мен тайпалардың жетістіктерін алып, өз ойындарын байытып отырған. Ол туралы деректер осы кезге дейін жеткен [7]. Сақ тайпалары сол кездің көптеген тарихи оқиғаларына араласқаны соншалық, дене тәрбиесі саласында тығыз байланыс, қатынас болмады деп айта алмайсың. Өйткені, мәдениет пен тұрмыстың осы бір айырып ала алмас бөлігі көшпелі халыққа да, отырықшы халыққа да тиесілі еді. Өзара байланыстар мен мәдени жақындасулар нәтижесінде дене тәрбиесі жүйесі байып, түрлі бұқаралық ойындар мен кең көлемді жарыстарды, әсіресе ат спорты түрлерін ұйымдастыру мен өткізу әдістері жетіле түседі. Аралас-құраластық арқылы басқа тайпаларға өз мәдениеті арқылы, оның ішінде әртүрлі ойындар мен жарыстар өткізу арқылы ықпал еткен. Келе-келе сақ тайпаларының өнері мен мәдениеті ұлтаралық реңк алып, басқа халықтар мен тайпаларға да кеңінен тараған. Олардың мәдениеті уақыт өте келе, бірте-бірте басқа ұлттар мен ұлыстардың да игілігіне айналған.

Бір қызығы сол, сақ тайпасынан шыққан шабандоздар басқа елдерде өткізілген ірі жарыстарға да қатысқан. Бізге дейінгі жеткен дерек көздері

бойынша, Вавилон патшасы Кирдің салтанатына орай ұйымдастырылған ат жарысында сақ жігіті жеңімпаз танылған. Бұл жарыс б.э.дейінгі 539 жылы Месопотамияда (қазіргі Бағдатың батыс жақ бетінде) өткен. Ал, Кирдің өзі кейіннен сақтар мен массагеттер жайлаған қазіргі Қазақстан жерін жаулап аламын деп, Тұмарханымның қолынан қаза тапқан. Бұл - тарихи шындық.

Мәселен, бізге келіп жеткен ахменидтер мемлекетінің бірінші патшасы Ұлы Кирдің Вавилонға алғашқы салтанатты түрде шығу оқиғасына байланысты тарихи мәліметтерде, ат бәйгесінде сақ шабандозы ірі жеңіске ие болады [8]. Өкінішке орай, тарихта оның есімі сақталмапты, сөйтседе оның әлем халықтары ішінде мерейінің үстем болғанын біз мақтанышпен айта аламыз [9]. Сақтардың жауынгерлігі сол кездегі басқа тайпаларға, тіпті сақтармен бір заманда өмір сүрген ертедегі гректерге де аңыз болып тараған. Гректер еліндегі бір мәрмәр тастан соғылған қабырғада садақты керіп ұстап, алысты көздеп тұрған жасөспірім бейнесі салынған. Ондағы садақтың пошымы таза скифтік садаққа ұқсайды. Демек, гректер садақ ату өнерін скифтерден үйренген [10].

Грек ғалымдарының тұжырымдарын зерттеуші археолог Е.Е.Тевашов тапқан археологиялық қазбалар да растайды. Балқаштың оңтүстік-батыс аймағынан табылған қазбалардың ішінен садақ тартып тұрған әйелді бейнелейтін тасқа ойып салынған сурет табылған. Ертедегі сақтар өте керемет мерген-садақшылар болған. Оларды көршілес тайпалары да мойындаған. Сол ойын өзіне дейінгі тарихшылардың жазбалары арқылы дәлелдеп отырған. Ғалымның зерттеуінде, Орталық Қазақстандағы Хантау аймағынан сақ жауынгерлерінің найзамен жекпе-жекке шығу сәті бейнеленген тас табылды. Мұндай суреттер Балхаштың оңтүстік-батысында орналасқан Терістісай тауының тастарынан да табылды. Онда бір таң қаларлығы: жекпе-жекке шығушы жауынгерлерге төреші болып қарап отырған бір әйел бейнесі салынған тастың табылуы ғалымның пікірін растай түсті. Бұл сол кездегі жауынгер сақтардың өмір бейнелейтін тарихи жәдігер болып табылады. Ежелгі сақ тайпаларының жарыс өткізу тәсілдері де басқалардан өзгеше болатын. Жарысқа қатысушы сақ жауынгерлері салт атпен де, жаяу да қатысып отырған. Ғалым сақтар кезіндегі дене тәрбиесін көп жылғы зерттеу барысында садақ тарту, найза лақтыру, жұдырықтасу және басқа ойын түрлері олардың күнделікті өміріндегі ажырамас ұлттық салт-дәстүрге айналғанын ашып айтады. Сол тәрбиеге сай сақтардың жастары жауынгерлік рухта тәрбиеленіп отырған. Ғалымның тағы бір жете назар аударған мәселесі - әр ұлттың дене тәрбиесі мен спортының кеңінен канат жая келе, басқа тайпалар мен ұлттардың ортақ қазынасына айналуы.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында сақ тайпалары мен олардың одақтастарының өмір сүру кезінде өзара мәдени байланыс нығайып, бір халықтың мәдениеті екінші бір халыққа жұғысты болып, бір-бірінің мәдениетін байытып әрі толықтырып отырған. Ұлттардың бір-бірімен ортақ

2016-2019 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында қабылданған шаралар негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік берді. Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 73,15 жасты құрады. Жалпы өлім-жітім 2%-ға, аналар өлімі 13%-ға, нәрестелер өлімі 4%-ға, туберкулезден өлім-жітім 41%-ға төмендеді. Денсаулық сақтау саласында құрылымдық өзгерістер орын алды, атап айтқанда, қоғамдық денсаулық сақтау қызметі құрылды, бірінші реттік медициналық-санитарлық және жедел көмек көрсету жетілдірілді, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету орталықтандырылды, медициналық білім беру жаңғыртылды, инфрақұрылым жақсартылып, денсаулық сақтау саласын цифрландыру енгізілді.


Денсаулық сақтауды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы 2020-2025 жылдарға арналған. «Бағдарламаның мақсаты – сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету. Осы мақсатқа тоғыз негізгі бағыт бойынша үш міндетті шешу арқылы қол жеткізіледі», — деді министр. Бағдарлама міндеттері: тұрғындардың салауатты өмір сүру салтын ұстануын қалыптастыру және қоғамдық денсаулық сақтау қызметін дамыту; медициналық көмек сапасын арттыру денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты дамуы.

Мемлекеттік бағдарламаның тоғыз бағыты:

- адамдардың денсаулығын таңдау
- заманауи қоғамдық денсаулық қызметі;

- БМСК деңгейінде денсаулықты жан-жақты қолдау;
- адам капиталын дамыту;
- медициналық көмек көрсетуді жетілдіру
- денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық кеңістігін құру;
- МӘМС іске асыру және денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай камтуға қол жеткізу үшін ерікті медициналық сақтандыруды ілгерілету;
- медицина саласындағы инвестициялық ахуалды жақсарту;
- денсаулық сақтаудағы тиімді басқару [6].

Денсаулық сақтау экономикасының нарықтық тұжырымдамасы бойынша медициналық қызмет нарығында мемлекеттік реттеудің тиімді үлгісі мен медициналық қызмет көрсетудің тиімділігін ынталандыру – басты мәселе. Медициналық қызмет нарығында қоғамдағы тұрғындардың түрлі әлеуметтік топтарының төлем қабілетті сұраныстарына, медициналық қызметтің әлеуметтік бағытына мән беру қажет. 1 суретте тұтынушылардың іс-әрекеттеріне әсер ететін нарық механизмінің негізгі элементтері көрсетілген. Осы негізгі элементтерді пайдалана отырып, сатушылар (медициналық мекемелер, ұйымдар, дәрігерлер) және сатып алушылар (емделушілер) нарықта өзара әрекеттеседі.



Ескерту – автор құрастырған

Сурет 1 – Нарық механизмінің негізгі элементтері

Медициналық қызметтерге деген тұрғындар қажеттілігінің әлеуметтік-экономикалық табиғатын талдай отырып біз, қоғамның тұтыну деңгейін құрайтын факторлардың келесі тобын анықтай аламыз. Мысалы, медициналық қызметтердің тұтынуын анықтаудың негізгі өлшем бірлігі - экономикалық және әлеуметтік факторлардың тобы болып табылады. Экономикалық факторларға тұрғындардың кіріс деңгейі, осы аймақтардағы медициналық қызмет көрсетушілер қызметінің деңгейі, адамның өмір сүру ортасы, оны қоршаған әлеуметтік ортаның өлшемі т.с.с. түрлі факторлар жатады және медициналық қызметтің нақты нарығында қажеттілік деңгейін сандық өлшеуге мүмкіндік беретін негізгі өлшем бірлігі болып табылады.

Елдегі нарық қатынастарының тереңдеуі жағдайында медициналық қызмет өндірісі жүйесіне нарық элементтерін енгізу – саланың қаржылық

тұрақтылығының қамтамасыз етілуінің негізгі жолы. Сол себепті жалпы әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, медициналық қызмет өндірісінің нарықтық үлгілерін Қазақстанның денсаулық сақтау саласына енгізу, сала экономикасының тиімді қызмет етуіне, қаржы-экономикалық қатынастардың жетілуіне және сақтандыру нарығының дамуына, сақтандыру мәдениетінің жоғарылауына үлкен әсер етеді.

Нарықтық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқан экономикалық өсу жағдайында ақылы медициналық қызметтер көрсетуді дамыту және қолдау саладағы бәсекелестікті арттыруға, медициналық қызметтердің сапасын жоғарылатуға, сол арқылы медициналық қызмет нарығының инфрақұрылымының дамуына кең мүмкіндік береді. Ақылы негізде көрсетілетін медициналық қызметтерге қатаң реттеу мен бақылау жүйесінің болуы тұрғындардың қызметтер сапасына толық қанағаттанып, саланың алдындағы қордаланған мәселелерді жояды.

Денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің баламалы мүмкіндіктерін қарастыру аймақтардағы міндетті медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру жүйелері мен ақылы медицинаны дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда, ММС – жүйесі мен ақылы медицинаның дамуы медицина мекемелерінің инновациялық әрекеттерінің дамуына, нарық қатынастарының тереңдеуіне, бәсекелестік механизмнің қалыптасуына өте зор әсер етеді. Ал саладағы бәсекелестіктің кең дамуы өз кезегінде медициналық қызметтердің бағасының төмендеп, керісінше сапасының жоғары болуына әкеледі.

Аурулардың алдын-алу мен ескерту отандық денсаулық сақтау қызметінің негізгі бағыты болуы тиіс. Бұл әсіресе қоршаған ортаға тез тарайтын әлеуметтік маңызы жоғары жұқпалы аурулардың алдын-алудағы негізгі қағидаттардың бірі болуы тиісті. Аурулардың алдын-алудың сипаты, оның стратегиялары мен әдістері өмірдің өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларына сай болуы тиісті.

Біз халықтың әлеуметтік-маңызды сырқаттарға ұшырау деңгейін төмендетуге, халықты жаппай иммундау шараларына тартуға барынша күш жұмсауға тиіспіз. Бұдан басқа, медициналық көмек көрсетуде халықаралық стандарттарды енгізу, біртұтас денсаулық сақтау ақпараттық жүйесін құра отырып, саланы ақпараттандыру қажет. Бұл қайта құрулар, сонымен қатар, медициналық білім берудің құрылымын өзертпей және сапасын арттырмай мүмкін емес.

Мемлекеттің әлеуеті мен экономикалық мүмкіндіктері үлкен. Сондықтан да ол көрсетілетін барлық қызметтердің, соның ішінде медицина қызметінің де барлық жағынан талапқа сай болуын қажет етеді.

Денсаулық сақтау саласын жетілдіру бағыттары

Направления совершенствования сферы здравоохранения

Directions of improvement healthcare

Андатпа: Бұл мақалада халықтың денсаулығы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше орын алатындығы, пандемия кезіндегі денсаулық сақтау саласының жағдайы және оны жетілдіру бағыттары туралы айтылған. Сонымен бірге, нарықтық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқан экономикалық өсу жағдайында медициналық қызметтер көрсетуді дамыту және қолдау саладағы бәсекелестікті арттыру, медициналық қызметтердің сапасын жоғарылату, сол арқылы медициналық қызмет нарығының инфрақұрылымының дамыту туралы баяндалған.

Кілт сөздер: халық денсаулығы, медициналық көмек, денсаулық сақтау, коронавирус, пандемия, отандық фармацевтика, медициналық қызмет нарығы.

Аннотация - . В статье рассказывается об особой роли общественного здравоохранения в социально-экономическом развитии страны, состоянии здравоохранения во время пандемии и способах его улучшения.

Кроме того, развитие и поддержание медицинских услуг в условиях стремительного экономического роста рыночных отношений приведет к усилению конкуренции в этой сфере, повышению качества медицинских услуг, тем самым развивая инфраструктуру рынка медицинских услуг.

Ключевые слова: общественное здравоохранение, медицина, здравоохранение, коронавирус, пандемия, отечественные фармацевтические препараты, рынок медицинских услуг.

Annotation: The article describes the special role of public health in the socio-economic development of the country, the state of health during the pandemic and the ways to improve it. Furthermore, the development and maintenance of health services in a rapid economic growth of market relations will increase competition in this area, improve the quality of health services, thereby developing the health-care infrastructure.

Keywords: public health, medical care, health care, coronavirus, pandemic, domestic pharmaceuticals, medical services market.

Әдебиеттер тізімі

1. Б.Утеулина, Ә.Алданғарқызы. Қазақстан халқының COVID-19 есебінен «шамадан тыс өлімі»// Экономика и статистика №4/2020,- Нур-Сұлтан 2020. -127 б.

2. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығы//http://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakhstan-respublikasynda-totenshe-zhagdaidy-engizu-turaly

3. Коронавирус жағдайы туралы ресми сайт / <https://www.coronavirus2020.kz/kz>

4 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек// <https://www.akorda.kz/kz/>

5 Денсаулық сақтауды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы: салауатты өмір салты мен адам капиталын дамытуға басымдық беріледі. // <https://primeminister.kz/kz/news/akcent-na-zozh-i-razvitie-chelovecheskogo-kapitala-kakoy-budet-novaya-gosprogramma-razvitiya-zdravoohraneniya>

6 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы// <http://www.gcrch.kz/kz/i/2019-01-12-09-45-26>

ҒТАМР(МРНТИ) 621.472

Күн энергиясымен ұялы телефонды зарядтайтын құрылғы жасауды зерттеу

Айбат Нұрай Жақсыбайқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ИСС-19-1 оқу тобы студенті,
Сыдықов Алтынбек Бахтыбайұлы
СИБ-20-3 оқу тобы студенті,
Аймырзаева Айжахан Блаловна
Математика және қолданбалы механика
кафедрасының оқытушысы п.ғ.м,

Энергияны тұтыну тиімділігі және ұтымды пайдалану. Энергия алудың балама, дәстүрлі емес тәсілдерін зерттеу және олар туралы айту.

Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Электр энергиясынсыз өмір сүру мүмкін емес. Қарапайым ғана мысал: егер электр энергиясы болмаса, үйіңіздегі теледидар, тоңазытқыш, телефоныңыз істен шығады, киім үтіктей алмайсыз, компьютер қоса алмайсыз. Әлем де үлкен үй секілді: энергиясыз зауыттар мен ірі кәсіпорындар жұмыс істеуін тоқтатады, ал олар болмаса, азық-түлік өндіріліп, киім-кешек шығарылмайды, жұмыссыздық белең алады, адамдар кедейшілікке ұшырайды... Былайша айтқанда, электр энергиясы — тұтас әлем экономикасының бүлкілдеп соғып тұрған «қантамыры».

Қазіргі таңда біз энергияны үнемдеу жолдарын қарастырудамыз. Себебі энергия көздері мәңгілік емес. Мысалы, неше түрлі көптеген күннің энергиясы арқылы, жел, су энергиялары арқылы жұмыс істейтін механизмдер бар. Күннің энергиясы арқылы жұмыс істейтін батареялар бар, сосын

бензинмен емес, күннің энергиясы арқылы жүретін көліктер бар. Жалпы қорыта айтқанда біздің өміріміз үшін энергияның атқаратын рөлі зор.

Баламалы энергетика — дәстүрлі энергия сияқты кең таралмаған, алайда қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі төмен болған кезде оларды пайдаланудың пайдалылығына байланысты қызығушылық тудыратын энергия алудың, берудің және пайдаланудың перспективалық тәсілдерінің жиынтығы.

Адамзаттың өмір сүруі және тез дамуы үшін энергия алу тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Жаңа энергия көздерін іздеу және энергия алудың баламалы тәсілдерін дамыту-адамзаттың жаңа мыңжылдықтағы басты басым міндеті.

- Қалпына келтірілетін қуат көздерін және энергияның басқа да баламалы түрлерін пайдалануға ынталандыру.

- Көпшіліктің экологиялық таза энергияға қолжетімділігі.
- Энергия мен материяның, тіршілік пен адамның бөлінбеушілігі.
- Қоршаған ортаның ластануы және денсаулыққа қауіп-қатері.

Гипотеза: Балама энергия көздері дәстүрлі көздердің ең тиімді алмастырушысы болуы мүмкін.

Күн – Күнжүйесінің жалғыз жұлдызы. Күннің айналасында осы жүйенің басқа объектілері айналады: планеталар мен олардың серіктері, астероидтар, метеороидтар, кометалар және ғарыштық шаң.

Күн – сарыергежейлердің бір түрі. Оның орташа тығыздығы $1,4 \text{ г / см}^3$, ал беткі температурасы -5507°C сондықтан күн ақ жарықпен жарқырайды, бірақ планетамыздың бетіне жақын тікелей жарық күшті шашырау мен жердің атмосферасының бір бөлігін сіңіруіне байланысты сары реңкке ие болады. Күн энергиясын пайдалануға үлкен қадам күн батареясын жасау арқылы жасалды.

Күн – бұладамның қолында болатын энергияның барлық түрлерінің негізгі көзі. Бұл резервуар таусылмайды. Біздің жеріміз күннен орта есеппен 149 млн. км қашықтықта бола отырып, күн шығаратын энергия ағынының бір миллион үлесінің жартысын да алмайды. Сонымен қатар, бұл құлаған энергияның шамамен 40% - ы Жер атмосферасының шекарасында жұлдызаралық кеңістікке кері әсер етеді. Дегенмен, жер бетіндегі жер бетіне жететін сәулелі энергияның жалпы мөлшері жылына $9,5 * 10^{17} \text{ кВт/сағ}$ құрайды. Бұл жыл бойы күн сәулесінен жер бетіне үздіксіз келетін энергияның үлкен мөлшері, осы уақыт ішінде әлемдік энергетикалық жүйеге минералды отын, гидроэнергетика және т. б. сияқты әртүрлі энергия көздерінен келетін энергиядан 32000 есе көп.

Күн энергиясын түрлендірудің екі негізгі әдісі бар:

- 1) фототермиялық;
- 2) фотоэлектрлік.

Бірінші, қарапайым, фототермиялық, салқындатқыш (көбінесе су) күн коллекторында (Жарық сіңіретін құбырлар жүйесі) жоғары температураға дейін қызады және бөлмелерді жылыту үшін қолданылады. Коллектор ғимараттың төбесіне күн ішінде оның жарықтандырылуы ең үлкен болатындай етіп орнатылады. Жылу энергиясының бір бөлігі: қысқа мерзімді (бірнеше күнге) – жылу аккумуляторларымен, ұзақ мерзімді (қысқы кезеңге) – химиялық аккумуляторлармен жинақталады.

Екінші әдіс, фотоэлектрлік, жартылай өткізгіш фотоэлементтер – күн батареяларын қолдана отырып, күн радиациясын электр тогына тікелей түрлендіру қолданылады. Бұл әдіс болашақ үшін ең перспективалы болып табылады.

Осылайша, біз күн панельдерін көптеген өндіріс салаларында қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтірместен қолдануға болатындығын көреміз. Әрине, күн батареяларымен жұмыс істейтін құрылғылар отынмен жұмыс істейтін құрылғылар сияқты күшті емес, бірақ ғылым тоқтап қалмайды және біз жақын арада экологиялық таза көлік дәуірі келеді және біздің планетамыз химиялық, атомдық және басқа да қалдықтардың жойқын әсерінен толық қалпына келеді деп сенеміз. Біздің жұмысымызда біз балама энергия көзін автомобиль қозғалтқышы ретінде қолдануды қарастырдық. Жұмыс барысында біз күн батареялары ең заманауи және практикалық деген қорытындыға келдік энергия көздері көлік құралдарының жұмысына қолайлы. Әрине, бұл энергия көзінің кемшіліктері бар, бірақ оларды әр елдің ауа-райы жағдайларын ескере отырып, жеткілікті қаржыландыру жағдайында дизайнды жақсарту арқылы жоюға болады.

Зерттеу нәтижесінде мен білдім:

1) Күн батареясының қуаты жарық көзіне, оның жарықтығына, ауа-райына, күн сәулесінің түсу бұрышына байланысты артады немесе азаяды;

2) батареяны көшеде де, үйде де қолдануға болады. Бірақ ол ашық күнде, тікелей күн сәулесінде жақсы жұмыс істейді. Егер жарықтың жарықтығы линзаның көмегімен ұлғайтылса, батарея одан да күшті болады;

3) күн батареясы жақсы, өйткені оны кез-келген жерде қолдануға болады, жұмыс кезінде қалдықтар пайда болмайды. Оның жұмысы үшін қосымша шығындар қажет емес;

4) баламалы энергия көздерінің бірі ретінде – күн батареялары зерттелді, ұялы телефон үшін қарапайым зарядтағыш жасалды. Алдағы уақытта ұсынысым:

1. Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру.
2. Жаңа инновациялық технологияларды ойлап табу.
3. Энергияны үнемдеу саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау.
4. Атмосфераға ластаушы заттардың шығындыларын азайту.
5. Қазіргі таңдағы баламалы энергиясын пайдалану.

Аннотация

Бұл жұмыс ғылымдағы жаңа тенденциялармен, күн энергиясын пайдалану туралы жаңа гипотезалар мен теориялармен, сондай-ақ қазіргі уақытта күн панельдері мен басқа да күн сіңіргіштерді қолданумен түсіндіріледі. Жұмыс физика пәні мен нано-технологияларға деген қызығушылықты оятуға бағытталған. Жұмыс жалпы оқу және арнайы (эксперимент) дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Аннотация

Данная работа объясняется новыми веяниями в науке, новыми гипотезами и теориями об использовании солнечной энергии, а также использование в настоящее время солнечных батарей и других поглотителей солнечных лучей. Работа направлена прививает интерес к предмету физики и нано-технологиям. Работа помогает развитию общеучебных специальных (эксперимент) навыков.

Annotation

This work is explained by new trends in science, new hypotheses and theories about the use of solar energy, as well as the current use of solar panels and other solar absorbers.

The work is aimed at instilling interest in the subject of physics and nano-technologies.

The work helps to develop general academic and special (experimental) skills

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ершов А.А., Умаров Г. Я., «Күн энергетикасы».
2. Қашқаров А.П. «Күн батареялары және басқа да пайдалы нұсқаулықтар».
3. Тимошкин С. Е. «Күн энергетикасы және күн батареялары».

Ауыл шаруашылығын несиелеудің шетелдік тәжірибесі: Қазақстан жағдайында пайдалану мүмкіндіктері

Акбар Аружан Ғаниқызы

Фин-17-5 оқу тобының студенті

Капанова Шолпан Аманжоловна

«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы,
эконмика ғылымдарының магистрі

Шет елдердің ауылшаруашылығына несие беру жүйесі несиелік ресурстармен қамтамасыз етудің өзіндік ерекшелігіне ие. Шет елдердегі

ауылшаруашылық несиелендірудің ерекшелігі-оны ұйымдастыру мәселелеріне мемлекеттің белсенді қатысуы.

Ауыл шаруашылығын несиелендіруге бірнеше дамыған елдердің тәжірибесін негізгі ала отырып зерттеуге болады, атап айтқанда Голландия, Ұлыбритания, Финляндия, Жапония, Австрия, Германия, Франция.

Голландияда Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мамандандырылған банк – агроөндірісті несиелік қаржыландырудың 90%-ке жуығын қамтамасыз ететін Рабобанк жұмыс істейді. Global Finance (ағылшын тілінде ай сайын шығатын қаржы журналы) нұсқасы бойынша, 2015 жылы Рабобанк әлемдегі ең сенімді банктер тізімінде 25-ші орынға ие болды.

Бастапқыда банк пен қарыз алушы арасындағы келіссөздер арқылы ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қызметіне талдау жасалады, содан кейін ғана несиелеу шарттары анықталады [1]. Банк жұмысының кемшілігі-белгіленген пайыздық мөлшерлеменің болмауы. Ол несие шартының қолданылуы кезінде және біржақты тәртіппен, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өзінің қатысуынсыз өзгертілуі мүмкін.

Ұлыбританияда мамандандырылған ауылшаруашылық банктері жоқ. Ауыл шаруашылығындағы несие саясаты экономиканың басқа салаларындағыдай қағидаларымен сипатталады. Ллойд Банк, Мидланд Банк, Барклайз Банк сияқты ірі коммерциялық банктер ауыл шаруашылығын несиелеуде жетекші орын алады. *Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық жай-күйі несие көлемін және пайыздық мөлшерлемені (тұрақты несие) айқындау үшін база болып табылады.*

Банктік емес мамандандырылған ұйымдар кең таралған. Ұлыбританияның фермерлік сүт корпорациясы фермерлерге сүт цистерналарын сатып алу үшін несие береді. Бұл ұйым көбінесе сүт цистерналарын сатып алады, содан кейін оларды ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне жалға береді. Фермерлік ет корпорациясы 1 жылға дейін қамтамасыз етілмеген несиелер береді. Мұндай несиелеудің негізгі объектілері малды бордақылау, асыл тұқымды қой сатып алу және жеке малды бордақылау болып табылады. Алайда, кейіннен олар корпорацияларға сатылады. *Несие бойынша пайыз өткізу бағасы мен банк мөлшерлемелерін ескере отырып есептеледі*[2].

Ұлыбританияда жер кепілдігімен берілетін ипотекалық несиелер ауылшаруашылық тауар өндірушілерін несиелеу жүйесімен тығыз байланысты. 1928 жылы құрылған ауылшаруашылық ипотекалық корпорациясы мемлекеттік субсидияларды қысқартылған пайыз түрінде алады. Несиелеу мерзімі 5 жылдан 40 жылға дейін өзгереді, ал кепілдің максималды мөлшері мүлік құнының үштен бірін құрайды. Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қысқа мерзімді несиелендіруге келетін болсақ, банктер ұсынатын дәстүрлі несиелерге емес, овердрафтқа артықшылық беріледі.

Финляндияда аграрлық саланы мемлекеттік қолдау несиелер бойынша пайыздарды және жер учаскелеріне салықтарды мемлекеттік аудару есебінен қалыптасатын ауыл шаруашылығы Қоры арқылы жүзеге асырылады. Қор ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ғимараттар мен коммуникациялар салуға, ауыл шаруашылығы жабдықтарын сатып алуға, жерді қалпына келтіруге, өңірге байланысты жылдық 4-7%-бен өнімді ірі қараларды өсіруге несиелер береді.

Жапонияда Орталық кооперативтік банк ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығын қолдаудың қаржылық институты болып табылады. Оның қызметінің негізгі міндеті-мүшелерді өзара қаржыландыру, сондықтан кооперативті несиелер қысқа мерзімді болып табылады.

Ауыл, орман және балық шаруашылығын қаржыландырудың мемлекеттік корпорациясы үкіметтік бағдарламалар шеңберінде ұзақ мерзімді несие беруді жүзеге асыратын институт болып табылады.

Көптеген дамыған елдер кооперативтердің дамуымен сипатталады. Кооперациямен Дания, Нидерланды, Норвегия, Швеция, Финляндия, Жапония сияқты елдердегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің 100%-і, Франция және Германия сияқты елдерде-86%-і қамтылған [3].

Австрияда жеңілдетілген несие беру аграрлық инвестициялық несие және арнайы ауылшаруашылық несиесі болып табылады. Австрияда жеңілдетілген несие беру аграрлық инвестициялық несие және арнайы ауылшаруашылық несиесі болып табылады.

Өндірістік қызметтің барлық салалары жеңілдетілген аграрлық инвестициялық несиені пайдаланады, ол өтемақы төлемдерінің екі деңгейі бойынша сараланған. Бағытталған салымдардың маңыздылығы несие беруші банктің қолданыстағы пайыздық мөлшерлемесін таңдауды анықтайды (36% және 50%).

Егер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өткізуге дайындау, жануарларды ұстау жүйесі, жылыжайлар мен экологиялық тұрғыдан сақталған көң қоймалары, қолайсыз аудандарда орналасқан шаруашылықтар инвестициялар объектісі болып табылса, несиелік мөлшерлеме 30%-ға төмендейді. Несиелердің басқа түрлеріне жалпы пайыздық мөлшерлемеден 36 пайыздық жеңілдік тән. Несие беруші банктің негізгі ставкасы пайыздық мөлшерлемені есептеу үшін негіз болып табылады. Австрия Ұлттық Банкі оны жылына бірнеше рет түзетуге құқылы. Толық жұмыспен қамтылған фермалардың 60%-і аграрлық инвестициялық несиені пайдаланады (халық шаруашылығының басқа салаларында шаруашылықтардың 18%-ында жеңілдікті несиені пайдалану байқалады).

Жеңілдетілген несие беру қолайсыз аудандарда өмір сүруге лайықты жағдай жасай отырып, халықтың ауылдық жерлерде шоғырлануына ықпал етеді. Арнайы ауылшаруашылық несиесі қолданудың жергіліктілігімен

сипатталады. Оны пайдалану ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын сатып алуға бағытталған. Осы жеңілдікті несиенің пайыздық мөлшерлемесінің бюджеттік өтемақысы қолданыстағы банк пайызының 2% құрайды.

Ауылшаруашылық несиелеудің классикалық үлгісі (коммерциялық банктер мен мамандандырылған мекемелердің несиенің нарығында жұмыс істеуі) Германия болып табылады. Ауыл шаруашылығы және азық – түлік секторын қайта қаржыландырудың орталық институты-Германияда жұмыс істейтін, Мемлекеттік ауыл шаруашылығы банкі туралы заң негізінде құрылған Ауыл шаруашылығы банкі.

Алайда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілетін несиелердің басым бөлігін кооперативтік банктер (44,1%) береді. Бұл ретте пайыздық мөлшерлеме ауыл шаруашылығына несиенің берудің жеңілдікті сипатына қарамастан, жылдық 6,8-7,3% шегінде салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады [2]. Қазіргі кезеңде Германияның ауыл шаруашылығын несиелік қолдау жүйесі келесі несиенің институттарымен ұсынылған: халық банктерінің және «Райффайзен» банктік серіктестіктерінің одағы, Франкфурт ауылшаруашылық жалдау банкі, Бонн неміс қоныстандыру және ипотекалық банкі, жинақ қассалары жүйесі, жеке ипотекалық банктер, жалдау банкі, ұлттық деңгейдегі қауымдастықтар.

Германияда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қатысты жеңілдікті саясат белсенді түрде іске асырылуда. 40 жасқа дейінгі фермерлерге тұрғын үй салу, жалға алынған шаруашылықты сатып алу, өндірістік инфрақұрылымға күрделі салымдарды жүзеге асыру үшін жеңілдікті несиенің беруді пайдалану құқығы беріледі. Мемлекет ауқымды коммерциялық банктік қызметті жүзеге асыратын және оның жарғылық капиталының 50% - дан астамын иеленетін неміс қоныстандыру және жер (ипотекалық) банктерінің қызметін бақылайды.

Францияда Ауыл шаруашылығын қолдау бойынша өз қызметін «Credit agricole» мамандандырылған банкі жүзеге асырады. Оларға ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жабдықтар мен мал сатып алуы үшін бонифицирленген (пайыздарды төлеуге мемлекеттік субсидиялармен) несиелер беріледі. 1990 жылға дейін Францияның Аграрлық Банкі Credit Agricole Ауыл шаруашылығын несиелендіру саласында монополист болды (Ауыл шаруашылығын несиелендіру көлемінің 90% дейін қамтамасыз етті) [1].

Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне несиенің беруді негізінен кооперативтік банктер жүзеге асырады, оларға ауыл шаруашылығы несиенің шамамен 75% - ы тиесілі [5]. Жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің неғұрлым жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемесі (стандарттыдан аспайтын) және оң беделі кооперативтік Банктің мемлекеттен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қызмет көрсетуге

лицензия алу кепілі болып табылады.

Мемлекет ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне жақсы қызмет көрсету тұрғысынан банктердің бәсекелестігін сауатты ынталандырады, осылайша несиелік қызмет көрсетудегі монополияның жолын кеседі.

Франция фермерлері үшін жеңілдетілген несиенің 6 түрі қолданылады. Пайыздық мөлшерлеме несие түріне қарай түрленеді: жылдық 3,75 – тен 8,25%-ға дейін (жас фермерлер үшін- 2,75-4%), өтеу мерзімі қолайсыз табиғи-экономикалық аймақтар үшін 7-12 жыл және өзге аудандар үшін 5-9 жыл және көлемі 300-850 мың франк [5]. Бюджеттік өтемақының көлемі шарттық пайыздық мөлшерлеме мен жеңілдікті несие мөлшерлемесінің арасындағы айырма бойынша белгіленеді. Шарттық мөлшерлемелер банктер конкурсының нәтижелері бойынша айқындалады. Францияда фермерлік шаруашылықтарды жайластыруға және жаңғыртуға жеңілдетілген несиелердің жалпы көлемінің 70% - дан астамы жіберіледі [2]. Ерекше жеңілдікті режим агроөндіріске жаңа енгізілімдерді енгізетін, ісін жаңа бастаған жас ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге беріледі.

Несиелік мекемелердің тәжірибесінде несие беру шарттары қарыз алушының қызметін талдау негізінде банк пен қарыз алушы арасындағы келіссөздер барысында анықталады. *Несиелік ресурстар ауыспалы, тұрақты және өзгермелі мерзімді пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланады.* Пайыздың мөлшері қаржы нарығындағы қалыптасқан жағдайларға байланысты реттеледі және түзетіледі.

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме кезінде инфляция деңгейіне байланысты анықталатын пайыз төленеді. Белгіленген мерзімі бар ауыспалы пайыздық мөлшерлеме ұзақ мерзімді несиелендіруге қолданылады (несиелеудің әр кезеңі өзінің пайыздық мөлшерлемесімен сипатталады). Елдер бойынша пайыздық мөлшерлемелер айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені олар жеке елдегі экономикалық жағдайға байланысты.

Ауыл шаруашылығына несие берудің шетелдік тәжірибесін зерделеу мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Әр елдің ауылшаруашылығын несиелеуді ұйымдастырудың өзіндік тәсілдері мен ерекшеліктері бар. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың несиелік институттары мамандандырылған және коммерциялық банктер, сондай-ақ аграрлық салаға қызмет көрсететін ұйымдар болып табылады.

Мүдделер мен бірлескен кооперативті меншікпен біріктірілген несиелік кооперативтер белсенді дамуда. Шет елдер банктік емес институттар жүзеге асыратын мақсатты несиелеумен сипатталады.

Шет елдердегі ауылшаруашылық тауар өндірушілерін несиелік қолдау тәжірибесін жинақтау олардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

- ауыл шаруашылығына несие беруді кооперативтік банктер (Германия, Франция, Жапония, Польша) жүзеге асырады;
- ауыл шаруашылығын қолдауды жүзеге асыратын банктік емес

несиелік ұйымдар жұмыс істейді (Канада, АҚШ);

- несиелік қолдауды бір немесе бірнеше ірі мамандандырылған банктер жүзеге асырады (Голландия, Үндістан);

- ауыл шаруашылығына несие беруді коммерциялық банктер банктік несиелерге мемлекеттік кепілдіктер беру және пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау арқылы жүзеге асырады (Австрия, Бразилия, Ұлыбритания, Қытай).

Алайда, жалпы тенденцияларды ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне оларды қолдаудың басым элементі ретінде несие бөлу, мемлекеттің нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету арқылы ауылшаруашылық несие беру жүйесін дамытуға жағдай жасауға белсенді қатысуы деп атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кибилов А.Я. Зарубежный опыт организации сельскохозяйственного кредитования // Аграрный Вестник Урала. 2011. № 4 (83). С. 89-91

2. Бурых Е.С. Зарубежный опыт организации сельскохозяйственного кредитования // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. 2012. № 1 (87). С. 106-110.

3. Джоробаева М.А. Кредитование аграрного сектора в зарубежных странах // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2016. № 7-1. С. 163-166

4. Анализ мировых тенденций государственной поддержки сельского хозяйства // Департамент агропромышленной политики Евразийской экономической комиссии. URL: [http:// www. eur asian commission. org/](http://www.eurasiancommission.org/)

5. Былыкбаева Р.С., Насретдинова М.Р. Сельскохозяйственный кредит в зарубежных странах // Экономика и социум. 2014. № 2 (11). URL: [http:// www. iupr. ru](http://www.iupr.ru)

6. Минаев В.Н. Обзор основных подходов к государственной поддержке аграрного сектора за рубежом // Вестник Волгоградского института бизнеса. 2016. № 2 (35). С. 291-296.

Виртуальный склад СНТ: Предпосылки внедрения в РК

Алмас Д.А. студент группы УиА-19-2

Машаева А.Ж.

«Виртуальный склад» является специальным модулем на государственном портале ИС ЭСФ, который разработан для автоматизации функций складского учета. Система позволяет учитывать количество

продукции на балансе, а также перемещать и оприходовать товарные единицы.

На сайте КГД МФ РК в подразделе «Виртуальный склад» раздела «Электронные счета-фактуры» размещен перечень товаров, по которым ЭСФ выписываются посредством данного модуля.

Таким образом, использование модуля «Виртуальный склад» обязательно для налогоплательщиков, реализующих или приобретающих:

- автотранспортные средства, в отношении которых применяются пониженные ставки ввозных таможенных пошлин (группы 8703 и 8704 классификации ТН ВЭД ЕАЭС);

- сахар-сырец;

- холодильное оборудование;

- мониторы и проекторы;

- пылесосы;

- фотокамеры с моментальным получением готового снимка;

- электрические нагревательные сопротивления;

- иные товары в случае использования плательщиком НДС контрольного счета в целях возврата НДС согласно ст.433 НК РК.

Предпосылки внедрения СНТ

Известно, что документ планировалось ввести еще в 2017 году, но в связи с принятием нового Налогового кодекса срок был перенесен на 2020 год.

В декабре 2019 года был подписан приказ Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 1424 «Об утверждении Перечня товаров, на которые распространяется обязанность по оформлению сопроводительных накладных на товары, а также Правил оформления и их документооборота», согласно которому уже с 1 апреля 2020 года налогоплательщики были обязаны выписывать СНТ.

Но ни налогоплательщики, на законодатели оказались не готовы к нововведениям, в связи с чем был вынесен на обсуждение проект изменений в приказ, согласно которому было предложено перенести сроки с апреля на июль, а по маркированным товарам на октябрь 2020 г.

13 апреля 2020 года наконец был подписан Приказ Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан № 379 О внесении изменения в приказ Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 1424 «Об утверждении Перечня товаров, на которые распространяется обязанность по оформлению сопроводительных накладных на товары, а также Правил оформления и их документооборота». Приказ вводится в действие с 26 апреля 2020 года.

22 апреля 2020 года представители налоговых органов озвучили, что в связи с пандемией коронавируса в приказ Первого заместителя Премьер-Министра РК – МФ РК внесены изменения в части переноса даты начала оформления СНТ и определены следующие сроки внедрения:

- с 1 июля 2020 года обязанность по оформлению СНТ распространяется на подакцизную продукцию, товары, по которым выписка ЭСФ осуществляется посредством модуля «Виртуальный склад» (335 товарных позиций) и импорт/экспорт ЕАЭС;

- с 1 января 2021 года обязанность по оформлению СНТ распространяется на остальные товары по Перечню товаров изъятия (3865 товарных позиций) и маркируемые товары.

Таким образом, СНТ будет внедряться поэтапно. При этом первыми начнут применять СНТ наиболее подготовленные налогоплательщики, то есть те, кто сегодня уже работает с сопроводительными накладными на подакцизную продукцию, и те, кто работает в модуле «Виртуальный склад».

Понятие СНТ

Понятие «сопроводительная накладная на товар» (СНТ) появилось в НК РК с 2020 г.. Под ней понимается электронный документ, который оформляется в определенных случаях на конкретные виды товаров.

Применяется СНТ для:

- упрощения документооборота;
- расчета налогооблагаемой базы;
- таможенного и налогового администрирования.

СНТ, несмотря на свою исключительно электронную форму, признается полноценным первичным бухгалтерским документом и входит в состав пакета товаросопроводительных документов. Это значит, что продавец (импортер) может применять СНТ при ввозе или отгрузке товаров, при этом не предоставляя в налоговые и таможенные органы бумажные накладные.

Оформляется СНТ казахстанскими предпринимателями и организациями в следующих случаях:

- при продаже, отгрузке, перемещении товаров внутри страны;
- при импорте товаров в Казахстан;
- при экспорте товаров за границу РК.

Фактически, на практике оформлять документ придется при любом движении товара. Однако, распространяется это не на все реализуемые товары, а только на ограниченный перечень, который разрабатывается и утверждается Минфином РК. Перечень категорий товаров, на которые необходимо выписывать СНТ, а также Правила оформления этого вида документов утверждены Приказом МФ РК №1424 от 26.12.2019 г. В Приложении к этому же документу содержится и утвержденная

унифицированная форма накладной. Позже в Перечень были внесены дополнения Приказом №379 от 13.04.2020 г.

В таблице представлены ранее установленные сроки ввода СНТ и сроки ввода с учетом принятого переноса.

№ п/п	Наименование товара	Предыдущие сроки	Принятые сроки
1	Биотопливо, производство и оборот которого регулируется Законом Республики Казахстан от 15 ноября 2010 года «О государственном регулировании производства и оборота биотоплива»	1 января 2020 года	1 января 2020 года
2	Этиловый спирт и (или) алкогольная продукция, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 16 июля 1999 года «О государственном регулировании производства и оборота этилового спирта и алкогольной продукции»	1 октября 2020 года	1 марта 2021 года
3	Отдельные виды нефтепродуктов, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 20 июля 2011 года «О государственном регулировании производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов»	1 октября 2020 года	1 марта 2021 года
4	Табачные изделия, производство и оборот которых регулируется Законом Республики Казахстан от 12 июня 2003 года «О государственном регулировании производства и оборота табачных изделий»	1 октября 2020 года	1 марта 2021 года
5	Товары, код товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС) и наименование которых включены в Перечень товаров, в отношении которых Республикой Казахстан в соответствии с обязательствами, принятыми в качестве условия присоединения к Всемирной торговой организации, применяются ставки ввозных таможенных пошлин, более низкие по	1 января 2021 года	1 июля 2021 года

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

	сравнению со ставками пошлин Единого таможенного тарифа Евразийского экономического союза, утвержденный в соответствии с международным договором, участником которого является Республика Казахстан (товары, входящие в Перечень изъятий)		
6	Товары, ввозимые на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза	1 октября 2020 года	1 марта 2021 года
7	Товары, вывозимые с территории Республики Казахстан на территорию государств-членов Евразийского экономического союза	1 октября 2020 года	1 марта 2021 года
8	Товары, подлежащие маркировке в соответствии с международными договорами и законодательством Республики Казахстан	1 января 2021 года	1 июля 2021 года
9	Товары, код товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС) и наименование которых включены в Перечень товаров, в отношении которых Республикой Казахстан в соответствии с обязательствами, принятыми в качестве условия присоединения к Всемирной торговой организации, применяются ставки ввозных таможенных пошлин, более низкие по сравнению со ставками пошлин Единого таможенного тарифа Евразийского экономического союза, утвержденный в соответствии с международным договором, участником которого является Республика Казахстан, и по которым электронные счета – фактуры выписываются посредством модуля «Виртуальный склад» информационной системы электронных счетов-фактур (товары, входящие в Перечень изъятий, обязательные к оформлению в модуле ВС)	1 октября 2020 года	1 мая 2021 года

Обязанность по выписке СНТ возложена на всех налогоплательщиков, реализующих, ввозящих и вывозящих товары, указанные в Перечне, независимо от их организационной формы (ИП, ТОО). Контроль за порядком оформления накладных лежит на УГД МФ РК (ст.176 НК РК).

Стоит отметить, что для выписки СНТ установлены очень сжатые сроки:

- при перемещении, реализации и (или) отгрузке товаров по территории РК - не позднее дня начала перемещения, реализации и (или) отгрузки товаров;
- при ввозе товаров на территорию РК: с территории государств, не являющихся членами ЕаЭС, - не позднее дня, следующего за днем выпуска товаров в свободное обращение; с территории государств-членов ЕаЭС - не позднее дня, предшествующего дню пересечения Государственной границы РК
- при вывозе товаров с территории РК на территорию государств, не являющихся членами Евразийского экономического союза, и государств-членов Евразийского экономического союза - не позднее дня начала перемещения, реализации и (или) отгрузки товаров.

Оформление СНТ

Что же касается самого оформления СНТ, то принципы ее оформления довольно схожи с принципами оформления ЭСФ(электронный счет фактуры).

СНТ оформляется:

- в электронном виде;
- на бумажном носителе, в случае отсутствия сети телекоммуникаций либо в случае подтверждения на интернет ресурсе КГД МФ РК технических ошибок.

После устранения технических ошибок СНТ, оформленная на бумажном носителе, поставщиком (при ввозе – получателем) подлежит введению в ИС ЭСФ(ортал для выписки, получения и обработки электронных счетов-фактур) в течение трех календарных дней с даты устранения технических ошибок

СНТ оформляется в национальной валюте; но в некоторых случаях возможно оформить в иностранной валюте:

1. по сделкам (операциям) по реализации товаров, заключенным (совершенным) в рамках соглашения (контракта) о разделе продукции;
2. по сделкам (операциям) по реализации товаров на экспорт, облагаемым по нулевой ставке налога на добавленную стоимость в соответствии со статьями 386, 446 и 449 Налогового кодекса (экспорт, экспорт в ЕаЭС, давальческое сырье);
3. по оборотам по реализации, облагаемым по нулевой ставке НДС, в соответствии с пунктом 3 статьи 393 Налогового кодекса. (определенные

налогоплательщики, работающие в соответствии с межправительственными соглашениями).

При ввозе товаров – в тенге или в иностранной валюте, указанной в инвойсе, счет-фактуре.

Ниже предлагаю вниманию небольшую шпаргалку в отношении случаев и сроков выписки СНТ

Получатель СНТ обязан в течение двадцати календарных дней после даты регистрации СНТ в ИС ЭСФ представить посредством ИС ЭСФ подтвержденную или отклоненную СНТ, подписанную ЭЦП.

Подтверждение СНТ получателем не требуется в следующих случаях
1) при реализации товаров на экспорт; 2) при реализации товаров физическому лицу, не являющемуся индивидуальным предпринимателем.

Когда не оформляется СНТ:

•при реализации товаров в розничной торговле, за исключением случая, предусмотренного п.72 Правил выписки СНТ;



•при ввозе/вывозе товаров в РК по системе магистральных трубопроводов и (или) по линиям электропередачи;

•при перемещении товаров в пределах одного лица и (или) между структурными подразделениями одного лица на территории РК, за исключением подакцизных товаров;

- при отгрузке возвратной тары, за исключением случаев, когда такая тара включена в перечень изъятия ВТО;

- при ввозе товаров в РК с территории ЕАЭС, по которым местом начала транспортировки является территория государств, не являющихся членами ЕАЭС;

- при вывозе товаров с РК на территорию ЕАЭС, по которым страной назначения является территория государства, не являющегося членом ЕАЭС, за исключением товаров из перечня изъятия ВТО и (или) подакцизных товаров и (или) товаров, по которым ЭСФ подлежат выписке посредством ВС.

Как внести изменения?

Конечно же на практике возникают случаи, когда требуется внести изменения в СНТ. Так правилами предусмотрено, что СНТ, оформленная с указанием неполных и (или) недостоверных данных, подлежит аннулированию или отзыву поставщиком (при импорте – получателем) в течение пяти рабочих дней после даты оформления такой СНТ, в случае, если такая СНТ не подтверждена или не отклонена получателем.

В случае необходимости внесения изменений и (или) дополнений в ранее оформленную СНТ, исправления ошибок, не влекущих замену поставщика и (или) получателя товаров, оформляется исправленная СНТ с аннулированием ранее оформленной СНТ.

СНТ может быть отозвана без оформления новой СНТ.

На самом деле у налогоплательщиков возникает огромное количество вопросов. Особо хочется отметить вопросы, касающиеся сроков оформления СНТ при рознице.

На сегодня эта норма прописана следующим образом: налогоплательщик, по реализованным товарам за день, вправе производить оформление СНТ не позднее дня, следующего за днем реализации, без указания идентификационного номера получателя товаров, расчеты за которые осуществлены:

- 1) наличными деньгами с представлением покупателю чека контрольно-кассовой машины и (или) через терминалы оплаты услуг;

- 2) с применением оборудования (устройства), предназначенного для осуществления платежей с использованием платежных карточек.

Рекомендуется уже сегодня начать подготовку к новому этапу в жизни компании и бухгалтера, в частности.

Ведь не стоит забывать, что если за невыписку электронных счетов фактур предусмотрено на первый случай нарушения предупреждение, то статьей 283-1 КоАП РК предусмотрена следующая ответственность

За непредставление либо несвоевременное представление СНТ – влечет штраф:

- на физических лиц - 5 МРП

- на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – 10 МРП
- на субъектов среднего предпринимательства – в размере 20 МРП
- на субъектов крупного предпринимательства – в размере 30 МРП

Список использованной литературы

1. Об утверждении перечня товаров, по которым электронные счета-фактуры выписываются посредством модуля «Виртуальный склад» информационной системы электронных счетов-фактур. Приказ Минфина №384 от 23.04.2019 г
2. Об утверждении Правил и сроков реализации пилотного проекта по оформлению сопроводительных накладных на товары и их документооборот. Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 16.11. 2020 г. № 1104.
3. <http://kgd.gov.kz/ru/news/po-rasshireniyu-modulya-virtualnyy-sklad-1-72387>

FTAMP 06.71.57

Аймақтың туристік тартымдылығын қалыптастырудағы брендингтің рөлі

Алмасбекқызы Нұрай,
Т-19-1 оқу тобының студенті
Карбозова Ағжан
Э.Ғ.М.

Жаһандық үрдістердің қарқынды дамуы нәтижесінде аймақтар үшін арналған маркетингтік бағдарламалардың алғашқы тәжірибесі Батыста ХХ ғасырдың жартысында пайда болды. Бір жағынан, жаһандану аймақтарға жекелену салдарына әкелген жаңа мүмкіндіктер берді. Екінші жағынан, өңірдің мәдени және әлеуметтік әлеуетін жетілдірді. 1993 жылы таңбалы кітапқа айналған Филипп Котлерің, Дональд Хайдердің, Ирвин Рейннің «Маркетинг территорий: привлечение инвестиций, промышленности и туризма в города, штата и страны» атты кітабы өңірді жан-жақты жылжыту механизмі ретінде пайдалану тұжырымын ұсынды. ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында орын брендингті тәжірибесі жалпыға қызықты, өзекті мәселелердің біріне айналды.

1998 жылдың қыркүйегінде Оксфорд Брукс университетінің профессоры Стефан Вард «Продажа территорий: маркетинг и продвижение городов и мегаполисов в 1850-2000 годах» атты еңбегін басып шығарды.

Ф.Котлер және оның қосалқы авторлары мекен маркетингін ХХ ғасыр аяғының өнімі деп санаса, ал С. Вард бұл кітабында өңір маркетингінің тарихын кеңейтті. Вард бойынша, өңірдің тартымдылығын мақсатты бағытталған ақпараттық- жарнамалық қызмет көмегімен жасанды басқару ХІХ ғасырдың аяғында Ұлыбританияда және АҚШ-та шағын индустриалды және туристік қалаларды дамыту кезінде басталды. Кейінірек, коммуникация құралдарының дамуы мен капитал мен тұрғындардың мобильділігінің артуының салдарынан бұл тәжірибені инвесторлар, туристер, және жаңа тұрғындар тарту үшін күрестебарлық өңірлер қолданыла бастады.

Өңірлік маркетингтің қарқынды дамуы өңірлер, қалалар, аймақтар, елдер және әлемдегі ұлттар арасындағы бәсекелестіктің нәтижесі ретінде соңғы он жылда айқын көрініс тапты. Өңір брендингі – сыртқы нарықты жеңіп алу, инвесторларды, туристерді, жаңа тұрғындарды және білікті мигранттарды тарту мақсатында қалалардың, облыстардың, аймақтардың, географиялық зоналардың және мемлекеттің бәсекеге қабілетін арттыру стратегиясы. Мәдени брендинг өңірлік брендингтің негізгі бөлігі ретінде брендинг тәжірибесін іске асырудағы тиімді үдеріске айналды.

Өңірлік брендинг ұлттық брендинг, аймақтық маркетинг, қалалық маркетинг, мәдени брендинг ұғымдарынан тұратын жаңа термин. Алғаш рет «мекен брендингі» (ағылшынша – «place branding») сөзін америкалық қоғамдағы мемлекеттің бренд-имиджін құру, ұлттық бірегейлік пен атақ мәселесі жөніндегі тәуелсіз саяси кеңесші Саймон Анхольт енгізген болатын. «Орын брендингі» аймақтардағы материалды және материалды емес дефициттарды жеңуге бағытталған, оның басты идеясы – қоғамға өңірдің ерекшелігі туралы көзқарастарды жеткізу.

Саймон Анхольт тар шеңберде мамандандырылған, жеке бір ғана аспектке топталған мәселеге қарсы өңір брендингінің кешенді, әр тараптандырылған зерттеуін ұсынды. Саймон Анхольт бәсекелескен бірегейлік тұжырымдамасын жасады, оны алтыбұрыш түрінде ұсынды. Ол заманауи өңір брендинің алты элементін көрсетеді: туризм, экспорттық брендтер, саясат, бизнес және инвестиция, мәдениет, адамдар.

Өңірлік маркетинг мәселесін зерттеуші ресейлік жетекші ғалым А.П. Панкрухиннің айтуы бойынша, өңір маркетингінің мазмұнын өңірді сырттан немесе ішінен қызықтыратын субъектілерді табу критерийлері арқылы анықтауға болады. Бұл жағдайда сыртқы субъектілер аймақтың ауқаттылығын (ресурстарды, еңбек өнімдерін, жұмыс күшін және т.б) сыртқа шығару мақсатында аймақтың әл-ауқатын жетілдіруге қызығушылық танытады, ал ішкі субъектілер өзінің жеке басының ауқаттылығын аймақтың ауқаттылығымен байланыстырады. Ресейлік маркетинг саласының өкілі Р. Шнипер аймақтық ұдайы өндірістік цикл теориясын жасады, оның мағынасы – барлық қоғамдық өндіріс (өндіру, бөлу, алмасы және тұтыну) сатысының өзінің шекаралары бар. Р. Шнипердің зерттеуі бойынша, ұдайы өндірістік

циклдердің өңірлік шекарасы шаруашылықта үш типке бөлінеді: ұлттық, аймақтық және локалды. Бұл циклдердің талдауының көрсеткіші бойынша, шаруашылық өндірістердің басым көпшілігі аймақтық деңгейде жүзеге асырылады. ХХІ ғасырдың басында аймақ географиялық, әкімшілік, экономикалық, мәдени-тарихи, этномәдени бірлік ретінде зерттеу объектісіне айналды. Аймақтарды теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамыту барысында мақсатты бағытталған аймақтық саясатты сәйкестендіру қажет: бәсекелестікартықшылық негізінде аймақтарда экономикалық дамыған жаңа орталықтар жасау арқылы экономиканы дамытуға ынталандыру; мемлекеттің инфрақұрылымдық инвестициясы мен инвестициялық стратегияларды координациялау; аймақта өнімді өткізу нарығын кеңейту. Біздің пікіріміз бойынша, осы үш бағытты дәліме дәл сәйкестендіруге өңірлік брендинг технологияларымен қол жеткізуге болады.

Өңір брендингі тар мағынада өңірдің шынайы тауарларын қымбатқа «сатуға» ұмтылу және өмір мен өнеркәсіпке арналған ыңғайлы, тартымды орын ретінде көрсету деп түсіндіріледі. Кең мағынада, өмір сүруге арналған кеңістік, сауда жасалатын орын, тарихи-мәдени орталық ретінде қарастырылады. Өңір брендингінің сәттілігі аймақтың тұрақты және тартымды имиджін қамтамасыз етуге, оның танымалдығын арттыруға, ерекшелігі туралы тұтынушылық көзқарас қалыптастыруға, ресурстардың тапшылығын жеңуге, туристерді тартуға, инвестициялық тартымдылықты жақсартуға, шаруашылық әлеуетін өсіруге, халықаралық ұйымдарға өтуге, аймақтық жетістіктер мен бастамаларды тасымалдауға, мемлекеттік мәртебені жетілдіруге әсер етеді.

Өңірлік брендингте аймақтың ішіндегі барлық элементтер бренд ретінде қарастырылса, мәдени брендингте – мәдениет және оның құрамдас бөліктері бренд ретінде қарастырылады. Өңір, аймақ шекарасымен шектеліп қалса, ал мәдениет шектелмейді. Ол халықпен бірге аймақтан аймаққа ауысып көше береді, бірақ сол аймақтың тартымдылығын қалыптастыруда маңызды орын алатын мәдени-тарихи объектілер өңірмен шектеліп қалады. Сол себепті, осы жұмыста «мәдени брендинг» пен «өңірлік брендинг» ұғымдары ажырамас барабар ұғымдар ретінде қарастырамыз.

Өңірлік брендингтің мақсаты мен міндеті – бәсекелестік нарықта өңірді ұзақмерзімді және нәтижелі жайғастыруды қамтамасыз ету, ақпараттық кеңістікте өңірдің брендін жасау, брендтің танымалдығын қамтамасыз ету, өңірге қаржылық ресурстарды тарту, өңірден әсер етуші күш жасау. Өңірлік брендинг нақты практикалық іс-шаралардың нәтижесімен көрініс табады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өңірлерді, аймақтарды немесе елді қаржыландыру бренд жасау және оны дәріштеу арқылы жүзеге асырылады.

Елдің мәдени имиджін қалыптастыруда туристік әлеует маңызды орын алады. Мәдени туристік брендті дамыту стратегиясы қазіргі имиджден идеалды имиджге өтуді ұйғарады. Қазақстанның туристік әлеуеті жоғары.

Зерттеу барысында ҚР мәдени саясат тұжырымдамасындағы Қазақстанның туристік әлеуетін дамыту жобаларына және Қазақстанның туристік саласын дамыту тұжырымдамасына талдау жасау арқылы келесі кемшіліктер айқындалды:

Біріншіден, қызмет көрсету сапасы төмен. Қонақжайлылық, коммуникациялық қарым-қатынас төмен.

Екіншіден, туристік карта жоқ. Мегаполистер үшін карталау жүйесі өте қажетті. Туристік карта келушілер бағыт-бағдар беруде өте тиімді.

Үшіншіден, мейрамханаларда қазақтың ұлттық тағамдардың мәзірінің жоқтығы. Ұлттық ас мәзірі бренд болуы тиіс және ол гастрономиялық туризмді дамытуға себепші болмақ.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның сапалы мәдени брендін жасау үшін келесі алғышарттар қажет:

1. Стратегиялық құралдар: аймақтың әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы, мәдени және ғылыми әлеуетін, географиялық орналасуын талдау арқылы брендтік негізін табу; өңірдің миссиясын анықтау; аймаққа тән ұран құрастыру.

2. Нышандық құралдар: өңірдің негізгі атрибуттарының стилі мен дизайнын жасау(жалау, таңба және басқа); жарнамалық, ақпараттық кәдесый өнемідерін шығару; үштілдік интернет жүйесін құру.

3. Жарнамалық құралдар: жарнамалар арқылы өңір туралы ақпараттар жеткізу; баспаға(газет, журнал, кітапшалар) жарнама беру; әлеуметтік желілерге жарнама беру; теледидар жарнамасы; ойындық жарнамалар.

4. PR-құралдар: аймақ жетекшісі туралы позитивті имидж қалыптастыру; аймақпен байланысты танымал тұлғаларды өзектендіру; арнайы мерекелер ұйымдастыру; республикалық және халықаралық деңгейге шығу(көрмелерге, фестивальдерге қатысу); басқа аймақтармен ынтымақтастық құру, бірлескен іс- шаралар ұйымдастыру, жобалар жасау.

Сонымен қатар, мәдени индустрияға, ғылыми, технологиялық инновацияға, сапалы білімге, көркем өнерге, салауатты өмір салтын қолдауға стратегиялық үлес қосу және қаржыландыру.

Әрине, брендинг технологиялары шынайы үдерістерді алмастыра алмайды, бірақ олар қоғамның біртұтастығын нығайтуға, белсенділікті арттыруға және алға қойылған жоспарлардың орындалу мерзімін жеделдетуге көмектеседі.

Сонымен бірге, аймақтық мәдени брендингті мақсатты жүзеге асыру үшін брендингтің үш сценарийін ұсынамыз: «келешегі бар», «баламалы», «дәстүрлік». Бұл үшеуін жүзеге асыру барысында аймақтың мәдени әлеуеті бірінші орынға қойылады, аймақтық және ұлттық бірегейлік бекітіледі.

Аймақтың туристік тартымдылығын қалыптастырудағы брендингтің рөлі

Роль брендинга в формировании туристической притяженности региона

Role of branding in the formation of tourist attractiveness of the region

Андатпа: Брендінг - бұл брендті брендке айналдырудың жетекші процесі. Брендінг құралдары жүйесін қалыптастыру бойынша зерттеу жұмыстары барысында тауар белгісі салалық экономика тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық категория болып табылады деген қорытындыға келді. Мақалада қазіргі қоғамға айтарлықтай әсер ететін әлеуметтік-экономикалық категория ретінде брендінг.

Аннотация: Брендінг представляет собой управляемый процесс трансформации торговой марки в бренд. В процессе исследовательской работы по формированию системы инструментов брендінга торговой марки автор пришел к выводу, что данная отрасль знаний в настоящее время представляет собой не только экономическую, а уже социально-экономическую категорию. В статье брендінг рассматривается как социальноэкономическая категория, оказывающая значительное влияние на современное общество.

Abstract: Branding is the guided process of transforming a brand into a brand. In the process of research work on the formation of a system of branding tools, the trademark came to the conclusion that the sectoral economy is not only an economic, but already a socio-economic category. In the article, branding as a socio-economic category that has a significant impact on modern society.

Кілт сөздер: сауда маркасы, бренд, брендінг құралдарының жүйесі, брендтің сәйкестігі, брендтің архитектурасы, брендтің коммуникациялық бағдарламасы

Ключевые слова: торговая марка, бренд, система инструментов брендінга, идентичность бренда, архитектура бренда, программа коммуникаций бренда

Keywords: trade mark, brand, system of branding instruments, brand identity, brand architecture, brand communications program

Әдебиеттер тізімі:

1. Годин, А.М. Брендінг: Учебное пособие / А.М. Годин. - М.: Дашков и К, 2016. - 184 с.
2. Данилова, В. Self-брендінг, или Маркетинг индивидуальности / В. Данилова. - Рн/Д: Феникс, 2017. - 512 с.
3. Домнин, В.Н. Брендінг: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / В.Н. Домнин. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 313 с.
4. Идрис, М. Брендінг за 60 минут / М. Идрис. - М.: Эксмо, 2016. - 256с.

5. Карпова, С.В. Брендинг: Учебник и практикум для прикладного бакалавриата / С.В. Карпова, И.К. Захаренко. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 439с.
6. Мужичкая, Т. Измени жизнь, оставаясь собой: Личный ребрендинг / Т.Мужичкая. - М.: Альпина Паблишер, 2015. - 251 с.
7. Музыкант, В.Л. Брендинг: Управление брендом: Учебное пособие / В.Л. Музыкант. - М.: Риор, 2018. - 256 с.
8. Рожков, И.Я. Брендинг: Учебник / И.Я. Рожков. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 331 с.
9. Секстон, Д. Университет Трампа. Брендинг 101 / Д. Секстон. - Мн.: Попурри, 2015. - 96 с.
10. Чернышева, А.М. Брендинг: Учебник для бакалавров / А.М. Чернышева, Т.Н. Якубова. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 504 с.
11. Шарков, Ф.И. Интегрированные коммуникации: реклама, публик рилейшнз, брендинг: Учебное пособие / Ф.И. Шарков. - М.: Дашков и К, 2016. - 324 с.

ҒТАМР 87.01.21

Қызылорда облысының ландшафттық-экологиялық жағдайы және қоршаған ортасына антропогендік факторлардың әсері

Алмат Арайлым

КД-20-1 оқу тобының студенті,

Далдабаева Гульнур Торехановна

техника ғылымдарының кандидаты,

«Су шаруашылығы және жерге орналастыру»

кафедрасы

Адамның өндірістік, оның ішінде ауыл шаруашылықтық қызметі тұтас табиғи құрылымдардың — ландшафттардың ішінде жүзеге асырылады. Ландшафт — өзара әрекеттесетін табиғи немесе табиғи және антропогендік құрамдас бөліктерден және төменірек дәрежедегі кешендерден тұратын аумақтық жүйе, табиғатты қорғаудың барынша жалпы тұтас нысаны.

Қоршаған ортаның ластануы деп қандай да бір экологиялық жүйеге тән емес, оның өнімділігін төмендететін немесе аталған экожүйені бұзатын кез-келген жанды немесе жансыз құрамдас бөліктерді, зат немесе энергия алмасу, айналым үдерістерін үзетін немесе бұзатын физикалық немесе құрылымдық өзгерістерді енгізуді атайды. Ластану көбінесе табиғи апаттардан, мысалы, жаңартау атқылауынан болатын табиғи ластануға және

адамның іс-қимылының нәтижесінде болатын антропогендік ластануға бөлінеді. Антропогендік ластаушылар материалдық (шаң, газ, күл және т.б.) және физикалық немесе энергетикалық болып бөлінеді. Материалдық ластаушылар механикалық, химиялық, биологиялық түрлерге бөлінеді. Оларға атмосферадағы шаң және аэрозольдер, судағы және топырақтағы қатты бөлшектер жатады. Химиялық ластаушылар атмосфераға, гидросфераға сырттан келетін және қоршаған ортамен әрекеттесетін газ, сұйық және қатты агрегаттық жағдайлардағы әртүрлі химиялық қоспалар мен элементтер — қышқылдар, сілтілер, күкірттің қос тотығы, эмульсиялар болып табылады. Биологиялық ластаушыларға — саңырауқұлақтар, бактериялар, көк-жасыл балдырлар және т.б. жатады. Бұрынғы заманнан бері, Сырдария өзенінің арнасы Орта Азиядағы және Қазақстандағы жерді пайдалану мәдениетінің орталығы болған. Кейін мұнда Оңтүстік Қазақстан аймағында орналасқан ірі қалалардың бірі — Қызылорда бой көтерді. Арал теңізінің тартылуына байланысты, Қызылорда облысы апатты экологиялық аймаққа айналды. Осыған орай қоршаған ортаны қорғауға байланысты, халық тығыз орналасқан аймақтарда ғылыми зерттелген ақпараттар жүйесі қажет болды [1].

Қызылорда облысының территориясы 2 аймаққа бөлінеді: а) экологиялық апат аймағы, оған екі әкімшілік аудан кіреді (Арал және Қазалы); б) экологиялық дағдарыс аймағы, оған Қызылорда қаласы және 5 әкімшілік аудандар — Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Қармақшы, Жаңақорған, кіреді. Экологиялық апатты Арал теңізінің құрғаған табанынан облысты ауа арқылы ластайды. Спутниктен космостық түсірісті қарағанда жерде шаң-тозаң байқалады. Ал ол шаң-тозаң Арал теңізінің түбінен ұшып Қызылорда облысына бағытталып, космостық түсірістен қарағанда тұзды шаң 200-300 км аумаққа дейін жетіп жатыр. Негізінен Арал теңізінің тартылуы Қызылорда облысының экологиялық жағдайын нашарлатып негізгі факторға айналып отыр. Экологиялық қауіпті факторлардың бірі Байқоңыр ғарыш алаңы болып табылады. Ол Қызылордадан 200км қашықтықта орналасқан. Оның атмосфералық аэрозольдері жел арқылы қоршаған ортаға және қалаға үлкен әсерін тигізіп жатыр. Қызылорданың экологиялық жағдайында айтылған факторлар үлкен рөл атқарады. Қызылорда облысының қоршаған ортаның экологиялық өзгерістеріне баға беру үшін, экологиялық компоненттерді бөлек қарастыру керек.

Қызылорда облысының топырағы жел және су эрозиясына ұшыраған. Топырақ қабатының бұзылуы әр түрлі формаларда болады: жер қыртысының сумен шайылып кетуі, жыралардың пайда болуы, топырақты желдің болуы. Облыс аумағындағы топырақтар түрлі фактордың әсеріне байланысты шыдамдылығы дефляциялық-қауіпті болып келеді. Көбінесе топырақ жамылғысының бұзылуына адамның шаруашылық әрекеті әсер етеді. Топырақ жамылғысының құрамындағы өзгерістер суарудың дамуы арқылы

пайда болды. Қатты тұзданған өзен суы бірнеше жылдың ішінде тұздалмаған топырақты тұзданған топыраққа айналдыра алады, өйткені әрбір суарылған гектарға орта есеппен жылына 21,7-41,7 т тұз түсіп тұрады. Осы жағдайға қарап отырып, өзен суы экологиялық - мелиоративтік апаттың бірі болып тұр деп сенімді айтуға болады. Су коллектор арқылы жергілікті жерге жоспарсыз құйылып жатады. Ол суды вегетация кезеңінде қала аумағында лайлы су мен көлшік түрінде байқауға болады. Бұл жердің батпақтануына, тұздануына, сор топырақтың пайда болуына және қоршаған ортаның ластануына әкеп соқтырады. Топырақ жамылғысындағы өзгерістер сортаң жердің пайда болуын туғызады. Қаланың қатты тұзданған топырағы 13,8 пайызын құрайды, ал өте қатты тұзданған топырағы 16,6 пайызын құрайды. Тұзданған топырақтың мелиоративтік жағдайын жақсарту үшін тұзданған жерді шаю керек [3].

Өсімдік — ландшафттың динамикалық компоненттерінің бірі болып табылады. Қызылорда қаласында өсімдіктер өзгерістерге ұшырап отыр, ол қаладағы инженерлік құрылыспен, жолмен, халықтың өсуімен және тұрғылықты жердің нашарлауымен байланысты. Өсімдіктердің жойылуының әсерінен қалада ауаның температурасы жоғарылайды, атмосфераның ластануы күшейеді, топырақ эрозияға ұшырайды және басқа да экологиялық қиындықтар туындайды.

Қызылорда облысындағы қазіргі заманғы ландшафтының қасиеттері кестеде көрсетілген:

Қызылорда облысының ландшафтысы

Түр	Түр ішінде	Класс	Класс ішінде	Түр	Ландшафт
Тұран шөлінің қоңыржай белдеуі	Орташа шөлдер	жазықтық	өзгермейтін жазықтық	Тегіс аллювиалды жазықтық. Ірі, шалғынды дақылдарымен сортаң және сор топырақта	Қызылорда қаласының қазіргі заманғы арнасы Сырдария өзенінің шалғынды, шалғынды-шөлейтті, сортаң, сор топырағы

Антропогендік әсер ету деңгейіне байланысты ландшафтарды А.В.Чигаркин 1974 жылы төмендегідей топтарға бөлді:

➤ Табиғи күйіне жақын ландшафтар: Арал және Каспий теңіздерінің суының қайтуынан жаңадан пайда болған теңіз жағалауында қалыптасқан сорлар және сортаңдар;

➤ Өсімдік жамылғысында ғана өзгерістер байқалатын кешендер: бүгінгі таңда техногендік әсер байқалмайтын, тек мал шаруашығы жақсы дамыған аймақтарда кездеседі;

➤ Өсімдігі мен топырақ жамылғысында өзгеріс байқалатын ландшафтар: оған темір жолдар мен автомобиль жолдары, мұнай мен газ құбырлары жақсы дамыған аймақтар жатады;

➤ Рельефі өсімдігі мен топырақ жамылғысында қатты өзгерістер байқалатын ландшафтар: Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан аймақтардағы өнеркәсіп орталықтары мен малды шамадан тыс жаю салдарынан пайда болған, қатты өзгерістерге ұшырған ландшафтар;

➤ Белгілі бір мақсатқа байланысты жақсарту бағытында өзгерілген ландшафтар: олар шөл зонасы, өзен аңғарларындағы егіндіктік игерілген массивтер. Биогендік және гидроклиматогендік компоненттердің түпкілікті өзгеруі;

➤ Көптеген табиғи компоненттері өзгерген табиғи ландшафтардың орнында пайда болған жасанды мәдени ландшафтар: оған ірі қалалар мен елді мекендердегі антропогендік ландшафтар жатады.

Антропогендік факторлардың әсері

1) Ашылған (өсімдіксіз ашық жер) карьерлі-үйінді жер. Бұл жаңадан пайда болған, өсімдіксіз үйінділер және биологиялық игеруге токсикантты аз пайдаланатын немесе тіпті пайдаланбайтын жерлер. Бұл рельеф үйінділерінің әр түрлі уақытына байланысты, төбешікті және толқынды жер бетімен ерекшеленеді. Мысалы Құмкөл мұнай өндірісі, Шалқия кен орындарының маңындағы аймақтарда кездеседі. Көлемдері 10 метрден асады.

2) Терриконниктер – жер астындағы пайдалы қазбаларды өңдеу кезінде пайда болатын биік, дөңесті үйінділер. Терриконниктер кейде бір ландшафтың бүкіл ауданын алып жатады. Мысалы, Украинадағы Донбасста террикондар саны 800-ден астам, биіктігі-30-35 метр, кейде 90 метрге дейін жетеді. Облыс аумағында Шиелі ауданында орналасқан уран өндіріс аймағында, Қаратаудың батыс сілемдерінде кездеседі.

Ауа бассейнін ластаушы негізгі факторлар

Магистральды жолдарда өткізілген құрылыс жұмыстарының өсімдік жамылғысына тура әсері: бұл ластандырушы улы, радиоактивті заттарды бөліп шығаруы, орман ағаштары мен өсімдіктің жойылуы. Жанамалы әсерден орманның сандық және сапалық өзгерісі, түрлік құрамы азаяды. Негізінен барлық көлік түрлерінің ішінде әсіресе, ауа бассейнін ластайтын – автомобиль көлігі. Көліктен қоршаған ортаға 70 % көміртек тотығы, 30 % азот тотығы, және 90 % жуық қорғасын таралады. Милionдаған шақырымға созылып жатқан көліктің осы барлық түрінің тура (ауа бассейнінің, жер асты және жер беті суларының ластануы, у-шумен ластану, өзен, теңіз жағалауының шайылуы) және антропогендік салмақтың басқа түрлерін қарқындатушы фактор ретінде жанамалы әсері зор.

Антропогендік факторлардың әсерінен Қызылорда облысының басты су айдыны Сырдария өзені ластанып, суы құрғауда. Арал теңізінің суы тартылу нәтижесінде теңіз бойындағы тұздар топырақты зақымдап, жер

эрозиясына ұшырауда. Өзен суының құрамында соңғы зерттеулер нәтижесі бойынша хлордың көп екендігі байқалуда. Бұл адам қанын қоюлатады, яғни бұл адам денсаулығына зиянды екені анық. Соның әсерінен егістік жерлер жарамсыз болып, Қызылорда экологиялық апаттық аймаққа айналуда

Қорытынды

Қызылорданың экожүйесінің табиғи ортаның барлық бөлшектеріне, экологиялық жағдайына антропогендік әсері қай жағынан болса да көрініп тұрады. Антропогендік әсердің негізгі көрінісі:

- қаланың микроклиматында құруда ауа-райы өзгерістердің байқалуы;
- топырақтың физика-химиялық құрылымы бұзылуда, соның нәтижесінде топырақ тұзданды;
- Сырдария өзені суының гидрологиялық және гидрохимиялық режимі бұзылды;
- биотикалық орта өзгеріске ұшырады. Қызылорда қаласы аумағында түгелімен алғашқы табиғи өсімдіктер жойылып кетті, табиғи биотиптер өзгерді, мәдени ландшафттарда жаңа жануарлар әлемі пайда болды;
- экзогендік процесстер қатарының белсенділігі артты, соның ішінде аурулар, дефляция және т.б.;
- қаланың аумағында антропогендік әсердің нәтижесінде табиғи аумақтық комплекстің жаңа антропогендік модификациясы пайда болды.

Ұсыныс

Жергілікті жердің жер қорын пайдалануын заңдастырса және табиғат қорғау шараларына есеп беріп отыруын талап етсе.

Қоршаған ортаға мейлінше пайдалы жағын қарастыруымыз қажет. Жыл өткен сайын технологиялар да дамып жақсы нәтиже көрсетуде, әйтседе табиғатқа әкеп соғар зияны да жетерлік.

Пайдалы қазбаларды қазып алу жер қыртысын қатты бүлдіреді, жыл өткен сайын пайдалы кен қоры азаяды, құнары нашарлайды. Осыдан келіп пайдалы қазбаларды қазып алу және өңдеу көлемін арттырады, осыдан қалдық көлемі де өседі. Бұл мәселені шешу үшін табиғи заттарды тиімді пайдалану, оларды жасанды түрлерімен алмастыру қажет болуы мүмкін.

Ал қала ішінде көліктерден шығатын түтіндерге арнайы қорғайтын тор секілді тазартқыш құралдармен бекітілудің күрделі түрлері ойлап табылса екен, немесе, қазіргі жастарымыз көлікті велосипедпен алмастарса екен, есесіне денсаулыққа да жақсы әсері көп.

Қазақстандағы әр отбасы өз ауласына кемдегенде 5-6 көшеттен отырғызса, экономикамыздың жақсаруына өз үлестерін қосқан болар еді. Қала ішінде де, көшелерге, саябақтарға адамдардың жаяу серуендейтін барлық жерлерге тал отырғызылса, біріншіден ауамыз тазарады, екіншіден әдемі көрініс берер еді.

Дүниежүзілік су форумында жақын болашақта әлем су дағдарысына ұшырамас үшін өзекті болып табылады және Қазақстан үшін Су шаруашылығы саясаты қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс ұзақ мерзімді мақсаттары жариялаған мемлекет-2030 «Стратегиясын сақтау және су ресурстарын тиімді пайдалану үшін денсаулық және азаматтардың әл-ауқаты маңызды. Негізгі басымдықтары мақсатқа қол жеткізу үшін талаптарын қанағаттандыруға одан әрі дамыту бойынша экономиканың түрлі салаларын, жекелеген өңірлер мен кешендерді; ұтымды және ұқыпты пайдалану және қорғау, су ресурстарын қамтамасыз ету; Дегенмен суды үнемдеу технологиясына көшу керек.

Андатпа

Мақалада Қызылорда облысының агроландшафтысы және қоршаған ортаға антропогендік факторлардың әсері қарастырылған. Қызылорда облысының экологиялық мәселелері аумақтың ландшафтысымен анықталады. Ландшафт — Қызылорда облысында қоршаған ортаны қорғаудың тәсілдері мен әдістері арқылы анықталады. Соңғы жүз жылдықта ландшафт құрылымында түрлі өзгерістер пайда болған.

Аннотация

В статье рассматривается агроландшафт Кызылординской области и влияние антропогенных факторов на окружающую среду. Экологические проблемы Кызылординской области определяются ландшафтом территории. Ландшафт-определяется способами и методами охраны окружающей среды в Кызылординской области. За последнее столетие в структуре ландшафта произошли различные изменения.

Abstract

The article examines the agro-landscape of the Kyzylorda region and the impact of anthropogenic factors on the environment. Environmental problems of the Kyzylorda region are determined by the landscape of the territory. Landscape is determined by the methods and methods of environmental protection in the Kyzylorda region. Over the last century, various changes have taken place in the structure of the landscape.

Қызылорда облысының ландшафттық-экологиялық жағдайы және қоршаған ортасына антропогендік факторлардың әсері.

Ландшафтно-экологическая ситуация и влияние антропогенных факторов на окружающую среду Кызылординской области.

Landscape and ecological situation and the impact of anthropogenic factors on the environment of the Kyzylorda region.

Кілт сөздер: ландшафт, антропогендік факторлар, қоршаған орта, эрозия

Ключевые слова: ландшафт, антропогенные факторы, окружающая среда, эрозия

Keywords: landscape, anthropogenic factors, environment, erosion

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баймолдаева А.Т. Ландшафтно-экологическое состояние окружающей среды г.Кызылорда и задачи охраны природы Алматы, 2002
2. Положение о Кызылординской специальной экономической зоне №3123
3. Облыстық Қызылорда табиғатты қорғау орталығының 2017, 2018, 2019, 2020 жылдық есептері
4. Географический энциклопедический словарь. Понятия и термины.

ҒТАМР 27.01.29

Графиктерді анимациялау тәсілдері

Алмат А.Б.
КД-20-1оқу тобының студенті
Смаханова А.Қ.
оқытушысы, м.ғ.м

Кілт сөздер: график, декарттық, полярлық координаттар жүйесі, функция.

Аңдатпа

Maple жүйесінде математикалық графиканың әр түрлі варианттарын іске асыруға болады. Мұнда декарттық координаттар жүйесінде немесе полярлық координаттар жүйесінде сызылатын қарапайым функциялардың графиктерінен бастап ең күрделі, әртүрлі фигуралардың қиылысуы нәтижесінде келіп шығатын графиктерді де сызуға болады. Сонымен бірге әр түрлі тендеулерді шешудің графиктік тәсілі де көрсетіледі.

Аннотация

В системе Maple можно реализовать различные варианты математической графики. Здесь, начиная с графиков элементарных функций, которые вычерчиваются в декартовой системе координат или полярной системе координат, можно также вычерчивать графики, которые возникают в результате пересечения самых сложных, различных фигур. При этом указывается и графический способ решения различных уравнений.

Annotation

In the Maple system, you can implement various variants of mathematical graphics. Here, starting with the graphs of elementary functions that are drawn in the Cartesian coordinate system or the polar coordinate system, you can also draw graphs that arise as a result of the intersection of the most complex, different

shapes. At the same time, a graphical method for solving various equations is also indicated.

Қазіргі күндері білім беру саласы мен ғылыми - зерттеу жұмыстарында туындайтын математикалық есептерді шешіп - зерттеуге компьютерлік математиканың бағдарламалық жүйелері кеңінен қолданылуда. Соңғы жылдары қалыптасқан компьютерлік математика жаңа ғылыми бағыт ретінде компьютердің көмегімен математикалық есептеулерді визуализация жасап диалогтық режимде орындайтын теориялық, әдістемелік, ақпараттық және бағдарламалық құралдардың жүйесі ретінде анықталады. Бұл саладың құрамындағы Excel, MathCAD, MATLAB, MuPAD, Derive, Mathematika, Eureka, Maple және т.б. жүйелер жетіле келе математиканың дербес ақпараттық технологиялық аппаратын құрап, көптеген есептердің үйреншікті аналитикалық жолдан тезірек, аз уақыттың ішінде жеткілікті дәлдікпен шешімдерін алуға мүмкіндік беруде. Есептеу математикасы мен экономиканың қуатты жабдығы ретінде құрылған Excel жүйесінде рационал, тригонометриялық, логарифмдік, дәрежелі өрнектердің сандық мәнін есептеп табуға, бөлшек – рационал, иррационал, логарифмдік және көрсеткіштік теңдеулерді, көп белгісізді сызықтық не сызықтық емес теңдеулердің жүйелерін шешуге болады. Maple компьютерлік бағдарламасында алгебралық, тригонометриялық, логарифмдік және көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың түрлі жүйелерін шешудің автоматтандырылған жүйесі жасалған. Бағдарламалық Maple жүйесін математика есептерін шешуге қолдану барысында оқушылардың іс - әрекетке ынта - ықыласы арта түсетіні, бұл бағдарламалық жүйені білім алушының білімін бақылауға қолдану мүмкіндігінің жоғары екендігі, ҰБТ – ге дайындық барысында бұл жүйені оқушы - талапкер өзін – өзі бақылау құралы ретінде қолдана алатындығы және бұл жүйеде геометриялық күрделі кеңістіктік бейнелерді (денелерді) салу және оларды қозғалысқа (анимациялау) түсіру әлдеқайда жеңілдейтіндігі анықталды.

Maple-дің негізгі символдық күші жүйенің ядросы болып табылады. Ол жүздеген базалық функциялар мен алгоритмдерді қамтиды. Сонымен қатар онда операторлар, командалар және функциялардың негізгі кітапханасы сақталған. Maple жүйесінде математикалық графиканың әр түрлі варианттарын іске асыруға болады. Мұнда декарттық координаттар жүйесінде немесе полярлық координаттар жүйесінде сызылатын қарапайым функциялардың графиктерінен бастап ең күрделі, әртүрлі фигуралардың қиылысуы нәтижесінде келіп шығатын графиктерді де сызуға болады. Сонымен бірге әр түрлі теңдеулерді шешудің графиктік тәсілі де көрсетіледі.

Графиктерді анимациялау техникасы

Екі өлшемді графиктер анимациясы

Графиктік бейнелерді визуалдауда және әр түрлі объектілердің қозғалыс нәтижелерін модельдеуде сол ортаны «қозғалту»(анимация) қасиеті қажет болады. *plots* пакетінде анимацияланған графиктерді тұрғызуға арналған функциялар бар. Соның бірін алсақ, *animatecurve(F, r, ...)*


Бұл функция графиктің жай тұрғызылуын бақылауға мүмкіндік береді. Айтылған функцияны шақырғанда графиктің бос шаблонды құрылады. Егер шаблонды тышқанмен қоссақ, онда бас менюде *Animation* жолы пайда болады. Ол арқылы графикті қозғалысқа келтіреміз.

Мынадай есептерді қарастырайық:

ЕСЕП 1. $y = \frac{\sin x}{x}$ функциясының графигін анимациялайық, яғни

$y = \frac{\sin x}{ix}$ функциясы графигінің анимацияланған түрін көрсетейік.


```
> with(plots, animate, display):  
> a := plots[animate](sin(i * x)/(i * x), x = -Pi..Pi, i = -1..3):  
> b := plot(sin(x), x = -Pi..Pi):  
> plots[display]({a, b});
```



Сурет 1


Енді үш өлшемді фигураның графигінің анимациясын салайық.

ЕСЕП 2. $z = \frac{\cos(t \cdot x \cdot y)}{3}$ функциясы графигінің анимациялайық, яғни




Келесі $\text{plot3d}(f, g, x=a..b, y=c..d)$ конструкциясы бір координаталар жүйесінде екі бетті салуға мүмкіндік береді.

ЕСЕП 3. $z=1+x+y$ және $z=1+x-y$ жазықтықтарын бір координаталар жүйесіне салайық.



Бұған қоса тағы да екі функцияның, $z = 2\sin(xy)+1$ және $z = x^2+2y^2-6$ функцияларының графиктерін бір координаталар жүйесінде салып көрсетейік:




Жазықтықта геометриялық салулар жүргізу кеңістікте қисықтарды салумен пара-пар.

Жазықтық пен кеңістікте геометриялық салуларды жүргізу үшін `plot3d` операторы пайдаланылады.

`plot3d(f, x=a..b, y=c..d)`

`plot3d(f, x=a..b, y=c..d, o)`

мұндағы f – функция немесе функция өрнегі, $x=a..b$ – функцияның x тәуелсіз айнымалысы бойынша аралығы, $y=c..d$ – функцияның y тәуелді айнымалысы бойынша аралығы (міндетті емес параметр), o – параметр немесе график салудың стилін анықтайтын параметр



Айталық, $z=x^2 - y^2$ өрнегімен берілген гиперболалық параболоидты салу керек болсын. Бұл геометриялық салуды жүргізу үшін операторды шақырып, ондағы параметрлерді толтырамыз.

Бұл график кескіні «жеткіліксіз» бейнеленген, онда координаталар осьтері жоқ, сондықтан график нашар көрінеді. Тышқанды графиктің үстіне апарып, оң түймесін шертіп, контекстті менюдегі *Axes*(осьтер) қатарынан *Normal*(әдеттегі) қатарын таңдасақ, онда координаталар осьтері пайда болады. Сонымен қоса, графикті түрлі-түсті бояумен боялған түрінде де көрсетуге болады. Контекстік менюдің көмегімен жалпы, график салу барысында операторды шақырып, онда енгізілмеген параметрлерді көрсетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қонысұлы А. 1-ретті СДТ-лер және олардың қолданулары.- Қызылорда: ҚМУ, 2001- 80 б.
2. Дьяконов В.П. Maple 9.5/10 в математике, физике и образовании.- М.,2006-720 с.
- 3.Дьяконов В.П. Maple 7.Учебный курс. - СПб.:Питер,2002

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

Алтынбаева Аружан Батырбекқызы
6B01303 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Бекмурзаева Райхан Аймаганбетқызы

«Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» - тақырыбының аясында оқытушының функционалдық сауаттылығын оқу үдерісінде қалыптастыру мен оны сабақта қоданудың тиімділігі туралы ақпараттар қамтылған. Оқытушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері берілген.

«Формирование функциональной грамотности учеников начальных классов» - содержит информацию об эффективности формирования функциональной грамотности в процессе обучения и ее применении на уроках. Приведены действенные методы формирования функциональной грамотности учителя в процессе урока.

"Formation of functional literacy of primary school" - contains information on the effectiveness of the formation of functional literacy in the learning process

and its application in the classroom. The effective methods of forming the functional literacy of the teacher in the course of the lesson are given.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясында: «Балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақты функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болу үшін бұл аса маңызды». Қазақстандық мектептерді жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен оқытушының функционалдық сауаттылығын оқу үдерісінде қалыптастыру мен оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс екендігін анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте білім беруді дамытуға негіз болады. Мектептің әр деңгейінде оқыту мен тәрбие берудің мақсаты, білім мазмұнын іріктеу ұстанымдары, сондай-ақ, оқушылардың дайындық сапасын бағалау тәсілдері нақтыланды. Бүгінгі таңда мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заманағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.[1]

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық- адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық

сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиеттің қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – бастауыш сынып пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, *тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету* – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.[1]

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Н. Назарбаев: «Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деген.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап,

ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді деген қағидамен,өзім оқып, үйреніп, тәжірибеде пайдаланып келе жатқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор деген тұжырымға келдім.

Диалогтық интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.Осы мақсатта төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

- Екі таяқша әдісі
- Төрт сөйлем әдісі
- Тұжырым кестесі
- Эйлер шеңбері

Мысал ретінде 3 сынып оқулығынан үш автордың ұқсас мәтіні алынады.Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлерді табу, іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару. Үш мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз.

Яғни біз аталған мақсат, міндеттерімізді, Ел басымыздың алдымызға қойылған заман талабын орындауда өзіміздің бір үлесімізді қосамыз деген ойдамыз. Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда студенттер келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді оқыту барысында тіл үйренушілер белсенді болуы, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- Бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- Рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,

- Ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- Презентациялар,
- Тренингтер,
- Интервью,
- сауалнама т.б.

Өз сабағымды Блум таксаномиясы негізінде және «Дамыта оқыту» технологиясының элементтерін пайдалана отырып құрастыру үлгісін назарларыңызға ұсынғалы отырмын. Себебі, Блум таксаномиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.[3]

«Қазақ тілі» пәні

Сөйлеу қызметінің барлық түрлерін меңгерген сауатты жазу және оқу дағдылары жетілген, шығармашылық қабілеттері мен тілдесімдік дағдылары дамыған, алған тілдік білімдерін ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерінде қолдана білетін жеке тұлға қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Оқушылардың өз ана тілі – қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту арқылы тілдің күдіретін, эстетикалық құндылығын сезіндіру арқылы қазақтың ұлттық мәдениетімен туралы білім алады.

Тілдік ұғымдар арқылы оқушыларды өзін тілді иеленуші тілдік тұлға ретінде қалыптасады. Ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады. Тілдік материалдар негізінде қажетті тілдік білім, білік, (дұрыс, түсініп, мәнерлеп оқу және сауатты, көркем жазу) дағдылары қалыптасып, дамиды. Алғашқы тілдік құбылыстарды танымдық нысан ретінде меңгеріп, оларды талдау, салыстыру, топтау және ажырату сауаттылықтары қалыптасады. Сонымен қоса оқулықпен, сөздіктермен, уақытты жоспарлау, жазба жұмыстарда қате табу, оқу әрекетінің нәтижесін ауызша бағалау дағдылары қалыптасады. Оқушының өзіндік іс-әрекеті арқылы оның белсенді, креативтік, сыни ойлауын жетілдіру.

«Әдебиеттік оқу» пәні

Мәтінді дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгеруі, шығарма авторының көзқарасын түсіну, мәтінді оқырман ретінде қабылдауға тәрбиеленеді, көркем-шығармашылық қабілеттері дамиды. Сөз өнеріне деген қызығушылық, тілдік эстетикалық талғамы қалыптасады. Сөйлеу әрекетінің түрлері жетіліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен руханиадамгершілікке тәрбиеленеді. Мәтінді оқу сапасы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп дағдысы қалыптасады. Ауыз әдебиетінің жанрлары, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысады. Ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары туралы, басты тақырыбы, басты кейіпкерлері және негізгі мазмұны жайлы түсінік қалыптасады. Мәтінді талдап, жанрлық сипаты туралы түсінік қалыптасады. Шығарма сюжеті ізімен немесе еркін тақырыпта әртүрлі әдеби

шығармашылық жұмыс түрлері: өлеңді мәнерлеп оқу, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге сценарий жазу т.б. орындау машықтары қалыптасады. 2-4-сыныптарда әдеби функционалдық сауаттылығы «Ауыз әдебиеті үлгілері», «Жазба балалар әдебиеті үлгілері», «Әдеби-теориялық білім», «Мәтінмен жұмыс», «Оқу дағдысы», әдеби тілде еркін сөйлеу бағытында қалыптасады. Сонымен қоса оқырмандық мәдениеті, кітапханада жұмыс істей алу, кітапдүкендерінде қажет кітапты таңдай алу дағдысы, ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқу, білім сайыстарына қатысу, өз ойын анық нақты баяндау білігі мен функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда келесі пәндік және функционалдық сауаттылық қалыптасуы тиіс.

1) ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігін;

2) қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графикалық дағдыларын;

3) ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасын;

4) математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, қатаңдығын;

5) дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін;

6) математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін;

7) жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігін;


8) өзін-өзі бақылау жүзеге асыруды;

9) өз іс әрекетін бағалауды;

10) оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін қолдана білуі қажет.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз - мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады.

Тақырыбы: «Өнер білім бар жұрттар» Ы. Алтынсарин
«Балық сүйегі»



	Оқу тапсырмасы
Білу	Ы. Алтынсарин туралы не білетініңді балық сүйегіне жаз. Өлеңді мәнерлеп оқып шық.
Түсіну	Сарай, арба сөздеріне сипаттаманы балық сүйегіне жаз.
Қолдану	Кәзіргі уақыттағы көлік түрлерін балық сүйегіне жаз.
Талдау	Айшылық алыс жерлер, көзді ашып жұмғанша сөйлем құра
Жинақтау	Өнер, білім жайлы мақал жаз
Бағалау	Өлеңді кәзіргі өмірмен салыстыр, дәлелде.

С. Торайғыров «Туған еліме»

Біліктілігі	Оқушы іс-әрекеті
Білу	Зат есім дегеніміз не?
Түсіну	Жұмбақты оқып шешуін тап. Шешуіне қатысты екі сөйлем құра. Сызбаға зат есім жайлы білгенінді жаз
Қолдану	Ребусты шешіп, шешуіндегі сөзге әңгіме құра
Талдау	Мәтінді көшіріп жаз. Зат есімді тап, жалқы, жалпы зат есімдерді ажырат.
Жинақтауы	Артық сөзді тап. Кітап, дәптер, қайшы, сотка
Бағалауы	Шағын эссе жаз Сенің атын кім? Сенің сүйікті жануарын бар ма? Ол үшін не істей алатындығыңды ойландың ба? Жануарларды қорғауға сенің тигізер үлесің қандай?

Мысалы 1 «Бес жолды өлең»

Кім? Әже

Қандай? Қамқоршы, нәзік

Не істейді? Мәпелейді, аялайды, тәрбиелейді

Түйін Мені әжем мәпелеп өсіреді.

Синоним Адам

Білім мен тәжірибе ұштастыра отырып төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткіздім.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- Белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу
- өмір бойы білім алуға дайын тұру.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді.

Функционалдық сауаттылықты түсінудің басқа да жолдары бар: адамның жақсылық пен тілектестік рухында тәрбиеленуі үшін қарым-қатынас мәдениетін, жеке кәсіби дайындығын, кәсіби технологиялық дайындығын қамтамасыз етеді.

СТО-сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданылған стратегиялардың қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы стратегияларды білімді меңгерудің әртүрлі кезеңінде қолдануға болатын тәжірибе көрсетті.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды» дамыту бағдарламасы- ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, толғанып жүрген мәселелерді шешуге бағыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын сәуле екеніне көзіміз жетті.

Әр оқушыда өзін-өзі дамыта, жетілдіре, бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету дамытудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін, мына шараларды білу қажет:

- Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
- Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
- Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.

Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. сын тұрғысынан ойлауды бағалау. Ал оқушыларға байланысты: сенімділікпен жұмыс істеу; бар ынтасымен оқуға берілу;

пікірлерді талдау, құрметтеу.Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?

Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті? – деген сауалдар төңірегінде ойлануға үйренеді.Сонымен қатар оқушылардың ой- өрісі, ізденімпаздығы, шығармашылық қабілеттері дамиды. Әсіресе, оқушылардың белсенділігі артады. Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әртүрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауабын соңына дейін тыңдау; жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді *ұйымдастыра білуі қажет*. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. *алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек*. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, , ронологиялық кестелері болуға тиіс. *Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс*. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге қыса әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады. Озат мұғалімдер тәжірибелерінен толығып оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы, кеңейіп, байып отырады. *Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады.*[2]

Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерінеорай таңдап,тәжірибеден сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру

саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында көнеден келе жатқан «Қыран-түлегіне қайтпас канат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», -деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан тұлғаны қалыптастыруда Елбасының биылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» жолдауын басты ұрандай ұстансақ артық болмас, өйткені болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын біз назарда ұстауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Махметова.А., Жаңа оқыту технологияларының білім сапасын арттырудағы рөлі.№ 2,2016
2. Ұстаз №1 2013ж «Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерарқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру» Батыркаирова А.
3. Бастауыш сынып №10 2013ж «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын ана тілісабақтарында пайдаланып оқушылардың шығармашылығын арттыру» Ә.Рысбаева

Трансферт технологий в строительстве в условиях внедрения инноваций

Альжанова Акерке Қайратқызы
студентка группы УиА-19-2
Ахметова Айгуль Асамуратовна
к. э. н., доцент

Строительство является одной из важных отраслей отечественной экономики. Состояние этой отрасли во многом определяет уровень развития общества и его производственных сил. Эта отрасль призвана осуществлять обновление на современной технической основе производственных фондов, развитие, реконструкцию, совершенствование социальной сферы, модернизацию и техническое перевооружение производства материальных благ.

Подрядные строительные-монтажные организации по договорам с заказчиком выполняют комплекс работ, которые связаны с осуществлением застройки предприятий и объектов. Договор подряда регулирует взаимоотношения между заказчиком и генподрядной строительной организацией. Заключение договора предшествует получению подрядной строительной организацией от заказчика проектно-сметной документации объекта, на основе которой определяют объем, сроки и порядок осуществления строительного-монтажных работ [1, с.10]

Договорная стоимость включает: сметную стоимость строительного-монтажных работ, часть прочих работ и затрат, которые относятся к деятельности подрядчика, компенсируемых заказчиком (разница в стоимости материалов, аккордная оплата труда, перевозка работников, вахтовый метод организации работ и другие затраты, связанные с выполнением работ высокими темпами или вызванные организацией строительства во вновь осваиваемых работах; часть общего резерва средств на непредвиденные работы и затраты, относящиеся к стоимости строительного-монтажных работ, и прочие затраты). Различают договоры строительного подряда с открытой и фиксированной ценой.

По договору с открытой ценой подрядчику возмещаются фактические затраты, которые непосредственно связаны с выполнением строительных работ, в суммах, допускаемых заказчиком, включая оговоренное вознаграждение.

По договору строительного подряда с фиксированной ценой стороны соглашаются на твердую стоимость строительных работ либо на установленную стоимость единицы выполненной работы, но с оговоркой о скользящей цене.

Доходы по договору строительного подряда включают:
- первоначальную договорную стоимость строительных работ;

- доходы от изменения договора, доходы по претензиям и поощрительные выплаты при условии, что они принесут доход и могут быть изменены с большой степенью достоверности.

Изменение договора строительного подряда – указания заказчика по изменению объема, структуры или срока работ по существующему договору, которые могут привести к увеличению или уменьшению дохода.

Доходы по претензиям – это суммы, которые подрядчик намерен получить от заказчика в качестве возмещения дополнительных затрат, не включенных в договорную стоимость.

Поощрительными выплатами являются дополнительные суммы, выплачиваемые подрядчику, если оговоренные в договоре подряда нормы будут выполнены или перевыполнены.

Затраты по договору подряда должны включать:

- прямые затраты, связанные с данным договором;
- накладные расходы, связанные с общей строительной деятельностью, которые могут быть распределены по договорам строительного подряда и включаются в стоимость договора;
- прочие затраты, которые возмещаются с заказчика по условия договора строительного подряда.

Эффективность осуществления инновационного процесса определяется эффективностью его инструмента - трансферта технологий, а именно передачей научно-технических знаний и опыта для оказания научно-технических услуг, применения технологических процессов, выпуска продукции.

На современном этапе развития мировой экономики трансферт технологий является одним из источников экономической независимости региона, поскольку предоставляет хозяйствующим субъектам ряд стратегических возможностей, а именно: развитие внутреннего рынка, развитие восходящих отраслей, адаптацию и перенос достижений развитых стран и встраивание в транснациональную инфраструктуру [2, с.5].

В целом логистика научно-технического трансферта строится на осознании того, что «трансферт технологий подразумевает применение знаний, целевое их использование, являясь особенно сложным видом коммуникации, поскольку зачастую требует слаженных действий двух и более индивидуумов или функциональных ячеек, разделенных структурными, культурными и организационными барьерами.

Трансферт технологии представляет собой передачу научно-технических знаний и опыта для оказания научно-технических услуг, применения технологических процессов, выпуска продукции. Критерий наличия факта передачи - активное применение переданной технологии для производственных целей.

Трансферт технологий, по своему экономическому содержанию, осуществляется как в некоммерческой, так и в коммерческой (коммерциализация разработок) формах.

Трансферт технологий, таким образом, рассматривается как один из аспектов инновационного процесса и представляет собой передачу научно-технических знаний и опыта для оказания научно-технических услуг, применения технологических процессов, выпуск продукции. Критерии наличия факта передачи – активное применение переданной технологии для производственных целей.

Основными формами трансферта технологий являются:

- передача патентов на изобретения;
- патентное лицензирование;
- торговля беспатентными изобретениями;
- передача технической документации;
- передача «ноу-хау»;
- передача технологических сведений, сопутствующих приобретению или аренде (лизингу) оборудования и машин;
- информационный обмен в персональных контактах на семинарах, симпозиумах, выставках и т.п.;
- инжиниринг;
- научные исследования и разработки при обмене учеными и специалистами;
- проведение различными фирмами совместных исследований разработок;
- организация совместного производства;
- организация совместных предприятий.

При этом необходимо отметить побудительные мотивы деятельности со стороны покупателей и продавцов технологий

Продажа технологии - один из основных инструментов проникновения и закрепления на рынке. Она, как правило, связана и с товарной экспансией и с сопутствующими сделками на поставки сырья, материалов, комплектующих изделий, полуфабрикатов приносящих продавцу дополнительный доход. Экспорт технологии прямо пропорционален числу зарубежных патентов, заключение соглашения на передачу технологии часто является результатом предшествующего патентования инновации за рубежом. [3, с.150]

Охотнее идут на передачу технологии:

- малые и средние предприятия;
- предприятия, выпускающие многие виды продукции;
- фирмы с высоким научно-техническим потенциалом;
- предприятия, владеющие инновациями как побочными продуктами НИОКР или второстепенными технологическими процессами.

Покупка технологии способствует повышению конкурентоспособности промышленности, активизации экспорта, уменьшению зависимости от импорта. Полученная технология может стать кагором при создании собственных технологий, развитии национальной сферы НИОКР. Многие страны, в частности Германия и Япония, придавали особое значение импорту технологий, в результате в 1980-х годах ФРГ возглавила список экспортеров готовых изделий, а Япония заняла второе место. Государство, широко использующее импорт своего экономического и социального развития, формирует национальное законодательство, благоприятствующее притоку технологий (преференциальный режим валютного регулирования, касающийся платежей и переводов в иностранной валюте, льготный налоговый режим, специальные условия внутреннего кредитования и финансирования).

Трансферт разработок имеет место тогда, когда предприятие-разработчик новой технологии по тем или иным причинам не может успешно коммерциализировать научно-технические разработки, уступая их другому предприятию, или же оно осуществляет целенаправленную деятельность по нетрадиционному (отличному от первоначального) использованию этих результатов в других отраслях или областях применения.

Список использованной литературы

1. Бузырев В.В. Экономика строительства: учебное пособие- М.: «Академия», 2010г.
2. Петруненкова А.А., Фонштейн Н.М. Коммерциализация технологий: российский и мировой опыт // Сборник статей под ред., М.: «ЗелО», 2005г.
3. Швандар В.А., Инновационный менеджмент: Учебник, 2005г.

FTAMP10.07.01

Өңірлік туризм аумақты дамытудың құралы ретінде (Қызылорда облысы мысалы ретінде)

Амирова Динара, Т-19-1
оқу тобының студенті
Карбозова Ағжан
Э.Ғ.М.

Бүгінгі күнде туристік іс-шара өтіп жатқан белгілі орын немесе аймақта оған ұсынылған қызметтер жинағын пайдаланады. Бұл орын өзінің тартымды факторларына байланысты туризм орталығына айналады. Туристік

орындар туризм субъектісін қамтуымен ерекшеленеді. Турист өзінің саяхатының мақсатын таңдаған кезде түрлі орындар мен олардағы көрсетілетін қызметті салыстырып, өзіне ең қолайлысын таңдайды. Турист өзі тапсырыс беріп сатып алған заты, берілген орны (туристік аймақ) ұсынған қызмет болып саналады. Қызметтер жинағы көрсетілетін аймақ, нақты белгіленіп қоршалуы міндетті емес. Ол аймақ бөлігі немесе туристік орталық, туристерді жайғастыру мен демалуды ұйымдастыратын барлық қажеттіліктерге ие қонақ үй болуы мүмкін. Ондай аймақ турист өзінің саяхатының мақсаты үшін таңдаған қандайда бір облысты, елді немесе елдер тобын қамтуы мүмкін. Туристік орын деп (саяхат мақсаты) қала, облыс, ел, аудан немесе бір ауыл, яғни қандайда бір географиялық кеңістік болжауға болады. Туристік орын жалпы сұраныс белгісі бойынша анықталып, географиялық жағынан ерекшеленбейтін орын деп те болжауға болады.

Бүкіләлемдік Туристік Ұйым туристік аймақты, демалуды, оқу кезеңін немесе емделуді ұйымдастыруға қажетті қызметтер мен арнайы құрылымдарымен мықты байланысатын аймақ деп белгілейді. Берілген анықтамадан шығатын қорытынды, туристік аймақ дербес деп есептелу үшін, онда туристердің келуі үшін барлық қажетті құрылымдарды иемденуі қажет. Байқағанымыздай, БТҰ туристік аймақты, турист немесе туристік топтар таңдайтын және қызмет ұсынушылар сататын қызметтері мен туристік құрылымдарға сай орын деп белгілейді.

Туристік аймақ белгілі турист үшін оның тұтынуы мен оның қалай қабылдағанына байланысты. Спортшы - турист үшін - гольф ойнаушыға туристік аймақ болып, гольф ойын алаңы бар спорт орталығы саналады. Бүкіл Европаны алты күнде аралағысы келетін теңіз турист арғы жағындағы туристер үшін (мысалы, американдықтар үшін), бүкіл Европалық континент туристік аймақ болып саналады. Мұнан кейін туристік аймақ дегенде, қонақ немесе туристік сегмент саяхат мақсаты үшін таңдаған туристік аймақтың географиялық территориясын (орын, аймақ) қарастыру керек. Мұндай аймақ туристердің келуіне, орналасуына, ас-ауқатына, бос уақытын ұйымдастыруға қажетті барлық құрылымдардан тұрады. Осылайша, аймақ өзінің бірегей туристік икемін және бәсекеге қабілетті бірлігін көрсетіп, стратегиялық конференциялық бірлік ретінде басқарылуы тиіс. Бүгінгі таңда аймақтық туризм жаңашыл әлемде халыққа қызмет көрсетудің ірі саласына айналды. Аймақаралық туризм бірнеше қызмет түрлерінің жиынтығын ұсынумен танымал және адамдардың өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Көптеген елдерде бұл туризм ішкі аймақтық жалпы өнімнің құрылуына, қосымша жұмыс орындарын құруда және халықты жұмыспен қамтуда үлкен роль ойнайды. Жалпы туризм - транспорт, байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, ұлттық қолданыстағы өнімдерді өндіру және тағы басқалары сияқты аймақтық экономиканың салаларына үлкен әсерін тигізеді, яғни әлеуметтік-

экономикалық дамудың өзіндік катализаторы болып табылады. Аймақтық туризм - бұл динамикалы тез дамып келе жатқан, басты мақсаты тұтынушыны толық қанағаттандыруға бағытталған құбылыс.

Туристік қызметтің Қазақстанда нарықтық экономика негізіне өтуі өңірлік туризм саласын жаңадан реттеуді, мемлекеттің бұл саланы дамыту мақсатында үлкен көңіл аударуды, қолдау көрсетуді талап етуде. Ол үшін мемлекет ішкі аймақтық туризм саласында ең алдымен экономикалық ынталандыру шараларын жүргізуді жүзеге асыруы тиіс. Өйткені, аймақтық туризм саласын дамыту, оған мол инвестицияны салуды және үлкен қаржы бөлуді қажет етеді. Бірақ оның жоғары тәуекелділігін ескере отырып оны жүзеге асыру оңай емес екендігін айта кету керек. Өңірлік туризм индустриясы, туристік мақсатпен келген шетел туристерінің саны Қазақстаннан шетелге шығатын туристерге қарағанда жоғары болған жағдайда ғана тиімді болады. Бұл үшін Қазақстанның туристік, мәдени-тарихи, табиғи құндылықтарын, туристік мүмкіншіліктерін қазақстандық азаматтарға да, шетел азаматтарына да таныту, жарнамалау және тарату каналдары арқылы имиджін көтеру шаралары жүргізілуі тиіс.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты өңірлік туризмнің Бүкіләлемдік және Қазақстан экономикасындағы орнын анықтау, өңірлік туризмді дамыту үшін мемлекеттің осы саланы мемлекеттік реттеу, қолдау, арнайы даму бағдарламалар жүргізу сияқты мәселелерін қарастыру.

Өңірлік туризм көптеген дамыған және дамушы елдердің экономикасының басым саласы, табыс көзі болғандықтан, аймақтық және әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті мамандандуды қалыптастыру және аймақтың орнықты дамуына қолайлы жағдайлар жасау. Өңірлік туризмді дамыту үлкен капиталды қажет етеді және тәуекелділігі жоғары. Мақсат осы тәуекелділік алдындағы қорқынышты жою. Қазақстанның туристік мүмкіншіліктерін, қажетті ресурстарға бай екендігін көрсету және сол үшін барлық жағдайларды талдау.

Еліміздің бұл маңызды саласын дамыту үшін жоспарлар құру, арнайы ұзақ мерзімді бағдарламалар жүргізу. Өңірлік туризмді дамытудағы өзекті мәселелерді қарастыру осы жұмыстың маңызды мақсаты болып табылады.

Туризм кластері аймақтағы туризм туралы түсініктерді кеңейтеді, оның ішінде:

- туризмді реттейтін мемлекеттік органдар;
- мамандарды даярлайтын және туризм саласында ғылыми зерттеулер жүргізетін білім беру және ғылыми мекемелер;
- туристерге қызмет ететін аймақтың инфрақұрылымы және аймақтың туристік кешені.

Өңірлік туризм туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру туристік әсерге әсер ететін туристік тартымдылық факторларымен аяқталды. Үш элемент бірге аймақтық туризмді құрайды. Кешеннің барлығы туризмнің

дамуына ғана емес, жалпы аймаққа бағытталған басқару объектісіне айналуы керек.

Сонымен бірге, туризмнің көп өлшемді сипаты және аймақтық туризмді жан-жақты түсіну аймақтық және муниципалды органдар тарапынан күш-жігерді үйлестіруді, сонымен қатар жеке сектор мен қоғамның (жергілікті тұрғындар, олардың бірлестіктері мен топтары ұсынатын) тартуды талап ететінін атап өтеміз.

Әлемде соңғы жылдары кластерге деген ықылас өсіп кетті. Германия, Жапония тәрізді дамыған елдерде және Латын Америкасының, Азияның, Африканың дамушы елдерінде кластердің әкелетін пайдасының көптеген мысалдары бар.

Кластер негізінен «кластер» байлам, блок, бума деген ұғымдарды білдіреді. Компьютер жадындағы ақпарат осылайша реттелсе, экономика саласында да табысты бәсекеге түсуші фирмалар тап сондай құрылым түзей алады, сол арқылы салалық, ұлттық, әлемдік нарықта өздерінің бәсекелік ұстанымдарын қамтамасыз етеді. Экономикалық әдебиеттерде кластер баламалық секторлық тәсіл ретінде көрінетін және технологиялық тізбекпен байланысты мамандандырылған жеткізушілердің, негізгі өндірушілер мен тұтынушылардың аумақтық шоғырлану жүйесіндегі қалыптасқан кешен ретінде айқындалады.

Қызылорда облысында туризмді дамыту бағдарламасын ғана емес, сондай-ақ облыстың туристік-рекреациялық және курорттық әлеуетінің паспортын, туризмді дамытуды жандандыру жөніндегі шараларды әзірлеу қажет. Осы мақсатта облыстың туристік-рекреациялық әлеуеті мен артықшылықтары туралы ақпаратты жинақтау үшін облыстың ғылыми топтарын тарта отырып, туризмді дамыту мәселелері жөніндегі ғылыми-әдістемелік орталық құру қажет. Мұндай орталықтың міндеттері: Туристік қызметтер, бағыттар, объектілер, туристерді орналастыру құралдары, бағалар, көліктік қызмет көрсету, аудармашылар мен экскурсоводтардың қызметтері туралы деректер базасы бар бірыңғай ақпараттық жүйе құру болуға тиіс.

Туризм саласын дамытудың маңызды сәті осы сала үшін білікті кадрларды даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру, мамандандырылған конференциялар мен семинарларға, жәрмеңкелер мен көрмелерге қатысу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Туризмді дамытуды мемлекеттік реттеу және басқару жүйесін жетілдіру бойынша қойылған міндеттерді шешу алгоритмі төрт негізгі кезеңнен тұрады:

1 кезең - Талдамалық (облыстың туристік-рекреациялық артықшылықтары туралы ақпаратты жинақтау);

2 кезең - жобалық (туризмді дамыту бағдарламаларын әзірлеу, тақырыптық парктер құру, саладағы инвестициялық қызмет, өңірдің туристік әлеуеті туралы паспорт);

3 кезең - іске асыру;

4 кезең - бағдарламаларды түзету және туризмді одан әрі дамыту.

Өңірлік туризм аумақты дамытудың құралы ретінде (Қызылорда облысы мысалы ретінде)

Региональный туризм как инструмент территориального развития (на примере Кызылординской области)

Regional tourism as a tool for the development of the territory (Kyzylorda region as an example)

Андатпа: Қызылорда облысында туризмді дамыту бағдарламасын ғана емес, сондай-ақ облыстың туристік-рекреациялық және курорттық әлеуетінің паспортын, туризмді дамытуды жандандыру жөніндегі шараларды әзірлеу қажет. Осы мақсатта облыстың туристік-рекреациялық әлеуеті мен артықшылықтары туралы ақпаратты жинақтау үшін облыстың ғылыми топтарын тарта отырып, туризмді дамыту мәселелері жөніндегі ғылыми-әдістемелік орталық құру қажет. Мұндай орталықтың міндеттері: Туристік қызметтер, бағыттар, объектілер, туристерді орналастыру құралдары, бағалар, Көліктік қызмет көрсету, аудармашылар мен экскурсоводтардың қызметтері туралы деректер базасы бар бірыңғай ақпараттық жүйе құру болуға тиіс.

Аннотация: Необходимо разработать не только программу развития туризма в Кызылординской области, но и паспорт туристско-рекреационного и курортного потенциала области, меры по активизации развития туризма. В этих целях необходимо создать научно-методический центр по вопросам развития туризма с привлечением научных групп области для сбора информации о туристско-рекреационном потенциале и преимуществах области. Задачами такого центра должно стать создание единой информационной системы с базой данных о туристских услугах, маршрутах, объектах, средствах размещения туристов, ценах, транспортном обслуживании, услугах переводчиков и экскурсоводов.

Abstract: It is necessary to develop not only a program for the development of tourism in the Kyzylorda region, but also a passport of the tourist, recreational and resort potential of the region, measures to enhance the development of tourism. To this end, it is necessary to create a scientific and methodological center for the development of tourism with the involvement of scientific groups of the region to collect information about the tourist and recreational potential and advantages of the region. The tasks of such a center should be the creation of a unified information system with a database of tourist services, routes, objects, tourist

accommodation facilities, prices, transport services, services of interpreters and guides.

Кілт сөздер: туризм, өңірлік туризм, туристік нарық, туризм менеджменті

Ключевые слова: туризм, региональный туризм, туристский рынок, менеджмент туризма

Keywords: tourism, regional tourism, tourist market, tourism management

Әдебиеттер тізімі:

1. Котлер Ф. Маркетинг мест. Привлечение инвестиций, предприятий, жителей и туристов в города, коммуны, регионы и страны Европы / Ф. Котлер, К. Асплунд, И. Рейн, Д. Хайдер: пер. с англ. М. Аккая. – СПб.: Стотгольмская школа экономики, 2005. – 379 с.

2. Квартальнов В.А. Туризм. – М.: Финансы и Статистика, 2007. – 336с.

3. Туризм и гостиничное хозяйство: учеб. пособие. – 3-е изд-е, исправл. и доп. – М: ИКЦ «МарТ»; Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2007. – 352 с.

4. Зорин И.В. Менеджмент туризма. Туризм как вид деятельности / И.В. Зорин, Т.П. Каверина, В.А. Квартальнов. – М.: Финансы и Статистика, 2005. – 288 с.

5. Овчаров А.О. Туристический комплекс России: тенденции, риски, перспективы. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 280 с.

6. Портер М.Э. Конкуренция: пер. с англ. О.Л. Пелявского, А.П. Уриханяна, Е.Л. Усенко и др. / под ред. Я.В. Заблоцкого, М.С. Иванова, К.П. Казаряна и др. – М.: Вильямс, 2005. – 608 с.

Жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру

Анвар А.

ПП-19-1 оқу тобының студенті

Амзеева Г.А.

аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі

Бүгінгі таңдағы мектептердің әлеуметтік институт ретіндегі қызметі қазіргі заманғы қоғамның талаптарына жауап беретін оқушы тұлғасының дамуының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету. Бүгінгі күні құндылықтардың жаңа жүйесіне бағытталған қоғамның құрылуы, әлеуметтік-экономикалық жүйенің күрделенуі жағдайында білім берудің негізгі мақсаттарының бірі өзін-өзі жан-жақты дамытуға қабілетті, шығармашылық потенциалы жоғары азамат тұлғасын қалыптастырудан тұрады. Өзін-өзі дамыту индивидтің өз

тіршілік әрекетін тәжірибе жүзінде өзгертуге қабілеттілігін түсіндіреді.

Жасөспірімдерның психологиясы және олардың тұлғалық қасиеттері қалыптасуының ерекшеліктері жайлы Б.Г.Ананьев [1], А.В.Дмитриев, Я.С.Кон[2], В.С.Лисаковский[3], З.Ф.Есарева және Қазақстанда Намазбаева[4] т.б ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі кездегі тұлғалық – бағдарлық білім беру ең алдымен – саналы мақсатқа сай, өзіндік дамудың негізінде, өз өмірінің иесі болуға және ондағы белсенді позицияны ұстануға бағдарлайтын қасиеттерді дамытумен қамтамасыз етуі қажет.

Тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде «тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу негізінде саяси -экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын, ізгілігімен ХХІ ғасыр құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру» деп тұжырымдама жасағанындай, жыл сайын халқына жолдайтын жолдауында да жастарды білімділікке, іскерлікке, жан-жақтылыққа, мәдениеттілікке, патриоттылыққа тәрбиелеуге аса көңіл бөле отырып, жастар тәрбиесіне биылғы жолдауында кезек күттірмес басым бағыттарды белгілеп, негізгі міндеттерді саралап берді[5].

Өкінішке орай, бүгінгі күні жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерінің жоғарғы деңгейде қалыптасуына педагогикалық тұрғыда жағдай жасалғанымен, психологиялық тұрғыда қарастырылмағаны анық. Жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын тек білім беру барысында қалыптастыру психологиялық тұрғыда мүмкін болмай отыр. Жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру - осы уақытқа дейінгі әлеуметтік институттарда және отбасында берілген психологиялық ахуал мен білімінің жоғарғы деңгейінде мүмкін болады.

Бірақ, ұлтымыздың тәрбие беру процесі мен бала психологиясына деген қарым-қатынасының көп жағдайда салқынқанды болуына байланысты, жасөспірімнің тұлғалық қасиеттерін өзбетінше қалыптастыру қиын психологиялық процесс болып табылады. Сондықтан әрбір жасөспірімнің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктерін анықтау ерекше қажеттілікке ие. Қазіргі кезде бұл мәселе өзекті болып отыр.

Жасөспірім белгілі бір жастағы адам және жеке тұлға ретінде үш жақты қарастырылады:

1) психология тұлғаның психологиялық процестерінің, күйлерінің және қасиеттерінің бірлігін қарастырады. Психологиялық жағынан қарастырғанда ең негізгісі – психологиялық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, мінез, қабілет), яғни психикалық процестердің ағымы, психикалық күйлердің пайда болуы, психикалық білімнің көрсетілуі тікелей әсер етуші. Бірақ, жасөспірімдерді зерттегенде оның

ерекшеліктерін, психикалық процестерін және күйлерін есепке алған жөн.

2) әлеуметтік, жасөспірімнің белгілі бір қоғамдағы тудыратын қарым-қатынасы, тұлғалық қасиеттері, ұлты және т.б.

3) биологиялық, жоғарғы жүйке жүйесінің қызметін, анализаторлардың құрылуы, шартсыз рефлексстер, физикалық күш, дене бітімі, бойы және т.б қарастырады. Бұл құбылыстар негізінен тұқым арқылы және туа бітті берілетін белгілер. Кей жағдайда өмір жағдайына байланысты өзгеріске ұшырауы да мүмкін.

Балалық пен ересектік кезеңнің арасында жататын жеке адам дамуының және жетілуін бейнелейтін кезең – жасөспірімнің кезең. Индивидтің жас ерекшеліктік және әлеуметтік мүмкіншіліктерінің арасында өзара тәуелділік бар. Индивидтің даму деңгейі оның қоғамдық орнын, әрекетін, әлеуметтік рөлінің диапазонын анықтайды [6].

Жасөспірімдік кезеңнің ұзақтығы жеке адамның алғышарттарына ие болады. Нақтырақ айтқанда, саналы өзін-өзі анықтау сферасының кеңеюі және оның жекелігі жоғарылайды. Жасөспірімдердің психологиясы да біршама өзекті мәселе. Сондықтан да, оның санасына және өзіндік сана-сезімін ақиқат шындықтағы оның өмірлік әрекетінен ерекшеліктерді бөліп қарау керек. Яғни, әлеуметтік тұлғалық психологиялық қасиеттерімен сәйкестіктерді байланыстыра білу керек.

Балалықтан ересектікке өту кезеңі американдық психолог Гезелл бойынша, 11 жастан 21 жасқа дейін жалғасады. Он жыл Гезелл бойынша, бұл алтын жас, балалық өмірді тез қабылдауы, сенімді, ата-анасымен тең болуы, өзінің сыртқы жағдайына аз көңіл бөлуі сипатталады.

Жасөспірімдік кезеңнің артықшылығы Шпанглер бойынша, Меннің” ашылуы, рефлексияның дамуы, өзінің индивидуалдығымен – өзінің тұлғалық қасиеттерін тануы, болашақ жоспарының құрылуы, жекелік өмірінің саналы нұсқауы, өмірдің әртүрлі сферасында біртіндеп өсу байқалады.

Ш.Бюллер өмір фазаларын жеке адамның тұлғалық қасиеттерінің негізінде өзін-өзі анықтауды белгілейді. Бірінші фаза – 16-20 жасқа дейін өзіндік сана-сезімінің төмен дәрежеде екенін және өзін-өзі анықтаусыз болады. Екінші фаза – 20-дан 30-ға дейін өзін еңбек әрекетінің түрлерінде байқап көреді. Бұл байқаулар арқылы диффузды мінезге ие бола отырып, өзін-өзі анықтаудың функциясын көрсетеді. Үшінші фаза – адам өзінің қалыптасқандығын тапқан кезде пайда болады. Кемелдікке жеткен кезде өзін-өзі анықтаудың спецификасы пайда болады. Яғни, адам нақты өмірлік мақсат қойып, оған жету жолында жетістіктерге жетеді, өмір жетістігін бейнелейтін жеке адамның өзін-өзі бағалауы құрылады.

Е.В.Бондаревтің жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерінің дамуын тек қана оқу әрекетінде емес, сонымен қатар тұлғалық бағдарлық педагогикалық процестің бірлігінде көреді. Сонымен қатар, автор педагогикалық процесті табиғи бірлестікте ғана емес, мәдени бірлікте

қарастыру қажет деп пайымдайды, сонда адам тек таным субъектісі ретінде ғана емес, өмірге қабілетті субъект ретінде және мәдениет субъектісі, оның тасымалдаушысы, қорғаушысы, жасаушысы болып қалыптасады [7].

Жасөспірімдік кезең тұлғаның қалыптасуындағы күрделі және маңызды кезеңдердің бірі, себебі осы кезеңде адам балалық шақтан ересектік тәуелсіз өмірге қадам жасайды. Кез-келген шақ сияқты, жасөспірімдік кезеңнің де өзінің даму ерекшелігі мен қиындықтары бар, олардың психологиялық мәнін білу қазіргі кездегі білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жастық кезеңнің даму ерекшеліктерін Кеңестік психологияда дамудың әлеуметтік жағдайы түсінігімен байланысты талдайды. Л.С.Выготскийдің пікірінше, әрбір жас кезеңнің басына қарай бала мен орта арасында сол жасқа тән жалғыз және қайталанбас қарым-қатынас орнайды. Мұны ол «берілген жастағы дамудың әлеуметтік жағдайы» деп атады. Осы терминмен Л.С.Выготский дамудың ішкі процестері мен сыртқы орта жағдайларының ерекше үйлесімін белгіледі. Ол әрбір жастық кезеңге тән және осы жастық кезеңде психикалық дамудың динамикасы мен жастық кезеңнің аяғына қарай пайда болатын жаңадан пайда болған психологиялық түрді қамтамасыз етеді. Осылайша, тұлға дамуының бір кезеңі ретіндегі жасөспірімдік шақтың нақты мазмұны, бірінші кезекте, әлеуметтік жағдаймен анықталады. Жастардың қоғамдағы орны мен басқа да көптеген факторлар әлеуметтік жағдайға тәуелді.

Негізгі бөлігі оқу орнының жоғарғы курсына тән сипат, жасөспірімдердің әлеуметтік орнының тұрақсыздығы. Бір жағынан, жасөспірімдік шақтан қалған мәселелер әлі де болса қиындық тудырып отырса (өзара қарым -қатынас мәселелері, ересектерден тәуелсіз болу құқығы және т.б.); екінші жағынан, өмірде өзін-өзі анықтау міндеті тұрады. Л.С.Выготский жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктерін талдай отырып, жасөспірімдер жетілуінің үш нүктесінің сәйкессіздігін мойындау, аталған кезеңнің қайшылықтарын түсінуге мүмкіндік туғызатынын айтты. Яғни, бұл сәйкессіздік келесі жағдайлардан көрінеді. Жыныстық жетілу, адамның жалпы ағзасының дамуының аяқталуынан бұрын, оның әлеуметтік мәдени қалыптасуының аяқталуынан бұрын аяқталып қояды.

Аталған жағдайды дамудың тарихи-мәдени концепциясының шеңберінде қарастыра отырып, Л.С.Выготский мынадай қорытындыға келді: бұл жағдай адамның күрделене беретін сыртқы ортаға бейімделуінің өзгерісінің салдары ретінде, адамзаттың тарихи дамуының барысында балалық шақ ұзаққа созылып, жыныстық жетілудің шекарасына асып кетуі нәтижесінде пайда болды. Сонымен, дамудың үш нүктесінің (жыныстық, ағзалық, тарихи-мәдени) сәйкес келмеуі, бұл тек жетілудің үш нүктесінің

хронологиялық жағынан ғана сәйкессіздігі емес, даму процестерінің жаңа құрылымының пайда болуы болып табылады [8].

Демек, мінез-құлық пен психикадан анықталатын жоғарыда көрсетілген психологиялық қарама-қайшылықтарды Л.С.Выготский тұлға құрылымындағы қарама-қарсы орныққан нүктелер сияқты емес, құрылымның пайда болуы мен өзгеруінің динамикалық қайшылықтары ретінде түсіндіреді. Кеңес психологтарының пайымдауынша, бүгінгі таңдағы жасөспірімдердің даму сипатының бірі - ішкі индивидуалды және индивид аралық деңгейлерден көрінетін бірқалыпсыздық. Аталған жағдайды Б.Г.Ананьев ересектік кезеңнің гетерохрондығы деп атады [9].

Жасөспірімдік кезең ішкі ұстанымның өзгеруімен, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерімен байланысты болатын ересектік, тәуелсіз өмірге қадам жасаудың күрделі кезеңі. Зерттеушілер тұлғаның өзін-өзі анықтауы жасөспірімдік шақта пайда болады деп есептейді.

Л.И.Божовичтің пікірінше, жасөспірімдерде өмірлік жоспарлардың пайда болуы өз мінез-құлықтарын реттеудің және ішкі әлемді ұйымдастырудың жаңа жоғарғы түрін қамтамасыз етеді. Себебі, өз түсініктері мен көзқарастарына сүйене отырып әрекет ету, саналы түрде қабылданған шешімдерге сәйкес әрекет ету колледждегі кезеңнің басты сипаты болып табылады. Алайда өмірлік жоспарлар бейімделу жүйесі, өз ішкі әлемін меңгеру құралы ретінде барлық оқушыларда қалыптаспайды. Жасөспірімдік рефлексияның негізгі қиындығы -жақын және қашық перспективаларды дұрыс сәйкестендіре білу. Жақын перспектива тікелей бүгінгі және ертеңгі іс-әрекеттер мен мақсаттарды, ал қашық перспектива ұзаққа созылған өмірлік жоспарларды қамтиды.

Сонымен қатар, кез-келген жас кезеңге тән маңызды ерекшелік - іс-әрекеттің жетекші түрін анықтау. Осыған орай, жасөспірімдік кезеңде оқу-кәсіби іс-әрекет барысында жүзеге асатын қоғамның құндылықтарын меңгерумен байланысты болатын іс-әрекеттің ерекше түрі жетекші болады. Жасөспірімдік кезең ересектік тәуелсіз кезеңге өтудің күрделі кезеңі. Осы кезеңнің ерекшеліктері ішкі ұстанымның өзгеруімен анықталады, яғни болашаққа ұмтылу тұлғаның негізгі бағыты болады.

Жеке тұлғаны қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы -мотив және оның түрлі қажеттіліктері. Тұлғаның қажеттіліктері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процестерінде қалыптасқан, сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ерекше маңызды болып табылады.

Л.И.Божович теориялық талдаудың негізінде, тұлғаның толық құрылымы оның бағыттылығымен анықталады,- деген болжам ұсынды. Тұлға бағыттылығының негізінде адам өмірі мен тәрбиелеу үрдісінде пайда болатын тұрақты түрдегі басымды мотив жүйелері жатады [10].

Оқушының мәдениеттану тұрғысынан тұлғалық қасиеттерінің

дамуының негізгі бағыттары төмендегідей: ассимиляция – әлеуметтену – өзіндік даму – мәдени өзгеріс.

Этика тұрғысынан жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерінің дамуының негізгі бағыттары: аномизация – гетеронамизация – автономизация – консономизация.

Тұлғаның философия және психология тұрғысынан даму процесі: оптация – адаптация – интернализация және интеграция төмендегідей процестермен сәйкес келеді: индивидуация– индивидуалдану – субъектілену және объектілену.

А.Н.Леонтевтің пікірі бойынша, тұлға - бұл адам өмірінің қоғамда туылуының ерекше түрінің психологиялық тұрғыда құрылуы. Әр түрлі іс-әрекеттің бірлесе бағынуы - онтогенезде тұлғаның қалыптасу негізін құрайды. Тұлғаның жүйелі қасиет ретінде пайда болуы - индивид басқа индивидтермен біріккен іс-әрекетінде, ақиқатты өзгертіп, соның арқасында өзінде өзгертіп, тұлға дәрежесіне жетеді. Сонымен қатар тұлға - белсенділігімен сипатталады, яғни субъект өз шектеуінен тыс шығу ынталығымен өз іс-әрекеттерінің саласын кеңейтуімен талап қойған жағдайдың шегінен тыс әрекет жасаумен сипатталады [11].

Қорыта айтқанда, көптеген тұлға теорияларының негізіндегі тұжырым - тұлға әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде негізгі көріністері тұрақты құрылу. Тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі әрекеттердің бірізділігін, мінез-құлықты болжау мүмкіндігін анықтап, оның қадамдарының заңдылықтарына сипат береді. Алайда, бірқатар зерттеулердің көрсеткеніндей, адамның жүріс-тұрысы өзгермелі. Сондықтан еріксіз туындайтын сұрақ: адамның жүріс-тұрысы, тұлға болуы қаншалықты тұрақты және неге?

И.С.Конның пікірі бойынша, бұл теориялық сұрақта әрқайсысы бөлек қарастырылатын жеке сұрақтардың тұтас сериясы бар. Мысалы, біз ненің тұрақтылығы жайлы әңгіме қозғап отырмыз- жүріс-тұрыс, өзін - өзі ұстаудың ба, әлде психикалық процестердің, тұлғалық қасиеттері мен қырларының ба? Бұл жағдайда бағаланатын тұлғалық қасиеттердің тұрақтылығы мен өзгергіштігінің индикаторы не? Ол тұлғалық қасиеттер тұрақты және өзгермелі екендігін көрсететін уақыт көлемі қандай? Осы уақытқа дейін жүргізіліп келе жатқан зерттеулер бірыңғай жауап бере алмағандығын айта кеткен жөн болар, олардың нәтижелері де әртүрлі. Мысалы, үнемі тұрақты болуы тиісті деп саналатын тұлғаның қырлары тұрақты емес болып шыққан. Кейде тіпті бір адамның бойындағы тұлғалық қасиеттердің көріністері жағдайға байланысты елеулі түрде ауысады екен.

Жаңа заман талабы жасөспірімдер тұлғасының айқын бейнесін анықтап берді. Жасөспірімдер білім алу барысында оқу процесін жақсы игеріп қана қоймай, арнайы тұлғалық қасиеттері бар, өз алдына қойған мақсаттарды орындауға күш жұмсайтын құндылық бағыттары, принциптері

анықталып, тұрақталған психикалық даму деңгейі жоғары тұлға болып қалыптасуы қажет.

Жасөспірімдер тұлғасының қалыптасуы ішкі факторлар мен бірге сыртқы факторларға байланысты екені белгілі. Осы факторлардың әсерін дұрыс қабылдауға және өз тиімділігіне пайдалануға бағыттап қоғамда өз орнын таба білуге бағыттау жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттері қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. Л., ЛГУ.,1968г. с.339.
2. Кон И.С. Психология ранней юности.- Москва.-1989 г.
3. Лисаковский В.Т., Дмитриев А.И. Структура личности.- Ленинград.-1981 г.
4. Намазбаева Ж.И. Психология.- Алматы.- 2005 ж.
5. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. -Алматы: Атамұра, 2003.-256 б.
6. Абрамова Г.С. Возрастная психология.- Москва.- 1997 г.
7. Божович Л.И. Проблемы формирования личности.- М.- 1995г.
8. Выготский Л.С. Психология развития.Избранные работы.- Москва: Юрайт, 2016 г.
9. Ананьев Б.Г. Педагогические приложения современной психологии // Хрестоматия по возр. и пед. психологии. /Под. Ред. И.И. Ильясова, В.Я. Ляудис. Москва.- 1981.
10. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. Избранные психологические труды.- Воронеж: НПО «МОДЭК», 2001 г.
11. Леонтьев А.Н Деятельность. Сознание.Личность.- Москва.-1983г.

Жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру

Андатпа

Бұл мақалада жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттері қалыптасуының теориялық мәселелері қарастырылады. Жасөспірімдерның тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері сипатталады. Жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттерінің құрылымы, даму факторлары мен механизмдері, деңгейлеріне талдау жасалған.

Формирование личностных качеств подростков

Аннотация

В этой статье рассматриваются теоретические вопросы формирования личностных качеств подростков. Описаны психологические особенности формирования личностных качеств подростков. Анализируются структура, факторы и механизмы развития, уровни личностных качеств подростков.

Formation of personal qualities of adolescents

Abstract

This article examines the theoretical issues of the formation of personality traits in adolescents. The psychological characteristics of the formation of personal qualities of adolescents are described. The structure, factors and mechanisms of development, levels of personal qualities of adolescents are analyzed.

Кілтті сөздер: Жасөспірім, тұлғалық қасиет, тұлға, қарым қатынас, қабілет

Ключевое слово: подросток, личностные качества, личность, отношение, способность

Keyword: Teenager, personal qualities, personality, relationship, ability

МРНТИ 89+89,35

Космонавтиканың 60 жылдығындағы жетістіктер

Арықбаева Құралай Қойшыбайқызы

ФИ-19-1п\я оқу тобының студенті

Абдрахманов Нұртаза

физика –математика ғылымдарының
кандидаты, профессор.

Қазақстанның Байқоңыр ғарыш алаңынан 1961 жылдың 12 сәуірінде Массасы 4725 килограмм болатын ғарыш кемесі ,Москва уақытымен 9сағат 07 минутта ,ең алғаш кеңестер одағында ғарыш кеңістігіне адамы бар «Восток» ғарыштық кемесімен Кеңес одағының азаматы Юрий Алексеевич Гагарин, Жер шарын 1 сағат 07 минутта айналып өтіп ,жерді айналып жерге 181км-ге дейін жақындап (перигейі) ,327км-ге дейін қашықтады (апогейі) ,ал еңкеюі $64^{\circ}57'$ болды.

Ұшқыр қиялдың арқасында өндіріс дамып, ғылыми жетістіктерге қол жете бастады .Дамыған ғылыми жетістіктердің арқасында небір таң ғажайып ұшу аппараттары өмірге келді .

Жер планетасын қоршаған орта космос деп аталатын кеңістікті игеру дүние жүзінде теңдесі жоқ орын алатыны белгілі . Космос кеңістігіне ұшу техникаларының теориясы мен өзін жасау сонау Ұлы Отан соғысы жылдарынан бастау алады. Атақты сұрапыл соғыс кезінде бірнеше ондаған жылдарда жасалатын соғыс және байланыс техникалары қысқа уақытта бірнеше ай ішінде жасалынды.

Міне осы уақытта жақын қашықтықты зымыран арқылы атқылау ерекше жолға қойылып ,осыған сәйкес радиобайланыс қарқынды дамыды.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін зымыран техникасын дамыту дүние жүзі бойынша ерекше бағыт алып , ғылымның бұл саласы бойынша кеңестер одағы мен Америка құрама штаты ғалымдардың зерттеулері

негізінде кеңестер одағында С.П.Королевтың басқаруымен конструкцияланған бірінші зымыран 1949 жылы космос кеңістігіне 100км биіктікке көтерілді. Үздіксіз жүргізілген ғылыми ізденістердің нәтижесінде биіктік 500км жетіп , зымырандарға жерді қоршаған атмосфера қабатының физикалық және химиялық күйін анықтау мақсатында әртүрлі ғылыми аппараттар орнату , биіктіктерге сәйкесті қоршаған ортаның тірі организмге әсерін зерттеу мақсатында әртүрлі жануарларды қажетті биіктікке көтеріп , оларды жер бетіне парашют арқылы қайта түсіру мақсаттары қойылып , бұл тапсырмалар өз деңгейінде орындалды.

Конструктор ғалым С.П. Королевтың басшылығымен жасалған континент аралық ракета 1957жылы ең бірінші рет сәтті сынақтан өтті.

Осы уақыттан бастап қазіргі бәрімізге белгілі «Спутник» сериялы зымыран жасау қолға нық алынып , бірнеше қайтара жасалған теориялық және тәжірибелік зерттеулерден кейін 1957 жылы 4 қазанда дүние жүзінде бірінші болып Кеңестік космодромнан Жер серігі ұшырылды. Адамзаттың космосты игеруі осы уақыттан бастау алады.

Әлемдік тұңғыш Жер серігінің кіндігі Адамзаттың ғарышты алғаш бағындырған күні 1957 жылдың 4 қазаны саналады. Дәл сол күні келмеске кеткен КСРО Төретамнан!(Байқоңыр атауы Гагарин ұшқаннан кейін берілген) кодтық белгісі ПС-1(жәй сөзбен айтқанда , спутник-1) жасанды жер серігін әлемде бірінші болып сәтті ұшырды -« Спутник-1» 92 күн ұшып-жер шарын 1440 рет (60млн шақырым) айналып шыққан.

Бұл кезде «қырғи-қабақ соғыс» жағдайында тұрған қос супердержжава-КСРО мен АҚШ-тың арасындағы жаппай қарауланудың өрістеуі енді ғарышты бағындыру бәсекесіне ұласқан болатын . Сол себепті Кеңес одағымен қатар АҚШ та бірінші болып жасанды жер серігін ұшыруға жанталасып жатқанды.

Космостық ұшу шындыққа айналғаннан кейін зерттеушілердің әртүрлі ғылыми бағыттар бойынша космосты зерттеуге ынтасы арта түсті. Космостық аппаратуралардың қазіргідей дәрежеде жетілдірілмегенмен алға қойылған мақсатты жеткілікті деңгейде шеше алатындай болып өмірге келуі оның ұшу траекториясын , ұшырылу мақсатын жоспарлауға байланысты алдын-ала теориялық зерттеулерді жүргізуге мәжбүр етті.

Әртүрлі ғылыми зерттеу бағыттар ішінен адамы бар техниканы космосқа ұшыру ерекше орын алды. Космосқа спутниктерді ұшыру тарихына үңілсек 1957 жылы қазан айында ұшырылған қарапайым басқарылмайтын спутниктен басталып , арада үш жарым жыл уақыт өткенде 1961 жылы 12 сәуірде ең бірінші космос кеңістігіне Кеңестер одағында адамы бар «Восток» космостық кемесі ұшырылды.

Сонымен, Юрий Гагарин-әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр-ғарыш аймағына айналды.

Бүгінгі тарих шындығын осынау оқиғалар аясында сараптар болсақ, Қазақстанның шексіз ғарыш кеңістігіне ұлы жорығы, қазақтардың ғарышқа «алғашқы шабуылы» дәл осы кезден бастау алғанын есте сақтауға тиісті екенбіз.

Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығынан өткен Тоқтар Әубәкіров 1991 жылдың 2-ші қазанында Байқоңырдан «Союз ТМ -13» кемесімен ғарышқа аттанды

Қазақстанда ғарышты зерттеудің 16 – негізгі бағдарламасы бойынша «Союз ТМ-13» борт инженері ретінде ғарышқа ұшып, ондағы «Мир» халықаралық ғарыш кешенінде 127 тәулік бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, кемеден 2-рет ашық ғарыш кеңістігіне шығып, жалпы ұзақтығы 11 сағат 06 минут бойы жұмыс жасады.

Екі Жер тәулігінен кейін кеме «Мир» ғылыми кешенімен түйісіп, ғарышкерлер соған ауысып, онда өздеріне дейінгі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан экипаждың мүшелерімен қауышты. Талғат Ғарышты зерттеу институты әзірлеген күрделі бағдарламаларды орындауға кірісті. Бағдарламада Қазақстан халық шаурашылығына қажетті ғылымизерттеулер мен эксперименттер, Жерді қашықтан зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстардың аясын кеңейту, сол мақсатта Ұзақстанның бүкіл аумағын суретке және бейнефильмге түсіру, кристаллография саласында бірқатар технологиялық эксперименттер жүргізу, дәстүрлі астрофизикалық зерттеу жұмыстарын жалғастыру істері белгіленген болатын.

Зерттеуші ғарышкер кәдімгі дәнінің клеткасына осы тектес әрі тұқымдас дақылдың ДНК-сын салып, генетикалық трансплантация жасады. Салмақсыздық жағдайында «буыны» босаған бөгде дақылға осылайша экспанциялық әрекет ету арқылы бірегей тәжірибе жасалынды.

1998 жылдың 29 қаңтарында «Союз ТМ-27» ғарыш кемесінің кеме басшысы ретінде ғарышқа келесі сапарында «Мир» Халықаралық ғарыш кемесінде 4 блоктан тұратын Қазақстан аумағының табиғи-ресурстық мониторингі, физикалық-техникалық, геофизикалық, ғарыштық биотехнология мен дәрігерлік биологиялық зерттеулерді қамтитын 3 бағдарламаны толығымен жүзеге асырды. Ұзақтығы 30 сағат 08 минутқа созылған уақыт аралығында ол кемеден ашық ғарыш кеңістігіне 5 рет шығып, көптеген ғылыми күрделі жұмыстар тындырды. Одан кейінгі ғарышқа сапары 2001 жылдың 28 сәуірінде жалғасты. Сапарға аттанар алдында оған Төретамның Жарылқасын есімді имамы бата беріп, сәт сапар тіледі. Бұл жолғы сапарында Талғат Мұсабаев Елбасының Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың фотосуреттерін, «Қоғамда трансформациялаудың стратегиясы және Еуразия өркениетінің қайта өрлеуі» атты кітабын, Қазақстан Республикасы Конституциясының Заңын, қасиетті Құран мен қазақ топырағын өзімен бірге ғарыш төріне алып шықты. «Мир» Халықаралық ғарыш кешенінде кеме басшысы Талғат Мұсабаевтың алдында

Жерді қашықтан бақылау дәстүрі бойынша «Қашықтан анықтау», «Өнер», «Дастархан» атты жаңа бағдарламаларды орындау міндеті тұрды. Талғат бұл Қазақстандық 4 бағдарламаны да ойдағыдай орындап, сол жылғы маусым айының 6-да жерге, елге аман-есен оралды. Ол Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы және Ресей Федерациясының батыры, «Отан», «Халықтар достығы», 3-дәрежелі «Отан алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, NASA-ның «Ғарышты игеруге қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

2015 жылдың қыркүйек айында Қазақ елінің үшінші азаматы Айдын Айымбетов ғарышқа ұшты. Ол Қазақстан атынан Халықаралық экипаж құрамында ғарышты бағындырған Тұңғыш ғарышкер-ұшқыш. Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы». Ғарыш әлемінде болған 9 күн, 20 сағат, 13 минутта тапсырылған ғылыми жұмысын, әсіресе Каспий теңізі мен Арал теңізі маңының экологиялық жағдайына байланысты зерттеулерін жүргізді.

Біздің республикамыздағы XXI ғасыр бастауындағы тарихи оқиға 2006 жылы 18 маусым күні сағат 4-тен 44 минут өткенде Қазақстанның тұңғыш жер серігі-«KazSat» Байқоңыр ғарыш айлағынан көкке сәтті самғап, оның куәгері болу үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Президенті Владимир Путин келуі бұл ұшырылымның ерекше екендігін көрсетеді. Бұл қадам арқылы әлемдік ғарыш саласында өзіндік орнымызды ойып алуымызбен бірге, алдыңғы қатарлы бәсекеге қабілетті елдермен тең дәрежеде иық түйістіруге мүмкіндік алдық. Екі мемлекет басшыларының қатысуымен ұшырылымнан кейін ұйымдастырылған журналистерге арналған бірлескен брифингте ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзінде: «Ресей әлемнің бірде-бір мемлекетімен нақ осындай жоғары технологиялар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім жасамаған. Бұл әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру бағдарламасын жүзеге асырып жатқан Қазақстанның мүддесіне сай келеді және жоғары технологияларды игеру мәселесімен бірінші кезектегі басымдыққа шығарады» деп атап өтті.

Қазақ елі өзінің жеке Жер серігі «KazSat – ты» ұшыру бақытына 2006 жылдың 18 маусымы күні ие болғанын тамашалауға келген көпшілік 182-ші сарт алаңынан үш шақырымдай қашықтықта орналасқан «Протон» жүк тасығыш зымыранының ұшына орналасқан жан-жағынан жүздеген прожектор сәулелері құйылған «KazSat – ты» таңдана қарасты. Ал сағат 4-тен 44 минут өткенде лаулаған жалын арасынан, көгілдір сәуле шашып, ғарыш кемесі жайлап көтеріле бастады. Ұшырылу басталғаннан кейінгі 581 секундта Жер серігіміз жұлдыз секілді нүктеге айналып, ғарыштық кеңістікке сәтті шыққанын басқару орталығынан хабарланғаннан кейін ұшуды бақылап отырған екі Президент бірін-бірі құттықтады. Тұңғыш Жер серігі – «KazSat» әуе кемесі Байқоңырдан ғарышқа жол тартқанда қуанбаған қазақ қалмаған шығар. Осылайша Қазақстан ғарышпен байланысы бар жиырма бес елдің

қатарына қосылуға тұңғыш қадамын сәтті жасап, ТМД елдеріндегі Ресейден кейінгі жасанды жер серігі бар екінші мемлекетке айналған.

2011 жыдың 16 шілдесінде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан рет саны бойынша екінші кезектен Қазақстандық «KazSat-2» жер серігі аппараты ғарышқа ұшырылды.

Араға үш жыл салып, 2014 жылдың 28 сәуірі күні Байқоңыр космодромының №81 алаңынан «протон-м» зымыран тасығышына тиелген «KazSat-3» жер серігі аппараты орбитаға шығарылды.

Бүгінгі таңда әлемдік әйгілі ғарыштық 25 елдің қатарынан ойып тұрып өз орынын тапқан Қазақстан Республикасы өз жер серіктерінің қызметін де, қызығында көріп отыр деп анық айта аламыз.

Ғарышқа жол салған жер серігіміз телекоммуникациялық қызметтің жаңа түрлерін көрсетумен қатар еліміздің қорғаныс саласында да айтарлықтай маңызды істер тындырды делінуде.

KazSat-3 телевизиялық сигналдарды қайта таратуға және KazSat спутниктік байланыс жүйесінде Қазақстан мен оған шектес мемлекеттердің аумағында деректерді беру желілерін құруға арналған KazSat-3 спутнигі 2014 жылдың 14 сәуірінде «Протон-М» зымыран тасығышымен ұшырылған болатын. Спутник бұған дейін ұшырылған KazSat-2 мен тығыз байланысты жұмыс істеді.

Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев үшінші спутник байланыс саласындағы жеке әрі автономды жүйесін құруға, сондай-ақ байланыс саласындағы қызметтер импорттын жыл сайын 4 миллиардтан астам теңгеге азайтуға, сөйтіп, бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді деп мәлімдеген болатын.

«Otau TV» жерсеріктік телехабар тарату желісі абоненттерін отандық «KazSat-3» жер серігіне көшіру жұмыстарын 2016 жылдың 15 наурызында бастады. Бұған дейін жерсеріктік «Otau TV» телехабар таралымы шетелдік жерсеріктен жүзеге асырылып келген еді. Енді ол жұмысыын 2016 жылы аяқтайды- Қазақстандық жерсерікті таңдай отырып, біз отандық экономиканың дамуына үлес қосамыз.

Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу көрермендерге қосымша SD арналар көруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ ақылы арналар топтамасына қосылған пайдаланушылар HD арналарды тамашалай алады.

-Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінен 1млн-нан астам үй шаруашылығы «Otau TV» желісіне қосылған, ал бұл 4 миллионнан астам қазақстандық үшін телеарналар мен телестанцияларды тыңдайтын ақпарат көзі-« Otau TV» жерсеріктік телехабар тарату желісі деген сөз.

«KazSat-3» ұлттық жүйесі Қазақстандық байланыс операторларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалған. Сондай-ақ, ол еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін нығайтып, мемлекеттік органдарды тәуелсіз байланыс арналарымен қамтаммасыз етеді.

Даңқты ғарышкеріміз Талғат Мұсабаев, ғарышқа үш рет аттанып ғарыш кеңістігінде бір жылға жуық яғни 341 күн 9 сағат 41 секунд сапар шеккен қаһарманымыздың соңғы жылдары ғарыш саласында атқарған ғылыми еңбегі үшін Әл-Фараби атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері марапатын алды.

Ғарыш дәуірінің басталуымен адамзат ғарышқа ұшатын мүмкіндікке ие болып қана қоймай, жер тұрғындарына жер шарының суреттерін сол жақтан жіберуді қолға алған. Ғалымдар тез арада ғаламшарымызды жүз мыңдаған шақырымнан зерттеудің әдістемесін өмірге келтірді. Ауыл шаруашылық жерлерінің, темір жол және автокөлік жолдары құрылысының дамуы мен барысы, кез-келген су қоймасы өз жағалауынан қаншалықты шығып немесе қайтып бара жатқанының шынайы бейнесін анықтауда ерекше роль атқарды.

Ғарыштық бақылаулардың арқасында жердің жоғарғы қабатын зерттеу-қандай мемлекет болмасын таптырмас ғажайып іс. Шығыстан батысқа 3 мың шақырымнан аса, солтүстіктен шығысқа бір жарым мың шақырымға созылып жатқан аумағы бар еліміз осы технологияға зәру еді: Ал бүгінгі таңда біз мақтанып айта аламыз-Қазақстан Республикасы ғарыштық бақылаудың дамыған жүйесіне ие. Бәрімізге белгілі жер серігі – аспан денесі, белгілі бір жолда басқа объектінің, ғаламшардың жан-жағында айналып тұрады. Негізінен гравитацияның әсерімен қозғалады. Серік жер бетінде ұшып жүргендіктен, ақпаратты алу процесі шынайы уақыт тәртібінде емес, жарық күнде бірнеше рет қана, және түнгі уақытта жүзеге асырылады.

Мамандар ақпаратты Үндістан аумағы мен Ресейдің барлық Солтүстік аумақтарында серік пайда бола бастаған сәттен бастап алуларына мүмкіндік бар. Қалған уақытта ол көрінбей қалады. Алайда, айта кететін жай мұндай қашықтықты серік 15 минутта жүріп өтеді.

Республикамызды күнде бақылау бірінші кезекте төтенше жағдайлар министрлігі қызметтері үшін, орман және дала өрттерін ғарыштан бақылау үшін, қардың еруі мен су тасқынын бақылау үшін, өрттер мен өрт тарататын ошақтарды бақылау үшін, су алу қауіпі бар аймақтарды анықтауда қолданылады.

Ғарыш түсірілімінің екінші басты бағыты: ауыл шаруашылығы ғарыштан түсірілімдер бойынша жақсы дамыған немесе тұнжыраңқы құрғақ жағдайдағы аумақтарды айыруға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы жерлерінің ауруға ұшыраған аймақтарын айыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ғарыш зерттеулері институтының ақпараты Ауыл шаруашылық министрлігіне егістік барысын бақылауға, атап айтар болсақ, мамырдан маусымға дейін ғарыштан келген мәліметтер егіннің егілген белгілі бөлігінің жақсы бейнесін, сондай ақпарат егін жинау жұмыстары ауыл шаруашылығы министрлігі толық мәліметке ие болды. Қанша егін алқабын жинауды және жерде қандай көлемде егістік қалғанын анықтайды. Сонымен

қатар ,жер серік аппараты мамандарға елдің су қоймаларында бақылауға мүмкіндік берді.

Ғарышты зерттеу институтының жобаларының бірі Лил жайылымдарын бақылау.Еліміздің шеткі мал жайылымдарын түгелдеп қоймай ,қарқынды дамып келее жатқан мал мол өсіру саласының жыл сайынғы жем шөп қорын есептеп отыруға мүмкіндік берді .Бұған кең шығатын жерлерді ,табиғи қорларды қошаған ортаны бақылауды қосуға болады.Осылайша,ғарыштық қызмет қазірдің өзінде экономикамызға айтарлықтай үлес қосып отырған , келешегі зор қызмет түрі .Дамыған техника жаңалықтарының арқасында аспан әлемінен күнделікті хабар алып,оны еліміздің өткендеріне және дамуына жаратып ,пайдаға асыра бастадық.

Андатпа Ұшқыр қиялдың арқасында өндірістің дамуы.Адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуы.Космонавтиканың 60жылдағы жетістіктері. Космонавтиканың басқа да ғылымдарға қосқан үлесі.

Аннотация

Развитие производства благодаря воображению. Первый полет человечества в космос. Достижения космонавтики за 60 лет. Вклад космонавтики в другие науки.

Achievements of cosmonautics for 60 years

Development of production through imagination. The first flight of mankind into space. Achievements of cosmonautics for 60 years. The contribution of astronautics to other sciences.

Кілт сөздер

Космос. Спутник. Восток, KazSat. Space. Vostok

Әдебиеттер

- 1.Современные достижения космонавтики –Москва; Знание,1986г
- 2.Севастьянов В.И., Пряхин В.Ф. Космос, человек, политика .-Москва; Знание, 1989г.
- 3.Астрономия: Энциклопедия /Авторы –құрастырушы Жүніс Сахиев.- Астана:Фолиант,2014.-692б.

МРНТИ 31.21

Мнимый и реальный вред Бисфенола А

Ауминова Әсел, Байдосова А.Б.

Студент группы ХБ-18-1 п/я,

Абызбекова Г.М.,

к.х.н.

Бисфенол содержится во всех пластмассовых изделиях, но особо опасен он в пластиковой посуде, которую мы используем для пищи. Даже небольшие дозы этого вещества, выделившись из посуды в пищу могут привести к тяжелым последствиям, поэтому оградить себя от такой опасности можно лишь совсем отказавшись от использования посуды с содержанием Бисфенола А. Но Бисфенол А содержится не только в посуде, бутылочках детского питания и в консервных банках. Он также находится в транспортных чеках, бумаге для факса, компакт-дисках, во всём том, к чему постоянно прикасаются люди [2].

Бисфенол А (4,4'-дигидрокси-2,2-дифенилпропан, химическая формула – $C_{15}H_{16}O_2$, Дифенилолпропан технический, ДФП) - химическое вещество в виде гранул, белого цвета, которое впервые синтезировал в 1891 году русский химик Александр Дианин. Его получили методом конденсации фенола с ацетоном в присутствии различных катализаторов[3].

Бисфенол придает прочность и прозрачность изготавливаемой продукции. ДФП широко применяется в пластмассовой промышленности, из которого производят огромное количество изделий: детские бутылочки, бутылки для воды и напитков, контейнеры для упаковки продуктов. [5]

ВРА попадает в наш организм через желудочно-кишечный тракт, дыхательную систему и кожу. Бисфенол А выделяется, например, при подогреве пищевых продуктов или мытье моющими средствами и т.д.

Бисфенол А так же оказывает негативное влияние на мозг (вызывает задержку в развитии и даже аутизм), приводит к ожирению, диабету, заболеваниям сердечнососудистой системы и проблемам с печенью. Вызывает ранее половое созревание у девочек и подавляет его у мальчиков, а так же способствует развитию ряда онкологических заболеваний. Также влияет на изменение структуры ДНК и способствует передаче мутаций по наследству[7].

Знак «Не содержит Бисфенол А (ВРА)» не всегда можно заметить на игрушке. Поэтому внимательно рассмотрите маркировку и избегайте изделия, маркировка которых содержит такие цифры:

7 (07) - Поликарбонат (РС): содержит Бисфенол А

3 (03) - Поливинилхлорид (PVC или ПВХ): может содержать Бисфенол А (может использоваться в качестве пластификатора при изготовлении данного вида пластмассы)

6 (06) - Полистирол (PS или ПС): не содержит Бисфенол А, однако этот вид пластика опасен для здоровья. [6]

Рекомендации: Как ограничить контакт и уменьшить вред Бисфенола А?

- Изучайте маркировку на пластиковой продукции.
- Особое внимание обращайте на то, из чего и где изготовлены и игрушки, аксессуары, которые вы покупаете своему ребенку.
- Обращайте внимание, во что упакована еда, которую вы покупаете.
- Мойте руки после контакта с чеками из банкомата, квитанциями, напечатанными билетами.
- Не грейте пищу в пластиковых контейнерах, даже если они не содержат бисфенол и подходят для использования в микроволновке. Подогрев ускоряет миграцию химикатов из пластика в еду примерно в 55 раз.
- Пользуйтесь стеклянной или керамической посудой.
- Избегайте использования пластиковых контейнеров и бутылок с кодом 7 и 3. если у вас нет необходимости проверять или хранить чеки из магазинов, не берите их.

Для обнаружения фенолов применяют следующие химические реакции:

- Реакция Либермана;
- Реакция с бромной водой;
- Реакция с хлоридом железа (III);
- Реакция Миллона.

В результате изучения методов обнаружения фенолов был выбран метод определения Бисфенола А с помощью реактива Либермана и хлоридом железа (III).

Реакция Либермана. Ход работы заключается в следующем: 1-2 капли исследуемого раствора вносятся в фарфоровую чашку и выпариваются досуха. К сухому остатку прибавляют каплю 1%-го свежеприготовленного раствора нитрита натрия в концентрированной серной кислоте. После охлаждения смеси по каплям прибавляют нормальный раствор гидроксида натрия до щелочной реакции. Появление синей окраски, которая может переходить в красную, а затем в зеленую, *указывает на наличие фенола в пробе.*[13]

Реакция с хлоридом железа (III). От прибавления хлорида железа (III) к фенолу появляется фиолетовая или сине-фиолетовая окраска. Ход работы: 1-2 капли исследуемого раствора помещают на фарфоровую пластинку или в маленькую фарфоровую чашку и прибавляют 1-2 капли свежеприготовленного 5%-ного раствора хлорида железа (III)[13].

Результаты по проведению качественной реакции на Бисфенол А

Предметы исследования	Содержание Бисфенола А
Кассовые чеки	Результат положительный
Купюра	Результат отрицательный
Упаковка от детского йогурта «Имунеле»	Результат положительный
Упаковка от влажной салфетки «Smile»	Результат положительный
Бутылка от минеральной воды «Asu»	Результат отрицательный

- Кассовый чек в результате проведенной реакции окрасился в синий цвет, что доказывает присутствие здесь Бисфенола А
- Денежная купюра не изменила окраску, следовательно Бисфенол А отсутствует;
- В результате проведенной реакции с упаковкой от йогурта «Имунеле» было обнаружено незначительное изменение цвета на синий, Бисфенол А присутствует
- Образец от упаковки влажной салфетки «Smile» показал изменение окраски, Бисфенол А присутствует
- Образец от бутылки минеральной воды «Asu» не изменил окраски, Бисфенол А отсутствует;

Данная работа несет в себе весомую практическую значимость для людей, чтобы защитить как свое здоровье, так и здоровье своих близких. Была проверена и доказана гипотеза о том, Бисфенол А, содержащийся в пластиковых изделиях транспортных и кассовых чеках, купюрах может представлять опасность для здоровья человека. Таким образом, влиянию Бисфенола А подвергнуты не только взрослые, постоянно имеющие дело с кассовыми чеками, но и дети, употребляющие обыкновенный детский йогурт. Конечно, полностью обезопасить себя невозможно, но попытки избегать Бисфенол А и как можно меньше с ним сталкиваться может уберечь ваше здоровье.

Аннотация

Необратимый ущерб нашему здоровью причиняют все без исключения пластиковые изделия, в состав которых входит опасное вещество Дифенилопропан технический или Бисфенол А. Мы даже не задумываемся, что посуда, из которой мы едим, может принести нашему здоровью непоправимый вред. Бисфенол А входит в состав большинства пластических изделий, при этом даже незначительные дозы Бисфенола А могут привести к тяжелым заболеваниям.

Андатпа

Дифенилопропан техникалық немесе Бисфенол А деген қауіпті зат кіретін барлық пластикалық бұйымдар біздің денсаулығымызға қайтымсыз

зиян келтіреді, алайда біз тамақтанатын ыдыс-аяқтар денсаулығымызға түзетілмейтін зиян келтіруі мүмкін деп ойламаймыз. Бисфенол А көптеген пластикалық өнімдердің бөлігі болып табылады, тіпті Бисфенолдың аз дозалары да ауруларға әкелуі мүмкін.

Annotation

Irreversible damage to our health is caused by all plastic products, without exception, which include the dangerous substance Diphenylpropane technical or Bisphenol A. We do not even think that the dishes from which we eat can bring irreparable harm to our health. Bisphenol A is part of most plastic products, and even small doses of Bisphenol A can lead to serious diseases.

Список использованных источников

1. Академик. Сайт по химии. [Электронный ресурс]. URL: https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/620434#cite_note-FDA_BPA-11
2. Бисфенол А. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.turkaramamotoru.com/ru/Бисфенол-А-431271.html>
3. Бисфенол А — Википедия. [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8%D1%81%D1%84%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%BB_%D0%90
4. Внимание – чековая лента и бисфенол А. Виспринг. Сайт продажи изделий из термобумаги. [Электронный ресурс]. URL: <http://vispring-by.ru/nashi-stati/bumaga-v-rolikakh-dlya-printerov-i-plotterov/vnimanie-chekovaya-lenta-i-bisfenol-a>
5. Глумсков В. Бисфенол. Статья о нашумевшем веществе. - Режим доступа: <http://www.nuby.com.kz/articles/show/id/2.html>
6. ГОСТ 12.1.007-76 Система стандартов безопасности труда (ССБТ). Вредные вещества. Классификация и общие требования безопасности. - Режим доступа: <http://docs.cntd.ru/document/5200233>
7. ГОСТ 12138-86. Дифенилолпропан технический. Библиотека ГОСТов. - Режим доступа: <http://vsegost.com/Catalog/38/38900.shtml>
8. Запретный бисфенол. Электронный журнал «Вокруг света». – Режим доступа: <http://www.vokrugsveta.ru/news/10685/>
9. Именные реактивы. [Электронный ресурс]. URL: http://www.xenoid.ru/materials/materials_chem/practic/propisi.php
10. Пластиковые детские бутылочки могут ускорить половое созревание и вызвать рак. — МедНовости — Медпортал, 16.04.2008. [Электронный ресурс]. URL: <http://medportal.ru/mednovosti/news/2008/04/16/plastic/>
11. [Transfer of bisphenol A from thermal printer paper to the skin.](#) Analytical and Bioanalytical Chemistry **398** (1): 571–576. DOI:10.1007/s00216-010-3936-9

12. UNIPACK. RU. Отраслевой портал. [Электронный ресурс]. URL: <https://news.unipack.ru/67418/>

13. ХИМИК. Сайт о химии. Параграф 12. Фенол. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.xumuk.ru/toxicchem/49.html>

FTAMP 29.01.01+87.01.01

Физикалық құбылыстардың ғаламдық жылынуға әсерін зерттеу

Ашимов Маді Мұхитұлы.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ,

Э-20-1 оқу тобының студенті.

Асқарова Гүлзат Шәкірбекқызы,

техника ғылымдарының кандидаты

Кіріспе. Ғаламдық жылыну құбылысы, бұл - ХХ және ХХІ ғ.ғ. Жер атмосферасы мен дүниежүзілік мұхиттың орташа жылдық температура-сының өсу процесі. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда соңғы жүз жылда Жер бетіндегі температура шамамен 0,7°C-қа артқан көрінеді. Бүгінгі таңда ғаламдық жылыну құбылысы әлемде бүкіл дүниежүзі бойынша ең көп талқыланатын, шешімі іздестіріліп жатқан көкейтесті мәселелердің бірі [1].

Ғаламдық жылыну климаттағы өзгерістер, яғни температураның жоғарылауы, мұхит суы деңгейінің көтерілуі, мәңгілік деп аталып кеткен мұздықтардың еруі, атмосфераның жылулық газдармен ластануы, озон қабатының жұқаруы сияқты құбылыстар арқылы көрінеді. Осы аталған құбылыстарды талдап қарайтын болсақ, бәрі де табиғатта болып жататын физикалық процестермен тығыз байланыста екені байқалады [2].

Климаттың өзгеруі, температураның өзгерісі сияқты мәселелер Қызылорда облысы аумағында да жиі байқалады. Жергілікті халық табиғатта болып жатқан өзгерістерді Байқоңыр ғарыш айлағының қызметінен және Арал теңізі мәселесімен байланыстырып жатады. Мұндай түсініктің қалыптасуына негіз жоқ емес. Ғарыш кемесі ұшырылды деген күні шаңды дауыл жиі тұратын болса, жаздыгүндері температураның адамды күйдіретіндей дәрежеде жоғарылауы сияқты сәйкестіктер бар [3].

Ғаламдық жылыну мәселесін шетелдік ғалымдар көп зерттеген және зерттеп жатыр, атап айтқанда П. Крутцен, М. Молина, Ш. Роуланд, Дж. Шанклин. Мәселені зерттеуге Халықаралық табиғатты қорғау мәселелерімен айналысатын қауымдастықтар мен қоғамдар көп үлес қосуда [4].

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Климат - белгілі бір жердегі ауа райының көп жылдық режимі, яғни осы жерде болуға тиісті ауа райы жағдайларының жиынтығы. Климат физикалық процестердің, атап айтқанда,

күн радиациясының, атмосфера ауасы айналысының, жер беті бедерінің және т.б. туындысы.

Климатты сипаттайтын физикалық факторлар: температура; жауын-шашын; ылғалдылық; күн радиациясы; булану; түрлі жылдамдықтағы желдер және т.б. физикалық факторлардың өзгерісі өз кезегінде ғаламдық жылыну процесінің жүруіне себепші болып отыр [1, 5].

Негізгі климаттық сипаттамаларға метеорологиялық құбылыстарды бақылаудың көп жылдық қатарларының статистикалық өңдеу қорытындылары жатады: атмосфералық қысым, желдің бағыты мен жылдамдығы, ауаның ылғалдылығы мен температурасы, бұлттылық пен атмосфералық жауын-шашын. Сонымен қатар, Күн радиациясының ұзақтығын, көріну алыстығын, топырақ пен су қоймалары беткі қабаттарының температурасын, ылғалдың жер бетінен булануын, қар қабатының қалыңдығын, түрлі атмосфералық құбылыстарды және жер беті гидрометеорологиялық факторларын (шық, көктайғақ, тұман, күннің күркіреуі, бұрқасындар және т.б.) есепке алуға тура келеді.

Зерттеу әдістері және нәтижелерді талдау. Климаттың типтік және сирек байқалатын ерекшеліктерін анықтау үшін метеорологиялық бақылаулардың көпжылдық қатары болуы шарт. Қоңыржай ендіктерде 25-50 жылдық қатарлар пайдаланылса, тропиктерде олардың ұзақтығы азырақ болуы мүмкін, кейде (мысалы, Антарктидада атмосфераның биік қабаттарында) қысқа мерзімдік байқаулармен шектелуге тура келеді.

Климат өзгерісінің Қызылорда облысындағы байқалуын анықтау үшін аумақтың 2000-2020 ж.ж. аралығындағы орташа температурасының мәндері алынды. Температура мәндеріндегі өзгерістерге салыстырмалы талдау жасалып, кесте құрастырылды, кесте 1.

Қызылорда облысы аумағындағы температураның 20 жылдағы орташа мәндері бойынша қатты ыстық және қатты суық болған жылдар анықталды. Бұл өзгерістер облыс аумағында 2007 жылдан басталғаны байқалады. Ал 2007 жылға дейінгі уақытта ыстық не суық температура мәндерінде ауытқушылықтың болмағанын көруге болады.

Температура мәніндегі ауытқушылық Жаңақорған ауданы, Қызылорда қаласы және Арал ауданы бойынша үлкен мәндерді көрсетіп отыр.

Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан Қармақшы ауданында температураның жоғарылауы және төмендеуі соңғы жылдардағы температура мәндерінен көрінеді, атап айтқанда 2008 жылы ең жоғары температура - 42 °С және ең төменгі температура - -22, 2 °С болған, ал 2015 жылы ең жоғары температура 1,9-ға артқан.

Қызылорда қаласы бойынша 2019 жылы ең жоғары температура 44,5 болса, ең төменгі температура – 44,4 болған, ауытқушылық - 1,3°С. Температура мәндеріндегі ауытқушылық басқа аумақтарға қарағанда Қармақшы ауданы мен Қызылорда және Арал ауданында байқалды. Тым

ыстық не тым суық ауа райы осы аталған аумақтарда болғаны анықталып отыр. Салыстырмалы талдау бойынша температура мәндерінде өте үлкен айырмашылық жоқ сияқты көрінеді. Бірақ табиғат өте нәзік құрылымдардан тұратын болғандықтан көрсетілген ауытқушылық Жер бетінің әр түрлі аймақтарында қайталанғанда біраз өзгерісті туғызатыны белгілі [4].

Қызылорда облысы бойынша температурадағы айырмашылықты байқай отырып, атмосфералық жауын-шашындардың көп жылдық орташа мәндеріндегі өзгерісті қарастыру маңызды. 1970-2020 ж.ж. аралығындағы жауын-шашын мөлшеріндегі айырмашылық біршама өзгерісті білдіреді, кесте 2.

Кесте 1 - Қызылорда облысы аумағындағы температураның орташа мәндері, 2000-2020 ж.ж.

Жылдар	Жаңақорған		Шиелі		Қызылорда		Қармақшы		Қазалы		Арал	
	Е.ы.*	Е.с.*	Е.ы.	Е.с.	Е.ы.	Е.с.	Е.ы.	Е.с.	Е.ы.	Е.с.	Е.ы.	Е.с.
2000	43,6	-19,1	-	-	42,0	-20,0	41,8	-23,3	33,8	-22,9	41,6	-26,6
2001	41,1	-12,1	-	-	40,1	-13,0	40,3	-14,5	38,8	-13,7	39,4	-17,6
2002	43	-15,2	-	-	42,0	-21,3	41,1	-23,7	39,4	-22,9	40,7	-26,3
2003	41,4	-10,9	39,6	-10,1	40,3	-14,7	40,5	-16,1	38,4	-15,1	38,6	-17,2
2004	41,3	-19,4	40,0	-18,1	40,4	-19,0	39,6	-21,6	38,1	-21,8	39,8	-26,3
2005	42,6	-21	41,4	-19,9	42,5	-20,2	42,0	-27,1	39,4	-22,6	41,5	-24,5
2006	41,2	-20,2	40,3	-18,9	40,7	-20,2	41,0	-24,6	38,6	-23,6	41,4	-22,2
2007	43,1	-27,5	41,8	-25,5	41,1	-27,2	41,5	-30,8	38,7	-27,5	40,1	-29,1
2008	43,8	-13,2	41,9	-23,5	42,0	-18,8	42,0	-22,2	39,5	-24,9	40,5	-25,8
2009	39,5	-15,5	39,1	-18,8	39,5	-21,0	38,7	-21,4	36,6	-23,3	38,1	-25,9
2010	41,4	-20,1	39,9	-21,9	41,8	-22,7	42,0	-26,5	40,6	-25,3	42,3	-25,8
2011	41,2	-24,8	40,5	-24,1	41,0	-25,0	40,5	-25,1	39,5	-25,7	40,2	-27,4
2012	41,4	-20,1	40,8	-19,8	41,5	-20,6	41,0	-21,7	40,2	-22,5	43,4	-23,8
2013	41,7	-24,1	40,7	-22,8	40,0	-26,8	39,1	-27,8	37,2	-27,2	37,9	-28,6
2014	41,1	-18,2	41,0	-17,4	41,4	-19,4	41,3	-23,6	38,8	-23	40,2	-23,3
2015	43,5	-	43,2	-	44,4	-	43,9	-	41,1	-	42,5	-
2016	44,0	-16,5	43,5	-18,8	39,5	-21,0	38,7	-21,4	36,6	-23,3	38,1	-25,9
2017	41,4	-21,1	42,9	-23,9	42,8	-23,5	43,0	-27,2	41,3	-24,4	43,4	-26,3
2018	41,2	-24,8	40,5	-24,1	41,0	-25,0	40,5	-25,1	39,5	-25,7	40,2	-27,4
2019	41,4	-20,1	44,5	-19,8	41,5	-20,6	41,0	-21,7	40,2	-22,5	43,4	-23,8
2020	42,1	-24,1	40,7	-22,8	41,0	-27,8	40,1	-28,5	38,2	-28,5	38,3	-29,2

*Е.ы. және *Е.с. – жаз және қыс айларындағы орташа температура-лардың мәндері ескерілген.

Кестедегі «-» таңбасы жауын-шашын мөлшерінің азайғанын көрсетеді. Қыс мезгілінде жауын-шашын солтүстік облыстарда қардың көп түсуі есебінен «+» таңба көрсетілген. Жауын-шашынның азаюы құрғақшылықтың жиілеуі және шөлді аймақтар көлемінің ұлғаюына жағдай жасайды, кесте 2.

Кесте 2 - Атмосфералық жауын-шашындардың көп жылдық орташа жылдық мәндері (мм)

	Өлшем бірлігі	жылдық	Қыс	Көктем	Жаз	Күз
Қазақстан	мм	-0,6	1,4	-0,6	-0,6	-0,9
	%	-0,4	1,8	-0,2	-0,8	-1,4
Қызылорда	мм	-1,8	-0,6	-0,6	-0,2	-0,7
	%	-1,4	-1,4	-1,1	-1	-2,1

Кестедегі көрсеткіштер республика жерінде шөлді аймақтардың көбеюіне сәйкес келіп тұрғанын көрсетіп тұр. Жауын-шашын мәндеріндегі ауытқушылық температура мәндеріндегі өзгерістерге сәйкестікті анықтайды. Бұл өз кезегінде ғаламдық жылыну процесінің Қызылорда облысы аумағында көрініс табуы деп қарастыруға негіз болады.

Б. Коммонер заңы бойынша «Барлығы барлығымен байланысты» екені үнемі әркез ескеріліп отыруы тиіс сияқты.

Байқоңыр ғарыш айлағының қызметі климатқа әсер етпейтін сияқты көрінеді. Өйткені, ол атмосфераның экзосфера қабатынан жоғары ұшады және озон қабаты арқылы өтеді. Бірақ ғалымдардың зерттеулері бойынша озон тез арада түзіліп, жедел ыдырай алатын қасиетке ие. Сол себепті ғарыш кемелерінің, Жер серіктерінің ұшырылуы озон қабатына бір мезет, қабаттан өту кезінде ғана әсер етеді. Айлақтың қоршаған ортаның экологиялық ахуалына әсері негізінен гептилдің төгілуі мен ғарыш кемелері қаңқаларының құлауынан болатын көрінеді.

Қорытынды. Қызылорда облысы аумағындағы температура мәндерінің өзгерістері негізінде климаттағы ауытқушылықтың бар екені анықталды. Қызылорда облысы аумағындағы температура мәндерінің және жауын-шашын мөлшерінің өзгерістері бойынша құрастырылған кестеден климаттағы өзгерістердің нақтыланғанына көз жеткізуге болады.

Ұсыныс. Жергілікті аумақта озон қабатының жұқаруына әсер ететін әлеуетті көздер көп емес. Қала аумағындағы жалғыз кәсіпорын Жылу Электр Орталығы болса, тағы бір көз ретінде автокөліктерді айтуға болады. Осы аталған нысандардан атмосфераға шығарылатын жылулық газдардың, яғни азот тотығы, көмірқышқыл газы және су буының бөлінуін қадағалауды күшейту қажеттігі бар.

Андатпа. Байқоңыр ғарыш айлағы қызметінің озон қабатының бұзылуына көп әсері жоқ деп ескерілетіні, тек жергілікті аумақтың температурасына қосымша жылулық әсері болатыны ғалымдардың зерттеулері арқылы түсіндірілді. Байқоңыр ғарыш айлағының негізгі экологиялық әсері гептилдің төгілуімен байланысты қарастырылады.

Қызылорда облысы аумағындағы ғаламдық жылыну құбылысының байқалуын зерттеу үшін 20 жыл (2000-2020 ж.ж.) көлеміндегі Казгидромет

мемлекеттік кәсіпорнының статистикалық мәліметтері алынып, өңделді. Нәтижесінде Қызылорда облысы аумағында температураның ауытқушылығы бар екені, оның ең ыстық және ең суық кезеңде 1,3-тен 1,9 °С аралығында болатыны белгілі болды.

Температура өзгерісіне қарай аймақтағы жауын-шашын мөлшеріндегі ауытқушылық (1971-2020 ж.ж.) салыстырылды. Нәтижесінде температура өзгерісіне қарай аймақтағы жауын-шашын мөлшерінің азаю тенденциясының бар екені белгілі болды.

Кілт сөздер: климаттық факторлар, физикалық факторлар, ғаламдық жылыну, температура.

Аннотация. В работах многих ученых отмечается, что деятельность космодрома Байконур не оказывает значительное влияние на нарушение озонового слоя; по их мнению, она влияет лишь на повышение температуры в регионе. Экологические проблемы, связанные с работой космодрома, рассматриваются в связи с выбросами гептила.

Для того чтобы проанализировать, как процесс глобального потепления отражается на состоянии нашего региона, были обработаны статистические данные за 20 лет (2000 - 2020 г.г.), полученные в государственном учреждении Казгидромет.

В результате отмечено, что наблюдаются колебания температуры: в самый жаркий и в самый холодный период от 1,3 до 1,9 °С.

Был проведен сравнительный анализ колебаний объема осадков, выпадающих на территории региона (1971-2020 г.г.), и установлена тенденция снижения количества осадков, что вызвано изменениями температуры.

Ключевые слова: климатические факторы, физические факторы, глобальное потепление, температура.

Abstract. In the works of many scientists it is noted that the activity of the Baikonur Cosmodrome does not have a significant impact on the disturbance of the ozone layer; in their opinion, it only affects the temperature rise in the region. The environmental problems associated with the operation of the Cosmodrome are being considered in connection with the release of heptyl.

In order to analyze how the global warming process affects the state of our region, statistical data for 20 years (2000 - 2020) obtained at the state institution Kazhydromet were processed.

As a result, it was noted that temperature fluctuations are observed: in the hottest and coldest periods from 1.3 to 1.9 °C.

A comparative analysis of fluctuations in the amount of precipitation falling on the territory of the region (1971-2020) was carried out, and a downward trend in the amount of precipitation was established, which is caused by changes in temperature.

Keywords. climate factors, physical factors, global warming, temperature.

Әдебиеттер тізімі:

1. Куклев Ю.И. Физическая экология: Учебн.пособие/ Ю.И.Куклев. 2-е изд., испр. – М.: Высш. шк., 2003.-357 с.
2. Горбанев В.А. Глобальное изменение климата: от Рио до Канкуна //Интернет ресурс - с. 240-249.
3. Бекен А. Ғаламдық жылыну проблемасы //G-Global, Жарияланымдар. - 8 мамыр, 2015 ж.- 4 б.
4. Доклад о проблемах и последствиях глобального изменения климата на земле. эффективные пути решения данных проблем //ALLATRA SCIENCE, 2014 г. – 214 с.
5. Нұрғызаринов А. Аралдың экологиялық тынысы.-Алматы: Ғылым, 2006.- 226 бет.13.Вишнякова С.М., Вишняков Г.Я., Алешукин В.И. и др. Экология и охрана окружающей среды. Толковый терминологический словарь.-М.: Всемирный следопыт, 1998.-480 с.
6. Координационный центр изменения климата <http://www.climate.kz /rus/?m=html&cid=80>

FTAMP (МРНТИ) 06.77.59

Әлеуметтік сақтандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырудың маңызды құралы

Аяған Кәмілә Бақытқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
СР- 18-1 оқу тобы студенті,
Умирзакова Меруерт Абдуалиевна
экономика ғылымдарының кандидаты

Сақтандыру қызметі өркениетті қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған орай, оның даму стратегиясы республиканың жалпы экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерімен тығыз байланыста болуы шарт. Сақтандыру жүйесін реттеуді ұйымдастырудың жетілдірілмегендігі, осы сектор дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру механизмдерінің жоқтығы – осы аталғандар сақтандыру қызметін дамыту қиыншылықтарының көзі болып табылады.

Әлеуметтік сақтандыру деп әдетте еңбек ету қабілетін жоғалтқан және (немесе) жұмысынан айырылған жағдайларда азаматтарды материалдық қолдау және олардың денсаулығын қорғау үшін қоғамдық өнім құнын қайта бөлу жөніндегі экономикалық қатынастардың жүйесін айтады. Әлеуметтік сақтандыру:

- 1 әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі нысандарының бірі;

2 экономикалық тұрғыдан белсенді халықты жұмыстан, еңбек ету қабілетінен және табыстан айырылуға байланысты түрлі тәуекелден зиянды өтеудің ұжымдық ынтымақтастығы негізінде әлеуметтік қорғау нысаны;

3 азаматтарды қартайғанда, сырқат, жазатайым оқиға салдарынан, бала туу себепті, т.б. мән-жайларға байланысты еңбекке уақытша немесе тұрақты жарамсыз болған жағдайда, сондай-ақ олардың денсаулығын сақтау, қорғау мақсатымен материалдық жағынан қамсыздандыру жүйесі.

Әлеуметтік сақтандырудың ерекшелігі – жұмыс берушілердің және мемлекеттің қолдауымен жұмыскерлердің мақсатты жарналарынан құралатын мамандандырылған қорлардан қаржыландыру, яғни әлеуметтік сақтандыру кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың міндетті жарналарынан құралатын ерекше қорлардың есебінен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сақтандырудың екі нысаны бар, олар: міндетті әлеуметтік сақтандыру және ерікті әлеуметтік сақтандыру.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру бюджеттен тыс мақсатты (мемлекеттік немесе қоғамдық) қорлар арқылы қамтамасыз етілетін мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктердің бір түрі. Бұл қорлардың тапшылығы жағдайында мемлекет оларға мемлекеттік бюджет қаражатынан көмек көрсетеді. Сөйтіп, ол осы қорлардың қаржылық орнықтылығының және міндетті Әлеуметтік сақтандыру бағдарламасының іске асырылуының кепілі болып табылады.

Ерікті әлеуметтік сақтандыру мемлекеттің (мемлекеттік бюджеттің) сақтандыруды қолдауы жоқ болғанда ұжымдық ынтымақ және өзара көмек қағидаты негізінде құрылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы №886 қаулысымен мақұлдаған Қазақстан Республикасында Халықты әлеуметтік қорғаудың тұжырымдамасы мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың мүмкін болатын әлеуметтік қатер туған жағдайда халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесін қалыптастырудағы бағыттарын айқындап берді. Рыноктық экономика жағдайында әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмектен басқа халықты әлеуметтік қорғаудың басым түрлерінің бірі әлеуметтік сақтандыру болып табылады.

Әлеуметтік сақтандыру қоғамдық игілік туралы қамқорлық идеясына негізделген және мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігін құрады. Ол, бір жағынан, осы саясатты іске асыру механизмі ретінде, халықты әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың негізі ретінде; басқа жағынан, объекті жалпы бүкіл халық, сол сияқты әлеуметтік тәуекелдердің болу критерийлері бойынша бөлінген жекелеген әлеуметтік топтар болып табылатын қартайған, денсаулықты, мүліктік мүдделерді қорғау жағдайында азаматтарды материалдық қамтамасыз ету жүйесі ретінде болып келеді. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қаржылық механизмі әлеуметтік салықтар мен сақтық жарналары есебінен сақтық қорларын қалыптастыруға негізделген.

Әлеуметтік сақтандыру - әлеуметтік қамсыздандыру нысандарының бірі болып табылады. Алайда бұл екі жүйенің арасындағы айырмашылық азаматтардың еңбек қызметіне қатысты және еңбекке жарамсыздар үшін қорларды қалыптастыру әдістерімен қаланған.

Әлеуметтік сақтандыру еңбек ету қабілеттігін уақытша немесе үнемі жоғалтқан азаматтар үшін сақтық әдісін қолданумен қорды қалыптастыруға және пайдалануға байланысты пайда болатын қатынастарды білдіреді. Бұл ретте жұмыс істеген немесе уақытша ауру себепті жұмыс істемейтін азаматтардың контингенттерін ойға алу; сөйтіп, әлеуметтік сақтандырудың маңызды ерекшелігі сол, оның бүгінгі немесе бұрынғы жұмыскерлердің еңбек қызметімен тікелей байланысты болып табылатындығы.

Әлеуметтік қамсыздандыру еңбек ету қабілеттігін немесе оған иелік етуден айырылған азаматтарды қолдау үшін, яғни барлық азаматтар үшін еңбек қызметіне олардың қатысуына қарамастан қорлар қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты қатынастарды білдіреді, бұл үшін айтылған қорларды қалыптастырудың бюджеттік әдісі пайдаланылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру категорияларының іс-әрекетінің объективті қажеттігі ұлғаймалы ұдайы өндіріс үдерісінің, атап айтқанда, оның құрамды бөліктері бірінің - жұмыс күшінің ұдайы толықтырылуының талаптарынан туындайды. Ұдайы өндірістің бұл түрі үшін қаражаттардың негізгі көзімен - еңбекақы, басқа жекеше табыстардың қорымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру қорлары жұмыс істейді [1].

Сақтандыру міндеттемесі. Міндеттеме – бұл келісім жасаушы тұлғалардың бір жағы екінші жағы алдындағы өз мойнына жүктейтін және сақтандыру келісінде көрсетілетін нақты бір міндеті немесе міндеттерінің жиынтығы болып табылады. Мысалға, сақтандырушы сақтандыру сыйақысын есептеу, сақтандыру өтемақысын төлеу және т.с.с.

міндеттерді мойнына алады, ал өз кезегінде, сақтандырушы сақтандыру объектісі туралы толық және дәйекті мәліметтер беру, сақтандыру сыйақысын төлеу және т.с.с. міндеттерді мойнына алады. Міндеттемесі сақтандыру келісімінің мерзіміне қарай қысқа және ұзақ мерзімді сипатта болады.

Сақтандыру ережелері. Сақтандыру ережелері – бұл нақты бір сақтандыру түрі бойынша сақтандырушының қалыптастырған және ресми түрде бекіткен жүйеленген шарттары болып табылады [2].

Қазақстанның сақтандыру нарығының даму перспективаларына келетін болсақ, бұл салада бірқатар мәселелер бар, оларды компанияларға қойылатын талаптардың сәтті дамуы үшін ескеру қажет. Қазақстандағы сақтандыру компаниялары нарықта болу үшін көптеген көрсеткіштерге сәйкес келуі керек. Бұл, егер кем дегенде бір индикатор қолайлы мәннен

аспаса, сақтандыру ұйымы өз қызметін жүзеге асыра алмайды дегенді білдірмейді.

Қазақстанда сақтандыру институтының пайда болуының алғашқы қадамдары мемлекетіміздің тәуелсіздік алу кезеңінен басталады. Сақтандыру нарығының қалыптасуы экономикалық өтпелі кезеңге сәйкес келді. Өндірістің төмендеуі, өндіріс орындарының төлем қабілетінің кемуі, инфляция және жұмыссыздық сияқты микроэкономикалық құбылыстар сақтандыру нарығының жағдайына әсер етті. 90- жылдардың басында пайда болған сақтандыру компанияларының тәжірибелері және жеткілікті мөлшерде қаржылары болмағандықтан, көптеген сақтандырушылардың күйреуі кездейсоқ емес еді. Осындай сақтандырушылардың нарықтан кетуі, Қазақстан Республикасы халықтарының арасында сақтандыруға деген сенімсіздікті қалыптастырды. Ол кездегі сақтандыру компанияларының табысты жұмыс жасай алмауының себебі, олардың тәжірибелерінің жоқтығына ғана байланысты емес, сонымен бірге, мемлекеттің өзіндегі қаржылық тұрақсыздыққа да байланысты еді.

Қазақстандағы сақтандыру нарығының құрылуы мен орнығуы, бұл саладағы мемлекеттік реттеудің нормативті-құқықтық базасының даму нәтижесімен байланысты. Сондықтан, біз Г.И.Маянлаеваның Қазақстан Республикасындағы сақтандыру іс-әрекетінің дамуын үш кезеңге бөлу керек деген пікірімен келісеміз.

Бірінші кезең 1991-1995 жылдар. Бұл кезеңде, Қазақстанда сақтандыруды демонополизация жасау нәтижесінде, сақтандыру құқығы қалыптасты және осы кезеңде Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы туралы қарама-қайшы көзқарастар болды.

Екінші кезең 1995-1998 жылдар. Қазақстандағы сақтандыру нарығының ілгермелі даму кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 3 қазанындағы «Сақтандыру туралы» Жарлығы шыққан кезден басталады.

Үшінші кезең-1999 жылдан басталып, осы күнге дейін созылады. Бұл кезеңде Қазақстандағы сақтандыру ісін құқылық жағынан реттеу және ұлттық сақтандырушыларға орташа қолдау көрсету саясаты нәтижесінде, сақтандыру нарығын одан әрі жетілдірді [3].

Қазақстанда алғашқы сақтандыру компаниялары 1990 жылы пайда болды. Сол кезде сақтандыру нарығының жұмысын реттеу үшін нормативті-құқықтық база құру қажеттілігі туындады. Сондықтан, 1992 жылдың 3-шілдесінде «Сақтандыру туралы» Заң қабылданды. Бұл заң, әртүрлі принциптер бойынша жұмыс істейтін сақтандыру нарығының қалыптасуының бастамасы болды. Мұнда бірінші рет, сақтандыру арқылы қызмет көрсететін кәсіпкерлікті ресми түрде, жеке және заңды тұлғаларды тәуекел жағдайынан қорғайтын қызмет екендігі мойындалды.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығындағы жағдайды қанағаттанарлық деп санауға болмайды. Қазақстандағы сақтандыру

қызметтері нарығы әлі де қаржы нарығының басқа салаларынан дамуда артта қалып отыр, олардың көпшілігі экономикалық өсімнен тез дамып келеді. Сақтандыру нарығының жеткіліксіз дамуы объективті және субъективті сипаттағы шешілмеген бірқатар мәселелермен байланысты, олар уәкілетті органның бағалауы бойынша ұзақ уақытты қажет етеді. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте-1. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.01.2018	01.01.2019
Сақтандыру ұйымдарының саны	32	29
* өмірді сақтандыруды қоса	7	6
Сақтандыру брокерлерінің саны	16	15
Актуарийлер саны	59	56
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қатысушылары болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	22	23
Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру ұйымдарының өкілдіктерінің саны	3	3
Ескерту-[4] әдебиет негізінде құрастырылған		

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 038 510 млн. теңгені құрады (2018 жылдың басында - 926 043 млн. теңге), 2018 жылдың басынан өсім - 13,2%.

Активтер құрылымындағы ең үлкен үлес (жиынтық активтердің 51,9%) 543,778 млн.теңге (2018 жылдың басында - 424,820 млн.теңге) бағалы қағаздарға тиесілі, 2018 жылдың басынан 28%-ға өсті.

Екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған депозиттер жиынтық активтердің 18,2% қатысуымен 190,438 млн. Теңгені құрайды (2018 жылдың басында – 208,348 млн. Теңге немесе жиынтық активтердің 22,5%), 2018 жылдың басынан төмендеу – 8,6%.

Қайта сақтандыру активтері жиынтық активтердің 10,7% қатысуымен 111 843 млн. Теңгені құрайды (2018 жылдың басында – 110 237 млн. Теңге немесе жиынтық активтердің 11,9%), 2018 жылдың басынан өсім – 1,5% [3].

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы 2019 жылдың қорытындысы бойынша 509 млрд теңге сомасына сақтандыру сыйақыларын жинады, бұл 2018 жылға қарағанда 32%-ға артық, оның ішінде жалпы сақтандыру саласының компаниялары 311 млрд теңге жинады, өсім 21%-ды құрады.

Міндетті сақтандыру бойынша ЖСК-ның сақтандыру сыйақыларының көлемі 84 млрд теңгеге жетті, 2018 жылға қарағанда өсім 13% құрады, ерікті

жеке сақтандыру бойынша – 48 млрд теңге, өсім – 48%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 180 млрд теңге, өсім 19%-ды құрады.

Сақтандырудың ең кең таралған түрі – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер саны 2018 жылмен салыстырғанда 59 835-тен 74 914-ке дейін артты. Оның ішінде орташа төлем 368 мың теңгеден 396 мың теңгеге дейін өсті, демек өсім – 8%-ды құрап отыр.

2020 жылдың 1 қаңтардан бастап Қазақстан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшті. Жаңа жүйе аясында халыққа тегін медициналық қызмет көрсететін барлық мекемелермен келісімшартқа қол қойылған. МӘМС аясында науқастарға көмек көрсететін 2000-ға жуық медициналық мекеме таңдалды. Олардың 60 пайызы – жекеменшік клиникалар. Бүгінгі күнге дейін қазақстандықтардың 83 пайызы жаңа жүйе бойынша сақтандырылып үлгерген. Десе де, халықты МӘМС бойынша мазалайтын сауалдар өте көп [5].

Қорытындылай келе, сақтандыру ісінде халықтың белсенділігінің төмен болуын, сақтандыру компанияларының өздерінің іс-әрекеттері туралы халыққа ақпараттар жеткізу ісіне жеткілікті көңіл бөлмейтіндіктермен түсіндіруге болады. Ағымдағы қолданыстағы сақтандырулар мен сақтандырудың жаңа түрлері туралы қажетті ақпараттар тарататын сапалы да, мазмұнды жарнамалардың жоқтығы да әсер етті. Сақтандыру қызметіне сұраныс жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, тұтынушылар арасында сақтандыруға деген сұранысты қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілмейді, сақтандыру қызметін пайдаланушылар арасында олардың негізгі құқылары жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілмейтіндігін де айтуға болады.

Әлеуметтік сақтандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырудың маңызды құралы

Социальное страхование как инструмент реализации государственной социальной политики

Social insurance as a way for the implementation of state social policy

Аңдатпа: Бұл мақалада әлеуметтік сақтандыру нарығының қызметі туралы айтылған. Әлеуметтік сақтандыру - әлеуметтік қамсыздандыру нысандарының бірі болып табылады. Осыған орай, әлеуметтік сақтандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асырудың маңызды құралы екендігі және сақтандыру компанияларына халықты сақтандыру қызметтері туралы ақпараттандыру қажеттілігі айтылған.

Кілт сөздер: әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік саясат, міндетті әлеуметтік сақтандыру, ерікті әлеуметтік сақтандыру, сақтандыру нарығы.

Аннотация: В этой статье рассказывается о деятельности рынка социального страхования. Социальное страхование является одной из форм

социального обеспечения. В этой связи отмечается, что социальное страхование является важным инструментом реализации социальной политики государства и необходимость информирования страховых компаний О страховых услугах для населения.

Ключевые слова:рынок социального страхования, социального обеспечения, социальной политики, обязательного социального страхования, добровольного социального страхования, страхования.

Annotation:This article discusses the activities of the social insurance market. Social Security is one of the forms of Social Security. In this regard, it is noted that social insurance is an important tool for implementing the social policy of the state, and it is necessary to inform insurance companies about the insurance services of the population.

Keywords:social insurance, Social Security, Social Policy, compulsory social insurance, voluntary social insurance, employment market.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлеуметтік сақтандыру // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Сақтандыру: Оқу-әдістемелік құрал// С.Ж. Пралиева – Алматы:«Тұран» Университеті, 2020. – 93 б.
3. Жетесова М.Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығының динамикасын талдау // Экономика және статистика - 2014.- №2 - 110 б.
4. Канабекова М.А., Жақсыбаева Ә.Б. Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жолдары. //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы «Экономика» сериясы. №3(61) Алматы, 2019,- 60-61 б
5. Қазақстанның сақтандыру нарығы: өсу нүктелері, басымдықтар мен бағдарлар.// https://forbes.kz/process/azastan_respublikasyinyi_2020

FTAMP 14.25.01

Бастауыш мектеп жағдайында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың ерекшеліктері

Әбдікәрім Балғын Ғаниқызы
ПМНО-19-1У оқу тобының студенті,
Жамансариева Лаззат Дауревна
Педагогика ғылымдарының кандидаты,

«Бастауыш мектеп жағдайында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың ерекшеліктері» - тақырыбының аясында «технология», «денсаулық технологиясы» ұғымдарына түсініктеме берілген. Денсаулық

сақтау технологиясының мақсаты және сол мақсатқа жеткізетін гигиеналық құралдар нақтыланған. Денсаулық сақтау технологиясын қолданудағы гигиеналық талаптар көрсетілген. Пандемия кезіндегі денсаулық сақтауға байланысты білім беру жүйесіндегі өзгерістерге толық талдау жасалынған.

В рамках темы «Особенности применения здоровьесберегающих технологий в условиях начальной школы» даны разъяснения по понятиям «технология», «технология здоровья». Уточнены цель здоровьесберегающей технологии и гигиенические средства, которые она обеспечивает для этой цели. Указаны гигиенические требования к применению здоровьесберегающей технологии. Проведен полный анализ изменений в системе образования, связанных с здравоохранением во время пандемии.

Within the framework of the topic "Features of the use of health-saving technologies in primary school conditions", explanations are given on the concepts of "technology", "health technology". The purpose of the health-saving technology and the hygiene products that it provides for this purpose are clarified. The hygienic requirements for the use of health-saving technology are specified. A full analysis of the changes in the education system related to health care during the pandemic was carried out.

Кілт сөздер: технология, денсаулық, денсаулық технологиясы, пандемия, короновирус.

Ключевые слова: технология, здоровье, технология здоровья, пандемия, короновирус.

Keywords: technology, health, health technology, pandemic, coronavirus.

Қазақстан Республикасының бүгінгі күнгі білім беру тұжырымдамасы мен білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарындағы оқыту үрдісінің педагогикалық технологиялары ретінде және денсаулықты сақтауды ұйымдастырудағы жаңалық ретінде оқу - тәрбие үрдісіне денсаулық сақтау технологиялары енгізілуде. Оқыту мазмұнына жаңалық ендіру оқу үрдісіне қатысушылардан үлкен күш пен еңбекті талап ететін үрдіс. Ол өз кезегінде физиологиялық шаршау мен психоэмоциялық артық жүктеме түріндегі ағзаның функционалдық ахуалының әр түрлі ауытқуларын тудырады. Сол себепті де оқушыларда созылмалы аурулар, психиканың бұзылуы және стресстік жағдайлар көп болады. Сондықтан болар арнайы мамандандырылған мектептерде жалпы білім беретін мектептерге қарағанда оқушылар көп ауырады [2].

Педагогика ғылымына «технология» ұғымы ХХ ғасырдың 60-жылдарында ене бастады [4]. Қазіргі уақытта «технология» ұғымына бастапқы затты түрлендіріп күтілген параметрлерді алу үшін қажетті әдістердің жиынтығы деп түсінік береді. Денсаулық сақтау технологияларында күтілетін параметрге адамның (бала, жасөспірім, ересек адам) физикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайының сәтті болуы

жатады. Ал педагогикалық технологиялар күтілген параметрлерге жетуді жеңілдететін біршама талаптарға жауап береді. Технологиялардың негізгі ерекшелігі соңғы нәтижені алдын - ала болжай алады.

Технология дегеніміз - білім беру үрдісіне қажетті әдіс - тәсілдер жүйесі және техникалық және адами ресурстарды пайдалана отырып оқытуды жетілдіре отырып білімді меңгерту.

Білім беру технологияларының жіктелуінде «денсаулық сақтау технологиялары» деген ұғым жоқ. Себебі, ол нақты бір технология түрінде болмайды. Десек те, «денсаулық сақтау технологиясы» ұғымы білім беру мекемесінің оқушы денсаулығын қалыптастыру, сақтау және нығайту бағытындағы барлық жұмыстарын біріктіреді [5].

Бүгінгі мектептің мақсаты - оқушыны өмірге дайындау. Оқушының мектепте алған білімі - оның болашақ өміріне қажетті, қолданылатын білім болуы қажет. Бұл мақсатқа оқушы мен мұғалім денсаулығын көздейтін оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін жинақтаған денсаулық сақтау педагогикасы арқылы жете алады. Мұғалім педагогиканың соңғы жаңалықтарын біле отырып, оқушы, ата - ана, медицина қызметкерлері мен өз әріптестерімен бірлесе отырып, өз жұмысын бүкіл педагогикалық үрдістің қатысушылары денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағыттап жоспарлайды.

Денсаулық технологиясы деген бірегей технология жол. Ол тек білім беру үрдісінің міндеттерінің бірі ретінде көрінуі мүмкін. Ол оқу үрдісінің медицина-гигиеналық бағыты (педагог - медицина қызметкері - оқушының тығыз байланысы жүзеге асатын), дене шынықтыру - сауықтыру бағыты (дене шынықтыру сабақтарына ерекше назар аударатын), экологиялық (табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас жасау) және тағы басқа да болуы мүмкін. Тек оқытуды кешенді түрде қарастырғанда ғана оқушы денсаулығын қалыптастыру мен нығайту міндеттері шешілуі мүмкін [1].

Денсаулық сақтау технологиялары көптеген педагогтарға белгілі психологиялық - педагогикалық әдіс - тәсілдер, технологияларды, мәселені шешу жолдарын жинақтайды және соған қоса мұғалімнің өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылысы қажет.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты - оқушының мектепте жүрген кезінде денсаулығын сақтау, оның денсаулығын сақтау туралы білім, білігі мен дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін қолдана білуге үйрету. Барлық денсаулық сақтау технологияларының негізгі ерекшеліктері - оқушылар денсаулығын үнемі экспресс - диагностикадан өткізіп, бақылап отыру және ағзаның қалыпты дамуын бақылап, оқушы денсаулығы туралы қажетті қорытындылар (оқу жылының басы мен аяғында) жасап отырады.

Сонымен денсаулық сақтау технологияларын ендірудегі мақсат - денсаулық сақтау жөніндегі мұғалімнің білімін жетілдіру, оқушының дене шынықтыру жаттығулары мен салауатты өмір сүру салтының денсаулық сақтауды ұйымдастыру - сауықтыру әдістемесін жетілдіру.

Қазіргі заман мұғалімі денсаулық сақтау жүйесіндегі мектепте жұмыс істеу үшін әдістемелік дағды мен технологиялық біліктіліктің «педагогикалық минимум» деңгейімен қамтамасыз етілуі қажет. Оқушыларға денсаулық сақтаудың негіздерін білдіре отырып, салауатты өмір сүруге қызығушылығы мен сұранысын туғызу қажет [7].

Демек, денсаулық сақтау технологиялары дегенде оқу - тәрбие үрдісінде ұтымды пайдаланып жүрген, педагогикалық ұжым меңгерген оқушы мен олардың ата - аналар үшін оқытуда және күнделікті тұрмыста пайдалану деп түсіну керек.

Оқу - тәрбие үрдісіне денсаулық сақтау технологияларын жасау мен ендіруде ғалымдар мынадай бағыттарды ерекше көрсетеді:

а/ оқушы ағзасын шынықтыруға негізделген оқу пәндерін тереңдетуге технологиялық жоспарлар жасау;

б/ оқушы қатысатын дене шынықтыру, спорттық секция мен мектептен тыс спорттық ұйымдардағы денсаулық сақтау компоненттерін жетілдіру;

в/ оқытудың мазмұнын оқушы денсаулығын сақтау технологияларына бейімдеу (оқушының дем алысын, денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған жана режимде жұмыс жасау, оқушылардың дұрыс тамақтануы, витаминді тамақтануы, дәрігерлік - гигиеналық қамсыздандыру)

г/ оқушының ортасы мен мектептің медико-биологиялық ресурстарын денсаулық сақтау мақсатында тиімді қолдану.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсатына жету үшін оқытудың мынадай құралдары қолданылады:

1/ қозғалысқа бағытталған құралдар;

2/ табиғаттың сауықтыру күштері;

3/ гигиеналық факторлар.

Бұл құралдарды кешенді түрде пайдаланғанда ғана сауықтыру педагогикасы міндеттерін шешеді. Қозғалысқа бағытталған құралдарда сауықтыру технологияларының міндетін шешеді және оларға мыналар жатады:

- қозғалыс;
- физикалық жаттығулар;
- сергіту минуттары мен үзілістегі бойжазулар;
- эмоцияны басу мен «тыныштық минуттары»;
- гимнастика (сауықтыру гимнастикасы, саусақтық, корригирациялық, тыныс алу, салқын тиюдің алдын алу, сергітуге арналған);
- емдік дене шынықтыру;
- қозғалысты ойындар;
- массаж, психогимнастика, тренинг т.б.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсатына жеткізетін гигиеналық құралдарға мыналар жатады:

- СанПин белгілеген санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы;

- Жеке бас пен қоғамдық гигиенаның сақталуы (тәннің тазалығы, оқу орнының тазалығы, ауаның тазалығы, т.б.)
- Оқу өтілетін орынды желдету және дымқыл тазарту;
- Күннің жалпы режимін сақтау, қозғалыс, тамақтану мен ұйқы режимін ұстану;
- Оқушыларға қарапайым қол жуу дағдысын, түшкіру мен жөтелу кезінде беторамал қолдану сияқты дағдыларды үйрету, т.б.
- Салауатты өмір сүрудің қарапайым тәсілдерін оқып үйрену, дененің бір жерін кесіп алғанда, денеге дақ түскенде, күю кезінде, жәндіктер шағып алғанда алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдыларын үйрету, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін егу жүргізуді ұйымдастыру, оқушыда зорығу болмас үшін оқу жүктемесін шектеу.

Гигиеналық талаптарды орындамау оқытудың денсаулық сақтау технологияларының тиімділігін төмендетеді [8].

Оқушының жоғары жұмыс қабілеттілігін сақтау, қажудың алдын алу мен зорығуды болдырмау үшін, олардың еңбегі мен демалысын дұрыс ұйымдастыру арқылы шешу денсаулық сақтау педагогикасының негізгі міндеті болып табылады. Ол үшін мектеп өмірінің негізгі жағдайларын ескеру қажет: сабақтың ұзақтығы, оқу күні мен аптасының ұзақтығы, сабақтың ұйымдастырылуы, сабақ кестесі, үзілістер. Жұмысқа қабілеттілік динамикасы сызығына жүргізілген арнайы зерттеулер сабақтың 45-тан ұзақ болуының қажет еместігін көрсетеді. Бірақ бастауыш сынып оқушылары үшін, әсіресе 1-сыныпқа 45 минуттық сабақ ұзақтығы ауыр соғады. Жұмысқабілеттілік сызығы сабақтың 35 минутына дейін балалар жұмысының жылдамдығы мен нақтылығы бірқалыпты, ал соңғы 10 минутта күрт төмендейтінін көрсетеді. Бұл адам миының сұр бөлігінің шаршайтындығын түсіндіреді [3]. Педагогикалық бақылаулар сабақтың соңғы 10 минутында балалардың жартысынан көбі мұғалімді тыңдамайтындығы мен басқа шаруамен айналыса бастайтынын байқаған. Сабақтың ұзақтығы 35 минутқа қысқарту орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайын жақсартады және оқушының жоғары жұмыс қабілеттілігін оқу күні барысында сақталуына мүмкіндік береді [1].

Мектеп ұжымның келісімімен бастауыш сыныптардағы сабақ ұзақтығын (әсіресе 1 - сыныптарда) 35 минут жасауға құқығы бар. Бірақ көп жағдайда мектеп ұйымдастыру қиыншылықтарына байланысты бұл құқықты пайдалана бермейді. Бала денсаулығын сақтауды ойластырған мектеп үшін бұл шешілмейтін мәселе емес. Мысалы, 1 сыныптағыларды мектепке бейімдеу мақсатында алғашқы 2 айда (қыркүйек - қазан) 3 сабақтан 30 минуттық ұзақтықпен, ал қарашада 4 сабақ 30 минуттан, желтоқсаннан бастап 4 сабақ 35 минуттан етіп біртіндеп ұзақтығы мен жүктемесін ұлғайту керек [3].

Оқушының сабақ үлгерімі мен денсаулығының оң нәтижелері оқу үрдісін ұйымдастыруда биологиялық ритмін ескерілу қажет екендігін көрсетті. Күннің бірінші жартысында сабақ ұзақтығы 45 минуттан 35 минутқа төмендеуі (жұмыс қабілеттіліктің төмендеуіне байланысты) қажет. Ал күннің екінші жартысында (2 - кезекпен оқытылатын мектептерде) алғашқы сабақ 30 минуттан, соңғы сабақтарды 45 минуттық етіп қоюға болады. Оқуды 6 жастан бастаған балалар үшін қысқартылған (30 - 35 минуттық) сабақтар аса қажет.

Соңғы жылдары көптеген мектептерде 5 күндік оқуға көшулеріне байланысты бір күнде оқылатын сабақтар саны көбейген, ал сабақ ұзақтығы 40 минуттан болды. Бұл дұрыс шешім, бірақ бастауыш сынып оқушылар үшін, әсіресе 1 - сыныптар үшін 40 минут өте ұзақ.

Бәрімізге белгілі 1- сынып балалары балабақшадан мектепке бейімделетін өтпелі уақытты кешеді, маңыздысы оның аса күрт болып, балаға ауыр соқпау керек.

Оның үстіне балалар бақшаның дайындық топтарында 2-3 сабақты 25 минуттық ұзақтықпен оқиды. Арада бірнеше ай ғана айырмашылықпен бірден 4 сабақпен 35, кейбір жағдайда 45 минуттық сабақ үлкен ауыртпалық болып есептеледі. Бұндай оқу күні 1-сынып оқушылары үшін әсіресе алғашқы уақытта қиын соғады. Зерттеулерге сүйенсек, 30-35 минуттық сабақтың өзінде оқушылар қажетті деңгейді меңгереді, ал 45 минуттық төрт сабақ (әсіресе I - жартыжылдықта) 6 жасарларға ғана емес, 7 жасар балалар үшін де ауырлық жасайды.

Сондай-ақ, 1-сыныптар үшін төрт сабақ өте тиімсіз. Мысалы, олардың 4-ші сабақтағы жұмыс жылдамдығы 1-сабақпен салыстырғанда 1,6 есе, жұмыстың орындалу нақтылығы 2,6 есе төмен. Оның үстіне 1-3 сабақтарда оқушылардың жұмыс қабілеттілігі біртіндеп түссе, 4-ші сабақта күрт, секірмелі төмендеу байқалады. Бұл «секіру» критикалық нүкте ретінде физиологиялық мақсаттылық пен мүмкіндік шегін көрсетеді. Бұл әсіресе апта соңындағы 4 сабақта айқын байқалады.

Демек қазіргі міндет аз уақыт ішінде көлемді оқу материалын игерту қажет. Бұл міндетті шешудің бірнеше бағыттары бар. Біріншіден, адамның қордағы мүмкіндіктерін белсендіретін оқытудың жаңа құралдары мен әдістерін жасау. Екіншіден, мектептің оқу уақытын ұзарту, ол жылдың соған сәкес күндік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, мектептің кәсіби бағыты бойынша арнайы бағдарламалармен оқыту, яғни мамандығына қажетті пәндерді ғана оқыту арқылы, сабақ жүктемесін азайту. Сонда оқу сағатының санын көбейту арқылы көп мәлімет білдіреміз деу бала денсаулығына физиологиялық сәйкес келмейді және тиімсіз.

Денсаулық сақтау технологиясын тиімді қолданудың маңыздылығы кешегі пандемия кезінде айқын көрсетті. Пандемия уақытында қабылданған шаралар қазақстандық мектептер үшін де жаңа әрі күтпеген жағдай болды.

Көктемгі каникулды бір аптаға ұзартып, сол уақытта білім беру процесін карантин жағдайына бейімдеуге, қажетті ұйымдастыру жұмыстарын шұғыл жүргізуге тура келді. Жаңа оқу форматына дайындық барысында басты мәселелер анықталды. Мәселен:

Біріншіден, мұндай форматта білім беруде нормативтік реттеудің және жұмыс тәжірибесінің болмауы. Қолданыстағы заңнамада «қашықтан оқыту түрі» деген ұғым мүлдем жоқ, сәйкесінше бағдарламалар да, регламенттер де, әдістемелер мен нұсқаулықтар да жоқ.

Екіншіден, орта білім беру жүйесінің дайындық факторы: дағдарыс жағдайында қашықтан оқытуға көшу, әсіресе, ауылдық мектептердегі педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Үшіншіден, бұл - сыртқы факторлар: интернет-байланыс факторы, инфрақұрылымдар, кері байланыс орнату үшін қажетті жабдықтардың жетіспеуі.

Төртіншіден, білім алушылардың басым көпшілігімен бір мезгілде стримингтік байланыс ұйымдастыруға жағдай жасайтын отандық ІТ-платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің және Интернет арқылы сабақ өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін аз уақыттың ішінде материалдарды, бағдарламаларды дайындауға, видеосабактарды түсіруге, оқытудың, бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтарын әзірлеуге, педагогтер үшін оқыту курстарын өткізуге және қашықтан оқыту үшін арнайы интернет-платформалардың жұмысын жеделдетуге тура келді.

Біз халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің ұсынымдарын зерделегеннен кейін, туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерімізді ескере отырып, қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын бірден қолдану қажет деп шешті. Олар:

- 1) интернет арқылы оқыту;
- 2) телеарналар мен радио арқылы білім беру;
- 3) шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Пандемияға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі бастауыш сынып жағдайларын кесте бойынша бөліп қарастырайық:

Пандемияға дейінгі кезеңдегі сыныптар	дейінгі бастауыш	Пандемия кезіндегі бастауыш сыныптар 1 сәуір -25 мамыр 2020жыл	Пандемия кезіндегі бастауыш сыныптар 2020жылдың қыркүйегінен бастап	1
Барлық қарапайым жұмыс жасады	мектептер форматта	Сабақтар тек онлайн форматта өтті	Мектептер оффлайн және онлайн форматта	жартылай және жартылай жұмыс

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

		жасады (1 наурызға дейін)
Сабақ бірдей уақытта басталды. Мысалы 08:30-11:30 аяқталды. Барлық оқушылар түгел сабаққа қатысты	Ата – аналар жиналысы, тәрбие сағаттары онлайн форматта өтті	Сабақ сыныптарда әр түрлі уақытта басталды. Мыс: 1 сыныптар 08:30 ,2 сыныптар 08:40. 3 сынып 09:00. Үзілс уақыттары әр түрлі. Тек кезекші сыныптар сабаққа барды және әр сыныптан тек 15 балаға дейін сабаққа қатаса алды. (1 наурызға дейін)
Сабақ 45 минуттан болды, қоңырау уақыты 5 минут пен 10 минут арлығында болды	Мектептегі іс шаралар тоқтатылды	Сабақ 40 минуттан болды , қоңырау уақыты 5 минут
Негізгі пәндермен қатар қосымша пәндер оқытылды. Тәрбие сағаттары, ата-аналар жиналысы уақытылы өткізілді	Тек техникалық құралдармен негізгі пәндер ғана оқытылды.	Мектепте тек негізгі пәндер оқылды. Тәрбие сағаттары, үйірме жұмыстары. өткізілген жоқ, ата-аналар жиналысы тек онлайн түрде өтті
Әр партаға 2 оқушыдан отырды		Әр партаға тек 1 оқушыдан және белгіленген орындарға ғана отырды және тек бетпердемен сабаққа қатысаты. Топтық тапсырмалар берілмейтін болды (1 наурызға дейін)
Сыныптарда тек қарапайым тазалық жұмыстары жүргізілді		Сыныптарда арнайы тазалық жұмыстары жүргізілді. Кварцтар қосылды, антисептик пен ауыстыруға арналған бетперделер қою міндеттелді
Мектеп формасы сақталды		Мектеп формасына қатты қысым болған жоқ

Қорыта келе, бала денсаулығы – ең жоғары әлеуметтік құндылық. Бүгін мектеп партасында отырған балалар, он жылдан соңғы елдің әл-ауқат деңгейі мен экономикалық потенциалын, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі мектептің мақсаты оқушыны өмірге дайындау екендігін ескерсек, әрбір оқушының мектепте алған білімі оның бүкіл ғұмырында қажеттілігін жоймау қажет. Бұл мақсатқа жету денсаулық сақтау педагогикасы арқылы жүзеге асады. Бүгінгі күнгі педагогтар соңғы педагогикалық жаңалықтарды біле отырып, оқушы денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған жоспар бойынша жұмыс жүргізеді.

Денсаулық сақтау технологияларының баланың мектептегі оқу кезеңінде денсаулығын сақтайтынын, оның салауатты өмір салтының қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыратындығын, алған білімін өмірде пайдаланатынын ескере отырып, барлық оқу мекемелерінің бастауыш мектептерінде кеңінен қолдану ұсынылады.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Алимжанова, Г.Д. Концепция формирования здорового образа жизни школьников / Г.Д Алимжанова.- Алматы, - 2001.-28с.
2. Аканов, А.А. Формирование здорового образа жизни в Республике Казахстан /А.А.Аканов. //Валеология. Физвоспитание. Спорт, 2004. -№1. – С.3-19.
3. Смирнов, Н.К. Забота о здоровье учащихся как критерий оценки работы школы. / Н.К.Смирнов // Методист, –2005. -№4. - С.61-65.
4. Абиев, Ж, Бабаев С.Б, Құдиярова,А.М. Педагогика: оқу құралы. / Ж.Абиев, С.Б.Бабаев, А.М.Құдияров. –Алматы, 2004. – 448 б.
5. Абылкасымова, А.Е., Даниярова, К.А., Тулеубаева, Х.Т. Здоровьесберегающие образовательные технологии в учебно-воспитательном процессе / А.Е. Абылкасымова, К.А. Даниярова, Х.Т. Тулеубаева. –Астана, 2005.-65с.
6. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары / К. Өстеміров, А.Айтбаева. -Алматы, 2006. -288 б.
7. Романцов,М.Г.,Лисовская, Н.И. Здоровьесберегающее образование- стратегическая линия развития современного образования. / М.Г. Романцов, Н.И.Лисовская. // Инновации в образовании. 2004. - №1.-С.100-103.
8. Игенбаева Б.Қ., Шабажанова, С.Қ. Сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы – бала денсаулығының кепілі. / Б.Қ. Игенбаева, С.Қ. Шабажанова. //12 жылдық білім, 2005.- №7. – Б.72-74.

ҒТАМР 04.21.81.

Әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі этникалық қатынастарды реттеу бағыттары

Әбдінағым Аружан
СР-17-1 оқу тобы студенті
Г.Ш.Шайхисламова
Э.Ғ.М., аға оқытушы

Жаһандық даму тенденциясы қарқын алған тұста әр мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздік мәселесі туындады. Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлуді талап ететін этносаралық қатынастар әр алуандығымен ерекшеленеді. Көп ұлтты мемлекеттің маңызды міндеті — ұлтаралық қатынастарды оптимизациялау. Халықаралық қатынастар субъектілерінің өзара әрекет етуінің ең қолайлы нұсқаларын іздестіру және жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте ғана емес, дүниежүзілік деңгейде де көп этносты және көп конфессиялы елдер қатарына жатады. Республикада бүкіл қазақтың 80 пайызға жуығы тұрып жатқанымен, негізі этнос — қазақтар ел халқының абсолютті көпшілігін құрамайды. Қазақстан Республикасы жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүретін полиэтникалық мемлекет.[3.]

Біздің еліміздегі барлық халықтар өздерінің ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін сақтайды. Бірақ оларды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстырады.

Қазақстан өзінің мемлекеттілігі қалыптасқан уақыттан бастап, бірнеше саяси, тарихи кезеңдермен байланысты ұлттық құрамы қалыптасты.

Кесте 1. Қазақстанның ұлттық құрамының қалыптасу тарихы

	Қазақстанға өзге ұлттар мен ұлыстардың келуінің қысқаша тарихы
1	Қазақстанның солтүстік батыс аймақтарға қазақтардың қоныс тебуі
2	Отарлау саясатына ұшырауы
3	Ресейден ішкі діни қуғынға ұшырағандардың келуі
4	Әскери жалдамалылардың келуі
5	Индустрияландыру кезеңі
6	Ұлы Отан соғысы барысында жер аударылғандар
7	Эвакуацияланғандар
8	Тың игеруге келген еріктілер
9	Бүкілодақтық құрылысқа қатысушылар
10	Әскери және этникалық босқындар
11	Азаматтық мигранттар

Ескерту: оқулықтар негізінде автордың құрастыруы

Қазақстан өзге елдердің тарихи дамуын зерделей отырып, өзінің даму тенденциясын қалыптастырды. Әр этностың өзінің әлеуметтік орны айқындалған және әлеуметтік тепе-теңдіктің қамтамасыз етілуіне жол ашылған. Әр ұлт және ұлыс өкілдері қоғамның дамуына үлес қосушы адам капиталы ретінде толыққанды қызмет етуде.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта мемлекеттіліктің негізі қалыптасты және көп ұлтты Қазақстан үшін 2030 стратегиясының қабылдануы қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен бірігуінің ұлттық қауіпсіздігінің міндеттерін айқындады. Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасының қабылдануы Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа ішкі және сыртқы саясатының ашықтығын дәлелдеді.

Қазақстанның этникалық құрамы кестеде көргеніміздей қазақ ұлты республика халқының жартысынан астамын (66%-ын) құрады.

Сондай-ақ, орыс ұлты (21,1%), өзбек (3,1%), украиндар (1,7%), ұйғырлар (1,4%), татарлар (1,2%), немістер (1,0%), күрд, дүнген, белорусс тағы басқа өзге этникалық топтар 4,5% құрайды.[1.]

Қазақ халқы жас ұлтқа жатады. Оның жас айырмашылығы құрылымында 9 жасқа дейінгі балалар 22,0%. Ал тұтастай алғанда, 19 жасқа дейінгі жастар 43,9%; 60 және одан жоғары жастағы тұрғындар үлесі 6,1%. Орташа арифметикалық жас — небәрі 25 жас. Яғни қазақ халқының басым бөлігі жастар мен балалар. Қазақстан халқының білімділік индексі мен сауаттылық көрсеткіші жоғары деңгейде.

Кесте 2. Республикалық маңызды қалалар мен облыстардың этникалық құрамы %

	Қазақ тар	Орыс тар	Өзбек тер	Украин дар	Ұйғыр лар	Татар лар	Неміс тер	Басқа лары
Қазақстан	66,0	21,1	3,1	1,7	1,4	1,2	1,0	4,5
Солт-Қазақстан обл	34,4	49,9	0,1	4,4	0,0	2,2	3,5	5,5
Қостанай обл	39,2	41,9	0,1	8,8	0,0	1,9	3,2	5,0
Шығ.Қазақстан обл	58,8	37,6	0,1	0,4	0,1	1,2	1,0	0,9
Қарағанды обл	49,8	37,0	0,3	3,2	0,1	2,3	2,4	5,0
Павлодар обл	50,3	36,9	0,2	4,7	0,0	1,9	2,8	3,2
Ақмола обл	49,6	34,1	0,2	4,7	0,0	1,8	3,6	6,0
Алматы	57,2	28,5	0,6	0,7	5,4	1,4	0,4	5,8
Батыс Қаз обл	74,7	20,6	0,1	1,6	0,0	1,4	0,2	1,4
Нұр Сұлтан	75,1	15,6	1,1	1,6	0,1	1,3	1,0	4,2
Алматы обл	70,4	14,6	0,2	0,2	7,9	0,7	0,5	5,5
Ақтөбе обл	81,4	12,3	0,2	2,8	0,0	1,1	0,7	1,5
Жамбыл обл	72,4	10,5	2,5	0,3	0,3	0,8	0,4	12,8
Маңғыстау обл	89,9	6,4	0,3	0,3	0,0	0,3	0,1	2,7
Атырау обл	92,0	5,8	0,2	0,1	0,0	0,4	0,1	1,4
Оңт-Қазақстан обл	72,9	4,7	16,8	0,2	0,1	0,7	0,1	4,6
Қызылорда обл	95,9	2,0	0,2	0,0	0,0	0,2	0,0	1,6

Ескерту: <http://inform.kz/rus/article/2780983>

Кесте 3. Қазақстанда соңғы он жылда болған бірқатар ұлтаралық жанжалдар

Оқиғалар	Мерзімі	Себептері
Жаңаөзеноқиғасы	1989 жылы маусым	Жергілікті тұрғындар мен Кавказдан қоныс аударғандар арасындағы кикілжіңнен басталды. Бұл оқиғаның астарында жылдар бойы қордаланып, дұрыс шешімін таппаған тұрғын үй, мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі кезек, жастар арасындағы жұмыссыздық сияқты әлеуметтік мәселелер,
Өскеменк	1992 жылы	жергілікті қазақтар мен шешен ұлты өкілдері арасында қақтығыс
Теңіз мұнай зауытында Ақтаудағы орталық алаңда «МаңғыстауМұнайГаз» компаниясының мыңға тарта қызметкерінің еңбекақыны өсіруді әрі қала әкімінің отставкасын талап еткен жиын	2006 жылы	Жылыой ауданындағы қазақ- түрік жұмысшылары қақтығысып, бірнеше адам көз жұмып, жүзден аса адам зардап шеккен. Дәл осы жылы тамызда Ақтаудағы орталық алаңда «МаңғыстауМұнайГаз» компаниясының мыңға тарта қызметкерінің еңбекақыны өсіруді әрі қала әкімінің отставкасын талап еткен жиынының соңы ұлтаралық тартысқа айналып, қазақтар шешен-әзірбайжан ұлты өкілдерінің кафе-дүкенін қиратқан болатын.
Масанчи ауылындағы қақтығыс	2020 жылдың 7 ақпаны	қазақтар мен дүнгендер арасында орындалған. Сортөбедегі автокөлік жолын бөгеп тастаған жүккөлігінің қесірінен басталған жанжал

Ескерту: автордың оқулықтар негізінде құрастыруы

Әлеуметтанушылар зерттеулері бойынша елімізде ұлтаралық жанжалдың туындауына ұлтаралық араздыққа дейін ушығатын оқиғаның көбі оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс аймақтарында болып тұрады. Мұның басты себептері өңірдегі ұлттық-мәдени әралуандылықтың күштілігі және әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, құқық қорғау, жергілікті басқару органдарының өз деңгейінде жұмыс істемеуі, ең бастысы, адам құқығының қадірсіздігі мен жемқорлықтың жайылуы, туындаған жанжалдың басты себептері тұлғалардың әлеуметтік мәселелері.[2.]

Осы бағытта әр тұлғаның әлеуметтік мәселесі зерттеліп, зерделеніп, уәкілетті ұйымдармен ол жұмыс жалғасын тауып отыратын болса, кез келген мәселенің түйіні шешілетіні сөзсіз.

Ұлтаралық келісім бұл мемлекеттілігіміздің басты діңгегі. Сол үшін де қазақ халқы бір отбасындай ұйып, бірлік ынтымақ сақтайды. Барлық ұлт ұлыс өкілдерінің тарихын құрметтейді, себебі бәрінің отаны бір, жері бір ел үшін еңбек ету, балаларын өсіру, мемлекетке қоғамға өз пайдасын келтіру.

Ең басты нәрсе сырттан келетін арандатушылар немесе әлеуметтік желіде жүретін мәнсіз ақпараттарды саралап, оның мәнсіз ақпарат екендігін алдын ала хабарлап отыру.

Елдің ішкі тыныштығын бұзбау үшін әлеуметтік желілерде отаншылдыққа, бірлікке үндейтін контенттер көбірек жасалуы тиіс яғни ақпараттандыру жұмысы жандану қажет деп есептеймін.

Қазіргі кезде Қазақстан халқында өзіндік қазақстандық рух, қазақстандық мінез, жалпы қазақстандық мәдениет қалыптасуда. Оның негізгі сипаттары - ұлттар арасындағы достық пен діндер арасындағы келісім болып табылады.

Қазақстан халықтарының бәріне ортақ мақсаттар мен міндеттерді айқындау, және шешу арқылы барлық этникалық топтар мен ұлттық мүдделері мен мұқтажын қанағаттандыру үшін жағдай туғызу ,

-әлеуметтік және ұлттық ерегіске жеткізбей, дағдарыстан шығу, ұлтшыл, шовинистік, экстремистік теріс құбылыстардың Қазақстанның саяси өміріне деген ықпалын жою.

Қорытынды:

- Социологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша Қазақстанда этносаралық қарым қатынастардағы шиеленісушіліктің деңгейі төмен және толеранттылығының деңгейі жоғары.

-Қазақстан халықтар бірлігін ұлтаралық ынтымақтастық негізінде нығайту –стратегиялық міндет болып табылады.

-Қысқа мерзім аралығында пайда болған әлеуметтік мәселелер, күнделікті оқиғалардан туындайтын нақты ұлтаралық проблемаларды реттеу.

-Жеке ұлт өкілінің мүддесі мен жалпы ұлттың ортақ мүддесінің үйлесімділігін қамтамасыз ету.

-Ала ауыздықты туғызбай қоғамдағы парасатты күштерді біріктіру.

- Қауіпсіздік-бұл таза мемлекеттік міндет және тиісінше ол құқықтық базамен ғана емес, жалпы мемлекеттік және жергілікті өңірлік деңгейде тұрақты толықтырумен де қамтамасыз етілуге тиіс.

Аңдатпа. Қазақстан көп ұлтты мемлекет.Қазіргі таңда мемлекеттің тұрақты дамуында басты мәселелердің бірі ұлтаралық татулықты, толеранттылықты арттыру арқылы еліміздің әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандықтың өсуі, өркендеуі жолындағы басты ұстаным елдің бірлігі мен беріктігі.

Аннотация. Казахстан-многонациональное государство. В настоящее время одной из главных проблем устойчивого развития государства является обеспечение социальной безопасности страны через повышение межнационального согласия, толерантности. Главная позиция на пути роста, процветания каждого казахстанца-это единство и прочность страны.

Annotation. Kazakhstan is a multinational state. Currently, one of the main problems of sustainable development of the state is to ensure the social security of the country through increasing interethnic harmony and tolerance. The main

position on the path of growth and prosperity of every citizen of Kazakhstan is the unity and strength of the country.

Әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі этникалық қатынастарды реттеу бағыттары

Направления регулирования этнических отношений в обеспечении социальной безопасности

Directions of regulation of ethnic relations in ensuring social security

Кілт сөздер: қауіпсіздік, қалыңдық, ұлттар, тұрақтылық, толеранттылық.

Ключевые слова: безопасность, конфликт, нации, стабильность, толерантность.

Keywords: security, conflict, nations, stability, tolerance.

Қолданылған әдебиеттер :

1. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9045/>
2. СерикДжаксылыков .Программа для молодых исследователей в области публичной политики Фонда Сорос-Казахстан 2016
3. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК «Проблемы и перспективы гражданской идентификации населения Казахстана»

FTAMP 06.77.05

Мемлекеттік отбасылық саясат

Әлімжан Шұғыла

СР-20-1 оқу тобы

Берикболова Улжан Доскалиевна

Экономика ғылымдарының магистрі,

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және отбасының өмір сүру жағдайы мен сапасын жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету қағидаттары, бағалаулары және шаралары жүйесін білдіреді.

Отбасы бірлесіп күн көретін, туыстық қатыныста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыда мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасының маңызды сипаты оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады.

Соңғы онжылдықтарда отбасы институты мыңдаған жылдарға қарағанда көп өзгерді. Ұлыбритания мен Австралияда неке санының төмендеуі байқалды және қазіргі уақытта ол өз тарихындағы ең төменгі деңгейіне жеткен. Некенің саны дамыған елдерде ғана төмендеген жоқ, өйткені Латын Америкасынан, Африкадан және Азиядан алынған зерттеулер оның азаюын көрсеткен. 1990-2010 жылдар аралығында әлемнің көптеген елдерінде неке санының азаюы байқалды. Бірақ осы трендтің айналасында әр мемлекеттің өзіндік айырмашылықтары бар. Кейбір елдерде оның саны аз да болса артқан, мысалы, Қытайда, Ресейде және Бангладеште неке бірнеше онжылдыққа қарағанда көбейген деген деректер бар.

Көптеген елдерде неке санының азаюы неке жасының ұлғаюымен қатар жүреді. Адамдардың үйлену жасының ұлғаюы дамыған елдерде, әсіресе Солтүстік Америкада және Еуропада айқын көрінеді. Мысалы, Швецияда әйелдердің үйлену жасы орташа 1990 жылғы 28 жастан 2017 жылы 34 жасқа дейін өсті. Бангладеште және Африканың бірқатар елдерінде неке жасы төмен қалпында бірнеше жыл бойы сақталған. Балалар некесі кең тараған Нигерде 1990-шы жылдардың басынан әйелдердің отбасын құру орташа жасы 17 жас болып келеді. Бірақ әр елдегі жағдайдың өзіндік ерекшелігі бар. Норвегиядан Жапония, Чилиге дейінгі аймақтағы мемлекеттерде әйелдердің некеге тұру жасы артып келеді. Өткен ғасырдан бастап әлемнің батыс бөлігінде некеге, ажырасуға, отбасының өміріне, бір жынысты некеге деген көзқарас өзгергені белгілі. Мысалы, Ұлыбританияда 1971 жылы шамамен 405 000 адам некеге отырса, 2011 жылы ол 275 000-ға дейін азайған. Оның басты себептеріне қаржы шығындары, қоғамның «үйлену керек» дегенге көзқарасының өзгеруі, әйелдердің еркектерден қаржылық тәуелсіздігі де жатқызылады. Қоғам неғұрлым ашық бола бастаған сайын, некедегі кейбір құндылықтар маңыздылығын жоғалтып, екіншісі алға шығады. Соның ішінде бірнеше тенденцияға тоқтала кетуге болады:

- Неке қидырмай бірге өмір сүру. Бүгінгі таңда Еуропадағы барлық некенің шамамен 60 пайызы алдымен бірге тұру тәжірибесінен өтеді екен. Бұл қаржылық немесе әлеуметтік себептермен, мысалы, дінаралық қатынастарға байланысты үйлене алмайтын адамдар арасында болуы мүмкін. Бірге тұру жастар арасында да кеңінен тарала бастады, өйткені олар некеге дейін адамдар бір-бірін танып-білуі қажет деп санайды. Бүгінгі қоғамда некеден тыс бала туу мысалдары да жиі кездеседі.

- Отбасын құрудың орташа жасы өсіп, бала туудың кейінге қалдырылуы немесе әлеуметтік-денсаулық жағдайына байланысты баласыз отбасылар да аз емес. Тіпті, батыс қоғамында кең тараған білім іздеу, мансаптық өсуді жоғары қойып, баланы кейінге қалдырған жұптар шығыс қоғамында да баршылық. Мысалы, Қытайда ең алдымен «бір отбасы – бір

бала» саясатының әсерімен, сондай-ақ баланың денсаулығы, білім алуы мен отбасын құруы үлкен шығынды қажет ететіндіктен, көп балалы отбасыны кездестіру қиын.

- Жаһандандудың ықпалы. Халықаралық және трансшекаралық қатынастар нығайуымен өмірдің барлық аспектілері, соның ішінде отбасылық өмір де өзгерді. Гендерлік теңдік пен әйелдердің қаржылық тәуелсіздігі нығайды, Еуропада бір жынысты некеге рұқсат берілді. Некеге тұрған бірақ бөлек қалада, бөлек мемлекетте тұратын азаматтар да бар. Яғни, дәстүрлі бір үйде өмір сүретін, балалы-шағалы отбасы моделі өзгерді.

- Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның мәдени-рухани дамуына ықпал ететін құрал дейтін болсақ, қазіргі уақытта көптеген шет елдік телешоулар бір жынысты немесе «азаматтық неке» идеясын көрсетеді және оның қалыпты құбылыс ретінде қабылдауға әсер етеді.

Жоғарыда айтылған үрдістермен қатар біз ерекше назар аударатын мәселе ажырасу, оның себептері мен салдары. Небәрі 5 жыл ішінде Қазақстанда 733 606 неке қиылса, 268 504 ажырасу жағдайы тіркелген. Бұл ретте ажырасулар саны жыл сайын артып келеді, егер 2018 жылы некелер саны 137,8 мың болса, 2017 жылмен салыстырғанда 2,8 пайызға азайған. Ал 2018 жылы 54,8 мың ажырасу тіркелді, яғни 2017 жылмен салыстырғанда 0,3 пайызға көбейген екен. БҰҰ-ның «Демографиялық есеп – 2017» статистикасына сәйкес Қазақстан ажырасулар саны бойынша әлемнің алдыңғы 10 елінің қатарына енді. 2018 жылғы есепте неке санының ажырасуға коэффициенті 3-ті құрайды. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі бойынша «неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ» деп анықталған. Ал, еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке (ерлі-зайыптылық) деп танылмайды. Некені, ерлі-зайыптылықты бұзу заң бойынша олардың біреуі немесе екеуінің өтініші бойынша бұзылады. Ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен жағдайда неке заң жолымен тоқтатылады.

Некені бұзудың жалпы жиі кездесетін себептері ішімдікке, құмар ойындарға салыну, ерлі-зайыптылардың әлеуметтік сұрақтарға(жұмыс, ақша, тұрғын үй) байланысты кикілжіңдері, некеге адал болмау, тұрмыстық міндеттерді бөлісе алмау, мінез-құлықтың жараспауы. Ажырасу күрделі әлеуметтік проблемаларға әкеп соғады. Ажырасу санының көбеюі ата-анасыз немесе олардың бірінсіз қалған балалар санының едәуір өсуіне әкеледі. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі әлсіреп келе жатыр. Бұл жұмыстың,

тұрмыстық мәселелердің шамадан тыс жүктемесі, дәстүрлі рухани-моральдық құндылықтардың әлсіреуі, әсіресе әкелердің балалармен қарым-қатынасының азаюынан болады. Елімізде соңғы жылдарда балаларын туа сала тастап кеткен, сырқатын емдей алмауына байланысты бас тартқан, балаларын ұрып-соғу, асырап алған балаларға қатыгездікпен қарау, тіпті зорлық-зомбылық көрсету фактілері жиі кездеседі. Балаларға қатыгездікпен қарау немесе өзара түсіністіктің болмауынан отбасынан қашып кеткен, өз-өзіне қол жұмсаған, ішімдікке, нашақорлыққа, жыныстық байланысқа түскен, теріс ағымдарға кірген жасөспірімдердің де саны өсуде. Осындай фактілердің барлығы отбасылардың күйреуіне немесе соның салдарынан болып жатқан жағдайлар.

Некені бұзу фактілерінің өзі осы жағдайдың ушығып тұрғанын білдірсе, екінші жағынан, ажырасқаннан кейінгі отбасы мүшелерінің байланысы, бірін-бірі қолдап тұруы, алименттердің төленуі шешімін таппаған мәселенің бірі. Мысалы, 2019 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 200 мың алимент төлеу ісі өндірісте болған. Оның ішінде 12 мың 928 жағдай проблемалы алименттер болып саналады. Жиналған алимент қарыздарының сомасы 6,3 миллиард теңгені құрайды. Бұл төлемі үш айдан артық кешіктірілген алименттер.

Сурет 2 - ҚР-дағы некелер мен ажырасулардың саны

	Тіркелген некелер саны, бірлік	Оның ішінде: алғашқы рет неге тұрған, адам		Тіркелген ажырасулар саны, бірлік	Оның ішінде бірінші некені бұзған, адам	
		әйелдер	ерлер		әйелдер	ерлер
2013	168 447	149 872	146 201	51 482	38 494	26 852
2014	159 328	140 187	136 647	52 673	39 708	27 039
2015	148 769	129 956	126 646	53 293	40 017	25 188
2016	141 702	123 003	119 518	51 993	38 399	22 728
2017	141 791	120 837	117 755	54 626	40 674	24 175

Биылғы COVID-19 пандемиясы кезеңінде көптеген отбасылар шектеулерге тап болып, жұмыстары мен жалақысы азайып, қашықтан қызмет етіп, балалары үйден оқыған уақытта оның жаңа қиыншылықтары мен мүмкіндіктері бар екенін түсіндік. Сондықтан, қазіргі қоғамдағы отбасының жағдайын жаңа қырынан зерделеу, оның функциясы, өмір салтының өзгеруін зерттеу, моральдық-психологиялық көмек көрсету, жалпы ерлі-

зайыптылардың, отбасы институтының нығаюы бойынша нақты шаралар қабылдануы қажет. Отбасылардағы дағдарыс экономикалық жағынан жұмысынан шығып қалу, жалақы немесе жәрдемақы ала алмау себебінен болса, әлеуметтік жағынан маскүнемдік, ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де заңсыз әрекеттері болып саналады. Әдетте, бұл рухани-моральдық құндылықтардың төмендеуі, балалар алдындағы жауапкершіліктің болмауымен де байланысты

Сонымен қатар, бүкіл әлемдегі секілді, отбасы институты қазіргі таңда біздің елде де дағдарысты кезеңді бастан кешуде. Толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалардың саны азаятын емес, өйткені азаматтардың, әсіресе жастардың елеулі бөлігі шет елдер өмір салтына еліктеп, заңды некеге тұрмай өмір сүреді. Бұл үрдістер көп жағдайда зорлық-зомбылықтың, қылмыстың, аурудың өсуі сияқты жағымсыз әлеуметтік проблемалар белең алуына себепші болып отыр.

Жалпы отбасылық және демографиялық саясаттың проблемаларын тек экономикалық жолмен шешу мүмкін емес. Ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген қазақстандық отбасы мәртебесін нығайтып және қолдау арқылы көптеген проблемаларды шешуге болатынын түсінетін уақыт жетті. Атап айтқанда, туу, отбасы мүшелерінің денсаулығын нығайту және ұлттың болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін отбасының әлеуетін пайдалана отырып шешуге болады.

Мемлекеттік отбасылық саясат **Государственная семейная политика** **State family policy**

Андатпа. Мақала мемлекеттік отбасылық саясат мәселелерін қарастырады. Мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаттары мен міндеттері, түрлері, сонымен қатар некелер мен ажырасу себептері де зерттеледі.

Аннотация. Статья рассматривает проблемы разработки и реализации государственной семейной политики. Также исследованы цели и задачи, виды государственной семейной политики, институт брака и причины развода.

Abstract. The article examines the problems of developing and implementing state family policy. The aim and tasks, types of family policy, institution of marriage and the reasons of divorce are also investigated.

Кілт сөздер: отбасы, неке, ажырасу, саясат, мемлекет

Ключевые слова: семья, брак, развод, политика, государство

Keywords: family, marriage, divorce, policy, state

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындығы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат Тұжырымдамасы.

2. 15-19 жастағы жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулық жағдайын, олардың жыныстық мінезқұлқын және репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуді зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеу, Алматы, 2018. - 58 б.

3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі.

4. Гребенников, И. В. Отбасы өмірінің негіздері Мәтін: пед. ин-тар студенттеріне арналған оқу құралы / И. В.Гребенников. - М.: Просвещение, 1991.<https://nsportal.ru/vuz/pedagogicheskie-nauki/library/2013/03/14/samopoznanie-i-uverennoe-povedenie>

5. «Адамдар арасында»коммуникативтік шеберлік тренингі.
<http://iemcko.Ru/2540.Html.uprazhnenie-igra.ru>

6. Қазақстан жасөспірімдері: репродуктивті денсаулықты қорғау, ерте және мәжбүрлі некелердің алдын алу, зорлық-зомбылықтан қорғау. Электрондық ақпараттық-әдістемелік жинақ <https://vladyal.ru/puti-sohraneniya-reproduktivnogo-zdorovya-cheloveka-i-obshchestva-reproduktivnoe>

7. И.Ф.Юнданың отбасы өміріне дайындығын бағалаудың Тест-картасы. <https://infourok.ru/tradicii-i-prazdniki-semeynogo-kalendarya-1295255.html>

8. Қазақстандағы ерте және күшпен қиылатын неке мәселелеріне шолу жасау. Заңнамалық аспект, Алматы 2019.

ҒТАМР (МРНТИ) 34.31+68.33.29

Темір микротыңайтқыштарының өсімдіктердің өсуіне әсерін зерттеу

Әділ Дина, Оңғар Гүлназ

ХБ-20-1 оқу тобының студенттері,

Тапалова А.С.

т.ғ.к., профессор

Темір барлық жасыл өсімдіктер құрамына кіреді, хлорофилл түзуге, тыныс алуға қатысады. Темір ескі тіндерден жас тіндерге ауыса алмайды, сондықтан оның жетіспеушілігінің белгілері, ең алдымен, жоғарғы жапырақтарда пайда болады: олар бірден толығымен сарғайып, ашық сары, ақ түсті болады. Темірдің жетіспеушілігі өсімдіктердің өсуін баяулатады. Ірі жапырақтарда темір жетіспеушілігінің жоғарылауымен тамырдың арасында жапырақтың негізінен бастап хлороз пайда болады. Болашақта некроз дамып, жапырақтары құлап, түсіп кетеді. (Некроз (гр. Nekros-«өлген өлі, шірік, өлі еттену»)- деп, тірі организмде жасушаның, тіннің немесе ағзаның бір бөлігінің бүтіндей өлуін айтады. Демек некроз тірі организмде болатын

жергілікті өлім.Темірді пайдалануы нашарланған өсімдік-хлороз (сарғаю) ауруына шалдығады. Осы аурудың табиғатта көптеп кездеуі темір жетіспеушілігінен болады.Темірдің тапшылығынан ең алдымен азотты қосылыстардың және органикалық қышқылдардың алмасуы бұзылады. Хлороз ауруына шалдыққан өсімдік ұлпаларында лимон қышқылының мөлшері көбейеді.[1]

Ағзада темірдің жетіспеуінен алмұрт, алма, кара өрік, шабдалы, жүзім, таңқурай өсімдіктері зардап шегеді.

Темірдің өсімдіктегі мөлшері:

- Өсімдіктерде кездесетін барлық ауыр металдар арасында темір жетекші рөл атқарады.

- Өсімдіктердегі темірдің орташа мөлшері 0,002-0,08 пайызды құрайды.Топырақ ерітіндісінің Fe+3 тотықсыздану жүйелерімен Fe+2 дейін тотықсыздандырылады және осы түрінде тамырға енеді.

Темір ионының қызметі:

- Темір фотосинтез бен тыныс алудың негізгі тотығу-тотықсыздану жүйелерінің қызметіне қатысады.

- Темірдің бейорганикалық қосылыстары көптеген биохимиялық реакцияларды катализдеуге қабілетті.

Жетіспеу-артық:

- Ағаштар мен бұталарда апикальды жапырақтардың жасыл түсі толығымен жоғалады, олар дерлік аққа айналады және біртіндеп кебеді.

- Темірдің жетіспеушілігі жас, тез өсетін жапырақтардың хлорозына әкеледі. Ал ересек жапырақтары қою жасыл болып қалады.

- Темірдің жиналуы мырыш жетіспеушілігінен болуда мүмкін. Шамадан тыс темір жапырақтардың түсін қою жасылға айналдырады.

Негізгі белгі мен күресу шарасы:

- Көбіне хлорозға жеміс ағаштары мен әсемдік дақылдар ұшырайды.

- Негізгі белгілері: жапырақтың ерте сарғаюы мен түсуі, сирек жапырақтылық, өркен ұштарының солуы.

- Күресу шаралары: тыңайтқыш қолдану, топырақты қышқылдандыру, топыраққа жетіспейтін элементтерді енгізу, ауру өсімдіктерді отау.

Өсімдіктерде темір аз мөлшерде кездеседі. Темірдің өсімдік тіршілігіндегі рөлі - ферменттердің бөлігі, хлорофилл синтезіне және метаболизмге қатысады. Өсімдіктің тыныс алу процесіне темірдің маңызы зор. Өсімдіктің тыныс алуы темірсіз мүмкін емес.

Темірдің артық мөлшері:

Өсімдіктердегі темірдің артық мөлшері - улану белгілері. Артық мөлшері сирек кездеседі. Тамыр жүйесі мен бүкіл өсімдіктің өсуі тоқтайды, жапырақтары қараңғы көлеңке алады. Егер қандай да бір себеппен темірдің мөлшері көп болып шықса, онда жапырақтары өліп, өзгеріссіз қирай бастайды.

Хлороз — өсімдіктерде болатын ауру түрі. Хлороз кезінде өсімдіктерде хлорофилдің түзілуі бұзылып, фотосинтездің белсенділігі төмендейді. Хлорозды потогендік микроорганизмдер, топырақта темір және басқа микроэлементтердің жетіспеуі, шамадан тыс артық ылғалдылық тудырады.

Темірдің жоғары деңгейімен байланысты ықтимал уыттылыққа байланысты жасушалар темірді ферритин деп аталатын жасушаішілік протеинмен сақтайды, ол темірді бақылаулы түрде шығарады. Бұл ақуызды барлық дерлік организмдер, соның ішінде балдырлар, бактериялар, жоғары сатыдағы өсімдіктер мен жануарлар шығарады. [2]

Нағыз темір жетіспеушілігі өсімдікті суару үшін филтрленген суын қолданғанда пайда болуы мүмкін. Темір жетіспеушілігі кейде стрестік ортада пайда болғанымен, күйзелісті жеңілдету арқылы өздігінен кетуі мүмкін.

Өсімдіктердегі темірдің артық мөлшері - улану белгілері:

Өсімдіктердегі темірдің артық мөлшері сирек кездеседі, ал тамыр жүйесі мен бүкіл өсімдіктің өсуі тоқтайды, жапырақтары қараңғы көлеңке алады. Егер қандай да бір себептермен темірдің артық мөлшері өте көп болып шықса, онда жапырақтары өліп, көрінетін өзгеріссіз қирай бастайды. Темірдің артық болуымен фосфор мен марганецтің ассимиляциясы қиын, сондықтан осы элементтердің жетіспеу белгілері пайда болуы мүмкін.

Темірден тұратын органикалық қосылыстар, ең алдымен, өсімдіктерге тыныс алу және фотосинтез кезінде болатын биохимиялық процестер үшін қажет.

Осылайша, өсімдіктер биохимиясында негізгі рөлдердің бірі бізге беріледі, өйткені:

- * хлорофилл түзілу процестері темірдің қатысуымен өтеді;
- * фотосинтез кезінде темірдің органикалық кешендері электрондардың берілуіне қатысады;
- * темір нуклеин қышқылының метаболизміне тікелей қатысады.

Жетіспеушілік белгілері. Темір тапшылығы көптеген дақылдар үшін проблема болып табылады. Темірдің жетіспеушілігі негізінен құрғақ жағдайда ауа режимі нашар карбонатты сілтілі топырақтарда байқалады. Артық микроэлементтердің белгілері. Артық темір өте сирек кездеседі, тамыр жүйесі мен бүкіл өсімдіктің өсуі тоқтайды. Темірдің артық концентрациясы өсімдіктерге улы әсер етуі мүмкін. Егер қандай да бір себептермен артық темір өте көп болса, жапырақтары ешқандай өзгеріссіз өліп, құлап кетеді.

Көптеген өсімдіктердің жасыл жапырақтарындағы темірдің қалыпты мөлшері-100-200 мг/кг құрғақ зат. Сұлы, күріш, шпинат, жеміс ағаштары сияқты өсімдіктерге темір өте қажет. [3]

Құрамында темір бар тыңайтқыштардың түрлері және оларды қолдану. Темір сульфаты (шамамен 20% темір) және темір хелаттары (10-17% темір)

құрамында темір бар тыңайтқыштар ретінде қолданылады. Көптеген зерттеушілердің ойынша темірдің хелатталған формасын жапырақтың үстіңгі жағынан қолданып, пайдалану әлдеқайда тиімді деп санайды. Алайда, адұрыс қолданған жағдайда темірдің бейорганикалық формасы, әсіресе техникалық дақылдарда – жүгері, құмай, т.б дәл осылай әсер ететінін көрсететін нәтижелер де бар.

Темір хелаттары үш компоненттен тұрады: темір иондары, (хелация агенті) және натрий немесе аммоний иондары.

Американдық зерттеулерде әр гектарға 80 кг темір сульфатын енгізу жүгерінің өнімділігін 15% арттырды.

Жапырақты үстіңгі таңғыш. Хлороздың алдын алу және емдеу үшін Темірдің хелатталған формалары да, бейорганикалық (темір сульфаты, темір нитраты) да тиімді. Жапырақты таңу үшін хелаттар көп жағдайда, соның ішінде темір үшін де қолданылады.[4,5]

Темірді тағы бір экзотикалық әдіс-жіеміс ағаштарына микроэлементтердің ерітінділерін енгізу арқылы беруге болады. Сонымен, алма ағаштарына 1% темір сульфатының ерітіндісін көктемде және күзде енгізу 3-4 жыл ішінде темірдің жетіспеушілігінен туындаған хлорозды жоюға мүмкіндік берді және өте аз болды. Сұйық дайын тыңайтқыштардағы темір хелаттары жарықтың әсерінен жойылады, сәйкесінше мұндай препараттарды қараңғы жерде сақтау ұсынылады.

Аннотация

Достоверное увеличение общей биомассы отмечается лишь при обработке семян железным купоросом и хелатной формой. В то же время длина стеблей была выше при использовании некорневой подкормки сульфатом Fe (II) и хелатной формой Fe(H3L)3•5MEA, при этом преимущество осталось за традиционной формой микроэлемента.

Annotation

Reliable increase in total biomass was noted only when processing seed mean iron vitriol and chelated formmy. At the same time, the length of the stems was reliable but higher when using foliar dressing Fe (II) sulfate and chelate form Fe (H3L) 3 • 5MEA, while the advantage remained behind the traditional form of the trace element.

Қолданылған дереккөздер тізімі:

1. Соловьев В.М. Мониторинг содержания микроэлементов в почвах Ярославской области // Агрехимический вестник, 2006, 4.-С. 8-9.
2. Шафронов О.Д., Егоров Н.П., Куликов Р.С. Эффективность применения микроудобрений в Нижегородской области // Агрехимический вестник, 2009, 4.-С. 24-26.
3. Крамарев С.М. и др. Хелатные удобрения и их перспективы // Зерно. Журнал сучасного агропромисловця, 2012, 1. Режим

доступа:<http://www.zerno-ua.com/joynrns/2012/yanvar-2012-god/helatnye-udobreniya-i-ih-perspektivy>.

4. Регидин А.А., Стрельцова Л.Г. Перспективы применения хелатных микроудобрений // Научные и технологические подходы в развитии аграрной науки. 2014 - С. 117-119

5. Семенов В.В и др. Получение аморфных водорастворимых комплексов биометаллов на основе дифосфоновой кислоты, 2-аминоэтанола и 2-амино-2-пропан-1,3 диола // Журнал общей химии, 2015-822-230

ҒТАМР (МРНТИ) 31.27+87.3

Белсенді лайдың топырақ құнарлығына әсері

Әуезханова Кұнайым

Х-17-3 оқу тобының студенті,

Балықбаева Г.Т.

химия ғылымдарының кандидаты,

Қызылорда облысы бойынша өзекті экологиялық мәселелердің бірі топырақтың тұздануы және құнарсыздануы болып отыр. Ауыл шаруашылығына қолданылатын жердің 4/3 бөлігі тұзды және құнарсыз топырақ құрайды [1]. Топырақтың құнарлығын арттыруда әр түрлі әдістер мен тыңайтқыштар қолданылады. Минералды және органикалық тыңайтқыштар кеңінен пайдаланылады.

Топырақ құнарлығына қалдық су құрамындағы тұнбаларды өңдеу немесе құрғату арқылы алынған тұнбаның да әсері ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылады.

Сарқынды суларды тазартқан кезде төрт негізгі операция орындалады:

1. Бастапқы өңдеу кезінде сарқынды сулар орталанып, бөгде механикалық қоспалардан арылып, ағартылады (орталағыштар, құм аулағыштар, торлар, тұндырғыштар).

2. Екінші кезеңде аэробты микроағзалардың қатысуымен еріген органикалық заттардың ыдырауы жүреді. Негізінен микробтық жасушалардан тұратын шөгінділер жойылады немесе реакторға айдалады. Белсенді шөгінділерді пайдаланатын технология кезінде олардың бір бөлігі аэрациялық тенкке қайтып келеді.

3. Үшінші кезеңде (міндетті емес) химиялық тұндыру, азот пен фосфорды бөліп алу жүреді.

4. Бірінші және екінші кезеңдерде түзілетін шөгінділерді өңдеу үшін әдетте анаэробты ыдырату үрдісі қолданылады.

Тұрмыстық қалдық су құрамындағы ерімейтін заттар органикалық және бейорганикалық бөліктен тұрады. Қалдық суды тазартуда, оның құрамындағы ерімейтін заттардан біріншілік тұндырғыштарда тұндыру нәтижесінде тұнба қалдығы түзіледі. Тұнба қалдығы сумен күшті араласқан қатты заттардан тұрады. Ылғал күйінде кейбір тұрмыстық және өндірістік су тұнбасы жағымсыз иісті және санитарлық көрсеткіші қауіпті болып келеді. Көп мөлшерде бактериялар мен гельменттер жұмыртқасынан тұрады (сол сияқты ауру туғызатын түрлері де болуы мүмкін [2].

Тұнбадағы органикалық зат мөлшерін азайтып оның санитарлық көрсеткішін жақсарту үшін қондырғыға сәйкес анаэробты микроорганизмдер немесе аэробты тұрақты тұнба әсерін пайдаланады.

Тұндырылған судың тұнбасының ылғалдылығын азайтып оған көлемін кішірейту мақсатында тұнбаны тоғандар (кішігірім станцияларда) және тұнбалы алаң қызмет атқарады.

Биологиялық тоғандар жасанды биологиялық тазарту ғимараттарына қарағанда бактериалардан өзі тазартылудың жоғарғы тиімділігін қамтиды. Ішек таяқшаларының саны тоғандағы бастапқы құрамынан 95,9 - 99,9%-ке төмендейді [2].

Қазіргі таңда Қызылорда қаласының қалдық сулары арнайы биологиялық тоғандарға жіберіледі [5]. Дегенмен биологиялық тазарту шаралары толық іске қосылмаған.

Биологиялық тоғандар жасанды түрде ағын суларды биологиялық тұрғыда тазартуға арналған. Мұның өзі судың ауамен қосылысып, судың барлық қатпарларының қызуына мүмкіндік береді, сөйтіп араласа отырып, су ішіндегі организмдердің жаппай дамуын, атап айтқанда балдырлардың дамуын қамтамасыз етеді. Олар өз кезегінде биогенді элементтерге күш беріп, суды оттегімен қоректендіреді[3].

Қалдық суларды топырақ арқылы тазарту маңызы оның жоғарғы қабатында коллоидты заттар қалып қояды да, микроағзалары бар перде құрайды. Бұл перде өзінің қабатынан еріген органикалық заттарды шығарады. Ауадағы оттегіні топыраққа сіңіру арқылы микроағзалар органикалық заттарды минералдық қосындыларға айналдырады. Сөйтіп,оттегінің көп мөлшерде болуы процестің жүруіне оң ықпал етеді. Нақ сол топырақтың үстіңгі қабатында органикалық заттардың тотығуы жүзеге асады. Қалалық қалдық суды механикалық және биологиялық тазарту нәтижесінде тазарту қондырғыларында органикалық заттан тұратын әр түрлі тұнба қалдықтары түзіледі[4].

Олар - тор арқылы ұсталған қалдықтар , біріншілік тұндырғышта тұнған тұнба, суды аэробты биологиялық тазарту қондырғыларында түзілген белсенді лай мен биопленка. Қалдықтар бөлінгеннен кейін әдетте бөгенге біріншілік тұндырғышқа ылғал тұнба түрінде түседі. Жалпы тұнба көлемі өңделетін ағын көлемінің 1 % - дан артық болмайды, оның ішінде түзілген

тұнбаның 60-70 % белсенді лайға айналады. Белсенді лайдың көп бөлігін органикалық зат – ақуыз құрайды. Белсенді лайдың құрамында тыңайтқыш заттар (фосфор, азот, калий, микроэлементтер) болады. Сондықтан өңдеу нәтижесінде тыңайтқыш алуға болады.

Тұнба мен активті лайдың құрамы - қалдық судың құрамына , оған қолданылатын тазарту схемаларына және басқа факторларға тәуелді белгілі бір шектерде өзгеріп отырады.

Тұнбаның химиялық құрамы көрсеткіштер бойынша 1-кестеде келтірілді.

1-кесте. Белсенді лайдың химиялық құрамы

Тұнба түрі	Ақуыз	Май	Көмірсу	Жалпы Азот	Фосфор (P2 O5)	1г құрғақ заттағы бактерия мөлшері
	% күлсіз зат-тар		% құрғақ заттар			
Біріншілік тұндырғыштан түзілген тұнба	28–32	25–30	14 – 18	5 – 6	3,5–4	10 ⁷ - 10 ⁸
Белсенді лай	40–44	18– 23	4 – 7	8–10	8 – 9	0,4*10 ⁶ – 0,3*10 ⁷

Ұзақ уақыт бойы белсенді тұнбаны сусыздандыру тұнба алаңдарында (шамамен 50 га) табиғи жағдайларда кептіру жолымен жүзеге асырылды. Соңғы уақытта сусыздандырудың негізгі әдісі ОГШ типті центрифугаларда флокулянттармен механикалық сусыздандыру болып табылады. Механикалық сусыздандырылған белсенді лай еркін иінді алаңға өздігінен үйінділермен шығарылады. Тұнба алаңдарында тұнбаларды табиғи кептіру әдісі центрифугалауға резерв ретінде сақталған.

2 - кесте. Белсенді тұнбаның экологиялық-агрохимиялық сипаттамасы

№	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Сынау әдістемесі	Шамасы	СанЕЖНбойынша рұқсатетілген мәндер 2.1.7 573-96
1.	Ылғалдылығы	%	ГОСТ 26713-86	62	82-ден артық емес
2.	Органикалық зат	% СВ	ГОСТ 26714-85	46	20-дан кем емес
3.	Жалпы Азот	% СВ	ГОСТ 2715-85	3,3	нормаланбаған.
4.	Жалпы Фосфор	% СВ	ГОСТ 26717-85	6,7	нормаланбаған.
5.	Жалпы Калий	% СВ	ГОСТ 26718-85	0,45	нормаланбаған.
6.	Қышқылдығы	-	ГОСТ 712-85	7	5,5-8,5
7	Коли-титр	Г	МУК 4.2.796-99	0,001-0.01	0,01 артық емес
8	Патогенді микроағзалар сальмонеллалар	в 50г.	МУК 4.2.796-99	-	болмауы
9	Гельминт жұмыртқалары (өмірге қабілетті), дана	в 50г.	МУК 4.2.796-99	-	болмауы

Тұнбадағы көп мөлшердегі органикалық заттар көгеру процесіне алып келсе жоғары бактериялық зақымдану, соның ішінде гельмент жұмыртқасының болуы инфекцияның таралу қаупін жоғарылатады. Сондықтан тұнба өңдеудегі негізгі алға қояр мақсат - залалсыздандыруды жүргізу нәтижесінде, одан санитарлық қауіпсіз өнім қатынасын аламыз.

Қалалық қалдық судың тұнбасын залалсыздандыруда анаэробты ашыту әдісін кеңінен қолданады. Оның нәтижесінде тұнбаның органикалық заттарының негізгі өнімі болып метан бөлінетін болғандықтан ашыту процесі метанды деп аталады. Метанды ашытудың биохимиялық процесс негізінде микро-организмдердің өмір сүруі нәтижесінде қалдық судың тұнбасында органикалық заттарды тотықтырып, біріктіру қабілеті орындалады. Азот пен калийдің көп бөлігі суда еріген күйінде болады да, өсімдікте жақсы сіңіріледі. Ағын сулардың тұнбасы негізінен азотты-фосфорлы органикалық тыңайтқыш болып табылады да, калий аз болады. Сол себепті оған калий тыңайтқышын қосу керек, ол топырақтың агрохимиялық қасиетін жақсартып, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттырады [4].

Андатпа

Құрамында макро-және микроэлементтер, органикалық заттар, ферменттер бар химиялық өңделген белсенді тұнба топырақтың сорбциялық қабілетін арттырады. Топырақтың агрохимиялық қасиетін жақсартып, құнарлығын арттыру үшін химиялық өңделген белсенді лайды тыңайтқыш ретінде пайдалану тиімділігі талданады.

Влияние активного ила на плодородие почвы

Аннотация

Химически обработанный активный ил, содержащий макро-и микроэлементы, органические вещества, ферменты, повышает сорбционную способность почвы. Для улучшения агрохимических свойств и повышения плодородия почв анализируется эффективность использования в качестве удобрений химически обработанного активного ила.

Effect of activated sludge on soil fertility

Annotation

Chemically treated activated sludge containing macro-and microelements, organic substances, and enzymes increases the sorption capacity of the soil. To improve the agrochemical properties and increase soil fertility, the efficiency of using chemically treated activated sludge as fertilizers is analyzed.

Кілт сөздер: топырақ, белсенді лай, биологиялық тоған, аэробты, анаэробты

Ключевые слова: почва, активный ил, биологический пруд, аэробный, анаэробный

Keywords: soil, active silt, biological pond, aerobic, anaerobic

Қолданылатын дереккөздер тізімі

1. Т.Т.Тазабеков Топырақтар географиясы. – Алматы, Агроуниверситет, 2000. - 180б.
2. ГОСТ Р 17.4.3.07-2001. Охрана труда. Почвы. Требования к осадкам сточных вод при использовании их в качестве удобрения, 2002.
3. Касатиков В.А. Агроэкологические основы применения осадков городских сточных вод в качестве удобрения: Автореф. дис. док.наук: 03.00.16. / – М., 1989. - 46с.
4. Сюняев Х.Х., Жмыхова Е.Н., Чудинова С.Д. Методические аспекты утилизации осадков городских сточных вод с иловых площадок. Труды международного форума по проблемам науки, техники и образования. Т.3. / – М.: Академия наук о Земле, 2004. – 110с.
5. Проект нормативов предельно-допустимых сбросов сточных вод Кызылординским городским управлением водопровода и канализации. Кызылорда, 2016

ҒТАМР 14.35.09

Ли алгебралары теориясының қалыптасуы мен дамуы

Базарбаева Мөлдір Бекмырзақызы
М-20-1м оқу тобының магистранты,
Ибраев Шерали Шапатаевич
ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессоры

1. Ли группалары мен Ли алгебраларының пайда болуы

Ли группалары және олардың көріністерінің теориясы математиканың қолданыс аясы айрықша кең ауқымды саласы болып табылады [1]. Бірқатар ұлы математиктер мен физиктер бұл теорияның біз қазір қолданып жүрген зерттеу құралдары мен әдістерін жасады. Бұл жұмыста біз осы теорияның тарихи бастауларын, дамуын қарастыратын боламыз.

Ли теориясы бастауларын геометриядан алады және Феликс Клейннің (1849-1925) кеңістік геометриясы оның симметрия группасы арқылы анықталады деген көзқарасы негізінде пайда болған.

Кеңістік ұғымы және оның геометриясының Евклид, Риман және Гротендиктен бастап физиктердің суперсимметрия әлеміне дейін дамуы барысында сәйкесінше Ли группасы ұғымы және оның көріністері кеңейе түсті.

Ең қызығушылық тудыратын группалар – бұл жартылай жәй группалар, оларға қатысты сұрақтар дамудың ұзақ эволюциясы барысында көп өзгеріске түскен жоқ. Бұл сұрақтар мыналар: олардың құрылымдары қандай, қайда әсер етеді және олардың көріністері қандай?

Көпбейнеліктерге барлық мүмкін локальді группалық әсерлерді зерттеуді алғаш Софус Ли (1842-1899) бастады. Софус Ли идеясының жаңашылдығы группа әсерінің шексіз аз аймақтағы қасиеттеріне назар аударуында болды. Егер локальді әсер \mathbb{R} арқылы жүзеге асатын болса, онда ол локальді группаның әсерін байқауға мүмкіндік беретіндей көпбейнеліктегі интегралданатын векторлық өрісті тудырады. Жалпы жағдайда, локальді группаның әсерін қалпына келтіретіндей векторлық өрістердің алгебрасын аламыз [2].

1870 жылы Софус Ли және Феликс Клейн түрлендірулер группаларының маңыздылығын түсініп, олардың қолданылуларын зерттей бастады. Норвег математигі Софус Ли группалар теориясы әдістерін дифференциалдық теңдеулерді интегралдау проблемасына қолданды. 1873 жылы ол группалардың жаңа түрін енгізіп, оны «түрлендірулердің үздіксіз группасы» деп атады. Ол әрбір дифференциал теңдеуге оның шешімін сақтайтындай осындай бір түрлендірулер группасын сәйкес қойды. С. Ли жазықтықтағы барлық мүмкін осындай группаларды классификациялап, дифференциалдық теңдеулердің қалыпты типтерінің кестесін құрды және олардың квадратура арқылы шешілетінін немесе шешілмейтінін осы кестеде көрсетті. Бұл группалар кейіннен *Ли группалары* деген атқа ие болды. Үздіксіз группалардың басқа қолданысын 1872 жылы Ф. Клейн жүзеге асырды. Ф. Клейн өзінің атақты «Эрланген бағдарламасын» жасап, онда кезкелген геометрияның (евклидтік, аффиндық, проективтік және т.т.) негізінде қандай да бір үздіксіз түрлендірулер группасының жатқандығын және осы геометрияны зерттеу сәйкесті түрлендірулер группасының инварианттарын зерттеумен байланысты екенін көрсетті.

Ли алгебралары Ли группаларының инфинитезимальді (локальді) қасиеттерін зерттеу барысында табиғи түрде пайда болды. Он тоғызыншы ғасырдың аяғынан бастап физиканың дамуы, дифференциалдық теңдеулер теориясы Ли алгебралары теориясының қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі кезде Ли группалары мен Ли алгебраларының теориялары математиканың дәстүрлі салалары болып табылады. Сонымен қатар бұл салалардың қарқынды даму үстінде екені белгілі.

2. Ли алгебралары

1-Анықтама. F өрісіне қатысты *Ли алгебрасы* деп көбейту амалы $[-,·]$ арқылы белгіленген және келесі шарттарды қанағаттандыратын F өрісіне қатысты \mathfrak{g} алгебрасын айтады:

1) кезкелген $x \in \mathfrak{g}$ үшін $[x, x] = 0$,

2) кезкелген $x, y, z \in \mathfrak{g}$ үшін $[[x, y], z] + [[y, z], x] + [[z, x], y] = 0$.

$[[x, y], z] + [[y, z], x] + [[z, x], y] = 0$ тепе-теңдігі Якоби тепе-теңдігі деп аталады, оны қысқаша $[[x, y], z] + cycl = 0$ түрінде жазуға болады.

\mathfrak{g}_1 және \mathfrak{g}_2 Ли алгебраларының гомоморфизмі деп кезкелген $x, y \in \mathfrak{g}_1$ үшін $f([x, y]) = [f(x), f(y)]$ теңдігі орындалатындай $f: \mathfrak{g}_1 \rightarrow \mathfrak{g}_2$ сызықты бейнелеуін айтады.

Екі Ли алгебрасының биективті (өзара бір мәнді) гомоморфизмі изоморфизм деп аталады. Араларында изоморфизм бар \mathfrak{g}_1 және \mathfrak{g}_2 Ли алгебралары изоморфты деп аталады және $\mathfrak{g}_1 \cong \mathfrak{g}_2$ арқылы белгіленеді.

1-Мысал. A алгебрасы $*$ көбейту анықталған ассоциативті алгебра болсын. A кеңістігінде коммутатор деп аталатын басқа амал енгізейік: $[x, y] = x * y - y * x$. Осы амалға қатысты алгебраны $A^{(-)}$ арқылы белгілейік. Онда $A^{(-)}$ алгебрасы осы коммутатор амалына қатысты Ли алгебрасы болады. Коммутатордың бисызықты амал екенін тексеру қиын емес. Якоби тепе-теңдігінің орындалатындығын тексерейік:

$$\begin{aligned} [[x, y], z] &= [x, y] * z - z * [x, y] = x * y * z - y * x * z - z * x * y + z * y * x \\ &= \\ &= (x * y * z - z * x * y) + (z * y * x - y * x * z). \end{aligned}$$

Онда $(x * y * z - z * x * y) + cycl = 0$ және $(z * y * x - y * x * z) + cycl = 0$. Демек, $[[x, y], z] + cycl = 0$. Якоби тепе теңдігінің орындалатындығы дәлденді.

Толық сызықты Ли алгебрасының ішкі Ли алгебраларының мысалдарын қарастырайық.

2-Мысал. $\dim_F L < \infty$ болсын. $\mathfrak{sl}(L) = \{x \in \mathfrak{gl}(L) \mid Tr x = 0\}$ Ли алгебрасы арнайы сызықты Ли алгебрасы деп аталады. Бұл Ли алгебрасының толық сызықты Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы екенін көрсетейік. Біріншіден, ол – L -дің ішкі кеңістігі, себебі, Tr – сызықты форма. Екіншіден, $Tr xy = Tr yx$, олай болса кезкелген $x, y \in \mathfrak{sl}(L)$ үшін $Tr [x, y] = 0$. Демек, $\mathfrak{sl}(L) \subset \mathfrak{gl}(L)$ ішкі кеңістігі $\mathfrak{gl}(L)$ -дегі коммутатор амалына қатысты тұйық болады.

$\mathfrak{sl}(L)$ кеңістігі әдеттегі сызықты операторларды көбейту амалына қатысты тұйық емес. Сондықтан $\mathfrak{sl}(L)$ арнайы сызықты Ли алгебрасын қандай да бір ассоциативті A алгебрасы үшін $A^{(-)}$ түрінде беруге болмайды.

Егер $\dim_F L = n$ болса, $\mathfrak{sl}(L) \cong \mathfrak{sl}(n, F)$, мұндағы $\mathfrak{sl}(n, F) = \{X \in \mathfrak{gl}(n, F) \mid Tr X = 0\}$.

3-Мысал. $\text{char } F \neq 2$ болсын. $\mathfrak{o}(n, F) = \{X \in \mathfrak{gl}(n, F) | X + X^t = 0\}$ Ли алгебрасы ортогональ Ли алгебрасы деп аталады, мұндағы X^t – X матрицасына транспонирленген матрица.

Енді $\mathfrak{o}(n, F)$ Ли алгебрасының операторлар тілінде қалай берілетінін қарастырайық. B – ақырлы өлшемді L сызықты кеңістігіндегі симметриялы нұқсансыз бисызықты форма болсын.

$$\mathfrak{g} = \{x \in \mathfrak{gl}(L) | \text{кезкелген } v, w \in L \text{ үшін } B(xv, w) + B(v, xw) = 0\}$$

сызықты кеңістігін қарастырайық. Ол $\mathfrak{gl}(L)$ Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы болады және $\mathfrak{o}(L, B)$ арқылы белгіленіп, B -мен байланысты ортогональ Ли алгебрасы деп аталады.

Егер $F = \mathbb{C}$ болса, онда B формасы базисті лайықты таңдау арқылы квадраттар қосындысына келтіріледі. Базисті таңдау $\mathfrak{o}(L, B) \cong \mathfrak{o}(n, \mathbb{C})$ изоморфизміне әкеледі, мұндағы $n = \dim L$.

Егер $F = \mathbb{R}$ болса, онда сигнатуралары әртүрлі формалар болады. B формасының сигнатурасы p плюс пен q минус тұратын болса ($p + q = n$), онда сәйкесті Ли алгебрасы, дәлірек айтқанда, оның B -ны диагоналдайтын базистегі матрицалық берілуі, $\mathfrak{o}(p, q)$ арқылы белгіленеді. Изоморфизмге дейінгі дәлдікпен алғанда $\mathfrak{o}(p, q)$ Ли алгебрасы тек pq -ге тәуелді болады (B формасына тәуелді емес).

4-Мысал. $\text{char } F \neq 2$, $\dim_F L < \infty$ болсын. Егер L сызықты кеңістігінің өлшемі жұп болса, онда бұл кеңістікте қиғаш симметриялы нұқсансыз бисызықты форма бар және олар изоморфты болады.

Егер B – жұп өлшемді L сызықты кеңістігіндегі нұқсансыз қиғаш симметриялы бисызықты форма болса, онда алдыңғы мысалға ұқсас

$$\mathfrak{g} = \{x \in \mathfrak{gl}(L) | \text{кезкелген } v, w \in L \text{ үшін } B(xv, w) + B(v, xw) = 0\}$$

анықталады және ол $\mathfrak{gl}(L)$ -дегі ішкі Ли алгебра болады. Оны симплектикалық Ли алгебрасы деп атады және $\mathfrak{sp}(L)$ арқылы белгілейді.

Егер $\dim_F L = n$ болса, онда $\mathfrak{sp}(L) = \mathfrak{sp}(n, F)$.

Изоморфизмге дейінгі дәлдікпен алғанда $\mathfrak{sp}(L)$ Ли алгебрасы B формасын таңдап алуға тәуелді емес.

A ассоциативті алгебрасы үшін $A^{(-)}$ түріндегі Ли алгебраларының ішкі Ли алгебралары «әмбебап» мысал болып табылады. Мысалы, \mathfrak{g} – Ли алгебрасы болса, онда

1) \mathfrak{g} қандай да бір A ассоциативті алгебрасы үшін анықталған $A^{(-)}$ түріндегі Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы болады;

2) (Адо-Ивасава теоремасы) егер \mathfrak{g} ақырлы өлшемді болса, онда ол лайықты N үшін анықталған $\mathfrak{gl}(N, F)$ Ли алгебрасындағы ішкі Ли алгебраға

изоморфты. Мұнда A ассоциативті алгебрасы ретінде $Mat(N, F)$ алгебрасын алуға болады.

1 – 3 мысалдардағы Ли алгебралары *классикалық Ли алгебралары* деп аталады.

Ли алгебралары және олардың қасиеттері, көріністері туралы толық мәліметті [3] - [7] әдебиеттерінен табуға болады. Оң сипаттамалы өріске қатысты Ли алгебралары [8] монографиясында жақсы сипатталған.

Андатпа: Оң сипаттамалы өрістердегі классикалық Ли алгебраларының көріністері мен когомологияларын зерттеу қазіргі Ли алгебралары теориясындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Баяндамада Ли алгебралары теориясының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы қарастырылған. Ли алгебрасының анықтамасы, мысалдары мен қасиеттері келтірілген. Толық сызықты Ли алгебрасының ішкі Ли алгебралары бисызықты формалар арқылы сипатталған. Олар классикалық Ли алгебраларының төрт сериясын құрайды.

Аннотация: Исследование представлений и кохомологий классических алгебр Ли над полем положительной характеристики является одним из актуальных проблем современной теории алгебр Ли. В докладе рассмотрены возникновение, становление и развитие теории алгебр Ли. Приведены определение, примеры и свойства алгебры Ли. Подалгебры полной линейной алгебры описаны с помощью билинейных форм. Они образуют четыре классических серий алгебр Ли.

Abstract: The study of the representations and cohomology of classical Lie algebras over a field of positive characteristic is one of the actual problems in the modern theory of Lie algebras. The report considers the emergence, formation and development of the theory of Lie algebras. The definition, examples and properties of the Lie algebra are given. The subalgebras of the general linear Lie algebra are described using the bilinear forms. They form four classical series of Lie algebras.

Баяндама тақырыбы: Ли алгебралары теориясының қалыптасуы мен дамуы.

Тема доклада: Становление и развитие теории алгебр Ли.

Theme: Formation and development of the theory of Lie algebras

Кілт сөздер: Ли алгебрасы, Ли группасы, Якоби тепе-теңдігі, көріністер теориясы.

Ключевые слова: Алгебра Ли, группа Ли, Тожество Якоби, теория представлений.

Keywords: Lie algebra, Lie group, Jacobi identity, representation theory.

Әдебиеттер тізімі

1. Bourbaki N., Lie groups and Lie algebras, Chapters 1–3. Translated from the French. Reprint of the 1975 edition. Elements of Mathematics (Berlin). Springer-Verlag, Berlin, 1989, 450 pp; Chapters 4–6. Translated from the 1968 French original by Andrew Pressley. Elements of Mathematics (Berlin). Springer-Verlag, Berlin, 2002, 300 pp; Chapters 7–9. Translated from the 1975 and 1982 French originals by Andrew Pressley. Elements of Mathematics (Berlin). Springer-Verlag, Berlin, 2005, 434 pp.
2. Killing, Wilhelm, Die Zusammensetzung der stetigen endlichen Transformations-gruppen, Math. Ann. 31 (1888), 252-290; Math. Ann. 33 (1888), 1-48; Math. Ann. 34 (1889), 57-122; Math. Ann. 36 (1890), no. 2, 161-189.
3. Бурбаки Н. Группы и алгебры Ли. Главы 1-3. – М.: Мир, 1976. – Ө496 С.
4. Бурбаки Н. Группы и алгебры Ли. Главы 4-9. – М.: Мир, 1986. – 174С.
5. Серр Ж.-П. Группы и алгебры Ли. – М.: Мир, 1969. – 480 С.
6. Джекобсон Н. Алгебры Ли. – М.: ИЛ, 1954.
7. Humphreys J.E. Introduction to Lie algebras and representation theory. Springer-Verlag, 1972. (орыс тіліндегі аудармасы: Хамфри Дж. Введение в теорию алгебр Ли и их представлений. – М.: МЦНМО, 2003).
8. Seligman G.B. Modular Lie algebras. New York: Springer-Verlag, 1967.

Коммуникативті толеранттылық жасөспірімдердің тұлғалық дамуындағы құндылық бағдары ретінде

**Байғабул Айгерім,
оқу тобы: ПП-17-1
Утегенов Жеткерген**

1. Жасөспірімдерде коммуникативтілік толеранттылықты дамытудың теориялық мазмұны

1.1. Жасөспірімдерде коммуникативтік толеранттылықты тұлғалық құндылық бағдар ретінде қалыптастырудың мәні, мақсаты

Толеранттылық қазіргі таңда адамзат арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретін маңызды қасиет болып отыр. Өзге адамның көзқарасы мен пікіріне құрметпен қарап, белгілі бір айырмашылықтар мен келіспеушіліктер туындауының алдын алу үшін эмоцияналды тұрақтылық, ұстамдылық және басқаны түсіне алу қабілеттері әр тұлға бойынан табылуы шарт.

Жасөспірімдердің жас ерекшелігі – 14-17 жасты кұраса, физикалық дамуы бойынша дене дамуының аяқталады, бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды, бұлшық ет күші өте тез өседі. Жыныстық дамуы бойынша постпубертаттық кезеңде болады.

Егер төменгі сыныптағы шақта адамгершілік мәселелерін шешуде – мұғалімдер мен ата-ана маңызды роль атқарса, ал жасөспірімдер бұл сұрақтарды шешуде өзінің жора-жолдастары ұжымында және де ғылыми көркем публицисті әдебиеттерге, өнер туындыларына, теледидар мен әлеуметтік желілерге т.б. жүгінеді.

Жасөспірімдік кезеңмен байланысты құрылыстардың бірі – бұл өзін-өзі тәрбиелеуге құштарлық. Өзін-өзі тәрбиелеудің белсенді процесі дәл осы жаста басталады және әдетте адамның кейінгі өмірінің ішінде қандай да бір формада жалғаса береді. Баланың интеллектуалды мүмкіншіліктері мен жеке даралық өздігінен жетілу (самосовершенствование) туралы ойларының пайда болу фактісі осы мақсатқа жету үшін саналы және бағытталған әрекеті болып табылады.

Толеранттылық қазіргі таңда адамзат арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретін маңызды қасиет болып отыр. Өзге адамның көзқарасы мен пікіріне құрметпен қарап, белгілі бір айырмашылықтар мен келіспеушіліктер туындауының алдын алу үшін эмоцияналды тұрақтылық, ұстамдылық және басқаны түсіне алу қабілеттері әр тұлға бойынан табылуы шарт.

Өсіп келе жатқан ұрпақ еліміздің болашағын құрайтындықтан, олардың дүниетанымы мен қалыптасып келе жатқан көзқарасы, өмірлік қағидалары дұрыс бағытта дамуы өте маңызды мәселе болып табылады. Жоғарыда аталып өткендей жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынаста толеранттылықты дамыту арқылы, біз олардың тұлға ретінде қалыптасуын, сонымен қатар құндылықтық бағдарларының дамуына зор ықпал тигізе аламыз.

1.2. Жасөспірімдерде коммуникативті толеранттылықты дамытудың психологиялық факторлары

Жасөспірімдердің тұлғалық дамуында толеранттылықты құндылық бағдары ретінде қалыптастыруда бірнеше **психологиялық факторлар** маңызды орын алады. Оларға тоқталып өтер болсақ, жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасындағы **танымдық** (дүниетаным, интеллектуалдылық), **жағымды эмоционалдық күй** (эмпатия, силасымдық қасиеттер) арқылы коммуникативтік толеранттылықтың дамуы нәтижелі болмақ.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Иван Федорович Харламов өзінің 1979 жылы жарық көрген “Педагогика ” атты еңбегінде тұлғаның дүниетанымның мәні және оның ішкі құрылымына келесідей ақпарат берген. Дүниетаным термині XVIII ғасырдың соңында пайда болғанына қарамастан, оның әртүрлі қасиеттері мен жақтарын көрсететін

дүниетаным туралы белгілі бір идеялар даналық, философия, метафизика, дін сияқты ұғымдардың мазмұны арқылы әлдеқайда ертерек қалыптаса бастады деп дүниетаным ұғымының көп салада таралғаны жайлы сөз қозғаған. Сонымен қатар педагог дүниетанымды иелену адамды дана етеді, оны дұрыс өмір сүруге үйретеді, оның әрекеттері мен мінез-құлқын әлемде үстемдік ететін тұрақты заңдармен үйлестіреді деген пікір қалдырған. “Дүниетаным сөзінің өзі екі сөзден тұрады: әлем және көзқарас. Осылайша, жалпы алғанда, дүниетаным - бұл адам санасының белгілі бір формасы, оның айналасындағы әлемге деген көзқарасы және осы әлемдегі орны.” деп тұжырымдайды педагог.

Жасөспірімдерде тұлғалық дамуындатолеранттылықты құндылық бағдары ретінде қалыптастыруда психологиялық факторлардың бірі дүниетанымға тоқталып, оның білім мен көзқарастан құралып, сеніммен күшейетінін талдаған болатынбыз. Келесі кезекте адамның танымдық қасиетінің бірі – интеллектке тоқталар болсақ. Алғаш рет ақыл- ой қабілеттері жеке айырмашылықтардың болуы жайлы сөз қозғаған дифференциалды психология мен психометриkanың негізін қалаған ағылшын зерттеушісі, әрі психолог Фрэнсис Гальтон болды. Ол ақыл-ойды туа біткен психофизиологиялық функциялармен бір қатарға қойды. А. Бине және Т.Симон 1905 жылы ерекше балаларды анықтау мақсатымен үкіметтің өтінішіне байланысты алғашқы тесттер сериясын жасады (30 тапсырма). Бұл кезеңде анықтам келесідей көріністе болатын: "Интеллект - бұл дұрыс ойлау, түсіну болып табылады, ол адамға өмірдің жағдайына бейімделуге көмектеседі". Сонымен қатар, Бине пен Симон алғаш рет қоршаған ортаның танымдық даму ерекшеліктеріне әсері туралы идеяны алға тартқан болатын.

Сонымен жоғарыда жасөспірімдерде тұлғалық дамуындатолеранттылықты құндылық бағдары ретінде қалыптастыруда психологиялық факторлардың танымдық бағытын талдаған болатынбыз. Ендігі кезекте адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі бөлігі , адамның қоршаған әлеммен байланысын құрайтын эмоционалды күйге тоқталар болсақ.

Г.К. Джумажанова, Г.Т. Дакинаның Тұлғаның эмоционалды аймағын зерттеу мәселелер атты мақаласында эмоция тақырыбы терең зерттелінген. Олардың пайымдауынша, зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге бағытталған талдау бірқатар заманауи теорияларда эмоция білімнің ерекше түрі ретінде қарастырылатындығын көрсетеді деп баяндайды. XX ғасырдың 60-жылдарында американдық психологтар С. Шехтер мен Дж. Энші таным эмоцияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек деген ұстанымды қорғаса, олардың отандасы Р. Клиннерт 80-ші жылдары адаммен болып жатқан оқиғаларды, соның ішінде маңызды адамдардан алынған эмоционалды ақпарат арқылы түсіндіреді деп пайымайды.

2. Жасөспірімдерде коммуникативтілік толеранттылықты дамытудың құралдары мен тәжірибелік зерттелуі

2.1 Жасөспірімдердің коммуникативті толеранттылықты тұлғалық құндылық ретінде дамытудың құралдары

Толерантты қарым-қатынастың мазмұны теориялық сипаты, толерантты қарым-қатынастың жасөспірімдердің құндылық бағдары дамудағы маңызы, психологиялық-педагогикалық сипаты, жасөспірімдердің құндылық бағыттылығын дамытуда толерантты қарым-қатынастың ролі сипатталған болатын. Тұлғаның құндылық бағыттылығын дамыту анализделіп, тұлғаның мінез ерекшеліктері мен әлеуметтік құндылықтардың детерминантталуы және жеткіншектердің дүниетанымы мен эмоционалдық жағдайын дамытудағы құндылықтар ролінің айқындалуы қарастырылды. Жасөспірімдердің құндылық бағыттылығын дамытуда толерантты қарым-қатынастың тәжірибе жүзіндегі дәлелдемелерінің мазмұны көрсетілді. Жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасындағы танымдық (дүниетаным, интеллектуалдылық), жағымды эмоционалдық күй (эмпатия, силасымдық қасиеттер) арқылы коммуникативтік толеранттылықтың дамуы нәтижелі болатындығы жайлы талдау жасалған соң толеранттылық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу жұмысының тәжірибелік-экспериментін Ы. Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейінде колледжінде жүргіздік.

Айқындаушы кезеңде жасөспірімдермен жұмыста біздің зерттеуімізге негіз болып отырған Жалпы коммуникативті толеранттылық дәрежесін анықтау әдістемесі және Эмпатиялық деңгейін анықтау әдістемесі қолданылды. 9 «Г» сыныбынан әдістемегелерге 25 адам қатысты.

Зерттеу жұмысымыздың анықтаушы кезеңі мектеп оқушыларының толеранттылық жайлы жалпы білгенмен оның, сипатын, мағынасын нақты білмейтіндіктерін көрсетті.

Әдістемелердің нәтижесі бойынша:

Оқушылардың 12% жоғары деңгейді, 72% орташа деңгейді және де 16% төмен деңгейді қамтыды.

Оқушылардың эмпатиялық деңгейін анықтау барысында 12% оқушы жоғары деңгейді, 80% орташа деңгейді және де 8% төмен деңгейді көрсетті.

Анықтау кезеңінде жүргізген сараптама нәтижелерін негізге алып, педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптастыру кезеңі жүргізілді. Онда презентация арқылы түсіндіру жұмыстары, пікірталастар, тренингтер және де арнайы әдістемелік жұмыстар іске асырылды.

Тәжірибелік жұмыстарға эксперименттік топта 25 сондай-ақ бақылау тобында 25, барлығы 50 студент қамтылды.

Осы мақсатта «Коммуникативті толеранттылық жасөспірімдердің тұлғалық дамуындағы құндылық бағдары ретінде» атты арнайы кешен бағдарламасы жасалынды.

Арнайы курс негізінде педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптасу кезеңін жүзеге асырдық.

Кешеннің басты мақсаты - **жасөспірімдердің** толеранттылық пен қоғамдағы қарым-қатынас жайлы білімдерін тереңдету, солардың негізінде оқушыларды толеранттылық деңгейін көтеру.

Кешеннің міндеттері :

- Оқушыларды толеранттылық, эмпатия ұғымдарымен таныстыру;
- Жасөспірімдердің өзгені сыйлау, түсіністікпен қарау, жеке қағидастарын құру және сақтау дағдысын қалыптастыру.
- Толеранттылық деңгейін дамытуға ықпал жасау

Арнайы кешен тренингтерден, тәрбиелік іс-шаралардан тұрады. Кешенді жүзеге асыру өткізу формалары мен әдістеріне **жасөспірімдердің** аталмыш кешенді шығармашылықпен меңгеруіне бағытталған пікірталас жүргізу, тестілеу ұйымдастыру, презентациялар өткізу түрлері таңдап алынды.

Сонымен зерттеу жұмысымыздың бақылаушы кезеңінде жасөспірімдердің толеранттылық пен эмпатия деңгейін анықтауға арналған әдістемелерді орындау барысында, біз эксперименттік топтағы жасөспірімдердің толеранттылық ұғымы туралы білім деңгейінің тереңдегенін байқадық.

Эксперименттен соңғы білім деңгейі

Коммуникативті толеранттылық деңгейін анықтау

№	Деңгейлер	БТ	ЭТ
1.	Жоғары	12%	15%
2.	Орта	72%	78%
3.	Төмен	16%	17%

Эксперименттен соңғы білім деңгейі

Эмпатиялық деңгейін анықтау

№	Деңгейлер	БТ	ЭТ
1.	Жоғары	12%	14%
2.	Орта	80%	76%
3.	Төмен	8%	10%

Эксперимент нәтижесіне талдау жасасақ, эксперименттік топта төменгі деңгей 16 пайыздан 17 пайыз және 8 пайыздан 10 пайызға өзгерді, яғни төменгі көрсеткіш 3 пайызға кеміді.

Орта деңгей көрсеткен студенттер 72 пайыздан 78 пайызға өзгерді. Бұл жерде өсу динамикасы 6 пайызды құрайды.

Жоғары деңгей көрсеткіші 12 пайыздан 15 пайызға артты. Бұл деңгей негізіндегі өсу динамикасы 3 пайызға артып отыр.

Бақылау тобындағы көрсеткіштер өзгеріссіз қалды.

Жасөспірімдердің құндылық бағыттылығын дамытуда коммуникативті толеранттылықтың ролі олардың әлеуметтену процесінде тұлғалық бейімделушілік процесінде айқындалады. Егерде болашағымыз айқын болғанын тілейтін болсақ, дамып келе жатқан ұрпағымызды өзіндік өрлеу жолында дұрыс бағыттауымыз керек.

Жасөспірімдердің бойында әлемде болып жатқан өзгеріс пен жеке өзінің қағидалары мен қарым-қатынастағы өзіндік ерекшеліктерін білсем деген талпыныс қалыптасты. Бұл әрине олардың толеранттылық сезімді дамытты деп айтуға толық негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу материалдары жасөспірімдердің құндылық бағыттылығын дамытуда коммуникативті толеранттылықтың ролін анықтайтын бірқатар объективті мәліметтерді алып, төмендегідей қорытындылар мен нұсқаулар жасауға мүмкіндік берді:

Тұлға өзін қоршаған ортамен тұрақты байланысқа түсу үшін өзіндік ішкі әлемін реттеп, жеке шекарасын қорғап және де жеке принциптрін нақты қадағалауы тиіс. Жеке проблемаларын өз бетімен реттей алатын тұлға өзі өмір сүретін қоғамдағы өзекті мәселелерге де мән беріп, оларды ой елегінен өткізіп, нақты көзқарасқа ие бола алады.

Яғни, толеранттылық адамгершілікпен тікелей байланысты. Өз кезегінде адамгершілік тұлға бойындағы ең көркем қасиет болып саналса, толеранттылық та сол деңгейге жетуі тиіс. Осылайша, өзге адамға, оның көзқарастарына шыдамдылық және сыйластықпен қарау – сирек кездесетін қасиетемес, баршаға тең нормаға айналады.

Сыйластылық болған жерде толеранттылық нық бекиді.

Әдебиеттер

1. Абакумова И.В. Көп мәдениетті білім беруде жеке тұлғаның толеранттылығының қалыптасуы туралы / И. В. Абакумова // психология мәселелері. - 2003. - № 3. - Б.78-83.

2. Абрамова Г. С. Практикалық психологияға кіріспе / г. С. Абрамова ; халықаралық. Пед. Акад. - 2-ші басылым., испр. Және қосымша - М.: Академия, 1996. - 220 б.

3. Әбілханова-Славская К.А. Өмір стратегиясы / к. А. Әбілханова-Славская. - М.: Ой, 1991. - 158 б.

4. Аминов Н.А. Педагогикалық қабілеттердің психофизиологиялық және психологиялық алғышарттары / Н. А. Аминов // психология мәселелері. - 1988. - № 5. -Б.71-77.
5. Ананьев Б.Г. Адам таным пәні ретінде / б. Г. Ананьев. - М.: Ғылым. - 2000.-350 Б.
6. Андреев В.И. Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу диалектикасы / Б. Г. Ананьев. - М.: Ғылым, 1988. - 240 б.
7. Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері / Л. И. Божович. -М.: Ин-т практ. Психология; Воронеж: "МОДЭК" ҮЕҰ, 1995. - 352 б.
8. Андреева Г.М. Әлеуметтік таным психологиясы: оқу. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / Г. М. Андреева. - Изд. Екінші, перераб. Және қосымша. - М.: Аспект баспасөз, 2000. - 288 б.
9. Андреева Г.М. Әлеуметтік психология: оқу. Жоғары оқу орындары үшін / Г. М. Андреева. - 5 басылым., испр. Және қосымша - М.: Аспект баспасөз, 2008. - 363 Б.
10. Бойко В.А. Қарым-қатынастағы эмоциялар энергиясы: өзіне және басқаларға көзқарас /Б. В. Бойко. - М.: Бүркіт, 1996. - 469 Б.

FTAMP14.23.11

Арт-терапия- балалардың эмоционалды даму құралы ретінде

Балғараева Назым Талғатқызы
ПМНО-20-1 оқу тобының студенті,
Байболова Динара Тұрмағанбетқызы
педагогика ғылымдарының магистрі

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия әдісі болып табылады. Алғашқы арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде, яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды. Арт-терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда “өнермен емдеу” деген мағынаны білдіреді. Арт-терапия терминін қолданысқа 1938 жылы суретші Адриан Хилл туберкулезбен ауырған санаториядағылармен жұмысында алғаш рет енгізген. Көп кешікпей бұл сөз тіркесі ауруханалармен психикалық денсаулық сақтау орталықтарда жүргізілетін өнерге қатысты қызметтердің барлық түріне қолданыла бастады.

Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу. Арт-терапия мақсаты – баланы сурет салуға үйрету емес, сурет салдыру арқылы шектен тыс

негативті, агрессиялық эмоцияларды тудыратын проблемаларды жеңуге, шығармашылық энергияның шығуына көмектеседі. Бала болашақта эмоциялық күштенуді жеңілдететін, өзіне қолайлы әрі ұнамды тәсілді меңгереді. Бейнелеу іс-әрекетінде бала өзін еркін көрсете алады. Бала үшін бастысы нәтиже емес, сурет салу үрдісі маңызды. Сондықтан, арт-терапия балалармен жұмыс жасауда нәтижелерімен тиімді әрі пайдалы [1].

Шығыс даналығы бойынша «сурет мың сөзбен жеткізе алмайтынды жеткізеді» делінген. В.С.Мухина және басқа да зерттеушілердің айтуынша сурет бала үшін өнер емес, сөйлеу болып табылады. Суреттің әрбір сызығының, әрбір түсінің өзіндік сипаты, өзіндік көңіл-күйі бар. Олардың көмегімен бала өзінің ішкі әлемінде болып жатқан барлық дүниені жеткізеді. Мұның барлығы арт-терапияның баланың эмоциялық өрісінің дамуымен тығыз байланысты екендігін дәлелдейді. Бала сурет сала отырып, қуанышқа, өзара түсіністікке, табыстарға толы ғажайып ертегі әлеміне түседі. Егер де бала бір нәрсеге ашулы, мазасыз, көңіл-күйі жоқ болып сурет сала бастаса, оның бойында тек жағымсыз эмоциялар басым болып, бала үрейлене бастайды. Түстерді таңдауы да көп нәрсені білдіреді. Мысалы: қызыл түс – ашулы, қара – көңіл күйінің жоқтығы, сұр – мазасыздығын білдіреді. Кейбір жеке түстер баланың жеке ішкі сезім күйін, мысалы: сары мен қызыл көтеріңкі көңіл күйді, жасыл – тыныштықты, сабырлықты білдіреді. Сурет салу кезінде баланың көңіл-күйін көтеруге, қуаныш сезімдерін оятуға болады. Арт терапия арқылы баланың бойындағы қабілетті ашып, шағдауға болады. Ал шығармашылық қабілеттер баланың қиял байлығымен, ой өрісімен, айналаға деген көзқарасымен өзінің ішкі жан дүниесін көрсетуін сипаттайды. Демек бала шығармашылығын дамытуда арт терапиялық әдістемелерді қолдану маңызды [3].

Сурет, ертегі, ойындар арқылы арт-терапия ішкі шиеленістерден және күшті эмоциялардан шығуға, өз сезімдері мен толғаныстарын ұғынуға көмектеседі, өзіндік бағалаудың артуына, босаңсуға, еркінсуге және күштенулерді, қысымды түсіруге мүмкіндік жасайды, шығармашылық қабілеттердің дамуына да игі ықпалын тигізеді. Арт-терапиялық әдістер қорқыныш мәселесімен жұмыс жасауда тиімді. Қорқыныш суретін салғызу тапсырмасының өзі балаларды өз қорқыныштарымен жұмыс жасауға жұмылдырады. Әрине, қорқынышты суреттеу оңайға соқпайды. Балаға бұл тапсырманы орындау үшін бірнеше күндер қажет етіледі. Осылайша, ішкі психологиялық кедергі – қорқыныштың қорқынышы жеңіледі. Сурет салуға бел байлау – өз қорқынышымен тікелей қақтығысу, онымен бетпе бет жүздесу және оның бейнесін суретке салып бітпегенше мақсатты түрде ерік күшін жұмсап, есте ұстап тұру – жарақаттаушы нәрселердің өздігінен азаюына мүмкіндік береді. Сурет салу үрдісінде қорқыныш объектісі санада қатып қалған психикалық түзілімді көрсетпейді, себебі ол көркемдік бейне ретінде шығармашылық тұрғыда қайта бейнеленеді. Сурет салу кезінде

байқалатын қызығушылықтар қорқыныш эмоциясын біртіндеп бәсеңдетіп, оны орындап жатқан тапсырмаға ерік күшімен шоғырлануға және оған қанағаттануға алмастырады. Арт-терапия үрдісі балаға өз проблемаларын жандандыруға және оны түсінуге, сонымен қатар оны шешу жолдарын көруіне көмектеседі. Сурет салу – бала қиялын, ойлау орамдығын дамыту үшін табиғи мүмкіндік болып табылады. Шындығында сурет салуды ұнататын балалар ерекше фантазиясымен, сезімдерін тікелей жеткізе алуымен және ой-пікірлерінің орамдығымен ерекшеленеді. Олар өздерін суреттегі адамның немесе кейіпкердің орнына қоя біледі және оған деген өз қатынасын білдіре алады. Бала сурет сала отырып, өз сезімдері мен толғаныстарын, әсерлерін, қалаулары мен арманын көрсете алады, өзін қорқытатын жағымсыз, зақым келтіруші бейнелермен ешбір ауыртпалықсыз байланыса алады.

Арт-терапияның негізгі мақсаттары:

- *катарсистік* (тазартушы, жағымсыз күйлерден босатушы);
- *реттеуші* (нервтік-психикалық күштенулерді түсіру,

психосоматикалық күрдістерді реттеу,

жағымды психоэмоционалдық күйлерді үлгілеу;

- *коммуникативті-рефлексивті* (қарым-қатынас бұзылыстарын түзетуді қамтамасыз ету, дұрыс тұлғааралық мінез-құлықты, өзіндік бағалауды қалыптастыру).

Арт терапияның көптеген бағыттары бар. Олар: музыкатерапия, сурет терапиясы, битерапия, кинотерапия, драмтерапия, библиотерапия, куклотерапия. Бұл бағыттар жеке дара әдістеме ретінде де және көмекші әдістеме ретінде де қолдана беріледі.

Қазіргі таңдағы арт-терапия мамандарының баланың эмоционалды-психикалық денсаулығын емдеудегі ең қызықты және пайдалы тәсілдерінің бірі- маска терапия. Ол бойынша бала немесе арт терапевт ермексиз арқылы баланың бойындағы барлық қорқынышын, мазасыздығын, жағымсыз естеліктерін бейнелейтін масканы жасап шығарады. Сол арқылы балаға барлық жаман нәрсенің шығып, осы маскада қалатындығын түсіндіреді.

Барлық балалар құммен ойнағанды жақсы көреді, ал арт терапевттер баланың ойынын бақылап отырып баланың ішкі жағдайын талдай алады. Тіпті ақыл-ойдың артта қалуы мен аутизмнің жеңіл түрлерін емдей алады. Құм терапиясы әртүрлі деңгейдегі стрессті, мысалы: жақындарының ауруын, жаңа тұрғылықты жерге көшу немесе басқа балабақшаға ауысу сияқты жағдайларды бастан өткізген балаларға көмектесе алады. Психотерапевттер құммен және сумен жұмыс жасағанда бала өзінің ішкі әлемін көрсетеді, тіпті оның кейбір жақтарын өзі түзете алады деп санайды. Мұндай жұмыс ұсақ моториканы дамытады және баланың зейінін шоғырландыруға үйретеді[4].

Арт –терапияның тағы бір бағыты- сахна өнері. Баланың театрланған қойылымға қатысуы оның өз басынан өткен оқиғалар әлеміне енуіне

көмектеседі, өз сезімдерін, уайымдарын тек сөзбен ғана емес, сонымен қатар ыммен, мимикамен, қимылмен білдіруге үйретеді. Бала түрлі образдарға ене отырып даралыққа ие болады және басқа адамдардың ой-сезімдерін түсінуді, өзін басқаның орнына қоя білуді үйренеді. Ал арт-терапевт сабақ барысында ақырындап баланың мінез- құлқын түзетеді. Ертегі терапиясы- кішкентай балаларға арналған. Мұндай сабақтар кезінде дәрігер баламен отырып қандай да бір ертегінің сюжеті туралы әңгімелеседі немесе онымен бірге жеке импровизацияланған әңгіме құрастырады. Ертегі терапиясының негізгі мақсаты- баланы эмоционалды қолдау, қоршаған әлем мен адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы дұрыс идеяларды қалыптастыру, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжымдық қарым-қатынасқа үйрету.

Қорыта келе, арт-терапия әдісі арқылы баланың ақыл-ойындағы, мінез-құлқындағы, қабылдауы мен ойлауындағы ауытқулар және адамдармен қарым-қатынасқатүсудегі қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді, баланың жасырын қабілеттерін ашып, қорқыныш мен ішкі жанжалдан арылуға көмектеседі. Олардың эмоциялық және психикалық көңіл-күйін бақылап, қажет болған жағдайда шара қолдануға ықпал етеді. Арт-терапевт дәрігерлердің жұмыс істеу принципі өте жұмсақ болып келеді, сондықтан олар бала психикасына ешқандай кері әсерін тигізбейді. Ол баламен ойнау арқылы диалогқа түсіп, біртіндеп өзіне деген сенімді қалыптастырады. Содан кейін баладан өзін мазалайтын мәселелер туралы ақпарат жинап, бұл жағдайда не істеу керектігін шешеді.

Андатпа

Мақалада арт-терапияның дамыту және түзету құралы ретіндегі мүмкіндіктері мен артықшылықтары қарастырылады. Арт-терапияны балалармен жұмыс жасаудағы маңызы және оны жүргізу көрсетілімдері сипатталады.

Аннотация

В статье рассматриваются возможности и преимущества арт-терапии как инструмента развития и коррекции. Описано значение арт-терапии в работе с детьми и ее показания.

Annotation

The article discusses the possibilities and benefits of art therapy as a tool for development and correction. The importance of art therapy in working with children and its indications are described.

Арт-терапия-балалардың эмоционалды даму құралы ретінде

Арт-терапия как средство эмоционального развития детей

Art therapy as a means of emotional development of children

Кілт сөздер: музыка терапиясы, сурет терапиясы, битерапия, бейнелеу өнері, сурет салу.

Ключевые слова: музыкальная терапия, рисование, танцевальная терапия, изобразительное искусство, рисование.

Keywords: music therapy, drawing therapy, dance therapy, fine arts, drawing.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бердібаева С.Қ. «Көркем творчество психологиясындағы этностық мәселелер»// Вестник НАПК, №3. 2005ж.
2. Копытин В.И. Руководство по групповой арт-терапии.СПб, 2003г.
3. Мухина В.С. Притчи, сказки, метафоры в развитии ребенка. СПб: Речь, 2007г.
4. Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми.
5. Зинкевич- Евстигнеева Т.Д. Психодиагностика через рисунок в арт-терапии.
6. Ткач Р.М. Сказкотерапия детских проблем. СПб: Речь, М: Сфера, 2008г.

FTAMP 06.03.07

Қазақстан Республикасы аумағында халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын ұйымдастыру

Бекентаева Аружан,
СР-20-1 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі:
Э.Ғ.М. Мұхтарова Ақмарал

Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау жүйесінде белсенді және енжар шараларды даралайды. Белсенді шараларға кәсіптік даярлау мен жұмыссыздарды қайта оқыту, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру және жаңа жұмыс орындарын ашу жатады.Енжар шаралар жұмысқа орналастыруды, жәрдемақылар төлеу мен жұмыссыздарға материалдық көмек көрсетуді қамтиды.

Дамыған елдерде де жұмыспен қамту саясатына белсенді және енжар компоненттер кіреді. Белсенді іс-шараларға жаңа жұмыс орындарын ашуға, қайта мамандануға, мүгедектерді еңбек қатарына қосуға және т.б. барлық шығындардың 25-30% жұмсалады. Қалған қаражаттар жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар төлеуге пайдаланылады. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық кезінде (1-2 жыл) жұмыссыздар аз қамсыздандырылған азаматтар санатына көшеді де, кедейшілік бойынша жәрдемақылар ала бастайды.

Қазақстанда 1991-1999 жылдары халықты әлеуметтік қорғаудың енжар нысандарына екпін берілді. 1991 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры құрылды, қорға бюджеттен тыс саладағы кәсіпорындар мен ұйымдар, ал 1997 жылдан бері бюджеттік саладағылар да жалақы қорынан 1-2% ақша аудара басталады.

ҚР «Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы» (1991ж) бірінші Заңына сәйкес жұмыссыздардың бұрынғы жұмыс стажына, асыраудағы жандарына, жұмыстағы үзілістердің ұзақтығы мен өзге факторларға қарай жұмыссыздарға сараланған жәрдемақылар белгіленеді. Әлеуметтік қолдау көрсетудің анағұрлым жоғары деңгейі штаттың қысқаруына немесе кәсіпорындарды таратқан жағдайға байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге кепілденді. Сондай-ақ мамандыққа оқыту мерзімінде жұмыссыздарға стипендиялар төлеу қарастырылды.

1999 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының «Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы» жаңа Заңы күшіне енді, ол жұмыспен қамту саласында белсенді саясат жүргізуге, азаматтарды жұмыс іздеуге уәждеуге, халықтың ең осал санаттарына әлеуметтік қорғау көрсетуге бағдарланды. Осы заңға сәйкес жұмыссыздық бойынша жәрдемақы едәуір азайтылды және ол айлық есептік көрсеткіштің 3,5 еселік мөлшерінде есептеле бастады. Бұрын жұмыс істемегендерге төленетін жәрдемақы жойылды. Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау (қайта даярлау) кезінде төленетін стипендиялар айлық есептік көрсеткіштің 3 еселік шамасында сақталды. Қазақстанда жұмыспен қамтудың белсенді саясаты мен еңбек рыногының жаңа парадигмасына көшудің амалсыздан және қаржылық пайымдардың мәжбүр етуінен болғанын атап кеткен жөн. Бюджет жағдайының одан әрі нашарлауы небәрі 3 ай өтпей жатып-ақ жаңа Заңға түзетулер енгізуді талап етті.

ҚР 1999 жылғы 5 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы» Заңына сәйкес белгіленген тәртіпте жұмыссыздар болып танылған азаматтарға жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төленбейтін болды. Оның орнына жергілікті бюджеттің қаражаттары есебінен атаулы көмек көрсету қарастырылды, оны аудандық (қалалық) еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек көрсету (халыққа әлеуметтік көмек көрсету орталықтары) бөлімдері жүзеге асырады.

Жұмыспен қамту орталықтары - жұмыспен қамту қызметін ұсынатын «еңбек нарығындағы бірыңғай терезе». Мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында олардың жұмысына реформалар жүргізіліп, заман талаптарына сай формат енгізілді. 2018 жылғы 16 сәуірде «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес келесі бағыттағы бірқатар бастамалар көзделген:

- халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;
- электрондық еңбек биржасын енгізу;
- жұмыспен қамту саласында жұмыспен қамтудың жеке агенттіктерінің аутсорсинг қызметін іске асыру..

Халықты жұмыспен қамту орталықтарымен өзара іс-қимылдың көпарналы схемасы енгізілді. Өтініш берушілер мен жұмыс берушілер кеңейтілген арналар арқылы өзара әрекеттеседі, атап айтқанда:

- жұмыспен қамту орталықтары арқылы;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы; ауыл әкімдері арқылы;
- цифрлық арналар арқылы: электрондық еңбек биржасы (www.enbek.kz порталы), электрондық пошта, телефон арқылы байланыса алады.

Жұмыспен қамту орталықтары көрсететін қызметтердің стандарттары қайта қаралды. 2019 жылдан бастап орталыққа жүгінген әрбір азамат атаулы және жеке тәсілмен қамтыла бастады. Мамандыққа бейіндеу жүргізіледі, нақты мамандыққа икемін анықтау үшін кәсіптік бағдарлау көзделген. Жұмыссыз адамның дағдылар деңгейін бағалау негізінде оның күшті және осал тұстарын ескерумен жұмыспен қамтудың жеке жоспары жасалады.

Жұмыспен қамту орталықтарында жұмыс орындары (дербес компьютерлер) бөлінген өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында бар, онда жұмыс іздеген азаматтар Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) мемлекеттік интернет-ресурсы арқылы жұмыспен қамту орталықтарының қызметтерін пайдалана алады: түйіндемелерін жариялап, бос жұмыс орындары жайлы мәліметтерді көре алады. Өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында кеңесшілер жұмыс іздеушілерге интернет-порталдың мүмкіндіктері туралы ақпарат беріп, қажет болған жағдайда тіркеуге, жеке кабинет ашуға, түйіндеме жасауға, бос жұмыс орындарын іздеуге, пікірлер мен түйіндемелерді қызығушылығын тудырған бос жұмыс орындарына жіберуге көмектеседі.

Жұмыспен қамту орталықтары мен Электрондық еңбек биржасы арасындағы өзара байланыспен қалалар, аудандар және ауылдардың тұрғындары онлайн режимде қамтамасыз етіледі. Биржа порталы еліміздегі еңбек нарығындағы жағдай туралы ақпараттармен — сұранысқа ие кәсіптер туралы шолулар, жаңа кәсіпорындарда жұмыс орындарының құрылуы және кәсіптер түрлері бойынша еңбекақы мөлшері жайлы мәліметтермен тұрақты толықтырылып отырады.

Жұмыс берушілердің және жұмыс іздеушілердің жұмыспен қамту орталықтарына деген сенім деңгейін арттыру мақсатында 2018 жылғы қазаннан бастап жұмыспен қамтитын жеке агенттіктердің аутсорсинг қызметі енгізілді. Бұл жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру арналарын кеңейтті. Аутсорсинг Электрондық еңбек биржасы арқылы іске асырылады.

Электрондық еңбек биржасында біліктілік талаптарына сай келетін жұмыспен қамту орталығы мен жеке агенттік арасында аутсорсинг туралы келісімшарт жасалады. Жеке агенттіктер жұмысқа орналасуға халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органда тіркелген және аутсорсингке келісім берген жұмыссыздарды жібереді. Қызметтердің аутсорсинг құралын жетілдіру және оны іске асыруды жеңілдету, сондай-ақ жұмыспен қамтудың жеке агенттіктерін тарту мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті бұйрықтарына өзгерістер енгізілді.

Аутсорсинг бойынша жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің қызметтеріне шекті тарифтер анықталды. Аутсорсингке берілген жеке агенттікке жүгінген азаматтарға тегін қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар Бұдан басқа, жоба шеңберінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты формализациялау бойынша ұсыныстар әзірленді. «SABER» халықаралық әдістемесі бойынша қысқа мерзімді оқыту қызметтерін ұсынатын орталықтардың жұмысына бағалау жүргізіліп, жұмыссыз тұрғындарға сапалы білім беретін оқу орталықтары анықталды.

«Digital Agent» қосымшасы арқылы кері байланыс және проблемаларды шешу механизмі іске асырылуда. Бұл қызметті алушылар нақты уақыт режимінде мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарының қызмет көрсету сапасын (қызметкердің сыпайылығы, кәсіби деңгейі, әкімшілік кедергілер және т.б.) бағалай алады.

Электрондық еңбек биржасы — бұл мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарынан да, жеке агенттіктерден де, онлайн алаңдардан да бос жұмыс орындары мен түйіндемелерді жинақтайтын еліміздегі алғашқы цифрлық алаң. Еңбек биржасында орналастырылған бос жұмыс орындарына жалақы төлеу деңгейін жұмыс берушілер дербес анықтайды және ол жұмыстың көлемі мен күрделілігіне, әлеуетті қызметкерлердің біліктілігі мен дағдыларына байланысты болады.

Қорытындылай келе, Республика мен облыстардың халықты жұмыспен қамтудың жыл сайын белгіленетін бағдарламаларымен қоса шетел тәжірибесін ескере отырып жұмыспен қамту мен еңбек рыногының қалыптасуының шағын мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстар әлі де жалғасын табуға тиіс. Оларда еңбек рыногының сегменттік қиыстырылуын, жұмыссыздық түрлерін, оның жастық, гендерлік, этникалық құрамын ескеретін арнайы зерттеулер көрініс табуы керек.

Қазақстан Республикасы аумағында халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын ұйымдастыру

Организация рабочих центров занятости на территории

Республики Казахстан

Organization of work centers of employment centers in the territory of the republic of Kazakhstan

Андатпа: Экономикасы өтпелі елдердін экономикалық дамуының нарықтық бағдары халықты жұмыспен қамту саласында түбірімен жаңа әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарының қалыптасуын көздейді. Еңбеккерлерді жалдау жүйесін, олардың еңбегін толық немесе жартылай пайдалануды, азаматтардың жұмысқа жалдануына жағдай жасауды және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауды қамтитын жұмыспен қамту саласының күрделі қарым-қатынастарын реттеу дәстүрлі емес жолдарды қажет етеді.

Аннотация: Рыночная ориентация экономического развития стран с переходной экономикой предусматривает формирование принципиально новых социально-трудовых отношений в сфере занятости. Регулирование сложных трудовых отношений, включая систему занятости, полное или частичное использование их труда, создание условий для трудоустройства граждан и социальной защиты безработных, требует нетрадиционных подходов.

Abstract: The market orientation of the economic development of countries with economies in transition provides for the formation of fundamentally new social and labor relations in the field of employment. Regulation of complex labor relations, including the employment system, full or partial use of their labor, creation of conditions for employment of citizens and social protection of the unemployed, requires non-traditional approaches.

Кілт сөздер: жұмыссыздық, еңбек нарығы, еңбек биржасы, жұмыспен қамту, еңбек нарығы, жұмыс беруші

Ключевые слова: безработица, рынок труда, биржа труда, занятость, рынок труда, работодатель

Keywords: unemployment, labor market, labor exchange, employment, labor market, employer

Әдебиеттер тізімі

1. <https://primeminister.kz>
2. <https://adilet.zan.kz>
3. Борзенков Р. Территориальные аспекты малого бизнеса и занятость населения// Человек и труд. – 2012.
4. Базыленко Т. Влияние службы занятости на предпринимательскую активность безработных// Человек и труд. – 2012.

FTAMP 51.3

Сызықтық теңдеулер жүйесін шешуде крамер әдісі арқылы экономикалық есептерді шығару

Бекенова Әлия Тұрсынбекқызы

УиА-19-1 оқу тобының студенті,

Қанибайқызы Құндызай

п.ғ.м, аға оқытушы

Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек, жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек» деп атап көрсетті.

Сондықтан жоғары оқу орындарында математика пәнінің оқытушылары қазіргі уақыт талабына сай білім бере отырып, математикалық ойлау қабілеті жоғары қалыптасқан, өз бетінше дәл шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, білімді студенттерді даярлап шығаруға зор үлесін қосуы тиіс.

Осыған орай сызықтық теңдеулер жүйесін шешуде крамер әдісі арқылы экономикалық есептерді шығарудың әдіс тәсілдерін қарастырамыз. Габриэль Крамер(1704-1752)-швейцариялық математик, Иоганн Бернуллдің досы, сызықтық алгебраның дамуына өз үлесін қосқан ғалым. Француз тілді дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Крамер кішкентайынан математикаға бейімді болды. Ол өзінің 18 жасында диссертация қорғап, 20 жасында Женева университетінің философия кафедрасында жұмыс жасайды. Университет қабырғасында өткізген 2 жылында ол Европа елдеріне саяхат жасап, Базель қаласында Бернулли мен Эйлерді, Лондонда Галлей мен Муаврды, Парижде Мопертюи мен Клеро сынды математиктермен кездесіп, хат алмасып тұрады. Өзінің бос уақытында геометрия, тарих, математика, философия салаларында мақала жазған. Крамер әдісі сызықтық теңдеулер жүйесін шешуде детерминанттарды қолдануға негізделген. Бұл шешім процесін едәуір жылдамдатады. Крамер әдісін көптеген сызықтық теңдеулер жүйесін шешу үшін қолдануға болады. Әдіс Габриэль Крамердің (1704–1752) есімімен аталады, ол 1750 жылы өзінің атақты «Алгебралық қисықтарды талдауға кіріспе» трактатын жарыққа шығарып, бұл еңбегінде сызықтық теңдеулер жүйесін құрып, алгоритм бойынша есептеп, дәлелдеген. Бірақ Крамерден бұрын 1748 жылы бұл ереженің ерекше жағдайларын қарастыра сипаттаған шотландық математик Колин Маклорен болған.

Экономикадағы Крамер әдісі.

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} \\ - & - & \dots & - \\ a_{m1} & a_{m2} & \dots & a_{mn} \end{pmatrix} - \text{негізгі матрица; } X = (x_1, x_2, \dots, x_n)^T - \text{шешімдер}$$

векторы, $B = (b_1, b_2, \dots, b_n)^T$ - бос мүшелер векторы. Осы матрицалар арқылы құрылған

$$A/B = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & \dots & a_{1n} & b_1 \\ a_{21} & a_{22} & \dots & a_{2n} & b_2 \\ - & - & \dots & - & - \\ a_{m1} & a_{m2} & \dots & a_{mn} & b_n \end{pmatrix} - \text{кеңейтілген матрица деп аталады.}$$

Крамер ережесі: Егер (*) біртекті емес теңдеулер жүйесінің негізгі матрицасына сәйкес анықтауыш нөлден ерекше болса, онда теңдеулер жүйесі үйлесімді және шешімі жалғыз болады. Ол шешім Крамер формуласы бойынша

$$x_j = \frac{\Delta_j}{|A|}, \quad j = 1, 2, \dots, n$$

Мұндағы $\Delta_j, j = 1, 2, \dots, n$ - $|A|$ анықтауышының j -ші баған мүшелерін $B = (b_1, b_2, \dots, b_n)^T$ - бос мүшелерімен ауыстыру арқылы алынған жаңа анықтауыштар.

$$\begin{cases} a_1x + b_1y + c_1z = d_1 \\ a_2x + b_2y + c_2z = d_2 \\ a_3x + b_3y + c_3z = d_3 \end{cases}$$

$$\Delta = \begin{vmatrix} a_1 & b_1 & c_1 \\ a_2 & b_2 & c_2 \\ a_3 & b_3 & c_3 \end{vmatrix} \neq 0$$

$$\Delta x = \begin{vmatrix} d_1 & b_1 & c_1 \\ d_2 & b_2 & c_2 \\ d_3 & b_3 & c_3 \end{vmatrix}, \quad \Delta y = \begin{vmatrix} a_1 & d_1 & c_1 \\ a_2 & d_2 & c_2 \\ a_3 & d_3 & c_3 \end{vmatrix}, \quad z = \begin{vmatrix} a_1 & b_1 & d_1 \\ a_2 & b_2 & d_2 \\ a_3 & b_3 & d_3 \end{vmatrix}$$

$$\begin{cases} x_1 + 2x_2 + 3x_3 = 7 \\ 2x_1 - x_2 + x_3 = 9 \\ x_1 - 4x_2 + 2x_3 = 11 \end{cases}$$

Мысал қарастырайық :

Крамер әдісі бойынша теңдеуді шешу керек.

$$\Delta = \begin{vmatrix} 1 & 2 & 3 \\ 2 & -1 & 1 \\ 1 & -4 & 2 \end{vmatrix} = -2 + 2 - 24 + 3 - 8 + 4 = -25$$

$\Delta \neq 0$, ендеше теңдеудің бір шешімі бар.

$$\Delta_1 = \begin{vmatrix} 7 & 2 & 3 \\ 9 & -1 & 1 \\ 11 & -4 & 2 \end{vmatrix} = -14 + 22 - 108 + 33 - 36 + 28 = -75$$

$$\Delta_2 = \begin{vmatrix} 1 & 7 & 3 \\ 2 & 9 & 1 \\ 1 & 11 & 2 \end{vmatrix} = 18 + 7 + 66 - 27 - 28 - 11 = 25$$

$$\Delta_3 = \begin{vmatrix} 1 & 2 & 7 \\ 2 & -1 & 9 \\ 1 & -4 & 11 \end{vmatrix} = -11 + 18 - 56 + 7 - 44 + 36 = -50$$

$$X_1 = \frac{\Delta_1}{\Delta} = \frac{-75}{-25} = 3, \quad X_2 = \frac{\Delta_2}{\Delta} = \frac{-75}{-25} = 3, \quad X_3 = \frac{\Delta_3}{\Delta} = \frac{-75}{-25} = 3.$$

Жауабы: (3; -1; 2)

Экономикалық есеп қарастырайық:

Баспа типографияның үш түрін шығарады: газет, журнал, кітап. Оларды өндіру үшін шикізаттың үш түрі қолданылады: қағаз 297×420 мм, баспаға арналған сия 1 литр, бумвинил 1 м^2 . Олардың әрқайсысының бір өнімге шығын нормалары және бір күндегі шикізатты тұтыну көлемі кестеде келтірілген

Өнім түрі	Бір өнімге кеткен шығын нормасы			Бір күнге жұмсалатын шығын
	Газет	Журнал	Кітап	
қағаз 297×420 мм	5	25	150	23750
сия 1 литр	1,3	2,1	5,4	1715
бумвинил 1 м^2	0	0	1,2	120

Шешімі:

Әр күні топография x_1 газет, x_2 журнал, x_3 кітап шығарсын. Осыған сай біз жүйе қарастырамыз:

$$5x_1 + 25x_2 + 150x_3 = 23750$$

$$1,3x_1 + 2,1x_2 + 5,4x_3 = 1715$$

$$1,2x_3 = 120$$

$$\Delta = -26,4$$

$$\Delta_1 = -13200$$

$$\Delta_2 = -6600$$

$$\Delta_3 = -2640$$

$$x_1 = -13200 / (-26,4) = 500$$

$$x_2 = -6600 / (-26,4) = 250$$

$$x_3 = -2640 / (-26,4) = 100$$

Жауабы: типография күніне 500 газет, 250 журнал және 100 кітап шығарған.

Қорытындылай келе математикада теңдеулер жүйесін қолдану арқылы шешуді қажет ететін есептер бар. Мектеп қабырғасында екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесін шешу, кейін ЖОО қабырғасында үш, төрт т.б. айнымалысы бар теңдеулермен таныстып, сабақ барысында мамандығыма сай келетін, яғни экономика (қаржы, есеп және аудит) саласында да теңдеулер жүйесімен шығарылатын есептер барын байқадым.

Математика – тарихы терең ғылым патшасы. Болашақта бұл ғылым саласында жаңалықтар көп болуына сенемін және өзім де сол жаңалықтарды жасауға ат салысатыныма сенімдімін!

Сызықтық теңдеулер жүйесін шешуде Крамер әдісі арқылы экономикалық есептерді шығару

Андатпа: Еліміз ғылым мен техниканың әр саласында мамандар дайындағандағы өз саясатын нақты анықтап алды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек-деп атап көрсетті.

Ондағы басым бағыттардың бірі мемлекеттік тілді еркін меңгерген, жан – жақты білімі, осы заманғы ғылым мен техниканы жан-жатық білетін іскер мамандарды дайындау болып саналады. Сондықтан да, білім алушының білімдік қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында пәндерді байланыстыра оқытудың маңызы ерекше.

Кілт сөздер: Экономика, Крамер әдісі, технология, матрица, геометрия, математика, философия, коэффициент.

Решение экономических задач методом Крамера при решении систем линейных уравнений

Аннотация: Наша страна четко определила свою политику в подготовке специалистов в различных областях науки и техники. В Послании Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 года «новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» отмечено, что «необходимо усилить качество преподавания математики и естественных наук на всех уровнях образования».

Одним из приоритетных направлений в нем является подготовка деловых специалистов, свободно владеющих государственным языком, обладающих всесторонними знаниями, умениями и навыками современной

науки и техники. Поэтому, в целях формирования образовательных интересов обучающегося особое значение имеет совместное изучение предметов.

Ключевые слова: Экономика, метод Крамера, технология, матрица, геометрия, математика, философия, коэффициент.

Solving economic problems using the Kramer method in solving systems of linear equations

Annotation: The country has clearly defined its policy of training specialists in various fields of Science and technology. In the address of elbasy Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan on January 10, 2018 "new development opportunities in the context of the Fourth Industrial Revolution", it was noted that "it is necessary to strengthen the quality of teaching mathematics and Natural Sciences at all levels of Education. One of the priority directions in it is the training of business professionals who are fluent in the state language, have comprehensive knowledge, comprehensive knowledge of modern science and technology. Therefore, in order to form students ' educational interests, it is important to study subjects in conjunction.

Keywords: Economics, Kramer's method, technology, Matrix, geometry, mathematics, philosophy, coefficient.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Айдос Е.Ж. Жоғары математика курсы. Алматы, 2003. 1-бөлім.
2. Әубәкір С.Б. Жоғары математика. 1-бөлім. Алматы, 2000.
3. Минорский В.П. Сборник задач по высшей математике. М.: Наука, 2007.
4. Данко П.Е., Попов А.Г. Высшая математика в упражнениях и задачах. Ч. 1 и 2, М.:ВШ, 1986.

Қазақстандағы бухгалтерлік аутсорсинг дамуы

Бекенова Әлия

УиА-19-1 оқу тобының студенті

Машаева Аягоз Жантүреевна

Әр ұйым өздігінше күрделі екеніне сүйенсек, кезкелген коммерциялық ұйым үшін пайда табу, кейін ісі өрге басқан шабизнесін сақтап қалып, одан әрі дамытып, кеңейту маңызды. Пайдасыз қызмет кәсіпорын жұмысының сапасыздығын білдіреді. Ал жаңа экономика жағдайында жұмыс жасайтын

ұйымның пайда табуы ұйымды құрайтын және одан тыс жүйелердің өзара әрекеттесуінің синергетикалық әсерінің нәтижесінің жемісі.

Қазіргі заманғы коммерциялық ұйым бірнеше күрделі жүйелерден құралады, мысалы:

- жүйелік - маркетинг;
- өндірістік жүйе;
- ақпараттық жүйе;
- логистикалық жүйе;
- персоналдық жүйе және т.б.

Ұйымның ішкі бөлігінен бөлек, сыртқы бөлігінде оның жұмысына тікелей әсер ететін жүйелер де бар, оларға:

- клиенттік жүйе; бәсекелестер жүйесі;
- мемлекеттік жүйе;
- басқару және бақылау органдарының жүйесі;
- ықпалды инвесторлар жүйесі және т.б. кіреді.

Ұйымның жағдайы ондағы әр жүйенің жеке жағдайымен және олардың өзара тиімді жүзеге асуымен анықталады.

Әр ұйым өзінің процестерін оңтайландыруға тырысады.

Оңтайландыруға қол жеткізудің бірнеше әдісі бар. Баяндамада олардың ішіндегі тиімдісі аутсорсингке талдау жасалынып. Қазақстанда аумағындағы аутсорсинг дамуы туралы сөз етіледі.

Бухгалтерлік аутсорсинг - кәсіпорынның бухгалтерлік қызметін қамтамасыз ететін бизнес-процестегі аутсорсингтің бір бөлігі. Бухгалтерлік аутсорсингті жүргізуде кәсіпорынның бухгалтерлік есебін және есептемелерін беруге байланысты функцияларды кәсіпорыннан тыс аутсорсерге беру тағайындалады.

Әлемдік нарықта қарқынды дамып келе жатқан бұл бизнес-процесс аутсорсингтің түрі Қазақстанда салыстырмалы түрде жаңаша қызмет түрі болып отыр. Ағылшын сөздіктерінде «аутсорсинг» (outsourcing) термині 1980 жылдардың басында пайда болған. Сол уақыттан бері еуропалық тілдердің көпшілігінің іскерлік лексикасында берік орныққан бұл жаңа ұғым

Ресей елінде 1990-жылдардың екінші жартысынан бастап біртіндеп қолданыла бастады.

Қазіргі таңда бухгалтерлік есептің аутсорсингі сұранысқа ие болып, осы салада қызмет көрсететін фирмалар нарығы дамуда.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіпкер шарттық негізде сыртқы бухгалтерлік ұйымға бухгалтерлік есеп жүргізуді бере алады [1]. Бұл ретте заң бухгалтерлік ұйымды уәкілетті орган аккредиттеген бухгалтерлердің кәсіби ұйымының мүшесі болып табылатын ұйымға не кәсіпорынға не халықаралық бухгалтерлер федерациясының

толық мүшесі болып табылатын шетелдік институтқа кіретін ұйым ретінде айқындайды.

Бухгалтерлік есеп аутсорсингі - бухгалтерлік бөлімді, экономикалық жоспарлау, қаржыландыру және даму бөлімін алмастыратын қызметтер жиынтығы. Комплексті тәсіл арқасында тапсырыс беруші кәсіпорын қажетсіз қаржылай шығыннан арыла отырып, уақытын үнемдеп басқарушылық есеп шешімдеріне ие болады. Тапсырыс беруші кәсіпорын келісілген бухгалтерлік есепті жүргізуді көздейтін шарт бойынша салықтар мен алымдарды есептеудің дұрыстығы мен уақтылығы үшін жауапкершілікті өзге заңды тұлғаға береді, яғни аутсорсерге. Аутсорсердің бухгалтерлік қызмет көрсетуі мынадай қызмет түрлерін қамтиды:

1. бастапқы құжаттаманы толық өңдеуді;
2. қаржылық есептілік құруды;
3. салық басқармасына және статистика органына салық декларацияларын тапсыруды;

4. табыс етілген бастапқы деректер негізінде жалақының ай сайынғы есебін және оған байланысты салықтар мен алымдарды есептеуді (жұмыс уақытын есепке алу табелі, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, еңбекке жарамсыздық, еңбек демалысы және т.б. ақпарат көздері);

5. бухгалтерлік есеп саласында консультация беруді. Бесінші қызмет түрі, яғни бухгалтерлік есеп саласында кеңес беру тапсырыс берушінің кеңесінде не мамандандырылған бухгалтерлік кәсіпорынның кеңесінде өткізіледі. Мұндағы басты артықшылықтардың бірі салықтық, еңбек және заңды тәуекелдердің минимизациялануы. Аутсорсер маман бухгалтерлік есепті және есептемені уақытылы жүргізіп, салық басқармаларына, статистика органдарына қажетті құжаттарды өткізбейінше еңбек демалысын алмайды.

Қазақстандағы аутсорсер маман қызметіне қанша мың қаржы көзін талап етеді?

Аутсорсинг қызметін көрсететін маман қызмет көрсету құнын өңделетін құжаттың санына және кәсіпорынның жұмыс жасайтын сферасына байланысты тағайындайды. Ұйым қызметінің түрлеріне, онда жасалынатын шаруашылық операциялардың санына қарай қызмет көрсету құны орта есеппен 5000 мың теңге мен 60 000 мың теңге аралағында болады. Әрбір аутсорсингтік кәсіпорында бухгалтерлік қызметтің құны әр клиентке жеке таңдалады және тапсырыс берушінің қаржылық мүмкіндігіне сай келетін қызмет көрсету жүзеге асырылады.

Қазақстан нарығында өз қызметін ұсынатын бухгалтерлік аутсорсинг кәсіпорындар Satu.kz - 18 мың интернет-кәсіпкер 10 миллионнан астам тауарлар мен қызметтерді сататын қазақстандық нарық. Қазақстан төңірегіндегі бухгалтерлік аутсорсинг қызметін көрсететін кәсіпорындар мұнда өз жарнамаларын ғаламторға жариялай отырып, бағаларын ұсынады. Satu.kz пен өзге де ғаламтор ресурстарына зер салсақ, «ТОО Фирма ваш

бухгалтер», «Goddess finance», «ТОО Абиа», «G&G Консалтинг», «UCMS Group Kazakhstan» және т.б. бухгалтерлік аутсорсинг компаниялар өздерінің жоғары білімді, кәсіби тәжірибелі мамандарын сәт сайын жаңарып отыратын ақпаратты қалт жібермей, оның сапалы, сенімді, уақытылы болуына баса мән беретінін айта отырып, көрсететін қызметтерін минималды 5000 мың теңге, максималды 70 000 мың деп нақтылаған және аутсорсинг қызметін ұсынатын ұйымдардың басым көпшілігі Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында орналасқан [2].

Уақыт ағымына сәйкес Қазақстан нарығында бухгалтерлік аутсорсинг ұйымдарының көбейіп, нақты жұмыс барысында қолданысқа ие болып отырғандығын көреміз.

Бухгалтерия саласы көп оқуды, ізденуді, зерттеуді және нарықтан, жаңа заңдардан, өзгерістерден үнемі хабардар болып отыруды талап етеді. Еліміздегі бухгалтерия ісінің алға жылжып, бухгалтерлік аутсорсингтің одан әрі қарқынды дамуы әрбір кәсіби маман бухгалтердің үлесінде.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III заңы.
2. Satu.kz – казахстанский маркетплейс

МРНТИ 06.39.31

Государственная политика в сфере социальной защиты населения республики казахстан в условиях пандемии

Арина Бородина,
группа ГМУ-20-1п/я
Ким В.В. старший преподаватель,
магистр экономических наук

Образование, здравоохранение и система социальной защиты населения - наиболее важные сферы жизни общества, влияние государства в которых очень велико. Политика государства в данной области определяет тенденции развития государства в долгосрочном периоде, поскольку именно эти сферы оказывают прямое влияние на формирование богатства человеческого капитала страны. Иными словами, степень приоритетности развития социальной сферы определяет перспективы долгосрочного роста и создания конкурентоспособной экономики.

Учитывая международный опыт развития систем социального страхования, основанных на принципе ограниченной солидарности, в целях

обеспечения полноты охвата населения и надежности всей системы, сокращения административных расходов предполагается создать государственный фонд социального страхования (далее - Фонд) в виде закрытого акционерного общества со 100-процентным участием государства. Фонд с индивидуальным учетом участия и размера отчислений позволит за короткий срок охватить социальным страхованием формальный сектор труда, в том числе малоинтересные для частных организаций отдаленные сельские районы[1].

Также будут внедрены действенные механизмы контроля, исключающие возможность нецелевого использования финансовых средств Фонда. Будут законодательно определены рамки инвестиционной деятельности Фонда, процедуры по управлению и инвестированию средств, права и обязанности фонда по хранению и учету активов. Предполагается инвестировать средства Фонда преимущественно в государственные ценные бумаги. Учитывая тесную взаимосвязь Государственного центра по выплате пенсий с системой социального страхования, будут расширены его функции и обязанности. Обязательства Фонда будут являться обязательствами государства только как акционера в рамках действующего законодательства об акционерных обществах. В то же время в перспективе можно предусмотреть участие частных институтов при организации выплат из системы обязательного социального страхования. При изменении социально - экономических условий будут своевременно вноситься коррективы в основные параметры обязательного социального страхования [2].

В период пандемии государство оказывало небольшую помощь именно тем, кто работал, и в данном случае эта выплата даётся не всей семье. Если в семье есть несколько работающих, и они также потеряли доходы, то каждый член семьи, который работал и потерял свои доходы, получил 42 500 тенге. Было принято решение по поручению главы государства осуществить на период ограничительных мер социальные выплаты по потере дохода в размере минимальной заработной платы за один месяц. Выплата осуществлялась на основании заявок работодателей, индивидуальных предпринимателей и самозанятых, чья деятельность была ограничена усилением карантинных мер.

Аналогичную сумму — 42 500 тенге — платили во время действия режима чрезвычайного положения в стране, введенного после регистрации первых случаев коронавируса в марте и снятого в середине мая. В этот период власти дважды выплачивали оставшимся без доходов казахстанцам пособие. По данным правительства, в первом месяце пособия получили свыше 4,5 миллиона человек, во втором — более двух миллионов. Начисление выплат сопровождалось жалобами на трудности с оформлением документов, многочисленные отказы и недостаточность этих средств для

жизни. Во время режима чрезвычайного положения миллионы казахстанцев лишились дохода в условиях карантина и остановки предприятий.

Единовременную выплату по потере дохода в период карантина получили более 2,3 млн казахстанцев. Во время карантина, по официальным данным, вне зоны занятости оказались четыре миллиона 200 тысяч человек. Фактически, безработица подскочила до 46 процентов — это беспрецедентный шоковый уровень в нашей стране. Нынешний кризис является не только санитарно-эпидемиологической, но и трудовой чрезвычайной ситуацией.

Для поддержки бизнесменов, у которых произошло ухудшение финансового состояния из-за чрезвычайного положения, 20 марта правительство Казахстана подписало постановление об освобождении от уплаты налогов до 31 декабря 2020 года: 1) налога на имущество юридических лиц и индивидуальных предпринимателей по крупным торговым объектам, торгово-развлекательным центрам, кинозалам, театрам, выставкам и физкультурно-оздоровительным и спортивным сооружениям; 2) земельного налога по землям сельскохозяйственного назначения производителей сельскохозяйственной продукции; 3) индивидуального подходного налога индивидуальных предпринимателей, работающих в общеустановленном порядке налогообложения.

Также им было приостановлено начисление пени по неисполненным в срок налоговым обязательствам до 15 августа 2020 года и были перенесены сроки сдачи налоговой отчетности на третий квартал 2020 года. Работающие граждане Казахстана, потерявшие доходы в период чрезвычайного положения в связи с выходом в вынужденный отпуск без оплаты труда, а также самозанятые и работавшие неофициально получили выплаты из государственного фонда социального страхования. Размер социальной выплаты на одного работника составил 1 минимальную заработную плату (42,5 тыс. тенге в месяц)

С 1 апреля 2020 года месячный расчётный показатель был поднят до 2778 тенге (с 1 января 2020 года он составлял 2651 тенге).

В настоящее время в стране была проведена широкомасштабная кредитная амнистия для физических и юридических лиц, которые до ограничительных мер исправно платили налоги, создавали рабочие места и в результате введения чрезвычайного положения, карантина и локдауна оказались в сложной ситуации по обслуживанию кредитов. Они могли оказаться без средств к существованию, под гнетом финансовых институтов, ограниченными в своих правах. Источниками финансирования были предложены высвободившиеся средства от оптимизации государственных расходов на административно-хозяйственную деятельность и налоговый маневр[3].

Глава государства выделяет два направления: погашение основной задолженности по беззалоговым потребкредитам (первое) и списание штрафов и пеней по ним (второе). В рамках первой части программы на 1 февраля 2020 года была погашена задолженность 554 тыс. граждан на сумму 115 млрд тенге. Судя по данным финагентства, 18% от общей суммы прощенных кредитов пришлось на жителей Алматы, 22% – на проживающих в Туркестанской области и Шымкенте, 5% – на людей, прописанных в столице.

По второму направлению на отчетную дату было погашено штрафов и пеней 1,2 млн граждан на сумму 33,6 млрд тенге. По условиям программы 70% от этой суммы было списано за счет кредиторов. За счет средств Национального банка было возмещено 30% расходов, или 10,1 млрд тенге. Основная доля прощений здесь также пришлась на бывшую столицу (21% от общей суммы). Кроме алматинцев, больше всех повезло жителям Нур-Султана (10%), Восточно-Казахстанской (8%) и Алматинской (7%) областей.

Для обеспечения устойчивого экономического роста Казахстана предстоит решить ряд задач путем реформирования системы государственного планирования, бюджетно-налоговой и денежно-кредитной политики, развития финансового сектора, регулирования деятельности естественных монополий, развития конкуренции и предпринимательства, а также внедрения принципов корпоративного управления.

В настоящее время правительство разработает и внедрит целевые индикаторы результативности и эффективности государственных, отраслевых (секторальных), региональных и бюджетных программ, а также каждого государственного органа. На это будет направлена система планирования, координации и контроля. Будут приняты нормативные правовые акты, которые позволят эффективно функционировать системе государственного планирования в условиях рыночных отношений, повысить качество государственных услуг, ориентировать деятельность государственных органов на достижение стратегических целей.

Правительство обеспечит условия создания благоприятного налогового и инвестиционного климата, развития бизнеса, активизирует работу по снижению административных барьеров, повышению производительности экономики.

В дальнейшем будут совершенствоваться методы государственного регулирования экономики с акцентом на уменьшение бюрократического вмешательства в вопросы развития бизнеса. Отношения с предпринимательством будут выстроены на принципах партнерства, честности и прозрачности. Наряду с этим, планируется принять меры по укреплению института частной собственности как основы гарантий прав и свобод граждан.

Сейчас почти полностью изменились принципы распределения общественного продукта, и, в связи с этим изменилась и роль государства в деятельности системы социальной защиты, и все в меньшей степени ее деятельность обеспечивается за счет госбюджета. Должна быть хорошо развита система социальной защиты, которая включала бы еще один важный элемент — предоставление услуг и выплат в рамках социальной помощи. Только при эффективной работе этих двух форм социальной защиты и может быть достигнута цель, ради которой они создаются[4].

Таким образом, государственное регулирование системы социального обеспечения является основным принципом осуществления новой политики социальной защиты в Республике Казахстан. Роль государства будет ведущей даже в случае высокого уровня развития системы социального страхования и накопительной пенсионной системы, финансируемой не из государственного бюджета, так как контроль за деятельностью участников системы будет оставаться за государством. Существующие проблемы в социальной политике государства требуют незамедлительного решения. Именно от социальной благоустроенности зависит эффективность производства, благосостояние государства.

**Государственная политика в сфере социальной защиты населения
Республики Казахстан в условиях пандемии
Пандемия жағдайында Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік
қорғау саласындағы мемлекеттік саясат
State policy in the field of social protection of the population of the republic of
kazakhstan in the context of the pandemic**

Аннотация: В статье представлен анализ государственных мер по социальной поддержке в период пандемии. Рассмотрены основные направления социальной защиты населения Казахстана. Проанализировано государственное регулирование системы социального обеспечения.

Аңдатпа: Мақалада пандемия кезіндегі әлеуметтік қолдау бойынша Мемлекеттік шараларға талдау жасалған. Қазақстан халқын әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттары қаралды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік реттеу талданды.

Abstract: The article presents an analysis of state measures for social support during the pandemic. The main directions of social protection of the population of Kazakhstan are considered. The state regulation of the social security system is analyzed.

Ключевые слова: государство, образование, здравоохранение, пособие, выплата, доход, страхование, малый бизнес, средний бизнес, социальная политика.

Кілтсөздер: Мемлекет, білім беру, денсаулық сақтау, жәрдемақы, төлем, табыс, сақтандыру, шағын бизнес, орта бизнес, әлеуметтік саясат.

Keywords: state, education, health care, benefit, payment, income, insurance, small business, medium business, social policy.

Список литературы

1. Баймагамбетов С.З., Современная социально-культурная политика Республики Казахстан: Исторический анализ, Астана: Елорда, 2001
2. Дуброва Н.Б., Право социальной защиты Республики Казахстан: Учебное пособие, Караганда: Профобразование, 2002
3. Жолдасбаев С.И., Государственный фонд социального страхования: развитие и перспективы: научное издание, Астана: ПарасатӘлемі, 2006
4. Жумагулов Г.Б., Право социального обеспечения: учебник, Алматы: Юридическая литература, 2006.

FTAMP:

Альберт Эйнштейннің жалпы салыстырмалылық теориясы

Бұхарбаева Аякөз,
Ф-17-1 тобының студенті
Калиев Бакыт Калиевич,
техника ғылымдарының кандидаты, профессор

1916 жылы А.Эйнштейн арнаулы салыстырмалы теорияны қозғалыстың барлық түріне дамытты. Нәтижесінде, жалпы салыстырмалы теория дүниеге келді, теориядан кеңістік созылып ғана қоймай, майысады.

Жалпы салыстырмалы теорияның математикалық өрнегі:

$$R_{\mu\nu} - \frac{1}{2}Rg_{\mu\nu} + \Lambda g_{\mu\nu} = G_{\mu\nu} + \Lambda g_{\mu\nu} = \frac{8\pi G}{c^4} T_{\mu\nu},$$

Мұнда:

$$G_{\mu\nu} = R_{\mu\nu} - \frac{R}{2} g_{\mu\nu} - \text{Эйнштейн тензоры,}$$

$\frac{8\pi G}{c^4}$ – Эйнштейннің тұрақтысы деп аталады.

Күн мен Юпитердің гравитациялық өрісінде электромагниттік толқынның ауытқуы және кемуі қара құрдымның болуы, қосарланған жұлдыздар жүйесінде гравитациялық толқындар және әлемнің ұлғаюы сияқты эффекттерде тәжірибе жүзінде дәлелденген.


Арнаулы салыстырмалы теориясынан кейін А.Эйнштейн ол теорияны толықтыру керек екенін түсінді. Бұл теория түзу сызықты және бірқалыпты

қозғалатын денелерге арналған. Үдемелі қозғалыстың бірқалыпты қозғалыстан айырмашылығы бар. Бірқалыпты қозғалыс кезінде, қозғалып бара жатқан дене туралы айта алмаймыз, ал үдемелі қозғалыс кезінде денеге барлық уақытта күш әсер етеді.

Эйнштейн Ньютон идеясын одан әрі дамытып, оларға эквиваленттілік принципінің формасын берді. Оның ойы бойынша ешқандай тәжірибие бұл массаларды ажырата алмайды. Ғалымдардың пікірлері бойынша Эйнштейннің эквиваленттік принципі – күшті, ал Ньютондікін – әлсіз. Эйнштейн арнаулы салыстырмалы теорияны толықтыру барысында, тартылыс теориясын жасағанын білді. Эйнштейннің жалпы салыстырмалы теориясы мақаласы патенттік бюрода жұмыс жасап жүргенде жарық көрді. Мақалада барлық қозғалыстың түрі, соның ішінде үдемелі қозғалыстың да салыстырмалылығы көрсетілді.

Осы принципті пайдалана отырып, Эйнштейн Күннің тартылыс өрісімен өткен жарық 0.83 доғалық бұрышқа бұрылатынын көрсетті. Бұл ең аз бұрыш, оны өлшеуге болады. 100 жыл бұрын Йохан Йенсен деген математик осы бұрышты есептеген. Эйнштейн мұны білген жоқ.

Эйнштейнге өзінің теориясын дәлелдейтін нәрсе керек болды. Ньютон теориясы өзінің өміршендігін дәлелдеді, сондықтан Эйнштейн теориясы бірінші жуықтауда Ньютонның теориясына айналу керек және жаңа нәтижелер беру керек. Эйнштейн бірінші жуықтауда өзінің теориясының Ньютон теориясымен сәйкес келетінін және одан әрі баратынын көрсетті. Эйнштейн теңдеуі, берілген массаның айналасында кеңістіктің майысатынын, сонымен қатар массаның ішінде де майысатынын көрсетті. Майысқан кеңістіктің аналогиясын берейік. Резиналы тартылған кленканың ортасына металл шар тастайық. Күнді бейнелейік. Шардың салмағынан кленка майысады. Күннің айналасындағы кеңістік сияқты, кішкентай шар эллипс бойымен қозғалады.



6-сурет

Эйнштейн теориясымен күшті гравитациялық өрісте уақыт баяу жүреді. Жүргізілген зерттеулер Эйнштейн теориясының дұрыстығын дәлелдеп берді. Гравитациялық әсерлері аз өрістерде Ньютон теориясынан

алынған нәтижелермен бірдей, ал күшті гравитациялық өрістерде, мәселен кара құрдым айналасында Ньютон теориясы орындалмайды. (6-сурет)

Қазіргі таңда кара құрдымдар мәселесі үлкен қызығушылық тудырып отыр. Шындығында бұл идея жаңа емес, оған 200 жыл толып отыр. Ағылшын астрономы Джон Митчелл 1784 жылы массасы үлкен жұлдыздардан жарық сыртқа шыға алмайтынын дәлелдеген болатын. Бірнеше жылдан кейін осындай қорытындыға француз ғалымы Пьер Лаплас та келді.

Олардың ойларын түсіну үшін, әуелі қашу жылдамдығы деп аталатын жылдамдықты қарастырайық. Жерден бірнеше космос корабльдері әр түрлі жылдамдықпен ұшырылсын дейік. Сол ұшырылған корабльдердің біреуі Жердің тарту күшін жеңіп, космос кеңістігіне ұшып кетсін. Міне, осы корабльдің жылдамдығын қашу жылдамдығы деп атаймыз. Жер үшін бұл жылдамдық 40000 км/сағатқа тең. Массалары үлкен объектілер үшін бұл жылдамдықтар үлкен болып келеді. Ерте ме, кеш пе белгілі бір массалар үшін, бұл жылдамдық жарық жылдамдығынан үлкен болады. Егер де бұл объектілер жұлдыз болса, онда жарық бұл жүйеден шыға алмайды. Осындай объектілер туралы Митчелл мен Лапластың айтқандай, белгілі бір жағдайларда осы объектілерді кара құрдым деуге болады, бірақ шындығында олай емес.



Митчелл кара құрдым идеясына Ньютон теориясы негізінде келді, егер осы мәселені тереңірек зерттесек бұл теория ешнәрсе бермейді. Бұл мәселені тереңірек тербеу үшін жалпы салыстырмалы теорияны пайдаланамыз. Жалпы салыстырмалы теориядан ерекше объектілердің болатынын түсінген неміс астрономы Карл Шварцшильд болды. Ол Эйнштейн теңдеуін бірінші шешкен ғалым. Теңдеудің шешімі оны қанағаттандырмады. Эйнштейн теориясы бойынша масса кеңістікті қисайтады, қисайған кеңістік шексіз болуы тиіс.

Шварцшильд теңдеуді шешіп, Эйнштейнге жеткізді, алынған шешім оны ойландырып тастады. Кейін Эйнштейн гравитациялық және электромагниттік өрістерді біріктіру теориясымен айналысып, ол керемет нәрсені тапты.

Көптеген ғалымдар іргелі элементар бөлшектердің математикалық синулярлықпен байланыста екенін байқады. Эйнштейн осы мәселемен айналысып, өз теңдеуі шешімінің екі нұсқасын тапты. Бірінші нұсқасы бойынша, кеңістікте ұзын ін пайда болады, ал екінші нұсқа бойынша бұл індер бір-бірімен байланыста болады. Бұл індер қара құрдымға алып келеді. Егер осының ішімен жүретін болсақ, екінші жағынан басқа әлемге тап боламыз. Бұл ін «кеңістік-уақытты тоннель» деп аталынады. Кейінгі зерттеулер, тоннель басқа әлемге емес, тек біз өмір сүріп отырған әлемнің белгілі бір аумағына алып баратынын көрсетеді. Шындығында болмайтын болып шықты, себебі тоннельдің ішімен жарық жылдамдығынан да үлкен жылдамдықпен қозғалу керек. Бұл қағида арнаулы салыстырмалы теорияға қайшы.

Қара құрдымның пайда болуының әсерін, салдарын түсіну үшін, үлкен жұлдыздардың күйреуін қарастырайық. Айтайық, жұлдыз айналмасы жұлдыз қартайған сайын, оның энергиясы таусылып, қызыл алыпқа айнала бастайды. Егер жұлдыз кіші болса, оның күйреуі миллиондаған жылдарға созылады, ал массивті жұлдыздар үшін ол тез болады. Жұлдыздың ядросы тез сығылып, аз уақыт ішінде жұлдыз қара құрдымға айналады.



Жұлдыздың біз айтқанда күйреуін байқағандар бар ма? Әрине, жоқ. Жұлдыз тез сығылады және қызарады. Жұлдыздардың қызаруы жалпы салыстырмалы теориядан уақыт баяулығынан пайда болады. Жұлдыздардың горизонт уақиғасына жақындаған сайын, оның жарығы "қақпанға" түсіп, қызыл түс құрайды. Белгілі уақыттан кейін, қызыл жарық еніп, алдымызда қара сфера – қара құрдым пайда болады.

Осы кезге дейін қара құрдымды теориялық жағынан қарастырдық. Шындығында қара құрдым бар ма? Алпысыншы жылдардың ортасынан астрономдар осы сұраққа жауап іздей бастады. Көптеген ғалымдар оның бар болуына сенбеді. Жалпы салыстырмалы теория, ол теория ғана, бірақ көптеген ғалымдар оның күшті теория екенін және салдарларының дұрыс екенін мойындап отыр. Қара құрдымды қайдан іздейміз? Біздің галактикада қанша қарақұрдым болуы мүмкін?

Негізгі анықтар уақыт. Көптеген қара құрдымдар болу үшін оған уақыт жетті ме? Біздің Күннің өмір сүру уақыты 10 миллиард жыл, қазір оның жасы 4,5 миллиард жыл. Ал қара құрдымдар Күннен үлкен жұлдыздардан пайда болады.

Андатпа. Бұл мақалада жалпы салыстырмалы теория эквиваленттік принципке негізделген, жабық жерде орналасқан бақылаушы, тартылыс күшінің әсерінен эффектілер байқалатындығы көрсетілген. Қара құрдым пайда болатындығы қарастырылған.

Кілт сөздер. Қара құрдым, жұлдыздар, жалпы салыстырмалылық теориясы, Күн.

Аннотация. В данной работе показано, что общая теория относительности основана на принципе эквивалентности, действие которого наблюдается под действием силы тяжести наблюдателя, находящегося в помещении. Предполагается, что появится черная дыра.

Ключевые слова. Черная дыра, звезды, общую теорию относительности, Солнце.

Annotation. In this paper, it is shown that the general theory of relativity is based on the principle of equivalence, the action of which is observed under the influence of the gravity force of an observer in the room. It is assumed that a black hole will appear.

Keywords. Black hole, stars, general relativity, the sun.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бакулин П.И., Кононович Э.В., Мороз В.И. Курс общей астрономии. М: Наука. 1983, 560 с.
2. Дагаев М.М., Демин В.Г., Климишин В.Г., Чарушин В.М. Астрономия. М: Просвещение. 1983, 384 с.
3. Курышев В.И. Практикум по астрономии. М: Просвещение. 1986, 144 с.
4. Дагаев М.М. Сборник задач по астрономии. –М: Просвещение 1980, 128 с.
5. Дагаев М.М. Наблюдения звездного неба. – М: Наука 1980, 454 с.
6. Климишин И. А. Астрономия наших дней. – М: Наука 1980, 456 с
7. Андрианов Н.К., Марленский А.Д. Астрономические наблюдения в школе. – М: Просвещение 1987, 112 с.

ҒТАМР: 34.17.01

Биоэлектрлік құбылыстарды зерттеу ерекшеліктері

Бұхарбаева Аякөз,
Ф-17-1 тобының студенті
Турсыматова Оразкуль Исаевна,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Биология, физика, химия және математика ғылымдарының қиылысуында тұрған аралық ғылым ретінде биофизиканың дамуы мен құрылуы бірнеше сатылардан өтті. Алғашқы даму сатыларында- ақ биофизика физика, химия, математика, физикалық химияның идеяларымен және тәсілдерімен тығыз байланысты болды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Л.Эйлердің, XIX ғасырдың ортасында Д.Бернулли, Л.Максвелл, неміс физигі және физиологы Г.Гельмгольцтің зерттеулері биофизиканың дамуына қомақты үлес қосты. 1791 жылы жариялаған итальяндық ғалым Л.Гальванидің «Бұлшық еттің қозғалуы кезіндегі электр күші туралы» трактатында бұлшық еттің тартылуын, оның сыртқы беті теріс, ал ішкі беті оң электр зарядымен зарядталатынымен түсіндірілген. Неміс оқымыстысы В. Оствальд клетканың бетінде, иондарға қажетті қарама-қарсы зарядтардың иондарын бөле алатын жартылай өткізгіш мембрананың болатынын негізге алатын биоэлектрлік потенциалдардың пайда болу теориясын ойлап тапқан.

Биоэлектрлік құбылыс немесе биопотенциал, биоток — тірі жасушалардың барлығының биоэлектрлік белсенділігі, яғни тірі жасушалардың сыртқы жарғақшасында электр заряды бар. Бұл цитоплазмадағы және қоршаған ортадағы оң және теріс иондардың біркелкі таралмауынан іске асады. Соның нәтижесінде кез келген тірі жасуша тыныштық жағдайда сырттай-оң, ішкі жағында (цитоплазмада) теріс зарядталады. Бұл заряд тыныштық әлеуеті немесе жарғақшалық әлеует деп аталады және 60-70 милливольт (мВ) шамада болады.

Биоэлектрлік потенциалдың тірі ағзаның құрамы мен оны қоршаған орта, бір жасушаның қозған және қозбаған бөліктері, әртүрлі физиологиялық жағдайда болатын бір ағза мүшесінің әртүрлі бөліктері т.б. арасында болуы зерттеледі. Барлық жағдайларда электр потенциалы айырмасының пайда болуының себебі қарастырылатын нүктелер арасында электрлік қосқабаттың болуымен түсіндіріледі. Тірі жүйелерде потенциалдар айырмасының болуына белгілі бір физика-химиялық градиенттердің бар болуы себепкер болады. Мұндай градиенттер жеке жасушалар, жасушаны қоршаған сұйықтық, мысалы лимфа сұйықтығы, жеке жасушалы органоидтар, мысалы цитоплазма мен кариоплазма арасында болуы мүмкін.

Тірі ағзаларда потенциалдар айырмасының пайда болу себептері:

-Мембрана арқылы иондардың тасымалдануы. Иондардың (зарядтың) орын ауыстыруы электр тогын туғызады. Бұл жағдайда зарядтардың бөлінуі, яғни электрлік қосқабаттың пайда болуы жүреді.

- Электро-химиялық реакциялар жүретін жүйенің болуы.

Ағзадағы зат алмасу процесі мембрана насостарының жұмысын жетілдіреді. Жасушаның потенциалдар айырмасының өзгерісі жасушаның өзіндегі немесе жасуша сыртындағы ортаның құрамына байланысты болады.

Потенциалдар айырымының болуы жасуша ішіндегі және сыртындағы ұлпа сұйықтығындағы иондар концентрациясының тең еместігіне байланысты.

Найзағай – бұлттар не бұлт пен жер арасында болатын ұзындығы бірнеше километр, диаметрі ондаған сантиметр және ұзақтығы секундтың ондаған үлесіндей болатын алып электрлік ұшқынды разряд, ыстық және суық ауаның соқтығысуынан пайда болатын күшті жарқыл, жай.

Найзағай қалай пайда болады?



Найзағай жарқылы – бұлттарда немесе жерде шоғырланатын электр зарядтары есебінен пайда болатын электр заряды. Найзағай өте ыстық болады және адамды қатты жарақаттауы, тіпті өлтіруі мүмкін.

Найзағай-табиғи биопотенциал болып табылады. Найзағай-бұлттар, не бұлт пен жер арасында болатын алып электрлік ұшқындық разряд. Табиғатта найзағайдың сызықтық түрі жиі кездеседі. Найзағайдың пайда болуы үшін бұлттың шағын көлемінде ұшқындық разрядтың басталуына жеткілікті (кернеулігі~1Мв/м) электр заряды түзіліп, ал оның қалған едәуір бөлігінде басталған разрядты әрі қарай демейтіндей, орташа кернеулігі 0,1-0,2МВ/м электр өрісі болуы керек. Бұлт пен жер арасында пайда болатын найзағай бірнеше кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде күшті иондалу құбылысы, содан кейін электрондар тасқыны (жерге қарай бағытталған) және одан әрі электр

разрядының тармақтары-стримерлер пайда болады. Стримерлер біріге келе өткізгіштігі өте жоғары термоиондалған жарық арнаға-найзағайдың сатылы лидеріне айналады. Бұлт пен бұлт арасында болатын найзағай тек лидерлік кезеңді қамтиды. Найзағайдың ерекше түрі-шар тәрізді. Найзағай ол көбіне сызықтық найзағайдан кейін іле-шала пайда болады да бірнеше секундқа ғана созылады.

1786 жылы Болон университетінің профессоры Луиджи Гальвани бақанын терісі сыдырылған, артқы сирақтарынан жасалған препаратпен екі тәжірибе орындады. Бірінші тәжірибесінде, препаратты шонданай жүйкесі арқылы жез сым ілгекпен балконға ілген болатын. Сонда желмен шайқалған препарат балконның темір жақтауларына тиеді де онын еттері жиырылады. Сол кезде ол бақаның артқы аяқтарының қозғалғанын байқаған. Бұл тәжірибені зертхана жағдайында қайталау үшін ілген мыс пен жалпақ темірден доға жасап, доғадағы ілген мысқа тірі реаскопты іліп шайқайды. Сонда реаскоп доғаның темір кесіндісіне тиген сайын бақаның сирақтары жиырылып, қатты қимылдары байқалады және басқа да сирақтардың жиырылуы жүйке мен еттің деринин электр потенциал айырмашылығына байланысты деген тұжырымға келеді. Бірақ Л.Гальванидің замандасы әйгілі физик А.Вольт (1792ж.) Л. Гальванидің айтқан болжамына қарсы болды. Себебі, оның ойынша, бұл тәжірибедегі бақаның сирақ еттерінің жиырылуы, дымқыл тіндердің екі түрлі металл (мыс пен темір) арасында электр тогын тудыру нәтижесінен болады, яғни бұл түрлі металдар арасында пайда болатын электрлік құбылыс. Л.Гальвани өзінің болжамының дұрыстығын дәлелдеу үшін металл қолданбай, жүйке мен еттен тұратын препарат жасап оны қармақпен іліп алып, балтыр етінің кесілген жеріне және кесілмеген жеріне тигізген кезде бұлшық еттің жиырылғаны байқалған. Сонымен, Л.Гальвани өзінің осы 2-тәжірибесінде тірі тіндерде (жүйке мен етте) электр тогының болатынын және ондағы потенциал айырмашылығы (ток) тінді тітіркендіре алатынын дәлелдеп берді. Одан кейін басқа да ғалымдардың жасаған зерттеу нәтижелері Л. Гальванидің болжамының дұрыс екендігін толық дәлелдеді және биопотенциалдарды тіркеу әдістерін тапты. К.Маттеучи (1838ж.) гальванометрмен еттің кесілген жері мен кесілмеген жерінде потенциал айырмасы барын, еттің сыртқы беті оң зарядты, ішкі беті (кесілген жері) теріс зарядты болатынын ашқан болатын. Бұл кейін тыныштық тогы деп аталды. Тағы екінші тәжірибеде Маттеучи бақаның сирақтарынан екі жүйке ет препаратын жасаған болатын, біріншінің шонданай жүйкесін алып екіншінің балтыр етіне салып түйістіреді, екінші препараттағы жүйкені тітіркендіргенде екеуінің де балтыр еттері бірізгідей жиырылғанын байқайды және осыған орай тін қозған кезде тыныштық тогы басқа токқа, және ол ток қозу үрдісіне ұласып жүйкені бойлай жылжып таралатынын дәлелдеп берген болатын.

Қорыта айтқанда, биоэлектрлік құбылыстың негізі - жасушаның қозғыштығына байланысты жасуша типіндегі үдерістерді реттеу, жүйке жүйесінің жұмысын, еттердің жиырылуын реттеу және қозуды қабылдау. Медицинада электрлік өрістерді зерттеу арқылы, мүшелер мен ұлпалардың биопотенциалын тудыру арқылы диагностикалық әдіспен ауруларды емдеуге жол ашады (электрокардиография, электроэнцефалография, электромиография және т.б.).

Жүйкенің электрлік импульсінің салдарынан тірі ағзада ақпарат рецепторлардан ми жасушасына және одан бұлшық еттерге таралады. Осыған орай, тірі ағзаны электрленген жүйе деп санауға болады. Электрсіз тіршілік жоқ. Әрекет потенциалы тыныштық потенциалынан бұрын ашылды. Әрекет потенциалы дегеніміз - электрлік импульстің әсерінен мембрананың ионды өткізгіштігі өзгеріске түсіп, қозудың жүйке және ет талшықтарының бойында таралуы. Жануарларда электр құбылысы болатындығы жоғарыда айтылған Лунджи Гальванидің еңбегінде өзінің ғылыми тәжірибесі негізінде жазылғандығы белгілі.

Аңдатпа. Бұл мақалада биоэлектрлік құбылыстарды зерттеген ғалымдардың тәжірибелеріне сүйене отырып, биоэлектрлік потенциалдың пайда болуы қарастырылған. Биоэлектрлік потенциалдар – жануарлардың, адамдардың тканінде, клеткаларында, өсімдіктерде пайда болатын потенциалдар айырмасы.

Кілттік сөздер: Биоэлектрлік потенциал, биоток, биоэлектрлік құбылыс, электр тогы, потенциал айырмасы

Аннотация. В данной статье рассматривается возникновение биоэлектрического потенциала на основе экспериментов ученых, изучавших биоэлектрические явления. Биоэлектрические потенциалы-разность потенциалов, возникающая в тканях, клетках, растениях животных, людей.

Ключевые слова: Биоэлектрический потенциал, биоток, биоэлектрическое явление, электрический ток, разность потенциалов

Annotation. This article discusses the emergence of bioelectric potential based on the experiments of scientists who have studied bioelectric phenomena. Bioelectric potentials-the potential difference that occurs in tissues, cells, plants, animals, and people.

Key words: Bioelectric potential, bio-current, bioelectric phenomenon, electric current, potential difference

Әдебиеттер

1. Арызханов Б.С. Биологиялық физика: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған . Алматы: Қайнар, 1990ж.-272бет.
2. Кац Ц.Б. Биофизика на уроках физики. Пособие для учителей. М., «Просвещение», 1974. 128 с.
3. Кун Т. Структура научных революций. - М.: Прогресс, 1 977.-300 с.
4. Купцов В.И. Природа научного открытия. - М.: Паука, 1986. -С.5-23.

5. Майданов А.С. Искусство открытия: Методология и логика научного творчества. - М.: Репро, 1993. -175 с.
6. Степин В.С. Становление научной теории. -Минск: Изд-во БГУ, 1976.- 320 с.
7. Төлеуханов С.Т. Биофизика: оқулық //Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2012ж. 304б.
8. Чудинов Э.М. Проблема рациональности науки научной теории // Природа научного открытия. -М.: Наука, 1986. - С.116-130.

ҒТАМР 06.39.02

**Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды
қолдаудың pr-стратегиясын өңдеу мен іске асыру**

Бодықова Гүлайым
СР-20-1 оқу тобы
Берикболова Улжан Доскалиевна
Экономика ғылымдарының магистрі,

Қазақстандық қоғамның рыноктық трансформациясы жағдайында халықты әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу ерекше орын алады. Сондықтан да тиімді әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы мен қызмет етуін зерттеу, қорытындылау мен мен ұсыныстарды өңдеу мәселелерін шешу өзекті болып табылады. Халықты әлеуметтік қорғау теорияларын өңдеу және мемлекеттің осы бағыттағы тәжірибелік қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер арнайы мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемелерінде жүргізіледі. Әлеуметтік қорғау мекемелерінің қызметі мен жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік бағдарламалар жайлы азаматтарды ақпараттандырудың тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін тиімді құралдарды пайдалану қажет. Сондай құралдың бірі PR-қолдау болып табылады.

PR-стратегия жайлы айтпас бұрын, алдымен PR анықтамасын қарастырған жөн. Ұлыбританиядағы қоғамдық қатынастар институты PR бұл ұйым мен қоғамдастық арасында игілікті қатынастармен өзара түсіністікті құру мен қолдауға бағытталған жоспарланған, ұзақмерзімді талпыныстар, мұндағы қоғамдастық деп аталған ұйымның еңбеккерлерін, оның серіктестерін және оның өнімін тұтынушыларды атаймыз [1]. Уэбстердің жаңа халықаралық сөздігінде PR «тұлға, ұйым мен басқа адамдар, адамдар тобы немесе жалпы қоғам арасында түсіндірмен материалдары, ақпаратты алмасуды дамыту мен қоғам реакциясын бағалау арқылы өзара түсінікті және игілікті қатынастар орнатуға ықпал ету» [2]. Ағылшын әлеуметтанушысы

Сэм Блэктің пікірінше: «PR бұл шындық пен толық ақпараттануға негізделген өзара түсінушілік арқылы толық үйлесімділікке қол жеткізу өнері мен ғылымы» [3]. Француз зерттеушісі Жан-Пьер Бодуан мынадай анықтама береді: «PR қызметі пайдалы аудиториялармен нәтижелі қатынастарды орнату мен қолдау болып табылады. Аталған салада кәсіптік қызметті дамыту мақсаты аудитория мен қатынастардың тиімділігінің пайдалылығын тексеру құралдарын жетілдіру болып табылады» [4].

Дайын PR-стратегия неден тұрады? Қарапайым тілмен айтқанда бұл жобаның нақты міндеттерін шешу үшін қызметтер мен механизмдерді іске асырудың бағыттары. Стратегия міндетті түрде өзіне келесі элементтерді қосуы тиіс:

- ағымдағы жағдай туралы мәліметтер (мұндай ақпаратты алу үшін алдын-ала зерттеу жүргізіледі);

- белгіленген уақыт кезеңіне мақсаттар мен міндеттер: стратегиялық және тактикалық;

- мақсатты аудитория, мақсатты топтар мен топ ішілік шағын топтарды қосқанда (бұл деректер де ішкі және сыртқы зерттеулер жүргізу нәтижесінде анықталады);

- қозғалыстың негізгі бағыттары (стратегияның бағыттары);

- жұмыстың нақты кестесі яғни PR-жоспарлар.

Әлеуметтік PR бұл қажетті (көбінесе позитивті) қатынастарды орнату, қолдау мен дамытуға және қоғамның түрлі топтарының тәлім-тәртіптерінің позитивті моделін қалыптастыруға бағытталған қызмет. PR мұндай саласына әдеттер бастаушысы жекелеген тұлғалар, мемлекет, бизнес-құрылымдар, қоғамдық (коммерциялық емес) ұйымдар болатын әлеуметтік немесе қайырымдылық жобалары мен бағдарламалары жатады [5]. PR ықпал ету пәні әлеуметтік тапсырыс, бағдарламалар мен жобалар, әлеуметтік көмек көрсету үдерісінің өзі, көрсетілетін әлеуметтік қызметтер болуы мүмкін. Осылайша, нәтижесінде тек атақтылық пен қоғамдық тануды жинақтау ғана емес, ол ұйымның позитивті имиджін қалыптастырудың жақсы тәсілі, тиісінше, олар іске асыратын әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды қолдау тәсілі болып табылады.

Әлеуметтік PR-жоба өзіне сапалы әлеуметтік жобаны өңдеуге, оның ұйымдық жоспарын құрастыруға, ресурстар мен кадрларды дайындауға, қарастырылған әрекеттер жоспарын табысты іске асыруға қажетті жасалуы тиіс бірқатар қадамдардан тұрады, олар:

1. Мәселені белгілеу мен жағдайды талдау немесе жобалық негіздеме (берілген сұрақ бойынша қоғамдық пікірді зерттеу (кабинеттік және алқаптық зерттеулер), әлеуметтік мәселені анықтау мен сипаттау; қиыншылықтарды анықтау, тапсырыс беруші мен орындаушының мүмкіндіктерін талдау.

2. Стратегиялық жоспарлау (жоба мақсатын анықтау). Міндеттер пирамидасын құру; мақсатты, негізгі, тартылған аудиториялар; ресурстарды талдау, креативті тұжырымдама, стратегиялық модель; жобаның негізгі тезистері мен идеяларын тестілеу (апробация).

3. Жобаның негізгі бағыттары (тактика) мақсатты аудитория үшін негізгі іс-шараларды жоспарлау (іс-шараны өткізудің мақсаты, міндеттері, мақсатты аудиториясы, өткізу қажеттілігінің негіздемесі).

4. Күнтізбелік жоспарлау (мақсатты аудиториялар, БАҚ үшін жұмыс кестесін құрастыру, корпоративтік мәдениетті дамыту шаралары, ұжым арасында міндеттерді бөлу, міндеттерді түсіндіру мен ұжым мүшелерін оқыту).

5. БАҚ-мен жұмыс (БАҚ арналарын негіздеу), медиажоспарлау, мақалалар мен пресс-релиздер жазу, БАҚ жарияланымдарын ұйымдастыру, Интернет желісінде резонанс құру.

6. Жобаны бюджеттік жоспарлау (қажетті ресурстарды және оны алу көздерін анықтау, бюджет баптарын анықтау мен кооперацияны құру сметасын құрастыру).

7. Жобаның фандрайзингі (қажеттілік бойынша) ұйымның топтарын әлеуетті демеушілер ретінде бөлу, негізгі серіктестер арасында шығындар баптарын бөлу, градациялар бойынша демеушілік пактеттерін қалыптастыру, келісім-шарттарға қол қою.

8. Бағалау жүйесін өңдеу және күтілетін нәтижелерді сипаттау (тиімділік критерийлері, тиімділікті өлшеу құралдары).

9. Жобаны іске асыру келесі қадамдарды қосады: жоба бойынша ұсыныстарды құрастыру, іскерлік серіктестер іздеу, ресми келіссөздер жүргізу, қажетті ресурстар алу, жоспарланған шараларды өткізу, жоспарды орындауды бағалау мен бақылау, жобаны іске асыру жоспарын түзету, қоғамды жобаның барысы мен нәтижелері жайлы ақпараттандыру.

10. Таңдалған критерийлер бойынша тиімділігін бағалау (зерттеулер, мониторинг, пресс-клиптер құру және т.с.с.).

Әлеуметтік PR мақсаты бұл жалпы адами құндылықтарды, қағидаларды, жалпы адам қоғамдастығы мен жекелеген топтарға маңызды болып табылатын білімді қолдау. Әлеуметтік PR міндеттері:

- мақсатты аудиторияны ақпараттандыру;
- мақсатты аудиторияға негізгі хабарламаларды тиімді жеткізу;
- кері байланысты ұйымдастыру және тиісінше, аудиторияны қандай да бір әлеуметтік маңызды жобаға тарту [6].

Қоғамдық маңызы бар жобаны тиімді іске асыру үшін оның стратегиялық бейнесі (имидж) мен өзін-өзі ұсыну сызбасын қалыптастыру қажет. Әрбір сызба белгіленген негізгі хабарламалар арқылы (месседждер) ашылады, оны нақты бір мақсатты аудиторияға тиімді коммуникациялық

арналар мен коммуникациялық ықпал ету құралдарының жиынтығы көмегімен жеткізу талап етіледі.

Күтілетін нәтиже:

- ақпараттандудың жоғары деңгейі;
- жобаға тартылу;
- әлеуметтік маңызды жобаға қатысты мақсатты аудитория тарапынан сенімнің максималды деңгейі мен оң көзқарас.

PR саласындағы кез-келген жоба мен бағдарламаны бағалаудың негізгі критерийі оны іске асыру тиімділігі болып табылады. Әлеуметтік PR-жобаларды іске асырудың тиімділігін түрлі тәсілдермен анықтауға болады. Мысалы, адамдардың жобаны іске асыруға дейінгі және кейінгі қатынасын салыстыру үшін сандық және сапалық әлеуметтік зерттеулер (бұқаралық сауалнама, сараптық интервью, фокус-топтар және т.б.). Не болмаса жобаның сандық медиабелсенділігін және оның медиа-имиджін сапалық бағалау үшін ақпараттық алаңды мониторингті ұйымдастыру

Әлеуметтік PR шеңберінде қызметтің екі негізгі бағытын атауға болады:

Біріншісі әлеуметтік бағдарлама (әлеуметтік бастама), идеялар, жобалар, қоғамдық институттар немесе рәсімдерді PR қолдау. Олардың бастамашысы мемлекет, қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық ұйымдар болуы мүмкін.

Әлеуметтік PR екінші бағыты қоғамдық бірлестіктердің қызметін ағымдық сүйемелдеу. Немесе оны PR мамандар «үшінші сектор үшін» (бірінші сектор мемлекет, екіншісі – бизнес) деп атайды. Аталған бағыт келесі міндеттерді өзіне қосады:

- қоғамдық бірлестіктің қолайлы имиджін қалыптастыру мен қолдау;
- ұйымның атақтылығын арттыру,
- қоғамдық бірлестік пен оған ұқсас ұйымдардың қызметінің коммуникациялық белсенділігін талдауға байланысты ақпараттық алаңды тұрақты түрде мониторингтеу;
- мақсатты аудитория тарапынан қоғамдық бірлестікке, оның бағдарламаларына, акциялары мен жобаларына назар аударту;
- БАҚ және қоғамдық пікірдің көшбасшыларымен ұзақмерзімді байланысты орнату [7].

Қазақстандықтар көптен бері түрлі электронды гаджеттерді қолданып келеді. Ең танымалы – бұл қауіпсіздік пен саламатты өмір салтына бағытталған электронды құрылғылар. Халық үшін гаджеттердің маңыздылығы әртүрлі әлеуметтік сауалнамалардың нәтижесі арқылы айқын көрінеді. Мысалға, азаматтардың 16%-ы үнемділікке байланысты гаджеттерден бас тартуға дайын, ал қалған уақыттарды қазақстандықтар жұмыс істеуге жұмсайды.

2018 жылдың басынан елімізде ауқымды «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама Қазақстанның экономикалық даму қарқынын жеделдету және цифрлы технологияларды қолдану арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында қолға алынды. Бағдарламаның алғашқы жылы экономикалық тиімділік 218 млрд теңгені құрады. Бүгінде біз білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінде, мемлекеттік қызмет көрсету және өндірісті ұйымдастыруда оң өзгерістерді көріп отырмыз. SMART компаниясының қалалар инфрақұрылымын және қызметтерін басқаруға арналған SMART жүйесін түрлі халықаралық құрылымдар жоғары бағалайды.

Барлық әлеуметтік маңызы бар ақпараттық ресурстарды желілік режимде қашықтықтан қолжетімділік негізінде азаматтарға қолжетімді болуы үшін электронды нұсқаға көшіру қажет. Біз мемлекеттік органдардың қызметінің ашық және айқынды болуы үшін талпынамыз. Оның кең тараған түрі түрлі құрылымдардың қызметі жайлы ақпаратты ғаламторға орналастыру болып табылады. Ғаламторды мемлекеттік басқарудың ішкі үдерістеріне, оның маңызды ережелерін жариялау үшін және де еркін қолжетімді болуы үшін пайдалануға болады. Қызмет бағыты жайлы мәліметтермен қатар ғаламтор пайдаланушылары мемлекеттік органдардың құрылымы, құрамы, негізгі функциялары мен өкілеттіліктері, органдар мен қоғамдық құрылымдармен өзара әрекеттесу тәжірибесі жайлы ақпаратпен таныса алады. Сонымен бірге, аталған тәсілдің артықшылығына пайдаланудың қарапайымдылығын, тиісті ақпаратты ғаламторға орналастыруды ұйымдастыру мен даярлаудың материалдық және уақыт бойынша шығындарының минимумға дейін қысқартуды жатқызуға болады [8,9]. Мысалы, электрондық үкіметті құру, түрлі ведомстволардың сайты құру, мемлекеттік портал қызметі, түрлі қарапайымдылық қорларының мемлекеттік қаржыны басқару мен жұмсау ақпаратын орналастыруы және т.с.с.

Мемлекеттік органдар әлеуметтік саясаттың өңделуі мен оны жергілікті және республикалық деңгейлерді жүргізуге жауап береді. Олар халықты әлеуметтік қорғау бағдарламаларын басқа ресми мекемелермен бірге жүзеге асыру, сол сияқты пайдасыз ұйымдар мен бизнеспен бірге жүргізу қызметін үйлестіреді. Әрбір мемлекеттің бюджеттік мүмкіндігіне байланысты аталған ұйымдар әлеуметтік көмектің көптеген түрлерін ұсыну мен қолдау бағдарламаларын іске асырады.

Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды қолдаудың PR-стратегиясын өңдеу мен іске асыру

Разработка и реализация PR-стратегии поддержки государственных социальных программ

Development and implementation of PR-strategy for supporting state social programs

Аңдатпа. Мақала мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды қолдаудың PR-стратегиясын өңдеу мен іске асыру мәселелерін қарастырады. Әлеуметтік PR-стратегиясының құрылымы мен міндеттері, түрлері де зерттеледі.

Аннотация. Статья рассматривает проблемы разработки и реализации PR-стратегии поддержки государственных социальных программ. Также исследованы вопросы структуры, задачи и видов социальной PR-стратегии.

Abstract. The article examines the problems of developing and implementing a PR strategy for supporting state social programs. The questions of structure, tasks and types of social PR-strategy are also investigated.

Кілт сөздер: PR-стратегия, мемлекеттік қолдау, әлеуметтік бағдарламалар

Ключевые слова: PR-стратегия, государственная поддержка, социальная программа

Keywords: PR strategy, public support, social programs

Әдебиеттер тізімі:

1. Алешина И. В. Паблик рилейшнз для менеджеров. – М. : ЭКМОС, 2003. –480 с.
2. Катлип С. М., Сентер А. Х., Брум Г. М. Паблик рилейшнз. Теория и практика, 8-е изд. : пер. с англ. – М. : Издательский дом «Вильямс», 2003. – 624 с.
3. Кузнецов В. Ф. Связи с общественностью. Теория и технологии. - М., 2007.
4. Ситуационный анализ в связях с общественностью : учебник для вузов / Л.
5. В. Азарова, В. А. Ачкасова, К. А. Иванова, А. Д. Кривоносов, О. Г. Филатова. – СПб. : Питер, 2009. – 256 с.
6. Шишкин Д. П., Гавра Д. П., Бровко С. Л. PR-кампании: методология и технология : учеб. пособие. – СПб. : Роза мира, 2004. – 187 с.
7. Гундарин М.В. Теория и практика связей с общественностью: основы медиа-релейшнз. - М., 2007.
8. Игнатьев Д., Бекетов А., Сарокваша Ф. Настольная энциклопедия PublicRelations. - М., 2004.
9. Тикер Э. Паблик рилейшнз. - М., 2005.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық сферасын дамытуда ертегілердің алатын орны

Дүйсен Ж.

ПП-19-1 оқу тобының студенті

Амзеева Г.А.

аға оқытушысы, педагогика және
психология магистрі

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне орай елімізде жүріп жатқан реформалау процесі, оның тек экономикалық саласын ғана қамтып қоймай, сонымен бірге әлеуметтік-гуманитарлық салада зор өзгерістер жасалуда. Қоғамдағы білім беру жүйесін реформалау – соның айқын айғағы. Балаларды оқыту, тәрбиелеу үдерісінің бұрыннан белгілі заңдылықтарының арқасында балалардың білімді меңгеру процесінде олардың қажетті мінез-құлық ерекшеліктерін дамытуда жиі кездесетін күтпеген қиыншылықтарды болдырмауға және жеңуге болады. Бұл мәселелердің көпшілігі Л.С.Выготскийдің, В.В.Давыдовтың, Н.А.Менчинскаяның, А.В.Петровскийдің, Л.В.Занковтың, Д.Б.Элькониннің, Л.И.Божовичтің және басқа да кеңес ғалымдарының еңбектерінде баяндалса, осы зерттеулермен соңғы жылдарда пайда болған кейбір жаңа мәселелер мен оларды психология және педагогика ғылымдарының қалай шешіп отырғанымен Қазақстандық ғалымдар М.М.Мұқанов, Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Жақыповтар өз зерттеулерінде көрсеткен [1]

7-11 жас аралығы тұлғалық қалыптасудың аффективті кезеңі екені белгілі. Ал эмоционалды деңгей ағзаның «жағымсыз» түрткілерге психикалық әсерінің негізгі кезеңі болып табылады. Осы жас кезеңінде қандай да бір психикалық жарақат алған бала ұзақ уақыт психикалық ширығу күйінде болып, күрделі соматикалық ауруға ұшырауы немесе аффективті тұлғалық қалыптасу кезеңінде психикалық кідіріс болуы ықтимал [2].

Формула бойынша $S(F)=\int_0^1 (\sqrt{x}-x^2)dx = (\frac{2}{3}x^{\frac{3}{2}} - \frac{1}{3}x^3) \Big|_0^1 = \frac{1}{3}$ болады.

Андатпа: Жұмысты орындау барысында анықталған интегралдың геометриялық есептер шығаруда қолданылуы мысалдардың көмегімен түсіндірілді. Теориялық білімді практикамен ұштастыруға үйрену мақсатында анықталған интегралды қолдану арқылы қисық сызықты трапецияның ауданын табу мысалдардың көмегімен түсіндірілді. Интеграл ұғымының кең қолдануының әсерінен оның негізгі мағынасын ашып және кейбір қолдануларын мысалдармен түсіндіру, тақырыпқа деген қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға бағытталған практикалық есептерді шешу-сабақтың сапасын арттыруға, олардың белсенділігін қалыптастыруға, ең негізгісі – білім сапасының артуына апаратын бірден-бір жолы деп түсінемін.

Аннотация: применение определенного в ходе выполнения работы интеграла при решении геометрических задач объяснялось с помощью примеров. Нахождение площади криволинейной трапеции с использованием определенного интеграла с целью обучения сочетанию теоретических знаний с практикой объяснялось с помощью примеров. Под влиянием широкого применения понятия Интеграл, раскрытие его основного смысла и объяснение некоторых его применений примерами, несомненно, вызовет интерес к предмету. Я понимаю, что решение практических задач, направленных на развитие интереса обучающихся к предмету, - это единственный путь к повышению качества занятий, формированию их активности, а главное – к повышению качества знаний.

Abstract: The use of an integral determined during the execution of the work in solving geometric problems was explained using examples. Finding the area of a curvilinear trapezoid using a definite integral for the purpose of teaching the combination of theoretical knowledge with practice was explained using examples. Under the influence of the widespread use of the concept of Integral, the disclosure of its basic meaning and the explanation of some of its applications by examples will undoubtedly arouse interest in the subject. I understand that solving practical problems aimed at developing students' interest in the subject is the only way to improve the quality of classes, form their activity, and most importantly, to improve the quality of knowledge.

Тақырып: Анықталған интегралдың геометриялық мағынасы.

Тема: Геометрический смысл определенного интеграла.

Topic: Geometric meaning of a definite integral.

Кілт сөздер: интеграл, аудан, фигура, трапеция, көлем, доға, график, қисық сызықты трапеция.

Ключевые слова: интеграл, площадь, фигура, трапеция, объем, дуга, график, криволинейная трапеция.

Key words: integral, area, figure, trapezoid, volume, arc, graph, curvilinear trapezoid.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдос Е.Ж. Жоғары математика. Алматы: «Бастау», 2010ж.,2 б.-468б.
2. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное исчисления. Интеграл-Пресс, 2007-544с.
3. Тутанов С.К.Жоғары математика.ҚарМТУ баспасы.-Қарағанды,2011-113б.

ҒТАМР 06.39.02

Өңірлік жастар саясатын іске асыру тетіктері

Жаныбеков Сертай Саркұлұлы
ГМУ-17-1 оқу тобы
Берикболова Улжан Доскалиевна
Экономика ғылымдарының магистрі


XXI ғ. балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне, қазіргі заманғы жастардың қалыптасуы мен дамуына өзіндік түзетулер енгізуді қалғастыруда. Заманауи қазақстандық жастар өз құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тәсілдерін іздеуге мектеп және студенттік өзін-өзі басқару органдарынан бастап жастар парламенті, жастар үкіметі мен түрлі қоғамдық ұйымдарға түрлі институттар мен ұйымдар құру арқылы талпынуда. Сонымен бірге жастардың саяси ұйымдарға үкімет жағындағы ұйымдардан оппозициялық ұйымдарға дейін) қатысу пайызы өсу үстінде. Жастар жаңа ел құру, жаңа экономика құру, жаңа саясат құру тілегі ашық айтылуда. Елді модернизациялау контекстінде ювентизация түсінігі өзектілігін арттырып отыр.

Ювентизация жастардың белсенді қызметінің нәтижесі болып табылатын әлеуметтік өзгерістер мен жаңалықтарды белгілеу термині болып табылады. Ювентизация термині 1970-ші жылдары болгариялық әлеуметтік мектепте пайда болды. Алғаш рет бұл термин Коста Господиновтың қоғамның жастарға қоятын талаптары мәселелері бойынша Софияда Димитров комсомолының ЦИК отырысында тәрбие әсерін зерттеу әдістемесіне арналған жұмысында пайдаланылды [1]. Қазіргі күні қоғамның жастарға қатынасы да жастардың қоғамның қатынасы да бірдей үлкен.

Саяси әлеуметтенудің, азаматтық мәдениеттің және патриотизмнің салыстырмалы төмен деңгейі аға буын өкілдерінің қаупін тудырып отыр. Жастар өз кезегінде, мемлекет пен қоғам тарапынан қолдау күтіп, саяси сауаттылықты тәрбиелеу, саяси және әлеуметтік қатысуды арттыру жөніндегі қосымша институттар мен ұйымдарды дамытуды қажетсініп отыр.

Жастар перспективада әлеуетті салмаққа ие болатын халықтың қоғамдық белсенді топтарының бірі болып табылады. Заманауи әлемдік дамудың заңдылығына жастар саясатын мемлекеттің қызметінің дербес бағытына айналдыру байланысты.

Қазақстан Республикасында жастар саясаты бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: республикалық, облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде. Республикадағы жастар саясатының жүзеге асырылуы туралы деректер 1 суретте берілген.



Сурет 1. ҚР жастар саясатын іске асыратын меморгандар деңгейі

ҚР Үкіметінің жанында ҚР БЖҒМ басқаратын кеңестік-мәжілістік орган жастар ісі жөніндегі Кеңес қызмет етеді. Кеңестің құрамына атқарушы орган, биліктің өкілетті органдарының және коммерциялық емес ұйымдардың өкіледірі кіреді. Қалалар мен аудандарда мемлекеттік жастар

саясатын жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелер ішкі саясат бөлімдері, мәдениет пен тіл бөлімдері болып табылады [2].

Қазақстанда тәуелсіздік жылдары жастар қозғалысы мен ұйымдарының біршама жеткілікті саны қалыптасты, олардың арасында «Жас Отан», «Жас көшбасшылар Ассоциациясы», «Қазақстанның жастар парламенті», «Қазақстанның жастар медиа-одағы», «Қайсар», «Қахар», «Қазақстанның патриоттық жастар Одағы», «Абырой» және т.б. Олардың бірі уақыт талабына жауап беріп, қызметін жалғастырса, кейбірі тарап кетті. Алайда қазіргі күні Қазақстанда жастардың мүддесін шын мәнінде қорғайтын ауқымды жастар ұйымы жоқ. Сонымен бірге, қызмет етуші ұйымдардың басым бөлігі мемлекеттік нысанда және де тиісінше биліктің мүддесін де қорғайды.

Мемлекеттік жастар саясатына арналған заңнаманы талдау, Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыратын, жүзеге асыратын органдардың қызметі мен құрылымын талдау, соңғы бес жылда мемлекеттің осы бағыттағы қызметінің белсенгендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алайда мемлекеттік жастар саясатының сапасын құқықтық актілер санымен, өткізілген шаралармен, оны жүзеге асыру үшін құрылған органдармен анықтай алмаймыз. Жастар саясатын жүргізуде әлеуметтік-экономикалық және саяси шынайылыққа сәйкес басымдықтарды объективті орналастыру маңызды болып табылады. Қысқамерзімді және ұзақмерзімді басымдықтарды айқындау орынды болып табылады, себебі осыған байланысты жастар бағдарламасын қаржыландыру жүзеге асырылады. Қазіргі күні Қазақстанда кәсіби, жастардың әлеуметтік қатысуы, тұрғын үй мәселесін шешу, әлеуметтік аз қорғалған жастар тобын қорғау, жастар әлеуетін жүзеге асыру басымды мәселелердің бірі болып табылады.

Әлемдік экономикалық дағдарыс, діни экстремизмнің таралуы жастардың өзекті шақырулар мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерге жеткілікті түрде дайын емес екендігін көрсетті.

Жастардың білім саласындағы проблемалары едәуір шешілген, медициналық қызмет көрсету бойынша проблемалар шешілсе, жұмысқа орналасу және тұрғын үй проблемасын шешуге проблемалары өзекті болып қалатындығын көрсетеді [3].

Өзектілігі бойынша келесі проблемалардың қатарында: жастар ортасындағы есірткінің таралуы, діни экстремизм мен терроризм қаупі.

Жастар санының қысқаруы еңбек ресурстары проблемаларының туындауына, экономиканың әртүрлі саласында білікті кадрлардың азаюына соқтырып, Қазақстанның сыртқы технологиялық тәуелділігі қаупін күшейтеді.

1 кестеден жастар саясаты саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, оған орталық және жергілікті атқарушы органдармен қатар, жоғары оқу орындары жатады, айқындылығы мен есептілікке бағыныштылық деңгейі туралы белгіленген қорытынды жасауға болады.

Мемлекеттік жастар саясатын республикалық және өңірлік деңгейде тиімді жүзеге асыру үшін келесі қағидаттарға сүйену қажет:

- жастар саясатын әзірлеудің жинақтылығы мен жүзеге асырылуы, ресурстардың топтасу бағдары (барлық жауапты және мүдделі тараптарды тарту, түрлі әлеуметтік-экономикалық саланы қамту);

- ел дамуының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі міндетіне арналған жастар саясатына бағытталған әлеуметтік бағыт пен түрлі жастар тобының қажеттілігі;

- жастар саясаты саласындағы жабдықтаушы мен қызметті қолданушылар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;

- жастар саясаты саласындағы жоспарлау мен белгілі топқа қызмет көрсету кезінде мақсатты топқа нақты сегментация беру;

- жауапты орындаушының кәсіптілігі мен барлық деңгейдегі тең орындаушылардың ұйымдылығы [4].

Кесте 1 – Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың айқындылық пен есепке бағыныштылық деңгейі

Облыс атауы	Сұрау-хаттар саны	Жауап алынды	Сұраудың жалпы санынан %	Ақпараттық жауап	Сұраудың жалпы санынан %
Ақтөбе	11	4	36	4	36
Атырау	9	5	60	5	60
БҚО	7	5	71	2	29
Жамбыл	9	7	78	4	44
Қарағанды	9	3	33	3	33
Қостанай	10	0	0	0	0
Қызылорда	7	2	28	2	28
ОҚО	10	4	40	4	40
Павлодар	9	0	0	0	0
СҚО	8	7	89	0	0
ШҚО	12	6	50	5	41
Алматы	21	7	30	5	23
Барлығы	122	50	41	34	28


Мемлекеттік жастар саясаты Конституцияда және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілген жас адамның, саяси, әлеуметтік-экономикалық, жеке құқықтары мен бостандықтарын толықтануға негізделеді.

Қызылорда облысының экономикалы құрылымы жалпы республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын, сол сияқты өңірдің аумақтық еңбек бөлінісі жүйесіндегі орны мен мамандану нысаны мен бағытын айқындайтын көптеген факторлардың әсерімен ұзақ уақыт бойы қалыптасып келді.

Қызылорда облысы 7 ауданнан және облыстық маңызы бар 1 қаладан (Қызылорда қаласы), аудандық маңызы бар 2 қаладан (Арал және Қазалы), қалалық маңызы бар 2 кенттен, 142 кенттік және ауылдық округтерден, 260 ауылдық елді мекендерден тұрады. Әкімшілік орталығы Қызылорда қаласы, қала халқының саны 277,8 мың адам, бұл Қызылорда облысы халқының 36,3% құрайды.

Қызылорда облысының аумағында Байқоңыр қаласы орналасқан. Байқоңыр Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі болып саналғанымен, Ресей Федерациясының ұзақмерзнді жалға алуында болып табылады. Сондықтан да қала аумағында ресейлік заңнама таралады және де қаржы жүйесінде ресей валютасы – рубль қолданылады. Байқоңыр қаласы халқының саны шамамен 70 мың адам, оның 37% Ресей Федерациясының азаматтары, 59% Қазақстан Республикасының азаматтары, 4% басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылады.

Әдетте, Қызылорда облысы басқа облыстардан халықтың тұрақты өсу қарқынымен ерекшеленеді. Осылайша, 2020 жылдың басында облыстың халық саны 765,2 мың адам болды (ҚР халқының 4,3%, 11 орын), оның ішінде қала халқы – 333,7 мың адам (43,6%), ауыл халқы – 437,3 мың адам (56,4%) (Сурет 2).



Сурет 2. 2020 жылы Қызылорда облысының қалалық және ауылдық халық саны, мың адам

Халық өсімі соңғы үш жылда 38,5 мың адамды құрады немесе 5,3%. Қызылорда облысындағы халықтың орналасу тығыздығы облыс бойынша орташа көрсеткіштен төмен (1 шаршы км 3,3 адам), тек қызылорда қаласында 1 шаршы км 115,7 адам келеді және Жаңақорған ауданы тиісінше 1 шаршы км 5,4 адам. Бұл Қызылорда облысындағы халықтың әркелкі орналасуын дәлелдейді.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының маңызды көрсеткіші – халықтың өмір сүру ұзақтығы. Облыста өмір сүру ұзақтығы 2019 жылы 71,9 жылды құрады. Бұл Қазақстан Республикасындағы орташа көрсеткішке тең (72,0 жыл). Әйелдердің өмір сүру ұзақтығы ерлердің өмір сүру ұзақтығынан артық екендігін атап өткен жөн (тиісінше 76,3 жыл және 67,8 жыл).

Біз қарастырып отырған кезеңде өңірдегі жас құрамында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. 2020 жылдың 1 қаңтарына облыс халқының 65 жастан жоғары бөлігі 4,9% құрайды. Туу көрсеткішінің жоғары болуы себепті 20-64 жас аралығындағы халық бөлігі 55,2% құрайды. 2013-2015 жылдары өңірде ең жоғары туу көрсеткіші тіркелген, 0-4 және 5-19 жас аралығындағы халық тобы тиісінше 12,8% және 27,1% құрайды.

Өңірлік мемлекеттік саясат жалпы саясаттың құрылымдық элементі болып табылады. Тиісінше, оның да сипаттық функциялары бар. Құрылымы жағынан аталған функциялар стратегиялық және жүйе құраушы болып бөлінеді [5].

Жүйе құраушы функциялар:

- мақсатты бағытталған функциялар – республиканың нақты субъектісінің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып жастар мәселесін шешу үшін өңірлік жастар саясатының мақсаттарын, міндеттерін, дамыту мен жүзеге асыру тетіктерін анықтап, өңдейді;

- шектеуші функциялар – қоғам мен мемлекет өміріне жастардың мүдделерін ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде енгізу, сол сияқты жастар саясатын жүзеге асырудың нақты шаралары өткізілетін белгіленген өңірдің өкілеттіліктері мен басымдықтарын шектеу;

- интегративтік функция – қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін жастардың түрлі әлеуметтік топтары мен олардың мүдделерінің өзара байланыстылығын бейнелейді;

- ұйымдық-технологиялық функция – белгіленген өңірдің саяси, экономикалық, рухани және әлеуметтік қалыптасу ерекшеліктерін қосады;

- имидж-функциясы – өңірлік жастар саясатын қоғамдық тану рәсімі, жаста ісі жөніндегі органдардың ұызметі мен нәтижелері жайлы ақпараттануын құру;

- сақтаушылық-ұдайы өндірушілік және дамытушы-бейімділік функциясы – елдегі әлеуметтік-демографиялық жағдаймен байланысты және де оның көрсеткіштерін жақсартуға, жастардың әлеуметтік белсенділігін

бақылау, оларды өңірде ұстап қалу, құқық бұзушылықтың алдын-алумен байланысты.

Стратегиялық функциялар:

- Идеологиялық функция – жас ұрпақтың қажеттіліктері мен мүдделерін анықтау, қорғау мен қанағаттандыруды ынталандырады, қазіргі заманғы жастардың моральдық-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мен олардың бойында өз өңіріне, еліне дешген патриоттық сезімді қалыптастыруды ынталандыру;

- Инновациялық функция – жаңа идеяларды қалыптастыру мен жүзеге асырумен байланысты.

Қызылорда облысындағы жастар саясатының қазіргі жағдайын облыстағы жастар ұйымдарының қызметін талдау арқылы білуге болады. 2020 жылы мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 649 млн. аса қаржы (2019 жылдан 30% артып отыр), оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа 128 067,0 теңге қаржы қарастырылды. Барлығы 42 әлеуметтік жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, оның 29-і қала және аудандық деңгейде іске асады.

Өңірлік жастар саясатын жүзеге асырудың келесідей тетіктерін атап өтуге болады.

Кесте 2 – Өңірлік жастар саясатын жүзеге асыру тетіктері

Тетік атауы	Түсіндірмесі
Нормативтік-құқықтық	Жергілікті атқарушы органдардың тиісті заңнамалық және нормативтік-әдістемелік базасын өңдеуі мен қабылдауы
Бағдарламалық-мақсаттық	Жастар мәселелерін шешу мақсатында өңірлік мақсатты жастар бағдарламасын өңдеу мен қабылдау. Мақсатты бағдарламалар мерзімі мен мазмұны жағынан үйлестірілген қандай да бір мәселені шешуге бағытталған қызметтер жоспары
Құрылымдық-ұйымдық	Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдық құрылымдарын құру, басқарудың тіке-көлденең жүйелерін құру.
Қаржылық	Өңірлік жастар саясатын жүзеге асыруға қажетті қаржыны жергілікті бюджеттен, орталық бюджеттен, тағы да басқа көздерден бөлу
Үйлестіру тетігі	Мемлекеттік және қоғамдық бөліктердің арақатынасын реттеу үшін, қабылданатын шешімдердің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті
Қоғамдық бастамалардың басымдылық тетігі	Мемлекеттік органдардың жастардың басмашылдық-инновациялық әлеуетін белсендіру қызметі

Облыста 9 жастар ресурстық орталығы жұмыс жасайды. Онда 100 маман жастармен жұмыс жасайды. Әрбір ауылдық округте жастар ісі жөніндегі 149 маман қызмет көрсетуде.

Жастар арасында өзекті мәселелер мен ұсыныстарды талқылау, шешу механизмдерін табу мақсатында облыстық орталық жанынан Қызылорда облысының жастар маслихатының ережесі бекітіліп, жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жалпы орта арнаулы мектептерде жастар маслихаттары құрылды.

Облыстағы жастар ресурстық орталықтарының жұмысының сапасын және нәтижелілігін дамыту мақсатында облыстық орталық жанынан «Жастар ресурстық орталықтарының жұмысын дамыту бойынша Үйлестіру Кеңесі» құрылды. Ережесі бекітіліп, жоспары әзірленді.

Сондай-ақ, мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылу барысындағы түйіткілді мәселелерді талқылау және олардың шешілу жолдарын қарастыру, жастар ұйымдарының тиімді әрі өзара іс - қимыл жасауын, олардың қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу мақсатында Орталық жанындағы жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі Үйлестіру кеңесінің ережесі, жоспары мен құрамы жаңартылып, қайта бекітілді.

Кесте 3 – Қызылорда облысындағы жастар саясатының жағдайы туралы SWOT- талдау

Күшті тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> - Бірқатар жастар ұйымдарының ауызбіршілігі - Жастар ұйымдарының түрлі бағытта жұмыс істеуі - Жастар бірлестіктерінің саны артуы мен белсенділігінің өсуі - Басшылардың көшбасшылық қабілетінің болуы - Жастар бағдарламасының тиімділігі 	<ul style="list-style-type: none"> - Жастар ұйымдарының жеткілікті және лайықты қаржыландырылмауы - Материалдық-техникалық базаның әлсіздігі - Кадрлардың тұрақтамауы - Жастардың өңірдің қоғамдық өміріне қатысуына мотивацияның әлсіздігі
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс - БАҚ қолдауы - Меморгандар мен халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестік - Жастардың әлеуметтік белсенділігінің артуы 	<ul style="list-style-type: none"> - Жастардың енжарлығы - Бағдарламалар мен жобалардың жеткілікті қаржыландырылмауы

Қазіргі бар үкіметтік емес ұйымдар әлі де облыс жастарының мүддесін толық дәрежеде білдірмейді. Өйткені олар тек мектеп оқушылары, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері секілді жастардың тек белгілі бір санаттарымен ғана жұмыс атқаруда, ал жұмыс істейтін немесе

жұмыссыз жүрген және басқа да санаттардағы жастар қамтылмай қалып отыр.

Демократиялық қоғам дамуының басты көрсеткішінің бірі - жастардың қабылданған шешімдерді шешуге атсалысуы болып табылады. Оң әсерлі шешім жобаларын қабылдауға жекелеген жастарды тарту мысалдарына карамастан, бұл тетік әлі де дұрыс жетілдірілмеген.

Өңірлік жастар саясатын іске асыру тетіктері

Механизмы реализации региональной молодежной политики

The mechanisms of implementation of the regional youth policy

Андатпа. Мақала елімізде және өңірімізде іске асырылып жатқан жастар саясатының бағыттары мен тетіктері, жастар саясатын іске асырушы мемлекеттік органдарды деңгейге бөліп қарастырады.

Аннотация. Статья рассматривает направления и механизмы реализации молодежной политики в стране и регионе, также уровни государственных и местных органов государственного управления реализующие молодежную политику.

Abstract. The article considered directions and mechanisms of realization of youth policy in the country and region, also investigated the levels of public and local authorities which implementation of youth policy.

Кілт сөздер: жастар, саясат, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары

Ключевые слова: молодежь, политика, государственные и местные органы власти

Keywords: youth, policy, public and local authorities

Әдебиеттер тізімі:

1. Майлыбаев Б. Государственная молодёжная политика – важнейший фактор реформ. // Столичное обозрение, 1999, 22 января. - 7с.

2. Абдрасилова Г.З., Оразимбетова К.Ш. Ұлттық мәдениет құндылықтар мен мәселелері // Қазіргі заман адамының рухани ізденісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2006 -174 б.

3. Леванов Е. Общественно-политический потенциал молодёжи: состояние, проблемы и пути реализации. (Опыт социологического анализа), Диссертация на соискание учёной степени доктора социологических наук в форме научного доклада, Москва, 1990. - 8 с.

4. Абдрайымова Г.С. Социология молодежи. – Алматы: Жибек жолы, 2008. – 278 б.

5. Жетибаев Е.Ж. Шәкәрім дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі // филос.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.авторефераты / –Алматы, 2009. – 12 б.

ҒТАМР 06.71.57

Экологиялық туризм және оның маңызы

Жағыппар Аружан,
Т-20-1 оқу тобының студенті
Карбозова Ағжан
Э.Ғ.М.

Экологиялық туризм туралы отандық және батыстық ғылым салыстырмалы түрде жас, ал зерттеу пәнінің өзі - экологиялық туризм ХХ ғасырдың құбылысы ретіндегі алғашқы анықтамасының пайда болуымен бір мезгілде ғалымдардың назар аудару объектісіне айналды. Экологиялық туризмнің дамуымен интеграция процесі кеңейе түсті, яғни. экономиканың көптеген қолданыстағы салалары экологиялық турларды қалыптастыру, жылжыту және іске асыру процестеріне қатыса бастады. Уақыт өте келе экологиялық туризм экономиканың сабақтас салаларын дамытудың қуатты катализаторына айналады: көлік, байланыс, орналастыру, тамақтандыру, кәдесыйлар өндірісі және тұтыну тауарлары. Соңғы онжылдықтардағы әлемдегі экологиялық туризмнің даму қарқыны айтарлықтай жоғары және тұрақты болды, ал туристік нарықтың интеграциялануының жоғары деңгейі оның қолайсыз экономикалық жағдай немесе қаржылық дағдарыс кезінде, тәуекел факторлары көбейген кезде де оның стратегиялық дамуына ықпал етеді. Экологиялық туризм қызмет көрсету саласының ерекше түрі ретінде көптеген ерекшеліктерге ие. Сонымен бірге ол экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени-гуманитарлық және коммуникациялық функцияларды орындайды.

Экологиялық туризм - адамзаттың қайталанбас табиғи ескерткіштерімен және мұраларымен танысудың жаңа тәсілі. Жүз мыңдаған саяхатшылар экологиялық туризмнің қандай түрлерін және оның табиғи жерлерге бару ерекшеліктерін біліңіз? Бүгінде көптеген қалалардың шексіз жұмысынан шаршаған көптеген тұрғындары осындай демалысты армандайды. Экотуризм экотуризм экотуризм экотуризм Экологиялық туризм - ең танымал демалыс орындарының бірі. Демалушылар ірі қалалар мен курорттық аймақтарға барумен қатар әр түрлі табиғи жерлердің аумағына баруға қызығушылықтары артып келеді. Бұл түсінікті: табиғат қойнына осындай саяхаттар дененің және рухтың ерте босануына ықпал етеді, және олар оң эмоцияларды әйгілі мұражайға немесе сыра фестиваліне барудан кем емес бере алады. Экологиялық туризм тартымды, өйткені болу кезінде ол адамның күнделікті өмірін толығымен өзгертеді, ал табиғаттағы көңіл көтеру әрдайым демалушының жалпы жағдайын жақсартады және жақсартады. Экологиялық туризмнің даму тарихы Экотуризмнің пайда болуының алғышарттары салыстырмалы түрде жақында пайда болды және

қоршаған ортаның нашарлауымен, автомобильдердің, фабрикалардың және ірі қалалардағы адамдардың көптігімен байланысты. Адамдар қарбалас тіршіліктен аулақ болуды, табиғат көріністеріне тамсанып, таза ауамен тыныстауды қалайды. Экологиялық туризм мен кәдімгі туризмнің айырмашылығы неде? Мүмкін, қоршаған әлемге, табиғатқа және оның сыйлықтарына деген ерекше қатынас. Экологиялық туризмнің түсінігі мен мәні табиғатта, тауда, ең таза өзендер мен көлдердің жағасында демалу болып табылады ... Бұл серуендеу, ландшафттардың сұлулығы, әбігерліктің болмауы, қалыпты қарқын мен керемет көңіл-күй. Экотуризм нені білдіреді? Ағылшын тілінен аударғанда бұл жұмсақ демалыс. Экологиялық туризмнің бірнеше ерекшеліктері бар:

- саяхатшылар табиғат аясында демалады;
- сізге жайлылықтан бас тартудың қажеті жоқ;
- табиғатқа - ерекше қатынас;
- демалу денсаулық пен көңіл-күйді жақсарты алады;
- қол жетімді бағалар немесе тіпті тегін саяхат;
- экологиялық туризм географиясы кең;
- әр турист өз көңілінен шыққан ойын-сауық және демалыс орындарын

табады. Сонымен, экологиялық туризмнің қарапайым туризмнен айырмашылығы оның табиғатты сүйетіндерге, жайбарақат және өлшенген түрде демалғысы келетіндерге бағытталғандығында. Экотуризмнің пайда болу тарихы қысқа - бұл бағыт бірнеше ондаған жыл бұрын ғана пайда болды және осы ғасырда танымал бола бастады. Бұл адам экология мен қалалық қоршаған ортаның агрессивті факторларының қаншалықты жойқын екенін енді ғана түсінгендігімен байланысты. Эко-туризмнің негіздері сізге осындай тітіркендіргіштерден кем дегенде уақытша қорғануға мүмкіндік береді. Экологиялық туризмнің қазіргі жағдайы оның қарқын алып, оны бәріне ұнайтындығы. Көптеген қала тұрғындары бала өсіру, бақытты қарттықты өткізу және жас кезінде денсаулығына зиян тигізбеу үшін ауылға көшеді.

Мұндай сән-салтанатқа қол жеткізе алмайтындар табиғат аясында демалуға барады - экологиялық туризмнің әлемдік тенденциялары мен перспективалары оның танымалдылығына куә болады. Экотуризмнің бірнеше негізгі принциптері бар: табиғат алдындағы жауапкершілік; оның өркендеуіне ықпал ету; қоршаған ортаға деген құрмет. Халықаралық экотуризм ұйымы бұл мерекені экскурсиямен, ашық ауада өткізумен, көңілді ойындармен біріктіруге мүмкіндік береді. Экотуризмнің заманауи түрлері мен бағыттары Экотуризмнің түрлері өте көп, сондықтан әркім өзіне ұнайтын нәрсені табады. Тиіндерді тамақтандыру, арыстандардың арасында серуендеу, күн батқаннан рахат алу немесе дала гүлдерін жинау - бұл мүмкін әрекеттердің толық тізімі емес. Ең танымал бағыттар қандай? Балалардың экотуризмі - жабайы табиғатпен, қоршаған әлеммен, оның ерекшеліктерімен танысуға мүдделі жасөспірімдерге арналған; Ауылдағы экотуризм -

егіншілік, жаңа піскен көкөністер мен жемістер, үй жануарларына күтім жасау - бүгінде мұның бәрі сұранысқа ие; Ұлттық саябақтардағы экотуризм - бұл жерге серуендеу үшін қысқа мерзімді баруды қамтиды. Мұнда ғажайып нысандар қызығушылық тудыратын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық туризм де бар. Табиғи саябақтар туризм нысандары, туристік көрнекті орындар және қызықты саяхат орындары ретінде қарастырылады.

Кейбір елдерде экологиялық туризм қорғалатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар танымал. Экологиялық туризмнің мақсаттары мен міндеттері қандай? Саяхатшылар мұндай демалысты бар проблемаларды ұмытып, әдеттегі өмір ырғағынан бас тарту, таза ауада демалу үшін таңдайды. Мұндай демалыстан кейін тыныш ұйқы, сергектік, қуат күші кепілдендірілген. Халықаралық экотуризм қоғамы экологиялық туризмнің негізгі принциптерін, оның түрлерін, түрлердің жіктелуін, түсінігі мен функцияларын былайша анықтайды: турист емделіп жатыр; сіз әдемі фотосуреттер түсіре аласыз; декорацияның өзгеруі қамтамасыз етілген; әдемі табиғат саяхатшыны баурап алады; ойын-сауық балалар мен ересектерді қуантады. Экотуризм кең аудиторияға бағытталған - бұл романтиктерге, приключения әуесқойларына, армандаушыларға, жұмыстан шаршап, әдеттегіден кем дегенде екі күнде кеткісі келетіндердің бәріне ұнайды. Экологиялық туризм - бұл денеге және жанға пайдасы бар керемет ашық демалыс. Экологиялық туризмнің формалары Экотуризм - бұл ең алдымен табиғатпен бірлік, ерекше табиғи объектілер мен құбылыстарды бақылау мүмкіндігі. Демалыс түрлерін былайша жіктеуге болады: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бару. Оларға қорықтар мен ұлттық саябақтар кіреді. Олар тартымды, өйткені олар келушілерге таза әлемдегі табиғи ортаға сүйсінуді ұсынады. Бүгінгі таңда осындай ұйымдардың барлығында экологиялық жолдар мен экскурсиялық маршруттар бар, олардың бойымен туристік ағымның қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін емес. Қорықтардың көпшілігінде аймақтың жануарлар мен өсімдіктер әртүрлілігі туралы түрлі-түсті әңгімелейтін интерактивті көрмелері бар жеке мұражайлары бар.

Ұлттық саябақтарда көбінесе жануарларды тамақтандыруға және үй жануарларын тамақтандыруға болатын жеке байланыс аймақтары болады; Агротуризм - бұл өзгеріске ұшырауға біршама ұқсас жаңа тенденция. Демалушы ауылшаруашылығының кейбір салалары дамыған ауданға барады. Онда ол үй шаруашылығының барлық нәзіктіктерін игере бастайды. Агро турлар ұзаққа созылмайды және әдетте демалыс немесе демалысқа арналған.

Осы уақыт ішінде турист қаласа, жер өңдеуді, егін жинауды, табиғи өнімдерден ыдыс-аяқ дайындауды, үй жануарларымен жұмыс істеуді үйренеді. Мұндай туристер, әдетте, ірі фермер қауымдастықтарының аумағында өмір сүреді, сол арқылы жер иелеріне ауыл шаруашылығына көмектеседі; Фототуризм: мұндай саяхаттардың мақсаты айқын - табиғи ескерткіштерді суретке түсіру және олардың фонында өзіңізді «нүку».

Демалыстың бұл түрі әлеуметтік медианың белсенділігінің артуымен тез танымал болды. Адамдар жүздеген басқа «лайк» үшін оқ атудан және көрікті жерлерге баруға қарсы емес. Таулы аймақтарға, көлдерге және солтүстік аумақтарға саяхаттар әсіресе танымал; Экотуризмнің оң және теріс жақтары қандай? Оның бірнеше артықшылығы бар: денсаулыққа пайдасы бар демалыс; мұндай саяхат тіпті қарт адамдар мен балаларға да қолайлы; экотуризмнің табиғатты қорғауға және қорғауға қосқан үлесі; қол жетімділік және демалу ұзақтығы - демалыс күндері табиғат аясында демалуға болады; аймақтардың дамуындағы экотуризмнің әлеуметтік-экономикалық рөлі.

Экологиялық туризмді дамыту мен ұйымдастырудың ерекшелігі - елдің немесе әлемнің әр түкпірінен туристерді тартатын ашық демалыс орындарын құру. Экотуризм үшін сізге не қажет? Әрине, тыныш тынығуға, қаланың қарбаласынан қашуға, қалпына келуге және денені босаңсытуға деген ниет. Экологиялық туризмді дамытудың шарты - оның табиғатқа әсері - және, өкінішке орай, жағымды емес. Таза саябақтар мен жағажайлар ластанған, сирек кездесетін жануарлар қырылып, өсімдіктер тапталып жатыр, сондықтан саяхатшыларға экотуризмді дамытудың балама көрінісін қорықтарда және басқа жерлерде табуға, табиғатқа мүмкіндігінше ұқыпты қарауға кеңес беріледі.

Экологиялық туризм және оның маңызы **Экологический туризм и его значение** **Ecotourism and its significance**

Андатпа: Экологиялық туризм туралы отандық және батыстық ғылым салыстырмалы түрде жас, ал зерттеу пәнінің өзі - экологиялық туризм ХХ ғасырдың құбылысы ретіндегі алғашқы анықтамасының пайда болуымен бір мезгілде ғалымдардың назар аудару объектісіне айналды. Экологиялық туризмнің дамуымен интеграция процесі кеңейе түсті, яғни. экономиканың көптеген қолданыстағы салалары экологиялық турларды қалыптастыру, жылжыту және іске асыру процестеріне қатыса бастады. Уақыт өте келе экологиялық туризм экономиканың сабақтас салаларын дамытудың қуатты катализаторына айналады: көлік, байланыс, орналастыру, тамақтандыру, кәдесыйлар өндірісі және тұтыну тауарлары. Соңғы онжылдықтардағы әлемдегі экологиялық туризмнің даму қарқыны айтарлықтай жоғары және тұрақты болды, ал туристік нарықтың интеграциялануының жоғары деңгейі оның қолайсыз экономикалық жағдай немесе қаржылық дағдарыс кезінде, тәуекел факторлары көбейген кезде де оның стратегиялық дамуына ықпал етеді.

Аннотация: Отечественная и западная наука об экологическом туризме относительно молода, а сам предмет исследования - экологический туризм-стал объектом внимания ученых одновременно с появлением своего первого определения как явления ХХ века. С развитием экологического

туризма процесс интеграции расширился, т. многие существующие отрасли экономики стали участвовать в процессах формирования, продвижения и реализации экологических туров. Со временем экологический туризм становится мощным катализатором развития смежных отраслей экономики: транспорта, связи, размещения, питания, производства сувениров и товаров народного потребления. Темпы развития экологического туризма в мире в последние десятилетия были достаточно высокими и стабильными, а высокий уровень интеграции туристского рынка способствует его стратегическому развитию даже в условиях неблагоприятной экономической ситуации или финансового кризиса, когда факторы риска увеличиваются.

Abstract: The domestic and Western science of ecotourism is relatively young, and the subject of research - ecotourism-became the object of attention of scientists simultaneously with the appearance of its first definition as a phenomenon of the twentieth century. With the development of eco-tourism, the integration process has expanded, as many existing sectors of the economy have become involved in the formation, promotion and implementation of eco-tours. Over time, eco-tourism becomes a powerful catalyst for the development of related sectors of the economy: transport, communications, accommodation, food, production of souvenirs and consumer goods. The pace of development of ecotourism in the world in recent decades has been quite high and stable, and the high level of integration of the tourist market contributes to its strategic development even in an unfavorable economic situation or financial crisis, when risk factors increase.

Кілт сөздер: экологиялық туризм, туризм менеджменті, туристік нарық

Ключевые слова: экологический туризм, менеджмент туризма, туристский рынок

Keywords: ecological tourism, tourism management, tourism Market

Әдебиеттер тізімі:

- 1.АлиеваЖ.Н. Экологический туризм: Учеб.пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2012.
- 2.Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы, 2015.
- 3.Русев И. Т. Экотуризм негіздері. - Одесса, 2014. - 294 б.
4. «Экология және қоршаған ортаны қорғау» Ұ.Б.Асқарова (Алматы, 2017)

ҒТАМР 06.71.57

Қазақстандағы туризм саласын дамыту бағыттары

Жұмабаева Әсел,
Т-20-1 оқу тобының студенті
. Карбозова Ағжан,
Э.Ғ.М

Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасуы халыққа туристік қызмет көрсетудің нысандары мен әдістеріне көңіл аудартты. Осы саланы жедел қарқынмен дамыту және бәсекелестіктің және туристік қызметті қаржыландырудың көлеңкелі жағынан өсуі туристік бизнесті мемлекеттік реттеу қажеттілігін түсінуге алып келді. Бірнеше жылдар бойы Қазақстан халқының едәуір бөлігі туристік қызметтерді пайдаланды, соның нәтижесінде бұл бизнес түрі ұлттық мәдениеттің бір бөлігіне айналды.

Соңғы жылдары Қазақстан туризмді дамытуға көп көңіл бөле бастады. Қазақстанның туристік кешенін дамыту перспективалары көбінесе өңірлік туристік өнімдерді жылжытудың қазіргі заманғы стратегиясымен үйлеседі. Туристік саланы жалпыұлттық деңгейде мемлекеттік реттеу тәртібін күшейту қолға алынып отыр.

Қазақстандағы туризмнің тиімді дамуына көп жағдайда туризмді дамытуды нақты мемлекеттік реттеудің болмауы, инфрақұрылымның дамымауы, сондай-ақ туризмді ғылыми тұрғыдан зерделеудің жеткіліксіздігі кедергі келтіреді. Отандық әдебиет пен тәжірибені талдаудың дамымағандығын, туризмді мемлекеттік реттеудің сипаты мен дәрежесін негіздеудің жүйелік тәсілі мен ғылыми әдіснамасының болмауын көрсетті.

Әдіснамалық базаның болмауы және әдістемелік әзірлемелердің жеткіліксіздігі туризмді дамытуды мемлекеттік реттеу проблемалары және республикалық деңгейде туризм туралы заңдарды қабылдауда, туризмді дамыту бағдарламаларын жасауда және туризмді реттеу комитетінің құрылымын қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін практикалық қолдану мүмкіндігі зерттеуге өзектілік береді.

Қазақстан Республикасындағы республикалық және аймақтық деңгейде туристік қызметті дамытуды мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін ұйымдастырудың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін дамыту және оны жетілдіру қажет. Бұл мақсатқа жету келесі негізгі міндеттерді шешуді талап етеді:

- туристік қызметтің дамуын мемлекеттік реттеу мен қолдаудың теориялық маңызын ашу,

- Қазақстан Республикасындағы туристік қызметтің дамуын мемлекеттік реттеу мен қолдаудың нормативтік-құқықтық базасын зерттеу,

- шет елдерде туризмді мемлекеттік реттеудің қазіргі заманғы әдістерін зерттеу және Қазақстанда осы тәжірибені қолдану мүмкіндігін бағалау,
- туризмді мемлекеттік реттеу моделін әзірлеу,
- туристік қызметті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелеріне талдау жасау,
- туризмді дамытуды реттеудің бірыңғай мемлекеттік саясаты мен өңірлік тұжырымдамасын қалыптастыру негіздерін әзірлеу;
- шетелдік капиталды тарту негізінде туризмді мемлекеттік реттеудің жаңа ұйымдастыру нысандарын тиімді пайдалану мүмкіндігін зерделеу.

Туристік нарықты кеңейтуге әсер ету туристік өнімді жылжытудың нарықтық стратегиясын әзірлеуді талап етеді. Стратегия туристік нарықтағы мінез-құлықтың ұзақ мерзімді оңтайлы моделін таңдау болып табылады. Кез келген стратегиялық тәсілде мемлекеттік және жеке секторлар тарапынан тиісті ықпалдар міндетті.

Түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар тарапынан әсер ету туризмнің отандық саласын басқарудың ұйымдық-экономикалық тетігінің қалыптасуында айқындаушы болып табылады.

Мемлекеттік реттеу негізгі міндеттері болып табылады:

- туризмді дамыту саласында ұйымдастыру-экономикалық және әлеуметтік саясатты әзірлеу бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ осындай даму жоспарын дайындау және қабылдау;
- әлеуметтік, атаулы туризм мәселелерін шешу үшін жағдай жасау;
- аталған бағыттарды ескере отырып, мемлекеттік және жеке секторларды дамыту бағдарламаларын әзірлеу;
- мемлекеттік және жеке секторларды тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету;
- экономикадағы, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік өміріндегі оның перспективаларын ескере отырып, туризмді дамыту барысы мен бағытын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.

Мемлекет туристік секторды тікелей туризм жөніндегі министрлік немесе ұлттық туристік ұйымдар арқылы, сондай-ақ жанама түрде құқықтық тетіктер, өзінің инфрақұрылымы мен халықаралық саясатын қолдау арқылы реттейді. Мемлекет туризмге екі жолмен әсер етеді: сұраныс пен кірісті басқару немесе ұсыныс пен бағаны басқару. Сұранысты басқару үшін мемлекет мынадай құралдарды пайдаланады: маркетинг және жылжыту, баға белгілеу және қолжетімділікті шектеу[3]. Маркетингтің құрамдас бөлігі мемлекет жүргізетін туризмді ілгерілету жөніндегі іс-шаралар болып табылады және әлеуетті клиенттердегі сұранысты ояту мақсатын көздейді. ДСҰ-ның ұсынымдарына сәйкес бұл іс-шаралар елдің тартымды символдық сипаттамаларына негізделген сапалы имиджін жасауға бағытталуы тиіс.

Елдің сапалы имиджін құрудың әр түрлі тәсілдері бар - бұл мамандардың елге шақырылған журналистермен кездесуі, отандық

мамандардың шетелге іссапарлары, теледидар мен радио арқылы сөз сөйлеу, брошюраларды, слайдтар мен бейнематериалдарды тегін тарату, сондай-ақ стенд сатып алынатын түрлі көрме-жәрмеңкелерге қатысу. Туризмді ілгерілету жөніндегі іс-шараларға енгізілген ұйымдардың саны үлкен болғандықтан, әдетте шетелде мемлекеттік ұйымдардың өкілдіктері шұғылданатын іс-әрекеттерді үйлестіру маңызды рөл атқарады. Елдің туристік имиджін ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізуге бюджеттен бөлінетін қаражат мемлекеттік ұйымдар бюджетінің жартысынан аспауы мүмкін, бұл ретте бюджеттің басым бөлігі публік рилейшнз (үштен бірінен үштен екіге дейін) қаржыландыруға жұмсалады. Жылжыту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігі туризм жөніндегі министрліктер немесе туризм үшін жауапты ұйымдар арасындағы Кооперация жөніндегі халықаралық келісімдердің көмегімен артуы мүмкін. Бұл іс-әрекеттердің мақсаты-жылжыту бойынша күш-жігерді бөлісу немесе біріктіру (плакаттарды, аудио - және визуалды материалдарды тарату, өкілдік офистер мен т. б. бірлесіп пайдалану).

Мемлекет туристік өнімнің бағасын реттей алатын түрлі құралдар бар. Біріншіден, елдегі көптеген көрікті жерлер мемлекеттік сектордың ықпалында, авиакомпаниялардың көпшілігін мемлекет бақылайды, ал көптеген дамушы елдерде тіпті қонақ үйлер мемлекетке тиесілі. Әдетте, әлеуметтік инфрақұрылым мен көлік желілері табиғи монополиялар болып саналады және егер олар мемлекетке тиесілі болмаса, онда кем дегенде оларға бақылануы тиіс. Мемлекет экономикалық тетіктер көмегімен бағаға жанама әсер етуі мүмкін (мысалы, валюта айырбастаудың шектелуіне алып келуі мүмкін валюталық бақылауды пайдалана отырып, соның нәтижесінде туристер валютаны жоғары баға бойынша өзгертуге және сол арқылы саяхаттың нақты бағасын ұлғайтуға мәжбүр болады); сатудан, кеден аймақтарында дүкендерді ашудан түсетін салықтардың және т.б. көмегімен мемлекет жоғарыда көрсетілген тетіктерден басқа, лицензиялау немесе қызмет көрсету сапасы бойынша градация көмегімен сұранысқа әсер етуі мүмкін. Бұл шара әсіресе қонақ үй бизнесінде жиі қолданылады, ұсынылған нөмірлер саны сұраныстан асып түседі және бағаны реттеу арқылы үкімет бұл теңгерімсіздікті жоя алмайды. Бағаны реттеу нарықтық экономикада өте қолайсыз шара болып табылады, оған кейбір елдердің үкіметтері отандық компанияларды елдің туристік бизнесінің ұзақ мерзімді мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, сиялы пайда алудан тежеуге бағытталған.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеу мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- туристік индустрия саласындағы қатынастарды жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілер жасау;
- туристік өнімді ішкі және әлемдік туристік нарықтарда жылжытуға жәрдемдесу;

- туристердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- туристік индустрияда стандарттау, туристік өнімді сертификаттау;
- Туризм дамуының мүдделерін ескере отырып, ҚР-на кіру, одан шығу және оның аумағында болу ережелерін белгілеу;
- туризмді дамытудың республикалық мақсатты бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға тікелей бюджеттік қаржы бөлу;
- салықтық және кедендік реттеу; ҚР аумағында туристік қызметпен айналысатын және туризммен айналысу үшін шетелдік азаматтарды тартатын туроператорлар мен турагенттерге жеңілдетілген несиелер беру, салықтық және кедендік жеңілдіктер белгілеу;
- туристік қызметті кадрлық қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- туристік индустрия саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- туристердің, туроператорлардың, турагенттердің және олардың бірлестіктерінің халықаралық туристік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу;
- картографиялық өнімдермен қамтамасыз ету.

Осылайша, туризмнің ауқымы мен маңыздылығы оның ел экономикасының стратегиялық салаларына жататынын көрсетеді, бұл аумақтық және салалық халық шаруашылығы кешендерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, жұмыспен қамту саясатын негіздеу, бюджеттік кірістердің өсуін қамтамасыз ету және төлем балансының жағдайын басқару мақсатында тікелей мемлекеттік реттеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында туризмді дамыту мемлекеттік басымдықтардың бірі болып танылды. Алайда бүгінгі таңда Қазақстанның туристік нарығында инфрақұрылымның дамымағандығы, қатысушылардың бытыраңқылығы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, дәлелсіз жоғары бағалар кезінде сервис деңгейінің төмендігі байқалады. Салаға инвестициялардың ағыны экономиканың осы перспективалық секторын серпінді дамыту үшін әлі де жеткіліксіз. Қазақстанның туристік саласын дамытудың перспективаға арналған бұрын қабылданған стратегиялық жоспарларын іске асыру, туристік қызмет субъектілерінің қызметіндегі әкімшілік кедергілерді алып тастау мақсатында туристік қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру қажеттілігі бар.

Қазақстандағы туризм саласын дамыту бағыттары

Направления развития туризма в казахстане

Directions of tourism development in kazakhstan

Андатпа: Туризмді дамытуды жоспарлау саласында мемлекет жетекші рөл атқарады. Мемлекеттік органдар бұл үдерісті, әсіресе экология тұрғысынан неғұрлым осал аудандарда оның стихиялық дамуын болдырмау үшін реттейді. Нашар жоспарланған және басқарылмайтын туризм қалпына

келтірмейтін зиян келтіруі мүмкін. Қазіргі уақытта мемлекеттің басты міндеті – Қазақстан Республикасында әртүрлі туристік қызметтерде қазақстандық және шетелдік тұтынушыларды қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, сондай-ақ туристік қызмет стратегияларын әзірлеу, даму бағыттарын айқындау, туризм индустриясы ұйымдарын (оның ішінде перспективалы туристік бағдарламаларды қаржыландыру жолымен) дамытуға жәрдем көрсету, тиісті экономикалық саясат жүргізу, олармен экономикалық қатынастар үшін жақсы жағдайлар жасау мақсатында шет мемлекеттермен келісімдер жасасу болып табылады.

Аннотация: Государство играет ведущую роль в планировании развития туризма. Государственные органы регулируют этот процесс, чтобы предотвратить его спонтанное развитие, особенно в наиболее уязвимых областях. Плохо спланированный и неуправляемый туризм может нанести непоправимый ущерб. В настоящее время основной задачей государства является создание современного, высокоэффективного и конкурентоспособного туристического комплекса в Республике Казахстан, предоставляющего широкий спектр возможностей для удовлетворения казахстанских и зарубежных потребителей, а также разработка стратегии туристической деятельности, развития направлений, в том числе организаций туристической индустрии (через финансирование перспективных туристических программ), проведение соответствующей экономической политики, заключение договоров с зарубежными странами с целью создания благоприятных условий для экономических отношений с ними.

Abstract: The state plays a leading role in planning the development of tourism. Government agencies regulate this process in order to prevent its spontaneous development, especially in the most vulnerable areas. Poorly planned and unmanaged tourism can cause irreparable damage. Currently, the main task of the state is to create a modern, highly efficient and competitive tourist complex in the Republic of Kazakhstan, providing a wide range of opportunities to satisfy Kazakhstani and foreign consumers, as well as developing a strategy for tourism activities, development of directions, including tourism industry organizations (through financing promising tourist programs), pursuing an appropriate economic policy, concluding agreements with foreign countries in order to create favorable conditions for economic relations with them.

Кілт сөздер: мемлекеттік басқару, туристік нарық, туристік нарықты мемлекеттік реттеу

Ключевые слова: государственное управление, туристский рынок, государственное регулирование туристского рынка

Keywords: public administration, tourist market, state regulation of the tourist market

Әдебиеттер тізімі:

1. Концепция по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира, утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 17 января 2014 года № 732. Adilet.zan.kz. [Электронный ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000732> (дата обращения: 30.11.2019).
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года. Online.zakon.kz. [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=100606 (дата обращения: 30.11.2019).
3. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года. Online.zakon.kz. [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854 (дата обращения: 30.11.2019).
4. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2001 года «О туристской деятельности в Республике Казахстан». Adilet.zan.kz. [Электронный ресурс]. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000211_ (дата обращения: 30.11.2019)
5. Дагман С. Концептуальные подходы к устойчивому туризму на основе использования интегральных методов маркетинга // Экономические отношения. – 2019. – №4. – doi: 10.18334/eo.9.4.41297.

ҒТАМР (МРНТИ)06.77.59

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың жолдары

Жетпісәлі Гүлсая Ізбасарқызы
СР- 18-1 оқу тобы студенті,
Умирзакова Меруерт Абдуалиевна
экономика ғылымдарының кандидаты

Халықтың өмір сүру деңгейі күрделі және көп қырлы категория. Халықтың өмір сүру деңгейінің проблемалары мен оны зерттеу қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарамастан, барлық елдер үшін өзекті.

Халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс сапасын жақсарту ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Қазақстан үшін халқының әлеуметтік жағдайы әрдайым басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру - мемлекетіміздің дамуының стратегиялық бағытының бірі болып отыр. Кез келген мемлекеттің көздеген түпкі мақсаты халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, денсаулығын, білім деңгейін жоғарылату және өмір сүру сапасын арттыру. Оған қоса, ол мемлекеттерде әр түрлі институционалдық өзгерістерді, экономикалық

саясаттарды іске асыруда, халықтың әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру деңгейін арттыруда бірқатар озық тәжірибелері бар.

Әлеуметтік-нарықтық экономиканы бағдар тұтқан кез келген мемлекеттің басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Демек, халықтың тұрмыс деңгейін жоғарылату мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатының ең басты басымдылықтарының бірі болмақ.

Экономикасы мықтап дамыған мемлекеттерде қоғамды прогрессивті түрде дамытуда халықтың материалды игіліктерен қамтамасыздығымен қатар оның рухани дамуын және мемлекеттің мәдени құндылық-тарын да қатар дамыту маңызды. Халықтың материалдық және рухани жағдайын сипаттайтын маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш – өмір сүру деңгейі. Өмір сүру сапасының индексі келесі 11 өлшемдерден тұрады: Өмір сүрудің қалыпты ортасы:

- 1) қаржылық әлауқаты мен табысы;
- 2) жұмыс және еңбекақы;
- 3) тұрғын үй жағдайы.

Өмір сүру сапасы бойынша:

- 4) денсаулық;
- 5) жұмыс және жеке өмір балансы;
- 6) білімі мен дағдылары;
- 7) азаматтық құқықтары және билік;
- 8) қоғамдық қарым-қатынастар;
- 9) қоршаған ортаның сапасы;
- 10) жеке қауіпсіздік;
- 11) субъективті әл-ауқаты[1].

«Тұрмыс деңгейі» қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын бейнелейтін, тұтынудың қол жеткен деңгейін көрсететін аса күрделі әлеуметтік-экономикалық категориялардың бірі. «Тұрмыс деңгейін» жан-жақты зерттеу үшін алдымен осы ұғымның мәнін ашып алуымыз қажет. Тұрмыс деңгейі ретінде адамның тауарлар мен қызметтерге деген түрлі сұранысының қанағаттандырылу деңгейін сипаттайды. Экономикалық әдебиеттерде тұрмыс деңгейінің анықтамасына ортақ бір көзқарас жоқ, дегенмен **тұрмыс деңгейін** халықтың әл-ауқатын, адамның материалдық, мәдени, әлеуметтік игіліктер мен қызметтерді, шын мәніндегі сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды жинақтай сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория ретінде анықтауға болады. «Тұрмыс деңгейі» ұғымының жүйекүрушы негізі - тұтыну саласында пайда болып, жүзеге асып жататын түрлі адами сұраныстар болып табылады[2].

Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және экономикалық өсімнің жоғары қарқынын қамтамасыз ету тиімді әлеуметтік саясатты қажет етеді.

Дүние жүзілік 30 мемлекеттің қатарына қосылудағы ең алғашқы көрсеткіштердің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайы.

Халықтың әлеуметтік жағдайы – бұл адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін анықтайтын күрделі кешенді әлеуметтік-экономикалық категория. Ол көп деген компоненттерден құралады. Бұл адамдардың табыстарының көлемі де, халықтың материалдық игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі, білімділіктің өсуі, азаматтарға медициналық және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің даму дәрежесі, қоршаған ортаның жағдайы.

Біздің ойымызша, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуінің басты себептері:

- нарықтық экономикада өндірістің құлдырауы, жұмыссыздықтың өсуі;
- аз қамтылған азаматтар санының өсуі;
- халықтың табыс деңгейінің салым жинауға мүмкіндік бермеуі, тіпті тұтыну шығындарына да жетпей қалуы.

2019 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Қазақстан халқының жолдауында айтылған «.....адамдардың мұң-мұқтажына назар аударып халықпен тиімді кері байланыс орнатуды қалыптастыру, азаматтардың өтініш-тілектерін қарастыратын «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға қолдау көрсету, билікпен пен қоғам арасында диалог орнату арқылы тұрақты әлеуметтік мемлекет қалыптастыру.....» [3] - деп айтуының өзі алдағы уақытта халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда жақсы нәтижелер болады деген сенім ұялатады.

Мұқтаж отбасыларды қолдауда атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау қайта қарастырылды. 2019 жылдың сәуірайында президент Қасым-Жомарт Кемелұлы көмек көрсетуге тіктерін жетілдіретін заңға қол қойды. Құжат атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийінен төменгі күнкөріс деңгейінің 70 процентіне дейін ұлғайтуды көздеді. Ал 2018 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі Қазақстанда 40 пайызға теңкелген. Нәтижесінде жәрдемақы алушылар саны 571,6 мың адамнан 830 мың адамға дейін өседі. Бұл ретте, егер АӘК-тің орташа мөлшері бұрын отбасының әрбір мүшесіне 4 834 теңгені құраған болса, осы жобабойынша 20 789 теңгеден төленетін болған [4].

Халықтың тұрмыс деңгейінің артуы еліміздің қазіргі заманғы әлемдік экономикада өзінің тиісті орнын алуға және Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болады. Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуы үшін тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға және олардың әлеуметтік жіктелуінің алдын алуға оңтайлы жағдайлар жасау ерекше маңызды. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолдары ретінде мына бағыттарда айтуға болады:

- 1) Әлеуметтік стандарттар жүйесін жаңарту;
- 2) Халықтың төлемдік қабілетін арттыру.

Әлеуметтік стандарттар жүйесінде тұтыну бюджеттері маңызды орын алады. Тұтынудың рационалды деңгейі адамның қажетті материалдық және

әлеуметтік игіліктер мен қызметтерді тұтынудың ғылыми дәлелденген нормаларында негізделеді. Ол өзіне рационалды тамақтануды, сапалы өмір сүруді, ұзақ пайдаланатын заттармен жоғары қамтылуды, қазіргі тұрмыстық және мәдени тұрғыдағы техникалармен қамтылуды, денсаулық сақтау, білім, демалыстың сапала қызметтерін, сонымен бірге таурлар мен қызметтерді қосады.

Адамдар төмен деңгейде өмір сүруіне жол беріп қоймай, олар төлемдік қабілетін ылғида арттырып отыру керек. Халықтың төлемдік қабілеті дегеніміз – кірістер мүмкіншілігі дәрежесінде шығыстарды қамтамасыз ету. Халықтың төлемдік қабілетіне әсер ететін фактілер:

1. еңбек ету (еңбек етпеу);
2. білімділік (білімсіздік);
3. қаражат қор капиталдарын жинау (жинамау).

Әрбір азамат төлемдік қабілеті арттыру жолында өзіндік еңбектену мүмкіншілігі болуы тиіс. Карл Маркстен бері келе жатқан «Адамды адам еткен – еңбек» деген қағида бар. ХХІ ғасыр жаһандық бәсекелестік кезеңінде де адамның адал еңбегі кез келген мемлекеттің қоғамдық және экономикалық дамуының шешуші ұлттық факторына айналып, маңызды әлеуметтік капиталы болып қала бермек. Сонымен қатар, адамдар кірістер мен шығыстарға аса мән беру қажет. Кірістермен қамтамасыз ету мүмкіншіліктері:

- еңбек ақылы қаржылану;
- қоғамдық әлеуметтік қаржыландыру;
- жинақтаушы зейнет ақы қорлары сомасы мен оның өсім құны;
- банктердегі депозиттік салымдар сомасы мен оның өсім құны;
- отбасы бюджетіне қарасты табыстар (бизнесікістер);
- негізгі жылжымайтын негізгі қорлар.

Шығыстарды қамтамасыз ету мүмкіншіліктері:

- азық – түлік тауарларын сатып алу қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- азық – түлік емес тауарларды сатып алу қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- ақылы қызметтерге (тұрмыстық, коммуналдық, денсаулық сақтау, білім алу, мәдени іс- шаралар т.б.) төлемдік қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- әртүрлі өсім құнды төлеу.

Қазіргі уақытта әлемдік тәжірибеде өмір сүру деңгейінің маңызды индикаторы - отбасы бюджеті болып табылады. Кіріс пен шығысты есептеудегі негізгі мақсат - отбасы бюджетін жүргізуге дағдылану, отбасы бюджеті мен жеке бюджет (қалта қаражаты) арасындағы айрмашылықты ұғыну, үнемдей білуге үйрену. Шығыс пен кірісті есептеп отыру келесі жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді:

- Ақшаның неге жұмсалғанын білу;
- Ақшаны қалай үнемдеуді білу;

- Бюджетті жоспарлау.

Жалпы, әлеуметтік саясатты іске асыру экономиканың даму қарқыны мен әлеуметтік кепілдіктерді сақтау ісін шебер ұштастыруды талап етеді. Бұл орайда, бүгінде мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық рөлі өзгергенін есте сақтау керек. Халықтың мемлекет көмегіне шынында да мұқтаж, өз бетімен күн көре алмайтын топтарына басымдық беріледі. Ал қоғамның қалған бөлігі экономикалық еркіндік қағидалары, олардың құқықтық қорғалуы негізінде өзін-өзі қамтамасыз ету керек.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың жолдары Пути улучшения социального благосостояния населения Ways to improve the social welfare of the population

Аңдатпа: Бұл мақалада еліміздегі әлеуметтік саясат саласында атқарылып жатырған жұмыстар қарастырылған. Сонымен бірге, халықтың материалдық және рухани жағдайын сипаттайтын маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуінің басты себептері мен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың жолдары баяндалған.

Кілт сөздер: әлеуметтік саясат, әлеуметтік жағдай, өмір сүру деңгейі, тұрмыс деңгейі, төлем қабілеті, әлеуметтік көмек.

Аннотация: В этих целях предусмотрена работа в сфере социальной политики в стране. Вместе с тем, даны важнейшие социально-экономические показатели, характеризующие материальное и духовное состояние населения, основные причины снижения социального положения населения и пути улучшения социального положения населения.

Ключевые слова: социальная политика, социальное благополучие, уровень жизни, уровень материального положение, платежеспособность, социальная помощь.

Annotation: For this purpose, work is planned in the field of social policy in the country. At the same time, the most important socio-economic indicators characterizing the material and spiritual state of the population, the main reasons for the decline in the social situation of the population and ways to improve the social situation of the population are given.

Keywords: social policy, social welfare, standard of living, level of financial status, solvency, social assistance.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Дәулетова, Н.Жұманова. Халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін бағалаудың шет елдік тәжірибесі// Экономика и статистика № 2/2020,- 123 б

2. Әбдіғапар С.А. Халықтың тұрмыс деңгейі: теориясы, тәжірибесі және арттыру жолдары .- Алматы 2016

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

3. Қасым-Жомарт Тоқаев.«Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.02.09.2019ж.// <http://www.akorda.kz>

4. Алияров Е.К., Бабатаева А.А. Әлеуметтік қақтығыстардың мемлекеттік шешімдерге ықпалы. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы.№4(72), 2020 г.- 42 б

ҒТАМР10.07.01

Қазақстан республикасы мемлекеттік қызметі жүйесін жетілдіру жолдары

Жүсіпбек Айжан,
ГМУ-19-1 оқу тобының студенті
Темирбекова Эльмира,
Э.Ғ.М.

Мемлекеттік қызмет қоғамдық өмірдің экономика, мәдениет, саясат, әлеуметтік сала сияқты барлық ішкі жүйелерінің қызмет етуін қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Соңғы 30 жыл ішінде, яғни қарқынды реформалау үдерісінің нәтижесінде Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесі және қоғамдық-саяси құрылғымен байланысты мемлекеттік қызметтің ұлттық моделі қалыптасты. Қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан елді басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесінен нарықтық экономикасы, дамудың жаңа әкімшілік-басқару моделіне тән мемлекетке дейінгі жолдан өтті. Елде алғашқы нарықтық қайта құруларды жүзеге асырған мемлекеттік қызметтің құрылымы қалыптасты.

Жаңа Қазақстанның мемлекеттік қызметі өтпелі кезең қоғамдарын жаңғырту тетігіне айналды. Ал мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, елдің стратегиялық даму мәселелері мен адамдардың күнделікті өмірлік мәселелерін шешетін мемлекеттік қызметшілер болса мемлекеттік дамудың басты қозғаушы күшіне айналды.Қазақстандық ғалым В.Уваровтың пікірінше «мемлекеттік қызмет дегеніміз басқару персоналының мақсатқа сай әлеуметтік пайдалы, объективті қажетті және ұйымдастырушылығы жағынан рәсімделген қызметі» [1, 84 б.].

Ал Ш. Есімованың пікірінше мемлекеттік қызмет дегеніміз – мемлекеттің функцияларын іске асыру бойынша билік өкілеттіктері берілген мемлекеттік органдардың жеке құрамының қызметі [2, 52 б.].

Алайда, мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет мәселелері егемендік алған уақыттан бері қазақстандық қоғам үшін өзінің өзектілігін жоғалтпады. Сондықтан да, ғылыми жұмыстың басты мақсаты – Қазақстан

Республикасы мемлекеттік қызметі жүйесін талдап және оны жетілдіру жолдарын ұсыну. Себебі кез келген ұйымның оң имиджін құруға ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып корпоративтік сәйкестік табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттік қызметшілердің корпоративтік сәйкестігін басқару Зандарда және ҚР Президентінің Жарлықтарындатұжырымдалып, базалық қағидаттар негізінде іске асырылады[3, 52 б.].

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы № 2730 Заңы тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет жүйесін институттандырудың бастауы болып, мемлекеттік басқару жүйесінің кадрлық ұйытқысын сақтауға мүмкіндік берді және мемлекеттің маңызды институты ретінде мемлекеттік қызметтің дамуына негіз қалады.

1999 жылы қабылданған "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік қызметтің кәсіби және тиімді жүйесін және бірыңғай кадр саясатын қалыптастыруға бағытталған, өзекті қажеттіктерге сай келетін жаңа тәсілді айқындап берді[4].

Қазіргі кезде Заң және оны іске асыру үшін әзірленген тиісті нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік қызметке кіру, оны атқару және тоқтату мәселелерін реттейді.

Өзіміз білетіндей, мемлекеттік қызмет жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың өңірлік орталықтарын және басқа да білім беру ұйымдарын қамтитын оқыту инфрақұрылымы қалыптастырылған.

Дегенмен, мемлекеттік қызметтің имиджін жаңарту және көтеру үшін мемлекеттік қызметтің жаңа моделін (үлгісін) ұсыну қажеттілігі туындады. Сондықтан, 2011 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің № 119 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдама қабылданды.

Тұжырымдама бірінші кезекте "мемлекеттік қызмет" ұғымын жаңғыртуды көздейді. Мемлекеттік қызмет "ұлтқа (қоғамға) қызмет ету" ұғымының синонимі болуға және мемлекеттік қызметтерді тұтынушы болып табылатын халыққа бағытталуға тиіс[5].

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі – мемлекеттік қызметке ең лайықты адамдарды іріктеп, қабылдап, лауазыммен жоғарылағанда олардың біліктілігін, еңбегін ескеріп, жүйені қалыптастыру болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде мемлекеттік қызметке кіру конкурстық негізде жүзеге асырылады және онда меритократия қағидаты, яғни жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау негізгі қағидат.

Үміткер құжаттарының конкурстық топтамасын қарау және бос лауазымға үміткердің кәсіби білімі мен тәжірибесін бағалауға мүмкіндік

беретін тестілеуді, сұхбаттасуды өткізу, сондай-ақ оның жеке құзыреттері конкурстық іріктеудің жалпы көрінісі болып табылады.

Жаңа модельде мемлекеттік қызметке кіру тәртібі екі кезеңнен тұратын конкурстық іріктеу жолымен жетілдірілген. Бұл мемлекеттік қызметкерлерді мансаптық жоғарылату үшін конкурстық негізге көшуді айқындайды.

Халықаралық практикада мемлекеттік қызметтің екі үлгілік моделін бөліп қарастыруға болады - баспалдақтық және позициялық. Қазіргі кезде, көптеген елдер мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін мемлекеттік қызметтің аралас моделін құруды жөн көреді.

Мемлекеттік қызметтің көптеген тиімді модельдерінде (Нидерланды, Сингапур, АҚШ, Италия) жоғары мемлекеттік қызмет институты қолданылады, ол саяси шешімдер қабылдау процесін оларды іске асыру процесінен ажыратуға бағытталған. Жоғары мемлекеттік қызметтің функциялары жалпы мемлекеттік саясатқа сәйкес басқару талаптарын әзірлеу және әкімшілік қызметті жүргізу болып табылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделі мемлекеттік қызметтің баспалдақтық және позициялық модельдерінің элементтерін қамтып, аралас болып қалады.

Халықаралық практикада мемлекеттік қызметке кіру конкурстық негізде жүзеге асырылады, онда меритократия қағидаты, яғни жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау негізгі қағидат болып табылады.

2011 жылы мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісі тұжырымдамасын қабылдау арқылы мемлекеттік қызмет институтын жетілдірудің жаңа кезеңі және оның штаттық құрамы басталды. Реформа процестері кадрлық жұмыс жүйесін қалыптастыруға нақты үлес қосты, тиімді және ашық мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің жұмыс істеуі үшін институционалдық және құқықтық негіздерді құруға бағытталған терең әкімшілік реформаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Осы кезге дейін біраз жұмыстар атқарылды, дегенмен, тәуелсіз еліміздің мақсаттары мен басымдықтарын іске асыру үшін мемлекеттік қызметті жаңаша көрқараста дамытудың жолдарын ұсынғымыз келіп отыр. Олар:

- мемлекеттік қызметкерлерді тиімді басқару үшін, олардың жұмысқа деген ынтасын арттыру үшін, мотивация беретін әрекеттер жасау қажет. Ең тиімді жолдардың бірі қызметкерді бағалау критерийларын орнату, және соның нәтижесі бойынша үздік қызметкерге мадақтамалар, сыйақылар беру. Бұл шын мәнісінде тексерілген, тиімді жол болып табылады. Одан өзге, жұмыс істеу барысында ұжым, оның ішіндегі қарым-қатынаста маңызды болып табылады. Ұжым ішіндегі қатынасты позитивті арнада ұстау үшін, ұжымдық конкурстар, челленджер, тимбилдингтер ұйымдастыруға болады;

- мемлекеттік органдар құрылымын жетілдіру. Үкімет қайсыбір аралық буындарды алып тастау арқылы биліктің барлық деңгейіндегі

лауазымдық сатыларды қысқартуы тиіс. Басқару шешімдерін қабылдаған кезде мемлекеттік органдар жұмысының кешенділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

- **Мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары сапасына қол жеткізу.** Барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет көрсетудің салалық стандарттары әзірленуге және енгізілуге тиіс. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын сақтауды бақылау мақсатында, қарапайым халық пен кәсіпкерлер арасында жүйелі әлеуметтік сауалдама жүргізу жолымен де жүргізілетін ішкі және сыртқы аудит жүйесі құрылатын болады.

- **Мемлекеттік органдар қызметінің рейтингін және бюджеттік үдерісте жаңа ұстанымдарды енгізу.** 2007 жылы орталық мемлекеттік органдар мен облыс әкімдіктері қызметін тұрақты негізде рейтингілік бағалау жүйесі енгізілді. Бұл жұмыс үдерісін ішкі әкімшіліктендіруді жақсарту, бюджет қаржысын жұмсау тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мақсатында жасалды. Аталған шара мемлекеттік органдарды өз қызметінің тиімділігін арттыруға ынталандыруды көздейді. Бюджеттік жоспарлауда қатаң бюджеттік шектеулерге барудан гөрі нақты түпкі нәтижелерге бағдарланған қаржыландыру жүйесіне көшуге баса мән беріледі. Мемлекеттік, салалық, өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың нақты мақсаты мен индикаторлары қарқынды жұмыс істеуде. Бюджеттік қаржыны жұмсау мен тиісті бағдарламаларды іске асыруға бірінші басшылардың жауапкершілігі күшейтіліп, пәрменді бақылау жүйесі құрылуы керек. Мұнан басқа, әрбір мемлекеттік орган өз қызметінің өнімділігін арттыру есебінен әкімшілік шығындарды қысқартуға міндетті болады.

- **Сыбайлас жемқорлықты азайту.** Жоғарыда аталған шаралардың барлығы және әкімшілік реформалар қисынының өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған.

- **Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру және нығайту.** Ол кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың тиімді жүйесін құру және мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығын қамтамасыз ету қажет.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет – әр елдің барлық даму сатысындағы басты атрибут, ал мемлекеттік қызметшілер – өзгерістерді негізгі орындаушылар. Елімізге ісіне берілген, кәсіби даярланған, басшылық шешім қабылдау аясында бәсекеге түсе алатын қазіргі менеджерлерден тұратын мемлекеттік аппарат қажет. Ол үшін мемлекеттік басқаруды жаңарту, саяси реформаларды жүргізу - еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы беделі мен абыройын өсіре түсуге жәрдемдесетіні сөзсіз. Сондықтан да, осы мәселені шешу керек және одан әрі жетілдіру қажет.

Қазақстан республикасы мемлекеттік қызметі жүйесін жетілдіру жолдары

Пути совершенствования системы государственной службы республики казахстан

Ways to improve the system of civil service of the republic of kazakhstan

Андатпа: Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез-келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан да, еліміздің мемлекеттік қызметін жетілдіру және жаңарту қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Аннотация: Становление Республики Казахстан как демократического, правового и социального государства невозможно без эффективного государственного аппарата, основой которого являются кадры государственной службы. Одной из приоритетных задач государственного строительства является профессиональная подготовка государственных служащих, ориентированная на обеспечение высокой эффективности, компетентности и безупречности работы государственных органов. Поэтому государственная служба является важнейшим инструментом для достижения целей государственной политики.

Abstract: The formation of the Republic of Kazakhstan as a democratic, legal and social state is impossible without an effective state apparatus, the basis of which is civil service personnel. One of the priority tasks of state building is the professional training of civil servants, focused on ensuring high efficiency, competence and impeccable work of state bodies. Therefore, the civil service is an essential tool for achieving public policy goals.

Кілт сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі, мемлекеттік басқару теориясы

Ключевые слова: государственная служба, государственное управление, новая модель государственной службы, теория государственного управления

Keywords: public service, public administration, new model of public service, theory of public administration

Әдебиеттер тізімі:

1. Уваров В.В. Государственная служба и управление. – Петропавловск: Сев.Каз.юр.акад., 2004. – 463 с.

2. Есімов Ш.А. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: теория және тәжірибе. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 385 с.

3. Охотский Е.В. Государственная служба: теория и организация. – Ростов-на-Дону «Феникс». – 1998. – 624 с.

4. ҚР Мемлекеттік қызмет туралы 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңы, 453-1 [Электрон. ресурс]. – Кірурежимі: <http://www.kyzmet.kz>

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы, 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығы

ҒТАМР14.25.07

Бастауыш сынып оқушыларын педагогикалық қолдау технологиясы әдістерін пайдалану

Исламқызы Күндыз

ПМНО-20-1у оқу тобының студенті

М.К.Жайлауова,

п.ғ.к., доцент

Соңғы уақытта «қолдау» сөзі балаларға білім берумен байланысты проблемалар төңірегінде жиі қолданылып жүр: элеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, элеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық-педагогикалық қолдау, медициналық-психологиялық қолдау және т.б.

Педагогикалық қолдау тұжырымдама, модель және практикалық тәжірибе, тұтас инновациялық білім берудегі құбылыс ретінде қарастырылады.

Кез келген инновация сияқты, педагогикалық қолдаудың өз авторлары, өзінің қалыптасу тарихы бар. Оны теориялық зерттеу және тәжірибеде іске асыру О.С.Газман басқарған ғылыми қызметкерлерге бұйырды. Зерттеу жұмысы Ресей білім беру Академиясының педагогикалық зерттеулер институтында орындалды. О.С.Газман қайтыс болғаннан кейін жұмысты оның шәкірттері және ізбасарлары жалғастырды[1].

Педагогикалық қолдау ұғымының ғалымдар берген түрлі түсініктемелері бар. Мәселен, Аустралияда — бұл ұнамды өзгерістерде тұлғаға көмек және ықпал жасау; Ұлыбританияда — қамқоршылық, пасторлық көмек, таңдау жағдаятындағы көмек; Голландияда — бұл балаға оқу үдерісінде және кәсіби таңдауда психологиялық-педагогикалық көмек; АҚШ-та — мектептік психологиялық-педагогикалық кеңес беру.

Отандық ғылым педагогикалық қолдауды гуманистік парадигма бағытында қарастырады: «ересек адам мен баланың тұлғалық өзара әрекетін

ұйымдастыру технологиясы, педагогикалық сүйемелдеуші, тұлғалық даму үшін психологиялық қолайлы жағдай жасау үдерісі, тәрбиелік технология ретінде сипаттайды.

Оқу жүктемелерінің, сыртқы талаптардың бастауыш сынып оқушысының психологиялық, дене мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі, мектепке психологиялық дайындықтың төмен деңгейі олардың үнемі стресс жағдайында болуын қамтамасыз етеді. Осы жағдайда бастауыш сынып оқушысын педагогикалық қолдауға деген қажеттілік туындайды.

Педагогикалық қолдау айрықша шығармашылық ахуалды ұйымдастырады және үнемі балалар өмірінде таңдау жағдаятын тудырады. Мұндай жағдаяттар тәрбиеленушілерден білім, біліктерді ғана емес, сонымен бірге рефлексия тәжірибесін, өз бетінше шешім қабылдауды, ерік-жігері мен мінезінің көрініс беруін талап етеді.

Педагогикалық қолдау деп балалардың дене және психикалық денсаулығына, қарым-қатынасына, оқуда табысты алға жылжуына, сондай-ақ өмірлік және кәсіби болашағын таңдап ала білуге байланысты жеке басының проблемаларын шешуде кәсіби педагогтардың бірінші болып жедел көмек көрсету әрекетін айтамыз. Педагогикалық қолдау көрсетудің мәні: басқа біреуге сенімділікті дарыту; оның бойында бар ұнамды қасиеттерді бекіте түсу; дамуына кедергі келтіретін, ауырлық, жүк болып жүргендерінен арылуға жәрдемдесу[2].

Педагогикалық әрекет арқылы оқушыға жеке басындағы кедергілерді жоюға ғана көмектесіп қоймай, сонымен қатар оны өзінің проблемаларын тани білуге және оны шеше білу әдістерін меңгеруіне көмектесу қажет. Көмек көрсетушілік қатынастарды қалыптастырудың бірнеше шарты бар: 1-шарт – баланың өзін проблемаға тап болған адам ретінде сезінуі. Баланың өмірінде өзі жеңуге күші жетпейтіндей қиындықтардың пайда болуы, және бала ол қиындықты менің проблемам деп мойындауы. 2-шарт – педагогтың конгруэнттігі. Баламен қарым-қатынас жасау барысында педагог өзінің кім екенін екенін ұмытпауы тиіс. Бала ересектердің мінез-құлқындағы жалғандықты тез аңғарып, танып қояды. Мұндай жағдайда тиімді педагогикалық қолдау көрсету мүмкін болмайды. 3-шарт – педагогтың балаға ұнамды, оң көзқарасы. Педагог балаға, оның күші мен қабілетіне шын сенген жағдайда ғана педагог пен тәрбиеленушінің арасында жақын қарым-қатынас орнайды. Мұндай қарым-қатынастың негізі педагогикалық оптимизм болып табылады. 4-шарт – баланың эмпатиялық түсінуі. Педагог пен баланың арасында көмек көрсетушілік қатынас орнауы үшін екеуінде де жаны ашу, мүсіркеу, ниет білдірушілік сезімдері байқалуы керек. 5-шарт – бала педагогтың конгруэнттігін, қабылдауы мен эмпатиясын сезінуі тиіс.

Педагогикалық қолдау кезінде табысты өзара әрекеттестіктің шарттары төмендегідей: 1-шарт – баланың көмек пен қолдау көрсетуге келісімі. Бала өзі көмек сұрайды, немесе көмек көрсетуіне қарсылық білдірмейді. Тек қана

баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, сондай-ақ қоғамға жат қылықтар кезінде қолдау (араласу) баланың келісімін күтпейді. 2-шарт – өз проблемасын шешуде басымдық бала жағында болады Педагог тек қана проблеманың мәнін түсінуіне көмектесу арқылы оның шешім қабылдауына жағдай жасайды, оның шешімін табуда өз көмегін ұсынады немесе оқушының өзіндік әрекетіне жанама әсерін тигізеді. 3-шарт – бірлесушілік, ынтымақтастық, жәрдем көрсету. Бұл шарт педагогикалық қолдаудың кедергіні бірлесе жеңу, проблеманы түбегейлі шешуде көмек көрсетушілік мазмұнын әрі технологиялық мәнін көрсетеді. 4-шарт – құпиялылық принципін сақталуы. Бұл балалармен сенімді қарым-қатынас жасау үшін, әсіресе диагностикалық әдістеме, бетпе-бет әңгімелесу және кеңес беру жағдайында өте маңызды. 5-шарт – қайырымдылық және бағалаусыздық[3].

Енді баланы қолдау формаларына тоқталып өтейік. Жанама қолдау бала тарапынан анық сұраныс жоқ болған кезде жүзеге асырылады. Ол диагностикаға, педагогтік кәсіби бақылауға, оқушыларға тән қиыншылықтарды ой елегінен өткізуге сүйенеді. Жеке қолдау - оқушы көмектесуін өзі қажет еткенде немесе тым болмаса өзі ыңғай білдірген кездегі педагогтың қолдауы. Қолдаудың топтық формасы - барлық оқушының мектеп өмірі жағдайына бейімделуі кезеңінде барлық педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысы. Бұл оқу жылының басталуы, каникулдан кейінгі уақыт болуы мүмкін. «Өтпелі» сыныптарда (1, 5, 10 сыныптар) жұмыс істейтін мұғалімдердің қызметі. Бұл кезеңдерде оқушылардың әлеуметтік ортасы өзгереді (жаңа сынып құрамы, жаңа мұғалімдер) және жаңа әрекет жүйесі (жаңа оқу жағдайы). Бұл ұзақ мерзімге созылған бейімделе алмаушылыққа соқтырып, соның салдары тәртіпсіздік, зейінсіздік, тез шаршаушылық түрінде көрініс беруі мүмкін.

Проблеманы шешуде балаға педагогикалық көмек беру технологиясындағы 1-кезең – сигналдық. Сынып жетекшісі баланың өмірінде бір немесе бірнеше маңызды әрі ол үшін шешімін табу қиын проблемалардың пайда болғаны туралы сигналдар алуы. Сигналдар: баланың мінез-құлқының бұзылуы (агрессиялылық, жанжалқойлық, алаңдаушылық, әсерленгіштік немесе оған қарама-қарсы ахуал – тұйықталушылық); тәрбиеленуші кешегіден немесе ертеңгісінен мүлде басқа мінез көрсетеді; оқушы жайлы оның сыныптастарының немесе пән мұғалімдерінің мазасыздық білдіруі; ата-аналарының мектеп әкімшілігіне, психологқа, әлеуметтік педагогке немесе басқа мұғалімдерге сөйлесуі; баланың өзі тікелей немесе жанама түрде байланыс жасағысы келетінін білдіруі. 2-кезең байланыстық-жасампаздық - тәрбиеленушіде проблема пайда болғандығы жайлы сигналдар арқылы алынған ақпараттарды өңдеп, талдағаннан кейін, баламен байланыс орнату. Бұл мақсатта тәрбиеші оқушының психологиялық жағдайын, оның байланыс жасауға даярлығын анықтайды, әңгімелесу үшін эмоциялық-жағымды көңіл-күйді қамтамасыз етеді, арадағы психологиялық

кедергілердің жойылуын қарастырады. Екінші кезеңде төмендегідей әдістер мен тәсілдерді қолдану тиімді болады: 1) жағдайды тестілеу; 2) дәстүрлі байланыстық әсер ету тәсілдері; 3) «Сен-ашып айту» тәсілі (әңгіме кезінде серіктеске оның қазіргі жағдайын қалай түсінетінін жеткізу) және «Мен-ашып айту» (сұхбаттасыңызға дәл қазіргі жағдайда не сезінетінін жеткізу). Жағдайды тестілеу көмегімен сынып жетекшісі оқушының психологиялық жағдайы туралы ауызша және жазбаша сипаттағы ақпараттарға қол жеткізеді. 3-кезең- диагностикалық Проблеманы диагностикалау («жіктеу») және оның пайда болу себептерін анықтау. Диагностикалау кезеңінде «Астарлап айту» тәсілін қолдануға болады, бұл кезде педагог баланың айтқандарын құптату немесе сұрау түрінде түпнұсқаға жақындата қайталап шығады. Белгілі орыс психологы Р.С.Немов астарлап айтуды мынадай сөздермен бастауды ұсынады: демек...; сіз айтқандай...; сізді дұрыс түсінсем...; сіз солай демедіңізбе... Оның әріптестері Л.Л.Крупенин мен И.М.Крохина мына түрде басталатын астарлап сөйлеулерді ең тиімді деп санайды: Сізді бұл қызықтырама...; Сіз былай дегенсіз...; Сіз мынаны білмек болдыңыз... «Редакция» тәсілінде оқушының аузынан шыққан бірнеше сөздер негізінде жинақтау жасап, онда оқушы айтқан ой толығымен сақталады. Р.С.Немов кеңес беру тәжірибесінде бұл тәсілді қолдануды мынадай сөздермен бастауды ұсынады: сонымен, сіз айтқандарды ой елегінен өткізіп, қысқаша қорытынды жасасақ, онды былай деуге болады...; айтылғандарды қысқаша қорытып айтар болсақ, былай деуге болады...; егер мен сізді дұрыс түсінсем, сіз былай деген сияқтысыз... Сондай-ақ сынып жетекшісі «Айтып салу» тәсілін қолдауына болады. Жағымды эмоциялық-психологиялық ахуал жасай отырып, сынып жетекшісі оқушыны дәл қазір не толғандырып жүргенін, ол қиындықты тудырып жүрген кім немесе не екенін айтуына жағдай жасайды. Біртіндеп баланың проблемасы мәлім болған кезде диагностикалықтан проблемалық жағдайды шешу кезеңіне өтуге болады. 4-кезең – жобалаушылық. Ересек адаммен баланың бірлескен жұмысы төмендегідей әдістер мен тәсілдерден тұрады: өзіндік жобалау мен педагогтық жобалау әдістері; «Біреудің проблемасын шешу әдістеріне талдау жасау» тәсілі; келісім әдістері. Талдау жасау» тәсілі [3].

Педагогикалық қолдау интеллектуалдық дарындылықты (оқуға, талдауға, сынға қабілеттілік); шығармашылық дарындылықты; қабілетті айқындау мен дамытудан; қауіпті топтағы балаларды қолдаудан тұрады.

Педагогикалық қолдаудың технологиялық алгоритмі баланың немесе балалар бірлестігінің нақты проблемалары төңірегінде құрылады және 5 кезеңнен тұрады.

1. Диагностикалық кезең. Педагогикалық қолдау тәрбиеленушілердің жеке дара ерекшеліктерін білу негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл технологияның бастапқы кезеңі - дау-дамайларды, балалардың қиын өмірлік

проблемаларын тану және диагностикалау, олардың эмоционалдық күйлерін айқындау.

2.Ізденіс кезеңі. Баламен бірге проблеманы шешу жолдары айқындалады. Бала өзінің тәжірибесі және кейбір өткен табысы бар сала бойынша өз бетінше таңдау жасауы керек.

3.Келісім-шарт кезеңі. Өз мінез-құлқы мен әрекетіне саналы таңдау жасауда балаға көмек ұйымдастырылады:

- «сен таңдау жасауға еріктісің, бұны саналы түрде жаса, жағдаятты салмақты ойластыр және шешім қабылда»;

- «еркін таңдау - бұл сенің өз қылығың үшін жауап беруге дайын екендігің»;

- «қателік жасаудан қорықпа: біз бәріміз қателіктерден үйренеміз».

4.Әрекеттік кезең. Бұл кезеңде жеке дара және топтық кеңес беру, сенімді қарым-қатынас ұйымдастырылады: белсенді түрде «басқаны тыңдау», басқа біреудің орнында болып көру қабілетінің көрінуі, өзін ашық көрсету.

5.Рефлексивтік кезең. Педагогикалық қолдау технологиясында педагог «баланың өзіне сұрағымен» жұмыс істейді. Балаларда өзі жайлы саналы, рефлексивті сұрақтар пайда болған кезде тәрбиеші өз мақсатына қол жеткізеді[2].

Бастауыш сынып оқушысын педагогикалық қолдау мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің жеке дара және топтық формаларында болуы, профилактикалық және шұғыл сипатта болуы мүмкін. Профилактикалықтың қатарына қолдаудың топтық формасы жатады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың бірінші сыныпта оқуға бейімделу кезеңі айрықша көңіл бөлуді қажет етеді, өйткені білім алушылардың психологиялық, физикалық күйі де соған байланысты болады. Бұл кезеңде туындаған кез келген қиындықтар білім алушының көңіл-күйі мен денсаулық жағдайынан, оның жұмысқа қабілеттілігінен, мұғаліммен, сыныптастарымен қарым-қатынас жасай алмауынан, мектеп ережесін орындай алмауынан көрініс табады.

Сонымен, дер кезінде көрсетілген педагогикалық қолдау бастауыш сынып оқушысын үнемі жиналып қалатын және оның өзімен-өзі болуына, яғни толыққанды өмір сүруіне және оқуына мүмкіндік бермейтін көптеген шешілмей жатқан проблемалардан босатады.

Бастауыш сынып оқушыларын педагогикалық қолдау әдістерін пайдалану

Использование методов педагогической поддержки учащихся начальных классов

Using methods of pedagogical support for primary school students

Аңдатпа

Бүгінде бастауыш мектеп педагогикалық қолдау жасай білу білігіне мұқтаж. Ақылды және кәсіби құзыретті бастауыш сынып мұғалімі өсіп келе жатқан адамның өз дамуындағы дағдарысты кезеңді аз шығындармен жеңуіне және өзінің «менін» табуына көмектеседі. Педагогикалық әрекеттің мәні - оқушының кедергілерді жоюына көмектесу ғана емес, сонымен бірге қиындықтардың себептерін сезінуге және өз проблемаларын шешу жолын табуына да көмектесу.

Білім беру үдерісін тәрбие, оқыту, тұлғаның әлеуметтенуі және өзін-өзі айқындауының өзара байланысының тұтастығы ретінде түсіне отырып, педагог баланың жеке әлеуметтік тәжірибені құру құқығын мойындауы тиіс. Бұл үшін педагогикалық үдерісте «педагогикалық қолдау» деген атауға ие болған, жаңашыл педагог О.С.Газман енгізген айрықша технология талап етіледі.

Аннотаци

Сегодня начальная школа нуждается в умении оказывать педагогическую поддержку. Умный и профессионально грамотный учитель начальных классов поможет растущему человеку преодолеть кризисный период в своем развитии с минимальными затратами и найти свое «я». Суть педагогической деятельности состоит не только в том, чтобы помочь ученику преодолеть препятствия, но и помочь ему осознать причины трудностей и найти способ решения своих проблем.

Понимая образовательный процесс как целостность взаимосвязи воспитания, обучения, социализации и самоопределения личности, педагог должен признать право ребенка на создание индивидуального социального опыта. Для этого требуется особая технология, внедренная педагогом-новатором О.С.Газманом, получившая в педагогическом процессе название «педагогическая поддержка».

Annotation

Today, the primary school needs the ability to provide pedagogical support. A smart and professionally competent primary school teacher will help a growing person to overcome the crisis period in their development with minimal costs and find their "I". The essence of pedagogical activity is not only to help students overcome obstacles, but also to help them understand the causes of difficulties and find a way to solve their problems.

Understanding the educational process as the integrity of the relationship between education, training, socialization and self-determination of the individual, the teacher must recognize the right of the child to create an individual social experience. This requires a special technology introduced by the innovative teacher O. S. Gazman, which has received the name "pedagogical support" in the pedagogical process.

Кілт сөздер: педагогикалық қолдау, инновациялық білім беру, гуманистік парадигма, таңдау жағдаяты, сенімділік.

Ключевые слова: педагогическая поддержка, инновационное образование, гуманистическая парадигма, ситуация выбора, уверенность.

Keywords: pedagogical support, innovative education, humanistic paradigm, choice situation, confidence.

Әдебиеттер тізімі

1. Бабаев С.Б. Жалпы педагогика: Оқулық. Жауапты ред.: К.М. Беркімбаев. - Алматы: "NURPRESS", 2013. - 228 б.
2. Газман О.С. Педагогическая поддержка и технологии воспитания // Проблемы образования / О.С. Газман. - 2005. - №3. - С.6-13
3. Михайлова Н.Н. Педагогика поддержки: Учебно-методическое пособие. - М.: МИРОС, - 2011. - 208 с.

Жоғары дәрежелі бүтін-рационал алгебралық теңдеулерді шешу әдістері.

Каскирбаева Нурайым Сайлауовна

М-20-1 оқу тобының студенті

Аймұратова Торғын

Аға оқытушы

Жоғары дәрежелі теңдеулерді шешудің түрлі әдіс-тәсілдері бар. Осы баяндамада сол әдіс-тәсілдердің ішінде Безу теоремасына сүйеніп, теңдеудің дәрежесін біртіндеп төмендету; Топтау арқылы көбейткіштерге жіктеу; Жаңа айнымалы енгізу; Феррари; Теңдеуді бір өрнекке көбейту; Анықталмаған коэффициенттер әдістерін мысалдар арқылы қарастырдым.

1-әдіс. Безу теоремасына сүйеніп, теңдеудің дәрежесін біртіндеп төмендету.

Мысал: $4x^3 - 19x^2 + 19x + 6 = 0$. Безу теоремасына сүйеніп, теңдеудің бос мүшесінің бөлгіштерін қарастырамын, олар: $\pm 1, \pm 2, \pm 3, \pm 6$. Барлығын біртіндеп теңдеуге қойып тексеріп, $x = 2$ екенін анықтадым.

1-кесте – Горнер схемасы

	4	-19	19	6
2	4	-11	-3	0

$$4x^3 - 19x^2 + 19x + 6 = (x - 2)(4x^2 - 11x - 3)$$
$$\begin{cases} x - 2 = 0 \\ 4x^2 - 11x - 3 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = 2 \\ x_2 = -\frac{1}{4}; x_3 = 3. \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = 2; x_2 = -\frac{1}{4}; x_3 = 3$.

2-әдіс. Топтау арқылы көбейткішке жіктеу.

Мысал: $3x^3 - 5x^2 + 3x - 5 = 0$. Қосылғыштардың алғашқы екеуі мен соңғы екеуін топтап, ортақ көбейткіштерін жақша сыртына шығара отырып, көбейткіштерге жіктеймін. Сонда $x^2(3x - 5) + (3x - 5)$, яғни

$$(3x - 5)(x^2 + 1) \text{ теңдеуін аламын: } \begin{cases} 3x - 5 = 0 \\ x^2 + 1 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x = 1\frac{2}{3} \\ x^2 \neq -1 \end{cases}$$

Жауабы: $x = 1\frac{2}{3}$.

3-әдіс. Жаңа айнымалы енгізу әдісі.

Мысал: $(x + 1)^4 + (x + 3)^4 = 16(x + 2)^4$

Сосын $y = \frac{x+1+x+3}{2} = \frac{2x+4}{2} = x + 2$ алмастыруын енгіземін. Сонда бастапқы теңдеу $(y - 1)^4 + (y + 1)^4 = 16y^4$ түріндегі теңдеуге келеді.

$(a + b)^4 = a^4 + 4a^3b + 6a^2b^2 + 4ab^3 + b^4$ формуласын қолдану арқылы $7y^4 - 16y^2 - 1 = 0$ y -ке қатысты биквадрат теңдеуі шығады. Бұдан $y = \pm 1$, сонда $x = -1; x = -3$ бастапқы теңдеуінің түбірлері болып табылады.

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = -3$.

4-әдіс. Феррари әдісі.

Мысал: $12x^5 - 56x^4 + 107x^3 - 107x^2 + 56x - 12 = 0$. Теңдеудің бос мүшесінің бөлгіштерін қарастырамын, олар: $\pm 1; \pm 2; \pm 3; \pm 4; \pm 6; \pm 12$. Сонда $x=1$ екенін анықтадым.

2-кесте – Горнер схемасы

	12	-56	107	-107	56	-12
1	12	-44	63	-44	12	0

$(x - 1)$ екімүшеге бөлгенде $12x^4 - 44x^3 + 63x^2 - 44x + 12 = 0$ теңдеуі шығады. $(x - 1)(12x^4 - 44x^3 + 63x^2 - 44x + 12) = 0$.

$x - 1 = 0; x = 1$.

$12x^4 - 44x^3 + 63x^2 - 44x + 12 = 0$ теңдеудің екі бөлігін x^2 -қа бөліп, $12\left(x^2 + \frac{1}{x^2}\right) - 44\left(x + \frac{1}{x}\right) + 63 = 0$ теңдеуінен $x + \frac{1}{x} = y$ белгілеуін енгізсе,

$12y^2 - 44y + 39 = 0$ теңдеуі шығады. Бұдан $y_1 = \frac{13}{6}; y_2 = \frac{3}{2}$. Белгілеудегі орнына қойса, келесі теңдеулер жиынын аламын:

$$\begin{cases} x + \frac{1}{x} = \frac{13}{6} \\ x + \frac{1}{x} = \frac{3}{2} \end{cases} \quad \begin{cases} 6x^2 - 13x + 6 = 0 \\ 2x^2 - 3x + 2 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_2 = \frac{3}{2}; x_3 = \frac{2}{3} \\ D < 0, \emptyset \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = 1; x_2 = \frac{3}{2}; x_3 = \frac{2}{3}$.

5-әдіс. Теңдеуді бір өрнекке көбейту әдісі. $x^8 - x^6 + x^4 - x^2 + 1 = 0$ Теңдеудің екі жақ бөлігін нақты түбірлері жоқ $(x^2 + 1)$ өрнегіне көбейтсе, берілген теңдеу $x^{10} + 1 = 0$ түріне келеді. Бұл теңдеудің нақты түбірлері жоқ. Демек берілген теңдеудің де нақты түбірлері жоқ.

6-әдіс. Анықталмаған коэффициенттер әдісі.

Мысал: $x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = 0$. $x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = 0$ теңдеуін $x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = (x - a)(x^2 + bx + c)$ түрінде жазып аламын. $x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = x^3 + bx^2 + cx - ax^2 - abx - ac$. Содан кейін теңдіктің оң жағындағы жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерін біріктірсе, $x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = x^3 + x^2(b - a) + x(c - ab) - ac$ өрнегін аламын. Оң жақтағы мен сол жақтағы көпмүшеліктердің сәйкес дәрежедегі айнымалылар алдындағы коэффициенттерін теңестіремін.

$$\begin{cases} b - a = 4 \\ c - ab = 5 \\ -ac = 2 \end{cases} \quad \begin{cases} a = -1 \\ b = 3 \\ c = 2 \end{cases}$$

$$x^3 + 4x^2 + 5x + 2 = (x + 1)(x^2 + 3x + 2)$$

$$\begin{cases} x + 1 = 0 \\ x^2 + 3x + 2 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = -1 \\ x_2 = -2; x_3 = -1 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = -2$.

$x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ теңдеуін әртүрлі әдістермен шешу

1-әдіс. Көбейткіштерге жіктеу. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ берілген теңдеуін $x^4 - 3x^3 - x^3 + 3x^2 - x^2 + 3x + x - 3 = 0$ түрінде жазамын. Бұдан топтастырып, ортақ көбейткіштерін іріктеп алып, оларды жақша сыртына шығарып, теңдеуді көбейткіштерге

$$\text{жіктеймін. } x^3(x - 3) - x^2(x - 3) - x(x - 3) + (x - 3) = 0$$

$$(x - 3)(x^3 - x^2 - x + 1) = 0$$

$$(x - 3)(x^2(x - 1) - (x - 1)) = 0 \text{ бұдан } (x - 3)(x - 1)(x^2 - 1) = 0$$

$$\begin{cases} x - 3 = 0 \\ x - 1 = 0 \\ x + 1 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = 3 \\ x_2 = 1 \\ x_3 = -1 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

2-әдіс. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ берілген теңдеуін $x^4 - 4x^3 + 3x^2 - x^2 + 4x - 3 = 0$ түрінде жазамын. Бұдан үш қосылғыштан топтастыра, олардың ортақ көбейткіштерін, одан жалпы ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарып, теңдеуді көбейткіштерге жіктеймін. $x^2(x^2 - 4x + 3) - (x^2 - 4x + 3) = 0$ бұдан $(x^2 - 4x + 3)(x^2 - 1) = 0$. Әрбір көбейткіштерді жеке-жеке нөлге теңестіріп, ізделінді шешімдерді табамын.

$$\begin{cases} x^2 - 4x + 3 = 0 \\ (x-1)(x+1) = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = 1; x_2 = 3 \\ x_3 = -1; x_4 = 1 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

3-әдіс. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ бастапқы берілген теңдеуді карапайым түрлендірулер арқылы $x^4 - 4x^3 + 4x^2 - 2x^2 + 4x - 2 - 1 = 0$

$x^2(x^2 - 4x + 4) - 2(x^2 - 2x + 1) - 1 = 0$ содан кейін теңдеуді

$(x(x-2))^2 - 2(x-1)^2 = 1$ түріне келтіремін. Теңдіктің оң жағындағы 1-ді сол жағына өткізіп, $(x^2 - 2x)^2 - 1 - 2(x-1)^2 = 0$, екі өрнектің квадраттарының айырымы формуласына салып, көбейткіштерге жіктеймін.

$$(x^2 - 2x - 1)(x^2 - 2x + 1) - 2(x-1)^2 = 0$$

$(x-1)^2(x^2 - 2x - 1) - 2(x-1)^2 = 0$ бұдан $(x-1)^2(x^2 - 2x - 3) = 0$.

$$\begin{cases} (x-1)^2 = 0 \\ (x^2 - 2x - 3) = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = 1 \\ x_2 = -1; x_3 = 3 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

4-әдіс. Анықталмаған коэффициенттер әдісі. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ берілген теңдеуді

$x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = (x^2 + px + q)(x^2 + nx + m)$ түрінде жазып аламын. Содан кейін теңдіктің оң жағындағы жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерін біріктірсем,

$$x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = x^4 + x^3(p+n) + x^2(m+pn+q) + x(pt+qn) + mq$$

өрнегін аламын. Оң жақтағы мен сол жақтағы көпмүшеліктердің сәйкес дәрежедегі айнымалылар алдындағы коэффициенттерін теңестіремін.

$$\begin{cases} p+n = -4 \\ q+pn+m = 2 \\ qn+pt = 4 \\ mq = -3 \end{cases} \quad \begin{cases} m = -3 \\ q = 1 \\ p = -2 \\ n = -2 \end{cases}$$

$$(x^2 - 2x + 1)(x^2 - 2x - 3) = 0 \quad \begin{cases} x^2 - 2x + 1 = 0 \\ x^2 - 2x - 3 = 0 \end{cases} \quad \begin{cases} x_1 = 1 \\ x_2 = -1; x_3 = 3 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

5-әдіс. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ берілген теңдеуді $x^4 - 4x^3 + 4x^2 - 2x^2 + 4x - 2 - 1 = 0$ түріне кейін

$x^2(x^2 - 4x + 4) - 2(x^2 - 2x + 1) - 1 = 0$ түріне келтіремін.

$(x(x-2))^2 - 2(x-1)^2 = 1$, $(x(x-2))^2$ өрнегінде жақша ішіндегіні

өзара көбейтіп, 1-ді қосып және азайтамын $(x^2 - 2x + 1 - 1)^2 - 2(x-1)^2 = 1$

$$((x-1)^2 - 1)^2 - 2(x-1)^2 = 1; (x-1)^2 = t \text{ айнымалысын енгіземін.}$$

$$(t-1)^2 - 2t - 1 = 0; t^2 - 4t = 0; t(t-4) = 0; t = 0; t = 4$$

$$\begin{cases} (x-1)^2 = 0 \\ (x-1)^2 = 4 \end{cases} \begin{cases} x-1 = 0 \\ x-1 = 2 \\ x-1 = -2 \end{cases} \begin{cases} x_1 = 1 \\ x_2 = 3 \\ x_3 = -1 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

6-әдіс. Безу теоремасы. $x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = 0$ теңдеуінің түбірлерінің біреуі Безу теоремасы негізінде $\{-1; 1; -3; 3\}$ сандарын бастапқы теңдеуге біртіндеп қойып, 1 және 3 мәндері теңдеуді қанағаттандыратынын анықтадым. Бастапқы теңдікті $(x-1)(x-3) = x^2 - 4x + 3$ көпмүшелігіне бөлемін. Нәтижесінде бөлінді $(x^2 - 1)$ -ге тең болды. Демек,

$$x^4 - 4x^3 + 2x^2 + 4x - 3 = (x^2 - 1)(x^2 - 4x + 3)$$

$$\begin{cases} x^2 - 1 = 0 \\ x^2 - 4x + 3 = 0 \end{cases} \begin{cases} x_1 = 1; x_2 = -1 \\ x_3 = 1; x_4 = 3 \end{cases}$$

Жауабы: $x_1 = -1; x_2 = 1; x_3 = 3$.

Зерттеу қорытындысы

«Элементар математика» пәні бойынша жүргізілген дәріс, практикалық және СОӨЖ түріндегі сабақтардан кейін жоғарыда аталған теңдеулерді шешуде бірнеше тәсілді қолданып, оның қайсысы берілген теңдеу үшін тиімді екенін анықтауды өзіме мақсат етіп қойдым.

Болашақ мектепте өзімнің кәсіби мамандығым бойынша қызмет жасағанда оқушыларды олимпиадаға дайындау, факультативтік сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, жаһандану дәуірінде тез шешім қабылдайтын, бейімделгіш жастарды тәрбиелеуде олардың терең білім алуын қамтамасыз ету – алға қойған мақсаттарымның бірі. Осы мақсатта теңдеулердің басқа да түрлерін шешуді зерттеуді жалғастыра беремін. Мен таңдаған мамандығымның кәсіби маманы болу жолында жұмыс жасаймын.

Жоғары дәрежелі бүтін-рационал алгебралық теңдеулерді шешу әдістері.

Методы решения целочисленно-рациональных алгебраических уравнений высокого порядка.

Methods for solving high-order integer-rational algebraic equations.

Андатпа

Бұл баяндамада жоғары дәрежелі бүтін-рационал теңдеулерді шешудің әдістері, оның ішінде бір есепті бірнеше әдіспен шешіп, әрбір теңдеу үшін әдістердің тиімді екенін көрсету

. В этом докладе описаны методы решения целочисленных рациональных уравнений высокого порядка, включая решение одной задачи несколькими способами, чтобы показать эффективность методов для каждого уравнения.

This talk describes methods for solving higher-order integer rational equations, including solving one problem in several ways, to show the effectiveness of the methods for each equation.

Кілт сөздер: Жоғары дәрежелі бүтін-рационал теңдеулер, Безу теоремасы, анықталмаған коэффициенттер, дәрежені біртіндеп төмендету, көбейткіштерге жіктеу, жаңа айнымалы енгізу, Феррари әдісі, теңдеуді бір өрнекке көбейту.

Целочисленно-рациональные уравнения высокого порядка, теорема Безу, неопределенные коэффициенты, постепенное понижение степени, разложение на множители, введение новой переменной, метод Феррари, умножение уравнения на одно выражение.

Higher-order integer rational equations, Bezout's theorem, indefinite coefficients, gradual decrease in degree, factorization, introduction of a new variable, Ferrari method, multiplying an equation by one expression.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Алгебра и теория чисел» Л.Я.Куликов – Москва, 1979 г.
2. «Алгебра и теория чисел» С.Т.Завало, В.Н.Костарчук – Киев, 1980 г.
3. «Задачи по математике. Алгебра» В.В.Вавилов – Москва, 1987 г.
4. «За страницами учебника математики» Н.Я.Виленкин, Л.П.Шибасов, З.Ф.Шибасова – Москва, 1996 г.
5. «Практикум по решению задач. Рациональные уравнения, неравенства и системы» Э.Н.Балаян – Ростов-на-Дону, 2006 г.
6. «Сборник задач по математике для поступающих в вузы» М.И.Сканави – Москва, 1992 г.

ҒТАМР (МРНТИ)06.52.17

Халықты әлеуметтік қолдаудағы арнаулы әлеуметтік қызмет түрлері

Кәрім Сания Әбдібекқызы
СР- 20-1 оқу тобы студенті,
Умирзакова Меруерт Абдуалиевна
Экономика ғылымдарының кандидаты,

Қазақстан Республикасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету жүйесіндегі реформалар көптеген мәселелерді шешуді қажет етеді. Қазіргі

кезде елімізде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында бір қатар нормативтік-құқықтық актілер, маңызды мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда. Бүгінгі таңда өркениетті даму жолына түскен Қазақстан Республикасы қоғамның барлық саласында аса маңызды реформаларды жүзеге асыруда. Бұл реформалардың ішінде күрделісі әрі өте байыптылықты талап ететін бағыт әлеуметтік саладағы реформалар болып табылады.

Әлеуметтік қызметтер жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты әлеуметтік қызмет етудің кешенді жүйесін құру, әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарын өңдеу, осы салада бәсекеге қабілетті нарықты дамытудың құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларын жасау арқылы халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімділігі мен сапасын әрі қарай көтермелеу.

Арнаулы әлеуметтік қызметті көрсету жүйесін дамыту бір қатар қажеттіліктерден туындайды. Атап өтсек,

біріншіден, халықтың жалпы санында осы дәрежедегі адамдардың үлесімен және жағдайымен байланысты;

екінші қажеттілігі – әрекет етіп жатқан жүйенің кемелсіздігімен және әлеуметтік қызметкерлер институтының дамымауымен байланысты;

үшінші қажеттілікті әлеуметтік қызметті көрсетудегі халықаралық тәжірибе анықтап отыр.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер - арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар.

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде оны еңсеру үшін жағдай жасау;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемімен қамтамасыз ету;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету;

4) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің мониторингі және оның сапасын бағалау жүйесін дамыту;


5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесінің дамуын қамтамасыз ету;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады[1].

ҚР Заңымен жекелеген адамдар үшін арнайы әлеуметтік қызметтер тобы көзделген. Арнаулы әлеуметтік қызметтер түрлері 1-Суретте көрсетілген.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер екі түрге бөлінеді



Ескерту - әдебиет негізінде автор құрастырған

Сурет 1- Арнаулы әлеуметтік қызмет түрлері

Арнаулы әлеуметтік қызметтер тағайындалуына байланысты бөлінеді:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер, балалар мен 18 жастан асқан адамдардың жеке қажеттіліктеріне байланысты тұрмыстағы тіршілік әрекеттерін қолдауға бағытталған

2. 2. Әлеуметтік-медициналық қызметтер балалар мен 18 жастан асқан адамдардың жеке бас жағдайын ескере байланысты азаматтардың денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған;

2. Кон И. С. Психология юношеского возраста. – М., 1982.
3. Маклаков А. Г. «Общая психология», издательство «Питер», 2002г.
4. Петровский А. В., Ярошевский М. Г. «Психология», Москва, 2000г.
5. Снежевой Р.Д. Мир подростка. - М, 1996. 2.

6. Роджерс К. К науке о личности / История зарубежной психологии. - М, 1986. 3.

7. Судьина, И.С. Подростково-юношеский кризис: форма субъектного переживания - Психология образования в XXI веке: теория и практика [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://psyjournals.ru/education21/issue/54165_full.shtml

8. Столяренко, Л.Д. Психология : Учебник для вузов / Л.Д. Столяренко. - СПб.: Питер, 2010.

ҒТАМР 27.29.15

Орта мектепте қолданбалы курста біртектес дифференциалдық теңдеулер ұғымын енгізу

Кеукенова Бағжан Әнесбекқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
М-19-1м оқу тобының магистранты

Алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша енгізілетін жоғарғы математиканың ұғымдары бірайнымалының функцияларын зерттеуге негізделген. Анықталған интегралдың қолданбалылығы және жай дифференциалдық теңдеулер бағытындағы қолданбалы курстардың мазмұнын кеңейту үшін, бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеулерді қарастыру қажеттілігі туады. Ал, ол өз кезегінде екі айнымалының функциясы ұғымына байланысты. Ол мектеп математикасының бағдарламасында арнайы оқытылмайды. Сондықтан біз төмендегідей қарапайым, әрі түсінікті жолын ұсынамыз және нақты мысалдар келтіреміз.

Анықтама. Айталық жазықтықта екі айнымалы шама берілсін және олардың (x,y) реттелген мәндеріне $z \in \mathbb{R}$ саны сәйкес келсін.

Онда екі айнымалының функциясы берілген деп аталады, x,y - тәуелсіз айнымалылар немесе аргумент деп аталады және $z = f(x,y)$ символы арқылы белгіленеді, f – сәйкестік заңдылығы немесе функциясы.

Мысал 1. $V=\pi R^2 H$ цилиндрдің көлемінің формуласы, екі айнымалының функциясы болады: R – табан радиусы, H – биіктік.

Анықтама. $f(x,y)$ функциясы x,y айнымалыларына қарағанда n -ретті біртектес функция деп аталады, егер қалауымызша алынған t саны үшін $f(tx,ty) \equiv t^n f(x,y)$ тепе-теңдігі орынды болса.

Мысал 2. $f(x,y) = x^2 - xy + y^2$ біртектес функция. Шынында да $f(tx,ty) = t^2 x^2 - t^2 xy + t^2 y^2 = t^2 (x^2 - xy - y^2) = t^2 f(x,y)$

Біртекес дифференциалдық теңдеу ұғымы, біртекес функция ұғымына байланысты.

$f(x, y) = \frac{y}{x}$ функциясы үшін біртектестікті тексерсек:
 $f(tx, ty) = \frac{ty}{tx} = \frac{y}{x} = f(x, y)$, яғни $f(x, y) = \frac{y}{x}$ нолінші ретті біртектес функция.


$$\text{Анықтама } y' = f\left(\frac{y}{x}\right) \quad (1)$$

түріндегі теңдеу, бірінші ретті біртектес дифференциалдық теңдеу деп аталады.

Егер $f(x, y)$ функциясы нолінші ретті біртектес функция болса, онда $y' = f(x, y)$ түріндегі теңдеуді әр уақытта біртектес теңдеуге алып келуге болады. Айталық $t = \frac{1}{x}, n = 0$.

$$f(x, y) = f\left(\frac{1}{x} \cdot x\right) = f\left(1 \cdot \frac{y}{x}\right) = \varphi\left(\frac{y}{x}\right) \quad (2)$$

Егер $P(x, y)$ және $Q(x, y)$ функциялары бірдей ретті біртектес функциялар болса, онда $P(x, y)dx + Q(x, y)dy = 0$ түріндегі бірінші ретті дифференциалдық теңдеу әр уақытта біртектес теңдеу түріне келтіріледі.




Мысал 3. $\frac{dy}{dx} = \frac{y^2 + x^2}{xy}$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі: $\frac{dy}{dx} = \frac{y^2+x^2}{xy}$; $\frac{dy}{dx} = \frac{y}{x} + \frac{x}{y}$; $y = xu$ деп белгілейік (мұндағы u – x -тен тәуелді жаңа функциясы); сонда $\frac{dy}{dx} = u + x \frac{du}{dx}$ және бүйлген теңдеу $u + x \frac{du}{dx} = x + \frac{1}{u}$, немесе $udu = \frac{dx}{x}$ түріне келеді.

Соңғы теңдеуді интегралдасақ, $u^2 = \ln cx$ немесе $y^2 = x^2 \ln cx^2$.

Жауабы: $y^2 = x^2 \ln cx^2$

Мысал 4. $y^2 + x^2 \frac{dy}{dx} = xy \frac{dy}{dx}$ біртектес дифференциалдық теңдеуді шешіңдер.



Шешуі: Теңдеуді түрлендірсек, $\frac{dy}{dx} = \frac{y^2}{xy-x^2}$

$$y = ux. \quad \frac{dy}{dx} = u + x \frac{du}{dx}.$$

$$u + x \frac{du}{dx} = \frac{u^2 x^2}{ux^2 - x^2}, \quad u \frac{du}{dx} = \frac{u^2}{u-1} u, \quad u \frac{du}{dx} = \frac{u}{u-1}, \quad \frac{u-1}{u} du = \frac{dx}{x} \text{ немесе}$$

$$\left(1 - \frac{1}{u}\right) du = \frac{dx}{x}.$$

Интегралдасақ, $U - \ln|u| = \ln|x| + C$.

$u = \ln e^u$ екенін ескерсек, $\ln e^u - \ln|u| = \ln|x| + \ln C$

$$e^u = cxu, \quad u = \frac{y}{x}$$

Жауабы: $e^{\frac{y}{x}} = Cx$

Parity
even

ℝ is the set of real numbers

Partial derivatives: Step-by-step solution

$$\frac{\partial}{\partial x}(x^2 - xy + y^2) = 2x - y$$

$$\frac{\partial}{\partial y}(x^2 - xy + y^2) = 2y - x$$

Indefinite integral assuming all variables are real:

$$\int (x^2 - xy + y^2) dx = \frac{x^3}{3} - \frac{x^2 y}{2} + xy^2 + \text{constant}$$

Global minimum:

$$\min\{x^2 - xy + y^2\} = 0 \text{ at } (x, y) = (0, 0)$$

Мысал 5. $(x + y)dy = (x - y)dx$ біртектес дифференциалдық теңдеуін шешіңдер.

Шешуі: Айталық $y = ux$, бұдан $dy = xdu + udx$.

Сонда теңдеу мынадай түрге келеді: $(1 + ux)(xdu + udx) = (x - ux)dx$

Жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерді біріктіріп және айнымалыларды бөлектесек, мына теңдеуді аламыз:

$$\frac{dx}{x} = \frac{(1 + u)du}{1 - 2u - u^2}$$

Бұл теңдікті интегралдап, $u = \frac{y}{x}$ екенін ескерсек: $\frac{x}{\sqrt{x^2 - y^2 - 2xy}} = cx$.

Жауабы: $x^2 - y^2 - 2xy - c^2 = 0$

Осы мысалда берілген есепті компьютерлік технологияның көмегін пайдаланып, wolframalpha жүйесінде 2-есепті шығардым. Бағдарламада есепті шығарып қана қоймай, есептің сызбасында салып берді.

Аңдатпа

Бұл мақалада орта мектепте элективті курстарға қойылатын талаптарға сәйкес "Анықталған интегралдар және жай дифференциалдық теңдеулер" қолданбалы курсында біртектес дифференциалдық теңдеулер ұғымын Алгебра және анализ бастамалары пәні негізінде енгізудің жолдары және нақты мысалдар көрсетілген.

Аннотация

В этой статье рассматриваются вопросы, как ввести понятие однородных дифференциальных уравнений на основе предмета «Алгебра и начало анализа» и конкретных примеров в прикладном курсе «Определенные интегралы и простые дифференциальные уравнения» в соответствии с требованиями элективных курсов в средней школе.

Annotation

This article discusses how to introduce the concept of homogeneous differential equations based on the subject "Algebra and the beginning of analysis" and specific examples in the applied course "Definite Integrals and Simple Differential Equations" in accordance with the requirements of elective courses in high school.

Орта мектепте қолданбалы курста біртектес дифференциалдық теңдеулер ұғымын енгізу

Введение понятия однородных дифференциальных уравнений в прикладных курсах средней школы

Introduction of the concept of homogeneous differential equations in applied secondary school courses

Түйін сөздер: дифференциалдық теңдеулер, интеграл, алгебра және анализ бастамалары, қолданбалы курс

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, интеграл, алгебра и начало анализа, прикладной курс

Key words: differential equations, integral, algebra and the beginning of analysis, applied course

Әдебиеттер:

1. Матвеев Н.М. Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений М. 1967

2. Понтрягин Л.С. Знакомство с высшей математикой: Дифференциальные уравнения и их приложения. М., 1988.

3. Самойленко А.М., Кривошея С.А., Перестюк Н.А. Дифференциальные уравнения: примеры и задачи. М., 1989.

FTAMP (МРНТИ) 06.77.59

Өңірде еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жолдары

Кеңесбек Жазира Нұрлыбекқызы
СР- 19-1 оқу тобы студенті,
Умирзакова Меруерт Абдуалиевна
экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек ресурстары – мемлекет экономикасының тірегі, өндірістік инфрақұрылымның элементі. Экономикалық өсу талаптарына жауап беретін еңбек ресурстарының тиімділігі еліміздің шаруашылық жүйесіне жаңа сегменттерді тартуға ықпал етеді, яғни бизнесті интернационализациялау факторы ретінде қызмет атқарады. Әрдайым нығая түсетін халықаралық

шаруашылық байланыстар еңбек ресурстарының тиімділігі жаңғырып отыруын талап етеді.

Еңбек ресурстары - халықтың еңбектік әлеуеті, ел (өңір) халқының шаруашылық саласында жұмыс істеуге қажетті білім деңгейі бар елдің экономикалық әлеуетінің маңызды элементі. Еңбек ресурстарының өлшемі халықтың санына, оның өсіп өнуінің режиміне, демографиялық құрылымына байланысты барлық демографиялық процестерінің қарқындылығына сәйкес болады. Қазақстанда оған I және II топтағы мүгедектерден басқа барлық еңбек жасындағы адамдар (16—63 жастағы ерлер, 16—63 жастағы әйелдер) және жеңілдік жағдайда жасы бойынша зейнетақы алатын зейнеткерлер, еңбек жасынан жоғары және төмен тұрған жұмыс істейтін адамдар жатады. 1999 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстанда еңбек ресурстары бүкіл халықтың 56%-дан астамы болды [1].

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – еңбек нарығын реттеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органдар мен халықты жұмыспен қамту орталықтарын әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметтері:

1) еңбек нарығының жай-күйін, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс болжамын бағалау;

2) кадрларға қажеттілікті болжауды ұйымдастыруды және кадрларды кәсіптік даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру бойынша, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді араларының іске асырылу барысын мониторингілеуді, оларды бағалауды және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу бойынша қызметтер көрсету [2].

Коронавирус пандемиясы және карантиндік шаралардың ішінара жалғасуы Қазақстанның еңбек нарығына әсерін жалғастырды. Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің өзгеру серпіні оның көлемінің қысқаруының жалпы үрдісін, экономиканың белгілі бір салаларына теріс әсерін көрсетеді. Мәселен, республикада жұмыспен қамтылған халық санының 0,7% - ға қысқаруы байқалады. Негізінен жұмыспен қамтылғандардың өсімі елордада (+2%), Түркістан облысында (3,7%), Алматы (1,9%) және Шымкент (0,4%) қалаларында болды.


Салалар бөлінісінде қысқару бәрінен бұрын тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсету (-8,3%), өнер және ойын-сауық (-7,8%), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету (-6,3%) саласында көрініс тапқан. Осылайша, дағдарыс ең алдымен халықтың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты емес салаларға әсер еткені, бірақ бос уақыт

және демалыс саласында қызмет көрсететін салаларға тікелей әсер еткені белгілі болды. Сонымен қатар, шектеу шаралары тікелей кафелер/мейрамханалар, демалыс және ойын-сауық орындарының қызметіне бағытталғанын атап өткен жөн, ал бизнеске көмекші персоналды қысқарту арқылы жалақы қорының шығындарын азайтуға тура келді .

Еңбек ресурстарын болжамдау ұлттық жүйесі – жұмыс күшіне болжамды тұрғыдан сұранысты және ұсынысты айқындауға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдер кешен. Оның негізгі міндеті – еңбек нарығында еңбек ресурстарының ұсыныстарын болжамдау және экономика үшін қажет кадрларға сұранысты қалыптастыру [3].

Еңбек ресурстарын болжамдау халықты жұмыспен қамту мақсатында, ел экономикасын дамыту және қауіпсіздігін нығайту, адамдардың әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында маңызды орын алады.

Жұмыспен қамту саласындағы маркетингтің қызметтері, ұйымдастыру принциптері мен мақсаттары 1- суретте көрсетілген.



Ескерту- әдебиеттер негізінде автор құрастырған

Сурет 1 - Жұмыспен қамту саласындағы маркетингтің ерекшеліктері

Өңірлік еңбек ресурстарын тиімді пайдалану , оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда еңбек ресурстарының ұдайы өндірісі мен дамыту жүйесін қалыптастыру жұмыспен қамту саласында маркетингтік басқаруды пайдалануды қарастырады. Жұмыспен қамту саласындағы маркетинг - бұл әлеуметтік тиімділікке қол жеткізу мақсатында жоғары сапалы қызмет көрстеу бойынша мемлекеттік мекеменің қызметі.

Жұмыспен қамту саласындағы маркетингтің біздің ойымызша, әлеуметтік-экономикалық-этикалық бағыттылығы болуы тиіс, өйткені жұмыс берушілер жұмыстан босатылған адамдарға жауапты болуы тиіс және халықты жұмыспен қамту органдары сияқты қаланың және ауданның, оның ішінде ең алдымен аймақтардағы еңбек нарығында тұрақты жағдайды сақтауға ықпал етуі тиіс. Әлеуметтік-этикалық маркетинг аймақтық еңбек нарығындағы құрылымдық және көлемдік сәйкессіздікті төмендетуге ықпал ететін болжаудың шарты ретінде қарастырылады

Биліктің жергілікті органдарының, жоғары, орта арнайы және орта мектептердің басшыларына, жұмысшылар мен мамандардың даярлығының кәсіби-біліктілік құрылымы мен көлемін, еңбектің аймақтық нарығының қажеттілігіне сәйкестендіру және келістіруі қажет. Ол өз кезегінде өңірде еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға алып келеді.

Біздің ойымызша, еңбек ресурстарының өсіп-өну үдерісін екі негізде қарастыруға болады. Бір жағынан, өз күш-қайратын, дағдылары мен қабілетін шығындаған адам келесі еңбек функцияларын орындау үшін оны қайта қалпына келтіру керек. Сонымен бірге, ол өз біліктілігін үнемі арттырып, мамандықтың жаңа қырларын меңгеріп отыруы тиіс, яғни өзінің еңбек әлеуетінің сапасын үздіксіз арттыруы қажет.

Екінші жағынан, еңбек ресурстарының өсіп-өну мәселесі өндіріске жаңа қызметкерлерді, қоғамдық өндірісті онан әрі дамыту үшін қажетті біліктілігі бар келешек ұрпақ өкілдерін тартумен тікелей байланысты.

Әлемдік практикада еңбек нарығындағы проблемаларды шешу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары пайдаланылады, олар еңбек ресурстарын дамыту (кәсіптік даярлау және қайта даярлау), жұмыс күшіне сұранысты арттыру (жалақыны/жұмыспен қамтуды субсидиялау, қоғамдық жұмыстар), ақпараттық сүйемелдеуді қоса алғанда, еңбек нарығы институттарының қызметін жетілдіру, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Бұл экономикалық тұрғыдан нәтижелі жұмыспен қамту ықтималдығын арттыруды, еңбек өнімділігі мен жалақының өсуін көздесе, әлеуметтік тұрғыдан жұмыссыздықты қысқартуды, еңбек белсенділігінің өсуін және адами әлеуетті дамытуды көздейді.

Еңбек ресурстарын жетілдіру жүйесі, іс жүзінде, еңбек ресурстары категориясының мазмұнын, оның құрылымын талдауды және басқа да категориялармен арақатынасын анықтауды талап етеді. Сондықтан елдің еңбек ресурстарының өсіп-өнуі тұрғындар мен еңбек әлеуетінің өсіп-өну мәселелерімен қатар кешенді түрде зерттеледі.

Аймақтың еңбек әлеуеті – ғылыми-техникалық прогрестің бағыттарына сәйкес жалпы білімділік және кәсіби-біліктілік дайындыққа ие еңбекке қабілетті халықтың аумақтық жиынтығы. Еңбек ресурстары өндіргіш күштерді аймақтық орналастыру факторларының бірі. Өндіргіш күштерді

ұтымды орналастыру - жұмыс орны мен адамдардың тұру орындарының сәйкестігін қажет етеді, яғни еңбек ресурстарының саны мен сапасы арасындағы теңсіздікті жою. Сондықтан материалдық өндірісті тиімді орналастыру есебі: нақты еңбек ресурстарын қолдану мен материалдық өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылым салаларында қызмет етуге басқа аймақтардан тұрғындар тартуға қатысты шығындарды ескереді.

Еңбек ресурстарының аймақтық-салалық құрылымы келесі шарттармен анықталады: - аймақтың шаруашылық кешенінің аймақтық-салалық құрылымымен; - жұмыс орындарының аймақтық-салалық үйлесімділігімен; - еңбекке қабілетті тұрғындардың кәсіби және біліктілік дайындық дәрежесімен; - аймақтың еңбекке қабілетті тұрғындарының демографиялық параметрлерімен [4].

Технологиялық жаңғырту бірқатар дәстүрлі салаларда еңбек ресурстарына сұраныстың төмендеуімен және жаңа салаларда сұраныстың өсуімен байланысты еңбек нарығындағы едәуір өзгерістерге алып келеді.

Қазақстанда мемлекет еңбек ресурстарын ұтымды бөлу бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады. Үкімет пен жергілікті билік органдары іске асыратын Халықты жұмыспен қамту бағдарламалары, Қазақстанды дамытудың стратегиялық жоспарларына негізделген және көп жағдайда еңбек нарығының қазіргі заманғы даму ерекшеліктерін ескереді .

Цифрлық экономиканың талаптарын ескере отырып, жұмыс күшінің дағдылары мен біліктіліктеріне жаңа талаптар қойылады. Экономиканы сұранысқа ие кадрлардың заманауи және сапалы ұсынысымен және барлық азаматтарды қызмет түрін ауыстыру үшін барлық мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін қайта даярлау, біліктілікті арттыру бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, еңбек ресурстарын жаңа экономиканың қажеттіліктеріне бейімдеу қажет.

Осыған орай, елімізде электрондық еңбек биржасы жұмыс жасайды. Электронды еңбек биржасы- жұмысқа орналастыру мүмкіндіктер және қызметшілер құрамын іріктеуді қамтамасыз етуге арналған бірыңғай сандық алаңы. Бүкіл Республика бойынша бос жұмыс орындар және ізденушілер туралы ақпарат күн сайын әр түрлі деректерден жаңартылады:

- өздігінен жұмыс берушілерге және ізденушілерге;
 - мемлекеттік еңбек дерек қорынан бос жұмыс орындарды және ізденушілерді;
 - жұмыспен қамту жеке агенттіктермен;
 - бұқаралық ақпарат құралдарымен;
 - жұмысқа орналастыру онлайн-алаңдармен;
- Портал Е-Биржа мүмкіндік береді:
- бос орындар және түйіндемелердің деректерін онлайн арқылы алуға;
 - жеке кабинетті тіркеу және бос орынды немесе түйіндемені орналастыру;

– порталда талап ететін критериялармен (қызмет саласы, кәсібі, аймағы) жаңадан жарияланған бос жұмыс орын және түйіндемелер туралы ақпаратты өзіннің электрондық адресіңізге немесе Telegram мессенджеріңізге тарату алып тұруға жазылуға болады.

– пікірлердің тәртіптерін және сұбхатасуға шақыруларды пайдалана отырып, жұмысқа алуға немесе жұмысқа қабылданған болу;

– жұмыс берушінің Жеке кабинетінде арнайы жұмыс орынға қаржыландыруға өтінім жайғастыруға;

– халықты жұмыспен қамту орталықтарына ағымды бос орындар туралы ақпараттарды онлайн режимде жіберуге;

– кәсіптік бағдарлау тест өту және тестің тиісті нәтижелеріне сәйкес порталда бос жұмыс орынды табу;

Е-Биржада тіркеу, бос орындар және түйіндемелердің деректерін, бос орындарды жариялау, түйіндемелерді және басқадай ақпараттарды тегін және тәулік бойы көруге мүмкіндік бар [5].

Өңірлік еңбек ресурстарын тиімді пайдалану халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге және олардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Халықты жұмыспен қамтамасыз етуді жетілдіру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты.

Өңірде еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды жақсарту мақсатында төмендегідей шаралар ұсынылады:

- еңбек нарығында белсенді саясат жүргізу жөніндегі шараларды жалғастыру;

- жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жанында өңірдегі еңбек нарығына мониторинг жүргізу, соның ішінде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендерді есепке ала отырып жүргізу;

- үйде еңбек етуді қоса алғанда, бос орындар бойынша ақпараттық дерекқорды жетілдіру және бос орындар жәрмеңкелерін тұрақты түрде өткізіп тұру;

- жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың жұмыссыздарға олардың еңбек құқықтары мәселелері бойынша консультация беру жөнінде қызмет көрсетуі.

Сонымен бірге, өңірлік жұмыспен қамту мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлін біршама арттыру керек, өйткені, осы органдар арқылы өңірлік жұмыспен қамту бағдарламалары жасақталады және ең бастысы, жүзеге асырылады. Келешекте жұмыспен қамту саласын тұрақтандыруда, жұмыссыздықтың өсуінің алдын алуына және өзінше еңбек етудің заңсыз түрлерін болдырмауда ресми шағын бизнес секторы ғана жалғыз шешуші фактор болады. Сондықтан өңірлік еңбек ресурстарын тиімді пайдалану шеңберінде шағын бизнесті дамытуда түрлі жолдарды қарастыру қажет.

Өңірде еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жолдары
Пути оптимального использования трудовых ресурсов в регионе
Ways of optimal use of labor resources in the region

Андатпа: Бұл мақалада өңірде еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жолдары туралы баяндалған. Еңбек ресурстары өндіргіш күштерді аймақтық орналастыру факторларының бірі. Сонымен бірге, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануда маркетингті зерттеу жүргізу, еңбек ресурстарын болжау қажеттілігі айтылған. Олар өз кезегінде жұмыс күшіне болжамды тұрғыдан сұранысты және ұсынысты айқындауға мүмкіндік береді және экономика үшін қажет кадрларға сұранысты қалыптастыруға жағдай жасайды.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, еңбек әлеуеті, жұмыспен қамту, жұмысшы күші, электрондық еңбек биржасы, еңбек ресурстарын болжамдау.

Аннотация: В статье описаны способы эффективного использования трудовых ресурсов в регионе, которые являются одним из факторов регионального распределения производительных сил. Они, в свою очередь, позволяют прогнозировать спрос и предложение на рабочую силу и создавать спрос на кадры, необходимые для экономики.

Ключевые слова: трудовые ресурсы, трудовой потенциал, занятость, рабочая сила, электронная биржа труда, прогнозирование трудовых ресурсов.

Annotation: The article describes the ways of efficient use of labor resources in the region, which are one of the factors of the regional distribution of productive forces. They, in turn, make it possible to predict the supply and demand for labor and create a demand for the labor required for the economy.

Keywords: labor resources, labor potential, employment, labor force, electronic labor exchange, labor resources forecasting.

Әдебиеттер тізімі

1. Еңбек ресурстары. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ. // <https://prz.enbek.gov.kz/kk/node/5862>
3. 3з) Қазақстанда еңбек ресурстарын болжамдау ұлттық жүйесін әзірлейді // [p https://iac.enbek.kz/kk/node/648](https://iac.enbek.kz/kk/node/648)
4. Қаренова С.Т. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері // https://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf11_ekonom_124.pdf
5. 5Электронды еңбек биржасы. // <http://cz.astana.kz/jelektronnaja-birzha-truda-2/>

Қазақтың ұлттық ойындарының негізі мен мәні

Күмісбайқызы Ақтоты
НВП-19-1 оқу тобы студенті .
Мурзабеков.М.К.
аға оқытушы

Дене тәрбиесінің ертедегі түрлеріне педагогикалық талдау

Қазақтың ұлттық ойындары көп. Өте көп. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес шығар. Өзіміз білетіндерін тізбектеп шығуға болады. Бірақ біз білмейтіндері қаншама?

Сондықтан қазақтың ұлттық ойындарын тізбектеп шыққаннан гөрі оның мағынасы мен мәніне көңіл аударған дұрыс болар. Ең бастысы, қазақтың ұлттық ойындары деген ұғымның ұлттық спорттық ойындар деген түсініктен анағұрлым асып түсінетіндігін білген. Мысалы, «Бес саусақ» ойыны. Мұны спорттық ойынға жатқыза алмаймыз. Есесіне, баланы тәрбиелеу мен жетілдіре түсуге орасан зор философиялық мағынасы бар қарапайым ойын. Бұл ойында саусақ атаулары ғана үйретілмей, саусақпен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті көрсетіледі. «Қуырмаш» деп аталатын төрт түлік мал мен олардың төлдерінің атаулары үйретілетін түрі тағы бар.

Ұлттық ойындарымыздың мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық мәні тым асқақ. Әрі тәрбие үрдісінде пайдаланылу өзектілігі басым. Халқымыз ойынды тәрбие құралы деп таныған. Жас балаларға арналған ойындарда ақыл-ой дамуына, жалпы түсінік пен ұғымның қалыптасуына ерекше мән берілген. Маңызды ойлау операцияларының (талдау, салыстыру, қорыту) жетілуіне ықпал етеді. Халқымыз ойынның адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып дүние екендігін білген. Ойынның тәрбиелік маңызы – баланы зеректікке, білгірлікке баулу. Балаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтарын асыл қазыналарын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретіп, батылдыққа, өжеттікке тәрбиелеген. Сөздік қорларын байытуға тырысқан. Қазақтың ұлттық ойындары тақырыпқа өте бай және алуан түрлі.

Ұлттық ойындарымызда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі қамтылып, халықтың асыл мұрасын баланың бойына сіңіру қарастырылған. Сондай-ақ адалдық пен күштілікке ұмтылу, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық секілді құндылықтарға мән берілу байқалады. Мұның бәрі – халық данышпандығының белгісі.

Буыны бекіп келе жатқан балаларды мергендікке, жылпыңдыққа, ептілікке баулитын спорттық ойындарымыз да баршылық. Үлкенге де, кішіге де арналған, өмір бойы құндылығын жоғалтпайтын ойындар да жетерлік.

Негізі, қазақтың ұлттық ойындарын әр түрлі топқа бөліп, жіктеген дұрыс шығар. Әрине, бұл салада еңбек еткен ғалымдар ұлттық ойындармызды бірнеше топқа бөліп, зерттеді де. Солардың ішінде ХХ ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннердің тұжырымы болды. Ол қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктепті:

Жалпы ойындар;

Қарсыласу және күресу сипатындағы ойындар;

Ашық алаңқайдағы ойындар;

Қыс мезгіліндегі ойындар;

Демалыс ойындары;

Ат үстіндегі ойындар;

Аттракциондық-көріністік ойындар.

Ал халқымыздың аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деген екен. Тегіннен тегін айтылмаса керек. Қазақтың ұлттық ойындарында адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын қалыптастыру көзделеді.

Қазақтың ұлттық ойындары – халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тіл мен ділдің, батылдық пен батырлықтың, ептілік пен қайсарлықтың және дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғи жалғасы.

Қазақтың ұлттық ойындарын бес түрге де бөлуге болады. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, шырықтырып, шынықтырады.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақ- тар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біз-дің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қаре- кеттерінен бастау алады.

Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксе-рек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алакүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Соңғы кезде қалып-тасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық ойындар болып саналады..

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған.

Жалпы баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл әрекеті ойын арқылы басталады. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс – әрекетінің бір көрінісі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» деп айтқандай ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс – әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрле мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс – әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл – ой, адамгершілік дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Ойын тәрбие құралы арқылы ақыл – ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез – құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды сабақта қолдану оқушының ой – өрісін жетілдіру мен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Жастардың ұлттық сана – сезімнің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.

Ұлттық ойындар екі топқа бөлінеді, спорттық және ақыл ойға арналған ойындар болып. Спорттық ойындарға: қыз қуу, көкпар, ақсүйек, арқан тартыс т. Б жатса, ақыл ойға арналған ойындарға тоғызқұмалақ, асық ойындары жатады. Ұлттық ойындарға мына ойын түрлері жатады: «Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Асық», «Ақсүйек», «Арқан тарту», «Қыз қуу», «Көкпар», «Күміс алу», «Жамбы ату». Бұл ойындар баланың еңбекке деген қарым – қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр да епті, зерек те алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан – ұрпаққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.

Қазақ халқының тарихи көне жырлары мен лиро-эпостарының қай-қайсысында болмасын ұлттық ойындардың түрлерін кездестіреміз. Жырдың негізгі кейіпкері болып отырған ел қорғаушы батыр, жауынгер, мерген, әділетті төренің де бала кезі ойын үстінде көрінеді. Ойын арқылы бойындағы табиғи дарынын шыңдап, қалыптастырады. Бұл ұлттық ойынның бала тәрбиесіндегі таптырмас құрал екенін дәлелдейтін тағы бір дәйек. Тіпті қазақтың көптеген ұлттық ойындары халықаралық деңгейдегі додаларға сұранып-ақ тұр. Бірақ оны шетелдіктерге жеткізе білу жайы тұрмақ, өз ұрпағымызды толыққанды сусындату жағынан да қимылымыз шабан. Сондықтан өзгенің қаңсығын таңсық көрмей, ұлттық ойындардың беделін көтергеніміз абзал болар еді. Себебі халық ойындары – халықтық тәрбиенің басты құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. История Казахской ССР, т. 1. –Алма-Ата. Изд. Наука КазССР 1979, - 424 с.
2. Харабуги Л.М. Теория и методика физического воспитания. – М.: «Ф и С», 1991. – 58 с.
3. М.Тәнекеев. Док. Диссер. -Алматы., 1998 186- б.
4. Н.И.Пономарев, Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания, Москва, ФиС, 1970, 224- с.
5. Л.Н.Баженов, Древние авторы о Средней Азии (VI в. До н.э., III в. Н.э.)Ташкент, 1940 г., 24- с.
6. Е.Е.Тевяшев, К вопросу происхождения русского языка «Советская этнография, 1940 г., №4, 144- с.
7. М.Тәнекеев, А.Асарбаев Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. Оқу құралы, Алматы-2002. 43 б.
8. М.Тәнекеев. Док. Диссер. -Алматы.1998 186. С.

68.31.26

Қоршаған ортаға тұзды көшкіндерді азайту үшін арал теңізінің құрғаған табанын баптау шаралары

Қарғаев Қанат Тоқтарбайұлы
МРОЗ-18-1 оқу тобының студенті,
Далдабаева Гульнур Торехановна
техника ғылымдарының кандидаты,

Арал өңірі экологиясының ластануына себепші болып отырған негізгі 2 факторды атауға болады. Олар: жел мен құрғақшылық. Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдары (Х.Жамантіков, Ғ.Т. Мейрман) Қазақстандық басқа институттар ғалымдарымен (Л.Димеева, В.С.Каверин), шет ел (Израиль, Алмания) ғалымдарымен (Аарон Иаир, Зигмар-В.Брекле, В.Вухерер) бірлесіп қоян-қолтық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, құрғаған Арал теңізі ұлтанын фитомелиорациялау жолдарын табуға атсалысты. Арал теңізінің құрғаған ұлтанын зерттеу үшін құралған экспедициялық ғылыми топтың бағдарламасы 3 сатыдан тұрды [1]. Бірінші мақсатта - құрғаған ұлтан аймағын мүмкіндігінше шарлап, топырақ, өсімдік айырмашылықтарын айқындай отырып, аймақтардың ерекшеліктеріне қарай бөліктерге бөлу; екіншісінде - бөліктер ішінен тәжірибе салуға лайықты жерді белгілеу; үшіншісінде - ерекше бөліктердің ерекшелігін анықтайтын және фитомелиорация проблемасын шешетін күрделі тәжірибе варианттарын қарастыру.

1997 жылы ғылыми экспедиция тобы Қасқақұлан аралының ауданын зерттеп, сазды және құмды жерлерді тәжірибе салуға таңдап, 2 экологиялық тәжірибе салды. 1-тәжірибеге 17 түрлі жергілікті галофиттер тұқымы себілді, 2-тәжірибеге 17 түрдің 9-ның тұқымы себіліп зерттелді.

Өсімдіктердің түрлері:

- 1.Каспий сорқаңбағы;
- 2.Татар алабұтасы;
- 3.Фомин алабұтасы;
- 4.Арал балықкөзі;
- 5.Жүнді балықкөз;
- 6.Натрон сораңы;
- 7.Оңтүстік сораңы;
- 8.Майдажапырақ ақсора;
- 9.Акумината ақсорасы;
- 10.Каспий ақбасы;
- 11.Сарсазан;
- 12.Түлкіқұйрық брунеці;

13. Каспий ақбасы;
14. Гмелина кермегі;
15. Қарсы жапырақты петросимония;
16. Қара сексеуіл;
17. Өрмекші майдапеплисi.

Бақылау жұмысы Қасқақұлан аралы тұсындағы байырғы теңіздің негізгі жағалауынан басталып, Құм Қайыр төбелі құм аралына дейін жүргізілді. Экспедицияның нәтижесінде теңіздің құрғаған ұлтанының шөгінді топырағының механикалық құрамы екі түрге: ауыр және жеңіл литологиялы болып бөлінетіні анықталды. Жеңіл литологиясы топырақ жаратылысының дамуы ауыр түріне қарағанда тез жүреді және оның беткі қабаты тұзданғанымен тез тұщыланады. Жеңіл литологиялы топырақтың осы қасиеті оған фитомелиорация шараларын қолданған кезде маңызы өте зор болатынын ескерген дұрыс. Оны эксперимент нәтижесі де жақсы дәлелдеді. Сонымен, тәжірибелер нәтижесіне қарағанда, сазды тұзды топырақта өсірілген 17 түрлі өсімдіктің 18%-ті немесе 3 түрі тұқымнан өніп, өсіп жетілді. Ал, құмды тұзды топырақта өсірілген 9 түрінің 66%-ті немесе 6 түрі ойдағыдай өсті.

1997-1998 жылғы тәжірибелерден түйгеніміз: жеңіл литологиялы топырақта фитомелиорация жұмысын жеңіл жүргізуге болатындығы еді. Ал, 1998-1999 жылдары жүргізілген тәжірибелердің мақсаты мүлдем өзгеше болды. Ол фитомелиорация жұмысын ауыр топырақта жүргізу еді. Бұл мақсаттағы тәжірибелерді жүргізу үшін Құйылыс жазығы таңдалды [2]. Себебі онда қара сексеуіл, жыңғыл, сарсазан және қарабарак галофиттері әлі тұрақтанбаған екен. Жыңғыл тек Қартма асып аққан су жолында бітік өскен. Олар да жетіле алмай тұр. Сол үшін 1998-1999 жылдары Құйылыс жазығына барлау мақсатында 2 экологиялық тәжірибе салынды.

Өсімдік түрлері егу жолдары	Қара сексеуіл %	Жыңғыл %	Қарабарак %	Сарсазан %
шұңқыр	17	31	3	17
топырақтың беті	1	11	0	3

Көрсеткіштердің төмен болуына жазықта өрістеген қуаңшылық, ылғалсыз аңызак желдер елеулі фактор ретінде ескеріліп, келесі 1999-2000 жылдары салынатын негізгі тәжірибеге өзекті тиек етуге түрткі болды.

Қуаңшылық маңызды фактор ретінде тәжірибе салуда ескеріліп, қара сексеуіл, жыңғыл, сарсазан өскіндері белгілі бір тереңдіктегі шұңқырға егілді. 2000 жылы егілген өскіндердің 30-40 пайызы қабылданды. Бұл көрсеткіш Арал қуаңшылығы жағдайында үлкен нәтиже болып есептелді. Бұл тәжірибенің жоғары дәрежеде болуына, оны салу технологиясының жасалуына Израйльдік профессор Аарон Иаир, Алманиялық профессор Зигмар-В. Брекле және доктор Вальтер Вухерердің, сонымен қатар, институт ғалымдарының қосқан үлесі зор. Осындай ғылыми бірлестіктің нәтижесінде ЮНЕСКО гранты бойынша салынған тәжірибеде егілген қара сексеуіл, елонгата, лакса жыңғылдары, сарсазан өскіндері жақсы қабылданып, 2001 жылы да ойдағыдай өсіп жетілуде.

Нәтижесінде институт ғалымдарының 2001-2002 жылдары INTAS грантының иегері болуына, соның арқасында олардың Арал тағдырына араласу жұмысының әрі қарай жалғасуына жақсы үміті бар.

Сонымен қатар, 2006-2009 жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған ұлтанын қайта қалпына келтіру мақсатында USAID TA-MOV-03-CA023-032 гранты барысында жүргізілді. Бұл эксперимент Көзжетпес аймағана жүргізілді. Эксперимент тапсырмасы: күздік және көктемдік галофиттер егудің әсерін салыстыру; қара сексеуілдің аралығына шөптік галофиттерді егуде жағдай жасау.

Егер Көзжетпес аймағына метеорологиялық станция салынатын болса, онда Аралға алаңдаушылық танытатын әлемге танымал ғалымдардың халықаралық штабы болар еді. Өйткені бұл аймақ географиялық жағынан қолайлы.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанына төзімді өсімдіктердің агротехникасы.

Өсімдік түрлері	сарсазан	тамарикс	Қара сексеуіл
Себу уақыты	Қыс (қараша) Ерте (сәуір)	алды көктемде көктем	Қыстық (қараша- желтоқсан, желтоқсан-қаңтар)
Отырғызу тәсілі	4-6 қатар	4-5 қатар	4-6 қатар
Қатар саны	15-50м	15-50 м	15-50 м
егу ұзындығы қатарені	60 см	50-70 см	60-1 м
Егу тереңдігі	0,5-1 см	0,5-1 см	0,5-1 см
Сақтау мерзімі	1-2 жыл	1-2 жыл	1-2 жыл


Өсімдік тұқымдарын жаз мезгілдерінде күн шуағына кептіреді, көктемге дейін құрғақ күйде, қыс мезгілдерінде бөлме температурасында сақтайды. Сақтау қоймалары құрғақ әрі жақсы желденген болу керек. Аптасына 2 рет тұқымдарды аударып тұру қажет. Тұқымдарды қолмен егеді. Қара сексеуіл тұқымына назарды көп бөледі. Көшеттерін тұзданбаған жерлерге, ал тұқымдарын аз тұзданған немесе тұзданған жерлерге, сонымен қатар құмды сазды және саздақ топыраққа отырғызады. Тұқымдарды отырғызу кезінде топырақ түріне және жер асты суларының деңгейіне де мән береді. Жаңа құрлықтың әр бөлігінде өсімдік қауымдастығының жетілуі бірдей емес. Теңізден босағанына 20-25 жылдай ғана болған, батыс бөлігінде өсімдіктері қарапайым, түрлік құрамы жұтаң, биомассасы азғантай. Оның құрамында басым көпшілігі топырақ құрылу процесіне биологиялық пайдалы әсері мен шаруашылық маңызы төмен ксерофит бұталар, сораңдар мен эфемерлер. Мұндағы ұзақ мерзімде теңіз астында жатып шыққан грунтте өсімдік түрлерінің таралуы, топаралық өзара ауысуы (сукцессия) оның механикалық құрамы мен мелиоративтік күйіне байланысты өте баяу жүруде. Теңіз суынан арылғанына онша көп уақыт болмаған грунтте тұзға, әсіресе, галитке (NaCl) төзімді быршылдақ сораң алғашқы болып өседі. Онан ары грунт құрғақ күйінде қалатын болса, оны бұталар аралас әртүрлі қарашөп ауыстырады. Ол шөптердің астында тұздың концентрациясы жоғары, құрамында галит (NaCl) көп, биологиялық белсенділігі төмен, сондықтан топырақ құрылу процесі сорлану қатарымен дамиды. Ондай топырақтың құрамында тұздың концентрациясы (құрғақ қалдықпен) 0-5 см-де 6,78%, 5-57 см-де -2,44%. Механикалық құрамы жеңілдеу құрғақ грунтте ең алғашқы болып өсетін Қарабарқын (*Halostachys Caspica*) бұтасының арасынан соққан желден дефляциялық қазғанақтар пайда болады. Оларда жиналған жауын суынан грунт беті сәл болса да тұщыланады. Сонан бұталардың арасында эфемерлер, қарашөптер, астық тұқымдастар өседі. Бұл жағдайда топырақ құрылу процесі Оңтүстік аймақтың субэаралдық топырақтар қатарымен дамиды. Тұздың концентрациясы 0-12 см-де 1,62%, 12-44 см-де 1,31%. Құрамы саздақ грунтте әртүрлі бұталар мен шөптер қалың шығады (Құйылыс). Мұнда топырақ құрылу процесі қуаңданған гидроморф топырақ қатарымен дамиды. Бұл топырақ түрінде 0-20 см-де 1,89%, 20-60 см-де 0,72%. Теңізден босағанына 50 жылдай болған шығыс бөлігінде және теңіздің бұрыңғы жағалауында, құрғақ көлтабандар мен олардың төңірегіндегі гидроморф топырақтарда өсімдік қауымдастығы тәуір жетілген. Малға жайылым және шабындық болатын солар.

Арал өңірінің экологиялық ахуалын жақсарту және қоршаған ортадан ұшқан тұз бен құм көшкіндерінен сақтайтын бірден-бір жолы, теңіз ұлтанына сексеуіл, сарысазан, қарабарқ сияқты галофитті өсімдіктерді егу жұмыстары болып табылады. Осы бағытта өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап атқарылған жұмыстардың нәтижелілігі ескеріліп, халықаралық ұйымдардың

қаржылары есебінен жалғасын табуда. Солардың бірі Дүниежүзілік даму банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлескен «Орманды сақтау және Республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы әзірленіп қолға алынды, жалпы құны – 10,8 млн. АҚШ доллары.

Жобаның негізгі стратегиялық бағыты Арал теңізінің құрғаған ұлтанына орман орналастыру мен тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру. Осы жоба Қызылорда облысында екі компонент бойынша атқарылады: кіші компонент 2А – «Арал теңізінің құрғаған табанында орман мелиоративтік жұмыстар жасау» және кіші компонент 2В – «Жайылымдарды пайдалануды басқаруды жетілдіру».

Жоба бойынша 79000 га жерге сексеуіл отырғызу жоспарланса, бүгінгі күнге барлығы 27344 гектар жерге сексеуіл егілді. Дегенмен, жоспарланған 79000 мың гектар жерге сексеуіл егу жұмыстары межеленгенмен, бүгінгі күні 41844 гектарға ғана орындалып отыр (Сурет 1). Себебі, жоба бойынша Арал теңізінің құрғаған ұлтанына егілетін сексеуіл көшеттерін өсіретін тұқымбақтың құрылысы кеш басталып, егуге қажетті сексеуіл көшеттері болмауына байланысты жоспарланған көлемдер кейінгі жылдарға жылжытылды. 2012 жылы 14500 гектар жерге сексеуіл, сарысазан, жыңғыл көшеттерін егу жоспарлануда.



Сурет 1 - 2008-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Дүниежүзілік даму банкі арасындағы бірлескен «Ормандарды қорғау және республика аумағындағы орманды жерлерді көбейту» жобасы шеңберінде Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жұмыстары

Осы жобаның негізінде орман шаруашылығын дамытудың озық технологияларын іске асыру мақсатында Қазалы ауданында 30 га жерге тамшылатып суару әдісімен сексеуіл және түрлі ағаш көшеттерін өсіретін тұқымбақ ұйымдастырылды. Оның 17 гектарына сексеуіл көшеттерін өсіру, қалған 13 гектарына түрлі ағаштардың көшетін өсіру қаралған, қазіргі замануи технологиямен жабдықталған ғылыми зерттеу зертханасы мен тамшылатып суаруға қажетті барлық қондырғылар салынды. Аталған тұқымбақ облыста барлық талаптарға сай келетін бірегей тұқымбақ болып саналады. Осы технологияны тиімді пайдалану нәтижесінде, тұқымбақта жыл сайын барлығы түрлі ағаш көшеттері оның ішінде, сексеуіл, қылқан жапырақты туя, арша, мамыргүл, жеміс ағашының көшеттері және сыр талы мен терек саялы бұталар қаламшалары өсіріліп, облысқа қажетті барлық көшет түрлерімен сұранысқа сәйкес қамтамасыз етілетін болады. Облыс көлемінде су тапшылығы сезіліп тұрған сәтте тамшылатып суғару әдісімен барлық орман мекемелерінде тұқымбақтар ұйымдастыру және аудан орталықтарындағы жасыл белдеулердің көлемдерін үш есеге арттырып, бұл жұмыстарды суды үнемдеу технологияларымен жүргізуді іске асыру керек.

Қорыта келгенде, «Сырдария өзенінің арнасын және Солтүстік Арал теңізін сақтау» (САРАТС-2) жобасының екінші кезеңін іске асыру және «Орманды сақтау және Республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасының орындалуы Қызылорда облысының экологиялық ахуалын және Арал теңізі аймағы тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудегі тиімді жолдардың қатарына енгізіліп, алдағы уақытта жалғасын табады деп сенемін.

Қорытынды

Арал теңізінің тағдыры әлемдік мәні бар проблемалардың бірі. Арал теңізінің құрғап қалған табанында фитомелиоративтік жұмыстарды жүргізу егіншілік өнімдері өндірісінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды, ал оларды өндіріске енгізу сортаң жерлерді игеруде, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік құрамын жақсартуда, аймақтың экологиялық ахуалын жандандыруда маңызды рөл атқарады. Жоспарланған жұмыстар Арал теңізі құрғақшылық жолағының экстраординарлық жағдайында өсімдіктердің бейімделу үрдістерінің механизмін ғылыми зерттеу үшін қалай маңызды болса, Аралдың құрғап қалған табанында фитомелиоративтік жұмыстардың тиімділігін арттыру мен егіншілікті дамыту үшін де маңызды орын алады. Арал теңізінің құрғаған ұлтанында қалыптасып келе жатқан жаңа құрлықтың ландшафты және оның табиғатындағы құбылыстар ғалымдар назарында болуы тиіс.

Тиісті қаражат бөлініп мониторинг зерттеуін өрістетсе, Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы шөгінді топырақтардың өсімдігі аз беткі жамылғысын фитомелиорациялау жұмысының ғылыми негізі өз дәрежесінде жасалады.

Андатпа

Арал теңізінің кебуі судың бұрынғы ауданының 4 миллион гектардан астамын босатты және бүгінгі күнде мұны дүниежүзіндегі ең жылдам кеңейіп келе жатқан шөл («Аралқұм») деп атауға болады. Осыған ұқсас Үлкен Иран тұзды шөлі немесе Юта штатындағы (АҚШ) тұзды шөлдің қалыптасуымен салыстырғанда бұл жердің шөлге айналу мінездемесі анағұрлым ерекше. Ашылған теңіз акваториясының 20% алып жатқан шөлейіт ландшафтының шөп баспаған жеңіл топырақтарының беткі қабаттары құйынмен көтеріліп алыс аймақтарды тұздандырады. Арал өңірінде экология жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген шаралардың ішінде фитомелиорация көмегімен құрғап қалған теңіз табанын баптау, қоршаған ортаны жандандару үшін, неғұрлым тиімді және кейінге қалдыруға болмайтын тәсіл болып табылады.

Аннотация

Высыхание Аральского моря освободило более 4 миллионов гектаров бывшей площади воды, и сегодня это можно назвать самой быстрорастущей пустыней в мире («Аралкум»). По сравнению с аналогичным образованием большой соленой пустыни Ирана или соленой пустыни в штате Юта (США), характеристика превращения этого места в пустыню более специфична. Поверхностные слои незатопленных легких почв пустынного ландшафта, занимающего 20% открытой морской акватории, поднимаются вихрем и засоляют дальние зоны. Среди многочисленных мер, направленных на улучшение экологической обстановки в Приаралье, наиболее эффективным и безотлагательным способом является настройка высохшей морской подошвы с помощью фитомелиорации, для оживления окружающей среды.

Abstract

The drying up of the Aral Sea has freed up more than 4 million hectares of former water, and today it can be called the fastest growing desert in the world ("Aralkum"). Compared to the similar formation of the Great salt desert of Iran or the salt desert in Utah (USA), the characteristic of turning this place into a desert is more specific. The surface layers of the non-flooded light soils of the desert landscape, which occupies 20% of the open sea area, rise in a vortex and saline the far zones. Among the many measures aimed at improving the environmental situation in the Aral Sea region, the most effective and urgent way is to adjust the dried sea sole with the help of phytomelioration, to revitalize the environment.

Қоршаған ортаға тұзды көшкіндерді азайту үшін Арал теңізінің құрғаған табанын баптау шаралары.

Рекультивация осушенного дна Аральского моря с целью уменьшения солепереноса в окружающую среду.

Recultivation of the drained bottom of the Aral Sea in order to reduce salt transfer to the environment.

Кілт сөздер: фитомелиорация, галофиттер, дефляция, Арал теңізінің құрғаған табаны

Ключевые слова: фитомелиорация, галофиты, дефляция, осушенное дно Аральского моря

Key words: phytomelioration, halophytes, deflation, drained bottom of the Aral Sea

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамантіков Х., Қарлыханов Т.Қ., Жамантіков Е.Х. «Арал теңізінің құрғаған ұлтанына фитомелиорация шараларын қолданудың ерекшеліктері». Мақала

2. Көшербайұлы А. Арал өңірі аймағын дамытудың әлеуметтік - экономикалық проблемалары және оларды шешу жолдары. //Егемен Қазақстан газеті – 2012ж.

3. Нұрғызарынов А.М., Назаров Е.А., Шарипова А.Ж., «Арал теңізінің құрғаған орынында табиғи кешендердің қалыптасуы және топырақтың мелиоративтік күйі»

4. А.М., Назаров Е.А., Шарипова А.Ж., «Арал теңізінің құрғаған орынында табиғи кешендердің қалыптасуы және топырақтың мелиоративтік күйі»

5. Карлыханов Т.К., Ибатуллин С.Р., Карлыханов О.К., Далдабаева Г.Т. Арал: прошлое, настоящее, будущее-Астана: Фолиант, 2016.-408с

FTAMP 06.77.05

Дисфункционалды отбасыларын әлеуметтік қамсыздандыру

Қаппарқызы Нұрилла

СР-18-1 оқу тобы

Берикболова Улжан Доскалиевна
Экономика ғылымдарының магистрі

Отбасы бұл заманауи қоғам құрылымының негізгі элементі және де ежелгі әлеуметтік институт. Отбасы балалар мен ата-аналардың, әйелдері мен ерлерінің арасындағы белгіленген әлеуметтік нормалар, тәлім-жосықтың үлгілері, құқытары мен міндеттерімен сипатталады. Барлық кездерде де отбасы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайының көрсеткіші болған. Қоғамның әл-ауқаттылығы онда өмір сүретін отбасылардың аман-саулығымен тікелей байланысты. Осыған байланысты қоғам отбасының

ішіндегі қолайлы ахуалды қолдауға ықпал етіп, қиыншылықтарды тегістеп, мәселелерді шешуге ықпал етуі тиіс.

Отбасының бағытталуы жаңа ұрпақты ұдайы өндіру мен оны тәрбиелеу болып табылады. Бала өз отбасында ненің жақсы, ненің жаман екендігін біледі, адами тәлім-жосықтың нормаларын игереді, мәдениетке қосылады. Отбасы келешек тұлғаны тәрбиелейді, өз елінің және өзі өмір сүретін қоғамның тарихын қалыптастыратын қоғамдық қатынастардың толыққанды келешек қатысушысын тәрбиелейді.

Қоғамда туындайтын дағдарыстар, ең алдымен, отбасыға әсер етеді және де отбасының өз функциясын орындауына ықпал етеді. Көптеген отбасылар өз функцияларын орындай алмағандықтан да, «әлеуметтік тәуекелді отбасылар» тобына кіріп кетеді де, қолайсыз отбасылар мәртебесін иеленіп, әлеуметтік жұмыстың негізгі объектілері болады [1].

Отбасының өз функциясын орындай алмау мүмкіндігі мен қаламауы қоғамға үлкен зиянын тигізеді. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс, кезбелік, нашақорлық пен маскүнемдік артады.

Нәтижесінде, «тәуекел тобына» кіретіндер саны тұрақты түрде өсіп отырады. Бұл проблемалар тіршілік етудің барлық салаларындағы үдерістер барысына көбірек әсер ете бастайды, ақырында бүкіл қоғамның барлық әлеуметтік құрылымындағы дағдарысқа алып келетін жағдайлар туындай бастады.

Заманауи қоғамда прогресс пен компьютерлендіру кезеңінде, уақыт өте үлкен жылдамдықпен өтіп, адамдар тез ғұмыр кешу жағдайында көптеген құндылықтар өзінің мәнін жоғалтып отыр, сонда да болса отбасы мен неке мәселелері жүздеген жыл бұрынғыдай өз өзектілігін сақтап қалды.

Осы уақытқа дейін некеде тұрған көптеген адамдар үшін және де некеге әлі тұрмаған адамдар үшін де жоғары құндылық отбасы болып табылады, ал оның амандығын сақтау басты міндеттердің бірі болып отыр. Осы себептерге байланысты отбасы жақсы көретін, түсінетін, күтетін ерекше орын ретінде қарастырылады. Алайда отбасылық қатынастарды егжей-тегжейлі және терең зерттеу барысында психология, әлеуметтану мен әлеуметтік жұмыс тұрғысынан алып қарағанда жағдай әрдайым да олай еместігін көруге болады.

Қазіргі таңда қалыпты қызмет ету мен өмір сүру тіршілігі бұзылған қолайсыз отбасылар кеңінен тарап отыр. Ата-ананың бірінің маскүнемдікке салынуы, ата-ана тарапынан балаларға немесе ерлер тарапынан әйелдерге деген қатыгездік пен зорлық-зомбылық, экономикалық қиындықтар мен жұмыссыздық баланың әлі де болса нығаймаған психикасына оның келешектегі тағдырына әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге отбасының ересек мүшелерінің өміріне де ұмытылмас белгі қалдырады.

Алғашқы шағын топ ретінде отбасы мынадай белгілерімен ерекшеленеді:

- отбасы салыстырмалы түрде тығыз қауымдастық болып табылады;
- отбасы өзін-өзі ұдайы өндіреді;
- отбасы адамдардың маңызды өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандырады;
- отбасы тұтастай алғанда тұлғаны қалыптастырады.
- отбасының индивидке ықпалы уақыт тұрғысымен қатар, мазмұны жағынан да алғашқы болып табылады.

Отбасы мүшелері тұрақты түрде өзара тәуелділікте болады, сондықтан да олардың бірінің мінез-құлқындағы өзгеріс қалғандарының жүріс-тұрысындағы өзгерістердің туындауына алып келеді.

Отбасының қызметтері оны қоғамның әлеуметтік институты ретінде сипаттайды. Егер отбасы өзіне белгіленген функцияларды атқаруды тоқтатса, онда мәдениет жойылып, әлеуметтену тоқтатылар еді, ал ол әлемдік өркениеттің күйреуіне алып келер еді. Мұнан шығатын қорытынды замануи қоғамдағы отбасы бұл ерекше қызметтерді атқаратын маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Отбасылық қызметтердің ерекшелігіне байланысты олар алғашқы және екінші болып бөлінбейді, олардың барлығы да теңдей маңызды болып табылады.

Басқа әлеуметтік институттардан отбасыны бөліп көрсету үшін қызметтер ерекше және ерекшеліксіз болып бөлінеді. Отбасының ерекше қызметтері отбасының мәнінен туындайды және де оны әлеуметтік құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін бейнелейді, ал ерекшеліксіз қызметтер белгілі бір тарихи жағдайлар кезінде атқаруға мәжбүр болған не бейімделген қызметтер болып табылады.

Осыған байланысты отбасының мынадай қызметтері бөліп көрсетіледі:

1) ерекше:

- репродуктивті, яғни баланы дүниеге әкелу;
- экзистенциалды, олардың мазмұны;
- әлеуметтену қызметі – балаларды тәрбиелеу.

2) ерекшеліксіз:

- меншік пен мәртебені беру;
- өндіріс пен тұтынуды, үй шаруашылығын, демалысты ұйымдастыру;
- отбасы мүшелерінің денсаулығы, амандығына қамқор болуы және

т.б. [2]

Отбасындағы қандай бір қызметтің бұзылуы (атап айтқанда, тәрбиелік, шаруашылықтық-тұрмыстық, эмоционалды, алғашқы әлеуметтік бақылау) отбасылық қатынастардың деформациясына алып келеді.

Отбасы қызметінің бұзылуы оның дисфункционалды яғни баланың әлеуметсізденуіне жағдайлар туғызады. Дисфункционалды отбасының мәнін түсіну үшін ең алдымен, функционалды және дисфункционалды отбасының арасындағы айырмашылықты ажыратып алу қажет. Олай болса, функционалды отбасының белгілері қандай? Олар:

- Мәселелер мойындалып, шешіледі;
- Еркіндік ынталандырылады (қабылдау, ойлау мен талқылау еркіндігі, өз сезімдері, қалауы, шығармашылық еркіндігі);
- Отбасының әрбір мүшесінің өзінің ерекше құндылықтары бар, отбасы мүшелерінің арасындағы айырмашылықтар жоғары бағаланады;
- Отбасы мүшелері қажеттіліктерін қанағаттандыра алады;
- Рөлдік қызметтер белгіленбейді, таңдалады;
- Отбасында сауықтыру шаралары бар;
- Қателіктер кешіріледі, олардан сабақ алынады;
- Барлық отбасылық ережелердің, заңдардың икемділігі, оларды талқылау мүмкіндігі;

Дисфункционалды отбасының белгілері:

- Мәселелерді жоққа шығару және елесті қолдау;
- Ережелер мен рөлдердің оқшаулануы;
- Өзара қарым-қатынастардағы шиеленістік;
- Отбасының әрбір мүшесінің «Мен» белгісінің сараланбауы;
- Тұлға шекарасы аралас не болмаса көрінбейтін қабырғамен бөлінген;
- Барлығы да отбасы құпиясын жасырады және отбасының жалған қолайлылығы бейнесін қолдайды;
- Жүйенің жабықтығы (Кесте 1).

Кесте 1 – Функционалды және дисфункционалды отбасының салыстырмасы

Функционалды отбасы	Дисфункционалды отбасы
<i>Отбасының эмоционалды-психологиялық қызметі</i>	
Жылы, қолдаушы ахуал Оң эмоциялар басым Эмоционалды ашықтық (эмоцияны ашық білдіру) Басқалардан өзгеше эмоцияларды, ой, пікірлерге құқық, эмоциялық бөлінгіштік	Суық, айыптаушы ахуал Теріс эмоциялар басым Эмоциялық жабықтық (көрсетуге тиым салынған эмоциялар бар) Басқалардан өзгеше эмоциялар, ой, пікірлер құқығы жоқ (бүкіл отбасы бір жағдай бойынша бірдей эмоция сезінуі тиіс)
<i>Тұрмыстық-экономикалық қызмет</i>	
Міндеттердің теңдей бөлінуі, еңбекке қабілеттілердің барлығы қатысады Барлық тұрмыстық қызметтер атқарылады Отбасы табысының жеткілікті болуы Санитария Міндеттердің бөлінісінде келісімнің болуы	Міндеттердің бөлінісіндегі теңсіздік, еңбекке қабілеттілердің балығы бірдей қатыспайды Тұрмыстың барлық қызметтері бірдей атқарылмайды Отбасы табысының жеткіліксіздігі Антисанитария Келісімнің болмауы (диктат)

Тәрбиелік қызмет	
Отбасындағы дені сау, қалыпты сезіну Тәрбие баланың қажеттіліктеріне қарай өзгереді Еліктеуге жақсы мысалдар Тәрбиеде бақылау, жақсы көретін қамқорлық пен еркіндік үйлескен	Отбасындағы жайсыз ахуал Тәрбие жасқа байланыссыз (тым кішкентай не тым үлкен сияқты қатынас), қалыпты тәрбиенің болмауы Еліктеуге жайсыз сымалдар (отбасындағы ішімдік, отбасы мүшелерінің бірінің жайсыз мінез-құлқы және т.б.) Тек шамадан тыс бақылау, не шамадан тыс қамқорлық, не бетімен жіберу
Әлеуметтік қызмет	
Отбасы ашық әлеуметтік жүйе Әлеуметтенуде қолдау жасау (адам өзінің әлеуметтік жолын өзі таңдайды, онымен жүреді, ал отбасы қажеттілікке қарай оны қолдайды) Қиын жағдайларда қолдау көрсету	Отбасы жабық әлеуметтік жүйе (басқалармен байланыс жасамайды, не болмаса оны жоққа шығарады) Қолдаудың болмауы немесе адам үшін әлеуметтену жолын таңдау (мысалы, ата-ана баланың қайда оқу керектігін таңдайды) Қиын кездерде қолдаудың болмауы немесе жеңіл жағдайларда шамадан тыс қамқор болу
Рухани-құндылықтық қызмет	
Отбасында отбасылық, мәдени және жалпы адамгершіліктік құндылықтар қолданады. Бірінші орында жалпы адамгершіліктік, екіншісінде мәдени, үшінші орында отбасылық құндылықтар тұрады Рухани теңділік (отбасының әрбір мүшесі бірдей бағалы) Отбасының барлық мүшесі үшін бірдей шартсыз махаббат Жеке аумақ құқығы мен оны құрметтеу и Басқаның еркіндік құқығын құрметтеу Бүкіл отбасы құндылығының жекелеген мүшелерінің құндылығына қарағанда басымдылық танытуы	Отбасында құндылықтар тәрбиесі жоқ немесе құндылықтар қатаң, таңдаусыз дағдыландырылады (тым діни отбасы, тым ұлтшыл отбасы, отбасының бір мүшесінің дәріптелуі) Рухани теңсіздік (біреу бағалы, басқа біреу аз бағаланады) Шартсыз махаббат, түрлі отбасы мүшелеріне түрлі махаббат Аралас шекаралар немесе кедергілер Басқаның өз таңдау құқығына құрметсіздік Жекелеген отбасы мүшелерінің құндылығының бікүл отбасы құндылығына қарағанда басым болуы

Отбасының дисфункционалдығы әдетте баланың тіршілік ету аясының барлығына да ықпал етеді. Баланың үлгерісі нашарлайды, салдарынан бала мектепке бармай қалады, көшедегі адамдардың беделі ата-ана беделінен артады, себебі көшеде бала өзін-өзі жүзеге асыру мен танылу, дербестік, ересектік пен еркіндікке ие болады. Алайда ол еркіндік үшін бала жауап беруге қауқарсыз болады. Мұның барлығы да жеке тұлғалық аяның бұзылуына кей жағдайларда психикалық ауытқуларға алып келеді. Әрі қарай табиғи салдар яғни құқық бұзушылықтар, ішімдік пен басқа да зиянды заттарда қолдану орын алады. Ол мемлекеттік құрылымдар тарапынан яғни кәметке толмаған құрылымдар, кәметке толмаған жасөспірімдермен жұмыс істеу комиссияларының назарын аударатыны сөзсіз. Осылайша, дисфункционалды отбасы біздің қоғамымыздағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені ол кәметке толмаған жасөспірімдердің әлеуметтік бейімсізденуіне алып келеді.

Өмірдің кез-келген саласында немесе бір уақытта бірнеше әлеуметтік мәртебесі төмен деструктивті отбасылар өздеріне жүктелген функцияларды жеңе алмайды, олардың бейімделу қабілеттері айтарлықтай төмендейді, баланы Отбасылық тәрбиелеу процесі үлкен қиындықтармен, баяу, нәтижесіз жүреді.

Отбасының бұл түрі үшін әлеуметтік қызметкер мен мектептің әлеуметтік тәрбиешісінің белсенді және әдетте ұзақ мерзімді қолдауы қажет. Педагогикалық тұрғыдан дәрменсіз отбасы балаларды тәрбиелеумен айналысады, бірақ ол тәрбиеге заңсыз көзқарастармен, балалармен қарым-қатынас орнатуда дәрменсіздікпен сипатталады.

Осылайша, деструктивті отбасылармен әлеуметтік жұмыстың келесі бағыттарын бөлуге болады: диагностикалық, профилактикалық, түзету және төтенше шаралар. Отбасымен әлеуметтік жұмыс жүйесі аясында бұл қызмет тиімді болуы мүмкін. Алайда, деструктивті отбасылар әртүрлі әлеуметтік бұзылулары бар отбасыларды қамтитын күрделі Білім болып табылады. Типологияның негізін отбасы ұшырайтын деструктивті мінез-құлық түрлеріне сүйене отырып, біз келесі типологияны алдық: алкогольді теріс пайдаланатын отбасылармен жұмыс; есірткіні теріс пайдаланатын отбасылармен жұмыс; әлеуметтік емес отбасылармен жұмыс; бұзылған отбасылармен жұмыс; жанжалды отбасылармен жұмыс.

Дисфункционалды отбасыларын әлеуметтік қамсыздандыру

Социальное обеспечение дисфункциональной семьи

Social security for a dysfunctional family

Андатпа. Мақала функционалды және дисфункционалды отбасылардың арасындағы айырмашылықтар мен белгілер, отбасының атқаратын қызметтері, дисфункционалды отбасылардың пайда болу

себептері қарастырады. Дисфункционалды отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс түрлері де зерттеледі.

Аннотация. Статья рассматривает различия и признаки функциональной и дисфункциональной семьи, функции семьи, причины появления дисфункциональной семьи. Также исследованы виды социальной работы проводимые с дисфункциональной семьей.

Abstract. The article examines the differences and signs between functional and dysfunctional families, main functions of family and the reasons of appearance of dysfunctional family. The types of social work which conducting with the dysfunctional family are investigated.

Кілт сөздер: отбасы, функционалды отбасы, дисфункционалды отбасы, әлеуметтік жұмыс

Ключевые слова: семья, функциональная семья, дисфункциональная семья, социальная работа

Keywords: family, functional family, dysfunctional family, social work programs

Әдебиеттер тізімі:

1. Мукутова Ж.К., Бимендина А.Б. «Отбасынтану» курсы бойынша әдістемелік нұсқау. <ftp://37.151.21.12/Книги/213/Отбасынтану..doc>

2. Целуйко, В.М. Психология неблагополучной семьи / В.М. Целуйко. Минск: Владос-пресс, 2004. 272 с.

3. Социальная работа с ребенком и семьей: учеб. пособие для учителей, соц. педагогов и специалистов органов охраны детства / С. хессле [и др.]; под общ. ред. С. хессле. Минск: Народная асвета, 2000. 176 с.

4. Иванов А.Н. Дисфункциональные семьи: проблемы и пути решения// Вестник Башкирского университета. 2013. <https://cyberleninka.ru/article/n/disfunktsionalnye-semi-problemy-i-puti-resheniya>

5. Юричка Ю.И., Волков В.А., Мымрина Н.В. Изучение и предупреждение девиантного поведения в детском и подростковом возрасте. Москва - Уфа, 2000. 164 с.

6. Райкус С. Д., Хьюз Р. С. Социально-психологическая помощь семьям и детям группы риска. Практическое пособие. Национальный фонд защиты детей от жестокого обращения. М., 2009. 192 с.

7. Отбасы тұрмысының қолайсыздығын қалай жеңуге болады? Мамандар мен ата-аналарға қолайлы отбасы қатынастарын қалыптастыру бойынша оқу әдістемелік құралы. Астана. – 2012//<http://www.balakkk.kz/sites/default/files/upload/files/pdf>

8. М.В.Коляева Отбасын қолдау орталығы қызметкерлерінің әдістемелік құралы.- Шымкент, 2007

FTAMP 27.21.21+67.07.11

Фракталдардың заманауи сәулет және құрылыс саласында қолданылуы

**Қонысбай Акерке Қонысбайқызы,
Шайхан Бекнұр Өміржанұлы,
СТР-19-1 тобының студенттері.
Асқарова Гүлзат Шәкірбекқызы,
техника ғылымдарының кандидаты,**

Кіріспе. Соңғы кездері заманауи зерттеулер нысандар мен процестердің пішінін, жиектерін, беттерін тегістемей, олардың құрылымын және қасиеттерін негізсіз жеңілдетпестен, анағұрлым жоғары сапалы күйінде дәл әрі нақты берілуін талап етеді [1].

Фракталдар дегеніміз, кеңістіктегі бейнелері мыжылған, сынған, кейде анық емес түрде болатын күрделі құрылымдардың математикалық модельдері.

Фрактал түсінігі 70-жылдардың соңында пайда болды. Фракталдық геометрия және фракталдық графика ұғымдары бүгінде математиктер, суретшілер мен түрлі саладағы дизайнерлердің күнделікті өміріне мықтап енген дүние. Фрактал сөзі латынның "fractus" сөзінен шыққан, мағынасы «ұсақталған, сынған» дегенді білдіреді, өзіндік ұқсастық қасиеті бар математикалық жиынтық. Фрактал дегеніміз дәл немесе оның бір бөлігіне сәйкес, яғни бүтін немесе бірнеше бөліктерден тұратын құрылым [2].

Фракталдардың түрлері өте көп, атап айтқанда геометриялық, алгебралық, стохастикалық және табиғи фракталдар. Фракталдардың қандай түрі болса да сәулет және құрылыс саласында қызығушылық туғызады. Фракталдарға деген қызығушылық өз кезегінде сәулет және құрылыс саласының мамандары үшін бұрынғыдан да ерекше әсем нысандар салуға мүмкіндік жасауда. Бұл қызығушылық кеше не бүгін пайда болған жоқ [3].

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында сәулет теориясы аясында фракталдық сәулеттің ғылыми бағыты пайда болды. Дәл осы уақыттан бастап фракталдық сәулетке арналған басылымдар мен иллюстрациялар көптеп шыға бастады. Сәулет ескерткіштерінің фракталдық деңгейін есептеуге арналған зерттеулер мен эксперименттер жүргізу қолға алынды [4].

Фракталдық теория пайда болғаннан кейін оны сәулетшілер мен қала жоспарлаушылар да өз қызметінде белсенді қолданатын болды. Бүгінгі таңда фракталдық геометрияның сәулет және құрылыс дизайны үшін қолданылуы, оның ішінде қазақтың ұлттық нақыштарын пайдалану өзекті мәселе болып табылады.


Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Фракталдарды сәулетте және құрылыста қолдану маманның идеясына байланысты әр түрлі болуы ғажап

емес. Жиі қолданылатын фракталдық геометрия өзара бірдей не әр түрлі өлшемде қайталанбалы немесе мүлде қайталанбайтын және т.с.с. болып келуі мүмкін.

Фракталдардың сәулетте қолданылуы 1980 жылдардың ортасынан бері қарай зерттеле бастады. Қала ішіндегі сәулет бірнеше фракталдық құрылым ретінде жасалуы кең тарады. Фракталдарды әр түрлі масштабта жасай беруге болады, бұл өз кезегінде оларды сәулет пен құрылыста негізге алуға тиімділік көрсетеді.

Классикалық сәулетпен қатар фракталдық сәулеттің кейбір әдемі үлгілерін Еуропаның көптеген бөліктерінен, Таяу Шығыстан және Азия аумақтарынан, соның ішінде қазақстандық қалалардан да көруге болады.


Қазіргі сәулетшілер көбінесе алгоритмдердің жаңа сызбаларын жасай отырып, сапалы және күрделі фракталдық сәулет жасайды. Мұндай жобалар бір ғимарат үшін емес, бүкіл кешен, аудан және тіпті бірнеше блок үшін жасалады. Мәселен, Liverpool Insurgentes (Ресей, Мәскеу) сауда орталығы және Аустралиядағы монофункционалды «Федерация алаңы» кешенін мысалға алуға болады, сурет 1.



Сурет 1 - Бутик Liverpool Insurgentes, Мексика және Австралиядағы «Федерация алаңы»


Зерттеу барысында сәулет пен құрылысқа қазақи нақыш беру негізгі мақсат болды. Осы орайда қазақтың ою-өрнектері мен ыдыс-аяқтары, қолөнер бұйымдарының түрлерін фракталдық құрылымдарға сүйеніп, сәулет пен құрылыс салуға ыңғайлау, бейімдеу қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар. Қазақтың ою-өрнектері мен ыдыс-аяқтары және қолөнер бұйымдарында ең бастысы «сұлулық королі» симметрия және фракталдарға тән қайталану бар. Таңдап алынған нысандардың осы қасиеттерін пайдаланып, сәулет пен құрылысқа жаңаша кескін беру үшін «Autodesk AutoCAD LT-2013 (Русский-Russian)» бағдарламасы қолданылып, сызба жұмыстары жасалды, сурет 2-4.




Сурет 2 – Кәдімгі торсық түріндегі ғимараттың кескіні.

Сызба жұмыстары алдын ала зерттеп, талдау жасағаннан кейін жүргізілді. Қазіргі Дубайдағы аспанмен таласқан ғимараттар («небоскреб») көзге жағымды да «сұлу» көрінді. Қазақтың кәдімгі торсығы ойға келді, оның биіктігін орналасатын жерінің рельефіне қарай реттеуге болады деген шешім қабылданып, сызбасы жасалды. Бұл жерде торсықтың орнықтылығы мәселесін тереңірек зерттеп, ғимараттың биіктігін сәйкесінше таңдауға болады, сурет 2.



Сурет 3 – Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері және AutoCAD бағдарламасында жасалған сызба.



Сурет 4 – Құлап жатқан құмыра түріндегі ғимарат сызбасы.

Келесі зерттеу нысаны ретінде қазақтың ою-өрнектері алынды. Ою-өрнектерде фракталдық қайталанулар мен симметрия және қайталанбалы өлшемдердің бары белгілі. Осы орайда бағдарламаның таңдап алынған оюды жоғарыға қарай созуға болатын мүмкіндігі негізге алынды. Ұсынылатын ғимараттың қазақтың оюы екені тек жоғарыдан мысалы, дронмен қарағанда байқалатын болады, жерде жүргенде ол салыстырмалы түрде көп жақтаулы, көп қырлы болып көрінеді, сурет 3.

Келесі ғимарат декор түрінде қарастырылады және мұндай ғимаратты кітапхана, мұражай сияқты мәдени-көпшілік орындарына ұсынуға болады деп ескерілді. Құлап жатқан құмыра бұл көшедегі қарапайым дизайн емес, кәдімгі ғимарат ретінде қарастырылды, сурет 4.

Сәулет және құрылыс дизайнына фракталдар негізіндегі қазақи нақышта-ғы элементтерді енгізу қазіргі таңда қолға алуды қажет ететін маңызды мәселе. Маңызды мәселені жүзеге асыру үшін ғимараттың тепе-теңдігі мен өміршеңдігіне ықпал ететін құрылыс конструкцияларын тиімді пайдалану және іргетасын дұрыс жасау болып табылады.

Қорытынды. Сәулет және құрылыс индустриясын дамытуға фракталдар негізіндегі ұлттық нақыштағы ғимараттар мен ескерткіштерді салуды оқып-зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақстандық сәулет пен құрылысты дамытуда мәселені жолға қою қалалардың өзіндік ерекшеліктермен көркеюіне мүмкіндік береді.

Зерттеу өз нәтижесін беруі үшін әлі де ұсынылатын әр ғимарат үшін толыққанды инженерлік есептеулерді жүргізу және сметасын жасау жалғастырылады.

Андатпа. Фракталдық геометрияның құрылыс саласында ертеден-ақ орны бар. Дегенмен, фракталдық геометрия ХХІ ғасырдың бірінші жартысынан бастап, сәулет пен құрылыс саласына етене еніп, теория қалыптасып, практикалық жұмыстарды жүргізу зерттеулер негізінде жолға қойыла бастады.

Сәулет және құрылыс саласында фракталды геометрияға негізделген қала әсемдігіне шынайы нақыш беретін ескерткіштер мен ғимараттарға қазақи ұлттық түр беру оқып-зерттелді.

Кәдімгі торсық, ою және құмыра негізге алынған құрылыс ғимаратының сызбасы «Autodesk AutoCAD LT-2013 (Русский-Russian)» бағдарламасында сызылып, ұсынылды.

Кілт сөздер: фрактал, пішін, сәулет, құрылыс, қазақи нақыш.

Аннотация. Фрактальная геометрия имеет место в строительной отрасли с древних времен. Тем не менее, фрактальная геометрия начала налаживаться с первой половины XXI века, войдя в сферу архитектуры и строительства, сформировав теорию на основе исследований о проведении практических работ. В области архитектуры и строительства изучается придание казахского национального вида памятникам и сооружениям, придающим красоту городу, на основе фрактальной геометрии.

Чертеж строительного здания, в основу которого были включены обычная кожаная фляжка, орнамент и кувшин, был нарисован и представлен в программе «Autodesk AutoCAD LT-2013 (Русский-Russian)».

Ключевые слова: фрактал, форма, архитектура, строительство, национальные привилегии.

Abstract. Fractal geometry has been existed in the construction industry since ancient times. Nevertheless, fractal geometry began to improve from the first half of the 21st century, entering the field of architecture and construction, forming a theory based on practical work research. In the field of architecture and construction, the study of giving the Kazakh national appearance to monuments and structures that add beauty to the city, based on fractal geometry.

A drawing of a constructive building, which was based on an ordinary leather flask, an ornament and jug, was drawn and presented in the Autodesk AutoCAD LT-2013 (Russian-Russian) program.

Keywords. fractal, form, architecture, construction, national privileges.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аршава Е.А., Щелкунова Л.И., Шульгина С.С. Скрипкин Н.А. Фракталы в математике, строительстве и архитектуре //Актуальные направления научных исследований XXI века: Теория и практика. Воронежский ГЛУ им. Г.Ф. Морозова. Т.3, №8-3 (19-3), 2015. – С. 194-197.

2. Исаева В.В., Касьянов Н.В. Фрактальность природных и архитектурных форм //Вестник ДВО РАН, №5, 2006. – С. 119-127.

3. Бабич В.Н., Кремлев А.Г. О фрактальных моделях в архитектуре//Теория и практика архитектурного проектирования//<https://elima.ru/articles/?div=4&page=4&error=3>

4. Поморов С.Б., Филиппов А.А. Фракталы и их участие в архитектурном проектировании //Ползуновский Вестник, №1, 2014. – С. 141-147.

5. Николаева Е.В. Фракталы городской культуры. Монография // <http://maxima-library.org/mob/b/354661?format=read>

МРНТИ 14.25.09

"Төңкерілген сабақ" технологиясын биология пәнін оқытуда пайдалану жолдары

Құттыбай Айдана Саттарқызы
Б-17-1 оқу тобы студенті
Унгарбаева Гульшат Рамазановна

Бүгінгі таңдағы, яғни ХХІ ғасырдағы ең басты проблема мектеп оқушыларына білім беруде биологиялық үдерістердің маңызы үйретудің рөлін күрт жоғарылату деп қарастыру керек. Әрбір мұғалім оқушылардың интеллектуалды потенциалын күшейтуді, қалай іске асыруды және қазіргі өркениетке, мәдениетке сай білім беруге жұмылдыру, т.б. сияқты мәселелерге жауап беруге борышты. Биологиялық білім беруді жетілдіру үшін оның міндетін, мақсатын анықтай отырып, тіршілік жайлы ілімнің құрылымын, біртұтастығын қалыптастыру барысында теориясын, әдіснамасын, оның формасы мен әдістерінің арасындағы байланыстарды ашып көрсете білу – ең басты мақсат [1]. Осы мақсатты жүзеге асыруға "Төңкерілген сабақ" технологиясы мүмкіндік береді.

"Төңкерілген сабақ" технологиясын 2007 жылы АҚШ мектебінде алғаш өз тәжірибелерінде қолданған америкалық химия пәнінің мұғалімдері Аарон Самс пен Джонатан Бергманн. Олар сабақты көп жіберетін оқушылар үшін дәріс мазмұнын жазу арқылы эксперимент жасай бастады. Олардың тәжірибесінің негізгі идеясы оқушылардың мектепте тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмалар орындап, ал үйде сабақтың теориялық материалдарын қарастыру болып табылды [2].

"Төңкерілген сабақ" - бұл оқытудың инновациялық сценарийі, цифрлық құралдардың арқасында кең әрі танымал мүмкіндіктерге ие болды. Оның дәстүрлі сценарийден айырмашылығы - оқушы теориялық материалды сабақ басталар алдында өз бетінше меңгереді (ереже бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы: бейне дәрістер, аудиодәрістер, интерактивті материалдар және т.б.), ал сабақ уақытында проблемаларды шешуге, ынтымақтастыққа, оқушылармен өзара әрекеттесуге, білім мен дағдыларды жаңа жағдайда қолдануға бағытталған. Басқаша айтқанда

«төңкерілген сабақ» оқыту аралас оқытудың бір формасы. Бұл кезде мұғалім теориялық материалды алдын ала дайындайды немесе интернеттегі ақпарат көздерінен керегін таңдап алады, оқушы үй тапсырманың орнына сол дайын теориялық материалды өзбетінше игереді, ал сабақ уақытында бірлесіп практикалық тапсырмаларды орындайды [3].

Енді "Төңкерілген сабақ" және дәстүрлі сабақтарды салыстырып көрейік. Бұл технологияны қолданудағы басты алғышарт- білім алушылардың үй жағдайында өз бетінше оқуы екендігі 1-суреттен көрініп тұр.

Төңкерілген сабақ" технологиясы бойынша сабақ өткізу мұғалімнен үлкен дайындықты талап етеді. Н.И.Заводчикова және У.В.Плясуновалардың айтуынша "төңкерілген сабаққа" дайындық келесілерді қамтиды:


1. Тақырыпты мұқият таңдау (әсіресе бірінші «төңкерілген» сабақ үшін) және мақсатын анықтау. Мақсат тек оқушылардың үлгерімі жағынан тұжырымдалуы керек. Мақсатты оқып, түсінгеннен кейін оқушы мақсатқа қалай жетуге болатындығын өзі анықтауы керек, яғни мақсат нақты, түсінікті, өлшеулі және белгілі бір уақыт аралығында қол жетімді болуы керек.

2. Әр кезеңдегі мұғалім мен оқушының іс-әрекетін жоспарлау. Бұл жағдайда технологиялық картаны пайдалануға болады [4].


Мысалы, бір сабақта кітаптағы мәлімет бойынша оқушыға жеке өзіндік жұмысты ұйымдастыра алады, екінші сабақта материалды талдауға, жаңа білім беретін жаңа мүмкіндіктерді бағалауға, мәселелерді шешіп немесе тақырып бойынша практикалық жұмысты орындауға болады. Осындай тәсілмен оқытуда бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырайды. Бұл жағдайда алдыңғы қатарға қалыптастырушы бағалау шығады, ол тек мұғалімнің жұмыс барысын бақылап, қадағалап қана қоймай, оқушылардың тапсырманы орындағанына қарай жүйелі түрде бағалауды болжайды [5].

Біз өз тәжірибемізде С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінде "төңкерілген сабақ" технологиясын пайдаланып, сабақтар өткіздік. «Төңкерілген сабақ» технологиясын қолдана отырып, оқушылар жаңа материалды оқып үйрену үшін, өзін-өзі дайындауға арналған тапсырма ретінде оқу презентациясын немесе қандай да бір электронды білім беру ресурсын қолдану тиімді. Ол үшін біз төменде сипатталған оқу орталарын пайдаландық.

Zoom қосымшасымен сабақ өту барысында оқушылармен алдымен видеоролик айдарын тамашалап, шағын топтарда өзара талқылау жұмыстарын жүргіздік, содан соң кері байланыс жасадық. Zoom қосымшасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыларды топтарға бөліп, топтық жұмыс орындау оқушылар үшін тиімді болды себебі, сабаққа барлық оқушылар белсенділіктерін көрсетті.




1-сурет. Дәстүрлі оқыту және "Төңкерілген сабақтың" айырмашылықтары




2-сурет. Zoom қосымшасы арқылы сабақ өту барысы

Сонымен бірге сабақтар барысында оқушыларға арналған, түрлі сайттар арқылы құрастырылған тапсырмалар біріліп отырды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл




3-сурет. Wordwall қосымшасы
(Сілтемесі: <https://wordwall.net/myactivities>)




4-сурет. Оқушылардың тапсырманы орындап жіберген Wordwall тапсырма түрлері

Сонымен қатар сабақтар барысында Panopta (<https://pro.panopto.com/Panopto/Pages/Sessions/List.aspx#>) және Learningapps.org (<https://learningapps.org/create?new=71#preview>) және Playposit (https://app.playpos.it/dash/instructor/My-Bulbs/My-Bulbs?page=1&per_page=20&search=&sort=§ion_id=&bulb_id=&interaction_id=&interaction_type=&student_id=&folder_id=&subfolder_id=&lms_class=fals&lms_launch=false&lmb_bulb=&lmb_section=&breadcrumbs=%5B%7B%22text%22%3A%22My%20Bulbs%22,%22payload%22%3A%22%22%7D%5D&grade_book=%5B%5D) қосымшалары да сәтті қолданылды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл




5-сурет. Panopta қосымшасымен жұмыс



6-сурет. Learningapps.org қосымшасымен жұмыс

Тәжірибелік сабақтар барысында Proprofs (<https://www.proprofs.com/quiz-school/manage/question.php?id=3056714&qid=65492214&q=1>) сайты арқылы оқушылардың білім тексеріліп отырды.



7-сурет. Proprofs сайтымен тест тапсырмаларын орындау

Жүргізілген жұмыстарымызды қорытындылай келе "Төңкерілген сабақ" технологиясы оқушылар үшін тиімді әрі қажетті технология болды деп есептейміз. Оқушылардан алынған сауалнама нәтижелері олардың пәнге қызығушылықтары артқанын, биология пәнінің маңызын түсінгенін көрсетті.

Андатпа

Мақаланың мақсаты – төңкерілген сабақ технологиясын биология пәнін оқытуда пайдалануды зерттеу, оның тиімді тұстарын анықтап, оқушылардың биология пәніне қызығушылығын арттырудағы маңызын анықтау. Мақалада "Төңкерілген сабақ" технологиясын биология пәнін оқытуда пайдалануға арналған тәжірибе сабақтарында қолданылған әдістер сипатталады.

Аннотация

Цель статьи – изучение использования технологии "Перевернутый урок" в преподавании биологии и выявление эффективных методов, повышающие интерес учащихся к биологии. В статье описываются методы, которые были использованы в организации опытной работы по применению технологии "Перевернутый урок" в обучении биологии.

Annotation

The purpose of the article is to study the use of the "Inverted Lesson" technology in teaching biology and to identify effective methods that increase students' interest in biology. The article describes the methods that were used in the organization of experimental work on the application of the technology "Inverted lesson" in teaching biology.

Кілт сөздер: "төңкерілген сабақ", дәстүрлі сабақ, биологияны оқыту, оқу ортасы, қосымшалар

Ключевые слова: "перевернутый урок", традиционный урок, изучение биологии, учебная среда, приложения

Keywords: "inverted lesson", traditional lesson, biology study, learning environment, applications

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері: оқу құралы / Н.Т. Торманов, С.Т. Төлеуханов, Н.Т. Абылайханова, Б.И. Уршеева. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 281 б.

2. Воробьев А.Е, Мурзаева А.К. Анализ особенностей применения технологии «Перевернутого обучения» в экономических вузах / F/T/Воробьев, А.К. Мурзаева // Открытое образование. 2018. №2.

3. Жигалова А. В. «Перевернутое обучение» как одна из новых моделей обучения и особенности мотивации студентов при его использовании // Сборник научных трудов [Текст]: материалы всерос. науч.-практ.конф. Ухта : Изд-во Ухтинск. гос. техн. ун-та, 2016. С. 252-255

4. Заводчикова Н.И., Плясунова У.В. Использование модели организации обучения «Перевернутый класс» в курсе дисциплины «Методика обучения и воспитания в области информатики» // Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. 2016, № 1. -С. 139–146.

5. Ермишина Е.Б. Использование «перевернутого обучения» при изучении дисциплины «История экономики» // В сборнике: Электронная информационно-образовательная среда вуза как фактор повышения качества учебного процесса. Южный институт менеджмента, 2015. -С. 22–27.

ҒТАМР (МРНТИ) 31.27+87.4

Жаңақорған емдік балшығының химиялық қасиетін зерттеу

**Құдайберген Ақмарал Нұртайқызы,
Әбілсейіт Ақбота Әбілсейітқызы
ХБ-19-1 оқу тобының студенттері,
Еспенбетова Шолпан Омаровна
техника ғылымдарының кандидаты**

Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап осы ұстанымды басшылыққа алып келеді. Қоғамның денсаулығы бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру жолындағы басты тірек.

Қазақстан Республикасының кең байтақ территориясында ерекше физико-географиялық және геологиялық жағдайлары емдік бағыттағы әр түрлі факторлармен таралған. Емдік сауықтыру орындары халықтың ұлттық игілігі болып табылады. Олар халықтың демалуы мен емделуіне арналған және де қатаң түрде қорғауға алынған табиғи объектілері мен өзіндік ерекшеліктері бар аймақ болып келеді. Соның бірі - Жаңақорған емдік шипажайы.

Шипажай балшығымен көптеген ауруларды емдейді, соның ішінде сүйек-буын аурулары: полиартрит, артрит, артрозоартрит, остеохондроз, ревматоидты полиартрит, бруцеллезді полиартрит және т.б. Сонымен қатар минералды сумен де емдеу жүргізіледі: асқазан, бауыр, ішек, өт жолдары аурулары: созылмалы гастриттің барлық түрі, колит, дуоденит, гепатит, холесистит, өт жолдары ауруларын емдейді[1-3].

Косметикалық мақсаттарда емдік балшық пайдаланылады. Нәтижесінде, қан айналымын жақсартады, терідегі алмасу және терінің қартаю процесін баяулатады, майда әжімдерді тегістеп, тазартады және бет терісінің тыныс алуы күшейеді.

Осыған орай Теріс көлінің суына және емдік балшығына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ол үшін Теріс көлінің жағалауынан емдік балшық кен орынындарынан бір-бірінен 100 метр қашықтықта аралығында 8 әр түрлі тереңдіктен пелоидтардың және көл суынан 8 сынама алынды.

Талдау жұмыстары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институты «Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми білім беру орталығы» ғылыми зертханасында жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары барысында шипажай емдік балшығының құрамы мен қасиетінің көрсеткіштері анықталды [1-кесте].

1-кесте – Жаңақорған емдік балшықтардың қасиеті мен құрамының көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Норматив бойынша (болған жағдайда) % дейін	Іс жүзінде табылғаны
1	Түсі, иісі, құрылымы		Батпақтың түсі қара, бетін сұр түсті қабыршық жылдам басады, жақсы жағылады, қою құрылымы біркелкі, иісі жоқ
2	180°С H ₂ O ылғалдылығы, %	37-70	26,15
3	Диаметрі > 0,25 мм үлкен түйіршіктермен ластануы, %	< 3	0,76
4	Ластанудың сипаттамасы		Тұз кристалдары, өсімдік қалдықтары
5	Қозғалысқа қарсылығы дин/см ³	1500-2000	12060
6	Қыздырғанда жоғалтуы (900°С), %		12,99
7	Жылу сыйымдылығы, кал/г. град	0,400-ден кем емес	0,847
8	Көлемді салмағы, г/дм ³	1,2-1,6	1,90
9	СО ₂ жалпы мөлшері, %		3,62
10	Сутектік көрсеткіштері, рН		6,91
11	H ₂ S жалпы мөлшері, %		0,14

Зертханалық талдау нәтижелері бойынша Жаңақорған ауданындағы Теріс көлінің пелоидтары құрамы жағынан сульфатты-натрийлі-магнийлі-кальцийлі тұнбалық емдік балшықтарға жатады.

2-кесте-Жаңақорған ауданындағы Теріс көлінің емдік балшықтың орташа иондық құрамы

№	Анықталатын химиялық заттардың сипаттамасы, өлшем бірлігі	Зерттеу нәтижесі бойынша іс жүзінде табылғаны	Зерттеудің нормативті құжаттары
1	Магнийдің массалық үлесі %	3,5	ГОСТ 26428-85
2	Кальцийдің массалық үлесі, г/т	4,75	ГОСТ 26428-85
3	Барийдің массалық үлесі, г/т	0,016	ГОСТ 5382-91
4	Қорғасынның массалық үлесі, %	табылмады	СТ РК ИСО 11047-2008, метод А
5	Мырыштың массалық үлесі, %	табылмады	СТ РК ИСО 11047-2008, метод А
6	Мыстың массалық үлесі, %	0,0014	СТ РК ИСО 11047-2008, метод А
7	Хромның массалық үлесі, %	0,005	СТ РК ИСО 11047-2008, метод А
8	Хлорид ионының массалық үлесі, %	1,44	ГОСТ 26425-85
9	Карбонат ионының массалық үлесі, %	0,17	ГОСТ 26424-85
10	Натрийдің массалық үлесі, %	3,0	ГОСТ 26427-85
11	Калийдің массалық үлесі, %	0,66	ГОСТ 26427-85
12	Сульфат ионының массалық үлесі, %	3,9	ГОСТ 26426-85

Жаңақорған емдік балшықтардың қасиеті мен құрамының көрсеткіштерін анықтау барысында батпақтың ластану сипаттамасы, жылу сыйымдылығы, рН мәні және т.б. көрсеткіштері анықталды. Алынған нәтижелер бойынша балшықтың түсі қара, қою құрылымы біркелкі, иісі жоқ және ластанудың сипаттамасы өсімдік қалдықтары мен тұз кристалдарынан тұрады.

Жаңақорған емдік балшығына жасалған зертханалық талдау деректері бойынша құрамы жағынан сульфатты-натрилі-магнилі-кальцилі тұнбалық балшықтарға жатады [2-кесте]. Кестенің деректеріне жасалған талдаулар құрамында магнийдің (3,5%), кальцийдің (4,75%), натрий (3,0%), сульфаттың (3,9%) үлестері барий, мыс, хром, хлоридтің үлесіне қарағанда біршама жоғары екенін көрсетті.

Емдік балшықтың негізгі бөлігін тұз кристалдары бар силикатты, гипсты, кальцитті, доломитті, фосфоритті материалдардан, кейде органикалық заттардың сынықтарынан тұратын ірі түйіршікті қаңқасы құрайды. Балшыққа қара түс беретін темірдің гидросульфиті коллоидының маңызы зор.

Минералдану шамасы мен тұздардың саны балшық ерітіндісінің иондық құрамына тәуелді болады. Су тұздарының негізгі массасын алты ионның ішінде үш анион (Cl^- , SO_4^{2-} және HCO_3^-) және үш катион (Na^+ , Mg^{2+} , Ca^{2+}) құрайды. Балшық ерітіндісінің әрекеті (рН) химиялық құрамына және емдік балшықта жүретін биологиялық үрдістердің сипатына байланысты болады.

Көл суының минералдануына біз өзіміз анықтаған үлгілерде шөккен магний, кальций және сульфаттың үлесі басым болуымен ерекшеленетін тұз қабаттары әсер етеді Қазіргі кезде көптеген елдерде адам ағзасын емдік балшықтармен емдеу қолға алынған. Олар өздерінің құрамы, қасиеттері және түсі жағынан бір-бірінен өзгешеленіп тұрады. Әдетте балшықтың түсі оның химиялық құрамына байланысты болады.

Алынған нәтижелер зерттелген балшықтың химиялық құрамы магний, кальций, натрий, барий, мыс, хром иондарының және сульфаттың үлестері басым екендігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған үлгінің емдік балшықтың сапасын бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін және емдік мақсатқа пайдалануға болатынын көрсетті.

Аңдатпа

Бұл мақалада Жаңақорған емдік балшығының химиялық құрамы зерттелді. Балшықтың емдік қасиеті оның тікелей химиялық құрамына байланысты екені белгілі болды. Жаңақорған емдік балшығына жасалған зертханалық талдау деректері бойынша құрамы жағынан сульфатты-натрилі-магнийлі-кальцилі тұнбалық балшықтарға жататыны анықталды.

Исследование химических свойств жанакогганской лечебной грязи

Аннотация

В данной статье изучен химический состав Жанакогганской лечебной грязи. Оказалось, что целебные свойства глины зависят непосредственно от ее химического состава. По результатам лабораторного анализа Жанакогганской лечебной грязи относится к сульфатно-натриево-магнилово-кальциловым грезям.

Research of chemical properties of Zhanakorgan therapeutic mud

Abstract

In this article, the chemical composition of Zhanakorgan therapeutic mud is studied. It turned out that the healing properties of clay depend directly on its chemical composition. According to the results of laboratory analysis, Zhanakorgan therapeutic mud belongs to the sulfate-sodium-magnesium-calcium mud.

Қолданылатын дереккөздер тізімі

1. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Жаңақорған_шипажайы

2. Ж.С., Айтуаров Т.К., Жеваго В.С. Подземные минеральные воды Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1984. – С. 85-93.

3. Патсаев, Ә.К. Бейорганикалық химия пәнінен тәжірибелік-зертханалық сабақтарына қолданба : Оқу-әдістемелік құрал / Патсаев, Ә.К., Дәуренбеков Қ.Н. - Шымкент : Б.и., 2006. - 200 с39

4. Л.Г.Гольдфейль Описание курортов и некоторых лечебных местностей Казахской ССР. – М.: Мысль 1971. – С. 38-46.;

5. Қазақ энциклопедиясы, I-X том. 2010 ж.

Киімде қолданылатын ұлттық ою-өрнек түрлері және олардың композициялық шешімі

Студент: **Құрмаш А.Ж.**
Қошқарова Ш.З.

КІРІСПЕ

Ғылыми жобаның өзектілігі: Еліміз өз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғалы бері ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызға, мәдениетімізге, халқымыздың қолөнеріне және ұлттық киімдерімізге аса көңіл бөлініп, ата-баба мұрасын еш өзгертпестен сол бағзы қалпында сақтауға және оны әрі қарай да заман талабына сай жетілдіріп, дамытуға күш жұмсалуда.

Өздеріңіз білетіндей, әрбір ұлтты өзге ұлт өкілдерінен ерекшелейтін көптеген құндылықтар бар. Солардың бірі және бірегейі ретінде ұлттық құндылықтарды атап өткім келеді. Ол дегеніміз - ең алдымен, сол халықтың тілі, діні, әдебиеті, салт-дәстүрлері, өнері мен мәдениеті. Мәдениет демекші, ұлттық құндылықтардың қатарына киім кию мәдениетінің де жататынын естен шығармағанымыз жөн. Енді осы тақырып төңірегінде толығырақ сөз қозғасақ дейміз.

Бүгінгі таңда кез келген киім түріне ою-өрнектер салынады. Дегенмен кейбір ою-өрнектер киімге өздерінің негізгі мән-мағынасына, қолданылу аясына сай салынбайды. Мұндай киімдердегі ою-өрнектер өзінің композициялық шешімін дұрыс таппайды. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарамай, оны зерттеуді жөн санадық.

Жобаның мақсаты: Киімде қолданылатын ұлттық ою-өрнек түрлерін зерттеу, олардың мән-мағынасына тереңінен үңілу, киімде ою-өрнектердің композициялық шешімін дұрыс таба білу.

Жобаның міндеттері:

- Киімде қолданылатын ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру;

- Ою-өрнектерді киім бөліктеріне дұрыс орналастыру жайлы ақпарат беру;
- Киімде қолданылатын ою-өрнектердің бояулары мен түстерінен сыр шерту.

Киім-адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі. Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуына байланысты. Ол белгілі бір дәрежеде адамдардың жас айырмашылығы, әлеуметтік жағдайы мен этникалық ортасы туралы мағлұмат бере алады, оған қоса өндірістік күштердің тарихи кезеңдерде дамуын, климаттық жағдайды, халықтың ұлттық ерекшелігін, оның әсемдікке деген талғамын да көрсетеді.

Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра. Оны зерттеу арқылы біз өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен қатар, халықтың хал-ахуалынан да жан-жақты хабар ала аламыз[1].

Қазақ халқының киімі өзгелерден ерекше өзіндік қасиетке ие. Неге десеңіз, оның практикалық қызметін айтпағанда, эстетикалық қызметінің өзі аса жоғары бағаланады. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің бірден-бір ерекшелігі - ұлттық ою-өрнектеріміздің сан алуан әсем түрлерінің киімге көздің жауын аларлықтай сән беруінде.

Адамзат қоғамы дамып, заманымыз алға ілгерілеген сайын қолөнердің біраз түрі бәз-баяғы қалпын өзгертіп, жаңа әдіс тауып, жаңаша түрге ие болды. Дегенмен сол тамыры терең ұлттық сән өнері үлгілерінің кейбірі әлі де қолданыста бар, әрі олар өздерінің дәстүрлі түр-формасын, қасиетін жоғалтқан жоқ.

Қазақ халқының ұлттық келбетін айқындап, бейнелейтін өнер түрі, сонымен қатар ұлтымыздың мәдени асыл қазынасының бір саласы – ою-өрнек.

«Ою-өрнек» дегеніміз – өзара үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар. Ол латынның «ornament», яғни әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. «Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластыру, қандай да бір бұйымның бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатыр. Қазақ халқы көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан олар көбінесе «ою-өрнек» деп қосарланып айтыла береді[2].

Оюды оймас бұрын арнайы тақырып таңдай білу керек. Ою-өрнекті сапалы әрі жақсы етіп жасау үшін, ең алдымен, оған пайдаланатын материалды дұрыс таңдау қажет. Содан соң оның заттың бетіне қалай

түсетінін және орналасатынын, бір сөзбен айтқанда, оюдың ырғағы мен мөлшерін нақты жобалап алу керек. Негізінен, оюдың жақсы шығуы оны оюшының ой ұшқырлығы мен шеберлігіне, оюды ретін келтіріп үйлестіре білуіне байланысты болып келеді. Жалпы, ою-өрнектердің қайсыбірін алып қарасаңыз да ол - адам ойының жемісі.

Ою-өрнек өзара қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы қажет. Себебі ара жігі бадырайып, үйлеспей, олпы-солпы болып көрінетін ою өзіндік сәні мен сұлулығын, үйлесімін, тіпті, мазмұнын жоғалтуы да әбден мүмкін.

Көрнекті қолөнер шебері, ұлттық ою-өрнектің хас майталманы, оюшы Шөптібай Байділдаұлы айтқандай: «Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Пайдалану орнын шатастырмай нақ тауып, орын-орнына қоя білген. Қазіргі уақыттағыдай бас киімге салатын оюды балаққа, балаққа салатын оюды жағаға салмаған. Жарасымын, пайдалану орнын тапқан ою-өрнек алғаш қарағаннан көңілге қуаныш, жүрекке жылылық, сәндікке құмарлық беріп, өзіне тартқан, көздің жауын алған. Жалпы ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемділігіне жеткізе білуі керек».

Оюдың басты шарты: симметрия, тепе-теңдік, дәлме-дәлдік, тұп-туралық, біркелкілік, сәйкестік, үйлесім, сәнділік, көзге әсем көріну, көңілге жылы тию. Ал өрнектер ою заңына бағына бермейді, еркін жүйемен жасалды, симметрия, тепе-теңдік сақталмайды[3].

1. Киімде қолданылатын ұлттық ою-өрнектер

1.1 Ою-өрнектердің символдық мәні

Қазақтың ою-өрнек өнерін ғылыми негізде зерттеу ісімен мамандар көптен бері шұғылданып келеді. Еліміздің этнограф-тарихшылары мен өнер зерттеушілері дайындаған еңбектерінде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректер жинады. Тарихи мұраларды құрастыру нәтижесінде қазақ оюларының негізін құрайтын 200-ден астам ою элементтерінің атаулары анықталған. Көп жағдайда ою элементтерінің аты материалдық дүниедегі жан-жануарлардың дене мүсіндеріне қарай, өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтарының сыртқы бейнелеріне қарай немесе геометриялық фигуралардың жаратылу ерекшеліктеріне қарай аталып келген[4].

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар. Ол-үнемі қолданыста болып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра ретінде қалып, өз жалғасын тауып, әрі қарай да заман талабына сай дамып келе жатқан өнер түрі.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасырлар аралығында Алтай өңірінен Қара теңіз төскейіне дейінгі сайын даланы қоныстанған түркі

халықтарының түп аталары – байырғы Сақтар – әлем мәдениетінде өнердің өшпес асыл мұраларын, өнер жарықтарын қалдырған.

Дана халқымыз молшылықты – дария мен теңізге, бәйтерекке теңеген. Сұлуды – ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, сұқсырдың мойнына, алмаға, қарақатқа теңесе, батырды – арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Әсемдікті аңқұстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою-өрнекке түсіріп, оны әрі қарай дамытты.

Өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақ ою-өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген қорытынды бар:

Біріншісі - қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары.

Екіншісі – басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан.

Үшіншісі – уақытқа қарай бейімделу.

Ертедегі қазақ ою-өрнегі мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

- 1) Мал өсіру мен аңшылық
- 2) Жер – су, көшу – қону
- 3) Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады.

Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. Басы қошқар мүйіз түрінен бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, ара жігі әртүрлі ою-өрнектермен толыға келе, үлкен күрделі ою түрі шығады. «Қошқармүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. Қошқар мүйіз оюымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес, бітпес оюлар салынады [3].



Қошқар мүйіз



Түйетабан



Ит құйрық өрнегі

«Қошқармүйіз» оюынан бөлек, «түйетабан» оюы да байлық пен молшылықтың, амандық пен саулықтың символы ретінде белгілі. Ол-түйенің басқан ізін бейнелейтін ою-өрнек. Бұл ою-өрнекті киімнің алдыңғы бойына өзіндік ерекше бір үйлесіммен салады. Сонымен қатар, «түйетабан оюы»-алыс сапардың да нышаны. Жібек жолы сауда заманында бұл оюды саудагерлердің шапанына салған.

«Омыртқа» - малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл өрнек мал шаруашылығына байланысты туындаған. Ол-қайраттылық пен ерліктің символы. Омыртқа өрнегі көбіне ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады.

«Тасбақа оюы» - мәңгіліктің символы. Бұл ою батырдың, ханның киіміне, жауырынына, қалқанына салынатын болған.

Әр оюдың өзіндік мәні мен мағынасы бар. Мысалы, бас киімдерге ешқашан да «ит құйрық» деп аталатын өрнекті салмаған. Оның мәніне тереңірек үңілер болсақ, оның астарында «дұшпаның кеуденнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Сондықтан да «ит құйрық» өрнегін «дұшпаның кеуденнен төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдардың шалбарының жырық балағына салған. Сонымен бірге итті жеті қазынаның бірі деп санап, оның шаршап-шалдықпайтын қасиеті мен қагілез, сап болатын ерекшелігін ескеріп, «ит құйрық» өрнегін ұзақ сапарға шығатын адамның киімі мен қару-жарағына да жігер, қайрат берсін деген тілекпен салған.

Халқымыз арқар мүйіз, таңдай, гүл тәрізді оюларды көбінесе әйелдер киімінің жағасына, жеңіне, қалтасына салатын болған.

Гүл оюларының өзінен-ақ халқымыздың даналығын аңғаруымызға болады. Неге десеңіз, гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы бірлікті, елдің ынтымақты болуын меңзейді.

Негізінен, қыз балалардың көйлегіне, бешпентіне, сырт киімдеріне гүл тәрізді, өсімдік тектес немесе қанатты қарлығаш сияқты өрнектер салынса, ал ер балалардың киіміне батыр, алғыр болсын деген ниетпен найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер салынған.


1.2 Киімде қолданылатын ою-өрнектердің мән-мағынасы, қолданылу аясы

Қазақ халқының ұлттық киімдерінде әртүрлі ою-өрнек түрлерін кездестіруге болады. Алайда сол ою-өрнектердің әрқайсысының киімде алатын өзіндік орны мен мән-мағынасының бар екенін қаперде ұстауымыз қажет. Сондықтан бұл тақырып бойынша да біраз ақпарат беріп өтуді жөн деп санаймыз.

Жалпы, қазақ халқының ою-өрнектері үлкен төрт топқа бөлінеді. Олар: зооморфтық ою-өрнектер, өсімдік тектес, геометриялық және космогониялық ою-өрнектер. Бұл төрт топ та өз ішінде әр түрлі ою-өрнектерді қамтиды. Қазақ халқының ұлттық киімдерінен көбінесе зооморфтық және өсімдік тектес ою-өрнектерді көптеп кездестіруге болады. Ендігі кезекте киімде қолданылатын ою-өрнектерге тоқталсақ:

«Балдақ» – ерлер шалбарының балағына, белдікке, тонның өңірлеріне, жаға мен кимешек жақтарына түсірілетін судың толқыны сынды өрнек.

«Қармақ» – бұл өрнек «пәле–жаладан сақта, арман – мақсатыңа бөгетсіз жет» деген тілекпен негізінен киімнің өңірлеріне салынады[5].



«Қосмүйіз» - қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін бейнелейтін өрнек. Кей кездері «ырғақ» немесе «ілмек» деп аталатын оюларды да «қосмүйіз» деп те атайды. Бұл өрнекті сәукелеге, айыр қалпақтың төбесі мен шетіне, қамзолдың алдыңғы бойына, етіктің қонышына салады.

«Арқармүйіз» ою-өрнегі қойдың мүйізін бейнелейді. Ол қошқар мүйізге ұқсағанымен де оның тармағы қошқар мүйізге қарағанда көбірек болып келеді. Сондай-ақ бұл өрнекті кестелерде, киім-кешектің жағасында, жеңінде және қалталарында кездестіруге болады.



«Гүл» - гүл өсімдігінің барлық түрлерін тұспалдайтын ою-өрнек. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақты ою-өрнектен басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Оны киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.

«Ботакөз» - әшекейлі композициясының ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп, шетін көмкеретін жиектеме түзейтін ою. Сырт пішіні ботаның көзіндей дөңгеленген ромбқа ұқсайтын геометриялық ою-өрнек. Бұл орамалдың шетін көмкеретін жиектеме түзейді.

«Таңдай» - малдың таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан, диагональ тәрізді өрнек. «Таңдай» өрнегі киімдердің жағасына, кимешектің жақтауына салынады.

«Жылан», «жыланбас» - жыланның бас сүйегіне ұқсас, жыланның бейнесін тұспалдайтын ою-өрнек. Ол көбінесе балалардың тақиясына «көз тимесін» деген ниетпен тағылады.

«Шетою» - шексіздікке ұласатын ою-өрнек. Неге десеңіз, мұнда өрнектің бір элементі шексіз қайталана береді. «Шетою» өрнегін өзінің аты айтып тұрғандай, киім-кешектердің шетіне (мысалы, көйлектердің етегіне) салған.



*Таңдай
ою-өрнегі*



*Жылан, жыланбас
ою-өрнегі*



Шетою



*Ирек, ирексу
өрнектері*

«Ирек», «Ирексу» өрнектерін әйелдер қамзолы мен бешпентіне, ерлер тақиясы мен шапанының жиектеріне салған.

«Ирек өрнегі» көбінесе етіктің қонышы, шалбардың балағы сияқты бұйымдарға түсіріледі, бұл пәле– жаладан қорғайтын тұмар тәрізді мағынасы бар оюдың түрі[5].

«Жапырақ» - жапырақша жайылып, жасарсын, ашық жарқын, әрі мейірімді болсын деген тілекпен әйелдер киіміне салынатын өрнек.

«Үш жапырақ» - қырмызы атқан көркем гүлдің үш құлақ болып ашылған жапырағы оның қасиетін арттырып тұратынын ескеріп, гүлдей құлпырып, өз қасиетінді сақта, өзінді аяла, абайла деген мағынаны бере отырып, әйелдердің шапаны мен күртесіне салынатын өрнек.



Жапырақ



Үш жапырақ



Жауқазын

«Жауқазын» - көктем белгісін білдіргендіктен халқымыз жауқазындай құлпырып, бүршік жарсын деп мұндай өрнекті шыт, тақия, орамалға салған. Жастар бұл киімдерді бір-біріне сыйға ұсынған. Мұнысы «жаңа жылың құтты болсын» деген мағынаны білдірген[6].

Мінекей, өздеріңіз байқағандай, әрбір ою-өрнектің өзіндік ерекшелігі, мән-мағынасы, қолданылу аясы бар. Сондықтан ою-өрнектермен жұмыс жасаған кезде аса сақ болып, қырағылық таныта білуіміз қажет.

«Nomad» этноорталығының этнографы, қолөнер шебері Бұлбұл Кәпқызы өзінің кезекті бір сұхбатында айтқандай: «Әрбір ою-өрнек мағынасына, бедерінің үйлесімділігіне сай қолданылады. Мысалы, қыз баланың көйлегіне құстың қанаты іспетті, ал бөркіне, сәукелесіне құс тұмсық тәрізді оюларды бейнелейді. Себебі ұзатылған қыз жат жұртта құстай еркін болсын деген мағына береді. Жалпы қыздардың киіміне еркіндіктің символы болатын оюларды салып отырған. Ал ұл балалардың киіміне, әсіресе бас киіміне тау тектес оюларды салған. Себебі еркін даланың ерке ұлдары әрқашан биік, асқақ болсын деген ұғым бар. Сонымен қатар, далада жүргенде аман жүрсін деген тілек осы ою арқылы берілген»[7].

1.3 Киімде қолданылатын ұлттық ою-өрнектердің бояулары мен түстері

Қандай да бір бұйымға ою-өрнекті шебер орналастыра білген қолөнершілеріміз сол ою-өрнектерге бояу түрлерін пайдалануды да жетік меңгерген. Көбінесе, халқымыздың ою-өрнектеріндегі басым түс ақ пен қара болып келеді. Себебі бұл түстердегі өрнектер ою-өрнектің шешімін тапқан ең жарасымды түрі болып есептеледі.

Шеберлер қолөнерге пайдаланылатын бояуларды өздері-ақ қолдан жасап алған. Оларға әр түрлі қоспаларды қосып, табиғатта жиі кездесетін және сол күйінде пайдалануға жарай беретін ақ, сары, көк, қызыл және қара топырақтар, түрлі түсті жосалар (сары, көк, қызыл), ағашты, теріні, қайысты бояуға жұмсаған. Сол секілді төрт түлік малдың қанын, қара бауыры мен көк бауырын да бояу ретінде пайдаланған. Көк тікеннің бүрі, мойыл, долана, қарақат, бүлдірген, итмұрын және тағы басқа да осылар тәрізді түрлі жемістердің шырыны да даяр тұрған бояу десе болғандай еді. Халық шеберлері шие жемістерін, әр түрлі өсімдіктерді, олардың қабықтары мен тамырларын қайнатып бояу жасау әдісін көп қолданған. Мысалы, талдың, теректің, қарағайдың, еменнің, алма, анар, жүзім және өрік ағаштарының қабықтарынан қызыл, сары, күрең, қошқыл түсті бояулар қайнатқан. Қына (жер қынасы, тас бетінің қынасы), «томарбояу» дейтін қурай мен тобылғының тамырларын қайнатып та бояу жасаған. Қабықтарды күздігүні жинап қол диірменге тартып не келіге түйіп ұнтақтап қайнатады. Шеберлер, қайнауына қарай, бояуынан арылған ұнтақтарды сүзіп алып тастап, қалған сұйықты одан әрі қайната беру арқылы оны қоюландырған, кейде порошок түріне келтірген. Мұндай қайнатынды бояуға ашудас, мұсатыр, тотияйын, тұз, қарағайдың шайырын қосатын. Сол сияқты қара күйе, ыс, құрым, өріктің, жаңғақтың сүйектері мен бидайдың, арпаның күйіктерінен де бояу жасаған. Бұларды бірімен-бірін қоспалау арқылы әр түсті бояулар жасалады. Бояулар сіңімді әрі оңбас үшін ермен, көкпек, итсигек, қара жусан сияқты ащы шөптердің тұндырмасын, құрттың сарысуын, кейде май қосатын болған[8].

Жалпы, әр түстің өзіндік мән-мағынасы болады. Мысалы, халқымыз көк түспен жасалған қандай да бір бұйымды аяқ астына төсеменген. Неге десеңіз, көк түс көк Тәңіріні, сондай-ақ аспан әлемін меңзейді деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан да қазақ халқы көк түстен жасалған затты киелі деп санаған. Қызыл түс – оттың, күннің символы саналса, ақ түс - ақиқаттың, қуаныш пен шаттықтың, бақыттың, пәктік пен тазалықтың белгісі ретінде саналған. Сары түс – ақыл-парасаттың, даналықтың, мұнның символы болса, ал қара түс – жердің символы. Жасыл түс-жастықтың, жасыл әлемнің, жаймашуақ көктемнің символы деп есептелген. Осы орайда, ескерте кететін бір жайт, әрбір шебер немесе оюшы оюдың түр-түсін өз талғамына, ойлау

қабілетіне, өзіндік наным-сеніміне қарай іріктеуі де мүмкін. Дегенмен, ою-өрнектерге арнайылап таңдалған түстердің де ою-өрнектердің мән-мағынасына тікелей әсер ететінін естен шығармағанымыз абзал. Сол үшін де ою-өрнектер мен түстердің өзіндік мән-мағынасын жоғалтпай, қандай да бір бұйыммен өзара үйлесімін дәл таба білуін қадағалау өте маңызды.

1.4 Киімде қолданылатын ою-өрнек түрлерінің композициялық шешімі

Ою-өрнек әрқашан заттың өлшемі мен формасына сай құрылады. Халық шеберлері күрделі композицияларды үлкен және кіші жазықтықтарда асқан шеберлікпен орналастыра білген.

«Композиция» сөзі латын тілінен аударғанда «compositio» - ойлап шығару, құрастыру, біріктіру деген мағынаны білдіреді. Ал ою-өрнектердің композициясын құрастыру дегеніміз ою-өрнектерді белгілі бір заттың немесе қандай да бір бұйымның (мысалы, киім-кешек) бетіне реттеп орналастыру деген ұғымды береді.

Қазақтың ұлттық киімдерін дайындауда белгілі бір аралықта қайталанып отыратын орнаменттік композиция жиі қолданылады. Орнаментті таңдауда оның орналасу орнын және ішкі басқа ою-өрнектермен сәйкес келуін ескеру қажет. Мұнда орнамент түрлері киім бөлшектерінің формасына байланысты болады. Киімнің тікбұрышты бөлшегіне тікбұрышты ою-өрнек сәйкес келсе, дөңгелек және симметриялы емес үлкен формалы бөлшектеріне дөңгелек формалы ою-өрнектер салынады. Бұл өрнектер дайындалатын киімнің жиектік сызықтарын анық көрсетеді. Ою-өрнектің барлық элементтері әр түрлі мотивтерде қолданылады және бір жерден басқа жерге жеңіл түрде көшіріледі[9].

Қазіргі уақытта кейбір ою элементтері өздерінің бастапқы мәнін жойып, жаңаша мағынаға ие болуда. Дей тұрғанмен де, бұл дегеніміз ою-өрнек өзіндік құнын жойды деген сөз емес, керісінше, ою-өрнектердің жаңа өмірге лайық, заманға сай жаңа бағыт, жаңа өріс тапқандығының белгісі іспеттес.

Қазақтың ою-өрнек өнерінде кездесетін әртүрлі саздағы (мотивтегі) элементтер көп ғасырлар бойы сұрыпталудан өтіп, әр шебердің өзінше өзгеріс ендіруінің арқасында бір түрден екінші түрге ауысып отырған. Ою жасаушылардың творчестволық еңбегінің арқасында зооморфты саз өсімдіктер тектес сазға, геометриялық саздағы элементтер – зооморфты немесе өсімдіктер тектес сазға т.с.с. ауысып отырған. Бұл жағдай қазақ ою-өрнек өнерінде бірнеше элементтермен-ақ шахматтағыдай мыңдаған түрлі композициялық варианттарды жасауға болатындығының дәлелі.

Сонымен қатар қазақтың ою-өрнек элементтерінің керемет икемділік ерекшелігі де бар. Бір композицияның ішінде әртүрлі саздағы бірнеше

элементтер бір-бірімен тұтаса бірігіп, бір бүтін аяқталған ою композициясын құрайды.

Қазақ оюлары бойына пластикалық үйлесім заңын да толық сіңіре білген. Ою композициясын құру теориясын жақсы білген шеберлер бір жазықтықтың бетіне бірнеше оюларды қабаттап салу арқылы да өте күрделі біртұтас ою шығара алады. Әр оюдың сүйегі өзіне тән түрге боялып, бір-бірінен қалған жазықтықтағы бос орынды жалпы композициясының статикалық теңдігін бұзбастан толтырады. Мұндай күрделі оюларды қазақтар «шытырман» оюлар дейді. Себебі, әр оюдың элементтері өздерінің орнына қарай бірде біреуінің астынан өтсе, екінші жағдайда үстінен басып өтеді де күрделі шытырман сияқты ою композициясын құрады[4].

Ою-өрнек және оның элементтері симметриялық қалыпты ұстайтыны белгілі, соған сәйкес симметриялық элементтер бір-бірімен қосыла отырып, симметриялық композиция құрады. Осыған байланысты, ұлттық өрнектерді орналастыру киімнің жалпы композициясын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін белгілі бір заңдылықтарды қажет етеді. Бұдан киім формасы мен орнаменттің композициялық сипаты бір-бірімен байланысты екені тұжырымдалады. Ол көркемдік өңдеу мен композициялық шешімнің тұтастығы есебінен туындайды[9].

(Суреттер Шөптібай Байділдаұлының «Қазақтың ою-өрнектері» атты кітабынан алынды)

Оюлардың бояуының да өз сыры болады. Ашық, анық емес түспен боялған болса, құпия жазу екенін аңғара аласыз. Ою композициясына сай көк – аспан түсі; ақ – шындық символы; сары – даналық, адамгершілік, мұң белгісі; жасыл – жастық пен көктемнің белгісі. Ою-өрнектерді салған кезде түстердің бір-біріне сәйкес келуі жіті қадағаланады.

Оюлар симметрия заңымен қатар, бір немесе бірнеше элементтің қайталау ритмін сақтайды. Мысалы, «қошқар мүйіз» элементінен қошқар мүйізінің бірнеше рет қайталанғанын көреміз. Егер, «қошқар мүйіз» бестен көп, шексіз қайталанса – «шетой» жиекті ою-өрнек деп аталады[10].

2-суреттегі 1-үлгіге назар аударсақ, ең алдымен, алдыңғы бойына ою-өрнек салынған қамзолға көзіміз түсері анық. Ұлттық нақышта жасалған көйлегіміз нәзіктікті бейнелеу мақсатында алқызыл түстен тігілсе, ал қамзол жастық шақты білдіру мақсатында жасыл түсті барқыт матасынан тігілген. Мұндағы қошқар мүйіз оюынан бастау алып, түйе табан оюымен өзара жалғасын тапқан даналықты меңзейтін сары түсті өрнегіміз қамзолдың алдыңғы бойына ерекше сән беріп, киімде өз үйлесімін орнымен тапқан.

2-үлгіде жас қыздарға арналған заманауи, ұлттық нақыштағы көк түсті көйлек бейнеленген. Бұл көйлектің бір ерекшелігі мұндағы өрнек асимметриялық бағытта орналасқан. Қыз бала бойындағы нәзіктікті, даналықты білдіру мақсатында көйлекке өсімдік тектес өрнек салынған.



1 сурет. Киім түрлеріне лайықты ою-өрнектер



2-сурет. Д-18-1 оқу тобының студенті Құрмаш Айгерім орындаған ұлттық нақыштағы көйлектердің үлгілері

3-үлгіде қыз-келіншектерге арналған етегінде үш қатар қатпарланған желбіршектері бар жібек матасынан тігілген қызыл түсті көйлек бейнеленген. Көйлектің алдыңғы бойына қошқар мүйіз оюының стилизацияланған өрнегі салынса, көйлектің белдігі мен жеңіне ақыл-парасаттың, молшылықтың символы болып саналатын қошқар мүйіз өрнегінің нақ өзі салынған.

4-үлгіде алдыңғы бойына қошқар мүйіз оюының стилизацияланған үлгідегі өрнегі салынған жасыл түсті көйлек бейнеленген. Бұл көйлектегі өрнек те көйлектің жағасы, манжеті мен етегінің түсіне сай сары түспен бейнеленген.

5-үлгідегі көйлектің өзі де өрнектері де нәзіктікті бейнелеу мақсатында алқызыл түске боялған. Мұндағы өрнек «шетою» өрнегі үлгісінде көйлектің алдыңғы бойына, жеңіне және етегіне ерекше үйлесіммен орналасқан.

Қорытынды

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін көп жылдардан бері қазақтың ою үлгілерін жасаумен, оларды жүйелеу ісімен шұғылданып жүрген зерттеуші-шебер Әбдікерім Нұрпейісовтың керемет сөздерімен түйіндегім келеді. «Ата-бабамыздың қалдырған бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық жауап беретін туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терең астасқан сайын, оның өрбіп өскен жапырақты бұтақтары да жаңа заманның рухынан нәр алып, сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайықты мазмұн мен мағына беруі тиіс. Демек, әр өнер шеберінің қолынан шыққан туынды ата-бабадан қалған мәдени мол мұрадан нәр алып, жаңа өмірдің жаңа талабына сай жаңаша жырлауы керек. Қай мамандықтың

зерттеушісі болмасын, ескі тарихи мұралардың негізіне сүйенбесе, оның еңбегі де, туындылары да іргетассыз салынған үймен тең, ондай туындының өмірі ұзақ болуы мүмкін емес. Бұл жағдай мамандықтың қай саласы болмасын, барлығына бірдей қойылатын қатаң да заңды талап, бұл талапты мүлтіксіз орындау – мамандарымыздың баршасының қасиетті борышы болса керек»[4].

Қорыта айтқанда, біздер тек ұлттық киімдеріміздің пішімі мен тігілу әдісіне ғана ерекше көңіл бөліп қана қоймай, онда қолданылатын ою-өрнектеріміздің де мән-мағынасына тереңірек үңіліп, оның шығу тарихы мен өзіндік пайдаланылу аясына да зер салуымыз қажет. Сонда ғана біздің ұлттық киімдеріміз өзінің сәні мен жоғары сапасын жоғалтпайды. Ал композициялық шешімі келіскен шебер туынды кез келген талғампаз, сұлулыққа жаны құмар, өнер сүйер қауымның көңілінен шықпай қоймайтыны сөзсіз!

Бұрынғылар: «Ең әдемі киім - ұлтыңның киімі» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан біздер өз ұлтымызды өзге ұлттардан ерекше етіп көрсететін ұлттық киімдерімізді қастерлеп, құрмет тұтуымыз қажет. Ұлттық киім әрбір шаңырақтың төрінде ғана ілулі тұрмай, айтулы мерекелерде, маңызды жиындарда да, тіпті, күнделікті тұрмыста да киілуі қажет!

Осы тұста өзіміздің алып-қосар ұсынысымызды айтып өткенді жөн көреміз. Ұлттық киімдер, сонымен қатар онда қолданылатын ұлттық ою-өрнектер жайлы, ең әуелі, мектеп жасындағы балаларға жете түсіндіріп, олардың ұлттық киімдерімізге, ою-өрнектерімізге деген қызығушылығын оятуымыз қажет. Себебі ұлтымыздың болашақ тарихы өскелең жас ұрпақтың қолында. Өскелең ұрпаққа көз жүгірте отырып қана, біз өз еліміздің, өз ұлтымыздың болашағының қандай боларын айқын біле аламыз. Сондықтан жас ұрпақ өзіміздің ұлттық киімдерімізге, ондағы ою-өрнектерімізді киімге дұрыс орналастыруға қызығушылық танытып, осы тақырып төңірегінде тереңірек зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оны ауқымды түрде қалың көпшілікке насихаттаса дейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National clothes of Kazakh people. /Құраст. Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 бет, суретті.
2. Әбдіғабарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (*Оқу құралы*).- Алматы; Өнер, 1999ж., 152 бет.
3. Байділдаұлы Шөптібай. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Альбом (1-кітап). Алматы: «Өнер», 2006. – 160 бет.
4. Нұрпейісов Ә. Қазақ халқының ою-өрнегі. Орнаменты казахского народа – Алматы: Өнер, 2002 – 160 бет.
5. https://el.kz/amp/news/archive/grafikalny_-rnekter/

6. https://el.kz/news/archive/kosmogoniyaly_-rnek_t-rleri/
7. <https://baq.kz/news/othernews/bulbul%20kapqyzy/>
8. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың_ұлттық_ою-өрнегі
9. Қошқарова Ш.З. Ұлттық киімді компьютер техникасымен көркемдік өңдеу арқылы жоғары сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беру жолдары (Мақала)
10. <https://egemen.kz/article/128930-qazaq-oyuynda-qanday-syr-bar>

ҒТАМР(МРНТИ)

«Анықталған интегралды жуықтап есептеуде қолдану»

Мақаш Айсұлу Түгелбекқызы
МИ-20-1 оқу тобының студенті,
Ибраева Анар Абдукаримовна
п.ғ.м.,аға оқытушы

1.Кіріспе.

Сандық интегралды есептеу - математикада жиі қолданылатын тақырып. Бірқатар шұғыл физикалық және техникалық мәселелерді шешу кезінде антидифференциалды элементар функциялармен көрсетілмеген функциялардың белгілі бір интегралдары кездеседі. Сонымен қатар, қосымшаларда интегралдарының өзі қарапайым емес, белгілі интегралдармен жұмыс істеу керек. Бұл анықталған интегралдарды есептеудің жуықталған әдістерін қолдану қажеттілігіне әкеледі.

Жұмыс мақсаты:

Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, белгілі бір функцияның интегралын есептеу және олардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін тексеру.

Осы мақсатқа жету үшін маған келесі тапсырмаларды орындау қажет болды:

- әдебиеттер мен ақпараттық материалдарды талдау;
- Әр түрлі орталарда интегралдарды есептеу бағдарламаларын құру;
- Microsoft Office Excel 2007 және TurboPascal бағдарламалау ортасын қолдану арқылы мәліметтерді өңдеу (компьютерлік тәжірибе);

➤ Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларды талдау.

Жұмыста қолданылған әдістер:

- модельдеу әдісі
- интегралдарды есептеудің аналитикалық және бағдарламалық құралдарын салыстырмалы талдау әдісі
- бақылау әдісі

2. MSOffice көмегімен интегралды есептеу.

Интегралдарды тіктөртбұрыш әдісімен немесе «қолмен» есептеу үшін көп уақыт кетеді, ал интегралдардың жуықмәндері дәл мәнімен бірдей болмайды, себебі өрескел дөңгелектеу қолданылады. Интегралды тезірек және дәлірек есептеу үшін компьютердің техникалық мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Компьютерде интегралдарды есептеудің бірінші әдісі ретінде мен интегралды есептеу әдісін MS Office Excel 2007 кеңсе редакторын таңдадым. Осы бағдарламамен жұмыс жасағанда тіктөртбұрыш әдісі қолданылды. Әдістің мына түрде түсіндіруге болады: интегралдың жуық мәні тіктөртбұрыштардың аудандарының қосындысына тең, мұндағы тіктөртбұрыштың табаны кейбір кіші мәнге (дәлдікке) тең, ал биіктігі жоғарғы табанның қиылысу нүктесімен анықталатын тіктөртбұрыш, оны функция графигі ортасынан қиып өтуі керек.

2.1. Turbo Pascal программалау ортасында интегралдарды есептеу әдістері.


Компьютерді қолдану арқылы интегралды есептеудің бірі ретінде Turbo Pascal бағдарламалау ортасында интегралдарды есептеу әдісін таңдадым. Мұнда осы бағдарламалау ортасын пайдаланып, интегралдарды есептеудің екі нұсқасы - Симпсон әдісі және трапеция әдісі қарастырылды.

$F(x)$ функциясының интегралын жуықтап есептеу үшін, ең көп тарағаны интегралды ақырлы қосындыға ауыстыруға негізделген, жуықтау

интегралдау әдістері қолданылады. $\int_a^b y dx$ -ді есептеу үшін $a(x_0)$ -ден $b(x_n)$ -ге дейінгі аралық n тең бөлікке бөлінеді, ал бөлу нүктелері үшін $x_0, x_1, x_2, x_3, \dots, x_{n-1}, x_n$ интегралданатын функцияның мәндері есептеледі. Сонан соң жуықталған интегралдау формуласы қолданылады.

Трапеция формуласы:

$$\int_a^b y dx \approx \frac{h}{2} (y_0 + 2y_1 + 2y_2 + \dots + 2y_{n-1} + y_n)$$



Симпсон формуласы:

$[A, b]$ кесіндісін $n = 2m$ тең бөліктердің жұп санына бөл. $[x_0, x_1]$ және $[x_1, x_2]$ алғашқы екі сегменттеріне сәйкес келетін қисық сызықты трапецияның ауданы үш нүктеден өтетін параболамен шектелген қисық сызықты (параболаны) трапецияның ауданымен ауыстырылады. $M(x_0, y_0)$, $M_1(x_1, y_1)$, $M_2(x_2, y_2)$ және оське ие, Ll осі.

Паралланың осімен теңдеуі ll Оу формасы бар

$$y = A_x * x + B_x + C.$$

A , B және C коэффициенттері үш нүктемен анықталады.

Осындай параболаларды басқа жұп сегменттер үшін де саламыз. Параболалық трапецияның аудандарының қосындысы интегралдың жуық мәнін береді.

Симпсон формуласы:

$$\int_a^b f(x)dx \approx \frac{b-a}{6m} [y_0 + y_{2m} + 2(y_2 + y_4 + \dots + y_{2m-2}) + 4(y_1 + y_3 + \dots + y_{2m-1})].$$

3. Практикалық зерттеу.

Интегралдарды есептеудің таңдалған әдістерін зерттеу кезінде интегралдаудың аналитикалық әдісі зерттелді, TurboPascal бағдарламалау ортасында берілген функцияның интегралын кез-келген интервалда есептеуге мүмкіндік беретін бағдарламалар құрылды. MS Office Excel-де интеграция әдісі де зерттелді.

3.1. Аналитикалық жолмен интегралдарды табу.

$$\int_1^5 x e^{x^2} dx \text{ интегралын есептейміз}$$

Жалпы есептеу әдістерін қолдану: айнымалыларды өзгерту және бөліктер бойынша интегралдау.

$$\int_1^5 x e^{x^2} dx = \left| \begin{array}{l} \text{Замена: } t = x^2, \\ dt = 2x dx \Rightarrow dx = \frac{dt}{2x} \end{array} \right| = \int_1^5 \frac{x e^t dt}{2x} = \left| \begin{array}{l} \text{Новые пределы} \\ \text{интегрирования:} \\ t_1 = 1^2, t_2 = 5^2 \end{array} \right| = \frac{1}{2} \int_1^{25} e^t dt = \frac{1}{2} (e^{25} - e^1)$$

3.2. MS Office Excel-де интегралдау.

Тіктөртбұрыштар әдісі бойынша анықталған интегралды табу үшін $f(x)$ интегралының мәндерін $x = 0,1$ берілген қадаммен $x [2; 5]$ ауқымындағы Excel жұмыс парағына енгізу керек.

1. Бос жұмыс парағын ашылады.

2. Мәліметтер кестесін құрылады (x және $f(x)$). Бірінші бағанға x , ал екіншісіне сәйкес көрсеткіштер $f(x)$ болсын. Ол үшін $A1$ ұяшығына аргумент

сөзін, ал В1 ұяшығына Функция сөзін енгізу қажет. Аргументтің бірінші мәні А2 ұяшығына енгізіледі - диапазонның сол жақ шекарасы (2). Аргументтің екінші мәні А3 ұяшығына енгізіледі - ауқымның сол жақ шекарасы және құрылыс қадамы (2,1). Содан кейін, А2: А3 ұяшықтарының блогын таңдап, аргументтің барлық мәндерін автоматты түрде арқылы алуға болады (блоктың төменгі оң жақ бұрышына біз А32 ұяшығына дейін, $x = 5$ мәніне дейін созылады). Әрі қарай интегралдың мәндері енгізіледі. В2 ұяшығына оның тендеуін жазып қою керек. Ол үшін кесте курсоры В2 ұяшығына орналастырылып, пернетақтадан $= A2 * EXP (A2 * A2)$ формуласы енгізілу керек. Enter пернесі басылады. В2 ұяшығында 4 пайда болады. Енді функцияны В2 ұяшығынан көшіру керек. Автотолтыру осы формуланы В2: В32 ауқымына көшіру қажет.

Нәтижесінде интегралды табу үшін мәліметтер кестесі алу керек.

3. Енді В33 ұяшығында интегралдың жуықталған мәнін табуға болады. Ол үшін В33 ұяшығына $= 0,1 *$ формуласы енгізіліп, Функциялар шеберін шақыру керек (инструменттер тақтасындағы Функцияны кірістіру ($f(x)$) батырмасы басылады. Функциялар шебері-пайда болған 2 диалог терезесінің 1-қадамы), сол жақта, Санат өрісінде Математикалық тармағын таңдалады, Функция өрісінде оң жақта - Қосу функциясы. ОК батырмасын басу керек. Қосынды диалогтық терезесі пайда болады. Жұмыс өрісінде тышқанмен В2 қосындысы енгізіледі. : В31. ОК батырмасын басқанда ізделінді интегралдың жуық мәні В33 ұяшығында пайда болады.

Скриншот выполнения (Приложение 1)

3.3. Турбо Паскальда интегралдарды есептеу.

Turbo Pascal бағдарламалау ортасында интегралдарды есептеуге арналған екі бағдарламаны қарастырайық.

3.3.1. Симпсон әдісі.

Текст программы:

```
programsimp;  
var i,k,m:integer;  
var a,b,c,h,s,s1,x:real;  
begin  
writeln('Введите пределы интегрирования через пробел');  
readln(a,b);  
writeln('введите кол-во отрезков');  
readln(k);  
x:=a; c:=1; s:=0;  
h:=(b-a)/k;  
m:=k-1;  
for i:=1 to m do  
begin  
x:=x+h;
```

```
s:=s+(3+c)*x*exp(x*x);
c:=-c;
end;
s1:=a*exp(a*a)+b*exp(b*b);
s:=h*(s1+s)/3;
writeln('искомоезначениеравно ', s:9:10);
readln;
end.
```

Скриншот выполнения (Приложение 2)

3.3.2. Метод трапеций.

Текстпрограммы:

```
program trapesi9;
var i,n:integer;
var a,b,x,h,y1,yn,yk,s:real;
begin
writeln('Введите пределы интегрирования');
readln(a,b);
writeln('введите число отрезков');
readln(n);
h:=(b-a)/n;
y1:=0;
x:=a;
for i:=1 to n-1 do
begin
x:=x+h;
y1:=y1+x*exp(x*x);
end;
yn:=a*exp(a*a);
yk:=b*exp(b*b);
s:=((yn+yk)/2+y1)*h;
writeln('искмое значение равно 's:9:10);
readln;
end.
```

Скриншот выполнения (Приложение 3).

3.4. Нәтижелерді салыстырмалы талдау.

Бұл бөлімде $\int_1^5 xe^{x^2} dx$ функциясының жуық интегралдау мәселесі

Симпсон және трапеция әдісі, электрондық кесте процессоры ортасында және аналитикалық әдіспен шешілген.

Жұмыс барысында есепті шешудің алгоритмдері жасалды. Осы алгоритмдерге сәйкес Turbo Pascal 7.0. бағдарламалар құрастырылды және түзетілді. Тестілеу барысында трапеция әдісі мен Симпсон әдісі алынды, бұл екі әдіс бойынша интеграция нәтижелерінің жеткілікті дәлдікпен сәйкес келетіндігін көрсетті. Жалғыз байқалатын айырмашылық - интервалдардың жуықтау сапасы.

Бағдарламалар толығымен жұмыс істейді, бұл тест нәтижелерімен расталады.

3.5. Python программасында интегралды есептеу

Біз қазіргі таңда программалау сабағында осы python программасында есеп шығарып жүргендіктен, анықталған интегралды да python программасына салып шығарып көруді жөн көрдім.

Скриншот выполнения (Приложение 4)

4. Қорытынды.

Жұмыс барысында анықталған интегралдарды есептеудің келесі әдістері әзірленді - Microsoft Office Excel 2007 бағдарламасында Turbo Pascal бағдарламалау ортасын қолдана отырып.

Жұмыс барысында интегралдарды есептеу кезінде компьютерді қолдану аналитикалық әдіске қарағанда едәуір артық деген қорытындыға келді. Паскаль тілінде бағдарламаны қолданғанда интегралды табу уақыты айтарлықтай қысқарады және алынған мәнің дәлдігі артады. Компьютерді интеграцияда қолдану сонымен қатар аргументтің әр түрлі мәндері үшін функция мәнінің өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Компьютер қолданылатын әдістердің мәні мынада: бұл әдіс кез-келген функция үшін интегралды есептеуге мүмкіндік береді, бұл аналитикалық әдіспен интегралдау кезінде мүмкін емес.

Интегралдарды жоғары дәлдікпен есептеу мәселесін қарастырылған бағдарламалардың көмегімен шешуге болады деп есептеймін, яғни қойылған тапсырмалар орындалды, гипотеза расталды.

Іске асыру процесінде Turbo Pascal бағдарламалау тілі мен компьютерлік ақпаратты өңдеудің заманауи технологияларын қолдана отырып бағдарламаны құрудағы практикалық дағдылар, сондай-ақ мәтіндік құжаттама жасау дағдылары бекітілді.

Приложение 1

B23		fx =A23*EXP(A23*A23)		
	A	B	C	D
16	2,4	761,6359894		
17	2,5	1295,032062		
18	2,6	2242,869709		
19	2,7	3957,040882		
20	2,8	7112,573535		
21	2,9	13026,10548		
22	3	24309,25178		
23	3,1	46230,82727		
24	3,2	89603,60296		
25	3,3	177003,0899		
26	3,4	356388,0455		
27	3,5	731434,511		
28	3,6	1530238,013		
29	3,7	3263571,872		
30	3,8	7095710,942		
31	3,9	15728368,54		
32	4	35544442,08		
33	4,1	81898151,12		
34	4,2	192399505,4		
35	4,3	460864680,3		
36	4,4	1125625301		
37	4,5	2803339990		
38	4,6	7119165166		
39	4,7	18435841394		
40	4,8	48683982812		
41	4,9	1,31101E+11		
42	5	3,60024E+11		
43		Искомое значение:	36002449669	
44				

Лист1 Лист2 Лист3

Готово

5.Ұсыныстар.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді алгебра сабақтарында және анализдің бастамаларында «Интегралды есептеу» тақырыбын қосымша материал ретінде оқығанда пайдалануға болады.

Осы жұмыста қарастырылған әдістер бойынша интегралдарды есептеудің дәлдігін нақты көрсету үшін болашақта интегралдарды объектіге бағытталған ортада әртүрлі тәсілдермен есептеуге арналған калькулятор бағдарламасын құру жоспарлануда, мысалы, Lazarus немесе Visual Basic.

Приложение 2 (Метод Симпсона)

```
G:\tp7\BIN\TURBO.EXE
Turbo Pascal Version 7.0 Copyright (c) 1983,92 Borland International
BBEDUTE nPeDeJIbI uHтеррорВаHu9
1
5
BBEDUTE 4ucJIo oГре3кoB
100000
36002449560.9375000000
-
```

Приложение 3 (Метод трапеций)

```
G:\tp7\BIN\TURBO.EXE
Turbo Pascal Version 7.0 Copyright (c) 1983,92 Borland International
BBEDUTE nPeDeJIbI uHтеррорВаHu9
1
5
BBEDUTE 4ucJIo oГре3кoB
100000
36002498524.5625000000
-
```

```
File Edit Format Run Options Window Help
from math import sin,pi
f=lambda x: x*sin(x)
a=0
b=pi/2
n=5
h=(b-a)/n
S=0.5*(f(a)+f(b))
for i in range(1,n):
    S+=f(a+i*h)
integral=h*S
print('integral=%F' %integral)
```

```
File Edit Shell Debug Options Window Help
Python 3.7.2 (tags/v3.7.2:9a3ffc0492, Dec 23 2018, 22:20:52) [MSC v.1916 32 bit
(Intel)] on win32
Type "help", "copyright", "credits" or "license()" for more information.
>>>
===== RESTART: C:\Users\Admin\Documents\aiisu.py =====
integral=1.008265
>>>
```

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Мордкович А.Г. и др. Учебник Алгебра и начала математического анализа. 11 класс. - Москва.: Мнемозина, 2008. – 286 с.
2. Веденева Е.А. Функции и формулы Excel 2007. Библиотека пользователя. -СПб.: Питер, 2008. -384 с.
3. Ушаков Д.М., Юркова Т.А. Паскаль для школьников – СПб.: Питер, 2010. - 256 с.
4. Ю. Федоренко Алгоритмы и программы на TurboPascal. Учебный курс – СПб.: Питер, 2010. – 2001. – 240 с.
5. Тухватов М.Б. ЛЕКЦИИ ПО МАТЕМАТИКЕ для поступающих в вузы и самообразования. Уфа: БГАУ. 1995, 640 с.
6. Самарский А.А, Гулин А.В. Численные методы.М.:Наука,1989. – 430 с.

Ресурсы сети интернет

- [1].<http://ru.math.wikia.com/wiki/%D0%98%D0%BD%D1%82%D0%B5%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BB>
- [2].<http://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D1%82%D0%B5%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BB>

ҒТАМР (МРНТИ) 31.01. 45

Интербелсенді әдістерді қолдану тиімділігі

Маханбетжан Мақпал Бақытжанқызы

X-17-1 п/я оқу тобының студенті,

Балықбаева Гүлжан Төлепбергенқызы

химия ғылымдарының кандидаты

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасы, қабілеттік деңгейі, іскерлік мүмкіндігімен анықталады. Адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін айқындап отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында өз бағытын таңдау қиынға түсіп отыр. Сондықтан, оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, дәстүрлі сарыннан тежелуді талап етеді. Сол себепті, бірінші орынға қарым-қатынас жасауда сұхбаттық әдістерді, өзектілікті бірлесіп іздеп шешуді, шығармашылық әрекетті және тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды қажет етеді.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі - «интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту [1].

Оқушылардың нақты жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың сол сабақтан не біледі?, нені ойлайды? деген сұрақтар негізінде танымын оята отырып, түсінуге және рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс.

Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосып, оқу материалдарын меңгереді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін өзара алмасу арқылы жүргізеді. Бірлескен іс-әрекеттер жаңа білім алуға мүмкіндік бере отырып, таным әрекетінің дамуына оң әсер етеді [2].

Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу

танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады [1-3]. Мұғалім дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді оқудың айырмашылықтары мынандай:

- белсенділік (физикалық, әлеуметтік, танымдық);
- бастамашылдық (әрекеттердің бағытталуы);
- тәжірибеге негізделу және әрекеттесу (игеріліп жатқан тәжірибемен тікелей байланыс жасау);
- кері байланыс;
- проблемаларды шешу;
- ұжым (команда) құрамында жұмыс жасау дағдыларын иемдену.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен ерекшелігі:

- оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен,
- мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде.

Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. [4-6].

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Қазіргі таңда оқушылардың ынтасын, әр тақырып бойынша материалдарды игеруге бейімділігі мен біліктілігін арттыруда үш кезеңдік құрылымды интербелсенді оқыту әдістерін қолдану жоғары нәтижеге қол жеткізуде. Себебі; оқушылар өзінің ерекшелігін, мүмкіндігін үнемі есте ұстай отырып,

«Проблеманы айқындау», «Проблеманы шешу», «Проблема шешімін қолдану» кезеңдерінде білім алуудағы икемділігі мен ептілігін айқындайды [1-2].

Әртүрлі интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану негізінде студенттің қызығушылығын оята отырып, әр тақырыптың ерекшелігін ұғындыруға, оны есте сақтауға қалыптастыруға болады [2-3].

I. «Проблеманы айқындау» кезеңі

Мұғалім сабақтың мақсаттарын, негізгі идеяларын, сұрақтары мен түсініктерін нақты айқындап, оларды оқушыларға ұсынады, сабақ соңында оқушылардың өз мақсаттарына жету тұрғысынан талдап, оны бағалайтындығын ескертеді.

- **оқушыларға тапсырма.** Сабақ басында қарастырылатын тақырып (сұрақ, ақпарат) бойынша қандай ойлары мен пікірлері, игеруге қиындық туғызатын қандай проблемалары бар екендігін сұрақ қою немесе тапсырма беру арқылы анықтайды.

Әрі қарай сабақта оқушылар айқындаған проблемалар мен сұрақтар қарастырылады. Бұл жерде басты назарды маңызды және күрделі мәселелерге аударып, жекелеген проблемаларды оқушылардың өздері шешуге ұмтылдырады.

II. «Проблеманы шешу» кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде мұғалім оқушылар топтарына өздері айқындаған және таңдап алған проблемалар бойынша мәтін ұсынады. Қағазға басылған тақырыпқа сай мәтіні оқушыларға таратылып беріліп, оның бөлімдер бойынша оқылатындығы ескертіледі.

III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі

Сабақтың бұл кезеңінде мұғалім оқушылардың өздерінің қандай білім алғандарын айқындап, өздерінің жаңа біліміне баға беру процесін ұйымдастырады, сабақтан кейін жаңа білімді өздігімен толықтыру мен жетілдіру ісімен қалайша айналысатындығы туралы ойларымен бөлісуге шақырады.

- **Кері байланыс (Жеке пікірлер).** Мұғалім талқылаудан кейін 1-2 топ спикерлерінің өз ойларын тыңдайды.

- **Бағалау.** Оқушылардың сабақта қалайша жұмыс жасағандығын білу және олардың алған білімдерін анықтау мақсатында мұғалім оларға жекелей эссе жазу жұмысын орындауды тапсырады. Мұғалім жазба жұмыстарын тексеру үшін жинап алады немесе олардың портфолиоға көрініс табу керектігін ескертеді.

Андатпа

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының өзіндік ойлау қабілетін дамытып және жетілдіруге болады, өз ойын нақты және тұжырымды баяндауға үйренеді. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі

жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған оқушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

Эффективность применения интерактивных методов Effectiveness of using interactive methods

Аннотация

В настоящее время в ходе учебных занятий с помощью интерактивных методов обучения и интерактивных средств можно развивать и совершенствовать собственное мышление учителя, ученика, учиться излагать свои мысли четко и концептуально. Поэтому в учебно-воспитательном процессе постоянно рационально использовать возможности новых средств обучения и обучать его наших учеников-главная задача каждого педагога.

Annotation

Currently, in the course of training sessions, using interactive teaching methods and interactive tools, you can develop and improve your own thinking of the teacher, student, learn to express your thoughts clearly and conceptually. Therefore, in the educational process, it is the main task of every teacher to constantly rationally use the possibilities of new learning tools and train our students.

Кілт сөздер: интербелсенді, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт»

Ключевые слова: интерактивный, метод "мозгового штурма«, исследования, деловые игры, ролевые игры," инсерт»

Keywords: interactive, brainstorming method, research, business games, role-playing games, " insert»

Қолданылатын дереккөздер тізімі

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы: «Жедел басу баспаханасы», 2009. – 328 б.

2. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе. – Алматы: «Қазақ университеті», 2005

3. Л.В.Карташова, Т.В.Никонова. Методические указания к применению в учебном процессе активных методов обучения. М.: Изд-во Рос. экон. акад., 1998.

4. Панфилова А.П. Игротехнический менеджмент. Интерактивные технологии для обучения и организационного развития. Учебное пособие. – СПб: ИВЭСЭП, «Знание», 2003.- 536 с.

5. Пугачев В.П. Тесты, деловые игры, тренинги в управлении персоналом.- М.: Аспект- пресс, 2003.

6. Ю.Г.Одегов, Т.В.Никонова, Д.К.Балаханова; Под ред. М.Н. Кулапова. Управление персоналом. Практикум: конкретные ситуации. М.: Экзамен, 2003.

7. Одегов Ю.Г. Управление персоналом. Практикум: ролевые и деловые игры 2003

FTAMP 06.39.41

GR-менеджмент: ұйымның мемлекетпен өзара әрекеттестігін басқару құралы ретінде

Молдашова Мира

ГМУ-19-1п/я оқу тобы

Берикболова Улжан Доскалиевна

Экономика ғылымдарының магистрі

Мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық ұйымдар арасындағы тиімді коммуникациясыз экономикалық және қоғамдық прогресс жүзеге асырылмайды. Билік пен бизнес арасындағы диалог - GR-коммуникация PR-коммуникацияның бір түрі ретінде тұрақты дамудың тиісті құрамдас бөлігі мен қоғамдық, мемлекеттік және корпоративтік мақсаттарды үйлестірудің маңызды механизмі болып табылады. Жариялылық, айқындық, заңды бұл GR-коммуникацияның негізгі ерекшеліктері және де ол «көлеңкелі», «жеке», «нүктелі» сынды әрекеттер тән лоббизмнің дәстүрлі технологияларынан біршама бөлек болып табылады [1].

Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдар мен бизнес-қауымдастықтың өзара әрекеттестігі мынадай құралдар көмегімен іске асырылады:

- қаржылық бағдарламаларды өңдеу мен жүзеге асырудағы несиелік-қаржылық өзара әрекеттестік (салықтық жеңілдіктер, несиелер, субсидиялар, салықтық преференциялар, кепілдемелер және т.б.);

- өзара әрекеттестіктің байқаулық әдістері (мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарлар мен қызметтер жеткізу немесе мемлекеттік сатып алулар);

- мемлекеттің кей функцияларын бизнес-құрылымға берудегі аутсорсинг, оның нәтижесінде салалық емес және артық функцияларды орындаудан мемлекет босатылады;

- мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) әлеуметтік маңызды инфрақұрылымдық жобалар үшін бюджеттен тыс қаржы көздерін тарту мақсатында мемлекеттік және жеке секторлардың ынтымақтастығының ерекше түрі;

- аумақтың өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуетін дамыту, өндірістік секторға инвестиция тарту мақсатында құрылатын және аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың арнайы режимі әрекет ететін ерекше экономикалық аймақтар;

- оқшауланған аймақ түріндегі технопарктер, онда ғылыми, өндірістік, қызмет көрсетуші және көліктік-логистикалық кәсіпорындар біріктіріледі, технопарктердің қызмет ету нәтижесінде мемлекет оны табысты дамыту үшін құқықтық және экономикалық шарттарды құрады, ал бизнес қаржылық пен технологиялық ресурстармен қамтамасыз етеді [2].

Кез-келген кәсіпкер билік өкілдерімен өзара әрекеттесе отырып (рұқсат алу, меншікті басқару бойынша келісім-шарт рәсімдеу, салық органдарына тіркелу, тексеру органдарымен өзара әрекеттесу және т.б.) көптеген түрлі мемлекеттік органдардың ықпалына түседі (кесте 1).

Кесте – 1. Бизнесінің ағымдағы жағдайы тәуелді билік органдары

Билік органының атауы	Функциялары
Мемлекеттік кірістер комитеті	ҚР алық және алымдар туралы заңнамасының сақталуын бақылау және қадағалау, заңды тұлғаларды құру, қайта құру мен жоюды тіркеу; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауға міндетті талаптарын белгілеу және бекіту; салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру және т.б.
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті	Еңбек заңнамасы мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау
Табиғи монополияларды реттеу комитеті	Монополияға қарсы заңнаманың және мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау
Мамандандырылған сот органдары	Экономикалық қызмет саласындағы таластарды шешу
ҚР Прокуратурасы	Заңдардың орындалуы, тексерулерді жүргізу, соттардың істерді қарауына бақылау жүргізу

Билік пен бизнестің өзара қатынастарның даму деңгейі мемлекетте орнатылған ресми және бейресми ойын ережелерімен сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, экономикалық қызметті тиімді заңнамалық реттеудің дамуы, билік пен экономикалық қауымдастықтың өзара әрекеттесу рәсімінің дамуы, әрекет етуші дәстүрлер, құқықтық нормалардың іс жүзінде пайдаланылу ерекшеліктері, мұның барлығы да аталған өзара қатынастардың қазіргі жағдайын анықтайды [3].

Қазақстандағы билік пен бизнестің тиімді өзара әрекеттестігі компания қызметінің табыстылығының маңызды факторларының бірі болып табылады. Бизнесінің дамуының күрделілігі тек мемлекеттің экономикадағы шектен тыс орнымен, қазіргі мемлекеттік басқарудағы және экономикадағы кейбір қиыншылықтармен ғана емес, сонымен бірге компаниялардың билік органдарымен тиімсіз жұмыс атқаруымен де байланысты болып отыр [4].

Қазіргі күні Government Relations, қандай да бір дәрежеде мемлекеттік реттеу ықпалына түсетін кез-келген бизнестің құрамдас бөлігі бола отырып, сұранысқа ие қызмет түріне айналып отыр. Заманауи қоғамның міндетті бір

бөлігі болатын коммерциялық емес ұйымдардың дамуы мемлекет пен аталған ұйымдардың өзара әрекеттестігінің жетілуімен тікелей байланысты.

GR-қызметке қатысты негізгі түсініктердің жеткілікті деңгейде өңделмеуі сынды мәселе бар. Сонымен қатар GR түсініктік алаңын айқындау да өзекті күйінде қалып отыр [5].

Әдебиеттерге шолу жасау негізінде, GR анықтамасын PR бір түрі деп атауға негіз жасауға болады. Жалпы алғанда, PR және GR тарихы мен заманауи тәжірибесі PR мен GR американдық штаттардың тәуелсіздігіне күрес тарихымен байланысты ағылшындық-американдық дәстүрмен тығыз байланысты. АҚШ-тың 18-ші президенті У.Грант, Азаматтық соғыс батыры министрлер және сенаторлармен бірге кеш сайын бір қонақ үйдің дәлізіне (lobby ағылшын тілінде) түсіп, сайлаушылардың мемлекеттік саясатқа қатысты өтініштері мен тілектерін тыңдайдтын болған. Егер сайлаушылардың тілектері орынды болса, оны ескеретін болған, алайда бұл тәжірибеде сыбайлас жемқорлық нышандары болды. Тек XIX ғасырдың соңында АҚШ-та сайлаушылар мен билік өкілдері арасында қандай да бір төлемсіз делдалдық тәжірибесі қолданыла бастады [6].

Елбасы Н.А.Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында демократиялық үдерістерді жетілдіру мен басқару жүйесіндегі жауапкершілікті арттыру, мемлекеттің тұрақты дамуы, азаматтардың әлауқатын арттыру мен өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған әлеуметтік бағытталған бәсекеге қабілетті экономиканы құруда стратегиялық міндеттерді атап өтті. Аталған міндеттерді шешу үшін мемлекет пен бизнестің біріктірілген күші мен өзара әрекеттестігі қажет.

Қазіргі күні Қазақстанға Индустрия 4.0 көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік құрылымдардағы басқарудың бұрынғы тәжірибесінен бас тарту қажеттілігі туындап отыр. Мемлекет бұрынғысынша, жетекші рөлде қалатындығына қарамастан, табысқа қол жеткізу үшін мемлекет қоғам және бизнеспен тығыз ынтымақтастықта әрекет етуі тиіс. Бизнес аталған үштікте ерекше орын алады, себебі қарқынды инновациялық экономиканы құруда негізгі үміт бизнеске артылады.

GR-менеджмент: ұйымның мемлекетпен өзара әрекеттестігін басқару құралы ретінде

GR-менеджмент: как инструмент управления взаимодействия государства и бизнеса

GR-management: as an instrument of management of interaction between the state and business

Андатпа. Мақала мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестік мәселелерін қарастырады. GR-менеджмент түсінігі, оның ерекшеліктері мен елімізде қолдану бағыттары зерттелген.

Аннотация. Статя рассматривает проблемы взаимодействия государства и бизнеса. Также в статье рассмотрены понятие GR-менеджмента, его особенности и направления применения в нашей стране.

Abstract. The article considered interactions between the state and business. The concept of GR-management and its features, ways of using GR-management in our country also investigated.

Кілт сөздер: GR-менеджмент, мемлекет, бизнес, қоғаммен байланыс

Ключевые слова: GR-менеджмент, государство, бизнес, связь с общественностью

Keywords: GR-management, state, business, public relations

Әдебиеттер тізімі:

1. GR на службе у бизнеса//ТЭК. Стратегии развития. - 2012. - №2 (15).
2. Биджиев А.С., Шамарова Г.М. Взаимодействие органов власти и бизнеса как фактор управления социально-экономическим развитием региона // Вопросы управления. - 2012. - №1.
3. Зобнин А.В. GR-менеджмент на новом этапе развития // Лабиринт. Журнал социально-гуманитарных исследований. - 2012. - №2.
4. Кудрявцев А.В., Шетов А.А. Использование методов Government relations в налоговой сфере // Налоги и налогообложение. - 2014. - № 10. - С. 926940.
5. Кулакова Т.А. Government Relations в процессе принятия политических решений// ПОЛИТЭКС: Политическая экспертиза. - 2005. - №2.
6. Кузьмин С.С. Теоретические аспекты взаимодействия фирмы со стейкхолдерами // Экономические науки. - 2010. - № 6

«Қатыстар» тақырыбын оқыту туралы

Мұрат Гүлдана Мұратқызы
М-20-1м оқу тобының магистранты
Ибраев Ш.Ш.
ф.м.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Андатпа

Қатыстық - бұл әртүрлі объектілердің қасиеттері мен олардың өзара байланыстарын ресми түрде анықтайтын математикалық құрылым.

Математикадағы қатынастардың кең таралған мысалдары - теңдік (=), бөлінгіштік, ұқсастық, параллелизм және басқалары.Қатыстық ұғымы жиын

теориясында және оның барлық салаларында математика тілінде кең таралған.

Кілт сөздер: Жиын; Қатыстық; Қатынас; Бинарлық.

Абстракт

Отношение - это математическая структура, которая формально определяет свойства различных объектов и их отношения. Наиболее распространенными примерами отношений в математике являются равенство ($=$), делимость, подобие, параллелизм и т. Д.

Концепция относительности широко распространена в теории множеств и во всех ее разделах на языке математики.

Abstract

A relationship is a mathematical structure that formally defines the properties of various objects and their relationships. The most common examples of relationships in mathematics are equality ($=$), divisibility, similarity, parallelism, etc.

The concept of relativity is widespread in set theory and in all its branches in the language of mathematics.

«Қатыстар» тақырыбын оқыту туралы

1. Жиын туралы түсінік

Жиын математикадағы негізгі ұғымдарының бірі болғандықтан, оған анықтама берілмейді. Жиын деп белгілі математикалық объектілердің жиынтығын түсінеміз. Ол объектілер жиынның элементтері деп аталып, кіші әріптермен, ал жиынның өзі бас әріппен белгіленеді.

a элементі A жиынына тиістілігін $a \in A$, “ \in ” - тиістілік кванторымен белгілейді.

$b \notin A$ – b элементі A жиынына тиісті емес.

Бізге белгілі жиындарды атап өтейік:

N – натурал сандар жиыны;

Z – бүтін сандар жиыны;

Q – рационал сандар жиыны;

R – нақты сандар жиыны;

C – комплекс сандар жиыны;

\emptyset – бос жиын.

Жиі қолданылатын кванторлар:

- кез келген, $x \in A$ (кез келген x A жиынында жатады);

\exists - табылады, $\exists y \in B$ (B жиынынан y элементі табылады);

$:$ ($|$) – мынадай, қасиетін сипаттау үшін;

\Rightarrow - бұдан шығатын салдар;

\Leftrightarrow - тепе-теңдік кванторы, тек сол жағдайда;

\subseteq - қатаң енгізу кванторы.

Жиынға енетін элементтер саны шенеулі немесе шексіз көп болуы мүмкін.

1-мысал: а) қазақ алфавитінің әріптер жиыны (42 элемент бар);

ә) натурал сандар жиыны (∞ элементі бар);

б) тендеуінің нақты түбірлерінің жиыны ешқандай да элементтен тұрмайды, бос жиын.

Ақырлы жиын деп осы жиынның элементтерінің санына тең болатын натурал сан табылатын жиынды айтады. Ақырлы емес жиын *ақырсыз жиын* деп аталады.

Ақырлы A және B жиындары тек қана бірдей элементтерден құралса, *тең жиындар* деп аталып, $A=B$ деп белгіленеді.

Егер ақырлы A жиынында ақырлы B жиынына тиісті емес элемент бар болса, және керісінше, онда олар *тең емес жиындар* деп аталады.

2-мысал. $\{0, 1, 2\} = \{1, 2, 0\}$, $\{0, 1\} \neq \{1, 2, 0, 3\}$.

Жиын – математиканың анықталмаған ұғымдарының бірі. Негізгі ұғымдарға анықтама берілмейді. Ақырлы және ақырсыз жиындар теориясының негізін Бернард Больцано оның кейбір принциптерін тқжырымдау арқылы қалаған болатын. 1872 – 1897 жылдары Георг жиындар теориясының негізгі бөлімдері жүйелі баяндалған жұмыстарын жариялады. Бұл жұмыстарында ол жиындар теориясының негізгі ұғымдарын енгізумен ғана шектелмей, математиканы жаңа пайымдаулармен толықтырып, оны теоремаларды дәлелдеуде қолданды. Сондықтан, көпшілі жиындар теориясын жасаушы Георг Кантор деп есептейді.

Кантор жиында берілген қасиеттерге ие болатын барлық объектілердің жиынтығы ретінде береді. Ол объектілерді жиынның элементтері деп атайды. $A(x)$ қасиетіне ие жиынды $\{x \mid A(x)\}$ арқылы белгілеп, $A(x)$ -ті осы жиынның сипаттамалық қасиеті деп атады. Кантор жиынның үш белгісін ажыратып көрсетеді:

1) жиында бірдей екі элемент болмайды;

2) берілген элементтің жиынға тиісті немесе тиісті еместігін анықтауға болады;

3) жиын элементтерінің жеке қасиеттері ескерілмейді.

Жиынның белгілеуі: A, B, C, \dots

x элементінің A жиынына тиістілігі \in таңбасы арқылы жазылады: $x \in A$. x элементі A жиынына тиісті емес болса $x \notin A$ деп жазылады.

Ақырлы элементтер санынан тұратын жиын ақырлы жиын деп аталады. Ақырсыз көп элементтерден тұратын жиын ақырсыз жиын деп аталады.

Жиындардың берілу тәсілдері.

1. Мүшелерін (элементтерін) тізіп жазу арқылы. Ақырлы жиын

$A = \{a_1, a_2, \dots, a_n\}$, ақырсыз жиын $B = \{1, 3, 5, 7, \dots\}$ – тақ сандар жиыны.

2. Сипаттау арқылы. Мысалы жиынның кез келген x мүшесі $p(x)$ қасиетіне ие болсын, онда осы элементтерден тұратын C жиыны былай беріледі: $C = \{x \mid p(x)\}$.

Осы сияқты анықталған жиындар

$$Q = \left\{ \frac{n}{m} \mid n, m \in \mathbb{Z}, m \neq 0 \right\}, B = \{x: x = 2n - 1, n \in \mathbb{N}\}.$$

A және B жиындары берілсін. Егер A жиынының кез келген x элементі B жиынында да жатса, онда A жиыны B жиынының *ішкі жиыны* деп аталады.

$A \subseteq B$ немесе $B \supseteq A$ деп белгіленеді. Кванторлар тілінде

$$(A \subseteq B) \Leftrightarrow (x \in A \Rightarrow x \in B).$$

Егер B жиынының A ішкі жиыны B жиынынан және \emptyset -ден өзгеше болса,

онда ол *меншікті ішкі жиыны* деп аталады. Кванторлар тілінде, $A \subset B \Leftrightarrow$

$$A \subseteq B \text{ және } A \neq B.$$

\emptyset кез келген жиынның ішкі жиыны болады: $\emptyset \subseteq A$

2. Ішкі жиын

Егер B жиынының әрбір элементі A жиынының да элементі болса, онда B жиынын A жиынының *ішкі жиыны* дейді. Белгілеуі: $B \subset A$.

Жиындар теориясында бір де бір элементі жоқ жиын арнайы енгізіледі. Оны *бос жиын* деп атайды және \emptyset арқылы белгілейді.

Кезкелген нақты есепте осы есеп үшін белгіленген қандай да бір жиынның ішкі жиындарын зерттеуге тура келеді. Мұндай жиынды *әмбебап жиын* деп атайды және U арқылы белгілейді.

Бірдей элементтерден тұратын A және B жиындары *тең жиындар* деп аталад аталады. Белгілеуі: $A = B$.

Егер $B \subset A$ және $B \neq A$, $B \neq \emptyset$, онда B жиынын A жиынының *меншікті ішкі жиыны* дейді. A жиынының өзі және бос жиын A жиынының ішкі жиындары болып табылады және *меншіксіз ішкі жиындар* деп аталады.


Ақырлы A жиынның элементтерінің саны осы *жиынның қуаты* деп аталады. Белгілеуі: $\text{Card } A$ немесе $|A|$.

Ішкі жиындарға қолданылатын амалдар

U (универсум) деп кең жиынды белгілейік, яғни элементтер осы жиыннан алынып отыратын болсын.

Эйлер* – **Венн**** диаграммасы. Тік төртбұрыштың нүктесі U жиынынан алынған деп есептейік. Мысалға $A = \{1, 2, 3, 4\}$, $B = \{1, 3, 5\}$, $C = \{5, 6\}$ жиындарын алайық.

1. Ең болмағанда А жиынына немесе В жиынына тиісті элементтер жиынын А және В жиындарының *бірігуі* (қосындысы) $(A \cup B)$ деп айтады.



$$A \cup B = \{x: x \in A \text{ немесе } x \in B\}$$

$$A \cup B = \{1,2,3,4,5\}, A \cup C = \{1,2,3,4,5,6\}.$$

1.1 Сурет


*Леонард Эйлер (1707-1783)- швейцарлық математик.

**Джон Венн (1834-1923) – ағылшын математигі.

«Бірігу» амалын жалпыласақ,
$$\bigcup_{k=1}^n A_k = A_1 \cup A_2 \cup A_3 \cup \dots \cup A_n$$

2. А жиынына да, В жиынына да тиісті элементтер жиынын А және В жиындарының *қиылысуы* (көбейтіндісі) $(A \cap B)$ деп айтады.

$$A \cap B = \{x: x \in A \text{ және } x \in B\}.$$



$$A \cap B = \{1,3\}, B \cap C = \{5\}, A \cap C = \emptyset.$$


1.2 Сурет

1.3

«Қиылысу» амалын жалпыласақ,
$$\bigcap_{k=1}^n A_k = A_1 \cap A_2 \cap A_3 \cap \dots \cap A_n$$

3. А жиынына тиісті, бірақ В жиынына тиісті емес элементтер жиынын А және В жиынының *айырымы* $(A \setminus B)$ деп айтады.

$$A \setminus B = \{x: x \in A \text{ және } x \notin B\}$$




$$A \setminus B = \{2,4\}, B \setminus C = \{1,3\}, A \setminus C = A.$$

1.3 Сурет

4. A және B жиындарының *симметриялық айырмасы* ($A \Delta B$) деп келесі жиынды айтады:

$$A \Delta B = (A \setminus B) \cup (B \setminus A) = \{x : (x \in A \text{ және } x \notin B) \text{ немесе } (x \in B \text{ және } x \notin A)\}.$$




1.4 Сурет

$$A \Delta B = \{2,4\} \cup \{5\} = \{2,4,5\}, \quad A \Delta C = \{1,2,3,4\} \cup \{5,6\} = \{1,2,3,4,5,6\}.$$

5. $U \setminus A$ жиыны A жиынының *толықтауышы* деп аталып, \bar{A} деп белгіленеді.

$$\bar{A} = U \setminus A$$



1.5 Сурет

Универсум $U = \{1,2,3,4,5,6,7,8,9\}$ болса, онда $\bar{A} = \{5,6,7,8,9\}$ болады.

3. Жиындарға қолданылатын амалдар

1-Анықтама. A және B жиындарының *бірігуі* деп A және B жиындарының ең болмағанда біреуіне тиісті элементтерден тұратын жиынды айтады. Белгілеуі: $A \cup B$.

Анықтауымыз бойынша, $A \cup B = \{x \mid x \in A \text{ немесе } x \in B\}$.

2-Анықтама. A және B жиындарының *қиылысуы* деп A жиынына да, B жиынына да тиісті элементтерден тұратын жиынды айтады. Белгілеуі: $A \cap B$.

Анықтауымыз бойынша, $A \cap B = \{x \mid x \in A \text{ және } x \in B\}$.

3-Анықтама. A және B жиындарының *айырымы* деп B жиынына тиісті емес A жиынының элементтерінен тұратын жиынды айтады. Белгілеуі: $A \setminus B$.

Анықтауымыз бойынша, $A \setminus B = \{x \mid x \in A \text{ және } x \notin B\}$.

4-Анықтама. A және B жиындарының *симметриялық айырымы* деп $A \Delta B = (A \setminus B) \cup (B \setminus A)$ жиынын айтады.

5-Анықтама. A жиын толықтауыш жиын деп $\bar{A} = U \setminus A$ жиынын айтады.

Жиындарға қолданылатын амалдардың қасиеттері:

1. $A \cup B = B \cup A, A \cap B = B \cap A$ коммутативтілік.

2.

$(A \cup B) \cup C = A \cup (B \cup C), (A \cap B) \cap C = A \cap (B \cap C)$ ассоциативтілік.

3. $(A \cup B) \cap C = (A \cap C) \cup (B \cap C), (A \cap B) \cup C = (A \cup C) \cap (B \cup C)$, дистрибутивтілік.

4. $A \cup A = A, A \cap A = A$ идемпотенттілік.

5. $A \cup U = U, A \cap U = A, A \cup \emptyset = A, A \cap \emptyset = \emptyset, A \cup \bar{A} = U, A \cap \bar{A} = \emptyset$,

6. $\overline{\bar{A}} = A$, екі рет толықтауыштау заңы.

7. $\overline{A \cup B} = \bar{A} \cap \bar{B}, \overline{A \cap B} = \bar{A} \cup \bar{B}$, де Морган заңы.

1. Жиындардың декарттық көбейтіндісі

A, B -- екі бос емес жиын берілген және $a \in A, b \in B$ -- олардың элементтері болсын. a және b -ның реттелген жұбын (a, b) арқылы белгілейміз, мұндағы a -- реттелген жұптың бірінші құраушысы, ал b -- екінші құраушысы. Екі реттелген жұп тең болу үшін олардың сәйкесті компоненттерінің тең болуы қажетті және жеткілікті.

A және B жиындарының декарттық көбейтіндісі деп барлық (a, b) реттелген жұптарының жиынын айтады, мұндағы $a \in A, b \in B$. A және B жиындарының декарттық көбейтіндісі $A \times B$ арқылы белгіленеді. Анықтама бойынша,

$$A \times B = \{(a, b) | a \in A, b \in B\}.$$

Егер A және B жиындарының ең болмағанда біреуі бос жиын болса, онда олардың декарттық көбейтіндісі бос жиын деп есептеледі.

Мысалы, $A = \{1, 2\}$ және $B = \{0, 1, 2\}$ болсын. Онда

$$A \times B = \{(1, 0), (1, 1), (1, 2), (2, 0), (2, 1), (2, 2)\},$$

$$B \times A = \{(0, 1), (0, 2), (1, 1), (1, 2), (2, 1), (2, 2)\},$$

Егер $A = B$ боса, онда $A \times B$ декарттық көбейтіндісі A жиынының декарттық квадраты дейді және A^2 арқылы белгілейді. Анықтауымыз бойынша, $A^2 = \{(a, b) | a, b \in A\}$.

Декарттық көбейтіндіні бірнеше жиын үшін де анықтауға болады. A_1, A_2, \dots, A_n -- бос емес жиындар, ал $a_1 \in A_1, a_2 \in A_2, \dots, a_n \in A_n$ -- олардың элементтері болсын. Осы n элементтің реттелген тізбегін (a_1, a_2, \dots, a_n) арқылы белгілейік, мұндағы a_i -- реттелген тізбектің i -ші құраушысы.

(a_1, a_2, \dots, a_n) реттелген тізбегін ұзындығы n кортедж деп те атайды. Ұзындығы бірдей екі кортеждің теңболуы үшін олардың сйкесті құраушыларының тең болуы қажетті және жеткілікті.

A_1, A_2, \dots, A_n жиындарының декарттық көбейтіндісі деп барлық (a_1, a_2, \dots, a_n) реттелген тізбектерінің (кортеждерінің) жиынын айтады, мұндағы $a_i \in A_i (i = 1, 2, \dots, n)$. A_1, A_2, \dots, A_n жиындарының декарттық көбейтіндісі $A_1 \times A_2 \times \dots \times A_n$ арқылы белгіленеді.

Егер A_1, A_2, \dots, A_n жиындарының ең болмағанда біреуі бос жиын болса, онда олардың декарттық көбейтіндісі бос жиын деп есептеледі.

Егер $A_1 = A_2 = \dots = A_n = A$ болса, онда $A_1 \times A_2 \times \dots \times A_n$ декарттық көбейтіндісін A жиынының n -ші декарттық дәрежесі деп айтады және A^n арқылы белгілейді. Сонда, анықтама бойынша, $A^n = \{(a_1, a_2, \dots, a_n) \mid a_1 \in A, a_2 \in A, \dots, a_n \in A\}$.

3. Бинарлық қатыс, мысалдар

Математикада заттар немесе ұғымдар арасындағы байланысты белгілеу үшін «қатыс» термині пайдаланылады. Мысалы, нақты сандар жиынындағы «кіші» қатысы, үшбұрыштардың ұқсас болу қатысы, жиынның қандайда бір жиынға үшкі жиын болу қатысы, адамдар жиынындағы туысқандық немесе үлкендік қатыстары және т.с.с. Қатыстарды үш, төрт және одан да көп элементтер арасында да енгізуге болады. Мысалы, « A нүктесі B және C нүктелерінің арасында жатады» қатысы, $a:b = c:d$ пропорциясын құратын a, b, c, d бүтін сандарының арасындағы қатыс және т.с.с.

A және B жиындар жиындар жұбының арасындағы бинарлық қатыс деп олардың $A \times B$ декарттық көбейтіндісінің кезкелген ішкі жиынын айтады.

Егер $R \subseteq A \times B$ -- бинарлық қатыс және $(a, b) \in R$, мұндағы $a \in A, b \in B$, болса, онда әдетте aRb деп жазады.

Егер $R \subseteq A \times B$ -- бинарлық қатыс және $A = B$ боса, онда R -ді A жиынында анықталған бинарлық қатыс дейді.

$R \subseteq A \times B$ -- бинарлық қатыс болсын. R бинарлық қатысының анықталу облысы деп ең болмағанда бір $b \in B$ үшін $(a, b) \in R$ болатындай барлық $a \in A$ элементтерінің жиынын айтады және D_R арқылы белгілейді. Анықтауымыз бойынша,

$$D_R = \{a \in A \mid (a, b) \in R \text{ болатындай } b \in B \text{ элементі табылады}\}.$$

R бинарлық қатысының мәндерінің облысы деп ең болмағанда бір $a \in A$ үшін $(a, b) \in R$ болатындай барлық $b \in B$ элементтерінің жиынын айтады және E_R арқылы белгілейді. Анықтауымыз бойынша,

$E_R = \{b \in B \mid (a,b) \in R \text{ болатындай } a \in A \text{ элементі табылады}\}.$

Бинарлық қатыстың мысалдары:

1) $R = \{(1,2), (2,4), (3,3), (2,1)\}$ -- \mathbb{N} натурал сандар жиынындағы бинарлық қатыс.

2) \mathbb{R} нақты сандар жиынындағы $R = \{(x,y) \mid x,y \in \mathbb{R} \text{ және } x = y\}$ теңдік қатысы, ол әдетте $x = y$ арқылы белгіленеді. Бұл қатыстың анықталу облысы мен мәндер облысы \mathbb{R} -мен сәйкес келеді, яғни $D_R = E_R = \mathbb{R}$.

3) \mathbb{Z} бүтін сандар жиынындағы $R = \{(x,y) \mid x,y \in \mathbb{Z} \text{ және } x \leq y\}$ кіші қатысы, ол әдетте $x < y$ арқылы белгіленеді. Бұл қатыстың анықталу облысы мен мәндер облысы \mathbb{Z} -мен сәйкес келеді, яғни $D_R = E_R = \mathbb{Z}$.

A -- кезкелген жиын болсын. $A \times A$ жиыны *әмбебап* (немесе *барлық жерде ақиқат*) қатыс деп аталады. $A \times A$ жиынының бос ішкі жиыны *бос* (немесе *барлық жерде жалған*) қатыс деп аталады.

Бинарлық қатысқа ұқсас n -арлық немесе n -орынды қатыс ұғымын да енгізуге болады.

A_1, \dots, A_n -- бос емес жиындар болсын. $A_1 \times A_2 \times \dots \times A_n$ декарттық көбейтіндісін кезкелген ішкі жиыны A_1, \dots, A_n жиындары жүйесінде анықталған n -арлық немесе n -орынды қатыс деп аталады.

Егер $A_1 = A_2 = \dots = A_n = A$ болса, A_1, \dots, A_n жиындары жүйесінде анықталған R қатысы A жиынында анықталған n -арлық немесе n -орынды қатыс деп аталады.

3. Бинарлық қатыстарға қолданылатын амалдар

Анықтауымыз бойынша бинарлық қатыс декарттық көбейтіндінің ішкі жиыны болғандықтан, оларға жиындарға қолданылатын барлық амалдарды қолдануға болады. R_1 және R_2 -- A және B жиындарының арасындағы екі бинарлық қатыс болсын.

1) R_1 және R_2 бинарлық қатыстарының $R_1 \cup R_2$ бірігуі келесі эквиваленсия арқылы анықталады: кезкелген $a \in A$ және $b \in B$ үшін $a(R_1 \cup R_2)b \Leftrightarrow aR_1b$ немесе aR_2b .

2) R_1 және R_2 бинарлық қатыстарының $R_1 \cap R_2$ қиылысуы келесі эквиваленсия арқылы анықталады: кезкелген $a \in A$ және $b \in B$ үшін $a(R_1 \cap R_2)b \Leftrightarrow aR_1b$ және aR_2b .

3) R_1 бинарлық қатысына \bar{R}_1 толықтауыш қатысы келесі эквиваленсия арқылы анықталады: кезкелген $a \in A$ және $b \in B$ үшін $a\bar{R}_1b \Leftrightarrow aR_1b$ емес.

Мысалы, \mathbb{N} натурал сандар жиынындағы теңдік қатысын, яғни $(1,1), (2,2), \dots$ жұптарын қарастырайық. Оған толықтауыш қатыс \neq арқылы белгіленетін теңсіздік қатысы болып табылады. \leq қатысы кіші және теңдік қатыстарының бірігуіне тең, ал олардың қиылысуы --бос (барлық жерде жалған) қатыс. \leq және $>$ қатыстарының бірігуі әмбебап (барлық жерде ақиқат) қатысты, ал $<$ және $>$ қатыстарының бірігуі \neq қатысын береді.

Келтірілген үш амалдан бөлек тағы да екі амалдың маңызы зор. Олар -- қатыстарды көбейту және кері қатысқа көшу амалдары.

$R \subseteq A \times B$ -- бинарлық қатыс болсын. R бинарлық қатысына кері қатыс деп B және A жиындар жұбында анықталған, $(a, b) \in A \times B (a \in A, b \in B)$ болатындай (b, a) жұптарынан және тек сол жұптардан тұратын қатысты айтады және R^{-1} арқылы белгілейді. Сонымен,

$$R^{-1} \subseteq B \times A \text{ және } R^{-1} = \{(b, a) | (a, b) \in R\}.$$

Мысалы, \mathbb{N} натурал сандар жиынындағы $<$ қатысына $>$ қатысы кері болады.

$R_1 \subseteq A \times B$ және $R_2 \subseteq B \times C$ -- бинарлық қатыстар болсын. R_1 және R_2 бинарлық қатыстарының көбейтіндісі (немесе композициясы) деп aR_1x және xR_2c орындалатын B -ның x элементі табылатындай (a, c) жұптарынан және тек сондай жұптардан тұратын A және C жиындар жұбында анықталған бинарлық қатысты айтады және R_1R_2 арқылы белгілейді. Сонымен, $R_1R_2 \subseteq A \times C$ және

$$R_1R_2 = \{(a, c) | (a, x) \in R_1 \text{ және } (x, c) \in R_2 \text{ орындалатындай } x \in B \text{ табылады}\}$$

Мысалы, $<$ және $>$ -- \mathbb{N} натурал сандар жиынындағы «кіші» және «үлкен» бинарлық қатыстары болсын. Онда $a(<\cdot>)b$ болуы үшін $a < x$ және $x > b$ болатындай x натурал санының табылуы қажетті және жеткілікті. Бұл - \mathbb{N} натурал сандар жиынындағы барлық жерде ақиқат қатыс.

Қатыстардың көбейтіндісі ассоциативті қасиетке ие:

Теорема 1. $R_1 \subseteq A \times B, R_2 \subseteq B \times C$ және $R_3 \subseteq C \times D$ -- бинарлық қатыстар болсын. бинарлық қатыстар болсын. Онда $(R_1R_2)R_3$ және $R_1(R_2R_3)$ бинарлық қатыстары анықталған және $(R_1R_2)R_3 = R_1(R_2R_3)$.

4. Эквиваленттік қатыс. Фактор-жиын

Кезкелген $a \in A$ үшін aRa болатындай A жиынындағы R бинарлық қатысы рефлексивті деп аталады.

Кезкелген $a, b \in A$ үшін aRb -дан bRa шығатындай A жиынындағы R бинарлық қатысы *симметриялы* деп аталады.

Кезкелген $a, b, c \in A$ үшін aRb және bRc -дан aRc шығатындай A жиынындағы R бинарлық қатысы *транзитивті* деп аталады.

Мысалы, \mathbb{R} нақты сандар жиынындағы \leq бинарлық қатысы рефлексивті және транзитивті болады, бірақ симметриялы емес. \mathbb{R} нақты сандар жиынындағы $<$ бинарлық қатысы транзитивті, бірақ рефлексивті емес және симметриялы емес.

Рефлексивті, симметриялы және транзитивті болатын R бинарлық қатысы *эквиваленттік қатыс* деп аталады.

Эквиваленттік қатыстың мысалдары:

- 1) Евклидтік жазықтықтағы үшбұрыштардың ұқсастық қатысы.
- 2) Кезкелген жиындағы теңдік қатысы.
- 3) Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенттері жиынындағы «бір топта оқу» қатысы.
- 4) \mathbb{Z} бүтін сандар жиынындағы n -модулі бойынша салыстырмалылық қатысы.

R -- A жиынындағы эквиваленттік қатыс және $a \in A$ болсын. xRa болатындай барлық $a \in A$ элементтерінің жиыны *арқылы жасалған эквиваленттік класс* деп аталады және $[a]_R$ арқылы белгіленеді. $[a]_R = \{x \in A \mid xRa\}$.

Мысалы, \mathbb{Z} бүтін сандар жиынындағы теңдік қатысы келесі эквиваленттік кластарды тудырады:

$$\forall x \in \mathbb{Z}, [x] = \{x\},$$

яғни, әрбір эквиваленттік класс бір ғана элементтен тұрады.

Эквиваленттік кластардың қасиеттері:

1⁰. $a \in [a]$.

2⁰. Егер aRb болса, онда $[a] = [b]$.

3⁰. $aRb \Leftrightarrow [a] = [b]$.

4⁰. Кезкелген екі эквиваленттік класс не қиылыспайды, не сәйкес келеді.

Соңғы қасиеттен кезкелген әртүрлі екі эквиваленттік кластың ортақ элементі болмайтынығын көреміз.

A жиынындағы R эквиваленттік қатысының барлық эквиваленттік кластарының жиыны *А жиынының R эквиваленттік қатысы бойынша фактор-жиыны* деп аталады және A/R арқылы белгіленеді.

A жиынының A/R фактор-жиынына канондық бейнелеуі деп әрбір $a \in A$ элементіне оның $[a]_R$ эквиваленттік класын сәйкес қоятын бейнелеуді айтады.

Бұл канондық бейнелеудің сюръективті екені анық.

Кезкелген жиындағы эквиваленттік қатыс оның бөліктеуімен тығыз байланысты. A жиынының әрбір элементі S -тің бір ғана ішкі жиынына тиісті болатындай A жиынының S ішкі жиындар жүйесі A жиынының бөліктеуі деп аталады.

Мысалы, $X = \{1,2,3,4,5\}$ жиыны үшін $\{\{1,2\}, \{3,4\}, \{5\}\}$ оның бөліктеуі болып табылады.

Теорема 2. Егер R -- A жиынындағы эквиваленттік қатыс болса, онда A -ның R -ге қатысты эквиваленттік кластарының жиыны A жиынының бөліктеуі болып табылады.

1. Бейнелеулер

Бос емес A және B жиындары берілген болсын. A жиынының әрбір элементіне B жиынының бір ғана элементі сәйкес қойылатын болса, онда A жиынынан B жиынына φ бейнелеуі (функциясы) берілген деп айтады. A -дан B -ға φ бейнелеуі үшін $\varphi: A \rightarrow B$ немесе $A \xrightarrow{\varphi} B$ белгілеулері қолданылады. $a \in A$ элементіне сәйкес қойылатын B жиынының элементін $\varphi(a)$ арқылы белгілейді және a элементінің φ бейнелеуіндегі образы деп атайды. $b \in B$ элементі үшін $b = \varphi(a)$ теңдігін қанағаттандыратын кезкелген a элементі b элементінің прообразы деп аталады. A жиыны φ бейнелеуінің анықталу облысы, ал B жиыны мәндерінің жиыны деп аталады. φ бейнелеуінің анықталу облысының әрбір элементінің бір ғана образы бар екені анық. Алайда, бұл бейнелеудің мәндері жиынының әрбір элементінің прообразының бар болуы міндетті емес. Сонымен бірге, бейнелеудің мәндері жиынында бірнеше прообразы бар элементтердің болуы мүмкін.

Прообразы бар болатын барлық элементтерден тұратын φ бейнелеуінің мәндері жиынының ішкі жиыны осы бейнелеудің образы деп аталады және $\text{Im} \varphi$ арқылы белгіленеді. Демек, $\text{Im} \varphi = \{\varphi(a) : a \in A\}$.

Анықталу облыстары және мәндерінің жиындары тең және ортақ анықталу облысына тиісті әрбір x элементі үшін

$\varphi(x) = \psi(x)$ теңдігі орындалатын φ және ψ бейнелеулері тең бейнелеулер деп аталады.

Бейнелеуді бинарлық қатыстың дербес түрі ретінде де анықтауға болады.

Әрбір $a \in A$ элементі үшін afb шартын қанағаттандыратындай бір және тек бір ғана $b \in B$ элементі табылатын A және B бос емес жиындары жұбында анықталған f бинарлық қатысы A жиынан B жиынына бейнелеу (немесе A жиынында анықталған мәндері B жиынындағы функция) деп аталады. Басқаша айтқанда, төмендегі екі шартты қанағаттандыратын A және B бос емес жиындары жұбында анықталған f бинарлық қатысы бейнелеу болып табылады:

1) $a \in A$ элементі үшін afb орындалатындай $b \in B$ элементі бар болады, яғни f бинарлық қатысының анықталу облысы A -мен сәйкес келеді;

2) afb_1 және afb_2 -ден $b_1 = b_2$ екені шығады.

Мысалы, \mathbb{R} нақты сандар жиынында x және y арасындағы $2x + 3y = 12$ шартымен анықталған бинарлық қатыс \mathbb{R} -дің өзіне бейнелеуі болады.

\mathbb{Z} бүтін сандар жиынындағы $<$ бинарлық қатысы \mathbb{Z} -тің өзіне бейнелеуі емес, себебі әрбір бүтін x саны үшін $x < y$ орындалатындай y бүтін сандары ақырсыз көп.

\mathbb{R} нақты сандар жиынында x және y арасындағы $x^2 + y^2 = 25$ шартымен анықталған бинарлық қатыс \mathbb{R} -дің өзіне бейнелеуі емес. Шынында да, егер $|x| > 5$ болса, онда \mathbb{R} -де x -ті $x^2 + y^2 = 25$ шартымен байланыстыратын y нақты саны жоқ. Егер $|x| < 5$ болса, онда \mathbb{R} -де x -ті $x^2 + y^2 = 25$ шартымен байланыстыратын y саны бар, бірақ ол біреу ғана емес, дәл екеу.

2. Бейнелеудің түрлері

B -ның әрбір элементінің прообразы бірден артық емес болатындай, яғни $\varphi(a') = \varphi(a'')$ теңдігінен $a' = a''$ теңдігі шығатындай $\varphi: A \rightarrow B$ бейнелеуі *инъективті бейнелеу* деп аталады.

Мысалы, $f: \mathbb{R}_{>0} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = \lg x$ бейнелеуі инъективті, себебі логарифмдік функцияның белгілі қасиеті бойынша $\lg x_1 = \lg x_2$ теңдігінен $x_1 = x_2$ теңдігі шығады. Осыған ұқсас,

$f: \mathbb{R}_{\geq 0} \rightarrow \mathbb{R}_{\geq 0}, f(x) = x^2$ бейнелеуі де инъективті.

Бірақ,

$f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}_{\geq 0}, f(x) = x^2$ бейнелеуі инъективті емес, себебі, мысалы, $f(-2) = f(2) = 4$, ал $-2 \neq 2$.

B -ның әрбір элементінің ең болмағанда бір прообразы бар болатындай $\varphi: A \rightarrow B$ бейнелеуі *сюръективті бейнелеу* деп аталады.

Мысалы,

$f: \mathbb{R} \rightarrow [-1,1], f(x) = \sin x$; $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}_{\geq 0}, f(x) = x^2$ бейнелеулері сюръективті,

бірақ $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = \sin x$; $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = x^2$ бейнелеулері сюръективті емес.

Бірмезгілде инъективті және сюръективті болып табылатын бейнелеу *биективті* немесе *өзара бірмәнді бейнелеу* деп аталады.

Мысалы, $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = 2x + 1$ бейнелеуі биективті.

Биективті бейнелеудің маңызды мысалдарының бірі — *тепетең (немесе бірлік) бейнелеу*. A жиынының өзіне-өзінің тепетең бейнелеуі кезкелген $x \in A$ үшін орындалатын $\varphi(x) = x$ теңдігі бойынша анықталады. Бұл бейнелеу 1_A арқылы белгіленеді.

Анықтама. $f: A \rightarrow B$ болсын.

а) егер f^{-1} қатынасы дербес функция болса, яғни кезкелген $\forall x_1, x_2 \in E_1$ элементтері үшін $x_1 \neq x_2$ -ден $f(x_1) \neq f(x_2)$ екені шығатын болса (немесе $(x_1, y) \in f$ және $(x_2, y) \in f \Rightarrow x_1 = x_2$), онда f функциясы *инъективті* (инъекция немесе әртүрлі мәнді) деп аталады;

Инъекция (сюръекция емес)

1.12 Сурет

ә) егер $E_f = B$ болса, онда f функциясы *сюръективті* (сюръекция) деп аталады. $\forall y \in B \exists x \in A / y = f(x) \Rightarrow f: A \rightarrow B$ сюръекция;

Сюръекция (инъекция емес)

1.13 Сурет

б) егер f функциясы әрбір элементіне B жиынының тек бір элементі және B жиынының нәрсә элементіне A жиынының кейбір элементі сәйкес келетін болса, онда ол *биективті* (биекция немесе өзара бірмәнді) деп аталады.

Биекция $f: A \leftrightarrow B$ деп белгіленеді.

1-мысал.

катынас емес

инъекция (сюръекция емес)

сюръекция
(инъекция емес)
биекция

1.14 Сурет

2-мысал. $f_i: [0, 1] \rightarrow [0, 1]$, $i = \overline{1, 4}$
функцияларын қарастырайық.

1.15 Сурет

f^3 – биективті;

f^2 – инъективті, сюръекция емес;

f^1 – сюръекция, инъекция емес;

f^4 – инъекция емес, сюръекция емес.

3. Бейнелеулердікөбейту

Егер φ бейнелеуінің мәндерінің жиыны ψ бейнелеуінің анықталу облысымен сәйкес келсе, онда $\psi\varphi$ көбейтіндісін анықтауға болады. Анықтама бойынша, $\varphi: A \rightarrow B$ және $\psi: B \rightarrow C$ бейнелеулері үшін $\psi\varphi$ бейнелеуі A -ны C -ға бейнелейді, және кезкелген $x \in A$ үшін $(\psi\varphi)(x) = \psi(\varphi(x))$ теңдігі арқылы анықталады.

$\varphi: A \rightarrow B$ бейнелеуі үшін $1_B \varphi = \varphi = \varphi 1_A$ теңдіктерінің орындалатындығын оңай тексеруге болады. Шынында да, егер $\varphi(x) = y$ болса, онда $1_B \varphi(x) = 1_B(\varphi(x)) = 1_B(y) = y$ және $\varphi 1_A(x) = \varphi(1_A(x)) = \varphi(x) = y$.

1-Теорема. Егер φ, ψ, χ — бейнелеулер болса, онда $\chi(\psi\varphi) = (\chi\psi)\varphi$.

Теоремадағы теңдік оның оң жағы мен сол жағының бірізгілікте бар болатындығын білдіреді.

Дәлелдеуі. Теңдіктің сол жақ бөлігі бар және $\varphi: A \rightarrow B$ болады дейік. $\psi\varphi$ көбейтіндісінің бар екендігінен $\psi: B \rightarrow C$ болатыны шығады. Онда, анықтама бойынша $\psi\varphi: A \rightarrow C$. Осыған ұқсас, $(\chi\psi)\varphi$ бейнелеуінің бар екендігінен $\chi: C \rightarrow D$ болатыны шығады және бұдан $\chi(\psi\varphi): A \rightarrow D$. Осылайша, біртіндеп $\chi\psi: B \rightarrow C$ және $(\chi\psi)\varphi: A \rightarrow D$ бейнелеулерін аламыз. Сонымен, теңдіктің оң жақ бөлігінің бар болуынан оның сол жақ бөлігінің де бар болатыны, әрі осы бөліктердің анықталу облыстары мен мәндері жиындарының тең екені шығады. Теңдіктің оң жақ бөлігінің бар болатындығынан да осындай қортындыға келуге болады. Әрі қарай, $a \in A$ деп

$$(\chi(\psi\varphi))(a) = \chi((\psi\varphi)(a)) = \chi(\psi(\varphi(a))) = (\chi\psi)(\varphi(a)) = ((\chi\psi)\varphi)(a)$$

теңдіктертізбегіналамыз. Мұндағы $a \in A$ жиынының кезкелгенэлементі болғандықтан, соңғы теңдіктертізбегітеореманың дұрыстығын дәлелдейді.

4. Кері бейнелеу

Бейнелеу бинарлық қатыстың дербес түрі болғандықтан кері бейнелеу ұғымын бинарлық қатысқа кері қатыс ретінде анықтауға болады. Бірақ мынадай кедергі бар. A және B жиындары жұбында анықтылған f бинарлық

қатысы A жиынынан B жиынына бейнелеу болсын дейік. B және A жиындары жұбында берілген f бинарлық қатысына кері қатыстың B жиынынан A жиынына бейнелеу болуы міндетті емес. Мысалы, $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = x^2$ бейнелеуін алайық. $(-2, 4)$ және $(2, 4)$ жұптары f бейнелеуіне тиісті болғандықтан $(4, -2)$ және $(4, 2)$ жұптары f^{-1} кері қатысына тиісті болу керек. Онда f^{-1} қатысы нақты сандар жиынының өзіне өзінің бейнелеуі емес. Сондықтан бейнелеуге кері бейнелеуді кері қатыс ретінде анықтау үшін келесі теореманың маңызы зор.

Теорема 2. A және B жиындары жұбында анықталған f бинарлық қатысы A жиынынан B жиынына бейнелеу болсын. $f^{-1} \in B \times A$ кері қатысы B жиынынан A жиынына бейнелеу болуы үшін f -тің биективті бейнелеу болуы қажетті және жеткілікті.

Дәлелдеуі. Қажеттілігі. $f^{-1} \in B \times A$ кері қатысы B жиынынан A жиынына бейнелеу болсын. Бұл әрбір $b \in B$ үшін $bf^{-1}a$ орындалатындай бір ғана $a \in A$ элементінің табылатынын білдіреді. Сонда A жиынынан B жиынына f бейнелеуі үшін, біріншіден, кезкелген $b \in B$ үшін A жиынында afb орындалатындай a элементі бар, екіншіден, ол элемент біреу ғана болады. Бұлардың біріншісі f бейнелеуінің сюръективті екенін, ал екіншісі -- инъективті екенін білдіреді. Олай болса, f -- биективті бейнелеу.

Жеткіліктілігі. f -- A жиынынан B жиынына биективті бейнелеу болсын. f -тің A жиынынан B жиынына бейнелеу болу шартынан кезкелген $a \in A$ үшін afb орындалатындай бір ғана $b \in B$ элементінің табылатыны шығады. f -тің сюръективтілігінен кезкелген $b \in B$ үшін afb орындалатындай $a \in A$ элементінің табылатыны шығады. f -тің инъективтілігінен бұл элементтің біреу ғана болатынын аламыз. Кері қатыстың анықтамсы бойынша $bf^{-1}a \Leftrightarrow afb$ болғандықтан, f -тің биективтілігінен f^{-1} -дің B жиынынан A жиынына бейнелеу екені шығады.

Мысалы, $f^{-1}: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f^{-1}(x) = \frac{1}{2}(x - 1)$ бейнелеуі $f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}, f(x) = 2x + 1$ бейнелеуіне кері бейнелеу болып табылады.

Қорытынды

Математика салаларында қатыстық үлкен орын алады. Қазіргі таңда қатыстық өте көп зерттелген. Осы зерттеулер нәтижесінде көптеген бағыттарда, ғылымдарда, салаларда қатыстық теориясын қолдану арқылы үлкен жетістіктерге жетідеміз.

Атап айтқанда информатика, робототехника бағыттары үшін үлкен серпіліс беруде.

Қатыстықтың бинарлық бөлімі ең маңызды болып табылады.

Оқу процесінде қатыстық емептерін қолдана отырып мұғалім студенттерді ойлау процестерінің дамуына әкелетін ізденіске шақырады.

Оқушылар тапсырманың көптеген практикалық, шығармашылық түрлерін орындау нәтижесінде екі тобын салыстыруды, қай топқа көп (аз) немесе бір топтағы басқа пәндерден көп заттарды орнатуды үйренеді. Нәтижесінде олар "көп", "аз", "көп", "көп" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін игереді және нақты практикалық іс-әрекеттерде салыстыру кезінде жаттығулар жасайды.

Осы ретте қатыстық білім беруді, ойлауды дамытуға, салыстыруды арттыруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Куликов Л.Я. Алгебра и теория чисел. – М.: Высшая школа, 1979.
2. Кострикин А.И. Введение в алгебру. – М.: Наука, 1977. – 496 С.
3. Фадеев Д.К. Лекции по алгебре. – М.: Наука, 1984.
4. Виноградов И.М. Основы теории чисел. – М.: Наука, 1974.
5. Проскуряков И.В. Сборник задач по линейной алгебре. – М.: Наука, 1984, 336 стр.
6. Оразбаев Б.М. Анықтауыштар теориясы. – Алматы: «Мектеп», 1967.
7. Оразбаев Б.М. Сандар теориясы. – Алматы: «Мектеп», 1970.
8. Dickson L.E. Linear algebras. – Cambridge Univ. Press, 2015. – 82 p.
9. Schafer R.D. An introduction to nonassociative algebras. – Acad. Press, 1966. – 75 p.
10. Жұмаділдаев А.С., Ибраев Ш.Ш. Ли алгебралары мен Ли группалары теориясына кіріспе. – Алматы.: Таңбалы, 2017. – 88 Б.

Региональная экономическая и инвестиционная политика: состояние, проблемы и перспективы (на материалах Кызылординской области)

Наурызбаева Акмарал Еркенқызы
студентка группы УиА-19-1
Наурызбаев А.Ж.
к.э.н., старший преподаватель

В условиях мирового кризиса развитие региональной экономической и инвестиционной политики имеет первоочередное значение не только для региона, но и всего Казахстана. Анализ потребительского рынка Кызылординской области показывает, что почти 95% потребляемой продукции завозится из-за пределов области из других регионов. Усиления пандемии COVID-9 оказывает негативное влияние на экономику региона,

при котором несмотря на принимаемые меры со стороны местных исполнительных структур не только не обеспечиваются потребности населения. Для стабилизации цен на продукты питания в стабилизационный фонд области было закуплено более 4 тысяч тонн социально значимых продовольственных товаров. В период пандемии из областного бюджета выделено 1234,4 млн. тенге. Несмотря на это в регионе наблюдается рост цен на продукты питания и товары первой необходимости, увеличиваются тарифы на природный газ, коммунальные услуги и средства связи, что характерно для всего Казахстан.

В области был принят План экономического развития до 2023 года, представителям бизнеса предложены 265 проектов на 271 млрд тенге, будет создано 1047 рабочих мест. В области реализуется Дорожная карта занятости на 2020-2021годы, что позволяет стабилизировать ситуацию с работой в период пандемии. Наряду с этим на развитие области выделено 15,6 млрд тенге экономической помощи, которые направлены на приоритетные направления экономики области. По итогам 2020 года было создано 20206 рабочих мест при плане 17602, из которых 14974 носят постоянный характер.

В 2020 году было приостановлена деятельность 74% субъектов предпринимательства, при котором пострадало от пандемии около 10 тыс. субъектов торговли непродовольственными товарами, сферы туризма, общественного питания и ресторанного бизнеса, услуг по проживанию и перевозке пассажиров.

Объем промышленного производства составил 648,8 млрд тенге, что на 13,3% ниже против 2019 года и на 21,7 против 2018 года. Это связано с сокращением добычи нефти, в следствие истощения и обводненности большинства скважин. В 2020 году объем добычи нефти составил 4,6 млн. тонн, что на 960,1 тыс. тонн ниже против 2019 года. В рамках первой и второй пятилетки программы индустриализации (2010-2019 годы) реализовано 26 проектов на 150 млрд тенге, создано 1,7 тысяч рабочих мест.

Введенными проектами за 2020 год выпущено продукции на 34,9 млрд тенге, что против 2019 года выросло на 9,7% (за 2019 год -31,8 млрд. тенге).

Экспортировано 473,8 тыс. тонн продукции, включающая поваренную соль, рыбу, пропан-бутан, метаванадат аммония, цемент) стоимостью 11,2 млрд тенге против 10,5 млрд. тенге в 2019 году. Благодаря оказываемой государственной поддержке сферы агропромышленного производства в 2020 году выделено 14,8 млрд. тенге субсидий, что на 5% больше против 2019 года. Из года в год увеличивается валовое производство сельхозпродукции, которая составила 142,6 млрд. тенге, а объем инвестиций в сельское и рыбное хозяйство достиг 13,6 млрд. тенге или увеличился в два раза. В 2020 году под сельхозкультурами было засеяно 184,2 тыс. га, из них под зерновые культуры -99,6 тыс. га. В 2020 году было посажено на 70 га сахарное сорго, на 240 га – соя, на 1667 га – кукуруза.

В области функционируют 9 рыбоперерабатывающих заводов, из которых 4 имеют еврокод. За 2020 год выловлено 8760,2 тонн рыбы, что на 8% больше чем в 2019 году. В 2020 году экспортировано 4302,9 тонн рыбной продукции, что на 2% больше против 2019 года. Экспорт рыбной продукции осуществлялся в Российскую Федерацию, Германию, Польшу, Грузию, Литву, Китай, Нидерланды, Чехию и Беларусь.

В область в 2020 году привлечено 230 млрд тенге инвестиций. В рамках плана экономического развития области до 2023 года в 2020 году введено 89 проектов общей стоимостью 7,1 млрд тенге. Кроме того, в рамках программы индустриализации в 2020 году реализованы 3 проекта стоимостью 1,5 млрд. тенге. Полностью реформатирована деятельность АО «СПК «Байконур», оказывающей финансовую помощь субъектам малого и среднего бизнеса в реализации инвестиционных проектов. Большая работа проведена в области по вводу социально-значимых объектов сферы медицины, образования и других в сельских территориях.

В рамках третьей пятилетки индустриализации, которое охватывает период 2020-2025 годы ведется работа по 34 проектам стоимостью 557,6 млрд тенге, при котором будут созданы 7,1 рабочих места. Пандемия негативно оказала влияние на реализации инвестиционных проектов. Один из них стекольный завод, который и без пандемии превысил свою стоимость и до сих пор находится на уровне 70% завершения. Согласно План экономического развития до 2023 года вокруг этого стекольного завода планируется реализовать 8 сопутствующих проектов связанных со стекольной отраслью.

Сегодня численность занятых в малом и среднем бизнесе составляет 96 тыс. человек, на долю произведенной продукции и услуг в валовом региональном продукте составляет 18%. По состоянию на 1 января 2021 года количество действующих субъектов предпринимательства увеличилось на 5,1%, или на 2360 единиц и достигло 48657 единиц. Произведено продукции на 390 млрд. тенге. Объем розничной торговли составил в 2020 году 298,4 млрд. тенге, что сохранилось на уровне 2019 года.

В качестве мер господдержки в регионе предоставлены около 54 тысячам предпринимателям налоговые льготы и 8,5 тысяч субъектов малого и среднего бизнеса были освобождены от уплаты взносов в систему обязательного социально-медицинского страхования, порядка 9 тысяч торговых площадей (по 1417 крупным торговым объектам) освобождены от уплаты арендных платежей на сумму почти 700 млн. тенге и другие.

На основе исследования экономической и инвестиционной политики в регионе Кызылординской области в целях повышения их эффективности необходимо обеспечить следующие мероприятия:

- проводимая региональная экономическая и инвестиционная политика еще не полностью отвечает насущным требованиям рынка, при

котором зачастую инвестиции и финансовая помощь выделяется без должного учета и контроля, последующего анализа и мониторинга, что приводит к не должной отдаче вложенных средств.

- со стороны государственных органов не должным образом обеспечивается государственно-частное партнерство, выделяемые финансовые средства порой используются не по целевому назначению. Несмотря на определение в Законе «О государственной статистике» ответственности должностных лиц за статистическую отчетность сегодня не на должном уровне ведется эта работа, отсутствует контроль со стороны органов государственной статистики в силу отсутствия финансирования на эти цели, а также правительство не определяет полноты госзаказа на выполнение статистических исследований, что не дает возможности проводить полноценный анализ в тех или иных сферах экономики.

Список использованной литературы

1. Инновационное наполнение инвестиционной политики. - М.: Проспект, 2016. - 240 с.
2. Кушлин, В.И. Инновационное наполнение инвестиционной политики. Монография / В.И. Кушлин. - М.: Проспект, 2017. - 425 с.
3. Сихимбаев М. Инновационно-инвестиционная политика горнорудных корпораций: монография / Сихимбаев М., Сихимбаева Д., Жонкина А. - М.: Palmarium Academic Publishing, 2014. 112 с.
4. Хасанов И. Особенности формирования и реализации региональной инвестиционной политики в современной экономике: монография /Хасанов И. - М.: КноРус, 2016. - 566 с.

УДК 404.1 : 658.48

Отходы рисоводства и состояние их утилизации

Нақып Мағжан

ХТО-17-1 оқу тобының студенті,

Абдрахманов С.Т.

Аннотация. Рисовая шелуха содержит большое количество соединений фосфора, среди которых фосфорорганические вещества-фитин, лецитин и другие, которые незаменимы для кормления молодняка. Эта работа заключается в получении органоминерного удобрения из рисовой шелухи и разработке технологии утилизации.

Аңдатпа. Күріш қауызында Фосфор қосылыстарының көп мөлшері бар, олардың ішінде орғанофосфор заттары-фитин, лецитин және басқалары,

олар жас жануарларды тамақтандыру үшін қажет. Бұл жұмыс күріш қауызынан органикалық-минералды тыңайтқыш алу және кәдеге жарату технологиясын жасау болып табылады.

Annotation. Rice husk contains a large number of phosphorus compounds, including organophosphate substances-phytin, lecithin and others, which are indispensable for feeding young animals. This work consists in obtaining organominear fertilizer from rice husks and developing a recycling technology.

Ключевые слова: отходы рисоводства, рисовая шелуха

Кілт сөздер: күріш шаруашылығының қалдықтары, күріш қауызы

Key words: rice farming waste, rice husk

Рисоводство дает не только продукт питания-зерно,но и отходсолому и шелуху. Рациональное использование отходов рисоводство представляет актуальную проблему.Солома рисовой культуры - самый дешевый грубый корм. По питательности, поедаемости животными и усвояемости она уступает сену и силоси из-за низкого содержания протеина и высокого содержания –клетчатки. Поэтому, еще совсем недавно скармливание соломы животным считалось признаком полной неподготовленности кормовой базы. Это характерно для животноводства и зарубежных стран. Скармливание животных соломой, в составе корма смесей обеспечивает существенную экономию фуражного зерна.

Таблица-1 Питательная ценность рисовой соломы

наименование	В 1кг содержится				
	Кормовых единиц	Перевераемость протеина,г	Са,г	Р,г	Каротина, г
Рисовая солома	0,24	22	6,9	0,6	3

Рисовая солома является довольно ценным кормом для скота, особенно при силосовании с зеленой массой люцерны или гороха. Ее используют также на подстилку. Из рисовой соломы вырабатывают высшие сорта бумаги, строительный картон, прочные и дешевые веревки, канаты и мешки. Она содержит целлюлозы до 50%, лигнина-11,7%Ғ пентозана-20%, минеральных веществ (преимущественно кремния)-14,6%. Из рисовой соломы иотавливают шляпы, легкую домашнюю обувь, циновки,сумки, коврики, накидки и другие предметы домашнего обихода.

Сечка и лом, получившиеся при переработке риса, используются для выработки спирта, особых сортов водки(саке), пива и крахмала, который употребляется в медицине, для выработки рисовой пудры. Рисовые отруби(кипак) по питательной ценности следует считать лучшим кормовым средством. В них содержится от 10 до 13,7% белка и до 14% жира. Отруби риса отличаются высоким содержанием фосфорных соединений, среди которых особую ценность представляют органо-фосфорные вещества –

фитин, лецитин и другие, очень нужные для питания молодняка животных. Кроме того, отруби богаты витаминами и жирами. Из них эксстаригруют высококачественное пищевое и техническое масло. Оно отличается высоким содержанием ненасыщенных жирных кислот и обладает ценными лечебными свойствами. Рисовое масло особенно рекомендуется для людей, страдающих сердечными заболеваниями и гипертонией. Балгодоря антикоррозийным свойствам его используют для приготовления краски, идущей на покрытие металлических корпусов морских судов. Выход масла из отрубей превышает 10%.

Рисовая шелуха представляет собой продукт синтеза растений в природных условиях, предназначенный для защиты зерна риса. Она в основном состоит из кремне-органических соединений природного происхождения, в составе которой содержание кремния достигает до 15%, а органическая часть составляет 85%. Рисовая шелуха является многотоннажным отходом сельского хозяйства. Она, рассыпаясь по территориям районов области вблизи рисоочистительных заводах, загрязняет окружающую среду. Ее, в основном, используют для саманной штукатурки жилого помещения, при формовке кирпича-сырца, а также предлагают совместно с золой ТЭЦ утилизировать при производстве арболита.

Характерная особенность рисовой шелухи заключается в том, что ее органическое вещество на 40-50% состоит из клетчатки и без азотистых экстрактивных веществ, соединенных в прочный лигниноцеллюлозный комплекс. Клетчатка шелухи относится к линейным полимерам, гигантские молекулы которых имеют форму нитей, а крахмал-к глобулярным полимерам с молекулами, имеющими форму объемных трехмерных частиц. Все составляющие вещества шелухи слабо поддаются воздействию бактериальных ферментов желудочно-кишечного тракта животного, в результате чего перевариваемость рисовой шелухи низкая: питательных веществ-37%, клетчатки- не более 50%.

В условиях орошаемого земледелия в Кызылординской области в вопросах повышения плодородия почвы большую роль играют минеральные удобрения. В области наряду с указанными отходами имеются также низкосортные фосфоритовые руды.

Совместное использование рисовой шелухи и низкосортных фосфоритов в качестве минеральных удобрений позволяет решить проблему нехватки удобрений в области. Эффективное использование многотоннажных отходов и местной агроруды для нужд сельского хозяйства существенно улучшит как экономическое, так и экологическое положение в Приаральском регионе.

При прямом внесении природных фосфоритов и шелухи в почву не достигается желаемого эффекта из-за плохой усвояемости их растениями. Природную смесь шелухи и фосфорита нужно подвергнуть механической

активации с целью перевода их усвояемую растениями форму. Механическую активацию с целью перевода их в усвояемую растениями форму. Механическую активацию проводят совместным измельчением природного фосфорита с рисовой шелухи. При этом достигается высокая степень амморфизации кристаллической структуры фосфоритов. Усвояемость природных фосфоритов определяется степенью растворимости P_2O_5 .

Механическая активация природного фосфатного сырья повышает реакционную активность $Ca_3(PO_4)_2$ в составе руды, увеличивает содержание растворимых форм P_2O_5 и открывает перспективу использования фосфоритной муки вместо суперфосфата. Внесение в почву фосфоритной муки сопровождается внесением активированного кремнезема, количество которого в некоторых фосфоритах достигает до 50%. Вносятся также в почву перизмельченная и активированная мука шелухи. Причем, внесение активированной фосфоритовой руды, как источник фосфора, кальция, кремния совместно с переизмельченной рисовой шелухи в почву существенно ускоряет усвоение их растениями и, следовательно, повышает урожайность риса и другие сельскохозяйственных культур.

Утилизация рисовой шелухи и агроруды Приаралья также позволит освободить полезную площадь и облагородить природный ландшафт, а также будет способствовать улучшению экологической обстановки региона.

В Кызылординской области в наиболее широком масштабе выращивается рисовая культура. На область приходится 80% общего урожая по республике. В связи с этим интенсификация рисоводства требует применения минеральных и органических удобрений. Содержание элементов питания в почве в усвояемой форме оказывает непосредственное влияние на развитие растений и получение высокого урожая. Для формирования высоких урожаев риса в почве должно быть достаточное количество легкодоступных питательных веществ. Так, с урожаем 5т/га рис выносит из почвы 120-125кг азота, 50-62кг фосфора и 120-150кг калия.

Одновременно в последнее время производство удобрений в республике резко сократилось. В связи с этим урожайность риса падает, а качество зерна снижается. И безусловно, возникает необходимость использования местных сырьевых ресурсов для производства удобрений, какими являются рисовая шелуха и агроруда Приаралья.

Создание органоминерального удобрения на базе шелухи в смеси с фосфоритными рудами способствует рациональному использованию местных минеральных ресурсов и охране окружающей среды.

Библиографический список

1. Прянишников Д.Н. Избранные сочинения. Том третий.-М.: «Колос», 2011-с.486-495.

2.Беглов Б.М. Химизация: плюсы и минусы. Экономика и жизнь. 2010,- №2,с. 62-65

3.Беглов Б.М. и др. Активация природного фосфатного сырья. – Ташкент: «Хорезм», 2000

4. Мишустин. Биотехнология-М.: 2009

5. Adams, D. Flue gas treatment for CO₂ capture / D. Adams // IEA clean coal center, 2010. – P. 61. ISBN: 978-92-9029-489-4

6. Ho, M.T. Reducing the Cost of CO₂ Capture from Flue Gases Using Membrane Technology / M.T. Ho, G.W. Allison, D.E. Wiley // Ing. Eng. Chem. Res, 2008. – № 47, – P. 1562-1568. <https://doi.org/10.1021/ie070831e>

7. Khalilpour, R. Membrane-based carbon capture from flue gas: a review / R. Khalilpour, K. Mumford, H. Zhai, A. Abbas, G. Stevens, E.S. Rubin // Journal of cleaner production. – 2014. – P. 1-15. <http://dx.doi.org/10.1016/j.jclepro.2014.10.050>

FTAMP 14.25.07.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау

Нургалиева Малика Алиевна
ПМНО-20-1у оқу тобының студенті
Ерназарова Г.Ш.
фил.ғыл.канд.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттер:

- Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
 - Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
 - Сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу.

Қолжетімді, нақты, үздіксіз:

- білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;
- мұғалімдерге білім алушылардың нәтижелері туралы;

- ата-аналарға оқу жетістіктерінің деңгейлері туралы;
- басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсынады.

Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері).

Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады.

Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

- Оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз;
- Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз;

- Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын анықтаймыз;

- Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтау;

- Оқушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.[1]

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;

- жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой-өрісін әрі қарай дамытады;

- мақсаттар білім сапасын арттырады;

- оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нұсқаулық әдістемелік құжаттар арқылы реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты;

- Оқу бағдарламасы;

- Оқу жоспары;

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
- Критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған нұсқаулық;
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар.[2]

Бағалаудың кезендері мен түрлері.

Бағалаудың критериалды жүйесі формативтік бағалаудан (ағымдағыбағалаулар) және суммативті бағалаудан (оқу бағдарламасының бөлімдерібойынша бағалау, тоқсандық және жылдық қорытынды бағалау) тұрады.Формативтік бағалау оқушының білім, білік және дағдыларының күнделікті деңгейінанықтауға арналған.Ол әртүрлі формада іске асырылып, мұғалімгежәне оқушыға өздерінің жұмыстарын сәйкесінше түзетіп алуға жәнеқорытынды бағалауға дейін мүмкін болар кемшіліктерді анықтауғамүмкіндік береді. Тоқсандық бағаны және оқушының қорытынды жұмыстары үшін бағаны қою барысында оның формативтік бағалары ескерілмейді.

Қорытынды бағалау(суммативті бағалау) оқу тақырыбының бөлімін оқып болған соң білімнің және оқу дағдыларының қалыптасудеңгейін анықтауға арналған.Қорытынды бағалау әр түрлі қорытынды жұмыстардың (тесттер, бақылаужұмыстары) нәтижелері бойынша жүргізіледі.Қорытынды жұмыстарғақойылған бағалар пән (курс) бойынша тоқсандық және жылдық бағалардықою үшін негіз болып табылады. [1]

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әдістері, тапсырмаларын мектептер өз бетінше құрастырады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген критериалды бағалауды өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;

• тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым бойынша анықталады.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімінің саны оқыту топтамаларының санына негізделі анықталады:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша – бөлім санына қарай;
- әлеуметтік-ғылыми пәндер бойынша – ортақ тақырыптар санына
- тілдік пәндер бойынша – сөйлеу әрекетінің түрлеріне қарай (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым).

Мұғалім бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыру үшін:

- оқу бағдарламасы мен жоспары, оқу мақсаттарын зерттейді;
- ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіре отыра бағалау критерийлерін жасайды;
- тапсырмалар мен дескрипторлар құрастырады;
- өткізілген жиынтық бағалау негізінде оқушының оқу деңгейлерін және оқу материалдарын меңгерудегі жіберілген кемшіліктерді түзету үдерісін анықтайды.

Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды. [3]

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің талдау. Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау білім алушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа мұғалім қажет болған жағдайда қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерінің алдағы уақыттағы әдістерін, тапсырмаларын қайта қарауына болады. [4]

Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты:
Төмен деңгей

- пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді;
- жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі;
- ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады;

Орта деңгей

- пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді;
- әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады;

- ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады;
- әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады;

Жоғары деңгей

- пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді;
- қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады;
- әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады;
- қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің баламалы және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады;
- тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың үдерісі.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мазмұнындағы білім, дағды және түсінуге қатысты дәлелдеулерді ұсынады, тоқсандағы оқу барысының ілгерілеуін өлшейді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, онда тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады. Тоқсандық жиынтық бағалауда бақылау-тексеру жұмыстарын әртүрлі өткізу қарастырылады. [1]

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
- бағалау құрылымы;
- тапсырмалар саны;
- тапсырмалар бойынша балдарды бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін: диктант, мазмұндама, эссе, тест, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде тоқсан басында білім алушылар мен олардың ата-аналарын хабардар ететін тоқсандық жиынтық бағалаудың

кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп құрылады. Тоқсандық жиынтық бағалау бір параллельде бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіруге) рұқсат етілмейді.

Тоқсандық жиынтық бағалау өткізу бойынша мұғалімдерге нұсқаулық[4]

Оқушылар орындарына отырғаннан кейін және тоқсандық жиынтық жұмысын орындауға дайын болғанда, мұғалім келесілерді орындау керек:

-тапсырмалар жазылған парақты төмен қаратып оқушылардың партасына қояды және оқушылардан парақтарды аудармауын сұрайды;

-оқушыларға тоқсандық бағалаудың өткізу ережесіне сәйкес өтуін түсіндіреді;

-оқушыларға бағалау өту кезінде бір-бірімен сөйлеспеуін немесе көмек сұрамауын және басқа біреуге көмектеспеу керек екендігін естеріне салады;

-басталғанға дейін оқушыларда тапсырма орындауға керекті құралдардың бар екендігіне көз жеткізу керек.

-оқушылардан тапсырмалары бар парақтарды аударып ақпаратты толтыруын өтінізіз: оқушының аты-жөні және сыныбы (мектебі) толтырылады;

-бірінші беттегі нұсқаулықты дауыстап оқып және оқушыларға тапсырманы орындауға қаншалықты уақыт бөлінгенін айтады. Бағалау өткізуде оқушылардың бір-бірімен сөйлеспейтіндігі туралы естеріне салу керек. Мұғалім нұсқаулық өткізіп болғаннан кейін, жұмыс басталарға дейін барлық сұрақтарға жауап беріп, оқушылардың түсінгеніне көз жеткізуі керек;

-барлық оқушылар ести алатындай, басталу және аяқталу уақытын тақтаға жазып және дауыстап айту керек;

-бағалау кезінде оқушылардың өздерінің жеке жұмыс орындағанына көз жеткізіңіз. Олар сөйлеспеулері және жұмысты бір-бірінен көшірмеулері керек;

-оқушыларға мүмкіндігінше барлық тапсырмаларды орындаудың міндетті екендігін түсіндіру қажет;

Бағалау кезінде, жұмыс орындау барысында мұғалім нұсқаулыққа қатысты сұрақтарға жауап беруіне болады. Мұғалім оқушыларға жұмыс орындауына көмектеспейді, сұрақтарды ауыстыруға немесе ақпарат алуға көмектеспеуі тиіс.

Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы. Тоқсандық жиынтық бағалау жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысында берілген үлгідегі балл қою кестесіне сәйкес құрастырылады. Аталған кестеге сәйкес мұғалімдер балдарды қояды. Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс. Бағалау нәтижелерін мұғалім, білім алушының оқудағы ілгерілеуін бағамдау үшін қолдануына

болады. Ол үшін мұғалім нәтижелерді, кері байланысты білім алушыны оқуға ынталандыратындай түсінікті етіп, өзінің нәтижесі бойынша ойлануына мүмкіндік беру қажет. Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандай дағдыларды игергенін талдау үшін қолдануына болады. [5]

Критериалды бағалау бүгінгі білім беру жүйесінде зор маңызға ие. Өйткені, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау жүйесі бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған.

Андатпа

«Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау», - тақырыбының аясында бағалау үдерісінің ұйымдастырылуы мен жүргізілу ерекшеліктері туралы ақпараттар ұсынылған. Бағалау үдерісін жүргізудің формативті және суммативті түрлері бойынша тапсырмаларды әзірлеуде басшылыққа алынатын құжаттар мен нұсқаулықтар қамтылған. Бөлім/ортақ тақырып, тоқсан бойынша алынатын бағалау тапсырмаларының үлгілері берілген. Жалпы критериалды бағалау жүйесінің бүгінгі күнде маңыздылығы және тиімділігі туралы әдістемелік ұсыныстар толық көрсетілген.

Аннотация

В рамках темы «критериальное оценивание учебных достижений учащихся» представлена информация об особенностях организации и проведения процесса оценивания. Содержит руководящие документы и инструкции при разработке заданий по формативным и суммативным видам проведения процесса оценки. Даны образцы формативных, суммативных оценочных заданий. На сегодняшний день подробно изложены методические рекомендации по значимости и эффективности системы критериального оценивания в целом.

Annotation

Within the framework of the topic "criteria-based assessment of students 'academic achievements'", information is provided on the features of the organization and conduct of the assessment process. It contains guidance documents and instructions for the development of tasks for the formative and summative types of the evaluation process. Samples of formative, summative assessment tasks are given. To date, the methodological recommendations on the significance and effectiveness of the criteria-based assessment system as a whole are described in detail .

Кілт сөздер: критериалды бағалау, жиынтық бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау.

Ключевые слова: критериальное оценивание, суммативное оценивание, формирующее оценивание, суммативное оценивание за раздел, суммативное оценивание за четверть.

Keywords: criterion assessment, summative assessment, formative assessment, summative assessment by section, summative assessment for a quarter.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жусупова Д.Ж «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», -Қостанай 2020.-41 б.

2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық (әдістемелік құрал)», -Астана 2016.-15 б.

3. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, -Астана 2016.-35б

4. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий, Астана 2018.-19 б.

5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы (нұсқаулық), -15 б.

Патриоттық тәрбие - жеке тұлға қалыптасуының кепілі

М.Қ. Омарова,

НВП-20-1 оқу тобының студенті

Т.Д. Бимаханов

Ғылыми жетекші PhD,

Тақырыптың өзектілігі: Жаһандану заманындағы патриоттық тәрбие дұрыс бағытта ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін педагогтің өзі саяси сауатты, ұлттық санасы қалыптасқан өз елінің патриоты болуы тиіс. Сонда саналы ұрпақты сапалы біліммен сусындатып, саналы тәрбие беруге қабілетті болмақ.

Жұмыстың мақсаты: Елімізде өскелең ұрпақтардың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Жас ұрпақты сүйіспеншілікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер аға – апалардың ерлігін үлгі ету.

Жұмыстың міндеттері:

- Патриоттық тәрбие берудегі өткен тарихымыздың алар орнын айқындау;

- Патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негізін қарастыру;

- Қазақстандық патриотизмның даму жолдарын қарастырып, жас ұрпақ бойындағы ұлтжандылықты қалыптастыру;

Жұмыстың құрылымы: Жұмыс кіріспеден, негізгі мазмұнын ашатын бірнеше мәселеден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеудің негізі: Оқытудың заманауи әдістері, білім беру үрдісіндегі әрекеттік және құзыреттілік тәсілдерін меңгереді.

Зерттеу әдістері: Патриоттық тәрбие жайлы пікірлесу және әңгімелесу.

Зерттеудің болжамы: Егер рухани дамыған бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту патриоттық тәрбиені қалыптастыру негізінде және оны патриоттық құндылықтарды оқушыларға игерту арқылы жүзеге асып, ал патриоттық тәрбиені дамытудың қайнар көздері сан алуан екендігіне біз ғылыми – педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында көз жеткізсек, онда ұлттық тәрбиені дұрыс насихаттап, жан–ежақты дамыған өз елінің жанашыр патриотын тәрбиелей аламыз.

Күтілетін нәтиже: Жастарға патриоттық тәрбие берудің тиімділігін арттыру.

Жеке тұлға қалыптасуының бастауы – тәрбие

Барлығымызға белгілі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «Қазақстанды патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі XXI жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кірістіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. Ал жеке тұлға – дұрыс тәрбие беру нәтижесінде қалыптасады.

Осы орайда қарапайым «тәрбие» ұғымын атоқталайын. Тәрбие бұл – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез – құлқын қалыптастырып, өмірге бейімделу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс, қоғамның негізгі қызметтерінің бірі болып табылады. Ересек буын өкілдері қоғамдық өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие арқылы береді. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек, онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» – дейді. Мұнымен айтқым келгені, жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру ең маңызды мәселе. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен зор еңбекті қажет ететін, жауапкершілігі мол жұмыс. Ұлы Абай атамыз: «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы – жаманды таниды – дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» – десе, француз педагогы Жан Жак Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі. Бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» – дейді. Тағы да,

«Отан— отбасынан басталады», «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген даналық сөздердің мәніне үңілсек, бала тәрбиесіне балалық шағынан—ақ көңіл бөлу міндеті тұрғанын аңғару қиын емес. Балаға ең алғашқы тәрбиені беруші— баланың ата—анасы. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір—бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы—жаман қасиеттің негізі ата — анасымен тікелей байланысты. Бала ең жақындары, жанындағы ата—анасына қарап бой түзейді. Сондықтан әуелі ата — ата өзін дұрыс тәрбиелей отырып, сол тәрбиені бала бойына сіңіру қажет.

Бала бойындағы тәрбиенің бастауын ата—ана қалыптастырса, одан кейінгі тәрбие беруші, әрине мұғалім. Ұстаз мұраты мен мақсаты — жетілген, толыққанды жеке тұлғаны тәрбиелеу. Мұғалім балалармен қандай жұмыс істесе де, олардың мінез — құлқының, тәртібінің, сана — сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Ұстазды көргенде жиренетін шәкірт емес, оны көруге асығатын шәкірт тәрбиелеу — бүгінгі өмірдің басты талабы. Балалар ата — анасымен қатар ұстазына да қарап бой түзейді. Мұғалімнің білімі мен тәрбиесі қандай болса, сол мұғалімнің алдындағы оқушыларының тәрбиесі де солай қалыптаспақ.

Жеке тұлға қалыптасуының кепілі — патриоттық тәрбие

Жеке тұлға қалыптасуының бастауы, бастамасы— тәрбие болса, осы тәрбие баланың бойына дұрыс берілу арқылы — патриоттық тәрбие қалыптасады. Ал патриоттық тәрбие — жеке тұлға қалыптасуының кепілі. Тақырыптың өзі патриоттық тәрбие жайлы болғандықтан, алдымен «Патриотизм дегеніміз не?» - деген сұрақтан бастағаным жөн болар. Патриотизм — дегеніміз (грек. patriotes — отандас, patrio- отан, туған жер), Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш—қуаты мен білімін Отан игілігі мен ел мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет—ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту. Жалпы айтқанда, патриоттық тәрбие мен Отан түсінігі бір—бірінен ажырағысыз ұғымдар. Патриотизм — адамның туа біткен, биологиялық қасиеті емес, ол — әлеуметтік, тарихи қалыптасқан Отанға деген сүйіспеншілік сезім. Патриоттық сезім де тұлғада тәрбие арқылы беріліп, патриоттық сана түрінде қалыптасады. Патриоттық сезім әрбір азаматтың сана — түкпірінен мықтап орын алуы керек. Себебі, Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақтардың қолында. Сондықтан да егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпақты елін сүйер патриот азамат пен азаматша етіп тәрбиелеу — бүгінгі алға қойған басты міндет болып табылады. Патриоттық сезім — Отанға қызмет етуден көрінеді. Отанға қызмет ететін әрине ол — жас ұрпақ. Демек бұл, келешектің иесі — өсіп келе жатқан жастар деген сөз. Қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе. «Мен келешектің иесімін» — деген ұрпақтың бойында білім, білік, адамгершілік, ар—намыспен қатар Отанды сүйуге деген қасиеттер болады. Ал ол қасиеттер баланың бойында патриоттық тәрбие беру арқылы қалыптасады. Балалардың

патриоттық тәрбиесі– патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады. Бала тәрбиесі– Отан мен ел мүддесі.Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес,күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің негізгі идеялары Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиялық жолдауында:«Олар күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» – делінсе, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің басты міндеттері азаматтық пен елжандылықты, өз Отанын Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге,Отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының тарихын, әдет – ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу,мемлекттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру» делінген. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, жеке тұлға талабы, қоғам қажеттілігі болып отыр.

Осы тұста біздің Қорқыт Ата университетіндегі студент жастарымыздың да тарапынан патриоттықты дамыту бағытында атқарылып жатқан өнегелі істерін, бағдарламаларын айта кетейін. Біздің оқу орнымызда жанашыр, үлгі етерліктей істер жасап жатқан, білімді, белсенді студенттер жетерлік. Бірнеше ұйымдарда бар. “Аят” , “СДО – студенттерді дамыту орталығы” – сияқты ұйымдар. Мысалы , Солардың бірқатары: “СДО” ұйымындағы жоғары курс студенттері апта бойы студенттердің білімін шындауға кішкене болсын көмек ретінде сабақтар өтіп отырады. Түрлі тақырыптар аясында іс – шаралар ұйымдастырады.

Ал “Аят” ұйымы білімді арттыру, көшбасшылыққа үйрену, дұрыс тәрбие қалыптастыру аясында түрлі іс-шаралар мен интеллектуалдық ойындарды жиі – жиі ұйымдастырып отырады. Мұнымен қоса, аптасына 1-2 мәрте қайырымдылық жасау мақсатында фудшерингке шығады. Таза қаланың сақшыларына жылы лебіздерін білдіріптүскі ас таратады. Осы арқылы қалаға мейірімділік нәрін береді. Ұйым студенттерінің тәрбиелік жақсылықтары мұнымен шектелмейді. Ұйым студенттері қолдарынан келгенше қарт кісілерге апта сайын үйлеріне барып,әңгімелерін айтып, көңілін аулап, көмек беріп қайтады. Қиындыққа тап болған жандарға мейлінше қаржылай жағынан болсын, киім – кешек , азық – түлік апарып беру жағынан болсын қол ұштарын созады, қарап қалмауға, қолдарынан келгенше көмек беруге тырысады.Тіпті университетііміздің жалпы студенттері де бұған үлестерін қолдарынан келгенше қосады.

Мұның барлығы оларға жастайынан берген, олардың бойларына дұрыс қалыптастырған тәрбиенің нәтижесінен деп білемін. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының: “Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!” –деген қанатты сөзі ойға түседі.Балаға жастайынан саналытәрбие, сапалы білім беріп, еңбекке баулуғаерекшеназар аударуымыз қажет. Тіпті мен айтып өткендей студенттерді ескере отырып, патриоттық тәрбиенің бастамасы дер едім. Осындай тәрбиелі жастардың

арқасында біз дамимыз, жетілеміз, болашағымыз жарқын болады, соған тілектеспін де..

Патриоттық тәрбиені қалыптастырудың жолдары мен әдістері

Ең алдыңғы кезекте—өз ана тілімізде сөйлеп, оны дәріптеп, мақтан тұту; халықтардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету; халықтар тағдырының ортақтығына, әдет—ғұрыптарының, салт—дәстүрлерінің орталығына назар аудару; ұлттық мәдени—тарихи құндылықтарымызды оқушылар бойына сіңіру; туған өлке материалдарын тиімді пайдалану, ұлттық нышандарымызға құрметпен қарауды үйрету; ардагерлермен кездесу; патриоттық мерекелерді атап өту; батырлар жыры, ертегілер, мақал —мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақ—жаңылтпаштардың мағынасын түсіну.

Ең алдыңғы кезекте—өз ана тілімізде сөйлеу дедік қой, егер, өз тілімізде сөйлеп, оны мақтан тұтып, дәріптесек—жалпы қолданыстағы тілдер қатарына енген боларма еді.Қазақ халқы тілге бай халық. Кез келген дүкендерде,кітапхана тағы басқа жерлерде болсын қазақша сөйлеп,басқаларға да осыны ұсынсақ, тілімізді дәріптеудің де бастамасы осы болар еді.

Оқушылардың бойында патриоттық тәрбиені беруде еліміздің ұлттық нышандарына тоқталмасқа болмас. Ұлттық нышандарымызға — Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, патриоттық сезімді,оларға құрметпенқарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған жөн. Мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі. Ұлттық мақтаныштың белгісі болыптабылады.Ұлттық мақтаныштармызды егжей—тегжейлі танып білу,әрбір баланың, әрбір оқушының міндеті. Ұлттық нышандар— патриоттық сезім мен ерік—жігерді танытудың ең маңызды бөлшегі. Мемлекеттік нышандардың көмегімен оқушылар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезімге дәйекті де,табанды тәрбиеленеді.

Патриотизм ұлттық дәстүрлерімізбен де тығыз байланысты. Патриотизмнің негізі — ежелгі ұлттық салт—дәстүр, әдет—ғұрып, аңыз—әңгімелер,ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Бұл айтылғандар балаға тәрбие жұмысымен қатар білім беруде жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылармен бірлесе отырып, қазақы салт—дәстүрлер туралы қысқаша айтып өту. Дүниеге сәби келуімен байланысты салт—дәстүрлер туралы айту, қазіргі таңдағы көрінісі туралы әңгімелеу.

Өз елінқорғауда ерлігі аңыз болып өлең—жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбайт.б.батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырларға арналғанбатырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюінің негізі болып табылады.Патриотизм әдебиет сабағында «Керкұла атты Кендебай», «Қобыланды батыр» сияқты тақырыптарды оқыту барысында «Сен

Кендебайдың орнында болсаң не істер едің?» ,«Қазіргі күннің батырларынан кімдерді білесің?»,«Олардың Отанымызға жасаған қандай ерекше ісін атап айтар едің?» – деген сияқты сұрақтарды қойып, өрбіту арқылы бала бойына елжандылықты,ұлтжандылықты ұялатуға болады.

Қазақтың ұлтжандылығын, Отансүйгіштігін қалыптастыруда мақал–мәтелдердің де алар орны бар. Мәселен, “Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас” – деген секілді мақал –мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюіне негізделіп, өз елін, туған жерін құрметтеуге балалардытәрбиелейді.

Оқушының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың, бала бойында ұлттық рухты дамытудың жолы тағы бір жолы– Отан қорғаушыларымен, шекара қызметкерлерімен кездесу өткізуі болып табылады. Ардагерлермен кездесу кезінде балалар ерлік оқиғаларды басынан өткізгендіктен, олардың әңгімесінен шынайы ерліктің ізін көре алады және оларға ұқсағысы келетін болады. Шекара қызметкерлерімен кездесу барысында оқушылар оларментанысып, олардың әңгімелерін тындап, Отанды қорғаудың өзі ерліктіңлебі сезілген қызмет екендігін ұғынады.

Патриоттық тәрбиені оқушыларға беру барысында патриоттық тақырыптағы мерекелер мен даталы күндерді атап өту, мерекелік салтанаттарға қатысу болып табылады. Бұл мерекелерге 9–мамыр Жеңіс күні, 7–мамыр Ұлан күні, 30–тамыз Конституция күні, 25–қазан Республика күні, 16–желтоқсан Тәуелсіздік күні, 17–желтоқсан Желтоқсан құрбандарының күні жатады. Әрине, мерекелік салтанаттың тарихымен таныстырып өткізу міндетті түрде жүргізілуі керек, мерекелік салтанаттың не жайлы, кімдер жайлы екенін баяндап, ұғындыру қажет.

Әдістері

- **Пікірлесу**
- **Мақал - мәтелдің мағынасын ашу**
- **Патриоттық шығарма жазу, өлең жатқа айту байқауы**
- **Реферат (Конференция)**
- **Тренингтер**
- **Әдеби кеш**

Нәтижесінде:Оқушыларға ой салынады; білімі анықталады; қызығушылығы артады; патриоттық сезімі күшейеді; ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді;дарынды, өнерлі, жан–жақты бала анықталады; еліне деген сүйіспеншілін, жауапкершілігін арттырады.

Қорытынды

Қорыта келе, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін

көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Айта өткендей, Отансүйгіштік сезімі туа біте пайда болатын қасиет емес, баланың бойында ең алдымен ата-анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезімадамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Егер, балалармен осы жоғарыда баяндалғандай немесет.б. әдістерді қолдана отырып, оқушының көкейіне ой сала білсек, үлгі көрсетсек, заманға сай, қоғамға керекті,Отансүйгіш,елсүйгіш,еліне адал қызмет ететін азамат пен азаматшалар тәрбиеленеді. Патриотизм– адамдарды біріктіретін сезімдерден көрініс табады. Олардың ішіндегі ең бастысы – әр адамның өзінің туған жері мен тұрақты еңбек етіп жатқан жерін өз Отаны ретінде қадір тұтуы, бірлік, махаббат пен қамқорлық, салт – дәстүр мен рухани құндылықтарды құрметтеу. Сөз соңында айтарым, еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігі мәңгі, жастарымыз арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, елім, жерім дейтін үлгілі патриот болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Отансүйгіштік тәрбие–басты міндет //Қазақстан мектебі. - 2005.
3. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Алматы – 2007.
4. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы.
5. Тәрбиенің жалпы әдістері 1999.

ҒТАМР 517.9

Сызықтық тендеулер жүйесін экономикалық есептер шешуде қолдану

Омар Жансая

Қорқыт Ата атындағы ҚУ
БЖ-20-1 оқу тобының студенті
Джанысова Дариға Джанысовна
аға оқытушы, «Математика және
қолданбалы механика» кафедрасы

Жұмыстың мақсаты: сызықтық тендеулер жүйесін шешу әдістерінің экономикалық есептерді шешуде қолдану тиімділігін анықтау.

Жұмыстың міндеттері:

- экономикалық есептерде сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің зерттелген әдістерін қолданудың тиімділігін анықтау;

- сызықтық теңдеулер жүйесін шешу мысалдарын қарастыру.

Қазіргі кезде сызықтық теңдеулер жүйесі әр түрлі экономикалық зерттеулерде тәжірибе жүзінде оларды шығаруда кеңінен қолданылып, айрықша маңызды орын алып отыр. Ұсынылған жұмыста экономикалық мазмұнды есептерде сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешудің әртүрлі әдістерін қолданудың практикалық нәтижелері зерттелді. Жұмысты орындау барысында сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешудің Крамер және Гаусс әдістері қолданылды, яғни осы әдістердің көмегімен экономикалық мағынасы бар есептерді шығару жолдары көрсетілді.

Енді сондай мысалдардың шығарылуын көрсетейік.

1-Мысал. Фирма мынандай бұйымдар дайындайтын болсын: қолғаптар, сөмкелер, әмияндар. Өндіріс үшін 3(үш) түрлі шикізат қолданылады. Өнімнің бірлігіне кететін шикізат шығыны және 1(бір) аптаға кететін шикізат шығыны белгілі (кестеде көрсетілген) мұндағы S_1 -қолғап өндірісі, S_2 -сөмке өндірісі, S_3 -әмиян өндірісі. Әрбір өнімнің апта сайынғы көлемін табу қажет.

S_1	6	2	0	280
S_2	1	0	1	60
S_3	3	2	4	310

Шешімі: Бастапқы мәліметтер бойынша біз есептің математикалық моделін құрамыз. x – қолғап өндірісінің көлемі, y – сөмкелер өндірісінің көлемі және

z - әмиян өндірісінің көлемі болсын. Норманы және өнімнің бірлігіне кететін шикізаттың әр түрінің шығындарын ескере отырып мынандай

$$\text{теңдеулер жүйесін құраймыз: } \begin{cases} 6x + 2y = 280 \\ x + z = 60 \\ 3x + 2y + 4z = 310 \end{cases}$$

Біз бұл жүйені Крамер әдісімен шешуді көрсетейік.

Бұл әдіспен шешу үшін алдымен жүйенің бас анықтауышын және әрбір белгісізге байланысты анықтауыштарды құрып, соларды есептейміз. Егер бас анықтауыш нөлге тең болмаса, онда жүйеде Крамер формулаларымен табуға болатын жалғыз шешім бар болады.

Есептің шарты бойынша құрастырылған жүйеден бас анықтауышты табамыз:

$$\Delta = \begin{vmatrix} 6 & 2 & 0 \\ 1 & 0 & 1 \\ 3 & 2 & 4 \end{vmatrix} = 0 + 0 + 6 - 0 - 12 - 8 = -14$$

Енді әрбір белгісізге байланысты анықтауыштарды есептейміз:

$$\Delta_x = \begin{vmatrix} 280 & 2 & 0 \\ 60 & 0 & 1 \\ 310 & 2 & 4 \end{vmatrix} = 0 + 0 + 620 - 0 - 480 - 560 = -420$$

$$\Delta_y = \begin{vmatrix} 6 & 280 & 0 \\ 1 & 60 & 1 \\ 3 & 310 & 4 \end{vmatrix} = 1440 + 0 + 840 - 0 - 1860 - 1120 = -700$$

$$\Delta_z = \begin{vmatrix} 6 & 2 & 280 \\ 1 & 0 & 60 \\ 3 & 2 & 310 \end{vmatrix} = 0 + 560 + 360 - 0 - 720 - 620 = -420$$

Қажетті анықтауыштарды таптық, енді Крамер формуласы бойынша жүйедегі белгісіздерді табамыз:

$$x = -420/-14=30 ; y = -700/-14=50 ; z = -420/-14=30$$

Жауабы: Демек, шикізат қорын ескере отырып, шығарылатын өнімнің апта сайынғы көлемі –30 дана қолғап, 50 дана сөмке және 30 дана әмиян болады.

2-Мысал. Жыл басынан бері банктегі салым жыл соңына қарай белгілі бір пайызға (әр банк үшін өзіндік) өсетіні белгілі. Жылдың басында 800 мың теңгені құрайтын салымның 3/8 бөлігі бірінші банкке, 1/8 бөлігі екінші банкке және қалған бөлігі үшінші банкке салынсын. Жылдың соңында бұл салымдардың мөлшері 907 мың теңгеге тең болды. Егер бастапқыда салымның 1/8 бөлігі бірінші банкке, 4/8 салым екінші банкке, қалған бөлігі үшінші банкке салынса, онда жылдың аяғында бұл салымдардың мөлшері 894 мың теңгеге тең болар еді. Егер салымның 4/8 бөлігі бірінші банкке, салымның 3/8 бөлігі екінші банкке, салымның қалған бөлігі үшінші банкке салынса, онда жылдың соңына қарай бұл салымдардың мөлшері 903 мың теңгеге тең болар еді. Әр банк жылдың соңында қанша пайыздық үстемақы төлейді?

Шешімі: Мынандай белгілеулер енгізейік:

x_1 - бірінші банктегі салымшыға есептелген пайыз;

x_2 - екінші банктегі салымшыға есептелген пайыз;

x_3 — үшінші банктегі салымшыға есептелген пайыз;

Бірінші банкке салынған салым мөлшері:

$$(3/8)*800=300 \text{ мың теңге}$$

Екінші банкке салынған салым мөлшері:

$$(1/8)*800=100 \text{ мың теңге}$$

Үшінші банкке салынған салым мөлшері:

$$(4/8)*800= 400 \text{ мың теңге}$$

$$\text{Бірінші банкте жылына есептелгені: } 300x_1/100=3x_1$$

$$\text{Екінші банкте жылына есептелгені: } 100x_2/100=x_2$$

$$\text{Үшінші банкте жылына есептелгені: } 400x_3/100=4x_3$$

Барлығы үш банкте салынған 800 мың теңге салымға (біріншісінде — 300 мың теңге, екіншісінде — 100 мың теңге, үшіншісінде — 400 мың теңге) бір жылда $907 - 800 = 107$ мың теңге есептелінді.

Осылайша, жүйенің бірінші теңдеуі мынандай болады: $3x_1 + x_2 + 4x_3 = 107$
Сол сияқты жүйенің басқа екі теңдеуін аламыз: $x_1 + 4x_2 + 3x_3 = 894 - 800 = 94$,

$$4x_1 + 3x_2 + x_3 = 903 - 800 = 103.$$

Осы теңдеулердің көмегімен үш белгісізі бар үш сызықтық теңдеулер жүйесін құрастырамыз:

$$\begin{cases} 3x_1 + x_2 + 4x_3 = 107 \\ x_1 + 4x_2 + 3x_3 = 94 \\ 4x_1 + 3x_2 + x_3 = 103 \end{cases}$$

Біз бұл жүйені Гаусс әдісімен шешейік. Ол үшін осы жүйенің кеңейтілген матрицасын жазып, негізгі жолды таңдап, соның көмегімен әрбір жолдағы белгісіздерді жойып, сатылы түрге келтіріп, жүйенің шешімін табамыз.

$$A = \begin{pmatrix} 3 & 1 & 4 & 107 \\ 1 & 4 & 3 & 94 \\ 4 & 3 & 1 & 103 \end{pmatrix} \sim \begin{pmatrix} 1 & 4 & 3 & 94 \\ 3 & 1 & 4 & 107 \\ 4 & 3 & 1 & 103 \end{pmatrix} \sim \begin{pmatrix} 1 & 4 & 3 & 94 \\ 0 & 11 & 5 & 175 \\ 0 & 13 & 11 & 273 \end{pmatrix} \sim \begin{pmatrix} 1 & 4 & 3 & 94 \\ 0 & 11 & 5 & 175 \\ 0 & 0 & -56 & -728 \end{pmatrix}$$

Осы матрицаның көмегімен жүйе құраймыз

$$\begin{cases} x_1 + 4x_2 + 3x_3 = 94 \\ 11x_2 + 5x_3 = 175 \\ -56x_3 = -728 \end{cases}, \text{ яғни } x_3 = 13, x_2 = 10, x_1 = 15.$$

Жауабы: бірінші банк жылдық 15% үстемақы, екінші банк -10% үстемақы, үшінші банк - 13% үстемақы төлейді.

Қорытынды: Жұмысты орындау барысында сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешудің Крамер және Гаусс әдістерінің теориялық негіздерінің көмегімен мысалдар шығарылды. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын дамытуға бағытталған мәтіндік-экономикалық есептерді іріктеуге қойылатын талаптар айқындалып, сол талаптарға сәйкес есептер жүйесі құрылды. Экономикалық мазмұндағы қолданбалы есептерді білім алушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыру құралдарының бірі ретінде қарастыра отырып, математиканы оқытуда экономикалық ойлауды қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық- қызметтік моделін құрдық.

Аңдатпа: Оқу үрдісінде мәтіндік есептерді шығаруда әр түрлі тәсілдерді пайдалану сабақтың сапасын арттыруға, білім алушылардың белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға, ең негізгісі – білім сапасының артуына апаратын бірден-бір жолы деп түсінемін. Білім алушылардың белсенді ойлау әрекетін ұйымдастыру, есеп шығаруда

шығармашылық элементтерін енгізу жолымен фактілерге және соған сәйкес материалдарға назар аударту арқылы талдау жасай білуге ықпал ету - олардың дамытушылық қасиеттерін қалыптастырады. Студенттердің математикадан алған теориялық білімдерін есеп шығаруда қолдана білулеріне дағыландырады. Математика сабақтарында экономикалық мазмұнды есептерді қолдану- экономикалық білім және тәрбие берудің маңызды жолдарының бірі.

Аннотация: Использование различных подходов к решению текстовых задач в учебном процессе – единственный путь к повышению качества урока, формированию активности обучающихся, интереса к предмету, а главное-к повышению качества знаний. Организация активной мыслительной деятельности обучающихся, способствование умению анализировать, акцентируя внимание на фактах и соответствующих им материалах путем внедрения элементов с экономическим содержанием в постановку задач - формируют их развивающие качества. При решении таких задач студенты используют теоретические знания по математике. Использование задач экономического содержания на уроках математики-один из важнейших путей экономического образования и воспитания.

Abstract: The use of various approaches to solving word problems in the educational process is the only way to improve the quality of the lesson, the formation of students' activity, interest in the subject, and most importantly, to improve the quality of knowledge. The organization of active mental activity of students, promoting the ability to analyze, focusing on the facts and the materials corresponding to them by introducing elements with an economic content into the setting of tasks - form their developing qualities. When solving such problems, students use theoretical knowledge in mathematics. The use of problems of economic content in mathematics lessons is one of the most important ways of economic education and upbringing.

Тақырып: Сызықтық теңдеулер жүйесін экономикалық есептер шешуде қолдану.

Тема: Применение системы линейных уравнений в решении экономических задач.

Topic: Application of a system of linear equations in solving economic problems.

Кілт сөздер: сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесі, экономика, шикізат, өнім, норма, анықтауыш.

Ключевые слова: система линейных алгебраических уравнений, экономика,

сырьё, продукция, норма, определитель.

Key words: system of linear algebraic equations, economics, raw materials, products, norm, determinant.

Әдебиеттер тізімі:

1. Высшая математика для экономистов под ред.Н.Ш. Кремера, Москва, ИО''Юнити'',1998г.
2. Математика в экономике, В.И.Малыхин, Москва, ИНФРА-М,1991г.
3. Экономикадағы математикалық модельдер мен әдістер, Р.Ө.Рахметова, Алматы,2008ж.

ҒТАМР 06.71.61

Пандемия жағдайында Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының ерекшеліктері

Орынбасар Айжан,
ГМУ 20-1 п/я оқу тобы
Ким В.В.
аға оқытушы, экономика
ғылымдарының магистрі

Жұмыспен қамту – адамдардың қоғамдық пайдалы қызметтерге өздерінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатымен қатысуы себепші болған әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Қазақстандағы еңбек нарығының қалыптасуы экономиканың мемлекеттік секторындағы жұмыспен қамту үлесінің қысқаруымен және тиісінше оның мемлекеттік емес секторда – акционерлік қоғамдарда, бірлескен кәсіпорындарда, шағын және орта бизнесте, шаруа (фермерлік) қожалықтарында, жеке кәсіпкерлікте өсуімен сипатталады.

Нарыққа көшу, өткенде ғана негізгі жұмыс беруші ретіндегі мемлекет рөлінің тартылуы жалпы жұмыспен қамтудың төмендеуіне объективті түрде себепші болды. Орталықтандырылған жоспарлаудан нарықтық экономикаға көшуді жүзеге асырушы елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, жұмыссыздық деңгейінің уақытша өсуі өтпелі кезеңде болмай қоймайтын құбылыс болып қалуда.

Тұтастай алғанда жұмыспен қамту пандемия кезеңін де, экономиканың барлық саласында, әсіресе өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында төмендеді.

Covid-19 пандемиясы Қазақстан экономикасына едәуір әсерін тигізді. Оның салдарынан елімізде мыңдаған кәсіпкерлік субъектісі өз қызметін тоқтатты.

Шамамен 1,6 млн адам ақысыз демалысқа жіберілді. 42 500 теңге жәрдемақыны 4,5 млн адам алды. Пандемия Қазақстандағы экономикалық үдерістердің қарқынын бәсеңдетті "2020 жылдың соңғы бес айында

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

Мемлекеттік бюджеттің шығындары түсімдерден шамамен екі есе артты. Елімізде 1 миллион субъект пандемиядан зардап шекті.

Мемлекетіміз мұндай жағдайда түрлі қолдау шараларын іске асыруда. Бұл шаралар шағын және орта бизнесті несиелендіруге, несиелік төлемдерді тоқтата тұруға, валюталық интервенциялар, агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға, ШОБ салық төлемдерін кейінге қалдыруға бағытталған.

Кесте 1. 2020 жылғы IVквартал бойынша, экономика саласын да жұмыспен қамтылғандар саны

	Қазақстан Республикасы				год
	I квартал	II тоқсан	III квартал	IV квартал	
Экономикада жұмыспен қамтылған	2.018,2	2.014,3	2.034,5	2.031,5	
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	241,9	214,7	248,9	284,0	
Өнеркәсіп	215,1	200,4	224,6	195,2	
кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	48,8	47,4	47,5	46,3	
өңдеу өнеркәсібі	120,4	116,2	135,6	108,5	
электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	29,7	26,5	24,7	28,0	
сүмен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	16,3	10,4	16,7	12,5	
Құрылыс	148,3	145,8	147,0	138,0	
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	365,9	373,7	359,5	353,2	
Көлік және қоймалау	116,6	126,2	105,1	121,3	
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	56,9	57,9	57,6	55,9	
Ақпарат және байланыс	37,9	44,4	48,7	43,4	
Қаржы және сақтандыру қызметі	57,7	63,5	64,2	61,0	
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	32,7	33,3	42,9	39,7	
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	62,8	74,4	62,1	59,8	
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	84,4	64,0	71,3	65,5	
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	136,2	144,1	142,3	131,3	
Білім беру	232,7	228,1	222,2	236,7	
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	107,3	121,0	105,8	119,9	
Өнер, ойын-сауық және демалыс	39,8	35,4	36,5	37,0	
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	82,0	87,4	96,0	89,5	
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары	-	-	-	-	
Аумақтан тыс ұйымдардың және органдардың қызметі	-	-	-	-	

Елордада Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасы аясында жаңа жұмыс орындарын құру жоспары асыра орындалды. Жоспарланған 15253 бос жұмыс орындарының ашылуымен бүгінгі күнге 15607 жұмыс орны құрылды, оның ішінде 7926 адам Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастырылды.

«Елорда тұрғындары түрлі салалардағы құрылыспен байланысты 151 инфрақұрылымдық жобалар бойынша жұмысқа тартылды. Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша ең көп сұранысқа ие жұмыс орындары – барлық санаттағы электриктер, дәнекерлеушілер, слесарлар, құрастырушылар, жүргізушілер. Қазіргі уақытта 45 жоба аяқталды.

Осы жобаларды іске асырған мердігерлер 1500-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Елордада еңбекті қорғауға қабылдау сәуір айында басталды, өйткені енгізілген төтенше жағдай мен карантинге байланысты көптеген ұйымдар, соның ішінде ШОБ өз жұмысын уақытша тоқтатты. Осы кезеңде жұмыспен қамту орталығы онлайн режимінде жұмыс істеді. Жұмыссыз азаматтар олардың тілектерін ескере отырып, ҚПК-ға тіркелді. Үміткерлер сәйкес келетін бос жұмыс орындарын таңдады, содан

кейін олар жұмыс берушілермен кездесулерге жіберілді. «Екі аптасайын бос орындар жәрменкесі тікелей эфирде ұйымдастырылды, ZOOM арқылы жұмыс берушілер мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Жұмыссыз қалған көптеген азаматтар осындай іс-шаралардың арқасында тез әрі сапалы ұйымдастырылып, жаңа жұмыс орындарын тауып, мемлекеттің қолдауын сезінді. Жұмыс пен іс-әрекеттің сипатына қарай бағдарламаға қатысушылар 85.000-250.000 теңге көлемінде жалақы алады.

Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуын қадағалайды және ұсынылған жобаларда жаңа жұмыс орындарының ашылуын қадағалайды. Ол үшін жедел штаб құрылды.

«Жұмыс берушілер мердігерлермен өзара байланысына байланысты салалар бойынша жобаларға бөлінді. Әкімшілер жұмыспен қамту орталығы арқылы ашылған жұмыс орындарының, құрылған жұмыс орындарының және жұмыссыздардың санын бақылауға алды. Бақылау жұмысы бағдарламаның соңына дейін жалғасады », - деп атап өтті мекеме.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы - бұл пандемия кезінде жұмыссыздықтың алдын алуға және қосымша жұмыс орындарын құруға бағытталған ауқымды жоба болды.

Пандемия жағдайын да, тұрғындардың карантин режимін де болуына байланысты, көптеген кәсіпорындардың жұмысы бәсеңдеп, ал кейбіреуін де жұмыс мүлдем тоқтап қалды.

Мейрамханалар өз жұмысын жеткізу қызметін пайдалану арқылы жалғастырды. Яғни, пандемия кезінде жеткізу қызметін атқаратын тұлғалар қажет болды. Осылайша, көптеген жастар осы қызметті атқару арқылы жұмыспен қамтылды.

Сонымен қатар, елімізде вирустан сақтану мақсатын да қолданылатын, бетперделер жетіспеді. Сондай уақытта кәсіпкерлер арнайы бетперде тігіп, оны сатылымға шығару арқылы пайда тапты. Бұл да, пандемия кезінде халықты жұмыспен қамтудың бір жолы болды.

-Жамбыл облысындағы «Super-Pharm» фармацевтикалық зауыты 2011 жылдың желтоқсан айында үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында ашылған, бүгінде кәсіпорын отандық медициналық мекемелерді бір реттік өнім мен тұрақты қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпорын пандемия уақытын да 600 адамды жұмыспен қамтып, жылына 15 миллионға дейін өнім шығарды. Кәсіпорын бір реттік медициналық бұйымдар, хирургия, акушерлік, ортопедия үшін стерильді және стерильді емес жиынтықтар, тоқылмаған материалдан жасалған жеке заттар (маска, бас киім, бахила, халат, алжапқыш, ақжайма және басқа) шығарады.

Компания өнімдерінің арасында бұл асыр бұйымдар (лейкопластырь, операциядан кейінгі таңғыш, катетерді бекітуге арналған таңғыш), пластмассадан жасалған заттар және қан құюға арналған жүйелер бар.

-2020 жылы Алматы қаласының Жұмыспен қамту орталығы 34 855 адамды жұмысқа орналастырды. Олардың арасында жоғары жалақы төленетін қызметтерге орналасқандар да бар екенін айта кеткен жөн.

«Биыл Жұмыспен қамту орталығына жүгінгендердің бірі «S-Energy» ЖШС-не директор болып орналасты. Біз Альфа Банк акционерлік қоғамына тағы бір адамды жетекші маман ретінде орналастырдық. Мұндай лауазымдардағы жалақы шамамен 400 мыңнан 700 мыңға дейін», - дейді Динара Бейсенова.

Сондай-ақ пандемияға байланысты денсаулық сақтау және білім беру, IT технологиялар салаларындағы мамандарға деген қажеттілік артқан.

Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты инвестициялық, қаржылық-несиелік, салықтық және әлеуметтік саясат шараларының көмегімен жүзеге асырылады. Бұл шаралар, ең алдымен, елдегі өндіргіш күштерді ұтымды бөлуге, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға, икемді еңбек режимдерін ынталандыруға, жаңа технологиялар мен жұмыс орындарының жүйесін сақтауға және дамытуға ықпал ететін шараларды жасауға бағытталған.

Сонымен, жұмыспен қамту қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан маңызды саласы болып табылады. Жұмыспен қамту тұтастай алғанда экономиканың барлық жағдайын көрсетеді.

Пандемия жағдайында Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының ерекшеліктері

Особенности государственной политики занятости населения

Республики Казахстан в условиях пандемии

Features of the state employment policy of the Republic of Kazakhstan in the context of the pandemic

Андатпа: Мақала да пандемияның еліміздің экономикасына тигізген әсері жайлы айтылған. Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы туралы жалпы ақпарат берілген. Пандемия уақытын да іске асырылған “жұмыспен қамту” бағдарламалары жайлы нақты мәлімет берілген. Жалпы қандай сала да қанша адам жұмыспен қамтылғаны сандық есеппен көрсетілген.

Аннотация: В статье говорится о влиянии пандемии на экономику страны. Дается общая информация о концепции государственной политики занятости. Также есть подробная информация о программах «занятости», реализованных во время пандемии. В целом количество людей, занятых в любой отрасли, определяется количественно.

Abstract: The article also talks about the impact of the pandemic on the country's economy. Provides general information on the concept of state employment policy. There is also detailed information about the "employment"

programs implemented during the pandemic. In general, the number of people employed in any industry is quantified.

Кілт сөздер: жұмыспен қамту, жұмыссыздық, жұмыссыздар, жұмыс күші

Ключевые слова: занятость, безработица, безработный, трудовые ресурсы

Key words: employment, unemployment, unemployed, laborforce

Әдебиеттер тізімі

1. Байгелова А.Н. Еңбек нарығының экономикасы: экономикалық мамандықтар бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы (қайтабасылған) / Байгелова А.Н. - Алматы: Экономика және құқық академиясы, 2012.- 85б.

2. Мурзаханова С.А. Еңбек нарығының қазіргі жағдайы және оны реттеу әдістері. // Университет еңбектері. 2-шығарылым; Қарағанды, 2004 ж.

3. Тикжанова Р.Р. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының жағдайы / Хабарлама ҚазАТУ им. С.Сейфуллин. - 2011.-№4

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №162 қаулысымен «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын бекіту туралы

5. <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/363010> Ресми сайты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Жеткіншектердің өзара қарым-қатынасындағы когнитивтік диссонанс факторлары

Орынбай Ақтолқын Кеңесбайқызы,

Оқу тобы: ПП-17-1

Утегенов Жеткерген Мусаевич

Қазіргі таңдағы көзқарастар деңгейінде қарым-қатынас ақпаратпен алмасудың, басқаны қабылдау мен түсінудің, өзара әрекеттестіктің стратегиясын жүзеге асыруды қамтитын бірлескен іс-әрекетке қажеттіліктен туындаған әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылады. Жеткіншектердің қарым-қатынас процесін жақсарту олардың тұлғалық қасиеттерінің дамуына, субъектілік қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Жеткіншектердің когнитивтік қабілеттерінің дамуы тұлғаралық қатынастардың нәтижелілігіне ықпал етеді. Жеткіншектердің өзара қарым-қатынас барысында басқалардың дүниетанымына, көзқарасына қайшы келуі, олардың құндылық бағдарының, мінез-құлқының үйлесімді болмауы

тұлғадағы ішкі қайшылықтардың туындауына ықпал етеді. Жеткіншектердегі когнитивтік диссонанстың ықпалынан туындайтын агрессивтілік, тұлғалық қобалжулар тұлғалық дамудың факторларын негіздеді. Қазіргі кезеңдегі жеткіншектерде ішкі психологиялық қайшылықтардан пайда болатын әлеуметтену процесінің кері әсерлерінің алдын алу қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Танымдық даму теориясын швейцариялық философ және психолог Жан Пиаже жасаған. Оның эпистемологиялық теориясы даму психологиясы саласында көптеген негізгі тұжырымдамаларды берді және оның пікірінше, қоршаған әлемді дәл көрсете білу және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу кезінде пайда болатын тұжырымдамалар логикалық операцияларды орындау қабілетін білдіреді.

Жан Пиаженің интеллект теориясына сәйкес адамның ақыл-ойы оның дамуында бірнеше негізгі кезеңдерден өтеді. Туғаннан бастап 2 жасқа дейін сенсорлық-моторикалық интеллект кезеңі жалғасады; 2 жылдан 11 жылға дейін — нақты операцияларды дайындау және ұйымдастыру кезеңі, онда операцияға дейінгі өкілдіктердің кіші кезеңі (2 жылдан 7 жылға дейін) және нақты операциялардың кіші кезеңі (7 жылдан 11 жылға дейін) бөлінеді; 11 жылдан шамамен 15 жылға дейін ресми операциялар кезеңі созылады.

Л.И.Божович жеткіншек кезеңін жиі дағдарыс, «қалыпты патология» кезеңі ретінде талқылап, оның екпінді ағымын, жеткіншектің өзі әрі өзімен қарым-қатынастағы ересектер үшін күрделілігін сөз етеді.

1 – фактор-педагог пен оқушының жүйелі тәрбие бермеуінен қарым - қатынас дұрыс қалыптаспайды, сондықтан танымдық деңгейі өз деңгейінде дамымайды.

Отбасылық қарым –қатынас, ата-аналардың дұрыс қарым - қатынас жасауды дұрыс білмеуінен 2-фактор танымдық деңгейінің қалыптаспауы.

Когнитивтік диссонанс процесінің зерттеу объектісі ретінде субъектінің көзқарасының, дүниетанымының индивидуалдылығы мен бір объектіге әр түрлі қырдан ойлау ерекшеліктері бола алады. Танымдық қайшылықтар тұлғадағы ішкі қайшылықтарды туындатушы процесс ретінде «когнитивтік диссонанс» мазмұнын айқындайды.

Тұлғаның когнитивтік қабілеті туралы көптеген зерттеулерге қарамастан жеткіншектердің қарым-қатынас барысында қарама-қайшылықтар кездеседі:

- жеткіншектердің дүниетанымы ерекшелігі мен әлеуметтік ортадағы басқалардың көзқарас ерекшеліктері арасындағы;

- жеткіншектердің танымдық деңгейлері мен қарым-қатынас барысындағы көзқарастардың даралығы арасындағы (индивидуалды танымдық ерекшеліктер, қарым-қатынас барысындағы туындаған жағдайларды бағалай білу) арасындағы.

Әлемдегі ең құнды жаратылыстардың бірі, ол-адам. Дүние жүзінде 7 миллиардтан астам құнды жаратылыс болса, әрбірінің өз шындығы, өмірге көзқарасы, діні мен ділі, ұстанымдары қалыптасқан. Әр адамға өзгелердікіне қарағанда, өзінің сенімі мен нанымы маңыздырақ, сол үшін де әртүрлі жағдайларда шыбын жанын шырқыратып, өзінің сенген дүниесін дұрыс санап, кейбірі өзгелерді де сол сенімге жетелеуге тырысады.

Дәл осы адамдардың өзіндік сана-сезімі мен көзқарастарының қалыптаса бастайтын, өзін тұлға ретінде тану қабілеттері мен қажеттіліктері орын алатын -жеткіншектік шағы болып табылады.

Жеткіншек кезең-балалық шақтың соңы, балалық шақтан жастық шаққа өтпелі кезең. Ол әдетте 10-11 жастан 14-15 жасқа дейін хронологиялық жасқа сәйкес келеді.

Бұл кезеңдегі балалар кіші мектеп жасынан өтіп, жеткіншектік шаққа аяқ басады да, физиологиялық және психологиялық өзгеріске ұшырайды. Физиологиялық дамуға: дене өлшемінің өзгерісі, қозғалыс жүйесінің дамуы, ішкі органдар жүйесінің дамуы жатса, психологиялық даму сатысына: когнитивтік қабілет, эмоциялық дамуы, өзіндік «Мен» концепциясы жатады.

XVII-XVIII ғасырларға дейін жеткіншек кезеңі ерекше жас кезеңі ретінде ажыратылмаған, оның қазіргі мәртебесі салыстырмалы түрде жақын арада қалыптасқан тарихи құрылым. XIX ғасырда көптеген елдерде мектептегі жүйелі құрылым енгізіледі. Мұндай жаңалық баланың өміріндегі экономикалық тәуелділік кезеңінің біршама артуына және оның ересек адамға тән рөлдерді қабылдау сәтінің кешеуілдеуіне ұласты.

Жеткіншек жас шамасы «өтпелі» кезеңі ретінде балалық шақ пен ересектіктің үлкен айырмашылығы айқындалатын, ересектер мен балаларға ұсынылатын нормалар мен талаптардың айырмашылығы көрініс беретін индустриалды қоғамда толыққанды ажыратыла бастады.

К.Левин жеткіншектің балалар әлемі мен ересектер әлемінің арасындағы-екі мәдениеттің арасындағы тұрғысында айқындалатын маргиналдығын сөз етеді. Жеткіншек балалар мәдениетінің мүшесі болғысы келмегенімен, шынайы ақиқаттың тарапынан қарсылыққа тап болып, әлі де ересектер қоғамдастығына ене алмайды. Бұл жайт «өмірлік кеңістіктердің» алмасуында когнитивті дисбаланстың, бағдарлардың, жоспарлардың, мақсаттардың белгісіздігінің орын алуына ұласады.

Жеткіншек тұлғасының дамуы психологиялық тұрғыда З.Фрейд және А.Фрейд еңбектерінде де талданып, сипатталады. Жеткіншек кезеңіндегі жыныстық жетілу, сексуалды қуаттың толқыны тұлға құрылымдарының арасындағы бұрында қалыптасқан тепе-теңдікті құлдыратып, балалар қақтығысы жаңа қуатпен жанданады.

Л.С.Выготскийдің пікірінше, «жеткіншек жасты бір ережемен түсіндіре алмаймыз. Ол үшін осы кезеңдегі психикалық дамудың ішкі қозғаушы

күштері мен қайшылықтары зерттеліп, осы жас кезеңін толық түсінуге мүмкіндік беретін және біріктіруші қызмет атқаратын орталық жүйелі жаңа құрылымдар талдануы керек.» [1.]

Жеткіншектердің когнитивтік қабілетін зерттеу мақсатында «Амтхауэр» [2.],

«К.Томастың кикілжіңді анықтауға арналған», «Мюнстерберг», «Сөздерді есте сақтау», «Шатасқан сызықтар» әдістемелерін жүргізген болатынбыз.

Анықтаушы кезең

«Амтхауэр» әдістемесі

Мақсаты: Аналитикалық ойлауды зерттеу

Аналитикалық ойлау-құбылыстар арасында себеп-салдарлық байланысты таба алу және логика мен математикаға әсер етеді.

Қатысқандар саны: 40

Берілетін уақыт: 10 мин

Жасы: 11-12

Субтест 15 арифметикалық қатардан тұрады.

Нәтиже: 14-15 ұпай -өте жоғары;

8,9,10 ұпай –орташа;


7,6-төмен;

5-тен төмен-өте төмен;

Оқушылардың көрсеткен нәтижелері:

Дейін

Деңгейлер	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
Жоғары деңгей	4	5
Орта деңгей	6	9
Төмен деңгей	7	3
Өте төмен деңгей	3	3



Кейін

Деңгейлер	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
Жоғары деңгей	5	8
Орта деңгей	6	7
Төмен деңгей	7	3
Өте төмен деңгей	2	2

Анықтаушы кезеңнің нәтижелері бойынша, жеткіншектердің когнитивтік қабілеттерінде өзара диссонанс туындайтындай көрсеткіштер анықталды. Осыған орай шыққан нәтижелерді біршама өзгерту бағытында әртүрлі тренингтер, дебат, видеороликтер, көрініс, тәрбие сағаттар өткізу арқылы жұмыс жасаған болатынбыз.

Эксперимент нәтижесіне талдау жасасақ, жоғары деңгей 20%-дан 25%-ға өзгерді, орта деңгей 30%-дан 45%-ға өсті, төменгі деңгей 35%-дан 15%-ға кеміді.

Ұсыныс:

-Жеткіншектердің ересектермен қарым-қатынасы қарама – қайшылықты.

Егер ересек адам жеткіншектің есейгенін ескеріп, бұрынғы қарым-қатынас жүйесін өзгертетін болса, когнитивтік диссонанстың жағымсыз салдары болмайды;

-Әрдайым когнитивті қабілеттерді арттырып отыру мақсатында, түрлі ойлауды, зейінді, қабылдауды дамытатын жаттығулар жүргізіп отыру;

-Мәселеге қатысты оқушыларға келіп түскен мәліметтерге дұрыс анализ жасауды үйрету;

Қорытынды

«Ересектермен қарым-қатынас негізінде баланың жеке тұлғасы қалыптасады. Ересек адам адамның психикалық дамуына ықпал етіп, адамзат мәдениетінің жетістіктерін ұрпаққа табыс етеді.» [3.] -деп Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн, М.И.Лисина сияқты ғалымдар атап өткендей әр баланың когнитивтік даму процесі жарық дүниеге келгеннен бастап, отбасында қалыптаса бастайды. Яғни ересек ата-анасынан үлгі алып, өзіндік ойлау, қабылдау және т.б. танымдық процесі қалыптасады. Сондықтан да, жеткіншектердің өзара қарым-қатынасындағы когнитивтік диссонанс факторларының жағымсыз салдарын болдырмау мақсатында отбасына, педагогтарға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1.] “Жас ерекшелік психологиясы” Ұ.И.Ауталипова; Х.Т.Шерьязданова; Д.Е.Абдраманова

[2.] <http://docplayer.ru/39374037-Interpretaciya-rezultatov-testa-struktury-intellekta-r-amthauera.html>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

3. “Даму психологиясы” М.Қ.Бапаева .Алматы,2014

4. «Жас ерекшелік психологиясы» Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2005. -133 б.

5. <https://greatphis.ru/chto-takoe-dissonans-v-otnosheniyah-proyavleniya-kognitivnogo-dissonansa.html>

6. Квинн В.

К32 Прикладная психология. — СПб: Издательство «Питер», 2000. — 560 с.: ил. — (Серия «Учебник нового века»)

ISBN 5-88782-395-X

GTAMP 551.345+911.52

Солтүстік Арал теңізі шекараларының өзгеру динамикасын геоакпараттық жүйелер көмегімен есептеу


Өмірбек Зейнұр Дарханқызы
ЗУ-17-1 оқу тобының студенті,
Шынбергенов Ерлан Алимжанович,
PhD

Арал теңізі – ХХ ғасырдың 60-жылдарына дейін су айдынының аумағы бойынша әлемде төртінші, ал кейбір зерттеулердің нәтижесінде тіпті үшінші орын алған терминалды суқойма. Теңіздің соңғы регрессиясы 1960 жылдардан басталады және антропогендік сипатта болады. Орта Азия республикаларындағы егіс алқаптары ауданының бірнеше есе ұлғайтылуы Арал теңізін қоректендіретін негізгі ресурс – Сырдария және Амудария өзендері суының теңіздің су балансын қанағаттандыра алмауына әкеп соқты. Мұның соңы Арал теңізінің тұтас су қоймасы ретінде өмір сүруін тоқтатуына және оның жекелеген бөліктерінің дами бастауына алып келді. ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңында Арал теңізі тең емес екі бөлікке бөлінді. 1990 жылдардың басы КСРО-ның құлдырауымен ерекшеленді, өз тәуелсіздігін енді жариялаған, жаңадан құрылған мемлекеттердің саяси-экономикалық, әлеуметтік ауыр жағдайы Арал апатының жеделдетіп шешілуін кейінге шегерді. Әрине, бұл экологиялық апат ошағында өтіп жатқан үдерістерді зерттеу, проблеманың шешу жолдарын талдау тоқтап қалды дегенді білдірмейді. Керісінше, дәл осы кезеңде өңірде жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижесі халықаралық конференцияларда баяндалды. Жоғарыдағының мысалы ретінде Ресей Ғылым Академиясы Зоология институтының жетекші ғылыми қызметкері Н.В. Аладин, АҚШ-тың Батыс Мичиган университетінің профессоры Ф. Миклин, Германияның Гамбург университетінің профессоры Д. Кейзер, Жапонияның ILEC Секретариатының

профессоры Т. Баллаторе бастаған ғылыми-зерттеу топтарының еңбектерін атауға болады [1]. Бұл өз кезегінде Арал проблемасын зерделеуге аймаққа көптеген халықаралық, ғаламдық қорлар мен ұйымдардың мүшелері мен эксперттерінің келуіне түрткі болды.



Сурет 1. Арал теңізінің қазақстандық бөлігінің дешифрленген бейнесі (Landsat 4-5 TM, 1987 жыл)



Сурет 2. Арал теңізінің қазақстандық бөлігінің дешифрленген бейнесі (Landsat 8OLI, 2020 жыл)

2005 жылдың күзінде Қазақ-Ресей ғалымдарының коллаборациясы негізінде Қазақстан үкіметі Дүниежүзілік Банктің қаржылай қолдауымен Арал теңізінің қазақстандық кіші бөлігін сақтап қалу мақсатында Оңтүстік Үлкен теңізбен ортаға Көкарал бөгетінің (биіктігі Балтық жүйесімен – 42 м) құрылысын бастады [2]. Бөгет САРАТС (Сырдария арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізі) жобасына сәйкес салынды. Небәрі 17 ай ішінде Көкарал бөгеті жобалық қуатына шықты. Солтүстік Арал теңізінің акваториясы 874,0 км²-ге ұлғайып, 3288 км² құрады, судың минералдылығы бұрынғы 23,0 г/л орнына 17,0 г/л көрсетеді [3-4].

Осы жұмыстың мақсаты Арал теңізінің қазақстандық бөлігі акваториясы шекараларының өзгеру динамикасын айқындау болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) ғарыштық жүйелері пайдаланылды, біздің жағдайда ақысыз, еркін негізде ұсынылатын SAS Planet мұрағатынан көріністер. 1987 жылғы су қоймасының шекараларын декодтау барысында біз Landsat 4-5 TM суреттерін пайдаландық, сәйкесінше 2020 жылдың суреттері Landsat 8OLI түсірілімдері қолданылды.

Зерттеудің әдістері: зерттеу объектісіне сәйкес суреттердің координаттары мен санын анықтау; SAS Planet геоақпараттық өнімінің мұрағатынан Landsat суреттерін жүктеу, зерттеудің бастапқы кезеңі; алынған суреттерді дешифрлау; суреттердің атрибуттарын жіктеу; алынған растрлық суреттерді векторлау; зерттеу саласын таңдау; объектінің ауданын анықтау; динамиканы зерттеу [5].

Зерттеу әдістемесі және нәтижелерді тексеру USGS GloVis Viewer, ERDAS Imagine2010, ArcGIS 10, SASPlanet, GoogleEarth және т.б. геоақпараттық жүйелерді қолдануды қарастырды [6].

Зерттеулер нәтижесінде Арал теңізінің қазақстандық бөлігінің 1987 жылғы ауданы 20 440 км² құрады, ал 2020 жылғы ғарыштық бейнелерді дешифрлеу барысында теңіз акваториясы 5 487 км² аймақты қамтыды. Бұл дегеніңіз теңіз акваториясының 14 953 км² азайғандығын білдіреді, яғни суқойма өзінің 73,2% ауданын жоғалтты (кесте 1).

Кесте 1. – Арал теңізі қазақстандық бөлігінің акваториясы ауданының өзгеру динамикасы (1987-2020 жж.)

№	Дешифрланған ғарыштық бейне, түсіру кезеңі	Дешифрланған объектінің ауданы, км ²	Пайыздық мөлшері, %
1.	Landsat 4-5 TM, 1987 жыл	20 440	100
2.	Landsat 8OLI, 2020 жыл	5 487	26,8
3.	Айырмасы	14 953	73,2

Кестеден байқағанымыздай, Арал теңізі акваториясының едәуір бөлігі құрғап қалған. Бұл өз кезегінде өңірде көптеген әлеуметтік-экономикалық,

экологиялық мәселелердің қалыптасуына түрткі болды [2]. САРАТС жобасының 1-ші кезеңін іске асыру арқылы өңірде қордаланған мәселелер жоба шеңберінде өз шешімін тауып жатыр. Бірақ, аймақтағы экологиялық ахуалды тұрақтандыруға бұл жеткіліксіз, яғни, САРАТС жобасының жоспарланған 2-ші кезеңін жүзеге асыруды талап етеді.

Аңдатпа. Мақалада Арал теңізінің қазақстандық бөлігі су деңгейінің тербеліс процесі жазылған. Теңіз ауданының өзгеруі геоақпараттық жүйелерді пайдалана отырып есептелген. Түсіріс арақашықтығы 30 жылдан асатын жоғары және өте жоғары дәлдіктегі ғарыштық суреттер пайдаланылған. Зерттеу объектісі үшін ақпараттар жаңа болып табылады.

Аннотация. В статье описывается процесс флуктуации казахстанской части Аральского моря. Изменение площади моря рассчитано с применением геоинформационных систем. Используются космические снимки высокого и сверхвысокого разрешения с интервалом съемок более 30 лет. Сведения являются новыми для исследуемого объекта.

Abstract. The article it describes the process of fluctuation Kazakh part of the Aral Sea. The change in the sea area is calculated using geoinformation systems. We used high-and ultra-high-resolution satellite images with a shooting interval of more than 30 years. The information is new for the object under study

Солтүстік Арал теңізі шекараларының өзгеру динамикасын геоақпараттық жүйелер көмегімен есептеу

Расчеты динамики изменения границ Северного Аральского моря с помощью геоинформационных систем

Calculations of the dynamics of changes in the boundaries of the Northern Aral Sea using Geoinformation Systems

Ключевые слова: Арал теңізі, Жерді ара қашықтықтан зондылау, геоақпараттық жүйелер.

Ключевые слова: Аральское море, дистанционное зондирование Земли, геоинформационные системы.

Key words: Aral Sea, remote sensing, geographic information systems.

Список литературы:

1. Аладин Н.В., Плотников И.С. Современная фауна остаточных водоемов, образовавшихся на месте бывшего Аральского моря. // Труды Зоологического института РАН. – 2008. Том 312, № ½. – С. 145-154.

2. Аскарлов А.Г. Отчет о гидрологическом состоянии реки Сырдарья, дельтовых озерных систем и Аральского моря. Май 2015 г. // Институт географии. Приаральский экологический центр.кент Айтеке би, – 2015. – С. 4-21

3. Саданов А.К. Арал өңірінде орнықты дамудың ғылыми негізі / А.К. Саданов, А.Н. Нургизаринов. – Астана: "Ақарман", 2008. – 170 с.

4. Сиханова Н.С., Шынбергенов Е.А., Рахимов И.И., Ермолаев О.П. Современное экологическое состояние Северного Аральского моря // Проблемы современной биологии: Материалы XII Международной научно-практической конференций (15.04.2014). – Москва: «Спутник +», 2014. – С. 70-73.

5. Современные проблемы дистанционного зондирования Земли из космоса. Тезисы докладов 8-ой открытой Всероссийской конференции. Москва, ИКИ РАН. 15-19 ноября 2010 г. – 356 с.

6. Чернова И.Ю., Нугманов И.И. Введение в ERDASImagine. Сборник упражнений по курсу «Методы ДЗЗ в геологии». КГУ ИИКТ Лаборатория геоинформационных систем. Казань, 2009. – 100 с.

FTAMP (МРНТИ) 06.52.17

Covid-19 пандемиясы жағдайында элеуметтік кәсіпкерлікті және элеуметтік бастамаларды дамыту

Өмірбай Ырысбек Қыдырбекұлы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ.

ГМУ- 20-1б оқу тобының магистранты

Умирзакова Меруерт Абдуалиевна

экономика ғылымдарының кандидаты,

«Экономикалық теория және МБ» кафедрасы

COVID-19 коронавирус инфекциясының пандемиясы тез өзгерістерге бейім қазіргі заман жағдайында жаһандық қоғам үшін бұрын-соңды болмаған сын-тегеурінге айналды. COVID-19 вирусының қарқынды таралуы дамушы елдер үшін зор тәуекелдерді тудыруда: ол тек қысқа мерзімді келешектегі денсаулық сақтау жүйесінің дағдарысы ғана емес, сондай-ақ көп айлар мен жылдарға ұласатын елеулі элеуметтік-экономикалық салдарлар.

Қазақстан үкіметі халықты қорғау, макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыру, COVID-19 індетінің Қазақстанның шағын және орта бизнесіне тигізетін әсерін жұмсарту, денсаулық сақтау қызметкерлеріне қолдау көрсету және халықтың аз қорғалған топтарына дағдарысты еңсеруге көмек көрсету үшін бірқатар дағдарысқа қарсы шаралар әзірледі.

Қазақстанда, БҰҰДБ денсаулық сақтау жүйесін қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралармен қатар үкімет пен жалпы қоғам деңгейінде қарсы шаралар қабылдауға ерекше мән береді. БҰҰДБ дағдарыстан кейін калпына келтіру жөніндегі одан арғы шараларды қолдау мақсатында

халықтың неғұрлым осал топтары үшін COVID-19 індетінің әлеуметтік және экономикалық салдарын бағалау жөнінде жұмыс жүргізуде [1].

Пандемия салдарынан туындаған жаһандық қатерлер ел экономикасындағы жағдайға жаңаша көзқарас пен шешілуі тиіс мәселелерді қайта ой елегінен өткізу қажеттігін көрсетті. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысы Үкіметке қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, экономикалық саясаттың жаңа бағытын қалыптастыру міндетін қойды. Елдегі экономикалық өсуді қалпына келтірудің кешенді жоспары жасалып, жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге, пандемия жағдайында қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі ұлттық жоспар жасалынды [2].

Аталмыш ұлттық жоспарда төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жасалынып жатыр:

1. Адамдарға, оның ішінде тәуекел тобындағы адамдарға (қарт адамдар және созылмалы аурулары бар адамдар) медициналық көмекті ұйымдастыру;

2. Медициналық ұйымдардың инфрақұрылымын және материалдық-техникалық жарақтандырылуын нығайту;

3. Дәрілік заттармен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету;

4. Кадрлармен қамтамасыз ету және оларды даярлау;

5. Цифрландыру;

6. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

7. COVID-19 тестілеу бойынша зертханалардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету;

8. Қаржыландыру және тарифтік саясат

9. Карантиндік шектеу шаралары енгізілген кезеңде қоғамдық құқық тәртібін тұрақтандыру жөніндегі шаралар.

Пандемия елдің, бизнестің және қарапайым халықтың өмірінде текоммуникациялық саланың ролінің жоғары екендігін көрсетті. Цифрлық экономикаға көшу мәселесі соңғы жылдары Үкімет отырыстарында жиі көтерілген еді, пандемия келуіне байланысты бұл үрдісті тездетуге тура келді, цифрландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін, қырауыр қаражаттың кейбір бағдарламаларға құмға сіңген судай болғанан байқадық. Төтенше жағдай енгізілгеннен кейінгі он-лайн режимде көрсетілетін қызметтердің көлемі Қазақстанда 6 есеге артты және олар білім, жұмыс, тұтыну және демалыс салаларын қамтыды. Бұл жағдай қазіргі экономиканың және әлеуметтік өмірдің цифрландырылу деңгейі мен проблемаларын ашып көрсетті.

Төтенше жағдай енгізілгеннен кейінгі он-лайн режимде көрсетілетін қызметтердің көлемі Қазақстанда 6 есеге артты және олар білім, жұмыс, тұтыну және демалыс салаларын қамтыды. Бұл жағдай қазіргі экономиканың

және әлеуметтік өмірдің цифрландырылу деңгейі мен проблемаларын ашып көрсетті.

Пандемия бірінші кезекте экономикада тұтынушылардың сатып алу қабілетінің төмендеуіне әсер етеді. Мысал ретінде Қытай тауар өндірушілерді айтса болады: олар аз уақыт ішінде тауар өндіру көлемін 80% дейін қалпына келтіргенімен, оларға деген сұраныстың төмендігі өндіріс көлемін арттыруға шектеу қоюда. Бұл тенденция барлық елдерде де мамандар тарапынан болжануда. Аталған институттың зерттеулерінің нәтижесі еңбекке жарамды тұрғындардың 68% коронавирус қарсы шаралардың салдарынан табыстарының төмендегенін атап көрсетті – олардың басым бөлігі қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндер, 29% табыстарының бұрынғы мөлшерде сақталғанын айтқан – олар негізінен мемлекеттік қызмет, өнеркәсіп, ауыл шаруышылығы, медицина, энергетика салаларында жұмыс істейтіндер, 2% пандемия басталғаннан өздерінің табыстарының артқанын көрсеткен [3].

Әлемдік пандемия қай қырынан келсең де халыққа қиын соққаны белгілі. 7 айдың бедерінде індеттің ойран салмаған жері қалмады. Экономикаға соққы беріп, әлеуметтің әлеуетін әлсіретті, оған медицинаның шарасыздығы мен адам шығынын қоссаңыз, пандемияның қаншалықты ауыр зардап әкелгенін бірден аңғарасыз. Десе де, карантиннің өзіндік тиімді тұстары болған секілді. Бұл, әсіресе отбасылық құндылық пен демографиялық дүмпуде байқалады

Елімізде дағдарысқа қарсы шаралардың екі топтамасы жүзеге асырылуда. 4,5 миллионнан астам адамға 42500 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілуде. 1 миллионнан астам азаматқа азық-түлік пен тұрмыстық заттар үлестірілуде. Коммуналдық төлемдердің тарифі төмендетілді. Оны төлеу үшін аса мұқтаж жандар қосымша көмек алады. 2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Қолжетімді несие беру, көктемгі егіс науқанын жүргізу, жұмыс орындарын ашу және сақтау үшін айтарлықтай қаражат бөлінді. 700 мыңнан астам компания мен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесі азайтылды. Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік алды [4].

COVID-19 пандемия миллиондаған балалар мен олардың отбасыларының өмірін түбегейлі өзгертіп, халықтың мазасыздығы, күйзелісі мен сенімсіздігін арттырды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы (РПДҒПО) ЮНИСЕФ-пен бірлесіп, Сіті қайырымдылық қорының қаржылық қолдауымен COVID-19 індеті уақытында жергілікті халыққа ақпарат беретін, психологиялық көмек пен қолдауға байланысты қажеттіліктерді қанағаттандыратын жеке онлайн-кеңес беретін, платформа ретінде қызмет жасайтын арнайы сайтты (<https://covid-19.mentalcenter.kz>) ашты. Онлайн-кеңестерден бөлек психологтардың кәсіби потенциалын

арттыру мен дамыту мақсатында арнайы білім беру бағдарламасын іске қосты.

Арнайы 58 маман бүкіл елдегі 100-ден астам психологтардың, психотерапевтер мен психиатрлардың арасынан іріктеліп алынды. Қазіргі күні [covid-19.mentalcenter](https://www.covid-19.mentalcenter.kz) сайтына 32 381 пайдаланушылар кірген. Соңғы үш айда 276 адам жедел онлайн психологиялық көмекті алды, және 5000-нан астам мектеп психологтары мен психикалық денсаулықты сақтау аясындағы мамандар арнайы оқудан өтті.

2020 жылдың сәуір айында іске қосылған сайтта барлық ақпараттық және кеңес беру қызметтері қазақ және орыс тілдерінде жүргізілуде. Сайттың ішінен күйзелісті басқару және өзіне-өзі көмек көрсету әдістері бойынша практикалық ұсыныстар мен кеңестерді табуға болады. Сайттағы ұсыныстар мен ақпарат келесі мақсатты топтарға бағытталған:

- 1 Балалар мен жасөспірімдер, сондай-ақ олардың отбасыларына;
- 2 Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға;
- 3 COVID-19-бен күресте белсенді ат салысып жүрген медицина қызметкерлеріне;
- 4 Оқшаулануда отырған адамдарға;
- 5 Қарт адамдарға [5].

2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында алдағы уақытта 10 бағыт бойынша атқарылатын жұмыстар баяндалды. Соның ішінде VI бағытта Денсаулық сақтау саласын дамытуға кеңінен тоқталып өтті. Атап айтқанда, дәрігер мамандығын материалдық тұрғыдан да нығайта қажеттілігі, 2023 жылға қарай дәрігерлердің жалақысы экономикадағы орташа жалақыдан екі есе артатындығы туралы атап өтті.

Сонымен бірге, Жолауда қуантарлық жағдай отандық фармацевтика саласын аяғынан тұрғызу қажеттілігі мен барлық негізгі дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуге тиіс деп атап өтті. Бұл өз кезегінде ұлттық қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз етеді.

Жолдаудағы тағы бір жағымды жаңалық – медициналық инфрақұрылымды дамыту және еліміздің аймақтарында 13 жаңа жұқпалы аурулар ауруханасы салыну жоспарланған. Ал 2025 жылға қарай денсаулық сақтау саласына арналған 20 заманауи көпсалалы нысан пайдалануға берілетіндігімен 1,5 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылады көрсетілген [6].

Пандемия кезінде эпидемиолог, инфекционист, реаниматолог, пульмонолог, кардиолог сияқты сирек мамандық иеленетін дәрігерлерді даярлау мәселесін дұрыс жолға қою керектігін дәлелдеді. Осыған орай, Президент Үкіметке медицина мекемелерін кадрлармен қамтамасыз етуге арналған ұзақ мерзімді (он жыл) болжам әзірлеуді тапсырды.

Пандемиямен күресуге және оның таралуын болдырмауға көмектесетін түрлі әлеуметтік бастамалар да жасалып жатыр.

COVID-19 пандемиясының әсер етуімен және салдарымен байланысты экономика мен қоғамдағы заманауи шындықтар әлемдегі көптеген ұйымдар өздерінің бастапқы мақсаттарына қарамастан, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуға және қоғамға пайда әкелуге дайын екенін көрсетті.

Қоғамның алдында тұрған проблеманың ауқымы COVID-19 туындатқан жаһандық дағдарысты еңсерудің шешімдерін іздеу мен жедел жүзеге асыруға итермеледі.

Осылайша, COVID-19 пандемиясынан туындаған экономика мен қоғам үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді зардаптарды жеңу мен теңестіруде әлеуметтік кәсіпкерліктің қызмет принциптері басты рөл атқарады.

Қысқа мерзімді перспективада әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекеттік қолдау шараларынан басқа, әлеуметтік маңызды проблемаларға инновациялық шешімдер ұсына отырып, дағдарыстан шығуға оң әсер етеді.

Ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік кәсіпкерлік білім мен кәсіпкерліктің инклюзивті және тұрақты модельдерін алға жылжыту арқылы экономиканы өзгертуге көмектеседі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік өзінің бизнес-моделінің алдыңғы қатарына әлеуметтік маңызды мәселелерді қойып, сол арқылы әлеуметтік әсерге басымдық береді.

Нәтижесінде, COVID-19 пандемиясы барлық меншік формасындағы ұйымдар мен компаниялардың қызметінде де, әр адамның күнделікті өмірінде де көптеген өзгерістерге әкелді. Бұл пандемияның әсерімен күресу экономикалық және әлеуметтік жүйелердің әр түрлі салаларындағы тиімділік пен тұрақтылық мақсаттары арасындағы тепе-теңдікті, азаматтарды жақсырақ қорғау және қажетті қызметтерді тиімді көрсету тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

29.17.19

Қан ағынының ламинарлық қозғалысын зерттеу

Өмірбек Досымжан

ЭЭ-20-1 оқу тобының студенті,

Дильмаханова Ментай Мирзабековна

педагогика ғылымдарының магистрі

Тұтқырлық (ішкі үйкеліс) – бұл реал сұйық қабаттарының орын ауыстырғанда бір-біріне кедергі жасау қасиеті. Неғұрлым тұтқырлық үлкен болса, соғұрлым сұйық идеал сұйықтан көп өзгешеленеді, соғұрлым


сұйықтың ішінде үлкен ішкі үйкеліс пайда болады. Тұтқырлық температураға тәуелді және бұл тәуелділік сұйықтар мен газдар үшін әртүрлі болады (η сұйықтарда температура артқан сайын кемиді, ал газдарда керісінше артады). Сұйық ағысының екі түрі бар. Егер сұйықтың көршілес қабаттары ағынның бойымен бір-бірімен араласпай сырғанаған тәрізді ағып өтсе, онда мұндай ағыс ламинарлық (қатпарлы) деп аталады. Егер ағын бойымен қарқынды құйын түзілсе және сұйықтың қабаттары қауырт араласып орын ауыстырса, онда мұндай ағыс турбуленттік деп аталады.

Сұйықтың ламинарлық ағысы оның жылдамдығы аз қозғалысында байқалады. Сұйықтың ағып өтетін құбырдың бойымен жанасатын сыртқы қабаты молекулалардың ілінісу күшінің салдарынан қабырғаға жабысады да, қозғалыссыз қалады. Келесі қабаттың жылдамдығы құбыр бетінен қашықтаған сайын артады және құбыр осі бойымен қозғалатын қабат ең үлкен жылдамдыққа ие болады.

Қанайналым жүйесі — денедегі қан немесе гемолимфаның үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін тамырлар мен қуыстардың жүйесі. Қан айналым жүйесі арқылы оттегімен адам организміндегі барлық мүшелерді қамтамасыз етеді. Кез келген сұйықтар тәрізді қан тұтқырлығы температура төмендегенде артады. Мысалы, температура 37°C-тан 17°C-қа төмендегенде 10%-ке артады.

Қан айналымы жүйесін зерттеу барысында француз дәрігері әрі физигі Пуазейль тұтқыр сұйықтықтардың ағысының сандық сипаттамаларын алудың қажеттілігін аңғарды. Оның бекіткен заңдылықтары гемодинамикалық құбылыстар мен олардың сандық сипаттамаларының мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

1. Қанның артерия немесе тамыр бойымен ағып өту процесін цилиндрлік түтікше ретінде қарастыруға болады.



Сурет 1

Суретте көрсетілгендей радиусы R , ұзындығы l болатын цилиндрлі түтікшені қарастырайық. Түтікше қабырғаларындағы үйкелістерге байланысты қанның жылдамдығы өзгеріп отырады, яғни түтікшенің централды осінде жылдамдық жоғарыласа, осьтен r -қашықтық өскен сайын жылдамдығымыз кемуі түседі. Енді осы жердегі жылдамдық пен r қашықтықарасындағы байланыс Пуазейльдің ламинарлық ағысы үшін арналған теңдеу арқылы анықталады:

$$\vartheta = \frac{p}{4\eta l} (R^2 - r^2) \quad (1)$$

мұндағы η – қан тұтқырлығы, p – түтікшенің бірлік өлшеміндегі қысым өзгерісі. Егер p және l тұрақты болса, онда ϑ қандай да бір $[0; R]$ облысында r – дан тәуелді функция болып табылады.

$r=r_1$, $r=r_2$ қозғалыс кезінде орташа жылдамдық мына түрде беріледі:

$$\frac{\Delta\vartheta}{\Delta r} = \frac{\vartheta(r_2) - \vartheta(r_1)}{r_2 - r_1} \quad (2)$$

Егер $\Delta r \rightarrow 0$ жылдамдық градиенті мен лездік жылдамдығын табамыз:

$$\lim_{\Delta r \rightarrow 0} \frac{\Delta\vartheta}{\Delta r} = \frac{d\vartheta}{dr}$$

(1) теңдеуді қолдансақ,

$$\frac{d\vartheta}{dr} = \frac{p}{4\eta l} (0 - 2r) = -\frac{p}{2\eta l} \quad (3)$$

Мысал ретінде $\eta = 0,027$, $R = 0,008$ см және $p = 4000$ Па алсақ:

$$\vartheta = \frac{4000}{4(0,027) \cdot 2} (0,000064 - r^2) \approx 1,85 \cdot 10^4 (6,4 \cdot 10^{-5} - r^2)$$

$r = 0,002$ см болғанда, қан жылдамдығы:

$$\vartheta(0,002) = 1,85 \cdot 10^4 (6,4 \cdot 10^{-6} - 4 \cdot 10^{-6}) = 1,11 \text{ см/сек}$$

Осы нүктеде жылдамдық градиенті мынаған тең:

$$\left. \frac{d\vartheta}{dr} \right|_{r=0,002} = -\frac{4000(0,002)}{2 \cdot (0,027) \cdot 2} \approx -74 \text{ см/сек}$$

Бұл тұжырымдаманың нені білдіретінін түсіну үшін өлшем бірліктерімізді түрлендірейік, яғни сантиметрді микрометрге ($1 \text{ см} = 10\,000 \text{ мкм}$) айналдырсақ, онда артерия радиусы 80 мкм болады. Ал центрлік осьте $11,850 \text{ мкм/сек}$ тең жылдамдық $r = 20 \text{ мкм}$ қашықтықта $11,110 \text{ мкм/сек}$ дейін кемиді. Ал $\frac{d\vartheta}{dr} = -74 \text{ (мкм/сек)}$ дегеніміз $r = 20 \text{ мкм}$ болғанда, жылдамдық әр микрометр сайын 74 мкм/сек -қа азаяды. Осы процесс центр арқылы жалғасады.

2. Алдыңғы бөлімде ламинарлы ағыс заңдылығын қарастырған болатынбыз, яғни

$$\vartheta(r) = \frac{p}{4\eta l} (R^2 - r^2) \quad (4)$$

Мұндағы ϑ - радиусы R -ге тең, ұзындығы l -ге тең түтікшеден ағын өтетін қан жылдамдығы.

Бұл бөлімде жалпы бірлік уақыт ішінде ағып өтетін қан көлемін анықтауды зерттейміз.

Ол үшін радиусы r_1, r_2, \dots, r_i тең кішкене аумақты қарастырамыз. Ішкі радиусы r_{i-1} және сыртқы радиусы r_i -ге тең сақинаның ауданы

$$2\pi r_i \Delta r$$


мұндағы $\Delta r = r_i - r_{i-1}$ (сурет1)

Егер Δr кішкентай болса, онда бүкіл сақина бойымен жылдамдық тұрақты деп $v(r_i)$ -ге жуықтайды. Осылайша бірлік уақыт аралығында сақина арқылы ағып өтетін қан көлемі жуық шамамен мынаған тең:

$$(2\pi r_i \Delta r) v(r_i) = 2\pi r_i v(r_i) \Delta r$$

Ал жалпы көлденең қима бойымен өтетін бірлік уақыт ішіндегі қан көлемі:

$$\sum_{i=1}^n 2\pi r_i v(r_i) \Delta r$$



Сурет 2

Мұндай жуықтау 2-суретте көрсетілген. Жылдамдығымыз қан түтікшесінің центріне қарай жоғарылайтынын ескерсек, нақты жуықтауды n -ді арттыру арқылы жетеміз. Жоғарыдағы теңдігімізден шек алсақ, ағынның нақты шешімін табамыз. Басқаша айтқанда, көлденең қиманың бойымен ағып өтетін бірлік уақыт ішіндегі қан көлемін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} F &= \lim_{n \rightarrow \infty} \sum_{i=1}^n 2\pi r_i v(r_i) \Delta r = \int_0^R 2\pi r v(r) dr = \int_0^R 2\pi r \frac{P}{4\eta l} (R^2 - r^2) dr = \\ &= \frac{\pi P}{2\eta l} \int (R^2 r - r^3) dr = \frac{\pi P}{2\eta l} \left[R^2 \frac{r^2}{2} - \frac{r^4}{4} \right]_{r=0}^{r=R} = \frac{\pi P}{2\eta l} \left[\frac{R^4}{2} - \frac{R^4}{4} \right] = \frac{\pi P R^4}{8\eta l} \end{aligned}$$

Соңғы нәтиже бойынша алынған теңдеу $F = \frac{\pi P R^4}{8\eta l}$ Пуазейль заңы деп

аталады. Бұдан түсінгеніміз тамырлардағы қан қысымы қан ағынының көлемдік жылдамдығына және тамыр радиусының төртінші дәрежесіне тура пропорционал.

Қан ағынының ламинарлық қозғалысын зерттеу

Аңдатпа: Тұтқырлық (ішкі үйкеліс) – бұл реал сұйық қабаттарының орын ауыстырғанда бір-біріне кедергі жасау қасиеті. Тұтқырлық

температураға тәуелді және бұл тәуелділік сұйықтар мен газдар үшін әртүрлі болады. Кез келген сұйықтар тәрізді қан тұтқырлығы температура төмендегенде артады.

Исследование ламинарного движения кровотока

Аннотация: Вязкость (внутреннее трение) - это свойство слоев реальной жидкости препятствовать друг другу при перемещении. Вязкость зависит от температуры, и эта зависимость различна для жидкостей и газов. Вязкость крови, как и любой жидкости, увеличивается при понижении температуры.

Investigation of laminar blood flow movemen

Abstract: Viscosity (internal friction) is the property of the layers of a real liquid to prevent each other from moving. The viscosity depends on the temperature, and this dependence is different for liquids and gases. The viscosity of blood, like any liquid, increases with a decrease in temperature.

Кілт сөздер: тұтқырлық, ламинарлық ағыс, қан айналым жүйесі, қан тұтқырлығы.

Ключевые слова: вязкость, ламинарнотечение, кровеносная система, вязкость крови.

Keywords: viscosity, laminar flow, circulatory system, blood viscosity.

Әдебиеттер:

1. Арызханов Б.С. Биологиялық физика. Алматы: Қайнар, 1990
2. Самойлов В.О. Медицинская биофизика. Санкт-Петербург, 2007
3. Төлеуханов С. Биофизика. Алматы, 2011.
4. James Stewart – Early transcendental. Calculus 5e.

Covid-19 пандемиясы жағдайында әлеуметтік кәсіпкерлікті және әлеуметтік бастамаларды дамыту

Развитие социального предпринимательства и социальных инициатив в условиях пандемии covid-19

Development of social entrepreneurship and social initiatives in the context of the covid-19 pandemic

Андатпа: COVID-19 бүкіл әлемдегі экономикалық және әлеуметтік өмірдің әртүрлі аспектілеріне үлкен әсер етеді. Мақала пандемиядан туындаған экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың салдарын әлеуметтік кәсіпкерліктің және әлеуметтік бастамалардың әр түрлі формаларын басымдықты дамыту негізінде жою мүмкіндіктеріне арналған. Дағдарыс жағдайында әлеуметтік кәсіпкерлер жедел әрекет ету және әлеуметтік салада жедел көмек көрсету кезінде күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін көрсетеді.

Кілт сөздер: COVID-19, коронавирус, пандемия, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік көмек, ұлттық жоспар, әлеуметтік кәсіпкерлік.

Аннотация: COVID-19 оказывает глубокое влияние на различные аспекты экономической и социальной жизни во всем мире. Статья посвящена возможностям преодоления последствий кризисных явлений в экономике, вызванных пандемией на основе приоритетного развития различных форм социального предпринимательства и социальных инициатив. В условиях кризиса социальные предприниматели демонстрируют свою способность оперативно действовать и решать сложные задачи по оказанию актуальной помощи в социальной сфере.

Ключевые слова: COVID-19, коронавирус, пандемия, социальная защита, социальная помощь, национальный план, социальное предпринимательство.

Annotation: COVID-19 has a profound impact on various aspects of economic and social life around the world. The article is devoted to the possibilities of overcoming the consequences of the crisis phenomena in the economy caused by the pandemic on the basis of the priority development of various forms of social entrepreneurship and social initiatives. In a crisis, social entrepreneurs demonstrate their ability to act quickly and solve complex problems in providing urgent assistance in the social sphere.

Keywords: COVID-19, coronavirus, pandemic, social protection, social assistance, national plan, social entrepreneurship.

Әдебиеттер тізімі

1 Жаңа COVID-19 вирусының пандемиясы жағдайында БҰҰДБ Қазақстанға қолдау көрсетуде.// <https://www.kz.undp.org/content/kazakhstan>

2 Пандемия жағдайында қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 489 қаулысы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000489>

3 Сейдахметов М.Қ., Дүйсенбекұлы А.Ж., Сейдахметова Г. Пандемия жағдайында қазақстан экономикасын дамытудың кейбір мәселелері.// <https://www.enu.kz>

4 <https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal>

5 ЮНИСЕФ қазақстандықтарды COVID-19 пандемиясы кезінде жедел психологиялық көмекті алуға қолдау көрсетуде.// <https://www.unicef.org/kazakhstan>

6 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек// <https://www.akorda.kz/kz/>

ҒТАМР 27.03.40

Maple жүйесінің графикалық және анимация жасау мүмкіндіктері

Пазылова Венера Қанатқызы
СТР-20-3 оқу тобының студенті,
Қанибайқызы Құндызай
п.ғ.м, аға оқытушы

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол болғандықтан, бұл бағдарламаны игеру маңызды. Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Сондықтан да мемлекетіміздің әрбір азаматы инновациялық технологияларды толық меңгеріп, күнделікті өміріне енгізуі керек. Білім беру реформасын дамытудағы маңызды фактор - ақпараттық – коммуникациялық технологияларды білу. Бұл жүйелерді білу дәл, нақты нәтиже алуды жеңілдетеді, оны графикалық түрде ұсыну, есеп берулерді көркемдеу және т.б.

Математиканы оқытудағы компьютерлік графиканы қолдану, анимация жасау алдымен оқытудағы көрнекілік дидактика принципін тиімді іске асырылуының көрінісімен байланысты. Компьютерлік графиктік анимация көмегімен кеңістіктік бейнені қалыптастыру процесін ұйымдастыру білім алушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуда маңызы зор. Дайын сызбалармен жұмыс жасап үйренген оқушыға әдеттегіден тыс орналасқан кеңістіктік объектісі бейнеленген сызба бойынша бейнені құру кезінде қиындықтар туындайды. Осындай суреттерді салуды және олармен жұмыс жасауда оқушылар объектіні әр түрлі көзқараспен қарауға, оның бейнесін есте сақтауға, құрылған кеңістіктік бейнені талдауға, кеңістіктік бейненің орналасу орнын ауыстыруға бейімделуі тиіс.

Қазіргі таңда компьютерлік графикалық анимация жасау әртүрлі сала мамандарын дайындауда кеңінен қолданылуда. Компьютерлік графиканың әдістерін пайдаланудың нәтижесі көрсеткендей, ол қоршаған орта туралы жаңа білімдер мен мәліметтер бермейді, тек қабылданған шешімді көрсету құралы ретінде ғана қолданылады.

Компьютерлік графиктік анимацияны пайдаланып, кеңістіктік бейнені қалыптастыру кезінде нақты объектінің моделі қолданылатын келесі амалдарды атап өткен жөн:

- зерттелетін объектінің нақты моделі (макет, қоршаған ортадан мысал, сурет);
- динамикалы (қозғалмалы) анимациялық модель;
- статикалық (орныққан) суреті;
- кеңістіктік бейне.

Барлық компьютерлік математика жүйелері екі және үш өлшемді графиктерді тез және оңай тұрғызады. Тек қана кеңістік биіктігін матрицалық тұрғыда беріп, қажетті график салу құралдарын таңдасақ жеткілікті. Мұндай құралдардың ішінде кеңістікті бояу, жарықтық эффектілер, кеңістіктің орналасуын таңдау және т.б. эффектілер кіреді. Көптеген жүйелер (Mathcad немесе Maple) үш өлшемді графикті тінтуірдің көмегімен айналдыру арқылы фигураны ыңғайлы көруге мүмкіндік алады және қарапайым тұрғызылады.

Осыған орай есептеуіш математика және имитациялық модельдеу есептерін шешу үшін Maple программалық – математикалық жүйесімен сипатталады.

Maple - білім мен техниканың, ғылымның әр түрлі салаларындағы математикалық есептерді автоматты түрде шешуге арналған компьютерлік математиканың кең тараған жүйесі. Maple-да операторлар мен функциялардың негізгі кітапханасы бар. Оның ішіндегі функциялардың көбін ядро функциялары сияқты ешқандай хабарлама жасамай-ақ пайдалануға болады, кейбірі хабарлама жасауды қажет етеді. Математикалық есептерді шешуде олар суперкалькулятордың функциясымен қатар, күшті математикалық электрондық анықтамалардың да мүмкіндігін пайдаланады. Maple жүйесінің алғашқы версияларының өзі олардың символдық есептеулер аймағында жетекші роль атқарды. Бұл жүйелердің ядросы мен кеңейту пакеттері әртүрлі символдық өзгертулер мен есептеулерді шешуге бағытталған 3000-нан аса операторлар жинақтаған. Жүйенің ядросы әр версиядан екіншісіне өткен сайын жақсара түсуде.


Maple пакеті түрлі бағыттағы жүйелер мен қондырғыларды бізді қоршаған ортадағы әртүрлі процестерді математикалық модельдеу негізінде жылдам есептеуге арналған мүмкіндіктерге ие. Мұның бәрі есептеулерді ең жаңа өте тиімді құралдар арқылы көрнекілеумен ұштасады.

Енді негізгі элементар және арнайы функциялардың графиктерін салудағы Maple жүйесінің мүмкіншіліктерін көрсетейік.

Maple жүйесінде графиктерді салу үшін *plot* операторы пайдаланылады. Ол мынадай түрде беріледі:

- $\text{plot}(f, h, v)$
- $\text{plot}(f, h, v, o)$

• мұндағы f – функция немесе функция өрнегі, h – функцияның өзгеру облысын сипаттайтын айнымалы, v – функцияның өзгеру облысын сипаттайтын міндетті емес айнымалы, o – параметр немесе график салудың стилін анықтайтын параметр (функция графигінің жуандығы, түсі, кескіні, ондағы белгілер және т.б.).



Білім алушылардың аналитикалық түрде берілген функцияның мәндерін есептеуге толық көзін жеткізу үшін функцияның графигін салған жөн.

Негізгі элементар және арнайы функциялардың графигтерін салудағы Maple жүйесінің мүмкіншіліктерін көрсетейік.

Мысалы: $y=kx + b$ түріндегі сызықты функцияның графигін салу.


$y=3x-2$, $y=-2x+3$ функцияларының графигтері салынған

Графигтерді анимациялау.

Графигті салып, оны анимациялау (жандандыру) оқушылар үшін өте қызықты болмақ, әрі оқушылардың математикаға деген ынталарын, ықыласын одан әрі аттырары анық.

Графигті анимациялау үшін Maple бағдарламасының `animate(f, x, t)` конструкциясы қолданылады. Мұндағы f –функция, x – x тәуелсіз айнымалының аралығы, t –параметр, қосымша t айнымалысының аралығы.


Мысалы, $y = \frac{\sin ix}{ix}$ функциясының графигінің анимацияланған түрін көрсетейік.




Сонымен қатар, үшөлшемді фигураның графигінің анимациясын салу керек болса, `animate3d(f, x, y, t, o)` конструкциясы пайдаланылады. Мұндағы f –функция, x, y, t –айнымалылардың өзгеру аралығы, o –міндетті емес жиілік параметры.

$$\text{Мысалы, } z = \frac{\cos(t \cdot x \cdot y)}{3}$$

функциясы графигінің анимациялануын қараңыздар.



Айталық, $z=x^2 - y^2$ өрнегімен берілген гиперболалық параболоидты салу керек болсын. Бұл геометриялық салуды жүргізу үшін операторды шақырып, ондағы параметрлерді толтырамыз.



Қорыта келе тапсырмаларды шешу кезінде, бүкіл әлемдік мамандар компьютерлік математиканың бағдарламалық жүйесінің MatLAB

Mathematica, MathCAD, Maple жан-жақты типін кең ауқымда пайдаланады. Бұл жүйелерді білу дәл, нақты нәтиже алуды жеңілдетеді, оны графикалық түрде ұсыну, есеп берулерді көркемдеу және т.б. ЖОО білім процесінде мына жайттарды еске ала отырып туындаған мүмкіндіктерді ұтымды пайдалана білуі тиіс: бітірушінің болашақ кәсіби қызметі, оның дербес компьютерді кең ауқымда қолдана алатындығында, кеңейтілген бағдарламалық палитралар мен аппараттық орталарды игеруінде екенін көрсеткен.

Қажеттілігі мен жеткіліктілігінің арқасында компьютерлік математика жүйесі білім үрдісіне толықтай енгендіктен, бірінші ЖОО-да компьютерлік математика жүйесі студенттердің алғашқы курстарында көп көңіл аударылуы керектігі, осыдан кейін ғана компьютерлік математика жүйесін нәтижелерді тексеру үшін қолдануға болатыны атап айтылған. Сондықтан компьютерлік математиканы қолдану кез-келген білім алушының математика пәніне деген, есеп шығаруға деген ынтасын, қызығушылығын арттыруға зор ықпалын тигізеді.

MAPLE жүйесінің графикалық және анимация жасау мүмкіндіктері

Андатпа: Компьютерлік графика әртүрлі сала мамандарын дайындауда кеңінен қолданылуда. Компьютерлік графиканың әдістерін пайдаланудың нәтижесі көрсеткендей, ол қоршаған орта туралы жаңа білімдер мен мәліметтер бермейді, тек қабылданған шешімді көрсету құралы ретінде ғана қолданылады.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды және компьютерлік бағдарламалық - техникалық кешенді технологияларды пайдаланып, математикалық және тәжірибелік компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау әдіс - тәсілдерін білу математикалық есептердің шешімін дәл, нақты нәтиже алуды жеңілдетеді және компьютерлік анимация көмегімен кеңістіктік бейнені қалыптастырады.

Кілт сөздер: MathCAD, Maple, технология, компьютер, графика, анимация, модель.

Возможности создания графики и анимации системы MAPLE

Аннотация: Компьютерная графика широко используется в подготовке специалистов различных отраслей. Как показывает результат использования методов компьютерной графики, она не дает новых знаний и сведений об окружающей среде, используется только как средство отображения принятого решения.

Знание методов и приемов работы с математическими и практическими компьютерными программами с использованием информационно - коммуникационных технологий и компьютерных программно - технических комплексных технологий облегчает получение точных, точных результатов

математических задач и формирует пространственное изображение с помощью компьютерной анимации.

Ключевые слова: MathCAD, Maple, технология, компьютер, графика, анимация, модель.

Features of creating graphics and animations of the MAPLE system

Annotation: Computer graphics is widely used in the training of specialists in various industries. As the result of the use of computer graphics methods, it does not give new knowledge and information about the environment, it is used only as a means of displaying the decision. Knowledge of methods and techniques of working with mathematical and practical computer programs using information and communication technologies and computer software and hardware complex technologies facilitates obtaining accurate, accurate results of mathematical problems and forms a spatial image using computer animation.

Keywords: MathCAD, Maple, technology, computer, graphics, animation, model.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сдвижков О.А. математика на компьютере: Maple 8. М., Солон-Пресс, 2003.-176с.
2. Матросов А. Maple 6. Решение задач ВМ и механики. СПб, БХВБ-528с.
3. В.П. Дьяконов Maple 9.5/10 в математике, физике и образовании. Москва, Солон- Пресс, 2006.-720с.
4. «Математика және физика» журналы. № 3, 2002 ж. «Математика сабағында компьютер мүмкіндіктерін пайдалану».

Тұлғалық дағдарыс тәжірибесін зерттеудегі арт-терапия мүмкіндіктерін пайдалану

Рзахметова П
ПП-19-1у
Аманбайқызы Р

Баяндама жоспары:

- 1.Арт-терапия ұғымы, маңыздылығы.
- 2.Арт-терапияның түрлерімен таныстыру, тиімділерін тәжірибеде қолдану.

Арт-терапия – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Арт-терапия (ағылшын тілінен art – өнер,

therapy – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі. Тар мағынадағы арт-терапия – тұлғаның психоэмоционалды күйіне ықпал ету мақсатында бейнелеу шығармашылығына негізделген терапия.

«Арт-терапия» ұғымын 1938 жылы суретші Адриан Хилл санаторийдегі туберкулезбен ауыратын аурулармен жұмыстарын суреттеу кезінде енгізген. Арт-терапия өзінің даму кезеңдерінде З.Фрейд, К.Г.Юнгтың психоаналитикалық көзқарастарын бейнеледі, психоаналитикада клиенттің көркемдік іс-әрекеті (сурет, мүсін, инсталляция) оның ұғынылмайтын психикалық процестерін бейнелейді.

Тарихқа сүйенсек арттерапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арт-терапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арт-терапевт-практиктерді біріктірген американдық арттерапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арт-терапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Қазіргі уақытта психотерапияда осындай күшті эмоциялық фактор, яғни өнер мен творчествоны қолдану қажеттілігі көрініп отыр.

▪ **Гольдштейннің көзқарасы бойынша**, творчество – адамның конфликтілі жағдайларда туындаған қорқыныш сезімдерінен құтылудың бірден-бір жолы. Шығармашыл адамдар өз күш жігерлерін ішкі және сыртқы қайшылықтарды, сонымен қатар конфликтілерді жеңуге жұмсайды.

▪ **Маслоудың көзқарасы бойынша**, творчество – адамның іс-әрекеттерінің қайнар көзі, дені сау адамдарға ғана тән өзін-өзі бейнелеуге талпынушылық болып табылады. Неврозды адамдарда бұл қажеттілік бұзылады немесе мүлдем жойылады.

Психотерапевттің мақсаты – адамдарға осы сәтті сезінуге көмектесу, олардың пайда болуына жағдай жасау, сонымен қатар өзіндік “Менін” танытуға және шаршау, тұнжырауларынан босануға көмектесу. Адамның өзіндік творчестволық қабілеттерін сыртқа шығармай ұстап қалуы, невроздың пайда болуына әкеліп соғады. Ал психотерапияның мәні – одан босату болып табылады.

Арт-терапияны жүргізу көрсетілімдері:

- ✓ Эмоциялық даму қиындықтары
- ✓ стресс
- ✓ депрессия
- ✓ көңіл-күйдің болмауы
- ✓ дағдарыс
- ✓ эмоциялық тұрақсыздық

- ✓ эмоциялық реакциялар импульсивтілігі
- ✓ өзге адамдардан эмоциялық шеттетуін уайымдау
- ✓ жалғыздық сезімі
- ✓ тұлғааралық жанжалдар
- ✓ отбасылық қатынастарға қанағаттанбау
- ✓ қызғаныш
- ✓ аса мазасыздық
- ✓ қорқыныштар, фобия
- ✓ жағымсыз «Мен-концепциясы»
- ✓ өзіндік бағалаудың төмендігі

Арт-терапияның бағыттары:

музыкаотерапия;

драматерапия;

би терапиясы;

ертегі терапиясы;

мандала;

күм терапиясы;

Дағдарыстық жағдайларға, мысалы, жасқа байланысты өзгерістер, ажырасу, жақын адамынан айырылу, жазатайым оқиғалар және т.б., адам эмоциялардың дауылына ұшырайды және физикалық және психикалық ауырсынуды бастан кешіреді. Ауырсыну дәрежесі соншалықты жоғары, оған төтеп беру және оған кіру қиын болады. Бұл жағдайда жалғыз қалау - бұл күйден мүмкіндігінше тезірек шығу.

Стрессті жеңу үшін адам ағзасы эмоциялар мен сезімдерді елемей (блоктай) бастайды. Бастағы бей-берекетсіздікке байланысты адам өз сезімін түсіне алмайды, сондықтан ол жағдайды бағдарлай алмайды, дұрыс шешім қабылдай алмайды және әрекет ете алмайды. Эмоциялармен байланыс орнату - бұл бала мен ересек адам үшін қиын мәселе, өйткені кез-келген адам басынан өткерген нәрсені атай алмайды, мейлі ол дәрменсіздік немесе кінә,

ашу немесе қайғы, қорқыныш немесе үрей, ашуланшақтық болсын. Бәрін өз орнына қою үшін арт-терапия әдістері жиі қолданылады.

Осы тәсілдердің бірі - **мандаламен сурет салу**.

Мандала - әлемнің немесе біздің ішкі әлеміміздің шеңбер түріндегі символдық бейнесі. Көбіне мандаланың ішінде шаршы болады: төрт бағыты әлемнің төрт бөлігін білдіреді. Психотерапияда мандаланы салу, құру немесе тоқуда ешқандай қатып қалған ереже жоқ.


Ол біздің ішкі жай-күйімізді емін-еркін көрсеткенде өздігінен туындайды. Мандаланың сыртқы формасы нақты жағдайды бейнелейді, бірақ маңыздысы сыртында емес, ішінде орналасқан орталықта - ол күш-қуаттың қайнар көзі, адам маңызының көрінісі.

Мандала салу процесінде сіз тәжірибелі эмоцияларды жұмсақ түрде қалпына келтіресіз және оларды босату процесін аяқтайсыз, бұл сіздің ішкі ресурстарыңызды белсендіруге, сенсорлық қабылдауыңызды арттыруға және дағдарыстық жағдайдан шығуға көмектеседі.

Мандаланың суретін сала отырып, ол өзіне бейнелер мен түстер арқылы әсер етіп, осы бейнені жасауға ықпал еткен өзінің ішкі механизмдері мен күштерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Шеңберге сурет салу денемен жанасу механизмін, сонымен қатар өмір сүру процесін және әр түрлі психологиялық аспектілерді біріктіруді іске қосады. Мандаланы салу арқылы сіз өзіңіздің ішкі әлеміңізді саласыз, ал адам өзінің жеке әлемін көруге мүмкіндік ала отырып, өз ішінде саяхат жасайды.

К. Юнг мандала идеяларын мұқият зерттеген Еуропадағы алғашқы ғалымдардың бірі болды. Өзінің «*Memories, Dreams, Reflections*» туындысында ол 1916 жылы мандала туралы өзінің алғашқы бейнесі туралы әңгімелеп берді, содан кейін ол күнделікті ноутбукке жаңа мандала жазды. Юнг әр жаңа суреттің белгілі бір сәтте оның психикалық өмірін бейнелейтінін қорытындылады. Содан кейін ол өзінің «ақыл-ойының өзгеруін» белгілеу үшін суреттерін қолдана бастады. Ол мандала адам психикасы әлемінің көрінетін проекциясы және жеке тұлғаның өзін танытатын өте күшті символы деп санайды.

Мандаланы қолдану мынадай жағдайларды бастан өткергенде көмектеседі:



Мандаланы құруда түс маңызды рөл атқарады. Суретті түсіргенде, түстердің мағынасын есте сақтау қажет.

□ Қызыл - физикалық күшін, энергияны, сүйіспеншілікті білдіреді. Ол сондай-ақ теріс қасиеттерді көрсетеді: агрессивтілік, тұрақсыздық.

□ Қызғылт түс- оптимизмге, өмірге деген сүйіспеншілікке, өзін-өзі растауға жауапты. Жоғары өзін-өзі бағалауды көруге болады.

□ Сары түс- көңілді, белсенді өмірлік ұстанымын, ашықтықты және өзіне деген сенімділікті білдіреді.

□ Жасыл түс- салу қабілетіне, өзін-өзі жетілдіруге, бейімделуге жауапты. Өзімшілдік пен билікке ұмтылу туралы айтуға болады.

□ Көк түс - ұйымды, қарым-қатынасты, даналықты, тыныштық, депрессияны көрсетеді.

□ Ақ - жеңілдік, тазалық және руханилықтың түсі, жақсару үшін өзгерістер. Бұл бөліп алу және оқшаулау дегенді білдіреді.

□ Қара - хаос, босаңсылық, құпия және белгісіздік символы, бейсаналық және шын мәнінде көрінбейді. Қорқыныш, депрессия, көңіл-күйдің бұзылуын көрсетіңіз.

□ Күлгін - өзін-өзі дамытудың түсі, жетілдіруге ұмтылу, түйсігі және рухани күші.

Мандала орталығында орналасқан түстер сіздің құпия сезімдеріңіз бен тілектеріңізді көрсетеді. Ал шеңбердің шекарасында орналасқан түстер сіз басқаларға ашық түрде көрсетесіз дейді.

Би терапиясы- жеке бағыт ретінде АҚШ-та 1950-70 жылдары қалыптасты, сосын 1960-80 жылдары Ұлыбритания, Германия мен Израилде қалыптасты.

Би импровизациясы – кездейсоқ қозғалыс тәсілдері. Егер адам аяқ астынан кездейсоқ қозғалса, онда ол өзін шынайы және дәл көрсетеді. Санасыздық көрініс беруі де мүмкін, осылай адам өзінің жоғалтқан бөлігімен қауышуға және өзінің психологиялық ресурстарын тануға қабілетті болады.

Би терапиясында сенің қалай қозғалғаның емес, ең бастысы сенің қозғалған кезде нені сезініп, нені ойлатының, би арқылы нені көрсететінің маңызды. Адам денесі адамды алдамайтын, өзін толық мәнде ашылуына, шынайылығын танытуға ықпал ететін дене.

Би терапиясының негізі концепциялары -бір жағынан дене, анығырақ айтқанда, әрекет екінші жағынан - ақыл арасындағы тығыз байланысты бейнелейді. Би терапиясының маңызы мынада, біздің әрекет мәнеріміз жекелік ерекшеліктерімізді бейнелейді. Біздің бала кезіміздегі байланыстарымыз, алғаш қадам жасаған кездегі еркіндігіміз, достарымыздың әсері, атқарған жұмыстарымыз, басымыздан өткен стресс-осылардың барлығы біздің әрекет ету мәнерімізде із қалдырады.

Би терапиясы еркіндікке және әрекеттің мәнерлілігіне талпындырады,

күшті физикалық, сонымен қатар психикалық деңгейде күшейтеді. Онда дене мен ақыл біртұтас бүтіндік ретінде қаралады. Би терапиясының мақсатын келесідей ұйымдастыруға болады: «Кез-келген эмоционалды ығысуда біздің рухани, сонымен қатар физикалық жағдайларымыз өзгереді және сәйкесінше, біздің әрекетіміздің сипаты да өзгереді».

«ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫН» қолданудың маңызы

Баланың қиялын дамытуда, өзін-өзі дамытуда қазіргі замандағы жаңа технологияның ерекше түрі бұл - **құм терапиясы**. Құммен жұмыс жасау баланы ашуға, тез берілуден, жылауықтықтан, агрессиядан айықтырады және алдын-ала сақтайды.

Бала үшін әр өнердің түрі ерекше болғанымен, құммен сурет салу қай жағынан да тигізер пайдасы ерекше. Құм – тек баланы өнерге баулып қана қоймай, медициналық тұрғысынан да тиер көмегі ерекше. Қазіргі таңда, көпке таныла бастаған құм терапиясы да қарқын алып келе жатқаны баршаға мәлім.

Құммен ойын - балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

✓ Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлау мен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

✓ Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясы жас талғамайды. Ол 3 жастан бастап әр жастағы адамдармен өткізіледі. Қалаған адам өзінің ойындағы ойларын және сезімін құммен сурет салу арқылы ұштап, сергіп алуына болады.

Құммен сурет салуда әр адам тынығып, демалып қалады.

Баланың құммен ойнаудағы тағы бір пайдасы – бала өзі туралы айтудың, эмоциялық күйзелісін құм арқылы көрсете біледі, ішкі дүниесін сыртқа шығара алады.

Құм терапиясының басқа әдістерге қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар:

1. Психолог жұмыс істеу барысында балаға еш нәрсені үйретпейді, тәрбиелемейді, оның бойында белгілі жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастырмайды, ол тек бақылап отырып, арнайы сұрақ қойып, балаға өзімен-өзі болуға, оның өзіндік Мен-концепциясын қалыптастыруға көмектеседі.

2. Көптеген балалар суретті қағазға салған кезде «Мен сурет сала алмаймын» деп қарсылық білдіреді, ал құмда сурет салу үшін арнайы икемділік керек емес, себебі сәтсіз бейнелерді жеңіл өшіріп тастауға болады, ол үшін құмның үстін алақанмен жүргізсе болғаны. Бұл суреттер қозғалмалы функцияға ие, әсіресе, қобалжу деңгейі жоғары балалар үшін ыңғайлы.

3. Баланың эмоциялық ерік-жігерін дамытуда ең қолайлы әдіс болып табылады. Ересектер көп жағдайда баланың танымдық, интеллектуалды бастамаларына назар аударады да, эмоциялық жағдайына көңіл бөлмейді. Ал шын мәнінде, баланың эмоционалды интеллектісінің, ойлауының дамуына алып келеді.

Осы орайда құм терапиясының элементтерін тек психолог мамандар ғана емес, тәрбиешілер, логопед және басқа да мамандар қолдана алады. Өйткені құм адам психикасы үшін экологиялық материал болып табылады.

Тәжірибеде қолдану.

“Қамқорлық” дағдарыс орталығында қызмет алушы аналармен мандаланы қолдану сәті



“Қамқорлық” дағдарыс орталығында қызмет алушы балалармен мандаланы қолдану сәті



“Қамқорлық” дағдарыс орталығында қызмет алушы аналармен би терапиясын қолдану сәті



Ауылдық аумақтардың дамуындағы ұйымдастырушылық-экономикалық механизм рөлі мен әлеуеті

Сакиев А.Н.

ГМУ 20-16м магистранты:

Бекетова К.Н.

Э.Ғ.К.

Ауылдық елді мекендерді дамытудың перспективалары потенциалды басқару жүйесі мен оны тиімді жүзеге асырудың белсенді жүйесіне негізделген тиімді және ұзақ мерзімді дамудың мүмкіндіктері, шарттары мен факторларының болуымен анықталады [2].

Осыған байланысты ауылдық жерлердің ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін дамыту саясатының маңызды бағыттары ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: а) бәсекеге қабілеттілік процесін қамтамасыз ету мақсатында процестің үздіксіздігі; б) ауылшаруашылық өндірісінің шағын және орта формаларын дамыту; в) басқарудың оңтайлы және тиімді жүйесін қалыптастыру, ауылдық елді мекендердің тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында мемлекет, бизнес және тұрғындар мүдделерінің бірлігінің алғышарттарын қалыптастыру.

Сарапшылар мен практиктер дамудың ауқымды перспективаларын ескере отырып, нақты жағдайларға бейімделген басқарудың сапалы жаңа механизмдерін ауылдарды әртараптандырудың мақсатты саясатын жүргізудің негізгі бағыты ретінде анықтайды. Сонымен бірге, мұндай механизмдердің жұмыс істеуінің мақсатты бағыты ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту болуы керек [3].

Ауылдық жерлерді тұрақты дамытудағы қайта құрулардың ерекше көп саны объективті факторлар мен нарықтық институционалдық инфрақұрылым процестерінің, экономикалық өмірдің әртүрлі субъектілерінің экономикалық мүдделерінің, халықаралық кәсіпкерліктің мүдделерінің арқасында байқалады [1].

Ғылыми басылымдардың монографиялық талдауы ауылдық-аумақтың дамуындағы «ұйымдастырушылық және экономикалық механизм» ұғымының мәні әр түрлі жолмен анықталатындығын көрсетті. Бұл жағдайда механизм көп қырлы құбылыс ретінде түсіндіріледі:

1) оның компоненттерінің құрамы тұрғысынан, 2) жеке адамдардың берілген шарттарда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге және сонымен бірге еңбекті жүзеге асыруды жақсартуға арналған жиынтық қабілеті ретінде, 3) ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық компоненттер және т.б.

Біз «ауылдық аумақтарды дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуеті» тұжырымдамасының анықтамасымен келісеміз, ол

аумақтың белгілі бір даму деңгейінде болатын және іске асырылмаған мүмкіндіктеріндегі ресурстар жиынтығы түрінде және агроөнеркәсіптік саясатты тиімді жүзеге асыруға, процестерге қатысуға болады, яғни шын мәнінде оларды пайдалану экономиканың осы секторының ресурсын арттырады.

Аймақтық ауыл шаруашылығындағы инвестициялық белсенділіктің артуына ықпал ететін шараларды әзірлеу және ғылыми негіздеу ерекше маңызды, бірақ ғылыми-практикалық міндеттердің бірі инвестициялық қызметті қолайлы қаржыландыру мәселесін шешуге құзыретті көзқарас негізінде шешу болып табылады әдіснамасы мен дереккөздері, осылайша іске асыру сапасының өсуін қамтамасыз етеді. Инвестициялық жоба, оның ішінде инвестициялық қызметтің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің қолайлы инвестициялық климатын және инвестициялық тартымдылығын құруға ықпал ету.

Мұндай жағдайда инвестиция тартудың дәстүрлі формаларымен қатар, инвестиция тартудың салыстырмалы түрде жаңа формасы - лизингті пайдалануда жедел қажеттілік туындады.

Ұйымдастырушылық, технологиялық, экономикалық инновацияларды кеңінен енгізу ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтуға ғана емес, ең бастысы әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, аграрлық сектордың экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. [4].

Тиімділікті арттырудың мәні ауылдық жерлердің экономикалық әлеуетін ұтымды пайдалануға бағытталған өзара байланысты шараларды негіздеуде, бірақ оны басқару жүйесін қалыптастыру кезінде оны бағалауға екі тәсілді қажет етеді.

Бірінші тәсіл алынған нәтижені (қол жеткізілген нәтижені) жоспарланған немесе мүмкін болатын максимуммен корреляциялаудан тұрады. Бұл тәсіл әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын талдау үшін қолданылады. Тиімділікті экономикалық бағалаудың екінші әдістемелік тәсілі нәтиженің оны алуға кеткен шығындармен арақатынасын анықтауға негізделген. Екі әдіснамалық тәсілдің жалпы айырмашылықтарымен, алынған нәтиженің шығындалған ресурстармен корреляциясы ғана.

Ауылдық жерлерді және ауылшаруашылық өндірісті дамытуды ұйымдастырудың басқарушылық деңгейі әлеуметтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, табиғи-климаттық, экологиялық компоненттерді бөлуді қажет етеді - 1-кесте.

Кесте 1 - Ауылдық аймақтарды дамыту компоненттері және ауылшаруашылық өндірісі [142]

Компонент	Компонент элементтері	Аумақтарды дамыту көрсеткіштерін тұжырымдаудың негізгі бағыттары
Әлеуметтік	Әлеуметтік инфрақұрылым	Мотивациялық саясат және персоналды ұстап қалу шарттары
	Еңбек әлеуеті	Персоналдың біліктілік деңгейі, олардың инновациялық өзгерістерді жүзеге асыруға қабілеттілігі; ұжымда моральдық-психологиялық ахуал.
Ұйымдастырушылық - экономикалық	Ұйымдастырушылық және басқарушылық	Ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыру және басқару
	Өндірістік	Өндірістік қорлардың қазіргі жағдайы мен құрылымы, инвестициялық тартымдылығы; өндірістік қуаттарды пайдалану қарқындылығы; ауылшаруашылық өндірісінің ресурстық сыйымдылығы.
	Қаржылық	Қаржылық абсолюттік және салыстырмалы кірістілік көрсеткіштері; төлем қабілеттілігі, өтімділігі және қаржылық кәсіпкерлік субъектілерінің тұрақтылығы;
	Инновациялық	Инновациялық модернизациялау қабілеті, технологиялық негізі және техникалық әлеуеті.
	Кәсіпкерлік	Аумақтардың, нарық сегменттерінің коммерциялық бәсекеге қабілеттілігі, өнімнің ассортименті мен номенклатурасы; бәсекеге қабілеттілік, логистика, маркетингтік зерттеу, брендинг.
Табиғи-климаттық	Климаттық жағдайлар	Аумақтық, агроклиматтық аймақтар, өндірістің және маркетингтің негізгі өнімдері
Экологиялық	Экологиялық ортаны сақтау	Өндірісте экологиялық таза шикізат пен материалдарды пайдалану негізінде қосылған құны жоғары өнім үлесінің артуы есебінен өндірісті көгалдандыру

Потенциалды бағалау және ауылдық аумақтарды дамытудың стратегиялық күштерінің негізгі бағыттарын анықтау, ауылдық жерлердің жұмысының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың стратегиялық мақсаттарын қалыптастырады. Сондықтан зерттеу индикативті тәсілді қолдана отырып, ауылдық жерлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың интегралдық индикаторын есептеудің алғышарттарын анықтады. Импортты алмастыру стратегиясын қалыптастыру мен азық-түлік қауіпсіздігі доктринасын жүзеге асырудың қиын жағдайында аграрлық сектордың тиімді жұмыс істеуі және ауылдық елді мекендердің ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін тиімді қалыптастыру мен жүзеге асыру ерекше маңызға ие.

Қазіргі жағдайда жеке проблемалар ауылдық жерлердің дамуының күрделілігіне, олардың жан-жақтылығына байланысты жеткіліксіз зерттелген болып қалады.

Ауыл тұрғындарының экономикалық мүдделерін іске асырудың тетігі - бұл ауыл аймақтары қауымдастығының экономикалық мүдделерін іске асыру үшін жеткілікті жағдайлар қалыптастыру процестерін басқаруға бағытталған ішкі жүйелерді, құралдар мен әдістерді қамтамасыз ететін құрылымдық-функционалдық элементтер жиынтығы және олардың өзіне тән спецификалық дамуы бар халықтың жеке топтары. Ауыл аумағының даму деңгейі азық-түліктің тұтынушысы, өнімді сатудың шектеулілігі, нарық инфрақұрылымының даму дәрежесі оны реттеу жүйесінің тиімділігіне, мемлекет, өндіруші және айқын байланыстардың болуына (немесе болмауына) байланысты.

Тиімді экономиканы сипаттайтын параметрлерге қол жеткізу, ауылдық елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамыту стратегиясының мақсатты параметрлеріне сәйкес келетін деңгей мен пропорциялар бизнес, мемлекеттік биліктің атқарушы органдары, тұрғындар арасындағы басқарушылық өзара іс-қимыл нәтижесінде мүмкін болады. Нәтижесінде аумақтың мүмкіндіктері мен бейімділігіне байланысты аумақтық сәйкестілік процесс қалыптасатын болады. [5].

Ауылдық жерлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттары және олардың даму тиімділігінің жалпы формада өсуі келесі бағыттарда анықталады:

- біріншіден, ұзақ мерзімді перспективада аумақтарды дамытудың экономикалық тұрақтылығын арттыру;
- екіншіден, дамудың жаңа, неғұрлым сапалы ұйымдастырушылық және технологиялық деңгейін қалыптастыру;
- үшіншіден, тұтынушылық талғам мен тиімді сұраныстың қанағаттандырылуына жауап беру тұрғысынан ұйымдастырушылық және экономикалық әлеуетті дамыту.

Экономикалық, өндірістік, әлеуметтік, инфрақұрылымдық факторларға сүйене отырып, ауылдық аумақтарды дамытудың заманауи тенденциялары: ауылдық жерлердің даму деңгейін реттеудің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін қалыптастыру мен жүзеге асыруды, интеграция шарттары, нарықтық инфрақұрылымды дамыту және т.б. өткізу нарықтарын кеңейту мәселелерін шешуді, құруды талап етеді.

Аумақтың тұрақты дамуының ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін қалыптастыру мен іске асыру механизмі аумақтың экономикалық (өндірістік, табиғи ресурстар, еңбек, қаржылық, интеллектуалдық) әлеуетін кешенді дамытуды басқару болып табылады, оның ішінде: а) басқару жүйесі; б) ауылшаруашылық өндірісінің нақты секторының қызметін бағалау; в) ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық, инвестициялық-инновациялық және институционалдық сипаттағы элементтер.

Экономикалық өсудің мақсаттары мен мүмкіндіктерінің нарық конъюнктурасына сәйкестігін қамтамасыз етудің іргелі міндеті ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу қызметі құралдарын таңдауда жаңа мазмұнды қажет етеді: экономикалық, оның ішінде бағдарламалық-бағдарламалық емес, ұйымдық-қаржылық, оның ішінде меншік қатынастары мен жер қатынастарын реттеу, тарифтер мен бағаларды реттеу, салықтық реттеу, сауда қатынастарын реттеу, қаржылық сауықтыру мен дамуды қолдау тетіктерін реттеу, кәсіпорындар, әртүрлі жеңілдіктер мен шектеулер енгізу және т.б.

Ауылдық жерлердің дамуын басқарудың экономикалық тиімділігі дегеніміз - көбею процестерін ұйымдастыруға және көбеюге жағдай жасау үшін қажетті жұмыс күшін, ақпараттық, материалдық-техникалық ресурстарды пайдалану деңгейімен анықталатын даму тиімділігі.

Ауылды тұрақты дамытудың ұйымдастырушылық және институционалдық алғышарттары, ең алдымен, ауылдық елді мекендер мен муниципалдық округтер деңгейіндегі аймақтық және жергілікті билік органдарының мақсатты іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

Тәжірибе көрсеткендей, ауылдық жерлерді тиімді дамытуға, аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыруға ауыл экономикасының тиімділігі, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасына мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жақсартуға бағытталған қызметін анықтайтын құқықтық, қаржылық, экономикалық және ұйымдастырушылық шараларды жүйелі түрде жасау қажет.

Андатпа

Зерттеу аумақты дамыту бағытына әсер ететін факторларға негізделген ауылдық жерлерді дамыту әлеуетін іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің негізгі компоненттерін экономикалық,

әлеуметтік, саяси, ұйымдастырушылық және өндірістік жағдайлар мен негізгі мүдделі тараптардың мүдделерін, ең бастысы, олардың дәйектілігіне әсер ететін ерекшеліктерді ескере отырып, ұйымдық-экономикалық даму әлеуетінің рычагтары моделін құруды негіздейді. Әр түрлі салалық фокустағы аумақтарды бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап әдістердің қажеттілігін анықтайтын, ауылдық жерлерді ұйымдастырудың және басқарудың қазіргі заманғы процестеріне қойылатын талаптар жұмыс істеп тұрған тұрақтылықты, бәсекеге қабілеттілікті анықтау үшін оларды салыстыра отырып анықталды. Ауылдық аймақтың сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілетінің авторлық анықтамасы оның өсу резервтерін анықтай отырып, аумақтың даму тұрақтылығына құрылымдық-динамикалық талдау негізінде ұсынылған. Бәсекеге қабілеттілік стратегиясын қалыптастыру мақсатында ауылдық аумақтарды дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін қалыптастыру және іске асыру әдістемесінің негізінде ауылдық аумақтарды дамытудың баламаларын негіздеуге құрылымдық тәсілді әзірлеу ұсынылған.

Кілт сөздер

Ауылдық аумақтарды дамыту, ұйымдастырушылық және экономикалық механизм, ауылшаруашылығы, агроөнеркәсіптік саясат

Аннотация

Обоснованы в исследовании основные компоненты организационно – экономического механизма реализации потенциала развития сельских территорий исходя из факторов воздействия на направления развития территории; экономических, социальных, политических, организационных и производственных условий и рычагов построения модели организационноэкономического потенциала развития с учетом интересов основных заинтересованных сторон, а главное - особенностей, влияющих на их согласованность. Раскрыты требования к современным процессам организации и управления сельскими территориями, что определяет необходимость универсальных методик, позволяющих оценивать территории различной отраслевой направленности, сравнивать их с целью выявления наибольшей устойчивости функционирования, конкурентоспособности. Предложено авторское определение способности сельской территории адаптироваться к изменениям внешней среды на основе структурно-динамического анализа устойчивости развития территории, выявления резервов ее роста. В основе методики формирования и реализации организационноэкономического потенциала развития сельских территорий с целью формирования стратегии конкурентоспособности предложена разработка структурно – ориентированного подхода к обоснованию альтернатив развития сельских территорий.

Ключевые слова

Развитие сельских территорий, организационно-экономический механизм, сельское хозяйство, агропромышленная политика.

Annotation

The study substantiates the main components of the organizational and economic mechanism for realizing the potential for the development of rural areas based on the factors influencing the direction of development of the territory; economic, social, political, organizational and production conditions and levers for building a model of organizational and economic development potential, taking into account the interests of the main stakeholders, and most importantly, the features that affect their consistency. The requirements for modern processes of organization and management of rural areas are revealed, which determines the need for universal methods that allow assessing territories of various sectoral orientations, comparing them in order to identify the greatest stability of functioning and competitiveness. The author's definition of the ability of a rural territory to adapt to changes in the external environment is proposed on the basis of a structural-dynamic analysis of the stability of the development of the territory, identifying the reserves of its growth. At the heart of the methodology for the formation and implementation of the organizational and economic potential of the development of rural areas in order to form a competitiveness strategy, it is proposed to develop a structure-oriented approach to substantiating the alternatives for the development of rural areas.

Keywords

Rural development, organizational and economic mechanism, agriculture, agro-industrial policy.

Әдебиеттер тізімі

1. Куликова Е.С. Автореферат диссертации «Формирование и развитие маркетинга территории: теория, методология, практика» / Е.С.Куликова // Екатеринбург. – 2016. – 46с
2. Нотяг А.В. Автореферат диссертации «Формирование механизма развития сельских территорий в рамках региональной социально-экономической политики» / А.В. Нотяг // - Санкт-Петербург. – 2016. – 19 с.
3. Савенкова О.Ю. Автореферат диссертации «Стратегия социальноориентированного развития сельских территорий /О.Ю. Савенкова// Воронеж. – 2016. 53с.
4. Рау В.В. Тенденции и факторы изменения ресурсоемкости аграрного сектора. / В.В. Рау, Л.В Скульская, Т.К. Широкова// Проблемы прогнозирования. - 2013г. - №4. - С. 55-66
5. Хилинская И.А. Социально-ориентированное развитие сельских территорий / И.В. Хилинская, А.С. Лылов // Экономика 153 сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2017. - №11. С.68-72. – 0,4/0,2 п.л.

ҒТАМР 06.39.02

Жастар арасындағы жұмыссыздық: мәселелері мен реттеу мүмкіндіктері

Сансызбайқызы Ақжібек

СР-20-1 оқу тобы

Берикболова Улжан Доскалиевна

экономика ғылымдарының магистрі

Жұмыссыздық әр мемлекетте бар және нарықта белгілі бір көлемде болып тұрады. Жұмыссыздықтың шамадан тыс болуы халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізеді. Ал бұл жағдай мемлекеттің араласуын талап етеді. Тәуелсіздік алғалы бері елде еңбек рыногына әсер ететін бірқатар факторлар пайда болды. Соның бірі көлеңкелі экономика. Бұл салаға бастама берген негізінен жұмысшыға жасырылған ақы төлеп немесе еңбек етуге қолайлы жағдай туғызбағандықтан мемлекетке салық төлемейтін сектор жатады. Бұған ең алдымен ел экономикасы көтерілгеннен бері елге ағылған босқындар, гасторбайтерлер жатады. Қазір нақты қанша көлемде бұндай жұмыссыздық түрі барлығын ешкім дәл тауып айта алмайды. Сонымен бірге Қазақстан үшін жастар арасындағы жұмыссыздық ең бір өзекті мәселе, елде оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар саны жалпы активті бөліктің сегізден бір бөлігін құрайды. Ал әйелдер ең бірінші активті топ болып табылады, бірақта онда да жұмыссыздық бар.

Ауылдық жерлердің мәртебесін көтеру үшін ауыл жастарын қолдауға бағытталған «Ауыл жастары» ұлттық бастамасын жасап, оны жүзеге асыру қажет екенін айтылды. Жоғарғы оқу орындарының бітірушілеріне арналған «Дипломмен ауылға» жобасын ұсынылды. Мұның арқасында, ондаған мың жас маман ауылға тартылды.

«Дипломмен ауылға» жобасына сәйкес ағымдағы жылдың басынан бастап ауылдық елді мекендерде жас маманның жұмыс істеуіне және баспана мен қамтылуы нысанаға алынды. Бүгінде республика бойынша барлық облыстық және аудандық әкімдіктер де ауылдық жерлерге тұруға және жұмыс істеуге баратын әлеуметтік сала мамандарын ынталандыруға бағытталған заңның орындалуын бақылайтын арнайы басқармалар, мамандар бар. Жобаның мақсаты жас маманның алған дипломына сай жұмыс істеуге жағдай жасау. Ауылға қажетті мамандықты иеленген маман жоба аясына іліксе, мынандай үш жеңілдікке қол жеткізеді. Біріншіден, 70 айлық есептік көрсеткіш бойынша бір жолғы жоғарылатылған жәрдемақы беріледі. Екінші, тұрғын үйге иелік ету үшін бюджеттің есебінен 15 жыл мерзімге 0,01 пайызбен 630 айлық есептік көрсеткіш көлемінде несие беріледі. Мұны теңгеге шақсақ, 30 мың теңге болады екен. Үшінші, ауылдық елді мекендердегі мамандар қалалардағы әлеуметтік салада қызмет атқаратын

мамандармен салыстырғанда 25 пайызға жоғарылатылған жалақы алатын болады. Қысқасы, мұның бәріне жоба бойынша қарастырылған бес мамандық: дәрігер, мұғалім, мәдени қызметкер, әлеуметтік қамсыздандыру және спорт және туризм мамандары ғана қол жеткізеді.

«Дипломмен ауылға» жобасының өзектілігі ауыл мәртебесін арттырып, ауылда жұмысқа қабілетті тиімді еңбек ресурстарын жаңарту. Жобаның негізгі идеясы — жоғары оқу орындары мен колледжде білім алушы жас мамандарды ауылға тарту. Бұл идеяны іске асырудың екі тәсілі бар: «ауыл квотасы» бойынша білім алған ауыл жастарын міндетті түрде ауылға қайтару және қала жастарын ауылда жұмыс істеуге шақыру [3].

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Экономикалық дағдарыс белең алғанда жастар, көбінесе, халықтың осал тобына қосылады. Экономикалық өсім құлдыраған кезде жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге, экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе, жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды. Тағы бір айта кетер жайт, жоғары оқу орнын бітірген жастардың бірден жұмысқа орналасып кетуі де қиын болып тұр. Қолында дипломы болғанымен, тәжірибенің жоқтығы оларға үлкен кедергі келтіруде.

Десек те, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы берілетін қаржыға кейбір ауылдарда үй тұрғызуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан, жас мамандардың ауылдарға дипломмен баруға құлшынысы төмен.

Осы тұрғыдан қарағанда ауыл шаруашылығын цифрландыру бағдарламасы аясында іске асырылатын іс-шаралардың негізгі бағыттарында жұмыссыздықты жоюға арналған тетіктерді іске қосу керек сияқты.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы мәселесі біртіндеп шешіліп жатыр. Солардың бірі жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қолданылып жатқан шаралар және бұл шаралардың жүзеге асырылуы:

- Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы аясында нақты шаралар мен міндеттер орындалуы керек. Жастардың құқығы қорғалуы тиіс.

- Жекеменшік секторын қаржыландыру қажет.
- Жастар кәсіпкерлігін қолдау тиіс.
- Жалпы кәсіпкерлік секторды инвестициялау қажет.

Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес жұмыс беруші кәсіпорын халықты жұмыспен қамтуға белсенді қатысуы

керек. Заң бойынша жұмыс берушілер мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын іске асыруға мүдделі:

- жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету;
- қызметкерлерді кәсіби даярлау және оларды оқыту жүйесін дамыту;
- қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізуге жәрдемдесу;
- қызметкерлерді сақтандыру және тағы сол сияқты әрекеттер жүргізу.

Ал, мемлекет азаматтардың жұмыспен нәтижелі әрі еркін таңдау арқылы қалыптасуына жәрдемдесу саясатының жүргізілуін қамтамасыз етеді. Осыған орай, мемлекет жұмыссыздықтағы әлеуметтік қорғаудың мынадай түрлерін атап көрсетеді:

- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жұмыссыздар үшін кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздар еңбегіне ақы төлеу;
- табысы аз азаматтарға жататын жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету;
- жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс теңгерімділігі жөніндегі шаралар жүргізу;
- халықты әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;
- қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту;
- жұмыспен қамтудың өңірлік мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлі жөніндегі шаралар қабылдау;
- білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және т.б. [5].

Халықты еңбекпен қамту мәселесі Қызылорда облысында да күн тәртібінен түскен емес. Облыс әкімінің 2020 жылға арналған іс-қимыл жоспарында жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатындағы іс-шаралар нақтыланып отыр. Жоспарға сәйкес жұмыссыздық деңгейін 4,7 пайызға дейін ұстап тұру бойынша шаралар қабылдау көзделген.

Жастар жұмыссыздық деңгейін 4,4 пайыздан асырмау бойынша шаралар қабылдау және 12844 өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін азаматтардың бірыңғай жиынтық төлемін төлеу бойынша шаралар қабылдау қажет.

Жастар арасындағы жұмыссыздық: мәселелері мен реттеу мүмкіндіктері

Безработица среди молодежи: проблемы и возможности регулирования Unemployment among youth: problems and possibilities of regulation

Андатпа. Мақала жастар арасындағы жұмыссыздық, оның ішінде ауыл жастары жұмыссыздығы мәселелерін қарастырады. Ауыл жастары

арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешу үшін жасалып жатқан өңірлік және республикалық шаралар да зерттеледі.

Аннотация. Статья рассматривает проблемы безработицы среди молодежи, в том числе безработица сельской молодежи. Также исследованы вопросы государственной и региональной мероприятий по сокращению безработицы среди молодежи.

Abstract. The article examines the problems of unemployment among the youth, actually village youth unemployment. The issues of state and local support ways of reduce youth unemployment are also investigated.

Кілт сөздер: жастар, жұмыссыздық, жұмыссыздықты қысқарту

Ключевые слова: молодежь, безработица, сокращение безработицы

Keywords: youth, unemployment, reduce of unemployment

Әдебиеттер тізімі:

1. Абуева Г.А. Государственное регулирование занятости населения // Транзитная экономика.- 2011ж.- № 3.- 110-115 б.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті. - Қолжетімділік тәртібі: <http://www.stat.gov.kz/>

3. Алимбаева С.К. Особенности формирования молодежного рынка труда на современном этапе (Қазақстан материалдарында): Автореферат: 22.00.04 /- Алматы: Б.И., 2011ж.- 28 б.

4. Бреева Е.Б. Профессиональная ориентация молодежи: особенности, необходимость проведения // Современ. и гуманитарн. исследования.- 2010ж.- № 1.- 184-185 б.

5. Зайниева, Лилия Юсуповна. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта / Зайниева, Лилия Юсуповна.- Алматы қ.: Дайк-Пресс, 2010ж.- 296 б.

6. Менкебаева М. Роль и место молодежи в социально-экономической и общественнополитической жизни казахстанского общества / Менкебаева М. // Аналит обзорение .-2010. № 4. 135138 б.8. Игнатъев Д., Бекетов А., Сарокваша Ф. Настольная энциклопедия PublicRelations. - М., 2004.

ҒТАМР 04.21.81.

Жастардың пандемия кезінде әлеуметтік өзгерістерге бейімделуі

Сапар Айсұлу

СР-18-1 оқу тобы студенті

Г.Ш.Шайхисламова

Э.Ғ.М., аға оқытушы

Қазіргі таңда әлемде болып жатқан күрделі әлеуметтік экономикалық процестер қоғамның әрбір тұлғасына әсер етіп отырғаны бәрімізге аян. Осы жағдайда әлеуметтік тұлғаның оның ішінде жастардың өмірдегі әр түрлі жағдайларға өзіндік бейімділігін қалыптастыру, олардың қоғамдық өмірдегі ролі туралы мәселе өткір болып отыр. Технологияның қарыштап дамуы, ғаламтор жүйесіндегі өзгерістер, сағат санап өсіп жатқан әр түрлі жағымды және жағымсыз ақпараттар ағыны жастардың психикалық өзгерісіне өзіндік әсерін тигізуде. Осы тұрғыда туындаған әлеуметтік мәселелер бойынша жастардың қалыптасқан жағдайға қарсы бейімделу иммунитетін қалыптастыру маңыздылығы туындады.

Жастардың әлеуметтенуі қоғамдағы қалыптасып отырған құндылықтар жүйесінде өзіндік ерекшеліктерімен көрінеді. Жастардың барлығына пессимистік көзқараста қарау қисынсыз, себебі қазіргі уақытта жастар креативті, білімге құштар, белсенді және әлеуметтік ортада өзін жан-жақты қырынан көрсетіп жүр.

Жалпы, жастар деп кімдерді айтамыз? «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда айтылғандай, 14 пен 29-дың арасындағы ел азаматтарының барлығы осы санатқа жатады. Ресми статистикаға жүгінсек, еліміздегі халық санының 21,5 пайызы, яғни 3 900 834 адам жастар санатында екен. Осынша адамның 496 мың 209-ы – жоғары оқу орындарының студенті [1.].

Әлеуметтік бейімделу-бұл бейімделу, даму процесі, әдетте, белсенді, жеке тұлға немесе топ үшін жаңа әлеуметтік жағдайлар немесе әлеуметтік орта. Қазіргі әлеуметтік бейімделу адаптант (жеке тұлға, әлеуметтік топ) және әлеуметтік орта бейімделгіш-бейімделгіш жүйелер болып табылатын, яғни белсенді өзара әрекеттесетін, әлеуметтік бейімделу процесінде бір-біріне белсенді әсер ететін әлеуметтік процесс деп түсініледі. [2.]

Орта жастағы және егде жастағы тұлғалардың, жас кездеріндегі қалыптасқан нормалар мен құндылықтары, олардың қазіргі уақыттағы өзгерістерге сәйкес тез бейімделу себебі орындаушылық функциясы басым яғни тәртіп, қағидаларды басшылыққа алады .

Бейімделу – тұлғада үрейдің болмауы мен байланысты. Бейімделе алмау – үрей жағдайының көрінуі мен байланысты.

Жаңа өзгерістерге бейімделуде бірнеше ерекшеліктер бар. Олар кез келген өзгеріске илімді яғни психологиялық дайындық болуы, жаңа нәрсені

(ой, идея, зат т.б) ойлап табуға ұмтылыс қалыптастыру, өзін әлеуметтік ортада қалыпты ұстау (үздіксіз қимыл қозғалыс).

Қазіргі уақытта қазақстандық жастардың пандемия кезінде әлеуметтік өзгерістерге бейімделуін сауалнама арқылы зерттеп бірқатар нақты негізді пікірлер қалыптастыра аламыз. Сауалнама жастардың пандемия кезінде әлеуметтік өзгерістерге бейімделуі деген тақырыпта жүргізілді. Сауалнамаға еліміздің әр өңірінен 16-29 жас аралығында 184 респондент қатысты. Сауалнама 9 сұрақтан тұрды.

1 сұрақ. COVID-19 пандемиясы басталған кезде сізді бірінші не нәрсе қобалжытты? деген сұраққа Денсаулыққа қауіп сезінгендігін респонденттердің 65,8 пайызы жауап берген. Бұл ақиқат. Ең алдымен денсаулық, яғни адамның өмір сүрудегі маңызды қажеттілік кеп шығады.



2 сұрақ. Карантин жарияланған кездегі сіздің (жұмыс, оқу, білім т.с.с) жоспарларыңыз туралы ойыңыз қалай болды? деген сұраққа жоспарды қайта қарау, нақтылау қажеттігін сезіндім деп 32,8 пайыз, белгісіз ойлар мазалағандығын 25,7 пайыз жауап берген.

Карантин жарияланған кездегі сіздің (жұмыс, оқу, білім т.с.с) жоспарларыңыз туралы ойыңыз қалай болды?
183 ответа



Яғни белгісіз ой мазалауы бұл заңдылық және ол алғашқы қауіп үрей туындаған кезде пайда болатын құбылыс. Дегенмен де сенімділік танытқан жастар үлесі басымырақ.

3 сұрақ. Карантин уақытында оқшауланған сәттегі сіздің көңіл күйіңіз қандай болды? деген сұраққа респонденттердің өзімді басқа қырынан тануға ұмтылу деп 42,4 пайыз, жабырқау, көңіл күй болмады деп 32,8, достармен

байланысты үзбедім деп-25 пайыз жауап берген.Бастапқы кезде жабырқау б көңіл күй болмауы да заңды құбылыс.Бұл сұрақта да жастардың өзін өзі тануға ұмтылысы басымырақ.



4сұрақ.Жабырқаған сәтте көңіл күй болмағанда сіз кіммен және қандай тақырыпта сөйлесесіз? деген сұраққаОтбасы мүшелерімен емін еркін сөйлесуге ұмтылу, пікірін тыңдау деп 46,7 пайыз респондент жауап берген. Осы тұрғыда отбасы мүшелерінің қолдауы, отбасындағы қарым қатынас, отбасының құндылықтарын тәрбиелей отырып, сіңіру маңызды орынға келіп шығып отыр. Ешкіммен араласпау,сөйлеспеу, өз ойыммен болу 24,5 пайыз көрсеткіші аландатады,себебі бұл психологиялық өзгерістерге әкелуі мүмкін.

Жабырқаған сәтте, көңіл күй болмағанда сіз кіммен, және қандай тақырыпта сөйлесесіз?

184 ответа




5 сұрақ. COVID-19-ға байланысты жиі берілетін ақпараттар сізге қалай әсер етеді?Тыңдаймын, оқимын өзіме қажетті деп есептеймін деп 53,6 пайыз жауап берген, жағымсыз әсер етеді, тыңдамауға, оқымауға тырысамын деп 32,2 пайыз, COVID-19 жайлы ақпаратқа сенбеймін деп 14,2 пайыз жауап берген.Бұл жерде әлі де болса әлеуметтік желілерде қорқыныш, үрей шақырмайтын, қалыптасқан жағдайды әлеуметтік ортада

қалыпты қабылдау ақпараттары, контенттері көбірек қажет етіледі деп есептеймін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

COVID-19-ға байланысты жиі берілетін ақпараттар сізге қалай әсер етеді?

183 ответа



6 сұрақ. Оқшаулану бұл адамдарға не береді деп есептейсіз? деген сұраққа қауіпсіздік деп 64,3 пайыз және адамдар арасында бұрынғыдай қарым қатынас болмайды, қарым қатынас өзгереді деп -18 пайыз және барлық жағдайларға шектеулік орнайды деп -17 пайыз жауап берген. Қауіпсіздік адам қажеттілігінің басты көрсеткіші екендігінің дәлелі.

Оқшаулану - бұл адамдарға не береді деп есептейсіз?

182 ответа



Пандемия жағдайында Сізге өмірге талпыныс, мотивация алуға және болашаққа сенімділігіңізді нығайтуға қандай әлеуметтік топ жақын?

182 ответа



Жастар қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделе алады деп есептейсіз бе?


183 ответа



7 сұрақ. Пандемия жағдайында Сізге өмірге талпыныс, мотивация алуға және болашаққа сенімділігіңізді нығайтуға қандай әлеуметтік топ жақын деген сауалнамаға отбасы деп 75,8 пайыз, 13,2 пайыз- достар деп жауап берген. Қиын сәтте өмірдегі қолдаушысы да өз отбасы екендігін, отбасы мүшелерімен емін еркін пікір алмасу маңыздылығын көрсетіп отыр.

8 сұрақ. Жастар қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделе алады деп есептейсіз бе? деген сауалға иә бейімделе алады деп 81,4 пайыз жауап берген. Жастар арасында оптимистік көзқарас бар.9 сұрақ. Жаңа шындыққа бейімделу бұл деген сауалнамаға карантин, пандемия аяқталған соң бәрі өз қалпына келеді деп 50 пайыз, карантин, пандемия аяқталған соң жаңа нормалар мен өмір салтын қабылдау керек деп 26,4 пайыз, қоғамдағы өзгерістерге қалыпты қарау және талаптарды орындау деп 23,1 пайыз жауап берген.

Жаңа шындыққа бейімделу бұл-
182 ответа



Жалпы сауалнама нәтижесі бойынша жастарды алғашқы кезде үрей және қорқыныш, сенімсіздік болғанын растап және соның өзінде де өз болашағына жоспар құра отырып, өзін басқа қырынан көруге талпынысы байқалады. Қиын сәтте өмірдегі қолдаушысы да өз отбасы екендігін, отбасы мүшелерімен емін еркін пікір алмасатындығын көрсетіп отыр. Осы жерде отбасы құндылықтарын дәріптеу жандандырылуы керек. Отбасында алған тәлім тәрбие оның бүкіл болмысына толықтай әсер етеді. Иммунитетті күшейту ол отбасы құндылықтары арқылы бойына сіңеді.

Жастардың жаңа өзгерістерге бейімделе алатындығын және жаңа өмір шындығына жаңа нормалар мен өмір салтын қабылдау деген тұста әлі де болса ақпараттық насихаттар көбірек жүргізілуі керек деп есептеймін. Себебі бастапқы қалыпқа келеді деген 50 пайыз респондент, COVID-19 туралы ақпаратқа мүлдем сенбейтін 14,2 пайыз беру жауабы осыны көрсетіп отыр. Қорыта келе жастардың осы қиын кезеңде өзгерістерге бейімделуі қалыпты және олар өз болашақтарына сеніммен қарай алатындығы ол үшін қорғаушысы да, қолдаушысы да өзінің отбасы екендігі, сонымен бірге жаңа өмір шындығына, өздерінің болашаққа сенімділігі байқалды. Нәтиже оң болу үшін әлі де болса жастар арасында әлеуметтік желілерде контенттер, ақпараттар көбірек қажет ететіндігін көрсетті.

Аңдатпа. Қазіргі таңда еліміздегі әлеуметтік өзгерістер барлық әлеуметтік топтарға өз әсерін тигізуде. Соның ішінде жастардың пандемия жағдайында әлеуметтік өзгерістерге бейімделу мәселесі алаңдатады. Жастар арасында жаңа өмір шындығына бейімделу процесінде нақты маңызды міндеттер туындады.

Аннотация. В настоящее время социальные изменения в стране оказывают влияние на все социальные группы. В том числе беспокоит проблема адаптации молодежи к социальным изменениям в условиях пандемии. В процессе адаптации к новым жизненным реалиям у молодежи возникли конкретные важные задачи.

Annotation. Currently, social changes in the country have an impact on all social groups. In particular, we are concerned about the problem of adaptation of young people to social changes in the context of the pandemic. In the process of adapting to the new realities of life, young people have specific important tasks.

Жастардың пандемия кезінде әлеуметтік өзгерістерге бейімделуі

Адаптация молодежи к социальным изменениям во время пандемии

Adapting young people to social change during the pandemic

Кілт сөздер: пандемия, оқшаулану, бейімделу, отбасы, мотивация.

Ключевые слова: пандемия, изоляция, адаптация, семья, мотивация.

Keywords: pandemic, isolation, adaptation, family, motivation.

Қолданылған әдебиеттер:

1. www.egemen.kz

2. Синглтон, Р.А. Әлеуметтік зерттеу әдістері [Мәтін] = Approaches to social research: Р.А. Синглтон, Б.С. Стрэйтс; Ауд.: Н.Ә. Муминов 2018 ж

МРНТИ 14.25.09

Оқушыларды биологиялық тапсырмалар жүйесін блум таксономиясы негізінде орындауға үйрету әдістемесі

Саулебек Нұрай Қазбекқызы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Б-17-3 оқу тобының студенті,

Назарова Гүлмира Асылбекқызы

Аңдатпа

Мақалада, Блум таксономиясы арқылы жасалған биологиялық тапсырмалардың оқушы тұлғасының дамуына және білім сапасының артуына әсерін іс-тәжірибеде анықтау көрсеткіштері сипатталады.

Биологиялық тапсырмаларының мазмұнын Блум таксономиясының деңгейлеріне және оқу мақсаттарына сәйкес жобаласақ, **онда** оқушылардың биология пәні бойынша танымдық деңгейлерін арттыра аламыз, **себебі**, блум таксономиясының құрылымдық ерекшеліктері таным теориясына негізделген. Сонымен қатар, биологиялық тапсырмаларды оқу мақсатының 6 категориясын: білу, түсіну, талдау, синтездеу, бағалауды біріктіретін Блум таксономиясына негізделген формасы беріледі. Блум таксономиясы бойынша сабақты жоспарлау педагогтар үшін өте тиімді болары хақ. Жалпы эксперименттік жұмыстың нәтижесін талдағанда оқушылардың биология пәніне қызығушылығы оянып, теориялық білімдерімен қоса практикалық жұмыс жасау дағдыларының да артқаны анықталды.

Түйін сөздер: таным деңгейлері. Блум таксономиясы, биологиялық тапсырмалар, биологиялық білім нәтижесі

Методика обучения учащихся выполнению системы биологических заданий на основе таксономии Блума

Аннотация

В статье описаны методы практического исследование влияния биологических задач, разработанных таксономией Блума на развитие личности школьника и улучшение качества образования.

Если составить содержание биологических заданий в соответствии с уровнем таксономии Блума и целями обучения, то можно повысить познавательный уровень учащихся в биологии, так как структурные особенности таксономии Блума основаны на теории познания.

Кроме того, биологическим задачам придается форма, основанная на таксономии Блума, объединяющая 6 категорий образовательных целей: знание, понимание, анализ, синтез, оценка. Планирование уроков по таксономии Блума может быть очень эффективным для учителей. В целом, при анализе результатов экспериментальной работы было установлено, что интерес студентов к биологии наряду с теоретическими знаниями возрос и практическими навыками.

Ключевые слова: уровни познания. таксономия Блума, биологические задачи, результат биологических знаний

Methods of teaching students to perform a system of biological tasks based on Bloom's taxonomy

Abstract

The article describes the methods of practical research of the influence of biological tasks developed by Bloom's taxonomy on the development of the student's personality and the improvement of the quality of education.

If you develop the content of biological tasks in accordance with the level of Bloom's taxonomy and learning goals, you can increase the cognitive level of students in biology, since the structural features of Bloom's taxonomy are based on the theory of knowledge.

In addition, biological tasks are given a form based on Bloom's taxonomy, which combines 6 categories of educational goals: knowledge, understanding, analysis, synthesis, evaluation. Planning a bloom taxonomy lesson can be very effective for teachers. In general, when analyzing the results of experimental work, it was found that students' interest in biology, along with theoretical knowledge, increased their practical skills.

Keywords: levels of cognition. Bloom's taxonomy, biological problems, the result of biological knowledge

Біздің ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге жасаған талдауымыз биологияны оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда әдістемесінің үнемі жетілдіріліп отыратынын көрсетті. Алайда, қазіргі білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде үнемі туындап отыратын жаңа талаптарға сәйкес оқушылардың танымдық биологиялық тапсырмалар мен есептерді қолдану арқылы оқыту әдістемесінің тәжірибелік тұрғыдан зерттелінуінің жеткіліксіз орын алып отырғандығы байқалды. Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Оқушыларды биологиялық тапсырмалар жүйесін БЛУМ таксономиясы негізінде орындауға үйрету әдістемесі» деп таңдауымызға негіз болды.

Биология - бұл теориялық білімді практикалық (тәжірибеге) бекітуге негізделген ғылым. Сондықтан, әдістемелік нұсқаулық хатта биологиялық білім беру бағдарламасының басты міндеті ретінде: атап көрсетілген: «Білім алушыға биологиялық білім беріп қана қоймай, алған білімдерін болашақта өмірінде қолдана алатындай жағдай жасау. Оны жүзеге асыру үшін жаттанды білім бермей, өз қолдарымен тәжірибе жасауға баулу», - деп арнайы атап көрсетілген [1].

Жаратылыстану ғылымы пәндеріне арналаған тапсырмаларының негізгі типтерін ажаратымыз:

- адам қызметінің практикалық-білімдік мәнмәтіндегі тапсырмалар;
- адамның ғылыми-таным жұмысына еліктіретін тапсырмалар;
- құндылықты-бағдарлы жұмыс элементтерімен құралған тапсырмалар;
- адамның коммуникативті қажеттіліктерімен байланысты тапсырмалар [2].

Қазіргі кезде оқу тапсырмаларына қойылған негізгі талаптар анықталған. Онда оқудағы тапсырманың орнының өзгешелігі және оқу тапсырмалары мен оқу мақсаттарының байланыстылығы көзделеді (Е. И. Машбиц, 1987):

1. «Бөлек бір тапсырма емес, тапсырмалар жиынтығы құрастырылуы тиіс»

2. «Тапсырмаларды құрастыруда оның тек жақын мақсаттарға жетуін ғана емес, сонымен қатар алыс мақсаттарға жетуін қамтамасыз етуге талпынуы керек»

3. «Оқу тапсырмалары оқу әрекетін табысты орындауға қажетті құралдар жүйесін игеруді қамтамасыз етуі тиіс

4. Оқу тапсырмасы оны шешу үдерісінде меңгерілетін әрекетке сәйкес құрал - оқудың тікелей өнімі реті болып табылатынай етіп құрастырылуы керек.

Е.И. Хабарова өз зерттеуінде Л.М. Фридман әр тапсырма бірдей бөліктен тұратынын анықтағанын айтады:

1. Пәндік аясынан – қарастырылып отырған, айқындала белгіленген объектілер тобы;

2. Осы объекттерді байланыстыратын қарым-қатынастар;

3. Тапсырманың шарты – тапсырманы шешу барысында анықталуы керек болатын оны шешудегі мақсат жөніндегі нұсқаулық;

4. Тапсырма операторы – тапсырма шешімін табу үшін оның мақсаты алдында орындалатын іс-әрекеттер жиынтығы.

Оқу тапсырмаларын шешу басқалары секілді – дәлелді процесс. Ситуацияны ойлау, оған заңдарды қолдану кезінде бала осы операцияларды орындауда психологиялық дайындықта жүреді. Оған қоса аталмыш тапсырмалар қайталанбас болып келеді.

Біз өз зерттеуімізде оқу үдерісінде танымдық тапсырмалар мен есептерді тиімді пайдалану үшін олардың шешімін танымдық кезеңдерге сәйкес табуды меңгерулеріне ықпал ететін Блум таксаномиясына негізделген тәсілді қолданамыз.

Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді, ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқақтата түсті. Оның жіктеген оқыту мақсатының нысанасына сәйкес басқа ғалымдардың көзқарастарының сәйкестігінің салыстырмалы кестесі беруге болады (1-кесте)


Кесте 1- Оқыту мақсаттардың салыстырмалы кестесі

Блум	Симонов	Беспалько	Максимова	Скаткин	Лебедев	Тесленко
Білу	Тану	Оқушылық (узнавание)	Тану	Ұғымды жаңғырту	Ақпараттылық	Ақпараттық
Түсіну	Есте сақтау	Алгоритмдік (типтік есеп шешу)	Есте сақтау	Ұғымды тану	Функционалдық сауаттылық	Қайта жаңғырту
Қолдану	Түсіну	Эвристикалық (әрекет)	Түсіну	Ұғымды қолдану	Сауаттылық	Базалық

		таңдау)				
Талдау	Қарапайым икем-дағды	Шығармашылық (әрекет іздеу)	Қолдану	Ұғымдар жүйесін жаңғырту	Құзырлық	Жоғары
Жинақтау	Ауыстыру			Ұғымдар жүйесін қолдану		Шығармашылық
Бағалау						

Бұған дейін оқыту жүйесінде бір адамның үйрену жағдайын тексергенде оның тек алған біліміне ғана назар аударатын, ал Блумның таным саласындағы нысанасы бес жақты **түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалауды** қамтиды, яғни, оқушылардың әр түрлі қабілеттерін жетілдіру нысанасын алға қояды. Оны «Блум таксономиясы» деп те атайды [3].

Таксономия (грекше. *táxis* — орналасу, құрылыс, тәртіп және *nómos* — заң) . Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.



Сурет 1- Білім игеруге бағытталған 6 қадам (Блум таксономиясы)

Блум таксономиясы[3]бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың таным деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады: оның кестесі төмендегідей (2 кесте).

Кесте2–Блумтаксономиясы

Мақсаттаржүйесі	Оқушылардың танымдық іс - әрекеті
Білім	Оқушыменгеретінжәнеберілетінбілімнегіздері
Түсінік	Оушыбілімдіқабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алғанбілімдіқолданады
Анализ	Білімдіжайқабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады
Синтез	Алғанбілімненжаңаөнімжасапшығарады.
Баға(сыниөзіндікпікір)	Өзпікірінбілдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды.

3. Әрекеттілігі-кезкелген шығармашылық жұмысқа практикалық әрекетті араластыру керек.

4. Кері байланыс. Тәрбиеші баланың ойлау операциясын меңгергенін үнемі бақылап отырады. Себебі жаңа шығармашылық жұмыста ол қажет болуы мүмкін.

5. Кіршіксіздік-шығармашылық мәселе әдеиі құралды қажет етпейді, ол өткен сабақтың бөлімі болуы мүмкін. Бұл баланың мүмкіншілігін, білімін кеңінен қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Тіл дамыту сабақтарында ТРИЗ элементтерін қолдану әдістері:

Қуыршақтарды қолдану-қуыршақпен сөйлесу арқылы алға қойған проблеманы шешу. Диалогты сөйлеу, білмегенін сұрау.

Қазіргі кезде техникалық триз әдіс-тәсілдері балабақшада балалардың диалекті ойлауын шығармашылық қиялын, ой ұшқырлығын дамыту үшін кеңінен қолданылуда. Балабақшадағы триздің мақсаты – баланың ой қиялын дамыту, жүйелі ойлауға баулу, болып жатқан жағдайды тереңнен түсіну ғана емес, тәрбиешінің қолына нақты дамыту тәрбиелеу құралын беру. Тәжірибе жүзінде баланың білім сапасын көтеру, шығармашыл жеке бас болып дамуына, айнала қоршаған ортадағы бірлікпен қарама-қайшылықтарды түсінуіне өздерінің кішкентай проблемаларын шешіп білуге үйрену [4].

ТРИЗ технологиясы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс-тәсілдер төмендегідей: Жүйелі жақындау. Компоненттік, құрылымдық функционалды және генетикалық жақындау элементтері негізінде қоршаған ортаның жүйелі көрністерінің бастауларын қалыптастыру, бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы түсінік қалыптастыру. Каталог әдісі. Балалардың кез- келген тандалған сөздің белгілелрін екінші бір кез-келген басқа кітаптан алған сөзге ауыстыруға үйрету. Қарама-қайшылықты шешу әдісі- ұсынылған заттармен құбылыстарды әр қырынан қарау; Сиқырлы объектілер әдісі- балаға таныс объектінің сипаттарын екінші бір объектіге таңып айту, қолдану; Салыстыру әдісі- заттармен объектілердің ұқсастық ерекшеліктерін анықтау.

Сонымен ТРИЗ-дің өзге әдістерден, теориялардан ерекшелігі- бұл жеке әдістердің, әрекеттердің, машықтардың жиынтығы емес, бұл көптеген амалдарды шешу, соның ішінде педагогикалық, жаңа идеяларды тауып, әрқашан шығармашылық ізденісте болып, әдіс құру талпынысы.

ТРИЗ әдісін ойлап шығарушылар, шығармашылық педагогиканың жаңа деңгейіне шығуға тырысады-жеке шешімдерді табу үшін емес, балалармен бірге күнделікті жағдайлардың логикалық шешімін дұрыс, сауатты табу принципін құрастыруға тырысады. Балалар мен ересектер мәселесінде айырмашылық жоқ: оның мағынасы жас ерекшеліктеріне қарсы келеді.

Ойлау қабілеті дамыған бала өз денгейінде мақсаттарды шешуге машықтанып, өмірге жанжақты болып келеді.

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ТРИЗ технологиясын қолданудың тиімділігі айтылады. ТРИЗ технологиясының балаға шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйрететіндігі және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамытып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік бередігі баяндалады.

Аннотация

В статье рассказывается об эффективности применения технологии ТРИЗ в дошкольных организациях. Изложено, что технология ТРИЗ учит ребенка выполнять творческие задания и позволяет ему систематически вести себя к творчеству, развивая в нем творческую потребность и опираясь на его интересы.

Annotation

The article discusses the effectiveness of using TRIZ technology in preschool organizations. It is noted that TRIZ technology teaches a child to perform creative tasks and allows them to develop a creative need and systematically lead them to creativity based on their interests.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ТРИЗ технологиясын қолданудың тиімділігі

Эффективность применения технологии ТРИЗ в дошкольных организациях

Efficiency of TRIZ technology application in preschool organizations

Кілт сөздер: инновация, ТРИЗ технологиясы, шығармашылық, өнертапқыштық.

Ключевые слова: инновации, ТРИЗ-технологии, творчество, изобретательность.

Keywords: innovation, TRIZ technology, creativity, invention.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007, 204 б.

2. Жұмабекова, Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика: Кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымд. арн. оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008.- 336б.

3. Ломова В. А. ТРИЗ для детского сада. Алматы., 1997 г.

4. Корзун А. В. Цели, задачи и содержание ТРИЗ-педагогика. Решение проблем многоуровневого образования средствами ТРИЗ-педагогика. Саратов, 2008 г.

Использование пенсионных накоплений в Казахстане

Сисен Султан

группы Фин-18-1 п/я

Ким Н.Р.

старший преподаватель кафедры «Финансы»

Во исполнение поручения Главы государства Правительством были выработаны подходы по использованию части пенсионных накоплений на улучшение жилищных условий, оплату дорогостоящего лечения, передачу в управление частным управляющим компаниям.

На сегодняшний день приняты законодательные поправки в рамках Закона РК от 2 января 2021 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста» (далее – Закона).

Так, законодательные поправки предусматривают, что Правительством определяется Порядок осуществления целевых выплат из ЕНПФ (в т.ч. методика расчета порогов достаточности в зависимости от возраста вкладчиков, будущих периодов накоплений, без разделения по полу – М/Ж).



Под «порогом достаточности» рассматривается минимальный размер пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов,

необходимый для обеспечения ежемесячной пенсии не ниже размера минимальной пенсии, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Методика определения «порогов достаточности» пенсионных накоплений будет пересматриваться с учетом изменений социально-экономических и демографических условий в стране.

Напомним, что таких счастливиц 761,4 тыс человек, правда, медиана по размеру накоплений за порогом достаточности всего — 1,6 млн тенге. В теории, из пенсионного фонда может быть изъято 2,5 трлн тенге.

Достижение данных «пороговых» сумм, вполне доступно для постоянно работающих граждан, имеющих доход на уровне среднемесячной заработной платы по стране.

Уполномоченными операторами по целевому использованию единовременных пенсионных выплат из единого накопительного пенсионного фонда определены:

в целях улучшения жилищных условий – акционерное общество «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»;

в целях улучшения жилищных условий путем внесения первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища и (или) жилища с проведением ремонта в рамках одного договора банковского займа; частичного или полного погашения задолженности по ипотечному жилищному займу на приобретение жилища и (или) жилища с проведением ремонта в рамках одного договора банковского займа; рефинансирования ипотечного жилищного займа – банки второго уровня;

в целях оплаты лечения – акционерное общество «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк».

Порядок использования единовременных пенсионных выплат в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения выглядит следующим образом:

Лицу, желающему использовать пенсионные накопления в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения необходимо посредством ЭЦП авторизоваться на интернет-ресурсе Отбасы Банк и открыть личный кабинет, в котором далее подаются соответствующие заявления (на использование единовременных пенсионных выплат, удержание ИПН), согласия (на сбор и обработку персональных данных, осуществление уполномоченным оператором необходимых запросов и др.), обязательства (не совершать сделки на приобретение недвижимости у супруга/близкого родственника и др.), подписываемые ЭЦП.

В случаях использования лицом единовременных пенсионных выплат своего супруга (супруги), близких родственников, последние также

посредством ЭЦП авторизуются на интернет - ресурсе Отбасы Банк и открывают свой личный кабинет, в котором дают свое согласие, подписываемое ЭЦП.

Таким образом, в связи со сложившейся эпидемиологической ситуации, связанной с опасностью заражения вирусной инфекцией «Covid-19», периодически действующими ограничениями в части передвижения населения, а также максимального исключения контакта между людьми все заявления, согласия, обязательства по вопросу использования пенсионных накоплений супруга/близкого родственника подаются только онлайн в личном кабинете на интернет-ресурсе Отбасы Банка, в том числе подтверждение согласия супруга/близкого родственника на использование его пенсионных накоплений.

После чего, в рамках информационного обмена между Отбасы Банком и ЕНПФ, заявление на использование единовременных пенсионных выплат поступает в ЕНПФ, который в последующем после необходимой проверки перечисляет запрашиваемую сумму пенсионных накоплений на специальный счет получателя, открытый в Отбасы Банке.

Что касается перечня документов по целевому использованию средств, предоставляемого Отбасы Банку, данный перечень утверждается внутренним документом уполномоченного оператора.

Уполномоченный оператор проверяет предоставленные документы и в случае их соответствия требованиям перечисляет единовременные пенсионные выплаты по их целевому назначению конечному получателю данных средств в зависимости от цели (продавцу квартиры/дома, медицинской организации, оказывающей лечение и т.д.). Оплата единовременными пенсионными выплатами (покупка квартиры/оплата лечения) осуществляется только безналичным способом.

Разработка и утверждение Правил использования пенсионных выплат на цели улучшения жилищных условий определяется Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК.

Использование пенсионных выплат на лечение планируется осуществлять в порядке, аналогичном с улучшением жилищных условий.

При этом особенностью использования единовременных пенсионных выплат на лечение является, что на основании заявления и документов, переданных вкладчиком (получателем) ЕНПФ в соответствующую уполномоченную организацию Министерства здравоохранения РК будет предоставляться заключение о диагнозе и наличии права для направления вкладчика (получателя) ЕНПФ на лечение за счет выплаты части пенсионных накоплений по перечню заболеваний и в порядке, определенном Министерством здравоохранения РК.

В последующем, при положительном заключении уполномоченной организации Министерства здравоохранения РК, наличия договора об

оказании медпомощи с указанием соответствующей цели, достаточности сумм пенсионных накоплений, прохождения всех вышеуказанных процедур по аналогии с улучшением жилищных условий единовременная пенсионная выплата переводится лицу, являющемуся второй стороной соответствующего договора (договор оказания медпомощи).

Разработка и утверждение Правил использования пенсионных выплат для получения медицинской помощи определяется Министерством здравоохранения РК.

Выбор частной финансовой компании для передачи ей в управление пенсионных накоплений вкладчик будет осуществлять посредством подачи заявления в ЕНПФ.

Правила передачи пенсионных активов в доверительное управление будут определены Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка.

Преимуществами выработанных подходов и принятия законодательных поправок являются решение жилищных вопросов, улучшение здоровья граждан, обеспечение доступности к отдельным видам дорогостоящих медицинских услуг, стимулирование формальной занятости, выведению доходов из «тени», повышение доверия и привлекательности накопительной пенсионной системы.

Третья доступная для граждан опция, помимо улучшения жилищных условий и лечения — передать накопления сверх порога достаточности в доверительное управление (список компаний, которым можно было бы доверить свой «сверх порог» с точки зрения государства пока неизвестен).

Пенсионные деньги можно будет отдать инвесткомпаниям. Но их сохранность никто не гарантирует

Немного цифр: на какие цели подают заявки

По состоянию на полдень 29 января 2021 года на платформе enpf-otbasy.kz было подано 65 252 заявки, открыто 96 211 спецсчетов по зачислению и использованию единовременных пенсионных выплат (ЕПВ).

Цели по согласованным заявкам граждан распределились следующим образом:

- 44% — погашение ипотеки;
- 20% — покупка жилья без ипотеки;
- 18% — уступка накоплений родственнику;
- 7% — получение займа по системе жилстройсбережений в Отбасы банке;
- 5% — внесение первоначального взноса по ипотеке;
- 2% — погашение задолженности по договору аренды с правом выкупа;
- 2% — строительство дома (включая покупку земли);

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

2% — рефинансирование.

В среднем сумма перевода составляет 5,8 миллиона тенге.

Как проверить доступную сумму для частичного изъятия своих пенсионных накоплений вы можете ознакомиться по ссылке <https://www.enpf.kz/ru/services/withdrawal/withdrawal-check.php>

Источник: https://egov.kz/cms/ru/articles/enpf/pension_saving

ҒТАМР (МРНТИ) 06.71.02

Қала инфрақұрылымын дамытудың инвестициялық-инновациялық бағыттары

Сұлтан Әділет Арысұлы

ГМУ-19-1м оқу тобы магистранты,

Бекхожаева Айгул Кожахметовна

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі тың инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, жаңа мемлекеттер мен компанияларды тарту, қызмет көрсету сапасын жақсарту және транзиттік бағдарлардағы жылдамдықты арттыру есебінен өсуге тиіс[1]- деген еді. Осыған орай қазіргі уақытта елімізде инфрақұрылымдық жобаларды дамыту, инвестиция тарту белсенді түрде іске асуда.

Кез келген қаланың инфрақұрылымын басқару, жетілдіру өңірлік ерекшеліктер мен нақты көрсеткіштерді ескере отырып құрылған нақты кешеннің аясында жүзеге асады. Бұл кешен қала тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасаудың кепілі ғана емес, қаланың структуралық құрылымы, көркем келбеті, экономикалық өсімінің негізі. Сондай-ақ нақты бағыттар аясында жұмыссыздықтың алдын алудың бір амалы десек артық емес. Жалпы инфрақұрылымдық кешенді жоспарлы жүргізу қаланың экономикалық деңгейінің жоғарылауы, экологиялық тұрғыда қауіпсіздік, инновациялық жобалардың жүзеге асуын нақты мақсатты бағдарламалауды көздейді. Инфрақұрылым талдауын жүргізу арқылы қаланың экономикалық және әлеуметтік өсуіне жоғары деңгейде жағдай жасап қана қоймай, басқару мәселесін инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан қарастырған жөн.

Қала инфрақұрылымының инновациялық дамуын басқарудың заманауи көрінісі келесі белгілермен сипатталады:

- шаруашылықпен айналысатын субъектілердің шектеулі территорияларда әрекет етуі;

- қала инфрақұрылымын дамытудың мақсаты сол қаланың дамуына арналған өзара байланысқан көрсеткіштердің жиынтығын білдіреді;

- қалалық инфрақұрылымның даму бағдарламасын іске асыру үшін негізінен жергілікті ресурстардың қолданылуы;

- қалалық инфрақұрылымды дамытудың барлық бағдарламалары біртұтас жүйеде барлық салалардың дамуын қарастырады және бағдарламаның жүзеге асырылуын басқару бір орталықтан іске асырылады.

Нәтижесінде инновациялық экономиканы дамытуға көшу қала инфрақұрылымының тиімді дамуына ықпал етеді. Осы орайда тиісті мекемелер қаланы дамытудың түрлі мәселелерін шешуде ғана емес, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, кәсіпорындар мен қалалық әкімдікке қарауына кірмейтін басқа да ұйымдардың әкімшілігінде да маңызды рөл атқарады. Ол үшін басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыру, қалалық инфрақұрылым басшылығының сапасын жақсарту керек. Сонымен бірге жергілікті басқару органдарықала инфрақұрылымының инновациялық дамуын ұйымдастыру мен басқаруға тиімді тәсілді қалыптастыру тиіс.

Жаһандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, қалалық инфрақұрылымды дамытуөңірлік инвестициялық, өнеркәсіптік, көліктік, экологиялық саясаттарды жүргізу және шағын және орта бизнесті дамыту аясында тиімді жүзеге асырылады[2]. Осы мақала аясында Қызылорда қаласындағы инфрақұрылымның басты бағыттарының бірі - инвестициялық саясаттың жүргізілу көрінісіне тоқталатын боламыз.

Қызылорда қаласының инвестициялық саясаты сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығымен айқындалатын ерекшелікке ие.Қаладағы инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты - инвестициялық жобалардың жүзеге асуына шетелдік және отандық инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал ету[3].

Өңірде жаңа кәсіпорындар мен өндіріс орындарын ашу қаланың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновациялық белсенділікті, өткізу нарығын, экспорттық әлеуетті және инвесторлар қызығушылығын арттырады. Қазіргі уақытта технологиялық инновацияларды дамыту аймақта нақты сектордағы кәсіпорындар базасында жүзеге асуда. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, инновация саласындағы белсенді кәсіпорындардың саны 64 бірлік, үлесі 14% құрайды.

Инфрақұрылым – экономикалық өсімнің мүмкіндіктерін кеңейтуге тиіс[4]. Қала инфрақұрылымын жоспарлау бойынша 2020 жылы индустрияландыру бағдарламасы аясында жалпы құны 43,6 млрд.теңгені құрайтын, 4 жоба іске асыру жоспарланған.Ал қазіргі көрсеткіш бойынша **«Индустрияландыру Картасы» аясында 67,5 млрд.теңгені құрайтын9 іріжоба жұмыс жасауда.** Сонымен бірге қазіргі уақытта республикалық карта негізінде *құны 42 млрд. теңгеқұрайтын және 226 адамды жұмыспен қамтитын «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна*

табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасы жүзеге асырылуда. Аталған жоба «Orda Glass LTD» ЖШС-ның жауапкершілігіне жүктелген.

Қала көлемінде осыған дейін іске асырылып жатқан жобалардың бірі – **«ТриМо» серіктестігінің құны 1 млрд. теңге құрайтын «Қуаттылығы жылына 500 тонна екіокись молибден ұнтағын үшөкись молибден ұнтағына техникалық айналдыру өндірісін ұйымдастыру» жобасы.** Қазір аталған жоба негізінде құрылыс жұмыстары аяқталып, технологиялық құрылғылардың бірінші линиясы бойынша сынақ жұмыстары жүргізілген. Өндіріске орналастырылған қондырғылардың технологиялық процестеріне байланысты зауыттың іске қосылу мерзімі **2021 жылға жоспарланған. Өндіріс орны іске қосылғаннан кейін 60-қа жуық адамды жұмыспен қамту көзделіп отыр.**

Биылғы жылғы жаңа жұмыс орнының көзі ретінде қарастырылып отырған жобалардың бірі - 2019 жылы іргетасы қаланған ет комбинаты. Ол үшін ауыз су жүйесін жүргізуге мемлекеттік қолдау ретінде **42,7 млн. теңге** бөлінген. Бүгінгі таңда ет комбинатына су жүйесін жүргізетін мердігер мекеме тарапынан қажетті құрылыс жұмыстары жүргізіліп, ауыз су жеткізілді. *Құны 1,2 млрд теңгені құрайтын ет комбинатында 70 адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр.*

Инвестициялық саясаттың негізінде жүзеге асқан жобалардың бірі - «Қызылорда Рефайнэри» ЖШС-нің «К4, К5 экологиялық кластағы мотор майларын өндіру» жобасы. Осыған орай, мемлекеттік қолдау ретінде **2019 жылдың ақпан айында Қызылорда қаласынан 333 гектар** жер телімі берілген еді. *Құны 17,6 млрд. теңге құрайтын жұмыс орнында 220 адамға жұмыс көзі ашылатын болады.* Тұрақты электр қуатымен, газбен жабдықтауға, телекоммуникация желілерін тартуға және Батыс-Еуропа Батыс-Қытай автокөлік магистраліне түйсетін жолға техникалық шарттар алынған. Қазір **«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы** аясында жеткізу жоспарлануда [5]. Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы барысында Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 3 572,3 млн. теңгені құрайтын 35 жоба қолдау тапқан. Оның ішіндегі 384,8 млн. теңгенің 9 жобасы өңдеу саласына тиесілі.

Түйіндей келе, қала инфрақұрылымын дамытудың инновациялық саясатының жүзеге асырылуы түрлі жобалардың жұмыс жасауына ықпал етуде. Аталған жобалар өңірлік инфрақұрылымды дамыту арқылы қалада жаңа жұмыс көздерін ашады, халықтың тұрмыстық-шаруашылық жағдайының қолайлылығын арттырады, экономикалық өсімді көбейтеді және қаланың географиялық ерекшелігін айқындай отырып, жаңа инвесторлар тартады.

Қала инфрақұрылымын дамытудың инвестициялық-инновациялық бағыттары
Развитие городской инфраструктуры инвестиционные и инновационные направления
Development of urban infrastructure investment and innovation directions

Аннотация: Мақалада Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамытудың инвестициялық-инновациялық бағытының жүзеге асуына талдау жүргізілген. Өңірлік инфрақұрылымның жүзеге асу барысы, индустриаландыру бағдарламасы және өңірдегі шағын және орта бизнестің қазіргі кезеңдегі даму көрсеткіштері, қала инфрақұрылымын инвестициялық-инновациялық дамыту ерекшеліктері қарастырылған. Мақаланың теориялық мәні- ондағы қарастырылған мәліметтер мен ұсыныстар, қорытынды түйін инновациялық дамуды басқару теориясына негіз ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: инфрақұрылым, инвестиция, инновация, экономика, жоба.

Аннотация: В статье проведен анализ реализации направления инвестиционно-инновационного развития инфраструктуры города Кызылорда. Рассмотрены развития инфраструктуры региона, программа индустриализации, показатели развития малого и среднего бизнеса в регионе, особенности инвестиционно-инновационного развития региона. Теоретическая основа статьи приведенные в ней данные и предложения, а также заключение по вопросам управления инновационного развития региона.

Ключевые слова: инфраструктура, инвестиция, инновация, экономика, проект

Abstract: In this article analysis of investment and innovation development of infrastructure city Kyzylorda was conducted. Also the development of infrastructure of the region, industrialization program, dates of small and medium business in the region, the features of investment and innovation development of the region was considered. The theoretical bases of the article are dates and proposals and conclusion about management of innovation development of the region.

Keywords: infrastructure, investment, innovation, economy, project

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы экономикалық даму. 2020 жыл 1 қыркүйек.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. 100 нақты кадам. <https://kyzylorda.invest.gov.kz/kz/media-center/press-releases/>

3 Қазақстан-2050 стратегиясы: инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты, 2012 жыл 14 желтоқсан.

4 Бизнестің жол картасы-2025: бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. 2019 жыл 24 желтоқсан.

МРНТИ 14.25.09

Биологияны 9- сыныпта оқыту үдерісінде оқушылардың оқу-зерттеу әрекетін ұйымдастыру

Тайманқызы Томирис
Б-17-3 оқу тобының студенті,
Назарова Гүлмира Асылбекқызы

Андатпа

Мақалада биология пәні бойынша оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Оқу-зерттеу қызметінің мазмұны нақты-практикалық және теориялық міндеттерді шешуге бағытталған оқу және зерттеу іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері болып табылады.

Түйін сөздер: оқу-зерттеу жұмысы, оқушылардың оқу-зерттеу қызметтері, биология пәні бойынша оқу-зерттеу, биологиялық зерттеу әдісі.

Организация учебно-исследовательской деятельности учащихся в процессе обучения биологии в 9 классе

Аннотация

В статье рассматриваются пути организации учебно-исследовательской работы учащихся по биологии. Содержанием учебно-исследовательской деятельности являются общие подходы к учебной и исследовательской деятельности, направленные на решение конкретно-практических и теоретических задач.

Ключевые слова: учебно-исследовательская работа, учебно-исследовательская деятельность учащихся, учебно-исследовательская работа по биологии, метод биологических исследований.

Organization of teaching and research activities of students in the process of teaching biology in 9-th grade

Abstract

The article discusses the ways of organizing educational research work of students in biology. The content of educational and research activities are general approaches to educational and research activities aimed at solving specific practical and theoretical problems.

Key words: educational and research work, educational and research activities of students, educational and research work in biology, the method of biological research.

Жаңартылған мазмұндағы биология пәні бойынша оқу бағдарламасының басты ерекшелігі - мазмұнның спиральді берілуі. Спиральділік ұстанымы бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Дж.Брунердің «Білім беру үдерісі» тақырыбындағы еңбегінде қарастырлығы танымдық теорияға байланысты негізделген. Оның еңбегінде негізделген білім беру бағдарламасының негізгі өзгешеліктері:

► оқушы мекепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әр түрлі деңгейді қайталананды;

► қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі артады, тақырыптар алдыңғы тақырыптарға қарағанда тереңірек қарастырылады.

► жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарлаған сайын, тақырыптың күрделілігі артуы керек [1].


Бұл ұстаным, биология пәні бойынша қалыптастырылатын оқу-зерттеу біліктіліктеріне де қатысты.

Оқушылардың биология пәні бойын оқу-зерттеу біліктіліктерін қалыптастыру әдістемесінің моделін құрастыру оқушыларды оқыту процесінде жүзеге асырылатын әдістемені жасаудың негізі болып табылады. Сондықтан ең алдымен, алдымен "модель" ұғымының мәнін анықтау маңызды. А.Н.Дахин пікірі бойынша, модель - ол: схема, физикалық конструкция, таңбалы формалар немесе формулалар түріндегі жасанды үлгі және ол сол нысанның құрылымдарын, қасиеттерін, оның элементтері арасындағы өзара байланыстар мен қатынастарды неғұрлым қарапайым және жинақы түрде бейнелейді [2].

Жалпы ғалымдардың пікірі бойынша оқу зерттеулерінің анықтамасы: "Оқу зерттеуі — бұл оқушылардың жаңа білімдерін, іс-әрекет тәсілдерін және оқу мақсаттарына жетуге бағытталған оқу тапсырмаларын орындауға негізделген танымдық іс-әрекеттің бір түрі".

Оқушылардың биология пәні бойынша оқу-зерттеу біліктіліктерін қалыптастыру моделін құрудың зерттеу нысаны оқу-зерттеу біліктілікті жаңартылған білім беру мақсатына сәйкес қалыптастыру процесі болып табылатын шындықты тану мен қайта құрудың ерекше тәсілі болып табылады. Біз, өз зерттеуімізде, В. С. Ильиннің [3] модель ұғымына берген анықтамасын негізе алық. Зерттеушінің пікірі бойынша, ол процестің немесе құбылыстың тұтастық дәрежесін көрсетуі тиіс, процестің өту жағдайлары мен құралдарының сипаттамасын беруі тиіс; құрылымдық түрде құрылуы қажет. Сондықтан біз оқушылардың биология пәні бойынша оқу-зерттеу біліктіліктерін қалыптастыру әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделін

құрастырды, онда зерттелетін құбылыстың компоненттері, олардың өзара байланысы мен өзара бағыныштылығы көрсетілген (1 сурет).



Сурет 1 - Оқушылардың биологиялық нысандарды оқу-зерттеу жұмысына дайындықтарының құрама бөліктері

Оқушылардың биологиялық нысандарды оқу-зерттеу жұмысының теориялық үлгісін (сурет 2) жасауда біз төмендегідей әдіснамалық ережеге сүйендік.

Жоғарыда берілген анықтамаларға сәйкес, біз өзінің биологиялық нысандарды оқу-зерттеу жұмысына сай келетін білімі бар, зерттеушілік іс-әрекетке бейімді **тұлғаның іс-әрекеті** -биологиялық таным құндылықтарын игеріп және оны биологиялық нысандарды оқу-зерттеу іс-әрекетінде жүйелілікпен орындалатын жұмыста іске асырылатын, тұтас процестің нәтижесі деп тұжырымдаймыз

Оқушыларды **биология бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмысына баулу үдерісін** философиялық:

жалпылама (зерттеу әрекеті) → жалпы (ғылыми-зерттеу әрекеті) → ерекше (тұлғаның биологиялық ғылыми-зерттеу әрекеті) → жеке (оқушының биологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу әрекеті) категорияларының арақатынастарында қарастырамыз.

9 сынып оқушыларының биологиялық нысандарды оқу- зерттеу іс әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесі

Мақсаты

Биологиялық нысандарды өзбеттерінше танып білуге қызығушылықтарын дамыту арқылы оқу-зерттеу жұмыстарына ұмтылысын қалыптастыру, өзбетінше білім алуға

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Пандемия кезіндегі студенттердің ғылыми-инновациялық шығармашылығы» атты XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 9 сәуір, 2021 жыл

ұмтылдыру.			
Міндеттері			
Білім берушілік	дамытушылық	Тәрбиелік	
Мазмұндық компонент			
Арнайы үйрме бағдарламасы			
Биологиялық мазмұндағы кітаптар			
Биологиялық нысандар туралы қосымша мәліметтер мен зерттеу тапсырмалары			
Биологиялық нысандардың тіршілігі туралы қосымша мәлімет пен өзіндік зерттеу тапсырмаларын таңдау өлшемдері:			
Бағдарлама мазмұнына сәйкестігі	Практикалық маңыздылығы, оқушылар үшін қызықты болуы	Зерттеу жүргізу ыңғайлы болуы	Орындалу шынайылығы және қолжетімдігі
Ұйымдастырушылық-іс әрекеттік компонент			
Биологиялық нысандар тіршілігін оқушылардың өзбеттерінше зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері			
Дайындық-оқушылардың тірі ағзалар тіршілігін зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мұғалімдердің дайындалуы	Негізгі – тірі ағзалар тіршілігін оқушылардың өзбеттерінше зерттеулері	Қорытынды- тірі ағзалар тіршілігін оқушылардың зерттеу жұмыстарының нәтижесін шығару, тексеру және бағалау	
Тірі ағзалар тіршілігін оқушылардың зерттеу жұмыстарының түрлері			
Оқулықпен, қосымша әдебиеттермен	Зертханалық-практикалық сабақ	Ғылыми орындау	жобаларды
Сабақтан тыс уақытта			
Нәтижелік өлшем компоненті			
Өлшемдері			
Мотивтік: құндылықтары иерархиясында биологиялық тірі ағзалар дүниесін танып білуге қарым-қатынасының сипаты, биологиялық тірі ағзаларды зерттеп танып білуді қажет етуі, қажеттілігіне сенімі, оны жүйелі түрде зерттеуге ұмтылысымен анықталады.	Танымдық: оқушының биологиялық тірі ағзалар және оларды зерттеу әдістері жөнінде хабардар болуы немесе біліктілігінің дәрежесі; биологиялық тірі ағзалар зерттеу әдістері жөніндегі білімдерінің жүйелілігімен, толықтығымен, тереңділігімен айқындалатын білім сапасымен сипатталады. биологиялық тірі ағзалар жөніндегі дүниетанымын	Іс-әрекеттік: биологиялық тірі ағзалар туралы мәліметті өз бетінше жүйелі түрде, өз қалауымен іздеп тауып, берілген тапсырманы, зерттеу жұмысын бар ерік-жігерімен, беріле орындауы, өсімдікке қатысты жаңа мәліметтерді насихаттауы. Сабақта қойылған проблемалық мәселені талдауға белсенді қатысуы бойынша; оқушылардың көптеген сұрақ беруі бойынша; өз ойын айтуға ниеттенуі бойынша; ойын еркін дұрыс	

	кеңейтуге ұмтылысының болуы	тұжырымдап жеткізе білуі бойынша, биологиялық тірі ағзаларды танудаға белсенді ізденіс.
Нәтижесі		
Биологиялық тірі ағзалар дүниесіне қызығатын, оларды зерттеуге ұмтылысы бар оқушы тұлғасы		

Сурет 2 - Мектепте оқушылардың биологиялық тірі ағзаларды зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдісінің үлгісі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған мазмұндағы бағдарламалар бойынша (7-9-сыныптарда) «Биология» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 80б.
2. А. Н. Дахин, Педагогическое моделирование: сущность, эффективность и... неопределенность / <http://portalus.ru>.
3. Ильин В.С. Концептуальный подход в исследовании формирования целостности личности /В кн.: Основные направления повышения эффективности педагогической науки: Сб.науч.трудов / редколл.: В.С. Шубинский (отв.ред.) и др. – М., Изд. АПН СССР, 1990, с. 49-5

ҒТАМР (МРНТИ) 06.77.59

Өңірдегі еңбек ресурстарын басқаруды жетілдіру жолдары

Төлегенова Айгерім Мұратқызы
ГМУ- 20-1бм оқу тобының магистранты
Умирзакова Меруерт Абдуалиевна
экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек ресурстарын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру - азаматтарды әлеуметтік қорғаудың, өмір сүру сапасын жақсартудың және мемлекетімізді одан әрі дамытудың басты кепілі. Бұл – қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың негізгі шарты.

Өңірегi еңбек ресурстарын басқару халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге және олардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Өңірдегі еңбек ресурстарын жетілдіру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты.

Еңбек ресурстарын басқару – еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, салалар арасындағы тиімді бөлінуіне,

экономиканың білікті мамандарға сұранысын қанағаттандыруға бағытталған өндірісті басқарудың құрамдас бөлігі.

Еңбек ресурстарын - мекемеде, кәсіпорында және фирмада атқарылған жұмыс түрлері бойынша белгіленген жұмыскерлер құрамы. Еңбек ресурстары өз ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес ұйымның жоспарланған мақсаттарына жетуге ықпалын тигізеді,

Еңбек ресурстарын басқару әдістемесі персоналды, ұйымды басқарудың объектісі ретінде қарауды ұсынады, жеке тұлғалардың тәртібін, еңбек ресурстарын басқарудың әдістері мен принциптерін қалыптастырады. Еңбек ресурстарын басқару жүйесі мақсаттарды, функцияларды, еңбек ресурстарының ұйымдық құрылымын, басшылармен мамандардың тігінен және көлденеңінен байланысын, басқарушылық шешімдерді негіздеу, өндеу және қабылдау шараларын қалыптастырады [1].

Еңбек ресурстарын басқаруды жүйе ретінде және қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуын басқарудың құрамды бөлігі ретінде қарастыра отырып оның өте күрделі және ауқымды жүйеге жататынын ұмытпаған жөн. Мұның негізгі көрсеткіштері бір мақсатқа біріккен өзара байланысты және өзара қызмет етуші жүйелер мен элементтер болып табылады. Еңбек ресурстарын басқару жүйесі келесі бөліктерден тұрады:

бірінші - халық шаруашылығын білікті маман кадрлармен қанағаттандыру мақсатында еңбек ресурстарын қалыптастыру;

екінші – еңбекке қабілетті тұрғындарды толықтай жұмыспен қамту мақсатында жұмыс күшін бөлу және қайта бөлу;

үшінші – қажетті материалдық және рухани игіліктерді өндіруде жұмыс күшін тиімді жұмылдыру мақсатында еңбек ресурстарын пайдалану екенін аңғардық.

Бірінші жүйе – еңбек ресурстарын қалыптастыру дедік. Оның қалыпты қызмет етуінен жұмыс күшін өндірудің басқа фазалары да байланысты. Яғни Қызылорда облысындағы білікті кадрлар қаншалықты сапалы және сандық негізде дайындалса, соншалықты еңбек ресурстарын пайдалану тиімді. Еңбек ресурстарын қалыптастыруды басқару демографиялық саясатты басқарудан бастау алады. Республикалық деңгейдегі және Қызылорда облысының еңбек әлеуетінің жағдайы көпшілік жағдайда демографиялық тенденциялармен сипатталады, оның сандық және сапалық көрсеткіштері еңбекке жарамды халық санының динамикасына, жыныстық және жас ерекшелік құрылымына, денсаулығына, білімділік деңгейіне байланысты болып отыр. Сондықтан да демографиялық саясатты тиімді басқару үшін әр аймақтың демографиялық дамуын зерттеген дұрыс. Соның ішінде халық денсаулығын жақсарту, жастарды жұмыспен қамту және өмір сүру деңгейіне қатысты іс шараларға баса назар аударылуы тиіс.

Екінші жүйенің тиімді қызмет етуі үшін Қызылорда облысында әртүрлі біліктіліктегі еңбек ресурстарына қазіргі таңдағы экономиканың

қажеттіліктерін нақтылы түрде жоспарлап және болжау керек. Қазақстандық ғылыми экономикалық ойлардың қазіргі таңдағы даму кезеңінде бұл бағытқа баса назар аударылып отыр, бұл әсіресе білім беру жүйесінің жаңа жұмыс әдістеріне ауысында байқалады. Алдағы таңда жұмыс күшіне сұраныстың өзгеруіне байланысты кәсіби дайындық, біліктілікті арттыру және қайта даярлау мәселелеріне көп көңіл бөлінетін болады.

Үшінші жүйе өңірдегі қолда бар еңбек әлеуетін, сондай –ақ жеке жұмысшылармен олардың жиынтығын пайдаланудың тиімділігін бағалау және талдау, жоспарлау сияқты тиімді механизмдерін құруды қажет етеді.

Сонымен заманауи теориялық тұжырымдамаларға сәйкес еңбек ресурстарын басқаруды жүйе ретінде қарастыру халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз етеді және тиісінше, белгілі бір елге әлеуметтік- бейімделген даму үлгісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Еңбек ресурстарының жағдайы мен оны тиімді пайдалану арқылы ел тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу үдерісінде, қоғамдық өндірістің материалдық факторларын тиімді қолдануды анықтайды. Жоғарыдағыларды қорытындылай келе еңбек ресурстарын басқаруды келесі кезеңдерге жіктейік:

1. Ресурстарды жоспарлау;
2. Персоналды таңдау
3. Саралау;
4. Еңбек ақыны тағайындау және жеңілдіктер;
5. Үгіт-насихат және бейімделу;
6. Оқыту;
7. Еңбек қабілетін бағалау;
8. Жоғарылату, төмендету, ауыстыру, немесе жұмыстан шығару
9. Жетекші кадрларды дайындау және қызмет бабындағы қозғалыстарды басқаруды жетілдіру.

Сол себептен еңбек нарығына және еңбек ресурстарын басқаруға қатысты барлық процестерді Қазақстандық және өңірлік ерекшеліктерді есепке ала отырып қарастыру қажет. Еңбек ресурстарын тиімді басқарудың негізгі көрсеткіштері халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету болып табылады. Еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруда жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын әзірлеу әрқашан экономикалық өсудің алғы шарттары және факторы болып қарастырылған болатын. Әлеуметтік-экономикалық стратегиясында мемлекеттік кадрлық саясаттың негізгі бағыттарының қатарында тиісті кәсіби білікті қызметкерлерінде экономиканың дамып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін келешекте ұзақ мерзімді халықтың жұмыспен тиімді қамтылуына көшуге мүмкіндік беретін іс-шараларды әзірлеу және іске асыру қарастырылады.

Халықты жұмыспен қамту мақсатында, ел экономикасын дамыту және қауіпсіздігін нығайту, адамдардың әлеуметтік-экономикалық және саяси

құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында тиімді бағыт белгілеуіміз қажет. Осы орайда, еңбек ресурстарын болжамдау маңызды болып табылады.

Еңбек ресурстарын болжамдаудың ұлттық жүйесі – жұмыс күшіне болжамды тұрғыдан сұранысты және ұсынысты айқындауға мүмкіндік беретін, қолданылатын әдістер мен тәсілдер кешені.

Жұмыс күшіне болжамды сұранысты анықтау үшін ұзақ мерзімді кезеңге арналған еңбек ресурстарын болжамдаудың ұлттық жүйесі осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген ақпаратты және мынадай болжамды көрсеткіштерді пайдаланумен қалыптастырылады:

- жалпы өңірлік өнім көлемі (ЖӨӨ);
- өнеркәсіптік өндіріс көлемі;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі;
- бөлшек тауар айналымының көлемі;
- халыққа ақылы қызмет көрсету көлемі;
- инвестициялардың көлемі мен бағыттары;
- еңбек өнімділігінің өзгеруі;
- жұмыссыздық деңгейі [2].

Еңбек ресурстарының балансы - оның өндірістік жұмыс күшін сипаттайтын тұрғындардың шаруашылықтағы құрамдас бөлігі және олардың сапалық құрамын (жынысы, жасы, әлеуметтік топтары, жұмыспен қамту түрлері, халық шаруашылығының салалары мен кәсіптері) көрсетеді. Еңбек ресурстарындағы баланс - тұтынушылардың сұранысы мен қызметкерлердің артықшылығын анықтауға мүмкіндік береді, олар екі бөлімнен тұрады: біріншісі еңбек ресурстарының мөлшері мен құрамын, ал екіншісі - олардың бөлінуін тіркейді. Еңбек ресурстарының қазіргі балансы жұмысбастылық түрін, жұмыспен қамту (материалдық және материалдық емес) саласын, экономика саласын, әлеуметтік топтарды анықтайды, еңбек ресурсын бөледі. Сондай-ақ, мемлекеттің аумағында еңбек ресурстарының орналасуын анықтайды [3].

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарға сай жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысы қоғамдағы өзекті мәселелер қатарына жатады. Біздің пікірімізше, қазіргі қоғамымыздағы белең алып бара жатқан жұмыссыздық мамандықтың дұрыс таңдалмауынан туындаған күрмеулі мәселелердің бірі деп есептейміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «.....Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» деп айтап өткен болатын [4].

Осыған орай, еңбек ресурстарын басқаруды жетілдірудің бірі бағыты ретінде кәсіби бағдар беру жұмысын дамыту қажет болып табылады. . Кәсіби бағдар беру жүйесі қазіргі таңда жастарды өз бетінше кәсіп үйренуде ғылыми-теориялық және практикалық қабілеттерін, ел экономикасындағы қажеттілікпен ұштастыру болып отыр.

Өңірдегі еңбек ресурстарын басқаруды жетілдіру жолдары
Пути улучшения управления трудовыми ресурсами в регионе
Ways to improve human resources management in the region

Андатпа: Мақалада еңбек ресурстарын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оны өңірде жүзеге асыру туралы айтылған. Сонымен бірге, өңірдегі еңбек ресурстарын басқаруды жетілдіруде еңбек ресурстарын қалыптастыру, қайта бөлу, пайдалану қажеттілігі айтылған. Сондай –ақ, еңбек ресурстарын басқару кезеңдері, кәсіби бағдар беру, еңбек ресурстарын болжамдау мен еңбек ресурстарының балансы туралы айтылған.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, еңбек әлеуеті, жұмысшы күші, кәсіби бағдар, еңбек ресурстарын болжамдау, еңбек ресурстарының балансы.

Аннотация: статья рассматривается формирование эффективной системы управления трудовыми ресурсами и ее внедрении в регионе. В том числе, отмечена необходимость формирования, перераспределения и использования трудовых ресурсов для улучшения управления человеческими ресурсами в регионе. Также обсуждаются этапы управления трудовыми ресурсами, профориентации, прогнозирования баланса трудовых ресурсов.

Ключевые слова: трудовые ресурсы, трудовой потенциал, рабочая сила, профессиональная направленность, прогноз трудовых ресурсов, баланс трудовых ресурсов.

Annotation: the article discusses the formation of an effective labor management system and its implementation in the region. In particular, the need was noted for the formation, redistribution and use of labor resources to improve human resource management in the region. The stages of labor resources management, career guidance, forecasting the balance of labor resources are also discussed.

Keywords: labor resources, labor potential, labor force, professional orientation, forecast of labor resources, balance of labor resources.

Әдебиеттер тізімі

1 Ж.Ж. Тәжіғұлова, Қ.Е. Елтаева. Еңбек ресурстарын басқару. - *Оқу құралы.* - Алматы: ҚазҰАУ, 2016. – 152 бет.

2 Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018445>

3 Өңірлік еңбек ресурстары теңгерім көрсеткіштерінің жүйесі.// <https://vestnik.turan-edu.kz/>

4 Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019>

Жеке (ақылы) мектептердегі оқушылардың өзін-өзі бағалауын психологиялық зерттеу

Төлеш Ләззат
Оқу тобы: ПП-17-1
Кенжебаева Құндыз

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта білім беру саласында оқушының жеке басын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Мектептің алдында көптеген міндеттер тұр, олардың бірі белсенді жеке ұстанымы бар тәуелсіз, белсенді адамды қалыптастыру. Бұл, өз кезегінде, оқушының объективті және мазмұнды өзін-өзі бағалауды дамытпай мүмкін емес субъективті оқу іс-әрекетінің ролінде қалыптасуын болжайды, бұл одан әрі өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу үшін негіз болып табылады.

Қазіргі мектеп өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың әлеуметтік және жеке маңыздылығы мен оның бастауыш мектеп жасында қалыптасуының төмен деңгейі арасындағы қайшылықты шешуге арналған. Өзін-өзі бағалау жеке дамудың маңызды көрсеткіші болып табылады деп айта аламыз, өйткені ол әртүрлі жағдайларда белсенді таңдау жасауға мүмкіндік береді, оның ұмтылыстары мен құндылықтарының деңгейін, басқалармен қарым-қатынасының сипатын анықтайды. Ерте балалық шақта қалыптаса бастағаннан кейін, ол өмір бойы өзгеріп, сыни және мазмұнды бола бастайды. Өзін-өзі бағалаудың қалыптаспауы көбінесе баланың оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар ойын мен жұмыста да сәтсіздікке әкеледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі оқушылардың оқу іс-әрекетін белгіленген бағалаудың бір түрі ретіндегі белгілердің ролі туралы мәселе зерттеушілердің, әсіресе психологиялық тұрғыдан, мектеп алдында тұрған өткір проблемалардың арасында болғанына қарамастан, аз көңіл бөлгендігімен байланысты. Кез-келген мәселе сияқты, оны әрі қарай алға

жылжыту үшін шешу керек. Мен психологиялық сипаттағы басқа да проблемалар бар екенін атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда ГЭФ бағдарламаларын енгізуді әр оқушының жетістік деңгейін арттыруға бағытталған бағалау жүйесінсіз елестету мүмкін емес. Білім алушылардың табыстылық деңгейі оқытудың бастапқы сатысының соңына қарай оқушының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру бойынша мұғалімнің сауатты құрылған жұмысына тікелей байланысты. Д. Б.Эльконин ұйымдасқан Оқу жас оқушының іс-әрекетінің жетекші түріне айналады деп мәлімдейді. Осыған байланысты өзін-өзі бағалау құрдастар тобындағы оқу іс-әрекеті мен қарым-қатынасы үшін қажет бағаланатын қасиеттер көлемінің кеңеюімен сипатталады. Оқушының өзін-өзі бағалауын қалыптастыруда мұғалімнің бағалау әсеріне үлкен рөл берілетінін ескеру қажет. Табысты оқу, әр түрлі тапсырмаларды сапалы орындау қабілеті мен қабілеттерін білу құзыреттілік сезімін қалыптастыруға әкеледі - бастауыш мектеп жасында өзін-өзі танудың жаңа аспектісі.

Сондықтан зерттеудің мақсаты – ақылы мектептерде өзін-өзі бағалау мен балаларды бастауыш мектепте оқытудың сәттілігінің байланысын анықтау.

Мақсатты іске асыру үшін келесі **міндеттер** қойылды:

1. Психологиялық - педагогикалық зерттеулерде өзін-өзі бағалау тәсілдерін зерттеу.
2. Өзін-өзі бағалау анықтамасын және оның мәнін қарастыру.
3. Өзін-өзі бағалау процесін және оның байланысын сипаттаңыз оқу үлгерімі.
4. Негізінде эмпирикалық зерттеулер анықтау қалай, өзін-өзі бағалау сабақ үлгеріміне бастауыш сынып.
5. Бастауыш сынып мұғалімдеріне бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу **гипотезасы** өзін-өзі бағалау неғұрлым жоғары болса, бастауыш сынып оқушыларының үлгерімі соғұрлым жоғары болады деген болжамға негізделген.

Зерттеу **нысаны** – ақылы мектеп оқушыларының өзін-өзі бағалауы.

Зерттеу **пәні** - өзін-өзі бағалаудың ақылы мектепте бастауыш сынып жасындағы балалардың оқу үлгеріміне әсері.

Зерттеудің **әдіснамалық негіздері**: Д. Б. Элькониннің балалық шақтың даму теориясы, С. Л. Рубинштейннің тұлғалық тұжырымдамасы, Д.Б. Элькониннің - В. В. Давыдовтың білім беру қызметін мазмұнды жалпылау және қалыптастыру теориясы, Б. Г. Ананьевтің тұлғалық теориясы.

Зерттеу **әдістері**: теориялық - зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау, үлгерім бойынша құжаттаманы талдау, Н.П. Казанцеваның «өзін-өзі бағалау» әдістемесі, сауалнама, математикалық статистика әдістері.

Практикалық маңыздылығы: нәтижелерді ақылы мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдері өз сыныптарындағы оқушылардың өзін-өзі бағалауын зерттеу, оқушыларда өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, үлгерімі нашар балалармен, мектеп психологтарымен, осы тақырыпты оқып жатқан студенттермен жұмыс істеу үшін қолдана алады.

Зерттеу базасы: Қызылорда қаласы, «Orda school» ақылы мектебі

Іріктеме: 5 сынып оқушылары – жалпы саны 24 оқушы.

Бітіруші біліктілік жұмысының құрылымы: жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

I ТАРАУ. ЖЕКЕ (АҚЫЛЫ) МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.

1.1 . Өзін-өзі бағалауды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу

Ғылыми әдебиеттерде "мен бейнесі" ұғымы адамның терең психологиялық құрылымдары мен процестерін зерттеу және сипаттау қажеттілігіне байланысты пайда болды. Ол "өзін-өзі тану", "өзін-өзі бағалау", "мен тұжырымдамасы", "мен", "өзін-өзі бейнелеу" сияқты ұғымдармен бірге қолданылады және олармен тығыз байланысты. "Мен бейнесі" ұғымының мазмұны мен көлемі бүгінгі күнге дейін даулы болып келеді. Бұл құбылысты зерттеуге көптеген ғалымдар өз үлестерін қосты, сондықтан бұл ұғым жайлы түрлі тұжырымдар бар.

